**БЕРДІБЕК БИЯРОВ**

# ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҮЛГІЛЕРІ

(монография)

Алматы 2012

УДК 811.512.122’373,21
ББК 81.2 Қаз-3
Б 61

**С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған**
(№6 хаттама, 2011 жыл 27 желтоқсан).

**Пікір жазғандар:**
**Ф.Ш. Оразбаева –** педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
**Г.Б. Мәдиева –** филология ғылымдарының докторы, профессор.

**Бас редактор: Б.С. Қапалбеков,** филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институтының бас директоры.

**Бияров Б.**
Б 61 **Жер - су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография** / Б. Бияров. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет.

ISBN: 978-601-7206-35-2

Монографияның басты жаңалығы, біріншіден, қазақ топонимдерінің барлық сөзжасамдық үлгілерін алғаш қамтып жазуы, екіншіден, берілген үлгілерге сүйеніп, кірме, саяси, жасанды атаулар мен антротопонимдерді ауыстырудың тиімді жолдарын атап көрсетуі болып табылады. Онда табиғи нысанның тарихи аты табылып жатса, заңды орнына қайтару жолы; кірме атауды калька арқылы аударып, бұрынғы түркілік қалпына келтіру жолы; тарихи аты сақталмаған табиғи нысанның ерекше бір белгісін анықтау арқылы уәждеп, берілген сөзжасамдық үлгілердің біріне сүйеніп барып тың атау беру жолдары теориялық жақтан жан-жақты қарастырылған. Еңбек сөзжасамның ішінен шығатын терминжасаммен тең дәрежелі топонимжасам саласын алғаш қалыптастыруды мақсат еткен.

Ғылыми еңбек әр облыстағы Ономастикалық бөлімдер қызметкерлеріне, тіл мамандарына, жер-су аттары қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

УДК 811.512.122’373,21
ББК81.2 Қаз-3

ISBN: 978-601-7206-35-2

© Бердібек Бияров, 2012
© Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012

## КІРІСПЕ

Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттары алдыңғы орынға шықты. Өйткені жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қала алмайды. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзгерістердің бір бағыты – мемлекеттік Тіл саясаты болса, қазақ ономастикасы оның құрамдас бөлімі ретінде республикалық мәселелер қатарына жатқызылады.

Алайда ұлттық топожүйені мемлекеттік Тіл саясатының құрамына алып қарағанмен, ойластырылған шаралар жүйелі түрде жүзеге аспады. Тоқсаныншы жылдары қауырт көтеріліп, науқандық сипат алған бастамалар тез басылып, тоқырауға ұшырады. Республика көлемінде өтіп жататын ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып жүргенде, Қазақстан топонимикалық кеңістігін ғылыми тұрғыдан реттеу қажеттілігі айқындала түсті. Себебі – топонимдерді ауыстыруда, жаңғыртуда және тыңнан атау жасау кезінде, бейберекеттік пен сауатсыздық орын алды. Ол үшін, топонимдер жасаудың типологиялық модельдерін анықтап алу қажеттілігі туды.

Сонымен қатар, қазіргі кезде аяқталып болған аймақтық зерттеулерде жеке-жеке қаралғаны болмаса, қазақ топонимдерін түгел қамтыған типологиялық топтастыру жасалған жоқ. Тіл білімінің барлық саласы сияқты топонимика да – қалыптасқан жүйе. Жүйе болған соң, топонимдерді типтендіруге, сол арқылы топонимжасам модельдерін жасауға мүмкіндіктер бар.

Жұмыстың негізгі зерттеу нысанына Қазақстанның әртүрлі карталарында, топонимикалық сөздіктерде ресми түрде тіркелген (славян тілді атаулардан басқа) біршама тұтас қамтылған топонимдер жүйесі жатады. Ал мақсаты тілімізде бар сөзжасам, терминжасам модельдері сияқты, ғасырлар бойы қалыптасқан түркі (қазақ) топонимдерінің ұлттық сөзжасамдық типтерін айқындап алу және сол типтерге сүйеніп, туындап отырған қажеттілікке байланысты, тың топонимдер жасаудың үлгілерін көрсету болып табылады. Атап айтқанда, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған түбір топонимдердің, аналитика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған күрделі топонимдердің, синтетика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған туынды топонимдердің барлық типтік модельдері ұсынылды.

Зерттеудің дереккөздеріне автордың жоғары оқу орнын бітіргенде жазған бітіру жұмысы мен кандидаттық диссертация жазу барысында жинаған жеке топонимдер картотекасын; әртүрлі топонимдік сөздіктерді («Словарь географических названий СССР» М.: Недра, 1983.-296с.;

«Қазақстан Республикасының топонимдері» Алматы: КазгосИНТИ, 2001.-426 б.; «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы» 1,2,3,4 томдар. Алматы, 2002 – 2005.); «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылған «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалық (Алматы: «Аруана Ltd», 2006. – 808 б.); Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын Басқару жөніндегі Агенттігі жарыққа шығарған әр облыстың қазақша топографиялық картасы. Алматы, 2001. (1:1 000 000 масш.) және сөзжасам тақырыбына жазылған ғылыми еңбектерді жатқызуға болады.

Зерттеу еңбегінің теориялық маңыздылығына келсек, қазақ тіліндегі топонимжасам үлгілерінің барлық түрін анықтау және сол үлгілерге сүйеніп, жаңа атаулар жасау жолдарының теориялық негізі алғаш рет қаланды. Қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдар тіл білімінің тіл теориясы, ономастика және сөзжасам салаларын теориялық тұрғыдан байыта түседі. Топонимжасамның теориялық базасы тек қазақ ономастикасына ғана емес, басқа түркі тілдерінің ономастикалық және сөзжасамдық мәселелерін шешуге жолнұсқау бола алады.

Монографияның практикалық мәнділігі де жоғары: ғылыми ізденістің нәтижелерін, айқындалған үлгілерді қазақ топожүйесін реттеуге, атап айтқанда кірме атауларды ауыстыруда, жаңалауда, тыңнан атау жасауда тұрақты түрде пайдалануға болады. Бұл – жұмыстың ең басты практикалық мәнділігі. Сонымен қатар кітапта қаралған топонимжасам үлгілері қазақ топонимиясының толық сөздігін жасауға, топонимикалық атлас жасауға, мемлекеттік әртүрлі карталар түзуге көмектеседі. Қол жеткен ғылыми нәтижелерді тіл білімінің лексикология және сөзжасам салаларына қолданысқа енгізуге жарайды.

Монографияның жарық көруіне демеушілік жасаған Алматы қаласының сауда-өнеркәсіп палатасы президиумының төрағасы Бияров Мұқтарханға және «Мемлекеттік тілді дамыту институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Қапалбеков Бижомартқа авторлық алғысымды айтамын.

# 1 ТОПОНИМЖАСАМ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАННЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

## 1.1 Топонимжасам – сөзжасамның құрамдас бір бөлігі

Қазақ тіл білімінде сөзжасам кеш болса да (1989 жылдардан басталады) жеке сала болып бөлініп шықты. Аз уақыттың ішінде "қазақ тілінің сөзжасамы – негізгі зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті айқындалған, зерттеу тәсілі мен әдістері бар, тіл білімінің бір жүйелі саласы" болып қалыптасып үлгерді [1; 6]. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесін негіздеген алғашқы монографияда: "… Басқаша айтқанда сөзжасам тілдегі сөз жасау процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді, " – деген тұжырым жасалған еді [2; 8]. "Қазақ грамматикасы" атты академиялық жинақта: "Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. Ол – сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі", - деп атап көрсетеді [3; 191].

Қазақ тілінің қайта өрлеу кезеңі басталғаннан бері, ең алдымен терминжасам мәселесі қауырт көтерілді. Терминдерді ұлттық тілде сөйлету – уақыт талабынан туған және әлі де өзекті болып отырған міндет. Бұл салада бірнеше іргелі ғылыми еңбектер жазылды. Терминжасам кірме терминдерді ауыстыруда, жаңа терминдер тудыруда сөзжасамдық әдістәсілдерге сүйенгені анық. Өйткені: «Терминолог пен ономатологтың жұмыс істеу мәнері бірдей. Біріншісі, терминоэлементтерді анықтаса, екіншісі,атауүлгілеріндегітолықтауыш-лексемалардыанықтайды.Екеуіде сөзжасамдық құралдарды талдайды, бірақ терминолог терминоэлементтерді ұғыммен, ал ономатолог топо және антроэлементтерді нысанмен байланыстырады» [4; 13].

Дәл осы кезден (1990-шы жылдардан) бастап, ономастикалық мәселелер, оның ішінде жер-су аттарын ауыстыру, жаңғырту, жаңадан жасау жұмыстары да, белсенді жүргізілгені белгілі. Алайда егемендіктің екпінімен, буырқанған сезіммен жасалған істерде асығыстық, ретсіздік болмай қоймады. Ақырында ұлттық оянудың алғашқы кезеңі аяқталып, мемлекеттік тіл мәселесі, өзінің терминдік, ономастикалық салаларымен қоса, дағдарысқа ұшырады. Кемерінен асып төгілген сезімнің, эмоцияның ұлы істерге дәрменсіз екені тағы да анықталды.

Ұлттық оянудың алғашқы сатысында міндетті түрде болатын "сезімге бой алдыру" үрдісі қазір сабасына түсті. Енді саналы түрде салмақты зерттеулер жүргізу қажеттілігі туды. Қазақ тілін, оның ішінде ономастикалық кеңістігін де, Гераклдың Авдий ат қорасын тазалағаны сияқты, Кемал Ататүріктің түрік тілін араб-парсы элементтерінен аршығаны сияқты сүзгіден өткізу міндеті алдымыздан шықты. Осы бағытта жасалған бағдарлама, жоспарларда лексикамызды тазалау ұлттық тілде термин жасау, топоним жасау

жұмыстарымен қатар жүргізілуге тиіс. Ғылымға эмоция мен саясатты араластырмау керек екені мәлім, бірақ қазіргі қазақ тілінің лексикасын "емдеу" үшін, саяси бағдарламалар құруға тура келеді.

Осындай алғы шарттар мен талаптардың пісіп жетілуі **топонимжасам** деп аталатын тың саланы ашуға мәжбүр етті. Топонимжасам – терминжасам сияқты сөзжасамның ішінен шығады (1-сызба).




1-сызба. Топонимжасамның сөзжасам ішіндегі орны

Әрине, жер-су аттары ғасырлар бойы жасалып, лингвомәдени сипатта болып келетіндіктен, тіліміздегі мақал-мәтел, тұрақты тіркес тәрізді даяр күйінде жеткен тілдік бірлік, оны тыңнан жасау қалай болады деген заңды сұрақ туады? **Қазір ұлттық топожүйемізде тыңнан топоним жасауға деген зәрулік бар және бола береді де.** Оны ғылыми тұрғыдан жүйелеп, бір жолға қою қажеттілігі уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Негізгі себептер мыналар: **Біріншіден,** кірме атаулардың орнын басатын топонимдердің табылмауы. Мәселен, қазіргі кезде Шығыс Қазақстан облысында ресми тіркелген 20 000 атаудың 3 000-ы славян тілдерінен енгені анықталып отыр. Ол 3 000 атаудың бұрынғы түркілік немесе моңғолдық түпнұсқалары ешқайда сақталмаған. Өйткені славян тілді атаулардың оларды ығыстырып шығарғанына 300 жыл уақыт өтіп кеткен. Енді оларды қалайша жаңғырту керек? Тек жаңа атаулар жасау арқылы ғана. Тың атаулар жасаудың жолын білмегендіктен, атсыз қалған нысаналарға *Ақмарал, Береке, Бейбітшілік, Махаббат тауы, Өркениет, Ынталы, Бақыт, Шаттық* тәрізді жер бедеріне қатысы жоқ атаулар беріле бастады. Бейілсіз байлар мен белгісіз батырлардың есімдерінен жасалған антротопонимдер қаптап кетті. Бұны жақсы үрдіс деп атау қиын. Жер мен су – атымен, затымен қоса – сол жерді мекендеген халықтың байлығы екенін ескерсек, ондай бейберекеттікке жол беруге болмайды.

**Екіншіден,** кезінде "Веда" атты көне кітаптың тілін түсінбеген үнділер сияқты, "Одиссеяның" тілін түсінбеген гректер сияқты көне топонимдерді түсінбеген қазіргі ұрпақ аса құнды архитопонимдерді кез

келген басқа атаумен жөнсіз ауыстыруға кірісті. Мәселен, Катонқарағай ауданындағы *Парк* ойконимі *Ұра* деген тарихи атауы бола тұра, *Ақмарал* деп атала бастады. *Березовка* ойконимін *Ошағанды* деген тарихи атауын ескермей, *Қайыңды* деп атады. Ал *Ұра, Ошағанды* атаулары сол жердің ерекше белгілерін айқындап беретін еді: *Ұра* – тау арасындағы шұңқыр жерге берілген топоним болса, *Ошағанды* – "малға жайсыз, ошағаны көп" деген ескерту беріп тұратын атау. Былайша қарағанда, қайың мен ошағанның түбі бір фитоним ғой, айырмашылығы шамалы деуге болады. Алайда, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ ол жер үшін маңызды белгі ошаған деп тапқан. Екі атау да ономастикалық концептілерге бай болып келеді. Осы бағытта кете беретін болсақ, жер бедерін білдіруге қабілетсіз мыңдаған атаулар қолданысқа еніп кетуі мүмкін.

**Үшіншіден,** қазақ халқы ежелден көшпелі өмір сүргендіктен, жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзелуі мүмкін болған. Мәселен, *Бөрілі* топонимі "бұл жер – бөрі жасырынатын бұта-қарағаны мол, соқпалы жер" деген ескерту-концептісін білдіріп тұруы қажет еді. *Құлынембес* атауы "оты (құлынембес шөбі), суы мол жер, тойынған құлын енесін ембейді" деген ақпарат-концептісін беріп тұрғаны айқын.

Ал бүгінгі ұрпақ көшпелі өмірді мүлде ұмытқан десе де болады. Антрополог-ғалым А.М.Хазановтың айтуынша «XX ғасырдың 1920-1930 жылдары Орта Азия мен Қазақстан номадтары күшпен отырықшылық өмірге көшірілген»[5;44]. Отырықшылыққа көшкен соң, бүгінгі буын өкілдеріндегі көшпеліге тән нышандар да жоғалды. Олардың жер-суға адам есімдерін, қайдағы бір дерексіз ұғым беретін әсіреқызыл сөздерді қоя бастағаны сондықтан деп ұққан жөн. Мәселен, үнемі жел соғып, қарды ұшырып әкететін, мал тебініне жайлы *Қаражер* деген қыстауға жаңа типті мал қорасы салынған соң, *Стандарт* деген атау пайда болып, заңды атауын ығыстырып шығарғанын көзімізбен көрдік. Біз үшін көне, алғашқы топоним қымбат, өйткені ол – таза ментальді-когнитивтік сипаттағы топоним. Оның үстіне «халықтың мәдениеті неғұрлым жұпынылау болса, ол өзіндік этнографиялық бейнесін соғұрлым мол сақтайды және оның жалқы есімдері тұрмыс пен дәстүрге соғұрлым берік байланған болып келеді» деген пікір де бар [4; 15].

Топонимжасамның негізгі міндеті қазақы атауларды сақтап қалу ғана емес, ғаламдасу кезінде ұлттық бейнені танытатындай ұлттық топонимдер жасау болып табылады. Қазақстан жеке ел болып, тілін өміріне

арқау етуді алға қойып отырғанда, енді осыдан былай сәтсіз жасалған атаулардың, кірме атаулардың топожүйемізге енуіне жол беруге болмайды. Еліміздің баға жетпес қазыналарының біріне жататын топонимдерді қалай болса солай қолдану, саудаға салу орын алып келген болса, ендігі кезекте белгілі жүйеге енгізіп, дәстүрлі модельдер арқылы саналы түрде атаулар жасауға көшуге болады демекпіз.

### 1.2 Топонимжасамның негізгі құралы – сөз

"Сөз – заттың, құбылыстың, олардың өзіндік қасиеттерінің аталуы ретінде қолданылатын тілдің негізгі бірлігі", - деген анықтамаға (тағы басқа толып жатқан анықтамалар да осыған үндес) сүйенсек, сөздің негізгі қызметі атау болу (номинативті) қызмет болып табылады екен [6; 345]. Сөз – сөзжасамның да зерттеу нысаны бола алады: "Сөзжасамның негізгі нысаны – туынды сөздің мағыналық құрылымын талдау, оның жасалуын, негізделуін, атау сөз ретінде қалыптасу сипатын айқындау" [1; 10].Тіл білімінің сөзді зерттемейтін саласы жоқ десе де болады. Дыбыс – буын – сөз – сөз тіркесі – сөйлем сияқты тіл элементтерінің ішіндегі ең маңыздысы сөйлем деген пікір қалыптасқан. Алайда адамзаттың ең үлкен жетістігі сөз болса керек. Сөз пайда болған соң, оларды бір-бірімен тіркестіріп сөйлем құрау қиын болмаған.

Сонымен тілдегі төргі орынды сөзге бергенде, оның екі жағы ескеріледі: "біріншіден, ол заттар мен құбылыстардың атауы болудың негізгі құралы болу арқылы, адамның шындық дүниемен, басқа адамдармен байланысын орнатуды, яғни пікір білдірудің ең басты элементі болып табылады; екіншіден, сөз тілдік жүйенің барлық бірліктерін (фонема, морфема, сөз тіркесі, сөйлем) байланыстырушы да болады" [7; 191].

Жалпы тіл білімінің көрнекті классигі В.фон Гумбольдт тілдің таңбалық сипатын алғаш ашқан ғалымдардың бірі екені мәлім. "Сөз, – дейді В.фон Гумбольдт, - жекелеген ұғымның таңбасы. Оның құрамында үнемі екі жақты бірлік – дыбыс пен ұғым – болады. Сөздің дыбыстық жамылғышы заттың, қатынастың, сыртқы әлемнің байланысының шартты өкілі ретінде көрінеді. Сөздің мағынасы заттың атауына негіз болған ерекше белгісімен уәжденіп, тілдік табиғатпен бекітілген" [8; 74].

Тілдің таңбалық сипатын біржолата қалыптастырған тағы бір көрнекті ғалым Ф. де Соссюрдің пікірінше: "Тілдік таңба өзара қарама-қарсылықта болатын екі жақты психикалық мәнде болады: таңбалаушы (акустикалық бейне) және таңбаланушы (ұғым). Тілдік таңбалар – адам миында болатын шындықтар. Тіл механизміндегі орталық таңба сөз болып табылады " [9; 66; 68].

Жоғарыда келтірілген пікірлердің барлығы сөздің бойындағы мазмұн мен тұлға (таңбаланушы мен таңбалаушы) өз бетімен, қалай болса солай

тоғыса бермейтінін көрсетеді. Олар қажеттіліктен туып, өзара сәйкесіп жатады, сондықтан тілдің табиғи қалпында көптеген сөздер уәжделген болып келеді. Мәселен, А.А.Гируцкий орыс тілі сөздіктеріндегі сөздердің 90%-ы уәжденген деп есептейді [7;175]. Тілдік таңбаның негізінде жатқан уәжденген нышан барлық тілдерге тән. Мысалы, қазақ тілі лексикасындағы *бор* сөзінің негізінде *боз* сөзі, яғни «ақшыл, сұр түс» мазмұны жатқанын байқау қиын емес. Тек тұлғасындағы ротоцизм құбылысын ескерсе болғаны (р~з дыбыс алмасуы), *бор* сөзіндегі негізгі уәж (ол затың ерекше бір белгісі де) "ақ түс" екені анықталады.

Тілші-ғалымдардың сөзді негізгі таңба деп есептеулерінің тағы бір себебі, сөзге когнитивтік сипаттың тән болуында. Сөз әуел бастан тарихи тәжірибеден жинақталған мәліметтерден тұратыны белгілі. Қазіргі заманғы биолог-ғалымдар адам ДНК-сының өз ата-бабасы туралы барлық мәлімет жазылған компьютердің жады сияқты екенін анықтап жатса, сөз өз бойына ұлттық тілдің барлық ақпаратын жинақтаған компьютердің жады сияқты деуге болады. Бастауын психолингвистерден алатын когнитивті тіл білімі қазіргі кезде өркендеу дәуірін бастан кешуде. Ал оның алғашқы дәнін В.фон Гумбольдт: "Тіл халық рухының сыртқы көрінісі сияқты: халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі – бұдан артық тепе-теңдікті елестету қиын", - деген пікірмен-ақ егіп кеткен еді [8; 25].

Когнитивті тіл білімінің негізгі мақсаты – "тілде бекітілген және сөйлеуде байқалатын адамдық білімдер жүйесін табу" [10;274]. Сонда когнитивті тіл білімі көнеден келе жатқан "тіл – болмыстың көрінісі" (Гераклит) деген дәстүрлі тіл білімінің негізгі мәселесіне қайтып оралады. Шынында да: "Қазіргі тіл білімінің барлық бағыты дерлік бұрынғы дәуірлерде айтылып кеткен теориялардың біріне барып тіреледі. Көпшілігі мұраға қалған тілдік дәстүрлерді айқындап, түсіндіріп, толықтырып қана жатады" екен [7; 3-4].

Когнитивті тіл білімі қазақ тіл білімінде де кеңінен тарап келеді. "Когнитив" терминін тілдің кез келген саласына орынсыз тықпалауды ескермегенде, біршама құнды ғылыми еңбектер мен оқулықтар жарық көрді. Тілдің когнитивтік белгісі, негізінен, лексика мен сөзжасамда анық байқалады. Лексикадағы әр сөздің бойында шығу тарихынан бастап, күні бүгінге дейінгі "өмірбаяны", семантикасындағы ұлттық белгі, салт-дәстүр – барлығы кумулятивті түрде сақталып жатады. Айырмашылығы: бір сөздің когнитивтік мағынасын ашуға болады, енді бірін тап басып анықтау қиынға соғады. Бұл тарихи принцип байырғы сөздер мен кірме сөздерге бірдей тән болып келеді. Мысалы, көне түріктер Қытайдан он екі циклдік жыл санауды қабылдағанда, айдаһарды, амал жоқ, ұлуға ұқсастырып, жыл атын бергені мәлім. Бұрын елеусіз болып келген

жәндік жылды иемденіп қана қоймай, қытай тіліндегі *лү ‘’*айдаһар’’ атын да қабылдады. *Лү* қолдану барысында *ұлу*-ға айналды.

Когнитивизм жалқы есімдер табиғатына ерекше сай келеді. Көптеген кәдімгі сөздер өздері таңбалайтын нысанды жоғалтып алса, жалқы есімдер, әсіресе топонимдер, таңбалайтын нысандар жер бетінде сайрап жатыр. Қазақстан топожүйесін зерттеу барысында, *Морты* деген шағын қабақтың аты көп толғандырған еді. Кейін сол жердің карт тұрғындарымен сөйлескенде, ертеректе қабақтың астынан әк тастарын алып пайдаланғандары мәлім болды. Осы белгі *Морты* атауының *Борты* > *Борлы* “әк тасы (бор) бар жер” екенін анықтап берді. Мұндағы м-б, т-л дыбыс алмасулары тіліміздің тарихында бар құбылыс екені белгілі. Сонымен жалқы есім мен сөздің қасиеттері бірдей деуге болады.

Р.А.Будаговтың айтуынша: “Сөздің қарапайым айқындылығы оңай байқалатын секілді көрінгенмен, сөз туралы түсініктің өзі күні бүгінге дейін тіл біліміндегі аса күрделі мәселелердің бірі болып отыр» [11; 57]. Тіл білімі тарихында сөздің 70-тен астам анықтамасы кездеседі екен. Солардың ішінде А.А.Реформатский, Д.Н.Шмелевтер сөздің атаулық (номинативті) қызметін бірінші орынға қояды: “Сөздер болмыстағы заттар мен құбылыстарды атауы мүмкін: бұл номинативтік қызметі, атау қызметі; таза осы қызметті атқаратын сөздер – жалқы есімдер… ”, - дейді А.А.Реформатский [12; 36].

Тіл тарихындағы “Мәскеу мектебінің” өкілі А.Х.Востоков тілдегі сөздердің бәрін “бірінші класты” және “екінші класты” деп бөліп қарағаны мәлім. Бірінші топқа адамды, оның дене мүшелерінің атын, туыстық атауларын, табиғаттың негізгі нысандарын (аспан, жер, су т.б.) білдіретін сапалық, сандық атаулар, есімдік, жалғаулар, етістіктер мен одағай сөздер (көбінесе зат есімдер мен сын есімдер) жататынын айтады. Бұл сөздер әр тілдің ең көне, негізгі қабатын құрайды да, әртүрлі тілдегі осындай сөздер сәйкес келсе, олардың туыстығын дәлелдейтін деректер бола алады. Екінші топқа еңбек құралдарының атын, кәсіптік сөздерді, өнер т.б. салаларға тән сөздерді жатқызады. “Бұлар бір тілден екіншісіне жиі ауысып отыратындықтан, салыстырып отырған тілдердің туыстығын дәлелдеуге жарамайды”, - дейді [13;36].

А.Х.Востоков жалқы есімдерді “бірінші класты” сөздерге жатқызғанда, адамдардың өздерін-өздері ажырату үшін, кеңістікте бағыт-бағдар жасау үшін, қажеттіліктен туды деп есептеген болуы керек. Бұл өте дұрыс пікір және, тіпті, **адамның дене мүшелерінің аты мен туыстық атаулардан соң іле-шала жалқы есімдер пайда болған деп жорамалдауға болады.** Жалқы есімдердің ажыратушы және бағыт-бағдар беру қызметі алғашқы қауымдық құрылысқа да, кейінгі көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы қауымдарға да аса қажет болған.

Жаңа ғана саралап өткен теория "адамзаттың бәрі ең алғаш бір ата тілде сөйлеген" деген болжамды теріске шығарады. Өйткені, егер барлығы бір ата тілден тараса, алғашқы сөздер деп отырған дене мүшелерінің аты, туыстық атаулар және жалқы есімдер барлық тілде бірдей болса керек еді. Мәселен, кәдімгі *тау* орысша *гора,* қытайша *шань,* парсы тілінде *куһ* т.б. деп аталмас еді.

Қазіргі тіл білімінде тілдің шығуы туралы әр түрлі теориялар (еңбек айқайы,табиғатдыбыстарынаеліктеу,эмоциялық-одағайт.б.)бірін-бірітеріс-темей, керісінше барлығы интеграцияланып, бір бүтінді толықтырып тұрады деген көзқарас қалыптасты. Бірақ барлығы да тілдің аса үлкен қажеттіліктен,зәруліктенпайдаболғанынмойындайды.Мәселен,қазақтілін-дегі *тырна*; манс. *tari*, *tar*, тавд. *taru* сөздерінің негізінде сол құстың дауысын білдіретін *тр, тру* дыбыстары жатқаны дау туғызбаса керек. Ендеше "дыбысқа еліктеу" теориясы бойынша сөз жасалғанын бекер дей алмаймыз.

В. фон Гумбольдттың айтуынша, "тіл өз бетімен жаратылатын өнім емес, адамның ішкі дүниесімен тығыз байланысты. Ойлаудың талабы барлық халыққа бірдей. Осы жалпы талапты орындаған кезде ғана нақты тілдерде ұлттық ерекшеліктер пайда болады"[8;26]. Тілдің өмір мен қоғамдағы жағдайға тәуелді болатынын, яғни экстралингвистикалық әсерлер туралы В. фон Гумбольдт, Бодуэн де Куртенэ, Г.Пауль, Ф.Ф.Фортунатовтар айтып кеткен болатын. Алайда оны ғылыми тұрғыдан Ф. де Соссюр мен оның шәкірті А.Мейе тұжырымдады. Ф. де Соссюр ішкі лингвистиканы бірінші орынға қойса да, "бәрібір тіл мен оның дамуын қоғамнан бөліп қарауға болмайтынын" мойындайды [9;15]. Кейін осы бөліністілдің әлеуметтік тіл білімі және структурализм сияқты екі бағытын тудырғаны белгілі.

Қазіргі кезде Ф. де Соссюрден бастап ерекше көңіл бөлініп, көп зерттелгендіктен, ішкі тіл білімі өз мүмкіндігін тауысып келеді де, сыртқы тіл білімі даму кезегін алды. Біздің ғылыми жұмыста да тілден тыс мәселелердің молырақ қамтылып отыратыны осы себептен – яғни, **лексикалық, грамматикалық мағыналары айқын атаулардың экстралингвистикалық жағы маңызды болмақ.**

Кейін структурализм бағытының Прага мектебі өкілдерінің өзі "Тіл сыртқы дүниесіз ешқандай мағынаға, өмір сүру құқығына ие болмайды" деп мәлімдеді [7; 159]. АҚШ-тағы Дескриптивтік мектептің өкілдері Э.Сепир, Б.Уорф, Г.Фриз тілдік талдауларда экстралингвистикалық әсерлерді молынан пайдаланды. Тілдік құбылыстарды тілден тыс жағдайлармен байланыстыра зерттеу XXI ғасыр тіл білімінде де өзектілігін сақтап отыр.

Қазіргі кезде "барлық тіл бір ата тілден тараған, кейін де бір ғана тілде сөйлеуі мүмкін" деген жорамалдарды жиі естиміз. Әрине, жер бетіндегі

барлық ел бір тілде сөйлеп кетсе (оған ағылшын тілі ұмтылып отыр), экономикалық, саяси қарым-қатынас жасау көп жеңілдейтіні анық. Бірақ тілде көрініс беретін ұлттық рух пен ұлттық танымды жоғалтып аламыз. Қазіргі жаһандану құбылысының бірінші кезектегі міндеті де сол – тілдік кедергілерді жою. Қазақ тіліндегі "*айналайын*", "*құлыным*" деген сөздерде қандай ұлттық ерекшелік жатқанын басқа ұлттар ұғына ала ма? Немесе *свежий* деген сөзі жоқ екен деп қазақ тілін кедей тілдер қатарына жатқызуға бола ма? Ол сөздің қазақтар үшін қажеттілігі болмаған. Қазақтар *свежий* сөзінің орнына *тың күш*, *жас ет*, *таза ауа* деген жеке-жеке сөздер қолданған. *Қар* деген сөзі жоқ деп эквадорлықтарды, *алма* деген сөзі жоқ деп чукоттықтарды кінәлауға болмайды. Ол заттар аталған елдер тұрған жерде әуел баста болған емес. Қазіргі кезде тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, дүниетанымды қалыптастырушы да деген пікір алға шықты. Ал дүниетанымның өзі ұлттық сипатта болатынын айтпаса да түсінікті. Сондықтан халықаралық бір тілдің болуы артық болмайды, бірақ ұлттық тілдерді сақтауға тиістіміз, өйткені әр тілде өзіне ғана тән ерекше қасиеттер бар. Мысалы, ұлттық ерекшелік, әсіресе жалқы есімдерде, оның ішінде топонимдерде жақсы сақталған.

"Жалқы есімнің табиғатын зерттеу, олардың ерекшеліктерін анықтау, семантикасы мен этимологиясын ашу, әр халықтың, әр аймақтың жалқы есімін сөзжасамдық құрылымын талдау зерттеушілерді жалқы есімді тарихи ғана емес, ұлттық та деген тұжырым жасауға итермелейді" [14;124]. Жер бетіндегі елдердің ешқайсысы ономастикалық кеңістігін шұбарланудан сақтап қала алмады. Халықтардың саяси-экономикалық жағдайлармен араласуы және тілдердің тоғысуы оған жол бермеді. Мәселен, қазіргі орыс антропонимдері славян, скандинавия, грек тілдерінен жасалса, қазақ есімдері түркі, моңғол, араб, парсы, орыс сөздерінен құралған. Енді жер бетіндегі елдердің барлығы дерлік өз тәуелсіздігін алған соң, ұлттық бейнесін іздей бастады. Әсіресе осы күнге дейін өз еркі өзінде болмаған елдер есін жиып, басқа тілге сіңіп кете жаздаған тілдерін тазалап, таза ұлттық ономастикалық жүйе жасауға кірісті. Өйткені "өзгені сыйлау үшін, өзіңді-өзің сыйла" деген принцип халықаралық деңгейге көтерілді. "Ұлтың кім?", "тілің сақталған ба?", "тарих пен мәдениетің бар ма?"деген критерийлер алға шықты.

Жалқы есімдердің ішіндегі ең маңыздысы, бетке ұстары антропоним мен топоним болып отыр. Этноним тарихтан мұраға қалғандықтан, енді оны реттеуге құдіретіміз жетпейді. Адам есімдері мен жер-су аттарындағы ұлттық ерекшеліктерді сақтап, дамытуымыз керек. Оның ішіндегі бірінші кезектегісі – жер-су аттары. **Өйткені, адам өмірі де, есімі де өтпелі, уақытша құбылыс, ал жер – мәңгілік.** Бізге мифтік, са-

яси, қияли, көптілді топонимдер жүйесі керек жоқ, біртектес топонимдер жүйесі керек. Миф халықтың жасаң кезіне тән құбылыс болғандықтан, бүгінде ойдан миф, аңыз құрастыру жараспайды.

**1.3 Зат және сөз немесе нысан мен атау арасындағы байланыс**

Зат пен сөз немесе нысан мен атау (есім) арасында тығыз байланыс бар екенін антикалық дәуірдегі тіл ғұламалары түгел байқаған. Содан келіп "атау теориясы" деген тілдің алғашқы және күні бүгінге дейін созылып келе жатқан теориялар жүйесі қалыптасты. Атау теориясының негізгі қарастыратын мәселесі – зат пен сөздің қарым-қатынасы. Мәселен, Сократ та, Платон да "заттардың өз болмысы мен мәні болады, олар біздің түсінігімізге тәуелді емес" дейді де, алайда "сөздерді әр заттың табиғатына сай етіп шығарушы "әлдебір" заң шығарушылар" болған деп түсінеді [15;5]. Платонның "Сөз – болмыстың негізі" деген, кезінде метафизикалық деп бағаланған пікірі қазіргі тіл білімінде қайта бой көтерді. Беларус ғалымы А.А.Гируцкий барлық ғылым саласы тілді пайдаланатынын ескерте келіп, "тілдің арқасында болмыстың ең құпия тұңғиығына дейін ену мүмкін болып отыр" дейді [8; 6].

Италиян ғалымы В.Пизани атау теориясы туралы алғашқы даудағы Кратилдің мына пікірі ақылға қонымды деп табады: "… заттарға олардың табиғатына сай атаулар тән болады және кім атауды кез келген заттың табиғатынан болады деп түсінсе, сол шын мәніндегі сөз жасаушы деп табылады" [15; 12].

Атаулардың табиғаты туралы біршама дұрыс пікірді Гераклит айтқан еді: "Әрбір атау өзі белгілеген заттың табиғатын бейнелейді, затпен тығыз байланысты, атауларда заттың мәні ашылады" [16; 49].

Тілдің философиялық дәуірінің кейінгі өкілдері болып табылатын стоиктер Гераклиттің атап өкен пікірін қолдап "сөз әуел бастан шындықтан тұрады; өздері белгілеген заттардың шын мәніне сәйкес келеді және сөздерді зерттеу арқылы заттардың түпкі мәніне жетуге болады" деп есептейді [7;207]. Стоиктер, сонымен бірге, классикалық семантикалық үшбұрышты ойлап тауып, зат, зат турлы ой және сол ойды білдіретін сөз үшеуінің арасындағы тығыз байланысты көрсетті:



Демокрит тіліміздегі омоним, синоним сөздердің затқа сәйкес келмейтінін және атауларды ауыстыруға болатынын ескеріп, сөз бен зат арасындағы табиғи байланысқа қарсы шыққаны белгілі. Демокриттің жаңалығы – зат пен сөздің арасында тікелей байланыстың әуел бастан қалыптасып келмегенін, атауды оның бір белгісіне орай адамдар қоятынын ескертуі деп ұққан жөн.

Қазіргі кезде Гераклит пен Демокриттің пікірлері бірін-бірі толықтырып тұр десе де болады. Қысқаша айтсақ, атауды заттың, құбылыстың, сапаның т.б. ерекше бір белгісіне қарап, адамдар жасап шығарады. "Адамды ойшыл деп, қару-жарақ шығарушы деп т.б. атайды. Біз, сондай-ақ, адамды атаулар жасаушы деп те айта аламыз», - дейді америка ғалымы Джордж Стюарт [17; 63].

Гераклит "атауда заттың мәні ашылады" дегенде, егер атау болмаса, онда заттың мәні ашылмауы мүмкін ғой деген қорытынды шығаруға болады. Мәселен, *отын* сөзі арқылы біз барлық ағаштың ішіндегі отқа жағу үшін даярланғанын айырып көрсетеміз (от + ын). **Ендеше атау арқылы затты тануға болады екен.**

Керісінше, затты зерттеп барып, атаудың сырын ашуға да болады. Оны ''Сөздер мен заттар'' мектебінің өкілдері Г.Шухардт, Р.Меринерлер тамаша дәлелдеп шықты. Мәселен, Г.Шухардт өзінің ''Заттар мен сөздер'' атты мақаласында былай дейді: ''Сөз затты білдіреді, зат – алғашқы, ол ешнәрсеге тәуелсіз, өзі үшін өмір сүреді, ал сөз затқа қарағанда соңғы, кейінгі, ол – затқа тәуелді, оның өмірі затқа байланысты, зат жоқ болса, оған қойылатын атау да жоқ, тілдегі әр сөздің өзіндік тарихы бар, оны тек лингвистикалық талдау жасау арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады, заттар тарихы мен сөздер тарихы арасында толық параллелизм де, сондай-ақ күрделі және нәзік қарым-қатынастар да бар, тіл білімінің міндеті – соны ашу''[18;201].

Бұл аксиома-анықтама ''Болмысты жаратқан – сөз. Сөз – алғашқы'' дейтін пікірді терістейді. Шындығында, болмыс (реалий) адам баласы жаратылғанға дейін, оның тілі шыққанға дейін бар еді. Адам саналы адамға (homo sapiens) айналғанда, бар дүниені жіктеп-жіктеп атай бастаған. Барлық сөз, оның ішінде жалқы есімдер де, дәл осы жолмен жасалды. Мысалы, тауды – тау деді, суды – су деді. Екі тау қатар тұрса, бірінен-бірін ажырату үшін бірін – Ақтау, екіншісін – Қаратау деді т.б.

Өз зерттеулерінде заттарға ерекше мән берген Р.Меринерер: «Заттарды зерттемей тұрып, ешқандай да сөздерді зерттеу деген болуы мүмкін емес», - дейді. Ол біршама мол археологиялық, тарихи және этнографиялық материалдарды саралай келіп, көптеген халықтардың

ерте кезде үй қабырғасын шарбақ етіп тоқығанын анықтайды. Сөйтіп неміс тіліндегі *wand* «үйдің қабырғасы» сөзінің төркінін латын тіліндегі *winden* «иіу, тоқу» деген етістіктен шығарып алады [19: 78].

Г.Шухардт зат пен сөздің арасындағы қарым-қатынастарды барынша қамтып жазды. Ол зат пен сөздің арасында міндетті түрде ұғым жататынын стоиктерден соң тағы бір дәлелдеп өтеді. Зат, ұғым, сөз арасындағы күрделі байланысты шешу үшін, алдымен заттан бастап ‘’тарқату’’ (Г.Шухардт) керектігін атап көрсетеді [18;204].

Бұл айтылғандар табиғатынан сөз сияқты жаратылған жалқы есімдерге де тән болып келеді. **Зат – ұғым – сөз** ретіндегі орын тәртібін сақтау, мәселен, топонимикада **географиялық нысан – ерекше бір белгі – атау** түрінде көрініс береді. Ендеше географиялық нысанға жаңа атау бергенде, осы үлгіні басшылыққа алып, оның ерекше бір белгісіне қарау қажет болады. Мысалы, Алтай тауының ең биік шыңы *Мұзтауды* көрші отырған үш ел бес түрлі атаған. Атап айтқанда: қазақтар – *Мұзтау (Мұздытау),* алтайлар – *Қатын бажы*(басы) немесе *Ақсулы*, орыстар – *Белуха* немесе *Катунские столбы* түрлерінде атаған. Бұдан үш халықтың жер-суға ат берудегі байқампаздығы, тілдік, уәжділік және логикалық ерекшеліктері байқалып тұр (1-сурет).

‘’Сөздер мен заттар’’ мектебінің көрнекті өкілі, сонымен қатар, зат пен сөз арасындағы байланыс уақыт өту барысында өзгеріп отыруы мүмкін екенін ескертеді. Ғалым ол өзгерістің екі түрлі жағдайда болатынын атап өтеді. Бірінші жағдайда, зат қандай да бір өзгеріске түскенімен, сөз өзгермей қалып қоюы мүмкін. Оған мысалға *қалам* сөзін алуға болады. Алғаш қағазға жазу жазатын құрал қауырсын кейін сиямен жазатын темір қаламға, ол өз кезегінде автоматты қаламға ауысса да *қалам* деп атап келеміз. Екінші жағдайда, зат ұзақ уақыт өзгеріссіз қала беріп, сөз алмасып кетуі мүмкін. Мысалы, көне түркі тіліндегі *шешек<чечек* фитонимі бір кездерде *гүл* сөзіне орын берді.

Екінші жағдайды Г.Шухардт ‘’бір затты әр түрлі адамдардың әр түрлі танып білуімен’’ байланыстырады және ‘’біреуге заттың бір белгісі көрінетін болса, екінші бір адамның көзіне екінші белгісі түседі’’ дейді [18;205]. Жоғарыда айтылып кеткен мысалда үш халықтың қабылдауында Мұзтаудың бес түрлі ерекше белгісі анықталып отырғаны бұған дәлел. Мәселен, орыстар таудың ақшаңқан түсін және қос діңгек тәрізді екі шыңын байқаса, алтайлар бұл таудан *Қатын* өзенінің басталатынын және бұл мұздақтан бастау алатын өзендердің барлығының суы ақ айран түстес лайлы болатынын ескерген. Ал қазақтар бұл тауды басқа таулардан ажыратып тұрған бірден-бір белгісін – мәңгі мұз жамылғысын атауға негіз етіп алған. **Ең негізгі белгісін бірінші болып байқап, атау бергендіктен,**

***Мұзтауды*, жалпы *Алтайды* ежелден түркілер(қазақтар) мекендеген деген тұжырым жасауға толық құқығымыз бар.**

Зат пен сөздің арасындағы өзгерістің екі түрі де жалқы есімдерде айна қатесіз қайталанады. Бұдан біздің тақырыбымызға байланысты екі қорытынды шығады:

1) **Зат** (табиғи нысан) өзгеріп кеткеннің өзінде, сақталып қалған **сөзді** (атауды) зерттеу арқылы, бастапқы нұсқасын қалпына келтіруге болады; керісінше, өзгеріске түспеген кез келген **затты** (табиғи нысанды) зерттеу арқылы, оның бұрынғы, жоғалып кеткен **сөзін** (атауын) анықтауға болады.

2) Атаудың ерекше бір белгісіне қарап, көптеген кірме атауларды қазақ тіліне тікелей аударып (калькалап) алуға мүмкіндік туады. Мәселен, кезінде орыс қоныс аударушылары *Құмдақ* топонимін *Песчанка* деп өз тілдеріне қотарып алса, ендігі кезекте оны қайыра калькалап, *Құмдақ* атауын қайтарып алуға болады (**Құмдақ – Песчанка – Құмдақ).** Бұл – топонимдерді жаңғыртудың ең оңай жолы.

Кесте 1– Калькалау әдісінің үлгісі (ШҚО, Көкпекті ауд.)

| Ежелден бері | 1760, 1870 жылдардан бері | 2005 жылдан бері |
|---|---|---|
| ***Құмдақ*** | ***Песчанка*** | ***Құмдақ*** |

Қорыта келгенде, ‘’Сөздер мен заттар’’ мектебінің өкілдері экстралингвистикалық факторлардың ішкі лингвистикадан еш кем соқпайтынын дәлеледеп берді. Оларды тілден ауытқып, заттарға ерекше мән береді деп айыптағанымен, сөздің этимологиясын ашу үшін, затты зерттемей болмайтынын мойындауға тиіспіз. Оның үстіне жаратылыстану ғылымы ерекше дамып отырған XXI ғасырда заттарды зерттеу көп қиындық туғызбайды. Кейін тіл білімінің ішінде заттарды зерттеу арқылы сөздің мәнін ашатын арнайы бір сала пайда болуы да мүмкін.

Қазіргі аудио-видео техникалар мен транспорт түрлері жетілген заманда жер-су аттарын анықтау немесе жаңарту үшін, географиялық нысандарды көзбен көріп, қолмен ұстап барып, тиісті шешім шығаруға әбден болады. Бұл – міндетті де. Өйткені сөзжасам (топонимжасам) арқылы тың атаулар жасамас бұрын, ол табиғи нысанды көзбен көріп, ерекше белгісін анықтап алса, атау мен нысан арасында сәйкессіздік болмас еді. Біздің жұмыстың бірінші тарауында тіл философиясына, оның ішінде зат пен сөз арасындағы күрделі қатынасқа тоқталып жатуымыздың өзі осы міндеттерді айқындап алудан туындап отыр. Топонимжасам арқылы жаңа атаулар тудырғанда, ол атау (мәселен, сөз) географиялық нысанмен (мәселен, зат) үндес келіп жатуға тиіс. Олай болмаса, жаңа атауда ешқандай жалқы есімдік қасиет қалмайды.

Ол мән-мағынасыз дыбыстар тіркесі ғана болып шығады.

Біз көне дәуірден келе жатқан "жалқы есім – кәдімгі сөз" деген пікірді қолдаймыз, яғни жалқы есім мен сөздің дәрежесі тең деп есептейміз. Ағылшын ғалымы Дж. С.Милль бастап, кейін В.Брёндал, Э.Бойссенс, Л.Ельмслев т.б. қолдаған "жалқы есімде ешқандай мағына жоқ, ол жай ғана таңба" деген көзқарас дау туғызады [17; 14]. Бұрын да Дж. С.Милль айтқан пікірге қарсы шыққандар болған. Атап айтқанда, жалқы есімді сөз деп бағалау көне грек философтары мен стоиктерден бері келе жатса, ол көзқарасты кейін Х.Джозеф, О.Есперсен, М.Бреаль т.б. қолдаған. Қазіргі кезде жалқы есімде де, сөздегі сияқты денотаттық, сигнификаттық және құрылымдық қасиеттер бар екені мойындалады, бірақ "нақты затпен (денотатпен) байланысы күшті" және "кумулятивті мағынасы кең" деген сияқты "ескертулер" беріледі [17; 26-27]. Ал В.А.Никонов ғылымдағы өзінің стиліне сай: «Географиялық атау – сөз. Ол және барлық сөз сияқты тіл заңына бағынады», - деп кесіп айтады [20; 66].

Сөз лексикология саласының негізгі зерттеу нысаны дегенде, сөз бізді қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстарды таңбалайды, атайды дегенде, лексикологияның қарастыратын басты мәселесі ономастиканың айналасы екен ғой деген ой туады. Әлемдегі әр затқа ат беру үрдісі мен жер бетіндегі географиялық нысандарға атау беру үрдістерінің арасында айта қаларлықтай айырмашылық байқалмайды. Ендеше, кезінде стоиктер алғаш жасап шығарған, кейін Чарльз Огден мен Айвор Ричардс жетілдірген семантикалық үшбұрыш жалқы есімдерге де қатысты болып шығады. Семантикалық үшбұрыштың жалқы есімдерге қатысын А.В.Суперанская қарастырып өткенімен, біз Ч.Огден мен А.Ричардс жасаған үлгіні топонимжасам үшін де толық жеткілікті деп есептейміз [21;198-199].




Авторлар семантикалық үшбұрышты стоиктерден соң жетілдіріп, реформа жасағанда, таңбалаушы (А) мен заттың (В) арасында тікелей байланыс болмайтынын атап көрсетпек болған (пунктир сызықпен).

Өйткені ол байланыс ой (зат туралы ұғым немесе таңбаланушы, яғни С) арқылы жүзеге асады.

Ч.Огден мен А.Ричардс жасаған үштағанның терминдеріне уақыт өте келе басқа терминдер қосылып отырды. Атап айтқанда:

А: дыбыстық қатар, таңбалаушы, лингвистикалық бірлік, сөз, ат (атау), денотатор, десигнатор, сыртқы бейне, айтылу, тұлға (форма), символ т.б.

В: зат, денотат, референт, экстралингвистикалық мәнбір, таңбаланушы, десигнат, қатынас жасаушы т.б.

С: ұғым, таңбаланушы, логикалық бірлік, біздің зат туралы түсінігіміз, мазмұн, мағына, мән, ой, қатынас, семантикалық бейне т.б.[4; 122 б].

Берілген семантикалық үшбұрышты топонимжасамға лайықтап өзгерту арқылы, жаңа, ұқсас үлгі туғызуға болады:







Топонимжасамның (сөзжасамның) қай тәсілін қолдансақ та, бұл үлгі басты назарда болуға тиіс. Үнемі **географиялық нысан – уәждену – топоним** үрдісін қатаң сақтап отыру керек. Мәселен, екі бірдей шоқысы бар бір тауға жаңа атау беруге, немесе бұрынғы сәйкеспей тұрған атауын ауыстыруға тура келсе, ол тауды көзбен көріп, ерекше бір белгісін екшеп алу арқылы, шартты түрде мынадай атаулардың бірін ұсынуға бо-

лады: *Айыртау, Егізтау, Екітау, Қостау, Өркештау, Емшектау* т.б. Бұл оронимдердің қай-қайсысы да көрсетілген тауға атау болуға жарайды, өйткені олар таудың ерекше бір белгісін (екі шоқысының болуы) атап көрсетіп, уәжденіп тұр. Тек тың атаулардың сол аймақта қайталанып кетпеуін ескеріп барып, біреуін таңдап алу ғана қалады.

**1.4 Топонимжасам және этимология**

Семантикалық үшбұрыш үлгісі атауларды жаңадан жасауға ғана емес, әр атаудың **этимологиясын** ашуға да көмектеседі. «Этимологияның негізгі міндеті, - дейді В.Пизани, - сөздің алғаш пайда болған кездегі мағынасын табу... Атап айтқанда, сөз өзінің өмірінде қандай фонетикалық, семантикалық өзгерістерге ұшырағанын анықтау керек; қандай сөзжасам құралдары арқылы қалыптасқанын дәледеу керек» [15;129].

Тіліміздегі барлық сөздің, жалқы есімдердің өз тарихы, өз этномәдени мазмұны бар. Күнделікті өмірде біз сөзді, жалқы есімді қолданғанда кәдімгі таңба ретінде қабылдаймыз да, оның тарихын, этимологиясын елеп-ескере бермейміз. Көптеген ғалымдардың жалқы есімді «жай ғана таңба» деп бағалауы, кумулятивті функциясына назар аудармауы, осы ажыратушы, бағыт-бағдар беруші қызметіне қарап айтылған сияқты. Ал топонимдерді типтендіріп барып, жаңа атаулар үлгісін жасауда оларды жай ғана таңба деп қарауға болмайды. Ондай жағдайда неше түрлі «таңбалар» пайда болуы мүмкін.

Аздаған ауытқуларды ескермегенде, жалқы есімдерді сөзбен қатар қоюға әбден болады. Мәселе тек жалқы есімдердің сөздік қасиетінің әр түрлі дәрежеде көрініс беруінде. Сөзге тән белгілер, әсіресе, топонимдерде айқын байқалады. Ал антропонимдерде дәл топонимдердегідей денотатпен байланысы күшті болмайды. Адам есімдерінің таңбалық сипаты басым. К.Маркстың "Яков деген есім ол кісі туралы маған ешқандай ақпарат бермейді" дейтіні содан келіп шығады. Шыныңда да біз нәрестеге *Алпамыс*, *Бейбарыс* тәрізді танымал есімдерді бергенімізбен, ол нәресте кейін алып батыр немесе атақты сұлтан болып шықпауы әбден мүмкін.

Жаратылысынан уәжденбеген сөз немесе атау болмайды дедік. Тек кейбір атаулардың уәжі, аталу себебі (этиологиясы) уақыт өту барысында көмескіленіп, өшіп кеткен. Ал ол мағына уәжге, уәж атау берілген нысанның ерекше бір белгісін анықтауға алып келеді. Ендеше сөздің этимологиясын іздеу, сайып келгенде, дүниедегі зат пен құбылысты зерттеу болып шығады. Мысалы, *Сырдария* өзенінің көне атауларының бірі *Інжу* гидронимін алайық. С.Г.Кляшторныйдың айтуынша, бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде *Йенчу үгүз* «маржанды (жемчужная) өзен» деп аталса, қытай жазбаларында *Чжень*

*чжу-хэ* «река истинного жемчуга» деп аталған көрінеді. И.Маркварт осы түрік, қытай тілдеріндегі мағынаны парсылар өзгертпей, *Яқсарт* «истинный жемчуг» түріне аударып алғанын дәлелдеп шыққан [22;189]. Ал О.О.Сүлейменов славян тілдеріне енген түркі сөздерінің қатарына *жемчуг* сөзін де жатқызады. «Өйткені, - дейді ол, - қытай тіліндегі *йенчу* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, оның өзі түркі тілінен қабылданған сөз болуы мүмкін»[23;9].

Біздің ойымызша, ертеде негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені *Яқсарт* (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді түркілер *Інжу* "моншақ, маржан" деп атаған. Сонда *Інжу* гидронимі жай ғана таңба емес, семантикасы бар толыққанды сөз болып шықпай ма?! Топонимнің сөзге жуық болатыны да содан – оны шартты таңба сияқты шексіз ауыстыра беруге келмейді. Сол заттың белгілерімен ғана шектеледі. Мәселен, *Сырдария* гидронимі кейін ол өзеннің сырға, бояуға ұқсас сары түсті суына орай берілді деп жүрміз, алайда осы *сыр* сөзінің өзі көне иран тілінде «інжу», «моншақ, маржан» деген мағына береді деген пікір де жоқ емес (А.Әбдірахманов, Қ.Өмірәлиев).




**2-сурет. Інжу (Сырдария) өзені бойындағы маржандай тізілген көне қалалар атауға уәж болған**

Жалқы есімдер ғана емес, тілдегі кез келген сөздің этимологиясы денотатқа назар аудару арқылы шешіледі. Мәселен, В.А.Меркулова:

«Өсімдік аттарының лексикасы өз табиғатынан номинативті және шындық дүниемен тығыз байланысты. Гүлдің тұлғасын, түсін, иісін, гүлдену ерекшелігін, оның қолданылуын т.б. қасиеттерін білмей тұрып, атаудың этимологиясын ойдағыдай анықтау мүмкін емес» дейді [24; 83].

Профессор Т.Жанұзақов: «Онимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу мәселесі – жалпы тіл біліміндегі бұрыннан қалыптасқан этимологиялық зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін басшылыққа алу барысында орындалуға тиіс. Ал этимологияның өзі тіл білімінің күрделі саласы ретінде соңғы ғасырларда ғана пайда болып, қалыптасқаны мәлім», - дейді [25; 7]. Қазақ тіл білімінде де этимология кенжелеп қалған саланың біріне жатады. Соңғы кезде жарық көрген ономастикалық еңбектердің көбінде «этимологиядан қашу» үрдісі байқалады. Көбінесе этнолингвистика, когнитивизм жағына баса назар аударылып, дәстүрлі тілдік талдаулар ығыстырылып тасталған. Ал қай істе болмасын екі тізгінді бірдей ұстамаса, сыңар езу, біржақты қателіктерге әкеліп ұрындыратыны сөзсіз. «Қой көрмеген қуалап өлтіреді» дегендей антрополингвистика, когнитивизм, концептуализм сияқты жаңа бағыттарды тықпаламаған қазақ тіл білімінің саласы қалмады. Бұл, әрине, бір қиырдан екінші қиырға ұрыну болып табылады.

**Топонимжасам барысында атаудың этимологиясы міндетті түрде ескерілуі керек**. Атау жасауға қатысатын әр сөздің, әр формантты мағынасын біліп алмайынша, тың атау жасауға қатыстыруға болмайды. Бұл логикадағы кесімді силлогизмнің «алғышарттар ақиқат пайымдаулар болуы керек» деген ережесі сияқты, егер топонимжасамға қатысатын бір компонент мән-мағынасыз болса, онда атау да мағынасын жоғалтады. Атаудың нысанға сәйкессіздігін тудырып, этимологиясын адастырып әкететін тілден тыс мынадай үш кедергі бар: 1) «Жалқы есімдерді талдау барысында, олардың этимологиясын ашу, айқындауда жалған, халықтық этимологияға бой ұру жайы ұшырасады» [25; 9]. Мәселен, *Үржарды* «ұры жардан», *Қалжырды* «қалың жардан» шығару сияқты. В.Пизани: «Халықтық этимология әпсаналардың (мифтердің) ірі қайнар көзі болып табылады», деген еді [15; 29]. Жаңа атаулар жасауда әпсана, аңыздарға сүйенбеген жөн болады, өйткені олар шындық дүниеден алшақ жатады. Көпшілік қауым қазіргі кезде ғылыми этимология мен халықтық этимологияның аражігін ажырата білуге тиіс, болмаса тіл мамандарына жүгінуге тура келеді. 2) Жер-су аттары халық қазынасы болғандықтан, ол туралы әркім өз пікірін білдіруге құқылы, алайда кейбір «әуесқой топонимистер» көп жерде жөнсіз араласып, елді шатастыруға дейін барады. Мысалы, *Катонқарағай* ойконимі *Қотанқарағай* «топ (дөңгелек) қарағай» деген атаудың орысша бұрмаланған түрі екені неше жерден дәлелденіп жатса да, осы ауданнан шыққан жазушы Қ.Ысқақ өз шығармаларында

*Қатынқарағай* деп жазудан бір танбайды. 3) Топонимдерді типтік модельдеріне қарай саналы түрде жасауға әкімшілік жолмен қойылатын атаулар кедергі келтіруі мүмкін. Қазақстанда әлдебір әкімнің, депутаттың, кәсіпкердің атасының, немесе нағашы атасының аты жер мен суға беріліп жатқаны жасырын емес. Ол «мансапқор атаулар» қаншама тарихи, әдемі, таза топонимдерді қолданыстан ығыстырып шығарғаны және мәлім. Жалпы алғанда, «этимология – егер ол атаудың пайда болу себептерін бұрмалайтын болса, түкке де тұрмайды. Ал бұл себептер - әрқашан және тек қана тарихи» (20; 27).

Топоним мейлі аналитикалық, мейлі синтетикалық жолмен жасалса да, өзіндік (топонимжасамдық) мағынаға ие болуға тиіс. Ол үшін «сөзжасамдық бірліктердің бір-бірімен тығыз сөзжасамдық байланысқа түсуінің нәтижесінде солардың мағынасының негізінде жасалған біртұтас лексикалық мағына сөзжасамдық мағына пайда болуы керек» [3;212]. Ол «сөзжасамдық мағына – ең алдымен, туынды мағына. Ол екі себепші негіздің бірігуі не қосарлануы немесе негізге сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы пайда болатын, әрі осы себепші негіз мағыналары арқылы уәжделетін екіншілік мағына» [1; 84]. Демек топонимжасамға қатысатын әр сыңардың мағынасы, шығу төркіні анық болса, онда жаңа атау да анық, айқын болмақ. Мысалы, *Қыраш* деген ороним құрамындағы *қыр* «созылып жатқан биік жер, жал» мағынасы мен *–аш, -еш, -ш, -ыш, -іш* кішірейткіш мән беретін жұрнақтың мағынасы қосылып, «шағын, аласа ғана қыр» деген жаңа мағына туғызған. Мұнда әуелгі мағыналар да, туынды мағыналар да тайға таңба басқандай анық байқалып тұр.

Біз өз зерттеуімізде көбінесе этимологияның морфологиялық принципіне жататын морфемдік-модельдік талдау тәсілін қолданамыз. Морфологиялық принциптің мақсатын академик Ә.Қайдар былайша түсіндіреді: «...Қысқасы, морфологиялық принцип-критерий сөзжасам процесіне негіз болушы көптеген модель-үлгілер мен сан алуан грамматикалық тұлғалардың ішінен этимологиясы анықталуға тиісті лексиканың табиғатын тап басып тану үшін, өзіне ұқсас басқа сөздерден айыру үшін қажет» [ 26; 473].

### 1.5 Топонимжасамның саяси аспектісі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасында былай деп жазылған: «Қазіргі уақытта ономастика республикадағы ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде тек ғылыми-практикалық, мәдени-тарихи ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси маңызға ие болып отыр.

Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың тарихи маңызы зор болды. Адам қоғамдастығының бір де бірі, бір де бір мемлекет өзінің даму үдерісінде өзінің антропонимдері мен топонимдерінің жинағынсыз өмір сүрген емес. Сондай-ақ, қазақстандық қоғамдастықтың да ежелгі тарихи дәуірде қалыптасқан ұлттық ономастикалық жүйесі бар. Қазақстанның көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, түбегейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтары ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырды. Нәтижесінде қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілді. Қазақстан картасы едәуір бұрмалауларға ұшырады» [27; 48].

Қазіргі қазақ ономастикасының жай-күйін осыдан артық бағалау қиын. Ал тілдің өзі қоғамдық құбылыс болып табылатындықтан, оның бір саласы ономастика да қоғамнан тыс қала алмайтыны белгілі жағдай. Тілші-ғалымдар ол туралы біршама айтып та кеткен. Мәселен, В.Н.Топоров: «...жалқы есімдер тек адамзат қоғамында ғана өмір сүріп, қызмет етеді... Оның үстіне, Геродот пен Плинийдің пікірлеріне қарамастан, жалқы есімі жоқ адамзат қоғамы болмайды», - дейді [28; 4]. Ал В.А.Никонов: «Атау нысанға таңылып қалған нәрсе емес, бірақ ол тек қана қоғамда өмір сүреді және әрбір әлеуметтік құбылыс сияқты әрқашан тарихи заңдылықтарға бағынады», - дейді [20; 27].

Қоғамдағы әрбір саяси-экономикалық өзгеріс сол қоғамның топожүйесінде терең із қалдырып отырады дегенде, біз төрт түрлі экстралингвистикалық жағдайды екшеп аламыз: 1) Бір ел екінші елді жаулап алғанда, міндетті түрде жергілікті атаулар өзгертіледі. Алыс тарихқа бармай-ақ, кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде неміс басқыншылары ауыстырып жіберген кейбір топонимдерді Польша мен Чехословакия күні бүгінге дейін қалпына келтіруде екенін айтсақ та жеткілікті. 2) Бір ел екінші елді отарлап алған жағдайда, жергілікті атаулар өзгеріске ұшырайды. Өткен ғасырлардағы ірі капиталистік державалардың отарлау саясаты бұған дәлел. 3) Үлкен елдің кіші елді немесе күшті елдің әлсіз елді бейбіт қалыпта ассимиляциялап жіберуі (тілдердің ассимиляциялануы да осы топқа жатады). Бұған ҚХР-дың маңындағы ұсақ мемлекеттердің, Ресейдегі ұсақ ұлттардың тағдыры толық мысал бола алады. 4) Бір елдің ішіндегі идеологиялық, таптық, діни күрестердің, азамат соғыстарының әсері болуы мүмкін. Бұл тарихты да ұмыта қоятын уақыт өткен жоқ. Атап өткен төрт жағдай екі түрлі

себептен ғана тұрады: бірі – тілдері келмегендіктен атауларды өзгерту; екіншісі – меншіктеп алу саясатын көздеп, әдейі өзгеріске ұшырату. Көптеген жағдайда екінші себептің үлес салмағы басым болып келетіні ешкімге жасырын емес.

Қазақ тілі мен оның лексикасы осы төрт жағдайды да бастан кешті. Атап айтқанда, моңғол, жоңғар шапқыншылығын көрді; патшалық ресей отаршылдығын бастан өткерді; азамат соғысы да бізді айналып өткен жоқ; кеңестік ассимиляциялау саясатын да жоққа шығаруға болмайды. Соңғы, төртінші жағдай, тағы алдымыздан шығуы мүмкін. Жаһандану үдерісі кезінде ұлттық келбеті, әр ұлттың тілі не кең тараған тілдің біріне (мәселен, ағылшын тілі), не жан саны көп тілдің біріне (мәселен, қытай тілі) жұтылып кету қаупі бар. Европаның белді тілдерінің бірі швед тілінің өзі ағылшын тілінің ықпалына төтеп бере алмай отыр. Жан саны басым болса да, Үндістан ағылшын тіліне өзінің хинди тілін қарсы қоюда. Соған байланысты әр ұлттың, әр тілдің алдында не бар, не жоқ болу деген дүниежүзілік мәселе тұр.

Қазіргі кезде әлем тілдерінің арасында, тіпті «халықаралық тілдер» (ағылшын, араб, испан, қытай, орыс т.б.) арасында өзара бәсеке жүріп жатқаны жасырын емес. Тілдің дамуына оның ареалының кең, қолданатын жан санының көп, экономикасының мықты болуы қажет десек те, сол тілдің белсенді қолданылуы да маңызды факторлардың біріне жатады. Кезінде тіл білімі тарихында қалыптасқан «Натуралистік (биологиялық)» мектептің өкілдерінің бірі Макс Мюллер айтқан «Тіл күнделікті тұрмыста қолданылса – өмір сүргені, ал қолданылмаса – өлгені» деген пікірінің жаны бар [29;14]. Бүгінде Украина мен Белоруссия үкіметінің өз тілдеріне деген алаңдауы заңды құбылыс, өйткені ол елдердің 40-50 пайызы орыс тілінде сөйлейді. Қазақстанның, сол сияқты ТМД елдерінің өз тілдерін сақтап қалудың бірден-бір жолы мемлекет аумағында, қоғамның барлық саласында ана тілін белсенді қолдану болып табылады. Қалай қолдану белсенділігі төмендейді, солай ол тіл құлдырай береді. АҚШ ғалымы Дэвид Харрисонның есептеуінше, қазір жер бетінде бар 7000-дай тіл мен диалектілердің үстіміздегі ғасырдың ортасына дейін тең жартысы өлі тілдерге айналады екен («Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі» журналы. N6(148), 2007, Б.7.). Ал ол жоғалуға бет алған тілдер ғасырлар бойы өз бойына жинаған қаншама құнды мәліметтерді, тілде сақталатын ұлттық дүниетанымды бірге ала кететіні айтпаса да түсінікті.

Қазақстан топонимикалық кеңістігінің әлі шешімін таппаған мәселесі көп. Біз күні бүгінге дейін жалқы есім мен жалпы есімді айыра алмай жүрміз. Лексикамыздың негізін құрайтын бұл екі сала туралы В.А.Суперанскаядан асырып ешкім айтқан жоқ: «Жалпы

есіммен аталған нысан анық емес және шексіз болып келсе, жалқы есіммен аталған нысан әрқашан да анық және нақты болып келеді» [4; 113]. Жалпы есімдердің топонимикалық міндетті алып жүре алмайтынын атауларды ауыстыру жағынан республикада алдыңғы орында тұрған Оңтүстік Қазақстан облысының топонимиясынан мысал келтіре отырып қарастырайық. Аталған облыста атауларды қалпына келтіру жұмысы өз уақытында және сәтті жүргізілгенін атап өту керек. Мәселен, *Калинин – Иасы, Ленин – Көкарал, Қызыл Октябрь – Киелітас, Ворошилов – Қосқұдық, Победа – Сарқырама* т.б. Тарихи топонимдерді заңды орнына қайтару деп жүргеніміздің өзі – осы. Сонымен бірге, кеңестік дәуірде еніп, жадымызға сіңіп кеткен *Алғабас, Еңбек, Жаңадәуір, Жаңаүлгі, Қызылжұлдыз* тәрізді ұраншыл атаулардан құтыла алмай отырғанда, оңтүстік облыстағы Ономастикалық комиссия *Ынталы, Ынтымақ, Береке, Өркениет, Бейбітшілік, «Халықтар достығы» ауылы, Мәдениет, Өргебас, Арайлы, Шұғыла, Бақыт ауылы, Шаттық ауылы* сияқты жалқы есімге ешқандай қатысы жоқ ойконимдерді бекітіп жіберген. Мұнда *Алғабасты Өргебасқа* айырбастағанда не ұттық деген заңды сұрақ туады? Топонимиканың заңдылығын білмегендіктен, ойға келген атауды қоя салу барлық облыстарға тән «ауру» болып отыр.

Қоғамның өтпелі кезеңдерінде адамдар абдырып, қолда барын талантаражыға салып, бейберекеттік орнайтынын тарих дәлелдеп келеді. Мұндайда тұтастық пен тұрақтылықты сақтап қалу үшін, тіл, дін, жер және экономика тұтастығын бұзбау керек. Бізде жердің жекеменшікке сатылуы қоғам дамуының талабы десек, жер-су аттарын сақтап қалу баршамыздың міндетіміз. Ол ата-бабадан қалған асыл мұралардың бірі. Қазіргі кезде жер-су аттары иесіз, қараусыз қалған сала болғандықтан, әркім өз тегінің атын шығаруға пайдаланып, көкпарға тартқан лақтай тоздырды. Мысалы, Ақмола облысының Қарабұлақ ауылын *Қарауыл Қанай би ауылы,* Шұбарқұдық кентін *Төлепберген батыр ауылы* деп ауыстырғаннан не таптық? Мұнда, біріншіден тарихи атауларды қолданыстан шығарып тастадық. Сол *Қарабұлақ* «бұл жерде жазда салқын, қыста қатпайтын қарасу бар» деп көшпелі қазаққа ғасырлар бойы ақпарат беріп тұратын аса құнды атау екенін ұмыттық. Екіншіден, «жер-су аттары ұзын, шұбалаңқы болмау керек, өйткені оның қолданысын қиындатады» деген талапқа қайшы келдік.

Сайып келгенде, қандай атақты адам болса да, жерден артық емес. Қоғамға, елге еңбегі мен ерлігі сіңген адамдардың есімін тәрбиелік мақсатта мәңгілеу керек болса, ауыл, қала көшелері, мектептер мен алаңдарға беруге болады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасында «қалаларға, қала үлгісіндегі

кенттерге, аудандарға бұдан былай адам аттары берілмейді» деген тармақ енгізілген [27;52]. Жалпы бұл талапты «елді мекендердің және географиялық нысандардың барлық түрлеріне адам аттары берілмейді» деп толықтырған жөн болар еді. Өйткені тұжырымдамада адам аттарын «ауылға беруге болмайды» деген тармақ жоқ деген желеумен ауыл аттары әлі күнге дейін өзгертіліп жатыр.

Ұлттық ономастика мәселелерін әр ұлт тек өзі ғана шешуге тиіс. Ол туралы басқадан сабағат сұрап керек жоқ. Осы орайдан келгенде кейбір азаматтардың қазақ тіліндегі топонимдерді орыс тіліне транскрипциялап шаршап жүргені түсініксіз жағдай. Мемлекеттік тілі қазақ тілі деп танылған Қазақстан үшін атаулардың орысша немесе ағылшынша транскрипциясының, аудармасының қажеті бар ма деген заңды сұрақ туады? Әлемде Қазақстаннан басқа ешбір елде топонимдер екі немесе үш тілде қатар жазылмайды. Бұл – ұлттық құндылықты бағаламау ғана емес, жалқы есімдердің қолданысын қиындатып жіберетін қажетсіз, артық талпыныс. Қазақстанның көптеген қалаларында *Тәелсіздік-Независимость, Жеңіс-Победа* түрінде жазылған көше аттарын кездестіруге болады.

Мемлекеттің тағы бір айбыны Республикалық топографиялық карталар болса, мұнда да «өзім білемдікке» салынуға жол берілген. Қазақстан картасын қазақша сөйлетеміз деп жүрген азаматтар тілді жетік білмегендіктен және тілші-мамандармен ақылдаспағандықтан, көптеген өрескел қателіктер жіберген. Мәселен, бір ғана Шығыс Қазақстан облысының топокартасында *Уржар – Ұрыжар, Өрел - Өргіел, Берел – Бергіел, Шанағаты – Шанағатты* болып заңсыз өзгеріске ұшыраған. Ал *Листвяга* тау жотасын *Қоржынтау, Тарбағатай* сілемін *Таутекелі* деп өзгерту – аймақты жақсы білмеуден туған қателіктер. Орыс саяхатшылары *Листвяга* түрінде картаға түсірмес бұрын және қазір де ол тау жотасы *Қоңыржон* деп аталады. *Таутекелі* болса, Тарбағатай тау сілемінің бір ғана саласы екені жергілікті тұрғындардың бәріне аян.

Топонимика бірнеше ғылым саласымен тоғысатындықтан, географтарға да мамандықтың талабына байланысты топонимдермен айналысуға тура келеді. Алайда атаулар арасында белгілі бір диалектіден, көне , кірме тілдерден жасалғандары кездесіп қалса, оны дұрыс транскрипциялау, мағынасын түсіну географ-мамандардың қолынан келе қоймауы мүмкін. Қазақстан карталарында қаптап жүрген қаталіктер дәл осыдан, яғни тілшілермен, тарихшылармен бірлесіп жұмыс істемеуден туындап отыр. Республикамыздың барлық аймақтарындағы топонимдер біршама толық зерттеліп, қаншама ғылыми еңбектер жазылып жатса да, картограф-мамандар көз қырын да салмайтыны белгілі болды. Мемлекттік карта – әлемге ұсынатын ұлттық маңызы бар құжат.

Оны жасауды бірер ғана адамға сеніп тапсыруға болмайды. Осы орайда Йан Маклеодтың «Тарих – тым жауапты іс, оны тарихшыларға сеніп тапсыруға болмайды» деген қанатты сөзі еске түседі.

Ономастикалық жұмыстарды үйлестіру, оны үнемі қадағалап отыру Қазақстан Республикасы сияқты дамушы елдерде ғана емес, әлемдегі өркениетті елдердің барлығына тән болып келеді. Мәселен, АҚШ-та Географиялық атаулар бюросы, Канадада Географиялық атаулардың тұрақты комитеті, Германияда Географиялық атаулардың ұлттық комитеті, Англияда Британия география қоғамының географиялық атаулардың тұрақты комиссиясы, Ресейде Геодезия, Аэорофототүсіру, Картография бас басқармалары жұмыс істейді [31;5]. Олардың барлығына да географиялық атауларды дұрыс пайдалануды бақылап, түзетіп, жүйелеп отыруға бағатталған түрлі құқықтар берілген.

Сонымен қатар әр мемлекеттің картографиялық жүйесін БҰҰ, Бүкіләлемдік почта одағы, Халықаралық гидрографиялық бюро, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, Халықаралық картографиялық бірлестік, Халықаралық стандарттау ұйымы т.б. ірі қауымдастықтар бақылап отырады. Сондықтан республикамыздың топокеңістігін тәртіпке келтіру мемлекетішілік қана емес, халықаралық маңызы бар іс болып табылады.

Бірінші тараудың қорытындысы ретінде мына тұжырымдарды атап көрсетуге болады:

1. Қазақстандағы топонимикалық мәселелердің түбегейлі шешімін таппауы, атап айтқанда: кірме атауларды, идеологиялық сарындағы атауларды ауыстыруда олардың орнын басатын тарихи атаулардың табылмауы; жаңа атау берудегі ретсіздік, жүйесіздік қазақ тіл білімінде **топонимжасам** деген саланы қалыптастыруға мәжбүрледі. Ол сөзжасамның ішінен шығатын терминжасаммен қатар орын алады.

2. Топонимжасамның міндеті қазақ топокеңістігін ретке келтіру ғана емес, қажет болғанда үнемі тың топонимдер тудырып отырудың жолдарын белгілеу. Ол үшін бұрыннан бар топожүйенің типтік модельдерін анықтап алып, сол үлгілерге сүйеніп барып жаңа атаулар жасау көзделеді.

3. Топонимжасам өз құрылыс материалы ретінде сөзді пайдаланады, өйткені сөз бен жалқы есімдердің қасиеттері бірдей болып келеді. Жалқы есімдердің ішінен, әсіресе топонимдердің сөзбен ұқсастығы ерекше айқын байқалады.

4. Зат пен сөздің арасындағы әйгілі классикалық байланыс географиялық нысан мен атау арасында айна қатесіз қайталанады. Сондықтан топонимжасам процесінде атау географиялық нысанның ерекше бір белгісін білдіріп, уәжденіп тұруы талап етіледі. Ол үшін ны-

санды көзбен көру немесе басқа да амал-тәсілдер арқылы зерттеу қажет болады.

5. Туынды топонимнің жалпы мағынасы да, оның құрамындағы компоненттерінің мағыналары да, қажет болса, этимологиясына дейін анық, айқын болуы керек. Қоғамға қызмет ететін жер-су аттары түсініксіз, мағынасыз болуға тиіс емес.

6. Қазақстан топонимиясы – өзіндік бір жүйе. Ал жүйе болған жерде, міндетті түрде тип, модельдер болады. Біз осы типтік модельдерге сүйеніп, жаңа атаулар жасаудың ғылыми негізін ұсынамыз. Ғылыми негіздеме саясатсыз іске аспауы мүмкін, өйткені ономастикалық мәселелер тұтасымен қазіргі Тіл саясатының аясында жатыр. Ғылыми негізде табанды саясатпен жұмыс істелсе, Қазақстан топокеңістігінің қазіргі жағдайы да, болашағы да реттеледі.

# 2 ТОПОНИМЖАСАМДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР

## 2.1 Топонимжасамдағы тарихи принцип

Ғылымның барлық саласы тарихпен тығыз байланысты десек те, олардың ішінде тіл білімінің тарихпен байланысы ерекше орын алады. «Адамзат мәдениетінің барлық өкілі сияқты, тіл – тарихи тұрғыдан қаралатын пән», - дейді белгілі ғалым Г. Пауль [32; 25].

Ресей ғалымы А. Х. Востоков тілдерді зерттеу мен салыстыру халықтардың тарихы мен туысқандығын түсіндіруде сәтті қолданылып жүргенін айта келіп, «оның себебі халықтардың тайпаластығын, тамырластығын көрсететін ерекшеліктердің ішінде тіл бәрінен де көп жасайды: ол басқа ерекшеліктер тәрізді ауа райына тәуелді емес, мәселен киімдері, өмір сүру түрі, дене құрылысы секілді емес», - дейді [33; 204].

Көптеген ғалымдар тіл көне тарихты, яғни жазуға дейінгі тарихты қалпына келтіруде таптырмайтын дереккөз деп біледі. Белгілі аумақтағы диахрониялық кезеңдерді анықтауда тіл археологиямен бірдей маңызға ие болады. Тілшілер арасында қалыптасқан «топонимика – күрексіз археология» деген теңеуді «тіл – күрексіз археология» деп кеңейтіп айтса да жарасады. Тілдің кумулятивті қасиеті деп жүргеніміздің өзі осы – оның өз бойына жинақтаған тарихи ақпараты. Мәселен, *Баласағұн* қаласының қай жерде болғанын анықтау үшін, ойконимнің өзін зерттеп алу қажет. *Бала* «кіші, жас» мағынасын беретін болса, *сағұн<сегун* шығыс халықтарында «патша, әскербасы» мағынасын беретіні дәлелденген. *Баласағұн* «жас қаған салған немесе жас қаған билеп тұрған қала» деген ұғым береді. Ал ол жас патша кім және қай дәуірде өмір сүрген? Сонымен бірге *сағұн* "қамал" (А.Әбдірахманов) сөзі болса, *Баласағұн, Атасағұн* ойконимдерінің арасында қандай байланыс бар? Мұндай деректерді тарихшылардың көмегімен ғана анықтау мүмкін болмақ.

Кейде нақты тарихи дерек тілдік зерттеулерді терістеп немесе толықтырып жатса, кейде, керісінше, тілдік дерек тарихи тұжырымды өзгертіп жіберуі мүмкін. Америка үндістері тіліндегі туыстық атаулардың, негізгі сан есімдердің, байырғы топонимдердің түркі тілдерімен ұқсастығын анықтау үндістердің ішінде, яғни Евразия құрлығынан барғандардың құрамында түркі тектес тайпалар да болған деген ғылыми жорамалды бекіте түсті [34;79,81]. Француз ғалымы Ж. Ф. Шампольонның 1822 жылы египет иероглифтерінің сырын ашуы, даниялық ғалым В. Томсеннің 1893 жылы көне түркі руникалық жазуын алғаш оқуы тарихта жаңа бетбұрыстар туғызғаны мәлім.

«Жалқы есімдерді жалпы тілдің құрылымындағы ерекше жүйе» (В. Н. Топоров) деп қарасақ, ол ерекшелік жалқы есімдердің тарих-

пен, географиямен ұштасып жатуында болса керек. Жалқы есімдердің ішінде жер-су аттары өзіндік тарихилығымен ерекшеленеді. Б. А. Серебренников: «... Топонимдер тілдің тарихын зерттеушіге өте аз мәлімет береді, бірақ осы аздың өзі өте маңызды болуы да мүмкін. Күрделі сөздер сияқты топонимдер мен гидронимдер қазіргі тілде жоқ сөзді өз бойында сақтауы мүмкін», - деп атап өтеді [35;165]. Мысалы, *Келтеқыстау, Келтесу* секілді топонимдер құрамында кездесетін *келте* «қысқа, шолақ» сөзі қазіргі лексикамызда белсенді қолданылмайды. Ал *Келтеқыстау,* антрополог-ғалым М.С.Мұқановтың айтуынша, күзеу мен қыстаудың арасында қыстаудың шөбін қору үшін уақытша отыратын мал тұрағы екен [36;165]. Мағынасына келсек, біріншіден, «қыстауға жақын орналасқан қыстау» дегенді, екіншіден, «қысқа (келте) мерзімге отыратын қыстау» дегенді де білдіріп тұрады. Бір ғана атауда көшпелі халықтың экономикалық мәселесі, ұлттық-ұжымдық тәжірибесі, тарихы тұтасып жатқанын көреміз.

«Зерттеушінің мақсаты – топонимдер арқылы адамзаттың тарихын оқып шығу», – дейді белгілі орыс ғалымы Н. Н. Надеждин [17; 168 - 169]. Шынында да, жеріміздегі әрбір атау еліміздің өткен тарихынан сыр шертіп тұратыны рас, бірақ біз оны байқай бермейміз. Себебі біз күнделікті тіршілікте, қарбалас сәттерде жер-су аттарын бағыт-бағдар беретін таңба ретінде пайдаланумен ғана шектелеміз. Ал сәл ойланып, байыбына барса, әр топонимнің кумулятивті ақпараты жетіп артылады. Академик Я. К. Грот: «Топографиялық атау ешқашан кездейсоқ және мағынасыз болмайды», - дейді [17; 172]. Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінде жиі айтылатын *Жиделібайсын* атауын алып қарасақ, *жиделі* «жемісті, ағашты» деген түркі сөзі мен *байшин* «үй, үйлі», «қалалы» деген моңғол сөзінен бірігіп жасалғанын көреміз. *Жиделібайсын* деп, жеміс-жидегі, көне қалалары мол Оңтүстік Қазақстанды, Жетісуды жалпы атағанын байқау қиын емес.

Сонда жекелеген бір атау археологиялық қазбадан табылған сирек экспонат, артефакт болып есептелетіндіктен, жер-су аттары аялап сақтауды қажет етеді. Топонимжасам барысында, атауларды ауыстыру кезінде тарихи топонимдерге ерекше мән беру керектігі осыдан келіп шығады. **Байырғы атаулардың құндылығы да сонда, оларды қандай атақты адамның атына, қандай әдемі сөзге де айырбастауға болмайды.** Қазақ ұғымында *Аңырақай, Бөленті, Шорға* секілді атаулар жоңғар соғысындағы ірі жеңістерді еске салса, Алматы облысындағы *Ереуілтөбе* 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің естелігі болып табылады. Тарихта «Қарқара көтерілісі» деп аталған осы ұлт-азаттық күрес жайлы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінен толық мәлімет алуға болады.

Топонимдердің когнитивтік ауқымы кең, тарихи мәліметі мол болатынын байқаған кейбір ғалымдар топонимиканы тіл білімінен бөліп

алуды да ұсынған. Мәселен, Э. М. Мурзаев: «Топонимдер белгілі бір тарихи дәуірде пайда болған, уақыт өту барысында тұлғасы, сондай-ақ мазмұны да өзгеріп отырған, халықтардың орын ауыстыруы, соғыстар, мәдени, экономикалық және тілдік қатынастар тәрізді нақты тарихи оқиғаларға байланысты таралып отырған. Осы тұрғыдан алғанда топонимика – тарихтың, нақтылап айтсақ, тарихи географияның бір бөлімі», – десе, В. Шмиллауэр: «Топономастиканың мәні тіл білімі және тарихи тұрғыдан келудің бірлігінен тұрады; ендеше, ол не тіл білімі, не тарих ғылымдарына жатпайды, дербес ғылым саласы болып табылады,», –дейді [37; 11]. Біздің ойымызша топоним – кәдімгі сөз, ендеше тіл білімінің аясында қала береді. Жұмысымызда топонимнің тарихи, географиялық аспектілерін ғана қарап өтеміз, өйткені топонимжасам процесінде құрамдас екі саланы ескермесе болмайды. Бұл жөнінде профессор Б.В. Горнунг: «... топонимикамен айналысуға тарихшыға да, географқа да, этнографқа да құқық беріледі, бірақ тілдік әдістерді толық меңгеру шарты қойылады» – деп өте орынды айтып өткен [17; 37].

Қорыта келгенде, топонимжасам процесінде тарихи атауларды жоғалтып алмау мақсаты алға қойылады. Атаудың пайда болуы, мағынасының, тұлғасының өзгеруі тілдің даму заңдылығының нәтижесі десек, атаудың белсенді қолданылуы немесе қолданыстан қалуы, ауысып кетуі қоғамның даму заңдылығына байланысты. Қазақ топонимиясын типтерге бөліп, сол типтерге сай тың топонимдер қалыптастыру жолдарын қарастыруымыздың өзі қазіргі қоғам дамуының талабынан туып отыр. Сондықтан топонимика ғылымы квазитарихи кезеңдерден, қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістерден тыс қала алмайды екен.

### 2.1.1 Қазақ топонимиясының қалыптасу кезеңдері

«Біздің тіліміз, сондай-ақ, біздің тарихымыз болып табылады», – деп Якоб Гримм айтқандай, адамзаттың тілі алғаш шыға бастағаннан-ақ, жалқы есімдер пайда болғаны (қандай түрде болса да) дау туғызбаса керек. Басты себеп – жалқы есімдердің атауыш, даралағыш, бағыт-бағдар беру қызметі. Алғашқы қауымдық құрылыстың өзінде адамдар бірін-бірі тану үшін есім беріп, жүрген жолдарын, баратын жерін белгілеу үшін жер-су аттарын қоюға мәжбүр болған. «Ең алдымен өзен, көл, тау сияқты табиғи нысаналардың аты пайда болды», – дейді А. Х. Востоков [33; 205]. Әсіресе үлкен өзендердің аттары көне болатынын Э. М. Мурзаев та атап өтеді. Алайда адамзаттың балаң кезінде қойылған атаулар сол қалпында бізге жетті деуге болмайды. Алғашында *тау, өзен, көл, дала, орман* тәрізді жалпы есімдер жалқы есімдік қызметте жүріп, кейіннен күрделене бастаған деген пікір ғалымдар арасында берік қалыптасқан.

Егер осы айтылған, көптеген ғылыми әдебиетте қолдау тапқан пікірге сүйенсек, онда ең алғашқы атаулардың үлгілері қазіргі географиялық терминдер (апеллятивтер) болып табылады. Оның ішінде, академик Ә. Қайдардың айтуынша, түркі тілінде ең алғаш бір буынды сөздер пайда болған (Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС): *бел, дөң, жол, жер, жұрт, көл, қыр, сай, тау* т.б. [38;32, 43]. Уақыт өте келе түбірлердің бірігуі, қосымшалардың жалғануы арқылы әр географиялық нысанның өзіндік ерекшелігіне қарай жеке-жеке атай бастады. Мысалы, *Ақбел, Қарадөң, Жалды, Көлшік, Қырат* т.б.

Қазіргі кезде адамның қалай пайда болғаны толықанықталмағандықтан, оның тілінің қалай пайда болғаны да даулы мәселе болып тұр. Егер адамзат ең басында бір жерден тараса, онда неге әр түрлі нәсілдеміз, неге бір тілде сөйлемейміз деген заңды сұрақ туады? Ғылыми ортада адам баласы алғаш бір жерде (көбінесе Африка делінеді) пайда болып, жан-жаққа тараған және тілдер де бір ата тілден шыққан деген ғылыми жорамал батыл айтылып жүр. Мәселен, В. М. Солнцев: «Адамзат тілі қарым-қатынас құралы ретінде бес, он, жиырма мың жыл емес, антропологиялық деректерге сүйенсек, аз дегенде 100 мың жылдан бері жасап келеді. Сондықтан тілдердің алшақтауы өте ерте кезде орын алып, олардың туыстығын дәлелдейтін іздер көмескі тартқан, тіпті жоғалған десе де болады», – дейді [39; 11]. Енді бір топ ғалымдар тілдің бір макросемьясының туыстығын жоққа шығару арқылы барлық тілдің төркіндестігін жоққа шығарады. Мысалы, Н.С. Трубецкой үндіевропа тілдерінің семьясын бір негіз-тілден тарамағанын, әр текті тілдердің жақындасуынан туған тілдер одағы екенін атап көрсетеді. Осындай ойды Р. Якобсон, В. Пизани, Н.Я. Марр т.б. ғалымдар да білдіреді [40; 69 - 79]. Ал тілші-ғалымдар Дж. Клоусон, Г. Дерфер, А.М. Щербак т.б. Алтай тілдерінің генетикалық туыстығына күмән келтіреді [41; 36,37].

Әлем тілдерінің моногенездік сипаты бар ма, әлде тілдердің ұқсастығы аралас-құраластың нәтижесі ме, оны ғылымның даму барысына қалдырып, тақырыбымызға қатысты Қазақстан топонимиясының тарихи аспектісіне келейік. Қазақстан жері ежелгі заманнан бері адам баласына мекен болып келгенін *Қанай, Иманбұрлық, Обалысай, Бөріқазған*, *Тоқсанбай* сияқты 16 тас дәуірінің ескерткіштері; *Атасу, Дәндібай, Бегазы* сияқты 27 қола дәуірінің ескерткіштері, *Алакөл, Берел, Тасмола* сияқты 17 ерте темір дәуірінің ескерткіштері дәлелдейді. Бұлар республика аумағын тұтас қамтып жатыр [42; 22, 23]. Алайда алғашқы адамдардан бізге жеткен қолтаңба біршама біртектес болып келетін петроглифтер ғана деуге болады.

Көне гректер Қара теңізден солтүстікке қарай жатқан халықтардың барлығын скифтер деп атаған (б.э.б. V ғ.). Скиф сөзі грек тілінде

«көшпенділер» деген мағына беретіні белгілі. XVII ғасырда өмір сүрген орыс этимологы В. К. Тредиаковскийдің «скифы – это скиты от «скитаться»; тюрки – от юрки «быстрый, проворный» деген халықтық этимологиясын әзілмен еске алғанымызбен, онда шындықтың дәні бар екен. Гректер көшпелілерді бөліп-жармай жалпы скифтер деп атаса, олардан шыққан атақты тарихшы Геродот скифтер деп Дунай мен Днепр арасындағы көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларды ғана атайды. Скифтерден шығысқа қарай Каспий теңізіне дейін сарматтар, одан шығысқа қарай (Аралдың солтүстігіне қарай) массагеттер және Аралдың оңтүстік-шығысында сақтар бар деп жазады [43; 15]. Қазақстанның б.э.д. I мың жылдықтағы тарихи картасында ол сақтарды хаомаварга, рауха (тиграхауда), исседондар, аргиппейлер және аримаспы-сақтар деп таратады [42; 28]. Бұлар қазіргі Қазақстан аумағын тұтас қамтып жатыр. Кейінгі Рим дәуірінің тарихшысы Птоломейдің Орта Азия мен Қазақстан даласын түгелімен Скифия деп атауы бекер болмаса керек. Біз де өрістің ыңғайына қарай көшіп отыруынан, салт-дәстүрінен, кәсібінен, киім киіс, шаш қойысынан бір ғана көшпелі, жауынгер халықты танимыз. Ал арадағы бөліністер тек әкімшілік-аумақтық сипатта болған деп есептейміз.

Сақтар, скифтер, массагеттер арий нәсілді, иран тілді тайпалар болған деген пікірдің ғылыми негізі жоқ. Сақтар Алтайда өсіп, өркендеп, батысқа қарай жылжыған таза түркі тілді тайпалар еді деген пікір көңілге қонымды (С.И. Руденко, М. Аджи т.б.). Оған басты себеп – Алтайдағы сансыз көп сақ қорымдары, ол қорымнан табылған бай археологиялық деректер. Мәселен, Берел қорымынан табылған сақ патшасының (басқа да адамдардың) дене құрылысы азиялық нәсілге тән болып келеді. Сақтар алтыны мен темірі мол Алтай-Саян таулы аймағында ерекше дамып, мал саны мен жан саны өскен соң, батысқа жылжып, отырықшы елдерге (Бактрия, Персия, Қара теңіз) жетіп тоқтаған. Түркітанушы-ғалым И. А. Батманов қазіргі Қазақстан мен Қырғызстан жерінде сақтардың көшіп-қонып жүргенін және олардың иран тілді юэджи немесе тохар тайпаларының бірін талқандағанын жазды [44; 28]. Ал академик В.В. Бартольдт осы кезден бастап, Түркістан парсы мәдениетімен тығыз байланысқа түскенін атап өтеді [45; 21]. Біздіңше, Кир патша мен Томирис патшайымның арасында аса өшпенділікпен жүргізілген соғыс отырықшы ел мен көшпелі елдің әдеттегі қақтығысы ғана емес, қандары бөлек екі халықтың соғысы деп ұққан жөн.

Өкінішке орай, Геродот та, Страбон да Кир жорығынан басқа, көшпелілердің салт-дәстүрін сипаттап өтуден басқа мардымды мәлімет бере алмаған. Ол дәуірде көшпелі тайпаларды аралап, зерттеу қауіпті болғандықтан, екі тарихшы да әскери адамдардан, саудагерлерден

естігенін қағазға түсірген тәрізді. Скифтердің тілі, түр-түсі жөнінде ештеңе айта алмаулары, олармен бетпе-бет кездеспегенін дәлелдейді. Жалқы есімдерді грек тілінде келтіргендіктен, не этнонимдерден, не топонимдерден, не антропонимдерден тұшымды мәлімет алу қиынға соғады.

Тек кейінгі жазбаларда көрініс табатын *Даих* (Жайық) және *Еділ* гидронимдері Қазақстан даласын ежелден түркі тілдес тайпалар мекендегенін айғақтайды: *жай* «жайылу, жазылу» + *ық* (есім тудыратын сөзжасам жұрнағы), яғни *Жайық* «жайылып ағатын, кең су» деген мағына береді. Салыстыра кетсек, тұнық су=жайық су үлгісімен жасалып тұр. Ал *Еділ* гидронимін орыс тілді ғылыми еңбектер *Идел/Итил* түрінде алады да, талдап әкетеді. Атаудың түпнұсқасын бұрмалап алып, оның этимологиясын іздеу, әрине, дұрыс емес. Барлық ғалымдардың пікірлері *Еділ* «үлкен, суы мол өзен» деген мағына береді дейді [46; 229]. Біз де бұл пікірді теріске шығармаймыз, бірақ башқұрт тіліндегі *изель* < *езел* (Ақизел) нұсқасына сүйеніп *Еділ* мен *Есіл* бір түбірден шыққан бір ғана атау болуы мүмкін деп жорамалдаймыз *(Еділ* < *Езіл* < *Есіл)*. Мұндағы *ес* түбірі «баяу, ақырын» деген мағынаға саяды (самал еседі, жел еседі, «жел соғадыға» қарсы мәнде). Екі өзенге де тән ортақ белгі – олардың жазық даламен ағуы. Ал жазықтықтағы су баяу, есіліп ағатыны мәлім.

Сонымен сақтар әр түрлі руға бөлінген бір ғана халық деп тұжырымдасақ, олар қазіргі Қазақстан даласында қалды ма, немесе қайда кетті деген сұрақ туады? Біздің ойымызша, олар ешқайда кеткен жоқ, өздері көшіп-қонып жүрген аумақта қалды. Тек қана грек оқымыстылары сырттан таңған аттары ауысып, өз есімдерімен тарих сахынасына шыға бастады (біздің эрамыздың басынан бастап). Мәселен, Арал теңізі мен Сырдария бойындағы массагеттер *Қаңқа - Кангюй – Қаңлы* атымен біліне бастады; хаомаварга және тиграхауда сақтары өздері мекендеген Оңтүстік Қазақстан, Жетісу өлкесінен табан аудармай *Үйсін (Усун)* атымен белгілі болды; Сарыарқаны, яғни Орталық, Солтүстік Қазақстанды мекен еткен исседон мен аргиппейлер *Қимақ, Қыпшақ* атымен шықса, Ертістен шығысқа қарай орналасқан аримаспы сақтар *Ғұн* атымен қытай жазбаларына түсті деп жорамалдауға болады. Былайша жорамал жасауға басты себеп – көшпелі өмірдің өзіне тән салыстырмалы түрде болатын тұрақтылығы. Тарихшы Аммиан Марцеллин суреттегендей көшпелілер «бүгін бір жерде туып, екінші жерде өсіп, үшінші жерде өле бермеген». Ондай бей-берекет көшу тек ауыр жұтта немесе аламан шапқыншылықтың кезінде ғана болатын еді. Көшпелілерде туған жерге, атамекенге деген сезім күшті болған. Мысалы, моңғолдардың қаншама тұрмысқа қолайлы жерлерді жаулап алса да, онда тұрақтап қалмай, өз жерлеріне қайтып кетуін; монғол шапқыншылығы кезінде ауа көшкен

наймандардың Сырды, Ұлытауды айналып, 5 ғасырдан соң Алтайға қайтып оралуын айтсақ та жеткілікті.

Кейін «ғұндардың тікелей ұрпағы» түркілер көптеген қандас тайпалардың басын қосып, қағанат құрған соң, араб, Византия тарихшылары осы аумақтағы көшпелі халықта тұтас **түркілер** деп атады. Мәселен, Менандр Протектор: «Бұрын сақтар деп аталған түркілер Юстинге елшілер жіберді» - деп жазады [43; 27]. Қытайтаушы – ғалым А. Г. Малявкин қытай жазбаларында ғұндардың Қоян (Хуянь) есімді князі біздің заманымыздың басында солтүстік шекарада көшіп-қонып жүретіні туралы жазылғанын және басқа да жалқы есімдерді мысалға келтіре отырып, ғұндар мен түркілер бір тілде сөйлеген дейді [47; 160].

Қорыта келгенде, көне қытай, грек, араб жазбаларындағы мейілінше бұрмаланған деректерге қарап отырып, олардың ешқайсысы сақ, ғұн, түркі секілді үш ірі тайпалық одақтардың арасындағы айырмашылықтарды атап көрсетпегенін байқаймыз. Ендеше олардың арасында айта қаларлықтай өзгешелік болмағаны және олар түбі бір, тілі бір көшпелі этнос болған деп кесіп айтуға тура келеді.

### 2.1.2 Қазақстан жеріндегі көне топонимдер

Қазақстанға қатысты жер-су аттары туралы алғашқы жазба деректі біз тарихтың атасы атанған Геродоттың «Әлем картасынан» кездестіреміз (б.э.д. V ғ. ортасы). Онда Арал теңізі көрсетілмеген және Амудария *Окс* деген атпен, Сырдария *Аракс* немесе *Яксарт* деген атпен Каспий теңізіне құяды деп жаңсақ белгіленген. Автор Каспий теңізіне Кавказ тауынан келіп құятын тағы бір өзенді *Аракс* деп атайды. Бұл қазіргі кездегі Аракс өзені болса, Сырдарияны Аракс деп белгілеп, екінші қателікке ұрынған. Алғашқы карта болған соң, мұндай кемшіліктер кешірімді де.

«Әлем картасында» Қара теңіздің солтүстік жағалауы *Киммерия* деп белгіленген. *Киммерия/Киммерицы/ кимерліктер* этнотопоним екені басы ашылған нәрсе және қазақ-арий тіл байланысын зерттеуші Ж. Байжумин *кимер* сөзін негізсіз *комер, кумер* тұлғасына келтіріп алады да, лат. Como, Comere және қаз. *қауым* сөздерімен байланыстырады: «қауым», «одақ», «халық» мағынасына келтіреді [48;61]. Сөздің немесе атаудың этимологиясы үнемі күрделі, терең бола бермейді, өйткені ертедегі сөздер мен атаулар қарапайым тұлғада қолданылған. Қарапайым мағынаның дәл үстінен түспегеннен кейін, өзіміз күрделендіріп, қиыс кетіп жатамыз. Әйтпесе жазушы-ғалым Т. Жұртбай, зерттеуші Б. Аспандияров тағы басқалар *кимер* сөзінен қазіргі тіліміздегі *кемер* сөзін таниды (*кемерліктер*) [49; 28], [50; 84]. Расында да Қара теңіздің солтүстігін мекендеген скифтер өздерін *кемерліктер*, яғни «теңіз жағалауында (кемерінде) көшіп жүретіндер» деп атауы әбден мүмкін. Бұдан скифтердің парсы тілінде

емес, түркі тілінде сөйлегенін аңғаруға болады және *Кемер, Қаракемер* тәрізді топонимдер Қазақстанда да көптеп кездеседі.

Біләл Аспандияров Геродот картасындағы *Кимерліктердің Боспоры* аталған бұғаз атауындағы *Боспор* да түркі тілінен жасалған деп жорамалдайды. Мұндағы *Боспор (Босфор)* түркі тілінде «бос бор» сөздерінің тіркесінен жасалғанын айта келіп, академик Л. Бергтің: «Қырымдағы Яйлы және Меловой тау тізбектері негізінен борпылдақ әктен тұрады» деген пікірін дәлелге келтіреді (Л.Берг. Природа СССР. М., 1937). Автордың тұжырымын толық қолдауға тура келеді, өйткені Г.Шухардтың «сөзді тану үшін, затты зерттеу керек» деген ұстанымына сәйкес, географиялық нысанның өзі көмекке келіп тұр.

Ал Б. Аспандияровтың *Керч* түбегінің атын «кіру» (входить) сөзінен шығаруын қолдауға болмайды. *Керч* – Қазақстандағы *Қиынкеріш, Қызылкеріш* атауларының құрамындағы *керіш* «түрлі-түсті үгілмелі топырақ» мәніндегі географиялық термин. Палеонтолог-ғалымдардың айтуынша, мұндай түрлі-түсті (көбінесе қызыл, қоңыр, жасыл түсті) борпылдақ топырақтар мезозой дәуіріндегі ыстық және ылғалды климаттың әсерінен пайда болған.

Топонимдер өзінің кумулятивті қасиетіне байланысты көне тарихты жаңғыртуға, белгілі бір этностың тегін, тілін анықтауға өзіндік үлес қосып жатқанымен, ол мәліметтерді басқа ғылым салалары қостап отырмаса, нәтиже болмайды. Мәселен, адамның сүйек құрылысын, әсіресе бас сүйегін, зерттейтін антрополог-ғалымдар қазақтарды таза моңғолоид нәсіліне жатқыза бермейді. Омск әскери округінде 1910 жылы жарық көрген арнайы зерттеу жұмысының есебінде көшпелілердің басқа халықтармен қарым-қатынас жасау нәтижесінде типтердің араласып кеткені айтылады да, қазақтардың арийлік тегі болғаны шындыққа жақын және олар моңғол тайпаларымен араласқан деп шешеді. Антропологиялық өлшемдердің қорытындысы «қазақтарды ерекше топқа жатқызуға мәжбүрлейді» деген тұжырым жасайды [51; 24].

Көптеген тілдік, текстік, тарихи, антропологиялық деректердің барлығы түркі халықтарының негізін құрайтын сақ (скиф), ғұн, үйсін, қаңлы, түркі, қимақ, қыпшақ, қарлық, түргеш т.б. тайпалар европеид те емес, моңғолоид та емес жеке бір нәсіл құрайды дегенге меңзейді. Оны шартты түрде ***түрколоид*** деп атаса да болады.

Каспий теңізі Геродот сызған картада теңіздің оңтүстік-батысында орналсқан *каспий* деген халықтың атымен аталғаны көрініп тұр. Жалпы алғанда, аумағы үлкен көлдің, ұзын өзендердің бірнеше атауға ие болатын себебі, оның әр тұсын мекендеген халық, әр тұсына келген саяхатшы әр түрлі атай береді. Мәселен, Геродот өзі зерттеген жағына орналасқан халықтың атымен *Каспий теңізі* деп атаса, ортағасырдағы араб саяхат-

шылары *Хорасан теңізі*, көне орыс жылнамаларында *Хазар теңізі*, XV ғасырда саяхат жасаған Афанасий Никитин *Дербент теңізі* деп атаған. Бұлардан басқа *Ақ теңіз, Жасыл теңіз, Гиркан теңізі, Солтүстік теңіз, Гилян теңізі, Хвалын теңізі, Парсы теңізі, Батыс теңіз, Мазандеран теңізі, Гүрген теңізі* т.б. атаулар осындай жолмен сырттан таңылып отырған.

*Каспий* этногидронимінің нақты ғылыми этимологиясы әлі анықталған жоқ. Біздің ойымызша, *Каспий* этнонимінің *кас/қас* түбірі «теңіздің қасында (жанында) тұратындар» мағынасындағы түркі сөзі болуы мүмкін. Салыстыра кету үшін *Маңғышылақ, Маңғыстау* топонимдерін алуға болады: «теңіз маңындағы қышлақ, теңіз маңындағы (жанындағы, қасындағы) қыстау».

Қазақстан, Орта Азия және Сібір өлкелеріндегі көне этнонимдер мен топонимдер туралы тарихи деректерді қытай жазбаларынан іздеуге тура келеді. Көбінесе сүйенетініміз бұдан 150 жыл бұрын жазылған Н.Я. Бичуриннің Хань династиясы кезінен (б.э.б III ғ.) бастайтын «Мәліметтер жинағы». Өкінішке орай ол және басқа да қытай жылнамаларындағы кірме жалқы есімдерді оқу «қытайтанушылардан басқаларға өте ауыр соғады» [52; 46]. Мәселен, жоғарыда сөз етілген Каспий теңізі – *Циньхай,* Арал теңізі *Вынаньша,* Ыстық көл – *Жехай* немесе *Тсинг-Чи* (Н. Я. Бичурин транскрипциясы бойынша) түрінде қағазға түскен. Бұлардың мағынасын ашамын деу – қытайтанушының өзіне де үлкен сын. Ең алдымен бұл атаулар аударма ма (калька ма), бар атаудың қытайша жазылуы ма, әлде тыңнан таңылған қытайша аты ма дегенді анықтап алу қажет сияқты. Содан соң қытай тілінің маманы айналыспаса, басқа адамның тісі батпайтыны анық. Мысалы, жаңа ғана санамалап өткен макрогидронимдердің ішінен Ыстықкөлді таңбалаған *Тсинг-Чи* атауын ғана «ыстық су» немесе көлдің бұрынғы аты *Темірті* болуы мүмкін деп тұрпайы жорамалдауға болады.

Н.Я. Бичуриннің еңбегінде бұлардан басқа Қазақстан жеріне қатысы бар *Согюй* (Жаркент), *Тяньшань* (Жетісу өлкесімен қоса атайды), *Су-Е/Суей* (Шу өзені), *Сули* (Соғд, Жетісуды қоса), *Цзюлянь* (Құлан), *Уту* (Ертіс), *Или* (Іле)*, Таласе/Далуй* (Талас өзені), *Чженьчжу/Шеше* (Сырдария), *Цзинь шань* (Алтай), *Далиган* (Арал теңізінің тағы бір аты), *Жо-хай* (Балқаш көлі), *Гинь-вей-шань* (Тарбағатай тауы), *Нами* (моңғ. Наринголь, қаз. Сырдария), *Пугучжень* (Ертіс), *Суй-йе-шуй* (Тұзкөл-Ыстықкөл-Теміртінор), *Уху* (көне қытай. Сырдария), *Цянь-цюань* (Мыңбұлақ), *Шуанхэ* (Боротола) сияқты топонимдер кездеседі. Атаулардың кейбіріне түсініктеме беруге болатын болса, кейбірі талдап, таратуға мүлде көнбейді.

*Тянь-Шань* деп көне қытай жазбаларында қазіргі Тянь-Шань тауының шығыс бөлігін ғана атаған. Қытайтанушы А.Г. Малявкиннің айтуынша,

бұл атау ғұндардың *цилянь* «аспан» сөзінен жасалып, алдымен *Циляньшань* аталады да, кейін қытай. *Тянь-шань* түріне калькаланады. Екеуі де «аспан тау» мағынасын береді [47;139].

Тян-шань тауының Баркөлтағ, Қарлықтағ жоталарын қытай тілінде *Байшань* деп атап, қағазға түсірген: қытай *бай* «ақ» + *шань* «тау» яғни *Ақтау*. Кейде басын қар жапқан Тянь-шань тауын тұтас Байшань деп атайды. Менандр Протектордың Батыс Түрік қағанатының ханы Дизабул Византия елшісі Земархты *Эктаг* деген жерде қабылдады деген мәліметіндегі Эктаг осы *Ақтағ* болуы ықтимал [43;17]. Э. Шаванн қытай жазбаларында кездесетін *Ацзетянь (Ацзе)* оронимы түркі тіліндегі Ақтағ атауының қытайша транскрипциясы деп табады [47;166]. Аспан тауының көне атауларының барлығы түркі тілінен шығатындықтан, бұл бай өлкелер ежелден түркі тілдес елдердің мекені болған деп тұжырым жасауға болады. Бұл, өз кезегінде, біздің бұрынғы еңбегімізде айтылған: «Қытай тіліндегі атаулар Ұлы Қытай қорғанынан тыс жерге көп тарамаған» деген пікірімізді растай түседі [53;42].

*Су-Е (Суей)* – Шу өзені мен оның аңғарының қытайша жалпы аталуы. Шу гидронимінің қытайша жазылуы.

*Сули* - Соғдиана мен Жетісуды қосып атаған нұсқасы. Біздің ойымызша *Сулы* деген түркінің туынды сөзінің қытайша хатқа түскен түрі болуы керек. Түркілер Жетісуды ертеректе *Сулы* «су, өзені мол өлке» деп атауы мүмкін деп жорамалдаймыз.

*Цзюлань* – Құлан ойконимінің қытайша транскрипциясы.

*Уту, Пугучжень* – Ертіс өзенінің екі түрлі аталуы. Қытайдың әр дәуіріндегі жазбалары бір географиялық нысанды немесе бір халықты бірнеше түрлі атпен жазатыны белгілі. Мысалы, *қырғыз* этнонимін *гянь-гунь, гэгу, цигу, йегу, хакас, киликицзы* нұсқаларында беріп отырады. Бұл қытай иероглиф-жазуының қиындығына байланысты болса керек. Жоғарыдағы екі атаудан тек *пугу* сөзін бөліп алуға болады, өйткені теле тайпасының құрамында *пугу* («бұғы» деп пайымдауға келеді) этнонимі кездеседі [47;84].

*Или* (Или-гол) – Іле өзені Қытай жазбаларында жиі кездеседі және Жо-хай (Балқаш көліне) құяды деп дұрыс көрсетіледі.

*Таласе (Далуй)* – Талас өзені. Бұл гидроним қытай саяхатшысы Чжан Цянның б.э.б. 138-126 жылдары Орта Азияға жасаған саяхатынан белгілі. Ал тарихта Дизабул мен Земарх парсы елшісін Талас қаласында күтіп алатыны жазылады.

*Талас* гидронимінің этимологиясын өзеннің табиғи ерекшелігіне сүйеніп барып шешуге болады. Бұл өзен басын биік таулардан (Қырғыз Алатауынан) алады да далаға, жазыққа қарай ағып барып, Мойынқұм құмына сіңіп кетеді. Сонда *тала* «дала» + *ас* «су» сөздерінен бірігіп

жасалған атау болып шығады: *Талаас* > *Талас* «далаға ағатын өзен», «дала суы» деген мәнде. Қытай тіліндегі нұсқасы да осы мағынаға саяды. Дала+шуй (қыт. «су») > Далуй.

Ал белгілі ономаст-ғалым Т.Жанұзақ Талас тарихи гидронимін *тал* көне түркі. «шоқы», «шың», «тау» + *ас* орал-алтай тілдеріндегі «су», «өзен» сөздерінің бірігуінен шығарады [25;181-182]

*Чженьчжу* – жұмысымыздың бірінші тарауында айтылып өткендей, *Інжу* гидронимінің қытайша жазылуы. Сондай-ақ, қытай жылнамаларында *Нами* түрінде жазылған, монғолша *Нарийнгол* өзені де осы Сырдарияның бір аты ретінде көрсетілген. Шындығында *Нарынқол* Сырдарияның басқы салаларының бірінің аты болып табылады. Моңғ. *Нарийнгол* – тура мағынасында «жіңішке өзен» деген атау.

Византия тарихшысы Менандр Протектор өз естелігінде Сырдарияны *Оих* өзені деп жазады. Бұл көне Сыр өзенінің бізге беймәлім тағы бір атауының бұрмаланып қағазға түскен нұсқасы болса керек, өйткені көне қытай жазбаларында Оих атауына ұқсас *Уху* деген түрі кездеседі.

*Цзинь шань* – Алтай тауы. Европа және орыс зерттеушілері Цзинь түрінде аударғанымен, транкрипциясы Жиньшань деп айтылады. *Цзинь / жинь* қытай. «алтын» + *шань* «тау» сөздерінен жасалған. Дұрысы түркі тіліндегі Алтынтағ/Алтынтау оронимінің қытай тіліне калькалануы. Ал *Алтай* тіркі тіліндегі Алтынды оронимінің моғолша аудармасы екенін бұрын айтқанбыз (монғ. алт+тай «алтынды») [53;44-47]. Бұл аудармалар Алтай тауының сақ-ғұн-түркілердің ежелгі мекені екенін тағы бір дәлелдейді.

*Далиган* – Арал теңізінің қытайша бір аты. М. Протектордың Аралды *Үлкен көл* деп жазуына сүйеніп, *далиган* сөзін түркінің *далиған* «жайылған, үлкен (көл)» сөзінен шығаруға болады.

*Жо-хай* – Балқаш көлі. Атау құрамындағы *хай* қытайша «теңіз» мағынасын береді, ал *жо* немесе *жоң* иероглифы «орта» мағынасын беретін сияқты. Олай болса *Жо-хай/Жоң-хай* қаз. «орта теңіз» болуы мүмкін.

Қытай саяхатшысы (кейбір еңбектерде барлаушысы) Чжан Цянның жүрген жолы *Цянь-цюань* деген қайнар, бұлағы мол жерді басып өтіп, *Че-Ши* қаласына барады. Қытайтанушы-ғалымдар (Н.Я. Бичурин, А.Г. Малявкин т.б.) *Цянь-Цюань* топонимін бірауыздан *Мыңбұлақ* деп табады. Ендеше қазіргі Түркістан маңындағы Мыңбұлақ көне атаулар қатарына жатады. Ал *Че-Ши* – Шаш, яғни қазіргі Ташкент қаласы екені анықталған.

Чжан Цянның жолсызбасында кездесетін *Конг-Ю* қаласы – Кангю (қаңлы) тайпасының жері, *Ну-Чи-Киен* қаласы - Нучиби тайпасының жері болуы мүмкін. Саяхатшының өмірбаянын қағазға түсірген қытай

тарихшысы Сы-ма Цян немесе кейінгі көшірушілер тайпа аттарын қала аты деп ұққан сияқты.

Қытай жазбаларында Орта Азия мен Қазақстандағы қала аттары да мейілінше бұрмаланған: *Давань*(Ферғана), *Кан* немесе *Самоцянь* (Самарқант), *Юегянь* (Үргеніш), *Че-Ши* – Шаш (Ташкент), *Ань, Бухало*, *Даан* (Бұхара), *Унагэ* (Мерв), *Ю* (Үзкент), *Эрши* (Қоқан), *Сигянь* (Ақсыкент), *Бэйшуй* (Испиджаб), *Цзюбило* (Сайрам) т.б. [52; 44, 46].

Орта ғасырда ислам дінінің таралуына байланысты араб миссионер-саяхатшылары Түркістан, Тұран, Дешті Қыпшақты аралап мәлімет жинай бастады. Түркілерді жаулап ала алмаған арабтар дінді күшпен емес, уағыз-насихат арқылы миссионерлік жолмен енгізуді көздеді. Ақырында түркілер ислам дінін өз еркімен қабылдады.

Араб жазбаларында да грек, қытай жылнамаларындағы сияқты жалқы есімдер бұрмаланып, оқиғалар ауысып кететін жағдайлар кездеседі. Бұл саяхатшылар деректерді көбінесе ел аузынан, ұзынқұлақтан естіп барып, қағазға түсіргендігін дәлелдейді.

Араб географиялық әдебиеттерінде түркілерді тікелей сақтың ұрпақтары деп есептейді. Қытай жазбалары түріктерді тікелей ғұндардан шығарады. Ендеше логикадағы ұғымдардың қиылысуы заңы бойынша, сақтар мен ғұндар түркі тілдес тайпалар одағы болған деген пайымдау шығады.

IX-X ғасырлар тоғысында өмір сүрген Әл-Истахри қазіргі Қазақстан аумағында тоғызгуздар, хирхиздар, имектер, қыпшақтар, яғни оғыздар, харлуктар тұратынын және ол бес халықтың бірін-бірі түсіне алатын бір тілде сөйлейтінін атап өтеді [54; 11].

Әл-Истахри неге екені белгісіз қыпшақтар мен оғыздарды бір халыққа жатқызады. Автор сол X ғасырда Арал теңізінің солтүстігін тұтас қамтып жатқан Қаңғар (печенег) ұлысын, Каспийдің солтүстігіндегі Хазар қағанатын, одан терістікке орналасқан Бұлғарларды санатқа қоспайды. Бұл дәуірде Қимақ қағанаты Ертістің екі жағын бойлай солтүстік-шығысты алып жатса, қыпшақтар олармен іргелес қазіргі Орталық Қазақстанды мекендеді. Қарлық қағанаты Алакөл, Балқаштан бастап Жетісуды тұтас қамтыда да, Оғыздар олармен көршілес Сырдария мен Аралдың оңтүстік-шығысында орналасты. Ал X ғасырда ұйғырлар, наймандар, керейлер, меркіттер қазіргі Қазақстан аумағынан тыс жатқаны тарихтан мәлім.

Тағы бір араб саяхатшысы Масуди (X ғ.) Каспий теңізін *Аджамдар* (аджам халқының) теңізі деп белгілейді. Автор *аджам* деп Каспийдің оңтүстік-батысындағы әзірбайжандарды атайтын сияқты, әйтпесе ол жерден өте ертеде көшіп кеткен *аландарды* айтады деуге негіз жоқ.

Алдыңғы тарауда айтып өткен Сырдарияның Інжу өзен аталу себебі оның бойына моншақша тізіліп орналасқан қалалардың әсері деген

пікіріміз расталғандай, ортағасырда ол қалалардың саны өсе түскені байқалады. Мәселен, Сырдың бойында *Бұзыққала, Күйікқала, Янгикент, Алтынасар, Жанқала (Жент), Қызтөбе (Баршынлыкент), Сунақ-Ата (Сығнақ), Түркістан (Йасы), Артық-Ата, Кавган-Ата, Отырар, Сүткент* қалалары бой көтерді [42; 74 - 75]. Тарихи-археолгиялық деректер бойынша орта ғасырда қазіргі Қазақстан жерінде 57 – 60 қала болған болса, оның 80 % - ы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда орналасқан. Оны, әрине, көрші Орта Азиядағы отырықшы, қалалы өмірдің ықпалынан деуге болады.

Ортағасырлық араб-парсы деректері, әсіресе әл-Идрисидің мәліметі бойынша, Қимақтардың 16 қаласы болған делінеді. Алайда ол қалалар аттарының дұрыс жазылмауы да *(Хақан, Карантия, Дамурия, Сараус, Банджар* т.б.), орындарының табылмауы да, «темір қақпалы үлкен қалалар» болғанына күмән туғызады. Көшпелі өмір кешкен қимақтар мен қыпшақтар гүлдеп тұрған 16 қала салса, олардың орындары, қирандысы қалар еді немесе 16 қаласы бар ел көшіп-қонып әуре болмас еді. Біздің ойымызша, бұл қалалар қақпасы бар, бірлі-екілі діни құрылыстары бар, қалғаны киіз үйден тұратын жартылай көшпелі қыстақ-қалалар, сауда жасайтын орталықтар түрінде болған секілді.

Әл-Идрисидің жазып кеткендеріне күдік келтіретін тағы бір нәрсе – *Гамаш* (Б.Е. Көмековтың айтуынша Ертіс) өзені бойына орналасқан Астур қаласы күріш егеді деген пікірі. Қимақияның сол дәуірдегі аумағында күріштің өсуі мүмкін емес.

Саяхатшы өз мәліметін Қимақияны аралаған бір саудагерден естіп, Орта Азия қалаларына ұқсатып, сипаттап шыққан тәрізді. Өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген адам қалалардың аттарын мұнша бұрмалап жазбас еді. Қала аттарының кейбіреуі ғана түркілік сұлбасын сақтаған, ал көбін талдауға тәуекел ету қиын. Мәселен, *Хақан* қаласы «хақан тұратын қала, астана» екені белгілі; *Сараус* – Сарысу өзені бойындағы қала болуы мүмкін.

Қимақ еліне баратын бір жолды саяхатшы Гардизидің мәлімдеуінен табамыз: *Янгикент – Ұйықман*(Арал маңындағы құмды өлке) – *Сокук* өзені (Торғай не Сарысу) – *Кендіртағ* (Ұлытау) – *Асус* (Есіл өзені) – *Ертіс* [55; 11].

Авторы белгісіз «Худуд - әл Әлам» («Әлем шекарасы») атты кітапта *Аспижаб* (Сайрам), *Түркістан*, *Торар* (Тараз болуы мүмкін), *Чуф*, *Мазакия, Игсун-Ясу*, *Киркирхан* сияқты елді мекен атаулары, *Арташ* (Ертіс), *Атал* (Еділ), *Гоз* (Гуз) даласы, *Мауранахр, Хазар көлі* (Каспий) секілді жер-су аттары кездеседі. Бұлардың ішінен *Киркирхан, Игсун-Ясу, Мазакия* үшеуі қимақ жерлері деп көрсетіледі. Мұндағы *Киркирхан* – Қарқаралы тауы ма деген ой келеді, ал *Игсун-Ясу* атауының екінші сыңары *асу* географиялық терминіне ұқсайды.

Орта ғасырдағы жазба деректерде белгіленген қазіргі Қазақстан жерінде кездесетін елді мекен, жер-су аттарының дені түркі тілінен жасалған. Ислам дінінің ықпалымен кейбір араб-парсы топонимдері, жекелеген географиялық терминдер ене бастағаны байқалады. Бір өкініштісі өзге елдің саяхатшылары, оқымыстылары сол түркілік атауларды мейілінше бұрмалап жазғандықтан, көне қалалардың аттары сырын ашпай тұр. Ендігі үміт археолог-ғалымдарға келіп тіреледі. Олар көне қалалардың орнын тауып, топырақ астында қалған деректерді аршып алса, көптеген құпияның беті ашылар еді.

Моңғол шапқыншылығының алдында қазіргі Қазақстан жерінің басым бөлігін қыпшақтар билеп тұрды. *Дешті Қыпшақ* (Қыпшақ даласы) деп арабтардың атау себебі де осыдан шығады. Бұл ғасырларда (XI-XII ғ.ғ.) қимақ этнонимі жоғалып үлгереді де, орнына ұлан-ғайыр жерді алып жатқан *Қыпшақия* пайда болады. Қимақтардың қыпшақ қауымына үнтүнсіз сіңіп кетуіне қарағанда, олар әуел бастан бір ел, бір жұрт болған деген шешім шығады. Ал қимақтар мен қыпшақтар X ғасырда жарқ етіп қайдан шыға келді, бұрын қайда болды деген сұрақ туады? Біздің ойымызша Көне Түркі қағанатының негізін құрған тайпалар осы екеуі болса керек. Көне ұйғырлар билікті алып, Өтүкен йыштан ығыстырылған тайпалар орта Ертіс маңына топталып, Қимақ, Қыпшақ ұлыстарын құрған. Қыпшақ олардың бұрыннан келе жатқан аты болса, *қимақ* осы дәуірде таңылған атау еді. Мағынасы «қиылған», «бөлінген» ел дегенге келеді. Кейін дәл осы жолмен *қалмақ* «қалған, қалдық» этнонимі пайда болғаны белгілі. Біраз уақыттан соң, лақап ат тез жоғалып, бұрынғы қыпшақ этнонимі қайта бой көтерді.

Осындай тұжырым жасауға көне түркі тас ескерткіштеріндегі мәтіндер итермеледі. Біріншіден, ол мәтіндерде түркілер оғыздармен, қарлықтармен, қырғыздармен соғысқандарын жазады да, бірде-бір жерде «қыпшақтармен соғыстық» демейді. Ендеше олардың өздері қыпшақ болғаны. Мәселенің бәрі жалқы есімде, яғни қай кезде қалай аталуда тұр. Түркі жалпы мемлекеттің аты, бір этностың аты емес деген пікір шындыққа жақын келеді. Түркі қағанатының құрамына ашина, едіз, теле, қыпшақ т.б. тайпалар енген. Қазіргі қазақ – жалпы халықтың аты, ал құрамында арғын, найман, қоңырат т.б. рулары сияқты. Қыпшақтар Түркі Қағанатының белді тайпасы болғандықтан, кейінгі ұйғырлардың құрамына енбей, кең далаға қарай ығысып кетті. Екіншіден, тасқа түскенде әдеби тіл дәрежесіне жеткен жетік тіл ешқайда жоғалған жоқ, ол кейінгі қыпшақ тілдерінің негізін қалады. Атап айтқанда бұрыннан дамыған тіл одан әрі дами түсіп, сөз басында «ж» дыбысы пайда болды, септіктің саны жетеуге жетті т.б. Қыпшақтар көне түркі жазуын Шығыс Европаға дейін алып барды.

Қыпшақ этнонимінің құба+ша+қ/ құб+шақ / қыпшақ «ақсары, құба түсті» сөзінен шықты деген пікірлер сенім туғызады, өйткені батысқа барған қыпшақтарды орыстар *половцы*, европалықтар *куман* деп бекер атамаған. *Половцы* – «сары сабан түстілер» десе, *қу+ман* түбірі де «ақ, ақсары» мәнін туғызады.

Шыңғысхан жорығына әлем әр түрлі баға береді. Біреулер халықтардың табиғи қалыптасуын бұзды десе, енді біреулер, керісінше, әлемді тәртіпке келтірді дейді. Қазақ халқы мен Қазақстан жері үшін «дала дауылы» не берді? Әрине, кез келген басқыншылық ниеттегі соғысты құптауға болмайды. Қандай соғыс болса да дүниедегі ең қымбат нәрсе – адам өмірін қиюға әкеліп соғады. Бұл тұрғыдан алғанда, кейін қазақ халқының құрамына енген найман, керей, меркіт тайпалары қатты қырғынға ұшырады. Арғы тегі сақ, ғұн, көне түркілерден бері ата қоныс болып келе жатқан *Өтүкен, Керулен, Тола, Орғын* сияқты малға жайлы өлкелерден мәңгіге айырылдық. Егер моңғол шапқыншылығы болмаса, күндердің күнінде бұл жерлер Қазақстан аумағына кірер ме еді, әлде қайтер еді?

Екінші жағынан алғанда, Дешті Қыпшақ батысында орыс князьдарымен, оңтүстігінде ислам дінін таратуды көздеген Хорезмшах мемлекетімен қақтығысқа түсіп тұрды. Олар қыпшақтардың табиғи түрде дамып, біртұтас мемлекет құруына кедергі келтіруі мүмкін еді. Шығыстан соққан қара дауылдай болып келген моңғолдар даланы ала-сапыран қылғанымен, артынан дауылдан кейінгі тыныштыққа ұқсас бейбіт өмір келді. *Ұлығ Ұлыс* (Алтын Орда) құрылған жылдарда «Еділ бойындағы Сарайдан шыққан жедел хабар Моңғол үстіртіндегі айшылық алыс Қарақорымға алты-ақ күнде жететін керемет тәртіп болды ... Еуропадан шыққан сауда керуені қағанаттың ұлан-ғайыр аймағын басып өткенде «тышқан мұрнын қанатпай» бейбіт жолдармен алаңсыз сапар шегетін-ді. Орасан үлкен қағанаттың көп тілді, көп дінді адамдары бір заңға ғана бағынды» [56; 7].

Дешті Қыпшақ даласы орыс князьдарынан, Хорезмшахтан, болуы мүмкін қытай қаупінен құтылып, бірнеше ғасыр бейбіт өмір кешті. Дәл осы кезеңде кейінгі түркі халықтарының негізі қалана бастады. XV ғасырда, Алтын Орда құлаған уақытта, Қырым хандығы, Астрахан хандығы, Қазан хандығы, Маңғыт (Ноғай) ұлысы, Сібір хандығы, Қазақ хандығы, Ақсақ Темір әулеті, Моғолстан сияқты этностық бірліктер пайда болды. Тіпті бұл дәуір орыс князьдықтарының еркін дамып, кейін Москва князьдығына бірігуіне игі ықпал етті. Алтын Орда оларды Европадан келетін жаулардан қорғап тұрды. Сондықтан көшпелі халықтардың өз өмір салтын сақтап, жер бетінен құрып кетпеуіне моңғол шапқыншылығы қолайлы жағдай туғызды деп нық айтуға болады.

Қазіргі Қазақстан Республикасы орнаған аймақта XIII ғасырға дейін моңғол атаулары болған емес. Оны қолда бар көне карталар мен жазба ескеркіштер толық дәлелдейді. Тарихшылар түзген «Қазақстанның ортағасырдағы қалалары» атты картада Сыр бойында *Алтынасар* деген қала аты ғана моңғол тілінен жасалған сияқты [42; 74, 75]: *алтын* «алтын» + *асар* моңғол. «шатыр», «мұнара», «күмбез». Бұл, әрине, қаланың кейін, моңғолдар келген соң салынғанын білдіреді. Лувсанданзанның «Алтын шежіресінде» Монғолия жерінде *Агасар* «қаз. Ақшатыр» деген топоним көрсетіледі [56; 208]. Сонымен бірге *асар* «көне ескерткіш, қала» мағынасындағы парсы сөзі болуы да мүмкін.

Ортағасырдың теңдесі жоқ мұрасы М. Қашқари сөздігінде кездесетін 120-дай жер-су аттарының дені түркі тілінен жасалған және көпшілігінің қазіргі қазақ даласына қатысы бар: *Аруқ-Тұрық, Абұл, Етіл, Ала, Ала йығаш, Ертіш, Арғу, Өтүкен, Тарым, Бұқаш арт, Тоқұрқа, Қатын сыны, Қаз Сувы, Үрүң қаш өгүз, Қара қаш өгүз, Қара сеңір, Талас (Тараз), Секірме, Қарғалұқ т.б*. [57; 1 - 500].

Моңғолдар, тарихтағы басқа да жаулаушылар тәрізді, басып алған елінің жер-су аттарын өз тілдеріне ауыстырды. Бұл үрдіс Алтын Орда дәуірінен бастап, бертінгі жоңғар жорығына дейін жалғасты. *Алтай, Арқауыл, Тарбағатай, Зайсан, Бүркітауыл, Баянауыл, Нарын, Қорғалжың, Қапшағай, Қобда, Сайхин, Кеген* т.б. моңғол атаулары Қазақтан топонимиясында жеке қабат құрайды, бірақ түбі бір алтай тілдерінен тарағандықтан және көп уақыт өткендіктен, ол атаулар тілімізге бейімделіп, қазақ (түркі) атауларымен бірдей болып кетті. Сондықтан моңғол тілді атауларды ауыстырып, өзгертіп қажеті жоқ деп есептейміз.

Ұлық Ұлыс ыдырағаннан соң, өз еркімен бөлініп шыққан *Қазақ хандығы* XV – XVI ғасырларда тәуелсіздігін сақтап қалу үшін жанталасты. Ол алғашқы еркіндікті Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін алған Егемендікпен салыстыруға келеді, алайда бірінші хандықты найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғауға тура келді. Қазақтар қазіргі Қазақстанның орта тұсын, ядросын ғана ұстап тұра алды. Шығыстан ойраттар, оңтүстік-шығыстан Моголстан, оңтүстіктен Шейбани ұрпақтары, батыста Маңғыт(Ноғай) ұлысы, солтүстікте Сібір хандығы қоршап тұрды. Олардың қай-қайсысы да қазақтардың жерін тартып алуға мүдделі болды десек, артық айтқандық емес.

Сөз барысында *қазақ* этнонимінің мағынасы туралы пікірлерге пікір қоса кету қажеттігі туды. Қазақ этнонимі туралы ертелі-кеш айтылғандардың ішінен Шоқан Уәлихановтың пікірі шындыққа жақын келеді. *Қазақ* сөзінде «еркіндік», «еркін өмір сүру» мағынасы бар [58; 30]. Бұрыннан түркі тілінде бар *қазақылану* «бөлініп шығу», «қашып

жүру» мағынасындағы сөз этнонимге айналды деуге болады. Этнонимнің түбірі *қаш/ қаз* «қашу» мағынасында болып, оған субъектінің белгілі бір әрекетке бейімділігін білдіретін – қақ, - кек, - ғақ, -гек туынды сын есім жұрнағы жалғанған: *қашқақ (қазғақ)*. (М. Қашқари сөздігіндегі *тарғақ/ тарақ, орғақ/ орақ сияқты*)[57;15]. Сонда сөз ортасындағы қ/ғ түсіп, *қашақ/ қазақ* сөзі пайда болған (ш – з/с) дыбыс алмасуы тілімізде бар. Бұл сөз Жәнібек пен Керей бастаған қазақ ұлыстары көшіп кеткен түннің ертеңінен бастап, этнонимге айналды. Ал, шынында, әлденеге көнбей, бағынбай қашып шығудың өзі еркіндікті аңсау емес пе? Кейін қазақ этнонимі «көшпелі, еркін халық» мағынасына ие болды, ал қалып қойған өзбектер отырықшы елге айналғаны белгілі. Орыс тіліндегі *казак* сөзі де осыдан шығады. Олар да қиыр жайлап, шет қонып жүретін, қыпшақтар мен славяндардың қоспасынан құралған жауынгер ел болған. Ішкі Ресейді шауып, тонап қашып кетіп отырған және патшаға бағына бермеген.

Патшалық Ресейдің қазақ даласын қалай отарлап алғаны баршаға мәлім тарих. Біз оны қайталап жатпаймыз. Тек Кіші жүздің ханы Әбілхайыр өз еркімен патшаға бас имегенде, отарлау процесі бірекі ғасыр кейін басталуы мүмкін еді. Бізді Керей мен Жәнібек бастап алған тәуелсіздігімізді алтын табаққа салып өз еркімізбен ақ патшаға ұсынғанымыз қынжылтады. Қалған бір де бір ел Ресейге өз еркімен еніп кеткен жоқ. Бұл да – қазақ хандарының алты бақан ала ауыз әрекеттерінің нәтижесі. Біз тарихты кінәлаудан аулақпыз, бірақ мүмкіндіктері мол бірнеше жолдар болғаны кейінгі ұрпаққа әйгілі болып отыр. Мәселен, Қасым хан біріктірген қазақ хандығы өзара жауласпай, одан әрі дамыған болса, өзіне жақын Сібір хандығын қосып алуға (бұл бүкіл Батыс және Шығыс Сібір кейін Қазақстан құрамында қалып қоюы мүмкін еді деген сөз), жоңғар шапқыншылығын ошағында өшіруге, Ресей отарына қарсы күресуге мүмкіндіктер туатын еді.

Ресей отарлаушылары XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ даласын түгел отарлап болды. Атап айтқанда ертеректе салынған *Семей, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Орал* сияқты бекініс-қалаларды айтпағанда, *Көкшетау (1824), Ақмола (1823), Баянауыл (1838), Қарқаралы (1841), Торғай (1845), Ырғыз (1845), Райым (1847), Верное (1854)* сияқты бекіністері салынып үлгерді. Қазақ жерін Батыс сібір генерал-губернаторлығы, Семей облысы, Жетісу облысы, Түркістан генерал-губернаторлығы, Сырдария облысы, Ақмола облысы, Торғай облысы, Орынбор генерал-губернаторлығы, Орал облысы, Бөкей хандығы, Маңғышлақ приставтылығы сияқты әкімшіліктерге бөліп тастады.

Орыстар да, кез келген отарлаушы елдер сияқты, бағынышты елдің жер-су аттарын аяусыз ауыстырды. Отарлаудың алғашқы кезеңдерінде

пайда болған Петропавловск, Железинская, Семипалатинск, Усть-Каменогорск, Перовск, Верный сияқты ойконимдер көш бастап бір толқын кірме атаулар енді; Қазан төңкерісі, колхоздастыру кезеңі бар екінші толқын атаулар енді; Ұлы Отан соғысы үшінші, тың игеру кезінде төртінші, Кемелденген Социализм дәуірінде бесінші толқын атаулар леклегімен келіп жатты. Жалпы алғанда, шартты түрде осындай кезеңдерге бөлгенімізбен, топонимдерді ауыстыру үздіксіз жүргізіліп отырды. Тіпті болмағанда қазақ атаулары орысша жазылып, айтыла бастады: Уральск, Казалинск, Көкчетав, Копал т.б.

Көпшілік атау калька арқылы ауысып жатса (Долонкит – Семипалатинск, Жетісу – Семиречье, Жыландытау – Змеиногорск т.б.), енді біреулері арнайы нұсқаумен немесе кездейсоқ қойылып жатты. Тарихтан Екатерина II 1775 жылы Емельян Пугачевтің көтерілісін мүлде естен шығару үшін, Жайық гидронимін Урал өзені, Яицкий городок қаласын – Уральск, яицкие казаки этнонимін уральские казаки түріне арнайы бұйрықпен ауыстырғаны жақсы білеміз [59;65].

Тілші-ғалым Э. А. Вартаньян: «Атауларды ауыстыру ... Оларға сан жетпейді. Алғашқы атын сақтап қалған елді мекендер кемде-кем ... Идеологиялық күрес, саяси уәж, діни көзқарастар, этикалық бастамалар өмірге «қайта туылған» топонимдерді әкеліп отырды», - дейді [59;60].

Алайда күшпен, саясатпен ауыстырылған атаулар әділет қайта орнаған замандарда заңды орындарына оралып жатады. Мәселен, Индонезияның астанасы Джакарта – үш ғасырдан астам уақыттан соң қайта өз нысанасын тапқан атау. Оны Голландия отарлаушылары Батавия деп өзгерткен болатын. Қазақстанда Тараз, Ақмола, Қырғызстанда Бішкек сияқты көптеген тарихи атаулар қайтып оралды. Бұл үдеріс әлі де аяқталған жоқ, өйткені ғасырлар бойы енген кірме атауларды аластау – тәуелсіздік алған әрбір елде болатын заңды құбылыс.

Қорыта келгенде, Қазақстан топонимиясында славян тілді атаулар осыған дейін жеке қабат құрап келген болса, ендігі кезекте тілімізге бейімделіп кеткендері ғана қалдық түрінде (субстрат) қалып, қалғандары түгелге жуық қолданыстан шығарылады. Оған мынадай үш себеп бар: 1) славян тілі мен түркі тілі екі түрлі макросемьядан тарайтындықтан, ол атаулар бөлектеніп, жалпы жүйеге енбей тұрады; 2) славян атауларында көшпелі халыққа тән географиялық нысанды дәл беру қабілеті болмағандықтан, көпшілігі антротопонимдерден жасалған; 3) славян атаулары мейілінше саясаттанған атаулар болып келеді.

Сонымен қазіргі қазақ топожүйесінде шартты түрде алғанда: **түркі (қазақ), араб-парсы, моңғол, славян** тілді атаулар қабаты бар деуге болады. Шартты деуіміздің себебі – әр қабаттың үлес салмағы әр түрлі және келешекте славян қабаты болмауы да мүмкін.

**2.2 Топонимжасамдағы географиялық принцип**

«Топонимика – географиялық атаулар туралы ғылым» (Е.П. Поспелов) деген анықтаманың өзі бұл екі саланың ажырамас бірлікте болатынын көрсетеді. Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған үш саланың да зертеу нысанасы болып саналады. Соның ішінде география – жаратылыстану ғылымына жататындықтан, атау мен нақты реалийді бірге қарауға мүмкіндік береді.

Г. Шухардттың «зат-алғашқы, сөз-соңғы» деген пікірін бізді қоршаған дүние (болмыс), оны география деп атаса да болады, алғашқы, бар нәрсе, ал сөз (атау) соңғы деп түсіну қажет. **Ендеше географиялық нысан болмаса, онда оның аты да болмас еді деген қорытынды шығады.** Лексиколог-ғалым, доктор А.Б. Джонсонның тастың шын, бар нәрсе екенін аяғымен теуіп көрсету арқылы дәлелдегені мәлім [62; 19].

Алайда топонимика ғылымын құрайтын үштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады. Мысалы, *Арыс (Арыш)* – көне жазбаларда Түркістанға жақын ағатын өзеннің аты. *Арыс* гидронимін С.П.Толстов, А.Н.Бернштам көне *арси* этнонимімен салыстырады. В.Н. Попова атаудың бірінші сыңары үндіевропа тіліндегі *ар* «су», «өзен» мағынасын беретін сөз дейді де, екінші сыңары *ас* «су», «өзен» мәніндегі кең тараған гидроформант дейді [61; 66]. Ә. Байбатша *арыс* сақ тайпаларының бірінің аты екенін айтады [25; 42]. Б.А. Байтанаев ортағасырда осы өзен бойында салынған *Арсубаникет* қаласының атындағы *ас* сыңары түрк. *су* болып калькаланатынын айтады (ар+су). Сонымен бірге XIV-XVI ғасырларда Арсубаникет *Қарасман (Қараспан)* аталғанын және А.М.Щербактың *Арас, Арсу, Һарас>Карас* нұсқалары болған деген пікірін келтіреді [61; 66].

Зерттеушілердің барлығы *Арыс* гидронимінің екі сыңары да «су», «өзен» мағынасын беретінін мойындайды, бірақ екі сыңары да бірдей мәнде тұратын топонимдер күдік тудырады. Біздің ойымызша, атаудың бірінші сыңары *ар* көне түркі тіліндегі «таза», «мөлдір» мағынасында тұр «ару, аршу сөздері секілді) [38; 171]. Ал екінші сыңары *ыс/іс/с* фин-угор, түркі тілдерінде «су» мағынасын беретіні дәлелді. Сонда *Арыс* «таза,

мөлдір су» мәнді гидроним болғаны. Кейінгі атауы *Қарасман<Қарас* та бұл пікірді нығайта түседі, өйткені қаз. *қара* «таза, мөлдір»+*ас* «су» екені белгілі. Қарасу аталған өзендердің барлығы дерлік мөлдір сулы болып келетіні біздің алдыңғы зерттеулерімізде дәлелденген еді [53; 94]. Арыстың басқы ағысы, тіпті болмағанда Ақсу өзені құятын жерге дейін, таза болуға тиіс, өйткені Ақсу атты өзендердің көбінесе лайлы болып келетіні тағы рас.

Қазіргі кезде ономастика тұтас тіл білімінің лексикология бөліміне қарағанмен, тілдің басқа салаларынан, мәселен фонетика, морфология, лексиканың өзінен, ерекшеленіп тұратын кешенді сала деп танылады. Географиялық оқулықтарда, карталарда жер бедері жан-жақты сипатталып, нақты көрсетіліп беріледі де, топонимдер тек таңба ретінде ғана қолданылады. Мысалы, Тұран ойпаты, Бетпақдала, Мұғалжар тауы т.б. Тарихшы болса, осы аталған жерлерде кімдер тұрды, олар не істеді деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонда географ та, тарихшы да жалқы есімдерді қосымша, жанама түрде пайдаланады. Ал атаудың этимологиясын ашу, орфографиялық нормасын сақтап жазу, құрылымын талдау сияқты жұмыстар тікелей филология ғылымының аясында қаралады. Кеңес дәуірінің ғалымы Б.В. Горунунгтің: «Жалпы алғанда барлық жалқы есімдер тілдің сөздік құрамының бір бөлігі және тілдік пән ретінде лексикологияның қарайтын саласы болып табылады. Тілшілердің топонимдерді ешкіммен бөліспей-ақ тек өздері ғана зерттейтін құқығын қалайша жоққа шығаруға болады?» - деп жазуы осыдан келіп шығады [17; 37].

География ғылымы табиғи нысанды сипаттап, зерттеп беру арқылы, сөз жоқ, тілші-ғалымдарға тілдің аясынан тыс, бірақ аса қажетті мәліметтер береді. Мәселен, тілші *Мұғалжар* оронимінің мағынасын анықтау үшін, **ол тауды барып көруі керек, болмаса географиялық сипаттамасына сүйенуі керек.** Топонимика кешенді ғылым болғандықтан, тек тілдік тұрғыдан ғана қарастырып, сыртынан тон пішу ғылыми әдіске жатпайды. Сонымен, *Мұғалжар* тауының географиялық сипаты мынадай: «*Мұғалжар* Орал тауының оңтүстігінде, Қазақстан жеріндегі табиғи жалғасы болып табылады. Мұғалжар тауының Орал тауынан айырмасы – оның шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік болып келеді... Мұғалжар оңтүстікте төбелері тегіс аласа қырқаларға және жеке дара тұрған *Шошқакөл* таулы бұйратына жалғасады. Сарыарқа сияқты Мұғалжар да шөгінді және магмалық жыныстардан түзілген ежелгі таулы өлке (астын сызған – біз)» [63; 63].

Тілдік тұрғыдан келгенде, атаудың бірінші сыңары «*мұқ/моқ>моқалкомалый (тұқыл, мұқыл)»* [38; 238] туынды түбірі «мұқалған, мүжілген», «аласа» мағыналарын береді. Ал екінші сыңары кәдімгі *жар* (жарқабақ)

сөзі *тау* орографиялық терминін ауыстырып тұр, өйткені таудың шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік (жарлы) болып келеді.

Сонымен, *Мұғалжар<Мұқалжар (Моқолжар)* оронимі «аласа, мұқыл, мұқыр жар(тау)» деген ұғым тудырады демекпіз. Атауға уәж болып тұрған екі белгі бар: бірі – оның мүжілген, ескі тау екені, екіншісі – таудан гөрі жарға ұқсауы.

Топонимжасам барысында, егер бұрынғы аты ұмытылған (мүлде ат қойылмаған табиғи нысан жер бетінде қалмады десе де болады) немесе кірме атауды алмастыруды талап ететін географиялық нысан кездессе, ол жерді физика-географиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеу қажет. Көшпелі халықтар жер-суға ат бергенде ұлттық, кәсіптік менталитетін пайдаланған және бір ғажабы қазіргі географиялық зерттеулермен салыстырғанда бірдей сәйкес келіп жатады. Ал географиялық нысандар көп өзгеріске түспейтінін ескерсек, ол жердің ерекше бір белгісін тауып, жаңа ат қойғанда, бұрынғы ұмытылған атауға сәйкес келіп қалуы да мүмкін. Бұл мүлде тарих қойнауына кеткен топонимді қайта өмірге әкелу деген сөз.

Географиялық нысанды жан-жақты зерттеу керектігінің тағы бір себебі – бір заттың бірнеше ерекше белгісі болатыны сияқты, табиғи нысанның да бірнеше белгісі болады. А.В. Суперанская жаңа таңдап алынған атау сол жаңа заттың мінездемесін беретінін айта келіп: «... Бірақ біз бір шағын төбені Корявый торчок деп атасақ, сол маңдағы дәл сондай екінші төбені тағы да сол атпен атай алмаймыз. Ол төбенің екінші бір белгісін байқаған басқа адамдар басқаша атау береді», - дейді [4; 239].

Біз Шығыс Қазақстан облыстық Ономастикалық комиссиясының мүшесі ретінде географиялық нысанның бірнеше белгісін салыстыра қарап, біреуін екшеп алу тәжірибесін бірнеше рет пайдаландық. Мәселен, Катонқарағай ауданындағы Черновая ауылының атын ауыстырғанда, орыс қоныс аударушылары таудан ағып түсетін қара сулы өзенді *Черновая* деп атағанын анықтадық. Тікелей аудару (калька) арқылы *Қарасу* атын ала салуға болатын еді, бірақ облыс көлемінде бірнеше Қарасу атты ойконимдер бар болып шықты. Ал атаулардың жиі қайталануы топонимнің қоғамдық қызметін қиындатып жіберетіні белгілі. Ол өзеннің тарихи атауы *Шу* болған деген дерек те бар еді, өкінішке орай Шу өзені, қаласы Қазақстанда бар болғандықтан, тағы қайталауға ұшырамауды көздедік. Ауылдың жанында қыста қар тоқтамайтын, желді *Қарадала* жер телімі бар болатын. Қарадала атауын жергілікті тұрғындар қолдамады (көпшілік қауымға атаудың нысанға сәйкестігі емес, әдемі, жарқырағаны қажет екен). Елді мекеннің тағы бір ерекшелігі ауылдың Бұқтырма өзені жағында көптеген қайнар, тұмалар бар болатын. Сол белгісі ескеріліп, ауыл атын *Аққайнар* деп ауыстыру туралы ұсыныс

түсті. Сонда біз аталмыш елді мекеннің төрт түрлі ерекшелігінің біреуіне тоқтадық: 1*) Қарасу* – қыста қатпайтын мөлдір сулы шағын өзен; 2) *Шу* – бұл көне түркі тіліндегі «су» (М.: хак. *чул* «су») болуы мүмкін немесе малдың шуына ұқсас шұбалаңқы, ұзын өзен; 3) *Қарадала* – қыста қарын үрлеп кететін желді жер; 4) *Аққайнар* – қайнар, тұмасы мол жер.




Сызба 2 – Черновая ойконимін ауыстыруға қабілетті атаулар нұсқалары

Адамдар дүниеге келіп, ат қойылады, жаңа заттар жасалып, оларға атау беріледі, бірақ енді жер өспейді, ашылмаған жаңа жер қалған жоқ. Адамзатқа мәлім құрлықтағы барлық топоним ойдағыдай қойылды деп айту қиын. Мәселен, ағылшынның атақты теңіз саяхатшысы капитан Джеймс Кук жолында кездескен аралдардың кейбіріне дәл атау беріп отырса, кейбіреуіне кездейсоқ атау бере салатын болған. Ол өз күнделігінде «бір мүйіске тұлғасына қарап Тейбол-Кейп («Үстел мүйіс»), - деп, енді бір аралға «пиязға ұқсас жартасына қарап, Боу-Айленд (боу-«пияз», айленд-«арал»)», - деген атау бердім» дейді. Ал «Ульета, Отаха, Балабола аралдарының атын аборигендер қойған екен, басқа ат беруге болмайды деп шештім», - деп жазады. Бұлар теңізшінің өте дұрыс шешімдері еді. Енді бір мүйісті «Хикстің мүйісі деп атадым, өйткені оны бірінші болып лейтенант Хикс байқап қалған болатын» десе, тағы бір мүйісті «түтін шығып жатқан соң, Смоки-кейп («Түтінді мүйіс») деп ат қойдым», - дейді [59; 36].

Азияны, Сібірді аралаған алғашқы саяхатшылар, геологтар қаншама топонимді «қалтасынан суырып қоя салғаны» карта беттерінде сайрап тұр. Мысалы, Сібірді зерттеп жүрген орыс геологтары экспедиция құрамындағы әйел адамның екі жасар қызының туған күніне тұтас бір тауды «сыйлап», Татьяна атын бере салады. Ол жер қазір ресми түрде Татьянинское деп аталады [59; 45-46]. Таудың жергілікті халық қойған аты бар екені экспедиция мүшелерінің ойларына да келмеген.

Мұндай «кездейсоқ атаулар» Қазақстанда да толып жатыр. Кірме, кездейсоқ, саяси, кісі есімінен қойылған жер-су аттарын ауысты-

ру барысында қаншама қателіктерге кездесіп отырмыз. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы Южный ауылын *Жаңатілек* деген атауға ауыстырды. Уәж: 1930-шы жылдары осы жерде «Жаңатілек» колхозы болған. Жарма ауданының орталығы Георгиевка кентін *Қалбатау* деп атауға шешім шығарылды. Оның тарихи атауы – *Былқылдақ* "сазды, былқылдақ жер" көпшілікке ұнамайды-мыс. Жарма ауданындағы Новореченск ауылын *Жаңаөзен* деп жолма-жол аудара салу, Ұлан ауданындағы Завидное аулына жанындағы *Айыртау* тауының атын қоя салу, әрине, жергілікті әкімшіліктерге басты қатырмайтын ең оңай жол болып табылады.

**Біз ұсынып отырған «географиялық принцип» осындай келеңсіз, сауатсыз атауларды болдырмауды көздейді.** Оның негізгі талабы – топоним жасау барысында географиялық нысанның табиғи жағдайын, жер бедерін толық зерттеп алу. Ол жұмысымыздың бірінші тарауында айтылып өткен «атау затқа қарай беріледі» принципімен үндесіп жатыр, өйткені біз затты атауға қарай икемдей алмаймыз.

### 2.2.1 Топонимжасамдағы ареалдық (картографиялық) әдіс

Ареалдық (лат.area-алаң, кеңістік) лингвистиканың негізін XX ғасырдың бас кезінде Италияда пайда болған неолингвистер мектебі (Дж.Бонфанте, Дж. Бартони, Дж. Бартоли т.б.) қалағаны белгілі. Алайда, XIX ғасырдың екінші жартысында диалектілердің таралу аймағын көрсету үшін бұл әдісті Й. Шмидт, Г. Венкер, Ф. Вредэ сияқты ғалымдар пайдаланған еді [17;51].

Кейбір деректер бойынша тілдердің араласуы, тілдік одақтар және конвергенция құбылысы туралы, А.Шлейхер, Г.Паул, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Г.Шухардт, Н.С.Трубецкойлар да өз ойларын неолингвистерге дейін айтып үлгерген көрінеді [40;69-79]. Соған қарамастан ареалдық тіл білімінің негізгі терминдері мен принциптерін қалыптастырған неолингвистер деп танылып жүр.

Бір тілдің немесе тілдер тобының өзара байланысын, қарым-қатынасын зерттеуде ареалдық әдіс салыстырмалы және типологиялық әдістермен тең дәрежеде тұрады. Өкінішке орай, ареалдық тіл білімі компаративистикалық және типологиялық тіл білімдерінің көлеңкесінде қалып келеді. XIX ғасырда өмір сүрген Ф. Бопп, Р. Раск сияқты тіл білімінің алыптары, олардың шәкірттері тілдердің туыстығын дәлелдеу үшін тарихи-салыстырмалы әдісті дәріптеп әкетті де, ареалдық әдіс назардан тыс қала берді. Осы кемшілік тіл білімінде күні бүгінге дейін сезілуде.

Ареалдық тіл білімі конвергенция процесімен (туыс не туыс емес тілдердің бір-біріне әсер етіп, жақындасуы), аралас тілдер мәселесімен,

тілдер одағымен, қос тілділікпен, диалектілерің таралу аймағымен тығыз бірлікте болады. Өткен ғасырдың басында Ж. Жильерон мен Э. Эдмонның «Францияның лингвистикалық атласы» (1910) жарық көргеннен кейін, тіл білімінде географиялық әдісті пайдалану өрістеді. Артынша Италия Румыния, Испания, Швейцария диалектологиялық атластары бірінен кейін бірі басылып шықты.

Сонымен бірге ареалдық зертеу әдісін (ол картографиялық, изоглостық, лингвистикалық география әдістері деп те аталады) лексикологияның ономастика саласында қолдануға болатыны анықталды. Топонимикалық ізденістерге картографиялық деректерді пайдалану әдісін алғаш сәтті қолданғандардың бірі – Ф. Энгельс. Ол өзінің «Франкский диалект» атты еңбегінде топонимдерге жасаған тілдік талдауларын бекіту үшін 1:200000 масштабтық топографиялық картаны пайдаланып отырған.

Кеңестік Ресейде картографиялық әдісті алғаш ғылыми әдіс ретінде қалыптастырған – К.А. Салищев. Содан кейін В.А.Никоновтың «Орыс жұрнақтарының географиясы» (1959), А.С.Стрижактың «Украинадағы ономастика» сияқты еңбектерінде топонимдердің, топоформанттардың таралу аймағын көрсету мақсатында, картографиялық әдіс молынан қолданыс тапқан [17;51].

Топонимикада бұл әдісті пайдалану тиімді екені уақыт өткен сайын айқын көріне бастады. Топонимдердің, оның ішінде гидронимдер, оронимдер т.б., таралу аймағын айқындауда, жер бетінің бедерін атауға қарап бағамдауда, әр түрлі географиялық терминдердің, форманттардың шым-шытырық іздерін табуда картаға түсіру, картамен жұмыс істеу өзінөзі ақтады. Ономастиканың антропоним, космоним сияқты басқа салаларына да изоглостық зерттеу әдістері кеңінен қолданыла бастады.

Географиялық атауларды алғаш зерттеушілердің көбі тарихшы мен географ-ғалымдар болғаны да содан, карта жасау жұмыстарына байланысты болса керек. Алдымен картаға топонысана түсіріліп, одан соң оның аты жазылатыны аталған ғалымдардың назарын жер-су аттарына аударуға мәжбүр етті. Мәселен, түркі топонимикасына елеулі еңбек сіңірген ғалымдар Э.М.Мурзаев, Е.М.Поспелов, Ғ.Қоңқашпаевтар, негізінен, география саласының мамандары еді.

Географиялық атауларды зерттеуге картографиялық әдістің дендеп енуі қалай болса солай жүрмей, бірізді болу үшін, Е.М.Поспелов 1971 жылы «Топонимика және картография » атты еңбегін жазды. Мұнда жер-су аттарын зерттеуде картографиялық әдістің алатын орнын көрсетіп, оның топонимикамен ажырамас бірлікте болатынын дәлелдеп береді. (Поспелов, 1971).

Топонимика сияқты «картография да дербес техникалық ғылым саласы бола тұрып, география, геодезия және топография сияқты

үш ғылымның тоғысқан тұсында туып қалыптасқан» (Поспелов, 1971: 3-4). Топонимика географиялық атауларды дұрыс жазудың қырсырын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, картографияға өз көмегін көрсетіп жатса, картография, өз кезегінде, топонимиканы ерекше әдіспен - картографиялық зерттеу әдісімен қамтамасыз етіп жатады. Бұл әдістің ең басты және алғашқы қызметі жер-су аттарын зерттеуде атауларды жинаудың, тарихи деректерді табудың қайнар көзі ретінде дайын карталарды пайдалану болып табылады. Мысалы, ерте қағазға түскен солтүстік қытай жазбаларына, карталарына сүйеніп, қырғыздардың б.э.б. II ғасырда Енисей өзенінің басында көшіп-қонып жүргені, соған байланысты өзен атауы қырғыз тілінде *Енесай* «ана өзен» мағынасын беретіні анықталған [47;45].

Аталған әдістің тағы бір қызметіне топонимиканың арнайы бір саласына, жеке тақырыптарға (номендерге, сөзжасам жүйесіне, фонетикалық ерекшеліктерге т.б.) арналған топонимикалық карталар жасау жатады. Меніңше даяр картадан атауларды теріп алғаннан, осы екінші белгісі әлдеқайда маңызды. Е.М. Поспелов мұндай карта, атластар «әдісі бойынша картографияға, мазмұны бойынша топонимикаға жататынын» айтады. (Поспелов, 1971:45).

Екеуінің арасындағы тығыз байланыс тиісінше ғылымның екі бағытын қалыптастырды. Оның бірі – «картографиялық топонимика» деп аталса, екіншісі – «топонимикалық картография» деп аталады.

Біріншісі картографияға қызмет ететін топонимиканың бір бөлімі деп танылады. Атап айтқанда, далалық топографиялық жұмыстар кезінде атаудың дұрыс түсірілуін, атаудың алғашқы тұлғасы мен оны берген тілдің анықталуын, атаудың бір тілден екінші тілге аударылуын, жер-су аттарының орфографиясын, карта мен атластардың топонимикалық мазмұнын бағалау т.б. мәселелерді қарайды. Осының бәрі картографиялық міндеттер аясына кіргенімен, топонимиканың көмегінсіз жүзеге аспайды. Екеуінің біреуіне артықшылық беру – мәселені біржақты шешуге әкеліп соғады. Біздің қарайтын жұмысымыз – топонимиканың көмегіне сүйеніп, картографиямен айналысу емес, керісінше, картографиялық әдіске сүйеніп, топонимикалық зерттеулер жасау. Карта мен атластарды мемлекеттік картографиялық мекемелер жасағанда, топонимист-мамандармен бірлесіп жұмыс істемейтіндіктен, екі арада алшақтық, сәйкессіздіктер болып жатады. Оны алысқа бармай-ақ Қазақстанның кезкелген картасына қарап байқауға болады. Мәселен, 2003 жылы Астана қаласынан шыққан 1:2000 000 масштабты Қазақстан Республикасының картасында *Дагандели* (Дағандалы), *Сарышыған* (Сарышаған), *Эмба* (Ембі) сияқты көзге ұрып тұрған қате жазулар кездеседі. Сөйте тұра Зайсан гидронимін ауызекі тілдегі нұсқасымен *Жайсаң* деп береді.

Ал топонимикалық картография бойынша арнайы жазылған әдебиеттер, зерттеу жұмыстары мүлде аз кездеседі. Барының өзі арнайы бір тақырыпты немесе аймақтық топонимдерді зерттегенде қосымша әдіс ретінде ғана қатысып отырады. Қазақстан топонимиясында В.Н.Поповаңың докторлық еңбегінде, А.С.Омарбекова мен Қ.Т. Сапаровтың кандидаттық жұмыстарында ішінара картографиялық жұмыс қолданылған. Оның үстіне, соңғы екі диссертация да географиялық тұрғыдан қаралған. Ареалдық әдіс жалаң түрде қолданылмайды: этимологиялық, құрылымдық, грамматикалық, сөзжасамдық зерттеу әдістерімен қоян-қолтық араласып отырады. Бұл өз кезегінде көп ізденісті, қыруар еңбекті талап етеді.

Картографиялық әдіс туралы Э.М.Мурзаев былай дейді: «Географиялық атаулар – картаның аса маңызды элементі. Олар кеңістік ұғымымен байланысты болады да, көбінесе ландшафттың (жер бедерінің) табиғатын көрсетеді, адамның жаңа жерге қоныстану барысы туралы, табиғат байлығы туралы және басқа географиялық ерекшеліктер туралы айтады. Басқа мамандарға қарағанда дәл географтар кең ауқымға тараған географиялық атаулар мен географиялық терминологияның семантикалық қырлары туралы жақсы көрсетіп бере алады» [37;13].

Қазақстан топонимикасы аймақтық зерттеулерді, республика көлемінде жер-су аттарын жинақтау кезеңін, негізінен аяқтап болды. Ендігі кезекте жиналған атаулар қорын синтездеп, жалпықазақстандық сипат беру міндеті тұр. Біздің ойымызша, бұл міндетті орындаудың екі түрлі жолы бар: бірі – **жалпықазақстандық топонимдер сөздігін жасау; екіншісі- жалпықазақстандық топонимикалық атлас жасау**. Екеуі де ауқымды жұмыстар болғандықтан, оларды ұжымды түрде біраз уақыт аралығында атқаруға тура келеді. Екі мақсатқа да қажетті алғышарттардың бірі топонимдердің сөзжасамдық типтерін айқындап алу болса, ол біздің ғылыми жұмысымызға арқау болып отыр.

Қазіргі кезге дейін Қазақстан Республикасы өз мемлекеттік шекарасын толық делимитациялап бітірді. Атап айтқанда, 1992-2002 жылдары Қытай Халық Республикасымен арадағы 1783 км шекара, 1995-2005 жылдары ұзындығы 7591 км болатын Ресеймен арадағы шекара, 1242 км болатын Қырғызстанмен шекара, Өзбекстанмен, Түркменстанмен шекаралар бекітілді [64;3-4]. Ал қазақ тілді топонимдер ареалы қазіргі шекарамыздан тыс жерлерде де кездеседі. Мәселен, Ресейдің Астрахань, Саратов, Орынбор, Омбы облыстарындағы атаулар; Таулы Алтай өлкесіне қарап кеткен Құлынды, Мұзтау, Қошағаш, Шүй маңдары, Монголияның Баян-Өлгий аймағында, ҚХР-дың Қара Ертістен Іле басына дейінгі шекара бойындағы атаулар қазақ халқының көшіп-қонып жүрген жерлері екенін дәлелдейді. Біз жұмысымызда типтерді салыстыру үшін, сырт

қалған қазақ топонимдерін де қатыстырып отырмыз. Осы орайда кейбір топонимист-ғалымдардың *Құлынды* топонимін *Құланды* деп өзгертіп жазып жүргенімен келісуге болмайды. Қазақтың құлын мен құланды шатастыруы мүмкін емес. *Құлынды* даласы жылқы малы мыңғырып өсуге өте қолайлы өлке екені Қимақ дәуірінен бері белгілі. *Құлынды* тура мағынасында «жылқылы» деген сөз, өйткені жылқы құлыннан өседі.

**2.2.2 Қазақстанның географиялық ерекшеліктері**

Қазақстан Еуразия құрлығының дәл орта тұсында орналасып, 2724,9 мың км$^2$ жерді алып жатыр. Батыстан Шығысқа дейінгі аралықтағы 2995 км болса, солтүстіктен оңтүстікке дейінгі арақашықтығы 1600 км болады. Мұндай кең аумақты қамтып жатқандықтан, республика көлемінде жер бедерінің алуан түрлі болып келуі заңды құбылыс. Атап айтқанда кең-байтақ Қазақстанда мынадай жер бедерінің ерекшелігін байқаймыз: «Оның аумағының үштен бір бөлігін ұлан-байтақ ойпаттар (Солтүстік Қазақстан жазығының оңтүстік бөлігі, Каспий маңы ойпаты, Тұран ойпаты) алып жатыр. Қазақстан аумағының жартысынан астамы биіктігі 400-500 м болатын көтеріңкі жазықтар, үстірттер мен ұсақ шоқылар (Торғай, Үстірт, Сарыарқа және т.б.) үлесіне тиеді. Ал биіктіктері 4000-5000 м-ден астам, бастарын мұздықтар мен қар басқан биік таулар республика жерінің 10%-ынан тұрады. Олар еліміздің шығысы мен оңтүстік-шығысында орналасқан таулар: Алтай, Сауыр, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік сілемдері.

Республика жер бедерінің ең төмен нүктесі еліміздің батысындағы Маңғыстау түбегі ауқымындағы Қарақия ойысына (теңіз деңгейінен 132 м төмен), ал ең биік нүктесі еліміздің оңтүстік шығысындағы орталық Тянь-Шань тауларына тиесілі Хантәңірі шыңы (6995 м) сәйкес келеді. Олай болса ең биік және ең төмен нүктелерінің айрмасы 7127 м» [63;40]. Сонда еліміздің бүкіл жері оңтүстіктен солтүстікке және шығыстан батысқа қарай бірте-бірте еңіс тартатыны байқалады.

Жер бедерінің әртүрлі болып келуі, әрине Қазақстан топонимикасының құрамына да әсер етеді. Қазақстанның геотопонимдік жағдайын көрнекті ғалым Ғ. Қоңқашпаев кезінде дәл сипаттап берген еді: «Қазақстанның алуан түрлі табиғаты: солтүстіктегі орманды далаларынан бастап оңтүстіктегі шөл далаларына дейін, оңтүстік-шығыстағы тік ауқымды биік таулары, барлығы шаруашылық жүргізудің, сондай-ақ көшпелі мал шаруашылығы тәсіліне әсер етті... Сондықтан да Қазақстанның алуан түрлі табиғатымен, ең алдымен шөл дала және таулы ландшафтармен байланысты қазақ терминологиясы өте бай, алуан түрлі болып келеді» [79; 7-8].

Соған қарамастан көптеген ғалымдар Қазақстан топожүйесінің біршама біртектес болып келетінін мойындайды. Мәселен, В.А. Жучке-

вич республиканың кең аумақты қамтып жатқанын айта келіп: «Алайда, Қазақстанның барлық аймағына тән бір ортақтық бар. Ол ортақтық барлық аймақта қазақ топонимдерінің бар болуы», - дейді [65; 234]. Расында да, Қазақстанның барлық аудандарында қазақ атаулары кездескенімен, олардың үлес салмағы, ареалы, тығыздығы әртүрлі болып келеді. Атау жасауға қатысатын географиялық терминдер біркелкі болмайды. Біздің мақсатымыз еліміздің географиясын түгел қайталап шығу емес, дәл осы географиялық терминдердің таралуына көңіл бөлу. **Топоним жасау барысында әр ландшафты айқындап тұратын жергілікті географиялық терминдерді ескермесе болмайды.**

«Географиялық термин (қысқаша ГТ) – белгілі бір географиялық объектіні және географиялық ұғымдарды білдіретін сөз. Мысалы, қаз. *өзен, көл, тау, саз, қала, ауыл* т.б. Географиялық терминдер көбінесе топонимдер құрамына кіреді немесе топоним функциясында дербес қолданылады. Мысалы: Алатау, Ақөзен» [6; 76]. «Географиялық термин» ұғымы тіліміздегі жалпы есім, апеллятив, номен, номенклатура, топонимикалық термин ұғымдарымен барабар қолданыла береді. Бұлардың барлығы жалқы есімдерге қарсы қойылады. Жалқы есім нақты затқа, нысанға берілетін атау (оним) болса, жалпы есім нақты затты емес, сол зат кіретін класты жалпы атайды. Мысалы, *тау* – бүкіл тауларды атап тұр, яғни жалпы есім, ал *Алатау* – жеке таудың аты, яғни жалқы есім. Екеуі тығыз байланысты және біріне-бірі айнала алады. Жалпы есімдер жиі және кең қолданысқа еніп немесе нақтыланып барып жалқы есімге айналады (онимденеді). Мысалы: *тақыр* – «өсімдігі аз, жазық жерлер». *Тақыр* – Шығыс Қазақстандағы елді мекеннің аты. Керісінше жалқы есімдер нақты бір нысанды атау функциясын кеңейтіп барып, жалпы есімге өтіп кетеді (деонимденеді). Мысалы: *Қарасу* – нақты өзеннің аты, *қарасу* – қыста қатпайтын жерасты суларының жалпы аты.

Атаулар жасау барысында онимдену, деонимдену құбылыстарын орынды пайдаланып отыру керек. Мұнда жалпы есімдердің жалқы есімдерге айналуы сирек кездеседі. Егер жазық жердегі жалғыз тауды *Тау* деп атауға болатын болса, таулы жерде *Тау* оронимі жеке қолданылмайды. Оны басқа таулардан ажырату үшін, ерекше белгісін көрсету қажет болады. Мысалы: *Айыртау, Үшкіртау* т.б. Ал жалқы есімнің географиялық терминге айналуы ұзақ уақытты талап етеді.

«Географиялық терминдер ландшафтың ерекшеліктерін білдіретіндіктен, географиялық орта, әсіресе, топонимдерде айқын көрінеді», - дейді А.В. Суперанская [4; 39]. Барлық тілдердегі сияқты қазақ тілінде де өзіне тән, өз қажетін өтеуге жетерлік географиялық терминдері бар. Ғ. Қоңқашпаев, Е. Керімбаев, Ш. Дәулетқұлов, Ғ. Ермекбаевтардың ғылыми еңбектерінде 150-200 шамасындағы апелля-

тив қолданылса, 2002 жылы жарық көрген «Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан» атты кітапшада 730-ға жуық географиялық терминдер мен жалпы есімдер берілген [66; 26-63]. Бұл апеллятивтер қазақ тілді топонимдерді жасауға белсене қатыса отырып, лексикамыздың біршама тұрақты бөлігін құрайды. Олардың тұрақты болатын себебі де сол – өздері белгілеп тұрған болмыс, табиғи нысан салыстырмалы түрде тұрақты болып келеді. «Сондықтан географиялық апеллятивтерді зерттеу халық пен оның тілінің тарихын қарастыруда үлкен мәнге ие болады», - дейді Л.В. Дмитриева [67; 130]. Осындай өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оларды «халықтық географиялық терминдер» деп атау қалыптасқан.




Орманды дала аймағы
Далалы аймақ
Жартылай шөлейтті аймақ
Шөлейтті аймақ
Өзен аңғарлары
Тау алды жазықтары
Таулы дала белдеуі
Таулы орманды-шалғынды белдеу
Субальпілік және альпілік белдеу

**3-сурет. Қазақстанның географиялық аймақтары**

Географиялық терминдер табиғи реалийді білдіре отырып, ландшафтар бойынша шоғырланған сипатта болады. Кез келген аумақтың жер бедері бірдей болмайтындықтан, терминдер де өзіндік ареалдар құрайды. Осы ерекшелік географиялық атаулардың алуан түрлілігін туғызады. Біз ендігі кезекте Қазақстанның қай аймағында қандай апеллятивтер жиі кездесетінін саралап өтеміз, өйткені топоним жасау барысында географиялық терминдерді пайдалануға ыңғайлы болады:

1) Алдымен Қазақстанның **биік, орташа, аласа таулы үстірті орналасқан аймақтарына тән географиялық терминдерді** қарастырамыз. Таулы ареал *Алтай, Сауыр, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы, Алатау (Тянь-Шань), Қаратау, Ұлытау, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл, Шыңғыстау* өңірлерін қамтиды. Таулы зонаға мынадай географиялық терминдерді (олардың көбі орографиялық терминдер болып келеді) жатқызуға болады: ағаш, айғыр, айдар, айналма (тау жолы), айыр, айрық, алаң, аңғар, арт (көне түркі. асу), арна, асқар, асу, асы, ауыз, аша, бас, бауыр, бел, бет, беткей, биік, бөктер, бөрік, бура, даба, дабан (моңғол. «асу», «кезең»), дара, дарбаза, дөң, дулыға, дің (Қарадің), егіз, емел (моңғ. эмээл «ер»), емшек, есік, етек, ешкі, жайлау, жайпақ, жал, жалпақ, жамбас, жартас, жарық, жоғарғы, жон, жота, жуан, жылға, жыра, жырық, заңғар, ирек, кезең, кемер, кереге, күнгей, қабақ, қабырға, қайқаң(кейкең), қалқа, қапшағай(моңғ. хавцгай «шатқал»), қара(тау, төбе), қаратау, қия, қобы, қожыр, қойнау, қойын, қолат, қолтық, қорым, мұзарт, мұздық, мұзтау, мұрын, мүйіс, найза, науа, оба, ой, ола (моңғ. уул «тау»), орай (моңғ. орой «тау басы»), орқаш, орман, өр, өркеш, сай, сала, сан (парсы. Сэнг «тас»), сандық, сантас (сынтас), сарқырама, сарымсақ, саты, сауыр, сеңгір, сораң, суыр, сүмбе (моңғ. сумбэр «биік шың»), сырт, таған, тазтау, тар, тарбаған (моңғ. «суыр»), тас, тау, таулы қырат, теке, тепе (түркім., өзб. «төбе»), теріскей, толағай (моңғ. толгой «бас»), томпақ, төбе, төбешік, төр, төс, төскей, тұйық, тұмсық, тұран, түйе, түйемойнақ, түрген (моңғ. түрген «ағынды»), тік, үкек (моңғ. ухэг «кебеже»), үйдене (моңғ. уудуд «су ағып шығатын жартас»), үлкен, үңгір, хамар/хамир (моңғ. «мұрын», «мүйіс», «тұмсық»), шағыл, шажа («тау басы» диалект.), шақпақ, шаңырақ, шат, шатқал, шатыр, шоқы, шымылдық, шың, ық, ылди, ірге т. Б [66; 26-66 ].

Тізімдегі географиялық терминдер көбінесе **анықтауыш + ГТ** моделі бойынша атау жасауға қатысып, соңғы позицияда тұрады: *Сарыалқа, Ақбауыр, Мұзбел, Қарабөрік, Алтынемел, Қарасеңгір, Қызылтас, Сұлутөр* т.б. Сонымен бірге тау аттарын білдіруге анықтауыш ретінде қатысатын терминдер мен жалпы есімдер болады. Олар әдетте алдыңғы позицияда келеді: *Айыртау, Айғыржал, Егізқара, Жалпақтас, Жуантөбе*

т.б. Кейде бір термин екі позицияда да тұра береді: *Төрқуыс, Сұлутөр, Таскезең, Керегетас* т.б.

Терминдер қосымшалы топонимдер жасауға да қатысады: *Қаратастың биігі, Қайрақты, Қалқалы, Томпақша, Қыраш, Арқалық, Тастақ* т.б. Бұл мысалдар географиялық терминдердің атау құрамындағы орны мен қызметін көрсету үшін ғана беріліп отыр, ал толық жасалым жолдары келесі тарауларда баяндалады.

2) **Дала және орманды дала зонасына** Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының солтүстігі, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Павлодар және Семей қалаларының маңы жатады. Бұл аймаққа тән жер бедерін білдіретін мынандай географиялық терминдер мен жалпы есім сөздер бар: ағаш, ақбайтал («боран» диалект.), ақсай, аңғар, арна, ашық, ащы, әупілдек, байтақ, байыр («жатаған төбелер» диалект.), бақа, бақанас, балқаш, балық, бастау, батпақ, бидайық, боз, бор (орыс. «орман»), боралдай (моңғол. «жусан»), боран, бұйрат, бұта, былқылдақ, дала, дауыл, дешт (парсы. «дала»), диқан, диірмен, домбақ, доңғал, дөң, дөңгелек, егін, егіндік, еспе, жаға, жазық, жайдақ, жайқын, жайма, жайық, жайылма, жал, жалаңаш, жалтыр, жар, жарма, жасылкөл, жел, жер жиде, жиек, жоса, жусан, жылға, жылым, жыңғыл, жыра, изен, иірім, кебір, кемер, кендір, кең, кешу, кит (моңғол. «монастрь, пұтхана»), киік, көгал, көкпек, көл, көлтабан, көмей, көтерме, күп, қағыл, қайың, қайыр, қақ, қайрақ, қамыс, қаңбақ, қараша, қараағаш, карағай, қарағаң, қарасу, қарасуық, қоға, қопа, қорыс, қотан, құба, құлан, құрақ, қырқа, қырман, майдан, мола, мұқыр, нұра, ой, ойпаң, ойпат, ойыл, ойыс, ор, орман, өзен, өлең, өңір, өткел, сабыр (моңғол. шабыр «батпақ»), саға, саз, сайын дала, саралжын, сары, сарыарқа, сарыдала, сарысу, сахара, сор, сораң, сортаң, суат, тақыр, тал, там, тарам, татыр, тегіс, тегістік, тоғай, томар, томпақ, төбешік, тұз, тыңжер, ұсақшоқы, үйік, үстірт, худзыр/қожыр (моңғол. «қақ»), шабарты, шағыр, шалғын, шалқар, шалшық, шаң, шет, ши, шоқ, шоқалақ, шоқат, шортан, шұбар, шұқанақ, шым т.б.

3) **Шөлейт және шөлді зона**. Шөлейт зонасы Зайсан ойпатынан бастап, Сарыарқаны (Орталық Қазақстан) қоса отырып, Ақтөбе, Орал облыстарының оңтүстігін қамтиды. Аталған аймақтардан оңтүстікке қарай жылжыған сайын шөл зонасына ауыса береді. Атап айтқанда, Алакөл, Балқаш бассейндері, Талдықорған, Алматы қалаларына дейінгі далалы аймақтар, Шу, Сырдария аңғарлары мен Арал теңізін айналып, Маңғыстау түбегі енеді. Шөлейт және шөлді табиғат зоналарына, көбінесе мынадай географиялық терминдер мен жалпы есімдер тән болып келеді: айтақыр, аққұм, апан, арна, арық, ауыт (әуіт «кішкене тоған», диалект.), ащы, барқан, бөген, бұйрат (құм), дауыл, еспе (құм), жазық, жайдақ, жалаңаш, жел, жыңғыл, кебір, келте, көтерме («дамба»),

қайыр, қақ, қарақұм, қауға, қобы, қу, құба, құдық, құлақ, құлан, құм, құмайт, құмақ, құмдақ, құмдауыт, құмдасын, құмқайыр, құры, құрық, құю («құдық» диалект. ), қызылқұм, лай, мақта, орпа, сахара, сексеуіл, соқыр, сор, сораң, сортаң, суат, сүтті құдық, тақыр, татыр, татырау, тоған, тұз, үрме (көшпелі құм төбелер), шағыл (құм), шағыр, шақат, шалшық, шаң, шеген, шеңгел, ши, шоқат, шөл, шөлейт, шұрат, шығыр, шыңырау (құдық), ыстық т.б.

Қазақстанның жер бедерін үлкен үш типке бөліп қарағанымызбен, географиялық терминдер қатаң үш топқа бөліне қоймайды. Жоғарғы топтастыруда да шарттылық бар. Өйткені бір табиғи зонаның ішінде басқа зонаның да белгілері кездесіп отырады. Мәселен, Шығыс Қазақстанда құмды, сортаң, далалы, шоқылы, таулы рельефтер кездеседі. Осы мәселеге байланысты Б.А.Будагов өзінің зерттеулерінде топонимдерді таралу ауқымына қарай 3 категорияға ажыратады:

А) локальды (жергілікті) топонимдер, олар ландшафтың бір тұрпатына (типіне) ғана сәйкес келеді;

Ә) тұрпатаралық топонимдер: олар ландшафт тұрпаттарының аралық зоналарында таралады;

Б) ортақ топонимдер: олар ландшафтардың көптеген тұрпаттарына тән болады [68; 7 ].

Алайда географиялық терминдердің басым көпшілігі жер бедеріне қарай шоғырланатыны айқын байқалады. Мәселен, В.А. Жучкевич ол туралы былай дейді: «Орта Азия мен Қазақстан суға кедей. Қай жерде су болса, сол жерде өмір және елді мекен бар. Керісінше сулы Балтық бойында су мол. Бірақ дәл Орта Азия мен Қазақстанда көптеген жер-су аттары сумен байланысты болып келеді; Балтық бойында мұндай атаулар аз. Бұл Орта Азияда су – ерекше белгі екендігімен түсіндіріледі» [65; 20-21 ].

Қорыта келгенде, жалпы есімдер географиялық атаулар жасауда аса маңызды рөл атқаратындықтан, оларды әр аймаққа тән ерекшеліктерін ескере отырып, атауларды реттеуге, ауыстыруға, жаңғыртуға, жаңадан жасауға орынды пайдалана білу қажет демекпіз.

# 3 ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДЕРДІҢ ТИПТІК МОДЕЛЬДЕРІ

## 3.1 Қазақ тілі сөзжасамының кейбір ұғымдары

Сөзжасам – тілдің сөз байлығын орталатпай, үнемі толықтырып, жаңартып отыратын «сөз фабрикасы». Негізгі қызметі бойынша сөзжасам тілдің лексикология саласына біртабан жақын тұрады. «Қазақ сөзінің жасалу жүйесін талдап, танытатын, атау жасау процесін танымдық (когнитивтік) тұрғыда зерделейтін сөзжасам, ең алдымен, лексикологиямен тығыз қарым-қатынаста. Сөзжасамдық процесс, түптеп келгенде, жаңа мағыналы туынды сөз жасауға қызмет етеді. Ал кез келген сөз – лексикологияның зерттеу нысаны» [1; 7].

Ал кез келген сөз – атау екенін ескерсек, сөзжасам тіл білімінің атаулар жасайтын бір саласы болып танылады. «Сөзжасам лексикалық нұсқаларды жасағанда, тілдік қарым-қатынасқа қажетті атау жасайды. Ол қажеттілік қоғамда туады, атаудың лексикалық жүйеде жоқ екенін лексика білдіреді. Ал жаңа ұғымды қалай атаудың жолын іздеу, сөзжасамның жұмысы, сондықтан ол жоқ атауды тілдің сөзжасамдық нұсқаларының қайсысымен жасауды сөзжасам жүзеге асырады» [3; 193].

Сонымен сөзжасам лексикамыздағы барлық сөздерді қамтитындықтан, жалқы есімдердің де жасалуын қамтамасыз етеді екен. Тіпті кейбір ғалымдардың айтуынша: «Жаңа атаулардың жасалуы туралы ілім ретінде сөзжасамды ономасиологияның бөлігі деп қарастыруға болады» [69; 204]. Әрине, мұнда ономасиология барынша кең ұғымда алынып отыр, бірақ жалқы есімдер тіліміздегі сөзжасам процесінен тыс қала алмайды. Сондықтан біз жер-су аттарының жасалуын **топонимжасам** деп бөлек атап, сөзжасам аясында қарастырып отырмыз.

Сөз болсын, атау болсын қоғамдағы қажеттіліктен пайда болған және қажеттілікке қарай жасала береді. Бұл – бірінші шарт. Екінші шарт, әр атау жоқтан бар болмайтындықтан, болмыстағы зат немесе нысанның ерекше бір белгісі арқылы уәжделуі қажет. Дерексіз ұғым беретін сөздің өзінде де себеп (этиология) болады. Мәселен, көне грек мифологиясындағы *Кентавр* сөзі скиф (сақтардың) атпен біте қайнаған бейнесін береді деген болжам дұрыс. Үнемі ат үстінде жүріп соғысқан сақтардың даңқы алысқа кентавр бейнесінде аңыз болып жеткен. Үшінші шарт, сөзжасамның өзіне тән белгілі бір жасалу тәсілдерінің болуы. Қазақ тіліндегі туынды сөздер мынандай тәсілдермен жасалатыны анықталған:

1) Түркітануда фонетика-семантикалық, синтетика-семантикалық, аналитика-семантикалық тәсілдер бар делінеді [1;169]. 2) «Қазақ грамматикасы» (2002) синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер бар екенін атап көрсетеді [3;203]. 3) А.Салқынбай семантика-

фонетикалық, семантикалық сөзжасамдық, семантика-синтетикалық, семантика-аналитикалық тәсілдер деп бөледі [1; 11]. 4) Ж.Сарбалаев дәстүрлі морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық тәсілдерге конверсиялық тәсілді қосады [70; 25]. Қазақ топонимдерінің жасалу процесіне осы сөзжасам тәсілдерінің барлығы дерлік қатысады, тек белсенділік дәрежесі және үлес салмағы әр түрлі болады.

Туынды сөз қандай тәсілмен жасалғанына қарамастан, «сөзжасамға қатысатын сыңарлардың мағынасы арқылы жаңа дериваттық мағына» (А.Салқынбай) пайда болады. Сөзжасамдық мағына туғызуға сөзжасамдық тұлғалар (түбір, негіз, қосымша т.б.) бірдей қатысады да, туынды мағынаға өзіндік үлестерін қосады. Мысалы, *орман + шы орманшы* «орманды қорушы адам»; *боз+торғай = бозторғай* «боз түсті торғай» т.б.

Қазіргі кезде туынды сөздердің өзін денотаттық (заттық), сигнификаттық (ұғымдық) және коннатациялық (бейнелік) ұғымды білдіретін атаулар деп бөліп жүр [1; 62]. Топонимдер негізінен денотаттық атаулар қатарына жатады, өйткені жер-су аты нақты бір географиялық нысанға беріледі: *Қара + шоқы = Қарашоқы*. Мұның өзі туынды топонимдердің жасалуына экстралингивистикалық факторлардың әсері мол болатынын көрсетеді.

Қазақ тілі сөзжасамын атау теориясы тұрғысынан алып қарастырып жүрген ғалым А.Б.Салқынбай «сөзжасамдық тип» терминін «сөзжасамдық қалып», ал «сөзжасамдық модель» терминін «сөзжасамдық үлгі» деп алады. «Сөзжасамдық қалып туынды сөзді жасаудың негізгі жолдарын белгілейді... Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдердің өзіне тән сөзжасамдық қалыптары бар. Мысалы, фонетикалық қалып: *көз-көр, кел-кет*; семантикалық қалып:*үй-үй-үй*; аналитикалық қалыптар: *Сарыарқа, қолғап; әке-шеше; көзі ашық, ой салды* т.б.» [1; 123-124].

Ал «сөзжасамдық үлгі» ұғымы «сөзжасамдық қалып» ұғымынан тар және құрамындағы ортақ тұлға арқылы бір үлгіге жататын туынды сөздерді қамтиды. Бұл ортақ тұлғалар ортақ сема қалыптастырады. Сөзжасамдық үлгі барлық сөзжасамдық тәсілге тән болғанымен, әсіресе синтетикалық тәсілде айқын көрініс береді. Мысалы, етістік + сөз тудырушы жұрнақ –ғыш, -гіш, - қыш, - кіш: *басқыш, өшіргіш, отырғыш, шалғыш* т.б.

Сонымен «модель дегеніміз белгілі бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекі үлгісі. Модельдің құрамында сол түпнұсқаға (оргинал) тән белгілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады» [159;5].

Біздің ғылыми жұмыстың тақырыбы **«Топонимжасамның типологиялық модельдері»** деп аталатындықтан, келесі тараушалар мен тарауларда қазақ тіліндегі туынды топонимдердің типтік жасалу

үлгілерін қарастыратын боламыз және қалыптасқан дәстүрді бұзып, ең алдымен лексика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдерден бастаймыз, өйткені лексика-семантикалық тәсіл түбір (негіз), яғни қосымшасыз топонимдердің жасалу жолдарын анықтайды. Мұнда сөз тұлғасы өзгеріссіз онимге айналады әрі лексика-семантикалық тәсіл ең көне тәсіл болып табылады.

Академик Ә.Қайдардың айтуынша, қазақ түбірлерінің бір буынды болып келуімен қатар ары қарай бөлшектеуге келмейтін екі буынды түбір сөздер де аз емес [38; 31]. Лексикамыздағы таза түбірлердің өзі тілдің даму барысында көптеген өзгерістерге ұшырағандықтан, «түбір топонимдер» деген ұғымды шартты түрде ғана алып отырмыз. Ал сөзжасамда «түбір морфема кейде дара дербес түрде де, сөйтіп, қосымша морфеманы жалғап та жұмсала береді» [3; 178]. Сонымен бірге түбір морфема жаңа сөз жасаудың ұйытқысы болып табылады және түбір морфемасыз сөз жасалмайды.

### 3.2 Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір топонимдер

Жоғарыда ескертіп өткендей, «түбір топонимдер» ұғымы шартты түрде ғана алынып отыр, өйткені бұл топонимдерге ретроспективті зерттеулер жүргізсек, қазіргі кезде мағынасыз «өлі түбірлер мен белгісіз жұрнақтарға» (М.Томанов) бөлшектенеді. Соған байланысты тіл білімінде «туынды түбір», «негіз» сияқты терминдер қатар қолданылып келеді. Мәселен, орыс ғалымдары көбінесе «бірнегізді» (одноосновние) терминін қолданады, ал біз «түбір топонимдер» деп атауды жөн көрдік. Себебі олар «түбір морфема құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі, негізі» деген анықтамаға толық сәйкес келеді [3;177].

Қазақ топонимиясындағы түбір топонимдердің саны қалған аналитикалық, синтетикалық жолмен жасалған топонимдерден әлдеқайда аз. Оның мынадай себептері бар:

1) Түбір топонимдер (көбінесе апеллятивтер) «чуваш және басқа түркі тілдерінде тегі жағынан ең көнелері» (Г.Е.Корнилов). Алғашқы жер-су аттары *Тау, Төбе, Өзен, Көл* түрінде жалпы есімдерден жасалғаны топонимикада қалыптасқан пікір. Алайда көне атаулар тілдің даму барысында күрделеніп отырғандықтан және басқа да толып жатқан экстралингвистикалық факторлардың әсерінен ығыстырылып отырылған.

2) Түбір топонимдер жалпы түркі топожүйесіне тән «типтік құбылыс емес» (О.Т.Молчанова). Түркі (қазақ) топонимдерінің басым көпшілігі лексика-семантикалық тәсілмен емес басқа сөзжасам тәсілдерімен жасалады.

3) Түбір топонимдердің құрамы әр түрлі болып келетіндіктен, олардың типтік моделдерін жасау мүмкін емес. Оларды лексика-семантикалық топтарға, өрістерге бөліп қарастыруға ғана болады. Солардың өзі үлгі орнына жүреді.

4) Топонижасам тұрғысынан алып қарағанда, түбір топонимдер жаңа атауға негіз болу арқылы белсенділік танытқанымен, жеке тұрып атау жасауда өте өнімсіз болып табылады. Мәселен, географиялық терминді (апеллятивті) атау етіп беру үшін оның денотаты (географиялық нысан) сол маңайда жалғыз болуы қажет. Ал бірнеше бірдей нысан қатар тұрса, бір-бірінен айыру белгісін тауып, географиялық терминге анықтауыш қосу керек. Тарихта тиісті анықтауыш қоса алмаған соң, біртектес нысандарға *Бірінші, Екінші, Үшінші* сияқты реттік сан есімді атау орнына пайдаланған жағдайлар да болған. В.А.Никонов: «орманды өлкеде *Лесная* деп ат қоюдың мәні жоқ, онда барлық елді мекен – орманды», - дейді [71; 79].

Қазақ топонимиясындағы түбір топонимдердің құрамы әр түрлі болып келеді. Оларды мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады: географиялық терминдерден (апеллятивтерден) жасалған атаулар; антротопонимдер; этнотопонимдер; зоотопонимдер; фитотопонимдер; ауыспалы мағынада жасалған атаулар; жердің ерекшеліктері мен ауа-райын білдіретін атаулар; нысанның сынын, мөлшерін білдіретін атаулар; жыл мезгілдері мен уақытты білдіретін атаулар; адамның тіршілігіне байланысты атаулар; лауазым аттарынан жасалған атаулар; туысқандық атаулардан жасалған топонимдер; көне топонимдер; кірме топонимдер; кеңестік топонимдер т.б. Көптеген топонимикалық еңбектерде топонимдерді осылайша семантикалық топтарға бөлу кездеседі, бірақ олардың көбі белгілі бір аймақтағы топокеңістікті ғана қамтыған және топонимжасам тұрғысынан емес, этнолингвистикалық жағынан қарастырылған. Біздің мақсатымыз – жалпы есімдердің және басқа сөздердің қалайша топонимге айналуын ашып көрсету. Бұл құбылысты тіл білімінде «топонимизация», «топообразования»; «онимделу» деп атап келсе, ендігі жерде «топонимжасам» деп атау қолайлы болмақ.

Қолданыстан қалмаған тірі тілдердің барлығы да сөзден сөз тудырады, сөзден термин, топоним жасайды, өйткені ол – даму заңдылығы.

### 3.2.1 Апеллятив атаулар

Таза географиялық терминнен (апеллятивтен) жасалған топонимдер қосымшасыз жасалған түбір топонимдердің ішіндегі ең көлемдісі. Апеллятивтен жасалған атаулар өзіндік топонимикалық категория құрайды және жер бедерінің типтерін белгілейді (*Адыр, Дала, Жота* т.б). Мұндай атауларды жасауға қатысқан сөздердің көбі лексикамызда бар сөздерден

алынған да, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жалқы есімге айналған. Апеллятив атаулардың біразы зат есімнен жасалған (*Арал, Арық, Жон, Қопа*, *Түбек* т.б.), енді біразы басқа сөз таптарынан заттану (субстантивтену) арқылы жасалады (*Ащы, Биік, Қоңыр, Тұйық* т.б). Соңғылары лексика- семантикалық тәсілмен тығыз байланысты конверсиялық жолмен жасалған топонимдерге жатқызылады. Конверсияның негізгі талабы – сөз бір сөз табынан екінші сөз табына өтуі тиіс.

Апеллятив (жалпы есім) біртектес заттарды жалпы атайды, ал ол жалқы есімге айналғанда, барлық жалқы есімдер сияқты, «нақты бір нысанды жекелеп атайды» [72; 89]. Сонда кәдімгі лексикамыздағы *айдын, арна, өзен* сөздері қажетіне қарай *Айдын, Арна, Өзен* гидронимдеріне айналып шыға келеді деген сөз.

Географиялық терминдердің топонимге өтуі тарихи құбылыс дедік, бірақ, сонымен бірге, өнімсіз болса да, жаңа топонимдер жасаудың бір жолы болып табылады. Мұнда қойылатын жалғыз шарт – *Бұлақ* атауын алу үшін, ол бұлақ сол маңдағы жалғыз бұлақ болуға тиіс, *Тоғай* атану үшін, ол тоғай да оңаша, шоқталған тоғай болуға тиіс. Апеллятив атаулардың пайда болуы да осы талаптан туған, яғни жалғыз бұлаққа басқалардан ажыратарлық анықтауыш белгі іздеп әуре болмаған деуге болады.

Ғалымдар арасында апеллятив атауларды тілдегі эллипсис құбылысының нәтижесі болуы мүмкін деген көзқарас та жоқ емес. Біздің ойымызша, түбір топонимдердің басқа түрлерінде (мәселен: антротопоним, этнотопоним т.б ) эллипсис кездессе де, апеллятив атауларда эллипсис құбылысы байқалмайды. Олай дейтініміз географиялық терминнен жасалған топоним нақты бір географиялық нысанды, ландшафтың бір түрін атайды. Алдына дифференциялаушы анықтауыш қосудың немесе қосымша қабылдаудың қажеті болмаған. Апеллятив атаулар тек қана дара тұрған нысандарға беріледі. Чуваш тіліндегі топонимдерді зерттеген Г.Е. Корнилов бұл мәселе жөнінде былай дейді: «Шынында бұлар таза апеллятивтер, бірақ олардың дифференциялаушы элементтерінсіз-ақ жалқы есім ретінде бұрыннан топонимдік қолданыста болып келгеніне күдік келтіруге болмайды» [73; 174].

Сайып келгенде: «Барлық топоним апеллятивтен пайда болған... Топонимнің этимологиясы дегеніміз апеллятивті қалпына келтіру », - деген пікір де өз мәнін жойған жоқ [74; 122-123]. **Бұдан географиялық терминдер ең алдымен тілде пайда болып, түбір топонимдер жасады және кейінгі күрделі, қосымшалы атаулардың жасалуына ұйытқы болды деген қорытынды шығады.**

Ендігі кезекте Қазақстанда ресми тіркелген апеллятив атаулардың өзін географиялық нысандардың типтеріне қарай жіктеп алу қажет болады. Ол, өз кезегінде, апеллятив атаулардың қалай жасалғанын және қалай

жасауға болатынын көрсетеді. Топонимия көптеген кластарға бөлініп кететін аса күрделі жүйе екені белгілі.

### 3.2.1.1 Орографиялық терминдерден жасалған түбір оронимдер

Ороним – гр. Oros «тау» + onoma «есім» - топоним түрлерінің бірі. «Жер бедерінің төмен және көтеріңкі келетін оң және теріс пішіндерін айқындайтын термин. М.: Каспий маңы жазығы, Ертіс өзені жайылмасы, Бараба даласы, Хантәңірі шыңы, Іле жоталары» [136;233]. Ороним термині құрғақ жердің барлығын қамтып айтылғанымен, негізінен, жер бетінен көтеріңкі орналасқан нысандарды атауға арналады.

***Адыр*** – а., тж. Ст. Ақм. Обл., Атбасар ауд. «Бір біріне ұштасып жатқан дөңестер мен белестер» (ҚТТС, 1т, 68). *Адыр* ойконимі түркі тілдеріне кең тараған географиялық термин (ГТ) арқылы жасалған. Жазықтағы жеке тұрған адырға берілген атау елді мекен атына ауысқан (транстопонимизация құбылысы).

***Байса*** – көл. СҚО, Аққайың ауд. Моңғол. *Байц* «тар шатқал», «құз», «жартас» мағынасындағы Моңғолия мен Бурятияда кең тараған ГТ. Көлдің маңындағы жартасқа берілген атау немесе көл жартастардың арасында жатыр.

***Белшер*** – е.м. Ақт. Обл., Ырғыз ауд. Түркі., моңғол. «өзендердің, тау қыраттарының тоғысқан жері» мағынасын беретін ГТ. Оның *белтір/белчир* нұсқалары да бар. Гидрографиялық термин ойконимге ауысқан.

***Биік*** – тау. Павл. Обл., Екібастұз ауд. Түркі. «жер бетінен әр түрлі дәрежеде көтерілген биік төбе, шоқы, тауларды» білдіретін апеллятив. Кейде «үлкен» мәнінде қолданылады. *Қоңырбиік, Үшбиік* сияқты атаулар жасауға қатысады.

***Дара*** – қыстау. Атыр. Обл., Индер ауд. Парсы. *Дара, дере* «шатқал», «арна», «жыра», «тау жолдары», «тау өзені» мағыналарында қолданылатын Евразияға кең тараған ГТ. Э.М.Мурзаев бұл орографиялық терминді тәжік. *Дар*, парсы. *Дер* «есік», «асу» сөздерімен байланыстырады [46;171]. Дара апеллятиві *Дара, Ақдере, Шардара, Шолақдара* секілді топонимдер жасайды. Қазақ топожүйесінде *дара* сөзі өзіне тән «жеке» мәні арқылы, «бір адамның меншігі, мекені» мәнінде де топонимдер тудыратын сияқты (М.: *Мәкиле дарасы, Шәңген дарасы)*.

***Жайлау*** – тұзды көл. Павл. Обл., Железинск ауд. Қазақ. *Жайлау,* қырғыз. *Жайлоо*, тыв., хакас. *Чайлаг*, әзірб. *Яйлаг* т.б. түркі тілдерінде «жазғы мал жайылымы» деген бір ғана мағына береді. Алайда таулы жерлерде биік таудың үстін *жайлау* деп атаса, жазық жерлерде неғұрлым солтүстікті (салқын жерлерді) жайлау еткен. Жайлау көне түркі. *жазлау* «жаздап шығу» сөзінен шығатынын байқау қиын емес. Салыст.: *Қыстау* «қыстап шығу».

***Жон*** – е.м. Қар. Обл., Абай ауд. *Жон* географиялық терминіне осы саланы арнайы зерттеген Ғ.Ермекбаев: «Төбесі тегістеу келген, етегі айқын білінбейтін созыла орналасқан жота», - деген анықтама береді [75; 27]. Бұл анықтама жазық жерлердегі шағын жота, төбелерге сәйкес келгенімен, таулы жерлерге дәл келе бермейді. Таулы өлкелерде *жон* деп тікелей таудың үстін, жонын ғана атайды, *ой* терминіне қарама-қарсы мәнде қолданылады.

***Жота*** – мола. Павл. Обл., Екібастұз ауд. «Биіктігі әр түрлі келген (үлкен, кіші, аласа) қыр, қырқа, қырат» (ҚТТС, 4т. 160) мағынасындағы ГТ арқылы жасалған топоним. Ешбір дифференциялаушы элементсіз онимделгеніне қарағанда, жалғыз, жеке тұрған жота болғаны. *Ұзынжота, Қаражота* сияқты атаулар жасауға қатысады.

***Заңғар*** – е.м. Қар. Обл., Қарқаралы ауд. «Биік таудың басы» мағынасындағы ГТ бойынша жасалған ойконим. *Заңғар* көне түркі тілінде, М.Қашқари сөздігінде кездесетін *сеңгір* орографиялық терминінің жуан айтылатын нұсқасы болуы мүмкін, өйткені әзірбайжан тілінде сеңгірдің *сангяр/сангер* «шың», «құз» түрі кездеседі. Оның үстіне екеуі де бір географиялық нысанды (таулардың ұшар басын) атайды.

***Қараш*** – е.м. ШҚО, Шар ауд.; тау. Алм. Обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Қараш* – қырғыз тілінде үлкен лауазым аты. Қырғыздар алдымен биік таудың басын *қараш* деп атап, одан соң лауазымға көшірген сияқты. Бұл орографиялық термин алт. *Қарайыш<қара+ йыш* «орманды тау» оронимінің ықшамдалған түрі болуы да мүмкін.

Профессор Т.Жанұзақ Алматы облысындағы *Қараш-Қараш* немесе *Үшқараш* тауларының аты шапырашты Қараш батырдың құрметіне қойылғанын айтады.

***Қоңыр*** – құд. Жамб. Обл., Сарысу ауд. Топоним *қоңыр* сын есімінің конверсиялық тәсілмен зат есімге (географиялық терминге) айналуы арқылы жасалған. Алайда, В.Н.Никоновтың айтуынша, «лексикаға енген жаңа сөз өзінің жасалуына себепші болған сөздің семантикасынан мүлде қол үзіп кетпейді» екен [76; 228]. Соған қарағанда *қоңыр* апеллятиві көбінесе қоңыр түсті болып келетін бұта, қарағаны мол, шөптесін жерлерге қаратып айтылады. Шығыс Қазақстан облысындағы *Қоңыржон* тау жотасына қарап, жердің қоңыр түсімен қоса, «қоңыр салқын жон» мағынасында да қолданылады деуге болады. Бұл ГТ *Қоңыржон, Қоңыркөл, Байқоңыр, Жиделіқоңыр* тәрізді топонимдер құрамында кездеседі.

***Кезең*** – е.м. ОҚО, Түлкібас ауд. *Кезең* «тау жотасындағы екі жағы түйетайлы болып келген аласа жер» (ҚТТС, 4т, 557) мәніндегі географиялық терминнен жасалған ойконим. Кезең тек тау жоталарында

ғана бола бермейді, жазық жердегі кез келген төбе, жотаның асып түсетін аласа жері *кезең* деп аталуы мүмкін. *Қызылкезең, Кезеңсу, Шоңмұрын кезеңі* тұлғасындағы атаулар Қазақстанда көптеп кездеседі.

***Кемер*** – тау. Павл. Обл., Екібастұз ауд. *Кемер* географиялық термині әрі оронимдік, әрі гидронимдік нысанды атай береді. Оған себеп – оның «бір нәрсенің (мәселен, ыдыстың) жиегін, шетін, жағалауын» білдіретін семантикасы. Мысалы, *кемер* «өзен, көл, су арнасының жағалауы, жиегі» (ҚТТС, 4т, 600) болса, енді бірде «таулардың аспанмен ұштасқан көкжиегі» мәнін береді. *Қаракемер, Сарыкемер, Кемерліктер (Кимерицы)* сияқты жалқы есімдер туғызады.

***Оба*** – е.м. Қост. Обл., Жангелдин ауд. *Оба* сөзі тілімізде үш түрлі мағынада кездеседі: 1)Тәңір діниндегі көне түріктер мен моңғолдардың асудан, өткелден өткен кезде үйетін тас төбешіктері. Ол екі түрлі мақсаттан пайда болған, біріншіден, асу мен өткелден аман-есен өткен соң, жер-суға құрмет ретінде әркім бір тастан қосып отырады, екіншіден, асу мен өткелді белгілеу үшін меже ретінде қызмет атқарған. 2) *Оба* – «өлген адамдарды жерлеген орын» (ҚТТС, 7т, 367). Ерте дәуірде молалар тас үйіндісінен жасалғаны тарихтан мәлім. 3) Э.В. Севортян сөздігінде түркі. *оба/ова* «ру, тайпа», «киіз үй», «жанұя», «елді мекен» мағыналарын беретіні көрсетіледі [60; 400]. Осы үш мәнде де топонимдер жасала береді.

Бұл термин арқылы *Бесоба, Қособа, Обалы*, қатарлы топонимдер жасалған.

***Өр*** – е.м. Ақт. Обл., Мұғалжар ауд. *Өр* «таулы, дөңді жерлердің етегінен биіктеп көтерілетін, ылдиға қарама-қарсы жер» (ҚТТС, 7т, 563). Анықтамаға қосарымыз – кез келген өзеннің аяғынан басына қарай *өр* деп атау қалыптасатындығы, өйткені өзен үнемі ылдиға қарай ағады. Мәселен, Бұқтырма өзенінің басқы ағысын *Өр Алтай* деп атау осылайша қалыптасқан. Орографиялық термин *Ұзынөр, Өр Аққаба* атауларының құрамына енеді.

***Тас*** – тж.ст. Ақт. Обл., Мұғалжар ауд. «Таудың қатты жынысы, соның үлкенді – кішілі бөлшектері» (ҚТТС, 9т, 41) мәніндегі *тас* географиялық термині елді мекен атауына ауысқан. Топонимикада *тас* термині бірыңғай тастан тұратын тау, шоқы, шыңдарға да ортақ болып келеді. *Қызылтас, Тасшоқы, Тастақ* тәрізді атаулар жасауға белсенді қатысады.

***Тау*** – е.м. БҚО, Жәнібек ауд. ҚТТС-та «айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жер» деген түсініктеме береді (9т, 54). *Тау* термині таңбалайтын географиялық нысандар салыстырмалы түрде әр түрлі болады: жазық жерлерде төбе, шоқыны «тау» деп атай берсе, таулы өңірлерде тұтас тау тізбектерін, тау жоталарын қамтиды. Бұл термин жалқы есім ретінде көп қолданылмайды, өйткені айдалада жалғыз

таудың тұруы сирек кездеседі (Жоғарыдағы *Тау* ойконимі жеке тұрған бір тау атынан жасалғаны күмәнсіз). Ал басқа оронимдер жасауда *тау* термині өте белсенді: *Алатау, Мұзтау, Тауқұм, Таутүрген, Таушық, Таулы Алтай* т.б. Түркі тілдерінде тау орографиялық терминінің *тау-тағ-дағ-тав-туу-тоо-тыа-ты* нұсқалары ғана кездеседі: *Көкшетау, Мұзтағ, Қоснарты* т.б. Кірме нұсқаларынан моңғол. *Уул >ола* «тау» және қыт. *Шань* «тау» терминдері енген: *Баянуул> Баянауыл* (Байтау), *Тянь-Шань* (Аспантау). Парсының *куһ* «тау» сөзінен жасалған оронимдер кездеспейді.

***Теріс*** -өзен. Жамб. Обл., Сарысу ауд. Бұл да *кемер* географиялық термині тәрізді әрі ороним, әрі гидроним қызметін атқарады: 1) *Теріс* – таулы өлкеге тән ороним. Таудың солтүстік немесе көлеңкелі жағын қазақ *теріскей* деп атайды. Ал осы теріскей жағы ит тұмсығы өтпейтін қалың орманнан тұрса, оны *теріс* дейді. Оның басты себебі – мұндай қалың орманның таудың күнгейіне емес, теріскейіне тән болып келетінінде. *Теріс* – «қалың орман» ұғымымен мәндес. 2) Гидроним ретінде *теріс* термині екінші бір суға немесе саласына қарама-қарсы бағытта ағатын өзендерді атап, *Теріс, Терісаққан, Терісағар, Теріссу, Терісайрық* секілді гидронимдер жасайды.

***Томпақ*** – тау. Павл. Обл., Баянауыл ауд. Сын есімнен конверсия құбылысы арқылы зат есімге, яғни географиялық терминге айналып тұр. Мағынасы: «Сыртқа қарай дөңестеліп шығып тұрған, бұлтиған» жер бедері (ҚТТС, 9т, 191). Негізгі белгісі – үшкірленбей, күмбез тәрізді доғалдана көтерілуі. Академик Ә.Қайдар *томпақ* түбірін одан ары *том* бір буынды түбіріне ажыратады *(том+пақ)* [38; 259]. ГТ *Ақтомпақ, Сартомпақ*, *Томпақша* сияқты топонимдер жасауға қатысады.

***Шағыл*** – тау. Павл. Обл., Май ауд., тау. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Шағыл* «белес-белес, жота-жота боп үйіліп жатқан құмды жер» (ҚТТС, 10т, 82) мәніндегі ГТ. Көптеген ғалымдар мұндай құм төбелердің күн сәулесіне шағылысып жалтырап жатуы терминнің мағынасына арқау болған дейді. Бұл дұрыс пікір болғанмен, *шағыл* апеллятивінің тағы бір таза орографиялық семантикасы бар. Ол – «шағылу», «қирау» мағынасы: *шағыл <шақ+ыл* [38; 271]. Біздің зерттеуімізде (мәселен, Шығыс Қазақстандағы *Шағыл* тауы) табиғи эрозияға ұшырап, кесек-кесек тастарға бөлініп, құлап жатқан тауларды *Шағыл* деп атайтыны байқалды. Ал бей-берекет шашылып жатқан кесек тастарды «шағыл тас» дейді. Ж.Досқараев *шағыл* «жарықшақ тастар, тау бетіндегі ұсақ тастар» мәніндегі Шығыс Қазақстан облысына тән диалекті сөз екенін келтіреді [160;126]. Бұл термин жеке тұрып атауға айналып қана қоймайды, *Ақшағыл, Айғыршағыл, Орташағыл* қатарлы топонимдер құрамына да енеді (4-сурет).

***Шат*** – тау тізбегі. Павл. обл., Баянауыл ауд. «Таудың қойнауындағы жықпыл-жықпыл терең сай» (ҚТТС, 10т, 161) мәніндегі ГТ арқылы жасалған ороним. Бұл жерде метафоралық құбылыс та жоқ емес (адамның шаты – таудың шаты). *Шат* «өзеннің айрығы», «өзеннің екі саласының арасы», мәндерінде гидрографиялық термин қызметін де атқарады. *Шат* түбірінен *шатқал* «түбі тар тік жыра; тар аңғар» (Э.Мурзаев) туынды термині жасалған. *Шат* жалқы есім ретінде жиі кездеседі және *Қарашат, Қызылшат, Майлышат* топонимдерін жасауға қатысады. М.Лермонтов шығармасынан Эльбрус шыңының бұрынғы бір аты *Шат-гора* болғанын білеміз [46; 608].

Тараушада орографиялық терминдер арқылы жасалған апеллятив атаулардың Қазақстан бойынша ресми тіркелгендері ғана қарастырылды. Картаға түспеген белгілі бір аймаққа тән немесе микротопоним дәрежесіндегі термин-топонимдер әлі де болуы мүмкін. Алайда жеке тұрған орографиялық нысанға тиісті орографиялық терминді атау ретінде белгілеуге осы қарастырып өткен үлгілер де жолнұсқау бола алады.

### 3.2.1.2 Гидрографиялық терминдерден жасалған түбір гидронимдер

«Гидронимдер (гр. hydor – су + onyma, onoma - ат, атау, есім) – топонимнің бір түрі, кез келген су объектісін білдіретін жалқы есім» [6; 79]. Әр тілде қолданылатын гидронимдер өзіне тән гидрографиялық терминдер арқылы жасалады және ол терминдер су нысандарының түрлерін көрсетіп тұрады.

Гидрографиялық терминдер күрделі топонимдер құрамына еніп қана қоймайды, түбір күйінде жалқы есімге өтіп, апеллятив атаулар да жасайды. Мұндағы негізгі шарт – оронимдік термин-атаулар сияқты, нысанның оңаша орналасуы. Жеке тұрған нысан басқаларынан ажыратуды керек етпейді.

Топонимикада гидронимдер ең көне атаулар деп есептеледі, сондықтан кумулятивтік қоры, аша білген кісіге, мол ақпарат беруі мүмкін.

Белгілі ғалым Г.И.Донидзе түркі тілдерінде кездесетін гидронимдік терминдерді жан-жақты зерттегені мәлім [78;165-171]. Бірақ біздің мақсатымыз гидронимдік терминдерді талдау емес, Қазақстанда кездесетін гидронимдік терминдер арқылы онимделген түбір топонимдерді қарастыру болып табылады.

***Айдын*** – көл. Жамб. обл., Сарысу ауд.; е.м. Қар. обл., Ақтоғай ауд. *Айдын* географиялық терминіне «теңіз, көл сияқты көлемді су беті» (ҚТТС,1т,93) деген анықтама берілген. Бұл анықтаманы Ғ. Қоңқашпаевтың «Айдынкөл – үлкен ашық көл»деген түсініктемесі толықтыра түседі [79;3]. Сонымен *айдын* гидронимдік термині, көбінесе, ашық жерде орналасқан көлдерге

қолданылатынын көреміз. Оның бір буынды түбірінде (ай) «жалтырау», «жарқырау» мағынасы мен «кең», «көлемді» мағынасы бірге жатыр десе де болады (Э.Севортян, 1974, 99; Ә.Қайдар, 2005, 169). *Айдынбұлақ, Айдынкөл* қатарлы гидронимдер жасайды.

***Апан*** – тұзды көл. Павл. обл., Ертіс ауд. «Ойылған жер, шұңқыр» (ҚТТС, 1т, 291) мәнді ГТ арқылы жасалған гидроним. *Апан* ГТ ретінде екі түрлі мағынада қолданылады: 1) «Ескі, құлаған құдық; кең де онша терең емес құдық» [75; 21]. 2) «Ірі, жабайы аңдардың жерден қазып жасаған мекені». Мысалы: Аюдың апаны. Кіші аңдардың қазған мекенін *ін* дейді. *Апанқақ, Апанқұдық, Ескіапан* тәрізді атаулар құрамында кездеседі.

***Арал*** – теңіз. Қызылорд. обл., Арал ауд.; е.м. Жамб. обл., Мойынқұм ауд. *Арал* жалқы есімінің көпшілігі «жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық» мағынасындағы *арал* географиялық термині арқылы жасалған (ҚТТ, 1т, 307). Ал, керісінше, жан-жағы құрлықпен қоршалған су; орман ішіндегі алаңқайлар; айдаладағы бір шоқ орман т.б. *арал* терминін иемденуі мүмкін. Бұдан терминнің *ар* бір буынды синкретті түбірі «бөліну», «екі аралық» мәнін де беретіні байқалады [38; 171]. Арал теңізі басқа ешбір сумен жалғаспай, шөл даламен қоршалып, жеке тұрғандықтан, *Арал теңізі* деп аталады. Осындай кең көлемді мағынада қолданылатын *арал* термині топонимжасамда белсенді болатыны – заңды құбылыс: *Арал, Аралағаш, Аралды, Қосарал* т.б.

***Арасан*** – е. м. Алм. обл., Ақсу ауд. «Түрлі ауруларды емдейтін минералды жылы су» (ҚТТС, 1т, 314) мағынасындағы кең таралған ГТ бойынша жасалған ойконим. Түбі «санскрит тіліндегі *rasayana* «балшырын», «құдайлардың сусыны», «емдік су» мағыналарын беретін сөзінен шыққан» [46; 53]. Бұл термин арқылы жасалған *Арасан, Барлық Арасан, Қапал Арасан, Арасанды Қаба* т.б. гидронимдердің ортақ ерекшелігі – жер астынан қайнап шығатын ыстық суының болуы. Мәселен, Шығыс Қазақстандағы *Арасан* (ресми аты *Рахманов Қайнарлары*) суының температурасы +38, 40 градус жылы болып келеді.

***Арна*** – е. м. Алм. обл., Қапшағай ауд. *Арна* ойконимі «өзен аңғарларының су ағып жататын терең өзегі» (ҚТТС,1т, 336) мағыналы *арна* географиялық терминінен жасалып тұр. Анықтама логикадағы «белгісіз арқылы анықтау» деген әйгілі қателікке ұрынған сыңайлы, себебі құрамындағы «аңғар», «өзек» сөздерінің өзі жеке түсіндіруді талап етеді. Біздіңше, *арна* «өзен суының өзіне салып алатын жолы» болса керек. Онда судың ағып жатуы және терең болуы міндетті емес. Тартылған өзеннің орнын да «арна» деп атай беруге болады.

Терминнің өлі түбірі *ар* санскрит. «ағын», көне иран. «тасқынды ағын» (Ә. Қайдар, 2005, 171); *арна* иран. «канал» (В.В. Бартольд, 1966, 2) мағыналарын бергеніне қарағанда үндіевропа тілдерінен енген сияқты.

Қалай болса да *арна* термині топонимжасамда біршама белсенді: *Арнасай, Жаңа арна, Жаман арна* т.б.

***Арық*** – төбелер. СҚО, Айыртау ауд. Атаудың жасалуына «су ағызу үшін арнайы қазылған су жолы» (ҚТТС, 1т, 358) мәнді *арық* географиялық термині себепші болған. Басқа еңбектерде де арықтың «жасанды су жолы» екені баса көрсетіледі [46; 57-58].

Қазақстанда *Ақарық, Тасарық, Бесарық, Арықты* қатарлы топонимдер мол кездеседі.

***Балқаш*** – көл. Алм. обл.; көл. Павл. обл., Ертіс ауд. Қазіргі кезде жалқы есім ретінде сақталған көне гидрографиялық термин. Мағынасы: *Балқаш < бал + қаш*, «батпақты, сулы, тартпа жер», *бал+шық, бал+жыр* сөздерімен түбірлес [38; 174]. Түркі тілдерінде *балғаш* (туб.), *палғаш* (түрік.) нұсқалары кездеседі. Топонимжасамда белсенді емес (терминнің көнелігінен болса керек), бірақ тың атау жасау барысында, егер нысан сәйкес келіп тұрса, термин ретінде жаңғыртуға болады.

***Дамба*** – е.м Атыр. обл., Махамбет ауд. Орыс тілінен енген «су жайылып кетпес үшін жағаға үйілетін жал топырақ» мағынасындағы гидрографиялық термин. Орыс тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі: «Бірінші Петр тұсында голландия немесе неміс тілінен енген сияқты», - деп күмәнді түсінік береді [80; 119].

Біздіңше парсының *дам* «тұзақ» сөзінен жасалған термин болуы мүмкін, өйткені аңға құрылған тұзақ пен суды бөгейтін дамбаның қызметтік ұқсастығы бар. Топонимикада белсенді емес.

***Жаға*** – е.м Атыр. обл., Қызылқоға ауд. *Жаға* географиялық термині лексика-семантикалық тәсіл бойынша, алдымен гидронимге, содан соң ойконимге айналған. Ал терминнің мағынасы: «су арнасының кемері, жиегі» (ҚТТС, 3т, 488). Бұл терминнен *жағалау, жағалық* терминдері туындаған. *Жаға* жалқы есім ретінде сирек кездескенімен, біршама атаулар құрамына енеді: *Жағабұлақ, Жағатал, Жағажай, Жайдақжаға* т.б.

***Жиек*** – е.м Атыр. обл., Индер ауд. Атау *жиек < жій+ек* «шек, жаға, қима, оқа, әдіп » мағынасындағы ГТ арқылы онимделген [38; 196]. *Жаға* терминімен мәндес келеді, бірақ *жиек* кез келген құрлықтың сумен шектесуін ғана білдіріп қоймайды, құрлықтың аспанмен шектесуін де білдіреді. Мысалы, *көкжиек, таужиегі*. Топоним жасауға қатысады: *Жиекқұм.*

***Жылға*** – е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд. Атау жасауға себепші термин *жылға* «қар, жаңбыр суы ағатын шағын өзекше, ойпаң жер» (ҚТТС, 4т, 284) семантикасын береді. Түркі тілдерінде *елга, илга, йылга* нұсқалары бар. Басты ерекшелігі және *бұлақ* терминінен өзгешелігі – қар, жаңбыр суы ғана ағып, қалған уақытта құрғақ жатуы. *Қаражылға, Шұбаржылға, Жылғалы* топонимдері кездеседі.

***Қайраң*** – е. м. Павл. обл., Ақтоғай ауд. Атауға айналған *қайраң* географиялық терминінің бір ғана мағанасы бар: «Өзеннің, көлдің және теңіздің жайдауыт таяз жері» (ҚТТС, 5т, 535). Терминнің түбірі *қайыр* көне түркі. «құм» мағынасын беретін сөз екенін байқау қиын емес. Сонда *қайыр* + *аң* «құмаң», «құмдауыт жер» деген сөз. Қолданылу барысында «таяз су», «өткел» мағыналарына ауысқан. Қайраңның құмы су бетіне жақын немесе көрініп жататыны мәлім. Бұл термин *Қайраң, Қайраңкөл, Құмдықайраң* сынды топонимдер жасауға қатысады.

***Қайыр*** –е.м. Жамб. обл., Талас ауд.; е.м. Ақт. обл., Шалқар ауд. Жоғарыда атап өткендей, *қайыр* термині түркі, моңғол тілдерінде «құм» мағынасында қолданылған. Мәселен, М.Қашқари сөздігінде: «Қайыр майда топырақты жер. Оғыздар құмды «қайыр» дейді» түрінде анықтама берілген [57; 220]. *Қайыр* түбірінен *қайраң* туынды түбірі жасалады. *Қайыр, Қайырты, Қайырқұм, Қайыршақты* тәрізді атауларға апеллятив ретінде кіреді.

***Қопа*** – е.м. Қост. обл., Наурызым ауд. *Қопа* географиялық терминіне берілген бірнеше сипаттаманың (ҚТТС, 6т, 333; Э.Мурзаев, 1984, 289; Ә.Қайдар, 2005, 225; В.Н. Попова, 1997, 18) ортақ түйіні: «Қалың қамыс өскен сулы, батпақты жер» болып шығады. Ол жердің көл, көлшік, батпақ болуы маңызды емес, қамыстың қалың өсуі – маңызды белгі.

*Қопа* термині *Қопалы, Қопасор, Сарықопа* сияқты топонимдер жасайды.

***Қылы***- жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (1982, 6т, 596) *қылы* сөзіне диалект деген таңбамен «екі алапты қосып тұрған ені тар, қысталаң жер; қыспа»деп түсінік береді. Мұндағы «екі алапты» деген түсініксіздеу тіркестің орнына «өзеннің немесе тау, төбенің ені тар, жіңішке тұсы» десе жетіп жатар еді. Негізгі ұғымды түбірі *қыл* «аттың қылы» > «жіңішке» семасы беріп тұр, яғни «не судың, не таудың қылдай жіңішке тұсы» дегенді меңзейді. Бұл Шығыс Қазақстанда жиі қолданылатын ГТ болғанымен, топоним жасау барысында басқа өңірлерге де кең таратып әкетуге болады. Түркі тілдерінде бар термин. Мәселен, алт. *кыл суу* «жіңішке су» гидронимі кездеседі [81; 256].

***Құрдым*** – көл. Ақт. обл., Ырғыз ауд. Атауға негіз болған гидрографиялық термин *құрдым* «өзеннің құмға сіңіп, жоқ боп кететін аяқ жағы, соңы» және «үлкен теңіз, өзен, көл түбіндегі түпсіз терең жер, оқпан» (ҚТТС, 6т, 510) деген екі түрлі мағына береді. Соңғы мағынасы бойынша көл атына ауысқан деуге болады. Ол көлдің түбі терең , құрдым болуы негізгі уәжі. Кейде құрғап бара жатқан көлді де *Құрдым* деп атайды.Топоним жасауда тым белсенді емес.

***Канал*** – е.м. Қызылорд. обл., Арал ауд.; канал. ОҚО, Сарыағаш ауд. Э.М.Мурзаев үндіевропа тілдерінің көбінде кездесетін *кан, кангха* «су», «өзен»; *кан, кһан, хан* «қазу», «құдық» сөздерін салстыра қарап, олар-

дан *канал* сөзін шығарады. Орта Азия мен Қазақстанға өзбек, тәжік тілдері арқылы *канал* болып енген дейді [46; 251-252]. *Канал* «су тарту үшін қазылған арна, арық» мағынасында көптеген елдердің тілінде қолданылады. Егер нысан сәйкес келсе, топонимжасамға кірістіруден қашпау керек. Қазақстанда *Үкен Алматы Каналы, Ертіс-Қарағанды Каналы* тәрізді үлкенді-кішілі каналдар баршылық.

***Лай*** – е.м. ШҚО, Көкпекті ауд. *Лай* географиялық термині де өзара байланысты екі мағына береді: бірі – «таза емес, тұнық емес» (ҚТТС, 7т, 44) су; екіншісі – «тұнба», «балшық», «жұмсақ, майлы сазбалшық», «балдыр» (Э.Мурзаев, 1984, 333). Осы екі мағына да топоним жасауға қатыса алады.

Емдік қасиеті бар «шипалы лайды» Қазақстанның бір тұсы «шипалы батпақ» десе, енді бір жері «шипалы балшық» деп атайды. Бұдан бұл үш терминнің өзара мәндес екенін байқаймыз.

*Лай* термині *Лайлы, Лайбұлақ, Лайсу* сияқты гидронимдер тудырады.

***Нұра*** - өзен (895 км). Орталық Қазақстан аймағы. Қазақстанда көп кездесетін *нұра* географиялық терминінің мағынасы «су орған жыра, терең сай» (ҚТТС, 7т, 357) екені анық болса да, оның этимологиясы туралы әртүрлі көзқарас бар. Оған себеп – терминнің кірмелігі болса керек. Моңғ. *нураа* «құлама», «құлаған», «омырылған», «опырылған» мағыналарын береді [77; 345]. Қазақ тіліне *жар* терминінің баламасы болып енген. *Нұра* өзенінің жазық жердің жұмсақ топырағын орып, жар жасап ағатыны атауға уәж болғаны даусыз.

Термин *Нұра, Нұраталды, Шалқарнұра, Шерубай Нұра* тәрізді топонимдер жасауға қатысады.

***Ор*** - өзен (234 км). БҚО. ҚТТС-та *ор* сөзіне «табиғат әсерінен болған немесе қазылған шұңқыр жер» деген түсінік береді (7т, 445). Табиғат әсерінен болатын орларды, көбінесе, өзен, су ағындары жасайтыны шындық және *Ор* гидронимінің ерекше белгісі де осыдан келіп шығады. Көптеген түркі тілдерінде *ор* терминінің өзенмен байланысып жататыны да судың орып, қазып кететін әрекетінен болса керек. Мысалы: чуваш *вар* «өзен», «арна», «жыра»; түркімен. *орун* «арна» т.б. (Э. Мурзаев, 1984, 415).

*Ор* термині табиғи және жасанды орларды қатар атай отырып, топонимдер жасайды: *Ор, Орғын (Орхон), Ортау, Ортөбе, Шолақор* т.б. Мұндағы Ортау, Ортөбе *ор* сөзіне қатысы жоқ Өртау, Өртөбе болуы да мүмкін. Ондайда төреші – табиғи нысанның өзі.

***Өзек*** – ескі арна. Павл. обл., Ақсу ауд. *Өзек* гидрографиялық термині туралы анықтамалар біршама баршылық. Басқа лексикалық мағыналарын алмай, топонимге қатыстыларын қарап шықсақ, мынадай болады: 1) «өзен, өзен ағыны; жыра, жырадағы бұлақ, өзен арнасы, қойнау, ұзын сай, өзен саласы, шатқал т.б.» (Э.М.Мурзаев, 1984, 406-407) ; 2) «Жауын,

қар суынан пайда болған жер бетіндегі созылып жатқан ойыс жер; ені тар, кішірек сай» (ҚТТС, 7т, 516); 3) «Қолатқа қарағанда беткейлері тіктеу, көлемі кішілеу, дами келе сайға айналатын астау тәрізді ойыс жер» (Ғ.Ермекбаев, 1999, 34) т.б.

Топонимжасам, жалпы жер-су аттары, табиғи нысансыз жасалмайды. Атау беру үшін, әр нысан нақты-нақты сараланған болуға тиіс. Мәселен, *өзек* терминін қатыстырып топоним жасамас бұрын, өзек пе, сай ма, жыра ма, қолат па айырып алуымыз керек. Біздің ата-бабаларымыз осының бәрін жіліктеп, жіктеп атап кеткен, бізге сол межелерден ауытқуға болмайды.

Басқа түркі тілдерінде болмаса, қазақ өзенді «өзек» деп атамаған. Ендеше өзектің бойында үнемі су, бұлақ жатуы міндетті емес. Қар, жаңбыр суы ғана ағатын қалған мезетте бұталы, шөпті болып тұра беретін әр көлемді сайларды *өзек* атандырған. Негізінен *жылға, қолат* терминдеріне жақын, бірақ көлемі олардан үлкен. Кішілерін *өзекше* деп бөлек атаған.

*Өзек* жеке атау болып қана қоймайды, алдына анықтауыштар қосып, күрделі топонимдер жасайды: *Сарыөзек, Қандыөзек, Көкөзек* т.б.

***Өзен*** – тж. ст. Маңғ. обл., Маңғыстау ауд. Түркі тілдерінде кең таралған гидрографиялық термин. Көн түркі тілдеріндегі нұсқасы – *үгүз/өгіз*. Терминнің семантикасы: «Белгілі арнамен тұрақты ағатын, едәуір көлемді табиғи су» (ҚТТС, 7т, 519).

Э.В.Севортян *өзек* пен *өзеннің* түбірі бір, яғни *өз* «қайнар» деп қарайды [60; 510].

*Өзен* термині өзен атауларының құрамына үнемі кіре бермейді, өйткені өзен атаулары көбінесе көне және тұрақты болып келеді. Мысалы: *Ертіс, Есіл, Іле* өзендері т.б. Олардың құрамында «өзен, су» мәнідегі *ыл/іл, ыс/іс*, *ар/ер* секілді көне терминдер бар. Ал, кейде *үгүз/өзен* нұсқалары атау құрамына термин ретінде қатысып отырады: *Аягөз* (*айа* «шағын, кішкене» + *үгүз* «өзен»), *Қараөзен, Жаңаөзен, Шиліөзен* т.б.

***Саға*** – е. м. Ақт. обл., Ойыл ауд. «Өзен я болмаса тау сілемінің қабысып-түйіскен жері» (ҚТТС, 8т, 90) мағынасындағы *саға* географиялық термині ойконим жасап тұр. *Саға* «өзеннің не таудың басталар тұсы, аузы» дегенге дәлірек келеді. Қазақтың: «Сағадағы су ішеді, аяқтағы у ішеді» деген мақалы да соған меңзейді. Өзен салаларының, тау сілемдерінің бөлінер тұсы да *Саға* атауына сәйкес келеді. Аттың басы мен мойны, пышақтың сабы мен жүзі түйісетін жерлерді *сағақ (саға + қ)* түрінде ұқсатып атағанын байқауға болады. *Саға* ойконимінен басқа *Сағабүйен, Сағакүрес, Сағай* секілді топонимдер бар.

***Саз*** – е.м. Алм. обл., Жамбыл ауд. *Саз* географиялық терминінің бізге қажетті (топонимге жақын тұрған ) мағынасы – «көгалы қалың өскен,

дымқыл кең алқап» мағынасы (ҚТТС, 8т, 95). Алайда су араластырып, езіп, саз балшық жасауға жарамды топырағы бар жерлер де *саз* терминін қабылдауы мүмкін. Сазды жердің ең басты ерекшелігі – дымқыл, сулы жерде шөп өскен шымның болуы. Шым болмаса, ондай сулы жер батпаққа айналады. Сазды жерлер жазғы мал жайылымына қолайлы болып келеді.

*Саз* терминінен *Сазды, Сазқұдық, Сазтерек, Қарасаз* қатарлы топонимдер өрбиді.

***Сай*** – жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «үлкен жыра, аңғар» деп қысқаша қайырады (ҚТТС, 8т, 98). Түркі тілдерінің барлығында дерлік *сай (зай, чай, сайр, сой, һай* т.б. ) фонетикалық өзгешелік болмаса, мағыналары бірдей: «жыра», «құрғақ арна», «ойпаң, ойыс жерлер». Тек әзірбайжан, түрік тілдерінде *чай* «өзен» мәнінде қолданылады.

Сайлардың бір ерекшелігі жыра, жар секілді тік қабақты және тым терең болмайды. Беткейлері көлбеу, түбі жадағай және өсімдікті келеді. Сай табанында су жатуы да, жатпауы да мүмкін. Көлемі әр түрлі болады: астаудай ғана сайдан бастап, бір ауыл сыйып отырған үлкен сайлар кездеседі.

*Сай* кең тараған термин: *Сайлы, Сайқұдық, Ақсай, Кеңсай* т.б.

***Сор*** – тұзды көл. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Сор* – бір жерлерде «жазда құрғап сорға айналатын ұсақ тұзды көлдер» (Э.Мурзаев, 1984, 516) мәнінде қолданылса, енді бір жерлерде «аяқ батып кететін тұзды батпақ» (ҚТТС, 8т, 346) мәнінде қолданылады. Кейде ағарып тұзы шыққан жердің бәрін *сор*, *сортаң, сораң* деп атай береді.

Қазақстанның біраз жері тұзды болып келетіндіктен, *Аралсор, Қарасор*, *Сорқұдық, Соркөл, Қайдақ соры* тәрізді топонимдер мол кездеседі.

***Суат*** – қыстау. Маңғ. обл., Маңғыстау ауд. ҚТТС (8т, 373) *суат* сөзіне «өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері» деген анықтама береді. Дұрысы «кез келген су нысанының мал суаруға ыңғайлы жерін» *суат* деп атай беруге болады. Ол кәдімгі құдықтан бастап, ірі көлдердің мал су ішуге жарамды жағаларына дейін болуы мүмкін. Мал шаруашылығын кәсіп еткен көшпелі қазақ халқына суат ерекше маңызды қызмет атқарған. Сол себепті *Суаткөл*, *Ақсуат, Тассуат* тәрізді гидронимдер жиі кездеседі.

***Теңіз*** – тұзды көл. Ақм. обл., Қорғалжың қорығы; тж. ст. СҚО, Тайынша ауд. «Жан-жағы құрлықпен ұштасып жатқан, кеме жүретін ұшы қиыры жоқ су» (ҚТТС, 9т, 121) түсініктемесін әлі де анықтай түсу қажет. Біріншіден, көптеген теңіздер құрлықпен ғана емес, басқа сулармен ұштасып жатуы мүмкін; екіншіден, теңіздің ұшы-қиыры жоқ емес, белгілі көлемді қамтиды (мәселен, «көлден үлкен, мұхиттан кіші» деген анықтама көлемін мөлшерлейді).

Қазақстан әлемдік ірі акваториядан алыс жатқанымен, теңіздер бар. Атап айтқанда: *Каспий теңізі, Арал теңізі*. Қазақтар ірі көлдерді де *Теңіз* деп атағаны белгілі: жоғарыда келтірілген *Теңіз көлі, Шалқартеңіз, Бейнетеңіз* (Зайсан көлінің негізгі, бұрынғы аты). *Теңіз* географиялық термині көне түркі тілінде *талуй, теңгіз* «теңіз»; моңғол. *далай* «мұхит», «теңіз» және *тэнгэс* «теңіз»; мәнжүр. *тэнггин* «теңіз» мағыналарында алтай тілдеріне кең тараған. Ғалымдар венгр. *тенгер, тонгер* «теңіз» сөзіне қарап, *теңгіз* бен *теңгір* (тәңір) бір этимологиялық тізбекке енетінін айтады [46; 549].

Қазіргі кезде Қазақстанда жасанды су қоймаларын *Теңіз* деп атау қалыптасып келеді: *Қапшағай теңізі, Бұқтырма теңізі.*

***Тоған –*** е.м. ШҚО, Абай ауд. *Тоған, арық, құдық* сияқты терминдерді Г.И. Донидзе «жасанды су нысандарын таңбалауға арналған терминдер» деп бөліп қарайды [78;170]. *Тоған* сөзінің мағынасы: «Су жинап алатын бөгет, тоспа» (ҚТТС, 9т, 155). Сонымен бірге, «негізгі суландыру каналы, үлкен арық, бөгет» (Ғ.Қоңқашпаев, 1951) мәндерінде де қолданылады. Қазақстанда *Тоғанас, Тоғансай, Ақтоған, Қостоған* қатарлы гидронимдер кездеседі.

***Тоғыс –*** е.м. ОҚО, Төлеби ауд. Академик Ә.Қайдар *тоқ+ыс> тоғыс* «бір жерде түйісу» мәнді түбір сөз дейді [38; 259]. ҚТТС (9т, 156) «әр тараптан келіп бір-бірімен түйісу, тоқайласу» деген сипаттама береді. *Тоғыс* терминінің көптеген мағыналарының ішінен топонимикаға қатыстысы екеу: бірі – «тау сілемдерінің, төбе, қырқалардың тоғысы», яғни оронимдік мағына; екіншісі – «өзен, сулардың тоғысуы», гидронимдік мағына.

*Тоғысқан > Түгіскен > Түйіскен* атаулары бір сөздің жуан-жіңішке нұсқалары болып табылады.

***Томар*** – е.м. Алм. обл., Балқаш ауд; е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд. «Түп-түп боп, үсті-үстіне шөп өскен шалшықты, қопалы жерді» (ҚТТС, 9т, 19б) *томар* деп атайды. Анықтама томарлы жердің негізгі белгісі – жер томарларды «түп-түп» деген қайталама қос сөз арқылы берген. Жер томар мен кесілген ағаштың томары ұқсастық бойынша аттас болып тұр. Ал томарлы жерде жер асты суларының болуы, томардың үстіне өлең шөптің мол шығуы жанама, қосымша белгілері.

Қазақстанда *Томарлы, Қаратомар, Қостомар, Мыңтомар* сияқты топонимдер кездеседі.

***Топан –*** е.м. Қар. обл., Осакаровка ауд. *Топан* сөзінің екі мағынасы бар: 1) «Бастырылған астықтың дән қауызы, майдаланған шөп-шары араласқан қалдығы». 2) «Жер бетін басқан тасқын су, сел» (ҚТСС, 9т, 202). Бірінші мағына жер-су атын бере алмайды, өйткені ол тұрақты белгі емес. Ал екіншісі («топан су»тіркесін ескерсек), «арнасынан асып көп жерге жайылып кететін су» мәнінде топонимикалық терминге келеді.

Аса белсенді емес, дегенмен *топан, топан су* терминдерін топонимжасамда кеңінен қолдануға болады .

***Тұз*** – тұзды көл. Павл. обл., Баянауыл ауд.; е.м. Қост. обл., Жангелдин ауд. Негізгі лексикалық мағынасы «ас-тағамдардың дәмін кіргізу үшін қосылатын өткір дәмді, ақ түсті кристалл зат» (ҚТТС, 9т, 263) болғанымен, топонимикада «сор», «тұзды көл», «тұзы шыққан жер» мағыналарында қолданылады.

*Тұз* термині Қазақстанда кең тараған, себебі далалы аймақтардың суы да, топырағы да сортаң болып келеді. Арғы себебі архей және протерозой эраларында республика аймағын тұтастай дерлік теңіз суы басып жатқаннан болса керек. Тұзды, сортаң, ащы жерлер мал бағуға қолайлы жағдай туғызады. Қазақстан жерінде ертеден бері тұз өндірілгенін *Тұз, Тұзағаш, Тұзауыл, Тұзды, Тұзащытөбе, Екібастұз, Қарабастұз* секілді топонимдер дәлелдейді..

***Түбек*** – е.м. Қост. обл., Қарасу ауд. *Түбек* географиялық термині «бір жағы құрлықпен шектесіп, қалған жақтары сумен қоршалған құрлықтың бөлігі» (ҚТТС, 9т, 305) мәнін білдіреді.

*Түп + ек > түбек* туынды термині «жердің кішірек (-ек) түбі» мағанасында тұрғаны байқалады. Осы мағынада *түп* түбірінің өзі де жеке термин ретінде қолданылады: *Түпқараған* ( Каспий), *Қаратүп* (Арал).

Түбекті орыс тілінде *полуостров, мыс* деп атайтыны белгілі. Н.М. Шанский өз сөздігінде *мыс* термині туралы: «Исконно русск. Происхождение неясно» деген сипаттама береді [80; 277]. Э.М.Мурзаев «қанағаттанарлық этимологиясы жоқ» дей келе, «мүмкін түркі. *мүйіз/ мүйіс* «мүйіз» сөзінен алынған» деген И.Г.Добродомовтың пікіріне сілтеме жасайды [46; 383]. Қалай болса да, бұл термин Қазақстан топожүйесінде кездеседі. Мәселен, Зайсан көлінде *Шағылмыс* (Шакелмыс), *Тополев мыс* деген түбектер бар.

Ал *Түбек* апеллятив атауынан басқа *Кеңтүбек, Ақтүбек, Қаратүбек, Тастүбек, Құланды түбегі, Бозащы түбегі* т.б. күрделі атаулар кездеседі.

***Түрген –*** өзен (104км). Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Түргэн>түрген* моңғол тілінен енген ГТ және «шапшаң», «жылдам», «тез» мәнді үстеу сөзден жасалған. Топонимикада «ағынды», «ағысты» (су, өзен) мағынасында қолданылады. Тілімізге ертерек еніп, бейімделіп кеткендіктен, *түрген* географиялық терминін топонимжасамда кеңінен пайдалануға болады. *Түрген, Таутүрген, Тұрғысын < Түргэнус(н)* сияқты жер-су аттары бар.

***Шабар –*** е. м. Павл. обл., Аққу ауд. *Шабар* да моңғол тілінен енген ГТ: *шавар* «батпақ», «шалшық» мағынасын береді. Бұл терминнен тараған моңғ. *Шаварт>қаз.Шабарты, Шавартай>қаз.Шабартай* топонимдері кездеседі және екеуінің мағынасы да «батпақты», «шалшықты» болып келеді [77;721].

Көптеген ғалымдар халха-моңғ. *шивэр* «орман батпақтары» немесе «батпақты, орманды жер» сөзінен *Сібір* макротопонимін шығарып жүр (С.К.Патканов, Н.В.Вяткина, В.И.Огородников т.б.).

Қазақстанда *Шабар, Шабарты* топонимдері бар.

***Шалқар –*** көл; қала. Ақт. обл., Шалқар ауд. *Шалқар* «кең-байтақ, шексіз, шетсіз, үлкен» мағынасында айтылатын сөз (ҚТТС, 10 т, 116). Көбінесе терең әрі көлемді көлдерге теңіздерге қаратып айтылады: *айдын-шалқар көл, шалқар теңіз*. Ал далалы жерлерге *байтақ* сөзі жүреді : *кең-байтақ дала*.

Қазақстанда кең тараған гидрографиялық термин: *Шалқар, Шалқаркөл, Шалқартеңіз, Шалқарнұра,* т.б.

***Шебір*** – е. м. Маңғ. обл. Маңғыстау ауд. Э.М. Мурзаев бұл топонимді (*Шебир*) моңғ. *шавар*, қалмақ. *шавр* «батпақ», «шалшық» мәнді географиялық терминінен жасалған дейді [46; 623].

Екінші жағынан келгенде, моңғ. *цэвэр* > алт., *чебер (чебре)* «таза», «мөлдір» мағынасындағы сөзінен жасалды ма екен деген ой келеді (мысалы: *Шебір* «таза, мөлдір су»). Әрине, мұндайда төреші географиялық нысанның өзі. Егер нысан батпақты болса, онда *шабар/ шавр/ шебір* «батпақ», «шалшық» сөзінен жасалған, ал, егер нысанда мөлдір, таза су болса, онда *цэвэр/ чебер/ шебір* «таза су» терминінен жасалған болады.

***Шеген*** – е. м. Қост. обл., Жангелдин ауд. «Құдыққа қаланған тас, қималанған ағаш» (ҚТТС 10 т, 186) анықтамасы құдық ішіндегі *шегенді* білдіреді. *Шеген* гидрографиялық термині топоним болу үшін бұл жеткіліксіз. *Шеген* ГТ болады, егер «ішін ағашпен немесе таспен құрсаулап тастаған құдық» деген мағынада тұрса, ал *Шеген* топоним болады, тек «мықты шегенделген құдығы бар жер» деген мағынада ғана.

***Шорға*** - өзен; е. м. ШҚО, Тарбағатай ауд. *Шорға* – моңғ. *цорго* «шұрғы», «шүмек» сөзінен жасалған түбір топоним. *Шорға* шағын өзені басын Тарбағатай тауынан алып, Зайсан көліне құяды, ал кез келген судың көлге құятын немесе көлден ағып шығатын жерін қазақтар *шүмек* деп атайды. Шорға (Цорго) қаз. *шүмек* географиялық терминінің моңғол тіліндегі баламасы болып шығады.

***Шүмек*** - өзен. Қар. обл., Шет ауд. *Шүмек* сөзінің бірнеше лексикалық мағынасы бар («ыдыстың шүмегі», «бесіктің шүмегі», «шылдыр шүмек») және осы мағыналардың негізінде «көлдің шүмегі» деген тіркес қалыптасқан. «Қазақ көлге құятын немесе шығатын сулардың көлге жақын тұсын *шүмек* деп атайды» деген анықтама беруге болады. Оның үстіне көлге құятын суларды *жоғарғы шүмек*, ал ағып шығатын суларды *төменгі шүмек* деп жіктейді. Шүмектер балық аулауға ыңғайлы болып келеді.

*Шұмек* гидронимі *шұмек* гидрографиялық термині бойынша жасалып тұр.

### 3.2.1.3 Далалы, жазық жерлерге тән апеллятив атаулар

***Ащы*** - өзен. Павл. обл., Баянауыл ауд. ҚТТС-та «тұзды, тұзы күшті, сор дәмі бар; тұщы емес» деген сын есім екені айтылады (1 т, 534). Ол сын есім «топырағында, суында тұз бар кез келген жер» мағынасында субстантивтеніп, алдымен географиялық терминге, одан соң топонимге айналады. Мысалы: *Ащы, Ащысай, Ащылы, Ащыбұлақ, Ащықара, Ащыкөл*, *Ащықұдық*, т.б.

Ащылар – малға жайлы, көбінесе мал ащылайтын *жалақтары* болатын жайылымдар.

***Дала*** – е. м. Алм. обл., Кербұлақ ауд. *Дала/ тала* географиялық термині түркі, моңғол, тұңғыс-мәнжүр тілдеріне кең тараған. ҚТТС-та «жайылымдық, шабындық, кең-байтақ жазық өңір» деген анықтама беріледі (3 т, 36). Негізгі белгісі жайылымдық, шабындық болу, болмауында емес, «кең, ашық жер; жазық» болып келуі.

География ғылымы Қазақстан жеріндегі далалы өңірлерді орманды дала (0,4 %), дала (29 %), шөлейт және шөл (44 %) деп бөледі [63; 147-155]. Республикамыздың басым бөлігі далалы болып келетіні осы деректерден-ақ көрініп тұр. Тарихта *Қыпшақ даласы, Дешті* (парсы. дала) *Қыпшақ* аталған.

*Дала* географиялық термині *Дала, Далақайнар, Бетпақдала, Ақдала, Терісдала* сияқты топонимдерге арқау болады.

***Жазық*** – е. м. ШҚО, Жаңасемей ауд. Көне түркі тілінде *йазы*, кейінгі түркі тілдерінде *жазық, йаси, йазы* т.б. кең тараған географиялық терминінің ортақ мағынасы «кең жайылған тегіс жер». Далалы жерде ұсақ төбе, сай, жыралар, топтана өскен орман кездесе беретін болса, жазықтың жер бедері негізінен, кедір-бұдырсыз тегіс болып келеді. Қазақстанда тау арасындағы шағын жазықтардан бастап, шеті көкжиекпен ұштасқан ауқымды жазықтар да баршылық.

*Жазық* геграфиялық термині арқылы мынадай атаулар жасалған: *Ақжазық, Жалпақжазық, Жазылы*, т.б.

***Жоса*** - өзен. Қар. обл., Ұлытау ауд. *Жоса* «суға езіп бояу жасайтын қызыл-сары түсті топырақ» мәніндегі ГТ. Жосалы топырақ қазақтың бұрынғы өмірінде табиғи бояу ретінде маңызды орын алған. Оны осы аттас жер-су аттарының мол кездесетіндігінен бағамдаймыз: *Жоса, Жосалы, Жосасай, Жосабай* т.б. (5-сурет).

***Карьер*** – е. м. ОҚО, Төлеби ауд. Кеңестік дәуірде орыс тілінен енген өндірістік термин. *Карьер* – қаз. «ашық кеніш» (жердің үстінгі қабатындағы кендерді, тастарды қазып алатын орын) [82; 346].

Қазақстанның көптеген жерлерінде пайда болған *карьер* ГТ бола алмайды және тілге жат, қолданысқа ауыр атау ретінде *Карьер* топонимі ауыстыруды қажет етеді. Атауға негіз болып тұрған белгі – жасанды, әрі уақытша белгі.

***Майдан*** – жайлау. Павл. обл., Ертіс ауд.; е. м. Қар. обл., Қарқаралы ауд. *Майдан* «алаң; жазық; ашық; көтеріңкі орын» мағыналарында Евразия құрлығына кең тараған ГТ. Мәселен, түркі, иран, араб, славян тілдерінде топонимдер жасайды [46; 358-359]. Бұрынғы ірі соғыстар үнемі кең жазықта болатындықтан, *майдан* «соғыс» мәнді сөзі де осы терминнен қалыптасқан сияқты. *Майдан* географиялық терминінің арғы түбі қай тілден шыққаны белгісіз. Қазақ жерінде топоним ретінде кең тарамағанына қарап, кірме сөзге жатқызуға болады. Алайда, келешекте топонимжасамға кеңінен тарту қажет.

***Оазис*** – тж. ст. Маңғ. обл., Бейнеу ауд. Грек тілінен жасалған *оазис* (oasis) географиялық термині «шөл даладағы жерасты немесе басқа бір судың арқасында жасыл желек жамылып тұратын шағын аумақ, көгал жер» мағынасын береді [83; 185].

*Оазис* кірме термині қазақ тілінде кеңінен қолданысқа ене алмайтыны өзінен-өзі белгілі, өйткені екі дауыстының қатар келуі қазақ тіліне жат құбылыс. Ал жоғарыдағы топонимді *оазис* сөзінен де әдемі қазақ сөзін тауып, ауыстыруға болады.

***Тақыр*** – е. м. ШҚО, Күршім ауд.; е. м. Павл. обл., Аққу ауд. ҚТТС-та «шөл, шөлейтті өңірлерде өсімдік өспейтін қуқыл жер» (8т, 554) *тақыр* деп аталатыны келтірілген. Сонымен бірге шөбі бар, бірақ бойлап өспейтін жерлерді де *тақыр* деп атайды. Мысалы: «шөбі тақыр жер».

Қазақстан мен Орта Азияға кең таралған термин топонимжасамда белсенді: *Тақыр, Тақыркөл, Айтақыр* т.б.

***Татыр*** – көл. Қост. обл., Жангелдин ауд. «Тұзды, сортаң, тақыр жер» (ҚТТС, 9т, 53) мағынасындағы ГТ арқылы жасалған атау. Э.М.Мурзаев көне түркі. *татыр* «жазық, өсімдіксіз жер» сөзін *тақыр* сөзімен бірге қарайды [46; 541]. Татырдың тақырдан өзгешелігі тұзды, сортаң болып келуінде ғана деп ұққан жөн. *Татыр, Ақтатыр, Татырлы* атаулары жасалады.

***Топырақ*** – тұзды көл. Павл. обл., Ақсу ауд. «Жердің сыртқы, үстіңгі жұмсақ қабаты» (ҚТТС, 9т, 206) деген анықтама *топырақ* географиялық терминінің мәнін толық ашып тұр. *Топырақ* жердің беткі қабатының түртүрге бөлінбеген жалпы аты, ал ғалымдардың айтуынша, топырақтың мыңдаған түрі болады екен. Қазақ топожүйесінде *Топырақ, Ақтопырақ, Сарытопырақ* қатарлы атаулар кездеседі.

***Тұғыл*** – е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд. *Тұғыл<тұқыл* «қысқа, мұқыл»; «түбір, қалдық» (ҚТТС, 9т, 267) сөзі болғанымен, топонимжасамда

*тұйық, түбек* терминдерімен мәндес қолданылады. Олай дейтініміз *Тұғыл* ойконимі Зайсан көліне әнтек қана еніп тұрған тұйық түбекшеге орналасқан. «Толық түбек емес, оның тұқылы» мәнінде топонимге айналып тұр. Тұғыл, сонымен бірге, «иілу, майысу» мағынасындағы түбірлес *тұқыр (тұқ+ыр)* сөзі арқылы да, «құрлықтың иіліп, көлге енген тұсы» мәнін беруі мүмкін [38;262].

***Тұйық*** – е. м. Алм. обл., Райымбек ауд. ҚТТС-та *тұйық* сөзі «шығар жақ беті жабық, бітеу» (9т, 266) деген лексикалық мағынада тұр. Топонимикада «екі таудың, екі өзеннің немесе жыралардың қосылысынан пайда болатын бітеу, бұрыш жер» деген мәнге ие болады.

*Тұйық* географиялық термині *Тұйық, Тұйықсу, Қаратұйық* тәрізді топонимдер жасауға қатысады.

***Шабыр*** – алқап. СҚО, М.Жұмабаев ауд. ҚТТС-та «ағаш пен бұтасы, өсімдігі сирек өсетін жер» (10 т, 80) деген түсініктеме беріледі. Қазақстанда *Шабырлы* топонимі кездеседі.

*Шабыр* термині қазақ тіліндегі *шарбы* 1. «малдың іш майы»; 2. «селдір», «сирек», «ала» мағыналарын беретін сөзінен метатеза құбылысы арқылы жасалған деуге болады (*шарбы>шабыр*) Салыстыр.: ала шарбы бұлт – ала шабыр бұлт. Шабыр топонимі қалм. *шавр* «батпақты, шалшықты» сөзінен жасалып тұруы да мүмкін.

***Шақат*** – е. м. Павл. обл., Павлодар қ. ә. *Шақат* сөзі «қағы кепкен сортаң жер» мағынасындағы географиялық терминге айналады (ҚТТС, 10т, 98). Кейде «өсімдігі сирек тастақ немесе сортаң жер» деген анықтама беріледі (Қоңқашпаев, 1951). Бұдан *шақат* апеллятивінің шөлді, шөлейтті жерлерге тән топонимдер жасайтынын көреміз.

***Шет –*** өзен. ШҚО, Абай ауд. Э.М.Мурзаев А.П.Дульзонның «*шет* – кет тілінде «өзен» мағынасын береді» деген пікірін келтіреді [46; 628]. Алайда қазақ тілі лексикасында да *шет* сөзі бар екені белгілі. Мәселен, Ә.Қайдар *шет* түбірінің мынадай мағыналарын келтіреді: «1) край, окраина; 2) дальний, удаленный за пределами; 3) постороний, чужой » [38; 274].

*Шет* географиялық термині «сырт жер, жырақ, оқшау маң» (ҚТТС, 10 т, 206) мәнінде жазық, далалы жерге тән топонимдер жасайды және «сыртқа қарай ағатын өзен, шеткі су» мәнінде гидроним бола алады. Талдап отырған *Шет* өзені «Шыңғыстаудан басталатын көптеген бұлақ, сулардың ең шеткісі» мағынасында тұр. Тура осындай мәнде жасалған *Орта Теректі, Шет Теректі, Шетбұғаз, Шет Ырғыз, Шетпе, Шетдала* тәрізді топонимдер кездеседі.

***Шөл*** – тоғай. ШҚО, Аягөз ауд. Топоним «жауын-шашын аз жауатын, суға тапшы аймақ» (ҚТТС, 10т, 267) мәніндегі *шөл* географиялық термині арқылы жасалып тұр.

Қазақстанда ресми түрде «шөл зонасы Каспий теңізінен Тарбағатай тауының етегіне дейін созылады және 117 млн. га жерді қамтиды» деп белгіленген [63; 154]. Шөлдің өзі «тастақты, саздақты, сорлы, құмды шөлдер» болып бірнеше түрге бөлінеді [75; 38].

Сондықтан елімізде *Шөл, Шөлқарасу, Шөлқұм, Шөлтау, Шөладыр,* т.б. атаулар жиі кездеседі.

***Шұбар*** – е. м. Алм. обл., Кербұлақ ауд. «Ара-арасында ойдым-ойдым жайылымы бар бұталы өріс» (ҚТТС, 10т, 278) анықтамасы *шұбар* географиялық терминінің мәнін дәл ашады. Кей жерде бұта ғана емес, ойдым-ойдым өскен қайың, қарағай, т.б. өсімдіктер де «шұбар» ұғымын туғызады. Бұл жерде географиялық нысанның ала-құла, теңбіл-теңбіл, шұбар түсті болып келуі басты ерекшелігі. Шұбарлар мал жайылымына аса қолайлы болғандықтан, ерекше назарда болған.

Қазақстанда *Шұбар, Шұбарқұдық, Жаманшұбар, Шұбартөс, Шұбартау*, *Шұбарши* сияқты топонимдер мол кездеседі.

***Шұқыр*** – көл. Жамб. обл., Т.Рысқұлов ауд. «Қазылған, ойылған жер; шұңқыр» (ҚТТС, 10т, 283). Шұқыр үнемі қазылған жер емес, табиғи жаратылыстан пайда болуы да мүмкін.

*Шұқыр* термині *Шұқыркөл, Шұқырсай, Шұқыршақ, Шұқырши* сияқты топонимдер жасайды.

***Шұңғыл*** – е. м. ШҚО, Жарма ауд. ҚТТС-та «түбі терең, шұңқыр» мағынасындағы сын есім деген сипаттама беріледі (10т, 284). *Шұқыр, шұңқыр, шұңғыл* үшеуі бір түбірден жасалғаны тұлға жағынан да, мазмұнынан да байқалып тұр. Бұлардың ішінде *шұңғыл* «тереңірек» деген ұғым береді (мысалы: шұңғыл ыдыс), бірақ топонимжасамда белсенділігі аз.

***Шұңқыр*** – тұзды көл. Павл. обл, Аққу ауд. Э.М. Мурзаев өз сөздігінде *шұқыр* мен *шұңқыр* терминдерін бірге қарастырған [46; 620]. ҚТТС-та «қазылған, ойылған жер, шұқыр» түрінде екеуіне бірдей анықтама беріледі (10т, 285). Біздің ойымызша, бұл бір географиялық терминнің екі түрлі айтылымы ғана. Мәселен, Шығыс Қазақстанда *шұңқыр* термині басым қолданылса, *шұқыр* өте сирек қолданылады. Оны жер-су аттарынан да көруге болады: *Шұңқыр Қалжыр, Шұңқырқора, Шұңқыржұрт,* (барлығы ШҚО-ға тән топонимдер). Қазақстанның басқа аймақтарында *Шұңқыркөл* (СҚО), *Шұңқырқұдық* (Қар. обл.) кездеседі.

### 3.2.1.4 Елді мекен атауларын білдіретін түбір топонимдер

***Аймақ*** – е. м. СҚО, Тайынша ауд. *Аймақ* «өлке, өңір, атырап» (ҚТТС, 1т, 98) мәнінде түркі, моңғол, тұңғыс-мәнжүр, тіпті славян тілдерінде қолданылады. Моңғолияда ресми әкімшілік атау (біздегі облысқа тең) қызметін атқарады.

*Аймақ* географиялық термині тым жалпы мағына беретіндіктен, жалқы есімге сирек айналады. Әдеби шығармаларда *Алтын аймақ, Астықты аймақ* сияқты поэтикалық атаулар жасалады.

***Ауыл*** – жайлау. Павл. обл., Май ауд.; т.ж. с.т. ШҚО, Бородулиха ауд. *Ауыл, айыл, авыл, ағыл* нұсқаларында түркі, моңғол тілдеріне кең тараған ойконимдік термин. ҚТТС-та «бір жерге қонған киіз үйлі көшпелі ел» (1т, 490) деген сипаттама беріледі. Дұрысы: «көшпелі елдің бір жерге орналасқан киіз үйлі тұрағы» болу керек еді. Кейін, отырықшылыққа көшкен соң, шағын тұрақты елді мекен де *ауыл* атын қабылдады. Алдағы уақытта *ауыл*-ды ығыстыра бастаған *село, поселка* секілді кірме ойконимдерді шектеп, *ауыл* терминін қайта дамыту қажет. Елімізде *Ауыл, Жаңааууыл, 13-ші ауыл, Ахметауыл* тәрізді ойконимдер кездеседі.

***Бекет*** – жайлау. Павл. обл., Ақсу ауд.; е. м. ШҚО, Көкпекті ауд. Кірме ойконимдік терминнен жасалған: *пикет* [фр. piquet] «шағын қарауыл әскер тобы» [83; 207]. Келе-келе орыс. «қарауыл әскер тұратын орын» мағынасынаауысқан.Ресейарқылықазақдаласынаенгенбұлтерминсолкездегіарба жолдарына салынған әскери пост және аялдама жерлерді білдіре бастады.

Қазақстанда *Бекет, Березовый Бекет, Бекетбазар* секілді ойконимдер сақталып қалған. Тілімізге бейімделіп кеткендіктен, «аялдама» мағынасында қолдана беруге болады.

***Жай*** – құдық. Қар. обл., Осакаровка ауд. Ә.Қайдар өз еңбегінде: *жай* VI ир. «место, местонахождение» деп түбірдің иран тілінен енгенін атап көрсетеді [38; 191]. И.Жеменейдің «Парсыша-қазақша және қазақша-парсыша сөздігінде» парсы. *жа* сөзі «1-орын, 2-мекен» мәндерін беретіндігі тіркелген [84; 255].

Қалай болса да, қазақ тілінде *жай* географиялық термині бар және ол «мекен, орын» мағынасын береді. *Мекенжай, жағажай* сияқты терминдер жасауға да қатысады.

*Жай* географиялық термині Алтайдың ел аузындағы бір аты *Ағажай* оронимін туғызған «аға (ата) жай, мекен, орын» мағынасында. «Ағажай Алтайдай жер қайда» атты халық әні де бар.

***Қала*** – е. м. Павл. обл., Екібастұз ауд.; е. м. Қост. обл., Арқалық ауд. ҚТТС *қала* ойконимдік термині: «иран. зат. Әкімшілік, сауда-саттық, өнеркәсіп орталығы, ірі елді пункт; шаһар, кент» түрінде анықтама бере отырып, оның иран тілінен енгенін атап көрсетеді (5т, 580). Э.М. Мурзаев *қала* сөзінің «қамал, ірі елді мекен» мағынасында бүкіл Евразия құрлығына кең тарағанын нақты деректермен дәлелдейді және иран. *калот* «бекініс, елді мекен» сөзінен шықты деген З. Розенфельдтің пікірін келтіреді [46; 242-243].

Қазақ жеріне жалпы есім ретінде ерте енген *қала* сөзі (*Қырлықала, Сырлықала, Бұзыққала, Күйікқала,* қарақалп. *Қойқырылғанқала)* қазіргі

кезде нақты елді мекен аттарының құрамында сирек кездеседі. Алғаш отырықшылыққа көшкен кезде, кез келген көлемдегі елді мекенді *қала* деп атау қалыптасқан сыңайлы. Мәселен, орыс қоныс аударушылары салған шағын хуторды қазақтар *Қотырқала, Күтірқала* деп атағаны мәлім.

Қазіргі кезде *Қала, Қалалыкөл, Қалашы* қатарлы ойконимдер бар. Келешекте топонимжасам барысында белсенді қолданысқа енгізу қажет.

***Қорған*** – адыр. Павл. обл., Май ауд.; е. м. ОҚО, Төлеби ауд. *Қала* кірме терминінің кезінде қазақ жеріне кең тарамаған себебінің бірі – оларда *қорған* < *қорға* + *н* «бекініс, қала» термині белсенді қолданыста болған еді *(Қорған, Жаманқорған, Шолаққорған т.б.)* .

Келешекте *қорған* терминін қала атауларының құрамына көптеп енгізуге болады. Мәселен, біздер бір мақаламызда Усть-Каменогорск (Өскемен) атауының орнына *Тасқорған* атауын ұсынған едік. Жан-жағын тасты таулар қоршап тұрғандықтан, ойконим нысанға сәйкес келеді және Қазақстандағы *Талдықорған, Жаңақорған* сияқты қала атауларымен бір типке енер еді. Оның үстіне Г.Ф.Миллер XVIII ғасыр басында бұл жерде қала салынбастан бұрын, сақтардың тас қорғандары болғанын жазады [85; 21].

***Кент*** – құз. Маңғ. обл., Түпқараған түбегі; тау. Қар. обл., Қарқаралы ауд. *Кент* ойконимдік термині «қала, елді мекен» мәнінде Қазақстан, Орта Азия аумағына кең тараған. ДТС-та: «*Kand* «қала» сөзі соғды тілінен енген» - деген түсінік беріліпті [46; 271]. Оның *кан, канд, кет, гент, конд* сияқты нұсқалары кездеседі.

Қазақстанда *Кент, Шымкент, Жезкент* қатарлы атаулар жасалған. Алдағы уақытта *кент* терминін қала атауларына қосуға әбден болады, өйткені оның кірмелігі білінбей, тілімізге бейімделіп кетті. Осы орайда Семипалатинск (Семей) қаласының атын *Жетікент* деп ауыстыру мәселесін көтерген едік, өкінішке орай мағынасы жоқ *Семей* атауы бекітіліп кетті. Бұл қаланың аты қалм. *Долонкит* – орыс. *Семипалатинск* – қазақ. *Жетікент (<Жетікит)* калькаларын бастан кешкен болар еді.

*Кент* атауы угро-фин. «жан-жағы жадағай келген шың, төбе» мәніндегі ороним болуы да мүмкін: (фин. *kenta* – «твердая почва» Фасмер, 1967,27).

***Көң*** – өзен (210км). Қар. обл., Нұра ауд. ҚТТС-та *көңнің* ауыспалы мағынасы «қалып қойған қоныс, мекен, жай, жұрт, қыстау» (5т, 170) екені жазылған. Екінші мағынаның өзі *көң* терминінің алғашқы «қордаланып қалыңдаған мал қиы» мағынасынан шығып тұр. Ел көшіп кетсе де, мал тұрған орын көптеген жылдарға дейін көгеніп, көрініп жататыны белгілі. Жоғарыдағы өзен бойын ел қалың жайлаған соң, *Көң* атануы мүмкін, әйтпесе бұл ойконимдік термин гидронимге көп жақындай бермейді.

*Көң* термині, көбінесе, микротопонимдерде көрініс береді. *Нартай көңі, Жаппейіс көңі* т.б. Содан болар Ә.Қайдар *көң* «жұрт» мәніндегі түбір сөзді диалекті деп белгілейді [38; 208].

***Орда*** – е. м. БҚО, Бөкей Орда ауд. ҚТТС-та *орда* сөзіне «орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай» деген біршама толық мәлімет беріледі (7т, 459). Түркі, моңғол тілдерінде бірдей мәнде қолданылатын *орда* сөзінің негізінде «орта», «орталық», «астана» мағынасы жатса керек.

*Орда* термині арқылы *Қызылорда, Ордабасы* сияқты ойконимдер жасалған.

Келешекте *Алтынорда, Ақорда, Елорда* (Баласағұнның бір аты) тарихи атауларының үлгісімен көптеген ойконимдер тудыруға болады. Мәселен, лайықты атау табылмай отырған Павлодар қаласына *Қимақорда* [Қыймақорда] атауын беруге болады, себебі ортағасырлық Қимақ қағанатының астанасы дәл осы қала тұрған маңда болған [55;26]. Ол *Қызылорда, Шолақорда* тәрізді ойконимдер типіне енер еді.

***Рабат*** – е. м. ОҚО, Қазығұрт ауд. *Рабат* ғалымдардың пікірінше, араб. *рибат* «керуен сарай», «аялдама, бекет», «қала сыртындағы демалыс орны» мәндерін беретін сөзінен тілімізге енген [46; 472-473].

Қазақстанда *Рабат, Шірікрабат* қатарлы атаулар бар. Ғалымдар Москвадағы *Арбат* урбанонимін де осы *рабат* сөзінен шығарады. Топонимжасамда *рабат* терминін қажеттілік болмаса көп таратпаған жөн. Мұнда ол терминнің кірмелігін және тілге ауырлығын (түркі сөздері *р* дыбысынан басталмайды) ескеру қажет.

Сонымен түркі тілдерінде елді мекен атауларын жасауға қатысатын терминдер баршылық: *ауыл, балық, қорған, қала, күрен, қыстақ, сарай, орда, жұрт, тұра, кермен* т.б. Бұларды топонимжасам процесіне кеңінен қатыстырып отыруға міндеттіміз. Ал басқа тілден енген *абат, град (город), хисар, шахар, рабат, гузар, бор (бург)* тілімізде де, өмірде де жарасым таба қоюы екіталай.

Апеллятив атаулардың ішінде кен орындарына байланысты ***Алтын*** (аңғар. СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.) және ***Мыс*** (тау; 206,2 м. Қар. обл., Жезді ауд.) топонимдері кездеседі. Олардың жасалу жолы, уәжі түсінікті болғандықтан, жеке қарастырылмады. Кен орындарына байланысты терминдерден *Жезқазған, Жезкент, Теміртау* сияқты сәтті атаулар жасалған. Алайда *Никель, Хром* сияқты Менделеев кестесіндегі химиялық терминдерді жер-су аттарына көшірудің қажеті жоқ.

Қорыта келгенде, апеллятив атаулар жеке тұрып, болмаса географиялық термин ретінде атау құрамына еніп, топонимжасамның бір қайнар көзі бола алады демекпіз.

### 3.2.2 Метафора арқылы жасалған түбір топонимдер

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы бір сөздің мағыналық жақтан өзгеріп, жаңа сөз туатынын айттық. Жаңа сөз өзі бөлініп шыққан сөзге омонимдік қатынас құрайды. Өткен тараушада қарастырылған апеллятив атаулар, негізінен, омонимдер болып табылады (жалпы есім *өзен* – жалқы есім *Өзен*). Бұл жерде «сөз үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейтінін» ескеру керек. «...Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар: 1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі; 2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей өз сөз табының құрамында қалуы» [3;208]. М: *екпін – екпін* (т.б.)

Сөзжасамның конверсиялық тәсілін арнайы зерттеген ғалым Ж.Сарбалаев сөздің басқа сөз табына ауысқандарын «лексика-грамматикалық омонимдер», ал жаңа мағына алса да сөз табын ауыстырмаған сөздерді «лексикалық омонимдер» деп атайды. Оның негізгі себебі, ғалымның айтуынша, лексика-грамматикалық омонимдер «сөзжасамның лексика-семантикалық жолы арқылы пайда болатынында» [70;27].

Сөзжасамдық мағына жасаудың тағы бір қайнар көзі – **метафора**. А.Салқынбай сөзжасамдық мағынаның метафоралану процесіндегі алты түрлі ерекше номинативтік белгілерді атап көрсетеді: «1) ұқсастығы; 2) тектестігі; 3) салыстырылуы; 4) іргелестігі; 5) абстрактылы қабылдануы; 6) ұғымның байланыстылығы». Автор, сонымен бірге, «метафора жасау танымның жоғары деңгейінде, абстрактылы ойдың жемісінде пайда болатын сөзжасамдық процесс» екенін атап көрсетеді [1;89-90].

Топонимжасамда да, дәл сөзжасамдағыдай, метафора арқылы жасалған түбір топонимдер мол кездеседі. Мәселен, біз қарастырып отырған түбір топонимдердің ішінен көлемі жағынан апеллятив атаулардан кейін екінші орынды метафоралық атаулар алады. Топонимикадағы метафора туралы О.Т. Молчанова былай дейді: «... В этом случае аппелятивы, став топонимами, утрачивают свои исконные значения и приобретают новые метафорические или метонимические, как результат определенных ассоциаций, тотемных культов, обожествления природы» [81;112].

Біз метафоралық атауларды, апеллятив атаулар сияқты, лексика-семантикалық топтарға бөлмей қарастырамыз. Оның себебі метафоралық жолмен жасалған атаулар, қалай болса да, бұрынғы мағынасынан қол үзеді, бірақ басқа сөз табына өтіп кетпейді. «Бұл тәрізді сөздердің ең алғашқы лексикалық тура мағынасы қай сөз табына қатысты болса, содан өрбіген туынды (қосымша) мағыналарды да сол сөз табына жатқызу жөн болады. Бұл – олардың (мағыналарының) шығу тегі бір, бір негізден (тура мағынадан) таралатындығын айқындап көрсетіп тұрады» [86;88].

Қазақстанда кездесетін түбір топонимдердің арасында метафоралық және аздаған синекдохалық атаулар тобы бар. Олар өз бетінше жеке-жеке сөзжасамдық тип құрайтыны белгілі.

**а) Метафоралық атаулар:**

***Айдар*** – шатқал. СҚО, Ш.Уәлиханов ауд. ҚТТС-та бірінші мағынасы: «төбеге қойылатын бір шоқ шаш» (1т, 91) түрінде белгіленген. Түркі халықтары мұсылман дініне енгенге дейін, төбеден бастап шаш өсіріп, бұрым өретін болғаны тарихтан мәлім. Сол шаш пен бұрым да *айдар* деп аталады.

«Төбеден бастап өрілген шаш» мағыналы *айдар* сөзі метафоралық жолмен топонимге айналғанда, «тау, шоқы не төбенің басына өскен бір топ өсімдікті немесе төбеге шоғырлана біткен бір топ тасты» білдіреді. Мұнда, әрине, тұлғалық ұқсастық атауға уәж болған.

*Айдар, Айдарлы, Ақайдар* сынды топонимдер туындаған.

***Айыр*** – тау (844 м). Қар. обл., Қазыбек би ауд. Бұл түбір топонимнің жасалуына әсер еткен себепші негіз мағынасы *айыр* «шөп, сабан жинауға керекті құрал» (ҚТТС, 1т, 117) аты.

Айыр, ең әуелі, ашалана біткен ағаштан жасалып, кейін темір айырға ауысқан. Қазақстанның Шығысы айырды «айырағаш» деп сөйлейтіні содан қалған.

Топонимикада түрк. *айыр* «тау басының, жолдың, өзен салаларының т.б. айырылғанын» білдіретін географиялық терминге ауысады. Өзеннің шағын тармағын атау үшін, *айрық (айыр + ық)* термині де қолданылады. Ғалымдар *адыр* мен *айыр* сөздерін бірге алып қарайды.

Қазақстанда *айыр* сөзінен жасалған метафоралық топонимдер мол кездеседі: *Айыр, Айырқұм, Айыртас, Айыртау, Айырсу* т.б.

***Алқа*** – е.м. СҚО, Ақжар ауд. *Алқаның* негізгі мағынасы: «қыз-келіншектер мойнына, омырауына сәнге тағатын әшекейлі зат; маржан, меруерт» (ҚТТС,1т, 223). Сақ, ғұн, түркі қағандарының лауазымын білдіретін алтын алқалары болғанын археолог-ғалымдар дәлелдеп отыр (З.Самашев т.б.).

*Алқа* сөзінен метафоралық топонимдер жасалады, бірақ әр түрлі жолмен: 1) «сырт бейнесі алқа тәрізді екі шеті жіңішке, ортасы жалпақ дөңгелене біткен кез келген географиялық нысан»; 2) «*алқа* (паслён) шөбі өсетін жер» [87;51]. *Алқап (алқа+п)* «өңір, аймақ» географиялық термині алқадан шығады.

*Алқа, Алқаағаш, Алқакөл, Алқатерек, Алқабек* атаулары жерімізде бар.

***Алқым*** – қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд. Тура мағынасында *алқым* «бауыздау жер, тамақ, сағақ» (ҚТТС, 1т, 225). Ауыспалы мағынада, яғни топонимжасамда «таудың тік беткейі басталар тұсы». Мысалы, Алматы қаласы – Алатаудың алқымында орналасқан қала.

*Алқым, Алқымаузы, Сарыалқым секілді атаулар жасалады.*

***Асау*** – шатқал. СҚО, М.Жұмабаев ауд. «Жүген – құрық тимеген, үйретілмеген, бас білгі емес» (ҚТТС, 1 т, 371) сын есімінен метафоралық жолмен жасалған атау. Жылқыда болатын асау мінезді ағынды өзенге телуден туатын гидроним болуы мүмкін (салыст.: асау жылқы – асау өзен).

***Аша*** - өзен. СҚО, Ш.Уәлиханов ауд. *Ашаның* негізгі мағынасы: «екі не одан да көп тармаққа айырылып шыққан ағаш» (ҚТТС, 1т, 511). *Айыр* сөзімен мәндес, сондықтан қаз.диалект. *аша* сөзі «айыр» құралын білдіреді.

Топонимжасамда *аша* «таудың екіден кем емес айырылған басы, шыңы», «сай, өзендердің екіге айырылып ашалануы» мағыналарында қолданылады. М.: *Аша, Ашакөл, Ашалы, Ашасу, Екіаша* топонимдері қалыптасқан.

***Аяқ*** – жайлау. Павл. обл., Екібастұз қ.ә. *Аяқ* [айақ], ең алдымен, «адамның, жан-жануарлардың жүру, тұру қызметін атқаратын дене мүшесі» (ҚТТС, 1т, 545). Адамзат тілі шыға салысымен дене мүшелеріне ат қойған деген пікірге сүйенсек, *аяқ* сөзінің басқа мағыналарының барлығы ауыспалы деуге болады.

*Аяқ* көпмағыналы сөзі топонимжасамда да белсенді: «кез келген географиялық нысанның соңы, төменгі жағы». *Бас* сөзіне қарама-қарсы мәнде қолданылады. М.: Өзеннің басы - өзеннің аяғы. Таудың басы - таудың аяқ жағы (етегі) т.б.

Осындай мәнде *Аяқ, Аяқарал, Аяққарауыл, Аяқкөл, Аяққұм* т.б. топонимдер пайда болған.

***Бақан*** – қыстау. Павл.обл., Баянауыл ауд. *Бақан* – «киіз үйді тігіп жатқанда, шаңырақты көтеріп тұруға арналған басы екіге айырылған ұзын сырық», яғни тұрмысқа қажетті құрал аты болған.

Ауыспалы мағынада, көбінесе басы не аяғы екіге айырылған өзендерге қаратып айтылады. Сонымен бірге, Қазақстанда көптеп кездесетін *Бақанас* гидронимін бір зерттеушілер осы *бақан* сөзінен шығарса, енді бір ғалымдар моңғ. *богино/ богонь* «қысқа, шолақ» + *ус* «су» сөздерінен жасалған дейді. Біздің зерттеуімізде *Бақанас* гидронимі бір жерден екінші жерге құятын немесе аяғы құрдым болып құмға сіңіп кететін шолақ өзендерге беріледі. Ендеше *Бақанас* < *моңғ. Богоньус* «қысқа, шолақ су (өзен)» деген Ғ.Қоңқашпаевтың пікірі дұрыс [46;66]. Ал *Бақан, Бақанды* атаулары қаз. *бақан* сөзінен ұқсату арқылы жасалған.

***Балға*** – айрық. СҚО, Ш.Уәлиханов ауд. *Балға* «шеге қағатын құрал» мағынасында топонимге айнала қоюы екіталай, өйткені сырт тұлғасы балғаға ұқсас табиғи нысан кездесе бермейді. *Балға* топонимінің негізінде «*бал* IV (водянистое, болотистое, тонкое): *балқаш* < *бал+қаш; ... балшық* < *бал+шық; балжыр (бал+жыр)»* [38;174] түбірі жатыр деуге болады.

Атап айтқанда славян. *балка* «лощина, ложбина, овраг, иногда большой протяженности» [88;41] сөзі түркі. *балға* сөзінен шығуы мүмкін. Олай дейтініміз орыс тілінің өзінде «түркі тілінің әсері болуы мүмкін» деген сипаттама беріледі. (Э.М.Севортян).

Сонымен түркі. *балға* > *балка* «түбі батпақты жыра, сай» мағынасында славян тіліне енген деген қорытынды шығады.

Балға тәрізді *балта* «батпақты аңғар» мағынасында молд., рум., алб., гагауз тілдерінде кездесетін ГТ бар. Қазақстанда кездесетін *Балға, Балғалы* (е.м. Алм. обл., Кербұлақ ауд.) атауларының денотатын (атау берілген нысанды) көзбен көріп, салыстыру артық болмайды.

***Балуан*** – көл. СҚО, Шал Ақын ауд. Таза метафоралық атау. *Балуан/палуан* «үнемі күреске түсіп жүретін адам; спортшы» болғасын, оның денесі сом, шымыр болып келетіні рас. Табиғи нысанды балуанның денесіне ұқсатудан туған *Балуан* топонимі басқалардан ірі немесе көлемі үлкен географиялық нысандарға берілетін болған. М.: Жерімізде *Балуан-тас*, *Балуанкөл* қатарлы метафоралық атаулар кездеседі.

***Бауыр*** - өзен. Қар. обл., Абай ауд. «Адамның ағзасындағы ірі мүшенің бірі» бауыр адамның оң жақ кеудесінің астын ала орналасқан. Нақ осы бауырдың орналасқан орны *бауыр* географиялық терминін жасайды. ГТ, өз кезегінде, *Бауыр, Бауырқамыс, Бауырдағы қора* қатарлы топонимдер туғызады.

Топоним *Бауыр* атану үшін, нысан әлдебір биіктіктің (тау, төбе, шоқы т.б.) түбіне, қойнауына, ығына орналасуы басты шарт.

***Бет*** – тау. Павл. обл., Баянауыл ауд. Адам дене мүшелерінің терминдері табиғатқа тікелей көшіріліп, метафоралық атаулар жасалғаны ертеректе қалыптасса керек. Себебі табиғатпен етене араласып өмір сүргенде ғана табиғаттың әр қыры мен сырын тап басып тану мүмкін болмақ. Әсіресе, адам денесін тауға теңеп барып жасалған оронимдер аса дәлдігімен ерекшеленеді. Адамның бетіне (жүзіне, әлпетіне) ұқсату үшін таудың бір жағы, кейде екі жағы да, біршама тегіс көлбеу жазықтық болып келуі қажет. Қалың орман өскен, оғыр-шоғыр тасты болса *бет* деп атамаған. Таудың екі жағы дейтініміз – күнгей беті мен теріскей беті.

*Бет* географиялық терминінен *беткей* <*бет+кей* «таудың шағын, кішілеу беті» апеллятиві қалыптасқан (-қай, - кей жұрнағы туралы келесі тарауларда айтылады).

*Бет, Бетбұлақ, Бетқайнар, Бетқұдық, Аршалыбет* т.б. топонимдер бар.

***Босаға*** – е.м. Ақм.обл., Қорғалжын ауд. *Босаға* – түркі, моңғ. «есіктің екі жаны; жақтауы», «табалдырық» мағыналарын беретін сөз. Топонимикада – «арасынан өтетін жолы бар екі биіктік (әлде тау, әлде жартас т.б.)». Ол биіктіктердің әрі тіктеу, әрі еңселі болып келуі ұқсатудың негізгі та-

лабы болып табылады. Кейде ондай өткелең жерлерге *есік* географиялық термині қолданылады.

Қазақстанда босағаға ұқсату арқылы жасалған *Босаға, Босағаадыр, Босағатау* сынды топонимдер кездеседі.

***Бөрік*** – е.м. БҚО, Жаңақала ауд. *Бөрік* сөзі түркі халықтарының ежелден бері бас киімінің аты болып келген. Мәселен, «араб жазушысы Эн-Нувейри (1333 ж. қайтыс болған) қыпшақтар бас киімдерін «бөрк» деп атайды» деген ғылыми дерек береді [89;11].

Топонимжасамда *бөрік* сөзі метафоралық жолмен «басында киген бөріктей шоғырлана біткен тастары бар тауларға» байланысты айтылады. Қазақстанда *Бөрік, Қарабөрік* таулары бар.

***Бүйрек*** – е.м. Атыр. обл., Қызылқоға ауд. *Бүйрек* – ең алдымен, анатомиялық термин. Оның топонимдік терминге айналуы қызметіне байланысты емес, сыртқы, тұлғалық ұқсастығына байланысты. Көбінесе қатар тұрған екі төбеге (дөңге, шоқыға т.б.) бүйрек атауы таңылады және екеуі де мал бүйрегі сияқты бірдей, деңгейлес, ұқсас болып келуі қажет.

Сонда *бүйрек* (анатомиялық термин) > *бүйрек* (ГТ) > *Бүйрек, Бүйректөбе, Бүйрекқұм* (топонимдер) үлгісі бойынша жасалады.

***Дарбаза*** – е.м. ОҚО, Отырар және Сарыағаш ауд. Түбі иран тілінен шыққан *дәр* «есік», *дарваза/ дарбаза* «қақпа» мағыналы сөзі Қазақстанның оңтүстігіне енген. Қалған аймақтарда қолданылмайды.

*Дарбаза* «қақпа» кірме сөзі ұқсастық (метафоралық) жолмен топонимдік терминге көшкенін Э.М.Мурзаевтың сөздігінен көруге болады (Э.М.Мурзаев, 1984;172). *Дарбаза* географиялық термині «арасында өтетін жолы бар екі тас, не тауды» білдіреді. Қаз. *қақпатас, есік, босаға* терминдерімен мәндес. *Дарбаза* географиялық терминінен жасалған топонимдер ареалы, жоғарыда айтып өткендей, оңтүстік аудандарға тән: *Дарбаза* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.); *Дарбазақұм* (е.м. Алм. обл., Панфилов ауд.).

***Дің*** – тау. Павл. обл., Баянауыл ауд., *Дің* 1) ствол; стойка; 2) диал. возвышенность, высота, вертикальный ... [38;187].

*Дің* сөзінің алғашқы мағынасы: «ағаштың бұтағын есептемегендегі сұлбасы, ұзына бойы» болса, топонимикада «тік, биік және түзу тау, төбе, құз, шыңдарға» ауысқан (тұлғалық метафора бойынша). *Дің* түбірінен *діңгек* < *дің+гек* туынды түбірі шығады. *Діңгек* «ағаштан қиып, аршып жасалған бағана, тіреу» мағынасын береді және ол да «шаншыла біткен тік шың, құз немесе жеке тұрған тау, төбе» атауына көшкен. Қазақстанда *Діңгек* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.) топонимі де кездеседі.

Екі географиялық терминнен *Дің, Діңгек, Қарадің* атаулары жасалады.

***Емел*** – е.м. ШҚО, Үржар ауд. *Емел* моңғ. *эмээл* «ер» (аттың ертоқымы) сөзінің қазақша дыбысталуы [77;772]. Топонимикада «аттың

еріне ұқсас тау арасы; бел» табиғи нысандарды атайды. Бір ғажабы қазақ. *ер* сөзінен ГТ жасалмаған, ал орыс тілінде *седло* «ер», седловина «екі тау жотасының арасындағы бел» терминдері қолданылады.

Қаз. *ер* географиялық терминінің жасалмауы *ер* сөзінің омонимдерінің болуынан деп жорамалдауға болады, өйткені омонимдер термин сөздерді, топонимдерді шатастыруға ұрындыратыны айқын.

Қазақстанда *Емел, Алтынемел, Емелтау* қатарлы оронимдер ұшырасады.

***Жұмақ*** – тау. ШҚО, Шыңғыстау тау жүйесі. *Жұмақ/ұжмақ* араб. «о дүниеде болатын ғажайып өмір; мекен» мағынасындағы діни сөзі метафоралық жолмен топонимге ауысқан. *Жұмақ* «жанға, малға жайлы жер»мағынасында тұрған ороним деуге болады. Кең тарамаған ГТ.

***Жүзік*** – жайлау. Павл. обл., Ақсу ауд. *Жүзік* тура мағынасында: «қолдың, саусақтарына кигізетін дөңгелек әшекей бұйым». Ал топонимжасамда оның дәл осы «дөңгелек, шеңбер» уәжділік белгісі бірінші орынға шығады да, географиялық нысанның дөңгелене, шеңберлене біткен бітімін білдіреді. Топоним ретінде көп тарамаған.

***Қабырға*** - өзен. Қост. обл., Жанкелдин ауд. *Қабырға* сөзінің негізгі мағынасы «омыртқа мен төс сүйегін ұштастырып тұратын имектеу келген жіңішке сүйек» (ҚТТС, 5т, 465). *Қабырға* анатомиялық термині ауыспалы мағынада алдымен «белгілі бір баспананың (мәселен, үйдің) қанаттары» сөзін туғызады. «Баспананың қабырғасы» мағынасы ұқсату арқылы «таудың қапталы, қабырғасы» мәніндегі ГТ жасайды.

*Қабырға* өзені бір биіктікті қабырғалай ағатын болған соң, Қабырға атына ие болады. Жерімізде *Қабырға, Қабырғатал, Еренқабырға, Қабырғашы < қабырға+ащы* тәрізді метафоралық атаулар бар.

***Қазан*** – шатқал. Павл. обл., Аққу ауд. *Қазан* сөзі алғашында «тамақ пісіруге арналып, шойыннан я мыстан жасалған ыдыс» (ҚТТС, 5т. 500) атауы болған. Ыдыс атауынан туындаған көптеген мағыналарының бірі – «қазан тәрізді дөңгелене біткен ойыс, шұңқыр жер» мәніндегі ГТ. *Қазан* географиялық термині өз кезегінде ұқсату арқылы қыруар топоним жасауға қатысады. Атап айтқанда, Татарстанның астанасы *Қазан қаласы* сияқты макротопонимнен бастап, *Қазанбасы, Қазансу, Қазаншұңқыр* (атау, әрі ГТ), *Қазансынған* тәрізді микротопонимдер де қалыптастырады.

***Қазық*** – тау (686 м). Қар. обл., Ақтоғай ауд. Меншікті мағынасы: «жерге қағып, бір нәрсені байлауға арналған ұшы үшкір кішірек келген ағаш не темір» (ҚТТС, 5т, 513). Қазық сөзінің түбірінде *қақ* «жерге қағу» етістігі жатқан сыңайлы: қақ+ық >қағық >қазық.

Ауыспалы мағынада, әсіресе «қаққан қазықтай» туынды тіркесі арқылы, «түп-түзу, тіп-тік, қақиған» табиғи нысандарды білдіретін географиялық терминге айналады. Жоғарыда *қазық* апеллятиві *Қазық*

оронимін туғызған. Ол таудың жеке тұруы қазыққа ұқсастығын арттыра түскен.

***Қақпан*** – айырық. Павл. обл., Баянауыл ауд. ҚТТС-та *қақпан* сөзіне «аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құрал» анықтамасы берілген (5т, 570).

Топонимикада *қақпан* тура мағынасымен атау жасауы да мүмкін («қақпан құруға ыңғайлы жер т.б.»), бірақ тым тұрақсыз және болмашы белгілер атауға уәж бола алмайды. Мұнда метафора қатысып, «аңды өзен, тау айрығына қамап ұстауға ыңғайлы жер; табиғи қақпан» деген мәндегі топоним жасалып тұр деуге болады. Мәселен, *Қақпансор* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.) топонимі «аяқ батып, ұстап қалатын сор» мағынасын беретінін байқау қиын емес.

***Қалпақ*** – е.м. Қар. обл., Абай ауд. «Еркектердің жеңіл бас киімі» (ҚТТС, 5т, 594) мағынасындағы *қалпақ* сөзі тұлғалық ұқсастығы бойынша «қалпаққа ұқсас табиғи нысандарды білдіретін» географиялық терминге айналған деуге болады. Алайда қарақалпақ ғалымы Д.Айтмұратов көптеген түркі тілдерінің тарихында *қалпақ* сөзі *ғұлпақ/кулпак* «кекіл», «айдар», «шаш», «бұрым» мағыналарын беретінін ескертеді. Сөйтіп, автор, *қарақалпақ* этнонимін *қарағұлпақ* «қара бұрымдылар», «қара шаштылар» деген мағынадан тарқатады [89;37].

Айтылған пікірге сүйене отырып, *қалпақ* географиялық термині көне түркі. *ғұлпақ* «айдар» мәнінде де қолданылуы мүмкін демекпіз (қараңыз: ***Айдар***).

***Қоржын*** - е.м. БҚО, Қаратөбе ауд. ҚТТС-тағы «әр түрлі нәрсе салуға арналып жүннен тоқыған екі басты қап» (6т, 349) анықтамасы қоржын сөзінің мәнін толық ашып тұрған жоқ. Бұл жерде «атқа бөктеретін, екі басы тең етіп тігілген (тоқылған) қап» деген сипаттама оның негізгі белгілерін атап көрсетеді: атқа артуға арналуы және екі жағы тең болып келуі.

Топонимикада нақ осы «өзара жалғасқан тең екі бөліктен тұратын» белгісі атаулар жасайды. Әуелде «бір есіктен енетін, тең екіге бөлінетін үйлерді» *қоржын там* атап, соған ұқсас табиғи нысандарды *Қоржынкөл*, *Қоржынтау*, атандырған ұлттық менталитет болса керек.

***Қылыш*** – е.м. Қар. обл., Нұра ауд. *Қылыш* топонимінің жасалу жолы туралы екі түрлі пікір келтіруге тура келеді: 1) *қылыш* «шауып түсуге ыңғайлап, болаттан істелген өткір жүзді, ұзындау келген, тұтқалы имек қару (ҚТТС, 6т, 598). *Қылыш* сөзі метафоралық жолмен «жүзі көкке қарап жатқан қылыш тәрізді қырлана біткен тастары бар жал, қырларға» атау болуы мүмкін. Біздің зерттеуімізде *Айбалта* аталатын сондай жал кездесті. 2) *Қылыш* түбір топонимі өз ішінде морфемаларға бөлініп кетеді де, *қылы+ш* «шағын кішілеу қылы жер» мағынасын береді. Өйткені,

«-ш» жұрнағы кісі аттарына және бір алуан жалпы есімдерге жалғанып, оларға кішірейту, еркелету, аялау тәрізді қосымша мағына жамайды: қалқаш, бөпеш, тегеш, Құрмаш, т.б.» [90;168]. *Қылыш, Жақсықылыш* топонимдері кездеседі.

Бұл екі пікірдің қайсысы дұрыс келетінін географиялық нысанның өзінен басқа ешкім айта алмайды. Біз жұмыста болмыс дүниені, табиғи нысанды бірінші орынға қоятынымыз да – сол себепті.

***Құлақ*** – қыстау. Павл. обл., Ақсу ауд. ҚТТС-та *құлақ* «адам мен жануарлардың есту мүшесі» сөзінен туындаған сөздер мен сөз тіркестері үш бетті тұтас алып жатыр (6 т, 453). *Құлақ* сөзінің бірінші, негізгі мағынасынан *құлақ* «арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа» кәсіби сөзі бөлініп шығады. Дәл осы мағынада *құлақ* гидронимдік термин жасайды: «арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа (құлақ) орналасқан жер». Сонымен бірге, *құлақ* «шығанақ», «ерекше делдиген, бөлектенген басқа да табиғи нысандарды» білдіруі мүмкін.

Жерімізде *Құлақ, Құлақша* тәрізді атаулар баршылық.

***Кетік*** – шатқал. Павл. обл., Ақсу ауд. *Кетік* «нәрсенің, заттың бір шетінің сынып, опырылып-жемірілген, қопарылған жері» және «түскен тістің орны» (ҚТТС, 5т, 10) мағыналарын білдіретін сөзі ауыспалы мағынада *Кетік* топонимін жасаған.

*Кетік* топонимдік термині «табиғи нысанның көзге түсетіндей кетілген, сынған, қатары бұзылған» жерін ерекше белгі етіп алады. Топожүйемізде сирек кездеседі.

***Кетмен*** – е.м. Алм. обл.,Үйғыр ауд. Үйғыр. *кетмен*, қаз. *кетпен* «топырақты жазу және шабу үшін жұмсалатын қол құралы» мағынасын білдіретін сөзден метафоралық жолмен жасалуы мүмкін (айыр>Айыр үлгісімен). Алайда кетпеннің сырт бейнесіне ұқсас табиғи нысанды табу қиын.

Біздің ойымызша, көне түрк. *қат* «жеміс-жидек» [38;200] + *ман* (түркі. «туынды сын есім жұрнағы») > *Қатман* > *кетмен* «жеміс-жидекті мол беретін жер» мағынасында тұруы мүмкін. Тілші-ғалым М.Томанов – ман, - мен қосымшасы қазақ тілінде сын есім жасамағанмен, басқа түркі тілдерінде сын есім тудыратынын атап өтеді (ақылман, қараман) [91;121].

***Көбе*** - тау. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Көбе* – «тырнақтың айналасындағы жиек еті» мәніндегі анатомиялық термин (ҚТТС, 5т, 82). Топонимикада *көбе* «судың жермен, жазықтың таумен т.б. шектесетін жері» мағынасында ГТ жасайды (тау көбесі, су көбесі, жер көбесі). Микротопоним ретінде жиі кездеседі: *Көбе, Көбек, Сарыкөбе* т.б.

***Көген*** –тау (507 м). ШҚО, Аягөз ауд. «Қой, қозы-лақтарды мойындарынан байлау үшін қысқа жіптер тағылған, ұшы түйілген (керілген – Б.Б.) ұзын арқан» (ҚТТС, 5т, 90) мағыналы сөзі ұлттық кәсіпке тән кәсіби термин.

Топонимикада, міндетті түрде метафора арқылы, «бір жүйеге тізбектеле орналасқан тау, төбелерді» білдіретін географиялық терминге айналады. Қазақ тілінің ментальды-когнитивтік сипаты дейтініміз – осы: күнделікті көріп жүрген көгенге, тізбектеле орналасқан тауларды ұқсата салған. Ұлттық топонимдер осылайша қалыптасқан.

***Көмей*** - е.м. Ақм. обл., бұрынғы Сілеті ауд. *Көмей* «ауыз қуысын өңешпен жалғастырып тұратын мүше» (ҚҚТС, 5т, 155) анатомиялық терминінің негізгі қызметі – бір нәрсені өткізуі. Көмей географиялық терминге ауысқанда, «өзен, судың тар, қыспақ жерге келіп, құйылуы; тау шатқалдарына кіре беріс тұсы» деген мән береді.

***Көсе*** – тау (1014 м). Қар. обл., Шет ауд. ҚТТС-та *көсе* «жарытып сақал-мұрт шықпайтын, бет-аузы жылмағай» (5т, 222) адам түрінің негізгі мағынасы екінші нөмірмен беріледі. *Көсе* оронимі тура осы мағынадан ұқсастық арқылы жасалып, «өсімдігі аз, тақыр, тасты тау» дегенді білдіріп тұр.

Бірінші реестрде *көсе* сөзі орыс тілінен деген белгімен «теңіз түбінің шөгінділері» мәнін беретіні жазылады да, орысша нұсқасы көрсетілмейді. Орыс тілінде *көсе* сөзінің болуы мүмкін емес, сондықтан бұл орыс. *коса* «идущая от берега низкая и узкая полоса земли» сөзі болуы керек деп жорамалдаймыз [88;299-300].

***Күршек*** – е.м. Қызылорд. обл., Арал ауд. Түсіндірме сөздікте: «*Күршек* ор. зат. ілгішек, ілгек (крючок)» және «*күршек* ор.зат. құмыра, қыштан жасалған ыдыс (горшок)» (ҚТТС, 5т, 377) анықтамаларын береді және бұл кірме сөздердің орысша нұсқаларын келтіреді. Сөздік болған соң, кірме сөздердің басқа тілдегі тұлғасын келтіріп отыру қажет те міндетті талап болып табылады.

Алайда, бұл екі мағына да топоним жасауға қабілетсіз. Сондықтан ор. *крюк /крюковина/, крючок* «өзен бұрылысы», «теңіз жағасының бүгілген тұсы» мағынасын беретін географиялық терминінің қазақшаланған түрі болса керек: *крючок>күршек* «теңіздің не өзеннің шағын бүктелісі, иілген жері».

***Мамық*** – аңғар. Павл. обл., Ақсу ауд. *Мамық* сөзінің мағынасы «үлпілдеген жұмсақ құс жүні» (ҚТТС, 7т, 117) екенін бәріміз білеміз. Жер-су атына қатысы қандай деген сұраққа жауап табу қиын.

*Мамық* сөзі «шөптесін шым немесе мүк өскен жұмсақ жер» мағынасында *Мамық* метафоралық атауын жасайды (мақпал тәрізді). Сонымен қатар, *мамық* (астрагал пушистый) шөбінің мол өсуі де атауға уәж болуы мүмкін [87;13].

***Маңдай*** – е.м. Қост. обл., Қарабалық ауд. «Бастың жоғары жағының алдыңғы бөлігін» (ҚТТС, 7т, 105) білдіретін *маңдай* сөзі көпмағыналы сөз болғандықтан, «таудың жоғарырақ тұрған дөңестеу ашық беткейлері»

мәнінде ГТ жасайды. Оның кішірейту реңкті қабылдаған *маңдайша* нұсқасы да бар.

***Мешел*** – е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд. *Мешел* «организмде известь тұзының жеткіліксіздігінен сүйектердің дұрыс өспеуіне байланысты ауру; рахит» (ҚТТС, 7т, 206) мәнін білдіретін сөзі кейде аласа бойлы кісілерге де айтылады. Осы «аласа, кішкене бойлы» мағынасы ұқсату жолымен *Мешел* топонимін жасайды. Бұл арада аласа, кішілеу тау не төбе болуға тиіс.

***Найза*** – жайлау. Павл. обл., Екібастұз ауд.; тау. Қар. обл., Нұра ауд. *Найза* «ұшы істік темірден істелген, ұзын ағаш сабы бар, соғыс құралының» (ҚТТС, 7т, 309) аты. Дұрысы «ұшы үшкір жүзді темірден жасалған» болуы керек, өйткені дәл осы «қырлы, жүзді, үшкір» ерекшелігіне таудың дәл сондай қырлана біткен ұштары ұқсатылып, *найза* орографиялық термині пайда болған. Найза апеллятивінен *Найза, Найзақара, Найзатас* оронимдері жасалады.

***Науа*** – жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Науаның* тұңғыш мағынасы: «малдың су ішіп, жем жеуіне арналған үлкен, ұзын астау» (ҚТТС, 7т, 326). *Науа* географиялық терминге көшу үшін, «үлкен, ұзын сайдың, біріншіден, дәл табанында су ағып жатуы керек және, екіншіден, ол сай тік емес, көлбеу, көлденең орналасқан» болуға тиіс. Бұл екі ерекшеліктің бірі болмаса, *науа* ГТ ретінде қолданылмайды. Ол *сай, жыра, бұлақ* т.б. атқа ие болады. Қазақстанда *Науа, Науалы, Науатоған* қатарлы топонимдер кездеседі.

***Ошақ*** – е.м. Ақм. обл., Шортанды ауд. «Үстіне қазан асылатын үш аяқты, шеңбер темір» (ҚТТС, 7т, 498) мағыналы *ошақ* сөзі көптеген туынды мағыналар жасайды. *Ошақ* сөзінің этимологиясының өзі оның негізгі қызметін білдіреді: *от+жақ >отжақ >ошақ* [92;155]. Ал Н.М.Шанскийдің, Э.В.Севортянның *от+чак* (уменьшительный аффикс) > *очаг* «маленький огонь», «огонек» деген пікірлері шындыққа сай келмейді.

*Ошақ* жалқы есім категориясына көшкенде, ең алдымен, сырт тұлғасының ұқсастығы арқау болады. Атап айтқанда, «дөңгелене, шеңберлене біткен немесе үштаған болып келетін» табиғи нысандар *ошақ* географиялық термині арқылы топонимге айналады: *Ошақ, Ошақты*. Ошақтың енді бір аты – *таған*(үштаған).

Сондай-ақ, *Ошақ* «от жаққан жер», «атамекен», «отан» мәнінде абстрактілі атаулар жасауы және Э.М.Мурзаевтың айтуынша, «отқа табынатын қасиетті жер» түрінде діни атауға жатуы да мүмкін [46;423].

***Пыстан*** – тау (642 м). Қар. обл., Жаңаарқа ауд. ҚТТС-та «*Пыстан* ир. зат. ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстіне жез, күміс қағылған былғары» анықтамасы беріледі (8т, 26).

*Пыстан* кірме сөзі топонимге айналу үшін, географиялық нысан аттың еріне ұқсауы қажет болады. Ендеше *Пыстан* тауы «ерге ұқсауы және екі қасына ағаш өскен не тас шоғырланған» болуы керек. Өйткені атау дәл осы екі қасты бастыра шегелейтін пыстанға меңзеп тұр.

Екінші жағынан алғанда, пыстан ир. *пестан* «емшек» сөзінің өзгерген нұсқасы болуы да ғажап емес [84;243]. Екеуі де метафоралық жолмен оронимге айналып тұрғандықтан, табиғи нысанды көзбен шолу екі белгінің бірін анықтап берері сөзсіз.

***Саба*** – жайлау. Павл. обл., Май ауд. *Саба* тура мағынасында – «жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс» (ҚТТС, 8 т. 81). Оның көптеген ауыспалы мағыналарының ішінен: 1) «көп су саласының бір өзенге не көлге құюы»; 2) «кіре берісі тар, бірақ аумағы кең, ауқымды ойпаң жердің болуы» сияқты екі белгісі *саба* географиялық терминін жасайды.

***Сүмбе*** – құдық. Маңғ. обл., Қарақия ауд.; е.м. Алм. обл., Райымбек ауд.

Қаз. *сүмбі >сүмбе*; моңғ. *сүмбэ* «мылтықтың ұңғысын тазалайтын әрі майлайтын ұзын, жіңішке жұмыр темір немесе тобылғы таяқша» (ҚТТС, 8т,418; Б.Базылхан, 1984; 429) мәнін береді.

Топонимикада *сүмбінің* «оқтай түзу болу» ерекшелігін алмаса, басқа белгілерінің уәждік әлеуеті аз. Осы ерекшелігінен «сүмбідей түзу» ұғымы қалыптасқан. Ендеше *Сүмбі > Сүмбе* «тіп-тік түзу бойлаған тау, шыңдарға» берілетін атауға келеді. Моңғ. *сүмбэр* «биік, зәулім» сөзі де осы мәндес. Сүмбе географиялық термині *Сүмбе, Сарсүмбе* (Қара Ертіс) топонимдерін жасайды.

Кейде моңғ. *сүм* «(діни мекеме) кит, мешіт, шіркеу» сөзі қазақ. *сүм >сүмбі > сүмбе* нұсқасын жасап, жоғарыдағы Сүмбеге омоним атау жасауы да мүмкін.

***Таңдай*** – е.м. Атыр. обл., Махамбет ауд. *Таңдай* «ауыз қуысының үстіңгі жағындағы тілге қарама-қарсы орналасқан жұқа қабыршақ ет» мәніндегі анатомиялық термин. Оның бір көзге түсер ерекшелігі – қатар-қатар бедерінің болуы. Нақ осы белгісі метафораланып, «кедір-бұдыр, қыртыс-қыртыс, бұйрат-бұйрат бедерлі жерді» *Таңдай* атандыратын сияқты.

***Таяқ*** - айырық. Павл. обл., Ертіс ауд. «Қолға ұстап таянып жүретін ағаштан, темірден жасалған құрал» (ҚТТС, 9т, 57) семантикасын беретін таяқ сөзі «таяқ бойы», «таяқ тастам жер» өлшемдік ұғымдарын да тудырады. Осы мағынасынан келіп, «қысқа өзен, су; аласа, түзу биіктік; жақын жол» қатарлы табиғи нысандарды атауға көшеді.

***Теген*** – қыст. Атыр. обл., Исатай ауд. ***Тегене*** - өзен. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. ҚТТС-та *теген* сөзі жоқ, ал *тегене* сөзіне жеке реестр берілген. Соған

қарағанда, *теген* – тегене сөзінен фонетикалық апокопа құбылысы бойынша (соңғы екпін түспеген «е» дыбысының түсуі) жасалған. Бұл ауызекі тілдің әсерінен болады.

*Тегене* сөзі «дөңгелене біткен шұңқырлау жер немесе көл» мәнінде метафоралық атау жасайды және *Астауша, Қазан* сияқты топонимдер қатарына енеді. Топонимдерді лексика-семантикалық топтарға бөлгенде, бұларды ыдыс-аяқ аттарынан жасалған атаулар тобына жатқызуға болмайды, өйткені бұлар метафоралық жолмен пайда болған топонимдер тобына жатуға тиіс.

***Телпек*** – батпақ. СҚО, Жамб. ауд. «Төбеге ғана киетін тақия сияқты жұқа бас киім» семантикасын беретін *телпек* сөзі, ең алдымен, жеңілдігімен ерекшеленеді (М.: «атқа жеңіл Телпекбай»). Телпектің сырт тұлғасын ұқсатып барып, «шағын дөңес, томпақ жерлерге» *Телпек* топонимі берілуі мүмкін. Алайда топоним түрінде көп тарамаған.

***Толағай*** **–** тау (326м). ШҚО, Тарбағатай ауд. *Толағай* оронимі моңғол. *толгой* «бас» сөзінен ұқсату (метафора) арқылы жасалған ороним екені дәлелденген [77;1463]. Көптеген сөздіктерде *толағай* орографиялық термині «таудың басы» мағынасында қолданылады делінеді (Мәселен, Э.М.Мурзаев сөздігінде, 1984, 555). Біздің зерттеуімізде *Толағай* атауы тек жұмыр, домалақ, ақ тастардан тұратын тауларға ғана тән болып келеді. Кезінде Е.Қойшыбаев (1974) осы ерекшелікті дұрыс байқап «күмбез тәрізді таулар» деген, бірақ этимологиясын түркі. «толық» сөзінен шығарып, жаңсақ кеткен. Жұмыр, домалақ, ақ тастарды (қазақтар мұндай тастарды «қойтас» дейді) адамның бас сүйегіне ұқсатудан туған ороним екені даусыз. Қазақстанда *Толағай, Долағай, Мұрынтолағай, Елсізтолағай* оронимдері бар. Шығыс Қазақстандағы *Толағай* тауы туралы айтылған аңыз бойынша ақын Ә.Тәжібаев поэма жазғаны мәлім.

***Тоқым*** – айырық. Павл. обл., Екібастұз ауд. *Тоқым* сөзі «аттың арқасына ер батпас үшін екі қабат киізден ыңғайлап пішіп, сыртын мата немесе былғарымен қаптап жасайтын ер-тұрман жабдығының бірі» (ҚТТС, 9т, 176-177) деген мән береді. *Тоқым*, қазақтың байырғы сөздері тәрізді, кумулятивтік қоры бай сөз болып келеді: «Қырғыз, ұйғыр тілдерінде ат ертте дегенді ат тоқу дейді. Сонда, тоқы сөзі ерттемен мағыналас түркі сөзі. Етістік тұлғадағы тоқы сөзінен зат есім тоқым деген тұлғаның пайда болуы сөзсіз, мұндағы «- м» етістіктен есім тудыратын жұрнақ [92;187].

*Тоқым* сөзі топонимжасамда «тоқымдай жер» туынды мағынасы арқылы, яғни көлеміне байланысты, «шағын көлемді географиялық нысанға» атау болуға лайық. Ол шағын ғана көл, тау арасы жазық т.б. бола береді.

***Тұмсық*** - е.м. Қар. обл.,Шет ауд. «Жан-жануарлар мен адам басының ауыз, мұрын орналасқан жері» (ҚТТС, 9т, 274) мағынасын беретін *тұмсық* сөзі кейде *мұрын* сөзінің орнына жүреді (М.: су тұмсық; тұмсығын бұзды).

Топонимикада *тұмсық* танымал ГТ болып есептеледі де, «түбек, тау мүйісі секілді шығыңқы нысандарды» атайды. Бұл жерде таза тұлғалық метафора қатысып отыр. Жерімізде *Тұмсық, Тұмсық Сарытау, Тұмсықтағы қора* тәрізді топонимдер бағыт-бағдар беру қызметін атқарады.

***Үрпек*** – е.м. Қост. обл., Амангелді ауд. *Үрпек* «жаңа өсе бастаған, болашақ (түк, жүн) (ҚТТС, 10т, 7) семантикасындағы сын есім ретінде белгіленген. *Үр* бір буынды түбірінің өзінде «жаңа», «таза», мағынасы жатады (үр жаңа) [38;269]. Түркімен ғалымы З.Б.Мухамедова баланың қарын шашын «гулпак» деп атайтынын жазады [89;36-37].

Топонимикада «дөңестеу, көрнекі жерге өскен жас шыбық ағаштарды, селдір шөпті жерлерді, кейде үрпигендей жеке тұрған төбе, шоқыны» *үрпек* географиялық термині таңбалайды деуге болады.

Қазақстанда *Үрпек, Үрпекбас* («Айман –Шолпан» жырында) атаулары кездеседі.

***Шақша*** – тау. Қызылорд. обл., Арысқум. *Шақша* сөзі «сиыр, серке, тау ешкілерінің мүйіздерінен жасалған, насыбай салатын құтының» аты (ҚТТС, 10т, 100). Ол, өз кезегінде, «түбі кең басы қушықтана біткен конус пішінді тау, төбелерді» білдіретін таза метафоралық атау жасайды.

***Шанақ*** – құбыр. ОҚО, Арыс ауд. «Қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының домалақша келген дүмі» (ҚТТС, 10т, 128) мәнді шанақ сөзі *шан* «ағаштан немесе талдан жасалған үлкен бөшке» сөзінен кішірейту мәнді «-ақ» жұрнағы арқылы жасалған (шан+ақ).

Топонимикада, «өсімдіктің гүл қауашағын» білдіретін шанақ термині сияқты, «арнасы кең өзен, сабасы кең көлдерді, ірілеу, орташа сай, саларды» білдіретін ГТ жасайды. Басты белгісі – нысанның ойыс, шұңқыр ыдысқа ұқсас болып келуі.

*Шанақ, Шанақты, Кеңшанақ* қатарлы метафоралық атаулар жасалады.

***Шаңырақ*** – е.м. Ақм. обл., Жарқайың ауд. «Киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер» мағынасын беретін шаңырақ сөзі метафора арқылы географиялық терминге айнала алады. *Шаңырақ* апеллятиві «сырт тұлғасы киіз үйге ұқсас таулардың доғалдана біткен басын және жан-жағын тұтас тау қоршаған төңкерілген шаңыраққа ұқсас қойнауларды» нысан етеді.

*Шаңырақ, Шаңырақты* топонимдері, көбінесе, таулы жайлауларға тән болып келеді.

*Шаңырақ* сөзі, сонымен бірге, «жаңа пайда болған елді мекен», «атамекен» ұғымдарында топоним қызметін атқаруы ықтимал.

***Шелек*** - өзен; е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Шелек*, ең алдымен, «сұйық зат құйып бір жерден екінші жерге тасу үшін пайдаланатын тұтқасы бар үлкен ыдыстың» аты.

Көптеген бұлақтар мен тау өзендері арқылы байитын өзен, көлдерді ыдысқа теңеу түркі тілдерінде бар құбылыс: *Арғұт* < *Арқыт* алт. «торсық», «саба»; *Саба; Шанақ; Тегене* т.б. Басқа сулардың ағып келіп құйылуы – ондай қабылдаушы өзендердің басты ерекшелігі. Біздің ойымызша, *Шелек* гидронимі «ыдыс» мағынасынан метафоралық жолмен жасалып тұр.

Республика жерінде *Шелек, Шелексай* атаулары кездеседі.

***Шоқпар*** - е.м. Павл. обл., Ақтоғай ауд. «Бір басы дөңкиіп жұмыр келген ағаш қару» (ҚТТС, 10т, 241) семантикасындағы *шоқпар* сойылдан гөрі ауыр, басты болып келеді. Нақ осы «басының жұмыр, үлкен болып келуі» метафоралық жолмен *шоқпар* географиялық терминін қалыптастырған. Мәселен, *Шоқпартас* оронимі «басы шоқпарлана, доғалдана біткен тас»; *Шоқпартоғай* «бір жері шоғырлана өсіп, қалған жері жіңішкеріп кететін тоғай» мағыналарын береді.

***Шөміш*** – е.м. Жамб. обл., Қордай ауд. «Ас құятын үлкен ожау» (ҚТТС, 10т, 269). Шөміштің сырт тұлғасы аспандағы Жетіқарақшы жұлдызының тұлғасына сәйкес келеді. Сондықтан ол жұлдызды ауызекі тілде Шөміш деп атайды.

Осындай тұлғалық ұқсастық *шөміш* апеллятивін қалыптастырып, топонимдер жасайды. Көбінесе «шөмішбасты жіңішке көлдер мен басқа да нысандарды» атайды. Қытай жеріндегі *Шәуешек* ойконимі ұйғыр. *чугучак* «шөміш» сөзінен пайда болғаны дәлелденген.

***Шынжыр*** – тау (165 м). Маңғ. обл., Қарақия ауд. *Шынжыр* «бір-біріне ілмектеліп жасалған темір тізбек» мағыналы шынжыр лексиконы, тұлға ұқсастығы бойынша «табиғи нысанның үздіксіз тізбектеліп жатуын» білдіретін *шынжыр* географиялық терминін туғызады. Ол терминнен жоғарыдағы «үздіксіз жалғасқан тау тізбегі» мәніндегі *Шынжыр* оронимі жасалып тұр.

**ә) Синекдохалық атаулар**

*Синекдоха* (гр.synedoche - бірге жобалап түсіну) сөздерді ауыстырып қолдану жағынан метонимияға жақын, бірақ синекдоханың басты ерекшелігі «бүтіннің орнына бөлшек, көпшенің орнына жекеше, жалпының орнына жалқы немесе керісінше алмасып айтылуында» [86;92].

Топонимикада синекдохалық атаулар әлі қарастырылмаған, бірақ бар құбылыс. Мұнда, көбінесе ойконимдердің жасалуына сол елді мекен ішіндегі бір мекеме, көпшілік орны т.б. себепші болады. Мысалы, ***Дүкен***

(е.м. Ақт. обл., Ырғыз ауд.) ойконимі сол елді мекен ішіндегі дүкен атынан, яғни бөлшектің бүтін орнына жүруі арқылы жасалады. Ол үшін: 1) сол маңайдағы жалғыз дүкен болуы шарт; 2) ең алдымен дүкен салынып, содан соң ауылға айналуы мүмкін.

Синекдоха арқылы жасалған атаулар қатарына ***Мектеп*** (е.м. СҚО, Есіл ауд.), ***Мешіт*** (е.м. Қост. обл., Қамысты ауд.), ***Монша*** (е.м. Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Сенек*** (е.м. Маңғ. обл., Қарақия ауд.), ***Үй*** (е.м. Қост. обл., Федоровка ауд.) ойконимдері жатады.

Қорыта келгенде, сөз мағыналарының ауысуы арқылы жер-су аттары жасалады және топонимжасамның негізгі көздерінің бірі болып саналады. Зат пен құбылыстың географиялық нысанға ұқсастығы, іргелестігі, шектес келуі арқылы қарапайым сөз жалқы есім категориясына өтеді, топонимдер жасайды. Бұл процесс **сөз - географиялық термин – топоним** үлгісі бойынша үздіксіз жүріп отырған. Келешекте мәнді де сәнді сансыз көп атаулар қалыптастыруға болады.

### 3.2.3 Түбір зоотопонимдер

Зоотопонимдер ономастиканың тағы бір саласы болып табылатын зоонимдерден жасалады. Ал «зооним (гр.zoon - жануар + onyma, onoma – ат, атау, есім) – жануарларға қойылатын ат» [6;131]. Зоонимдер ономастиканың белді тараулары антропоним және топониммен тең дәрежеде тұрады және үшеуі бір онимнен тарайтындықтан, өзара тығыз байланысты болып келеді. Мәселен, «Мал, жануар» концептісі тілдік (ономастикалық ) деңгейде: 1) жануарлардың жалқы есімдермен – зоонимдермен; 2) топонимдердің құрамындағы жалқы зоофорлық есімдермен – зоотопонимдермен; 3) антропонимдердің құрамындағы жалқы есімдермен – зооантропонимдермен таңбаланып өз көрінісін табады» [93;262]. Бұл пікірді таратып айтқанда, зоонимдердің өзі жеке онимдер құрай отырып (түйе, жылқы, қой т.б.), зоотопонимдер жасауға *(Айғыржал, Түйемойнақ, Қойтас* т.б.) және зооантропонимдер *(Түйебай, Қаршыға, Құлыншақ т.б.)* жасауға қатысады.

Зоонимдер іштей екіге бөлініп қаралады: 1) жануарлардың түрін ажырату үшін қолданылатын жалпы есімдер. М.: *жылқы*; 2) әр түрдің ішіндегі нақты жануарға қойылатын ат, лақап ат. М.: *Қарақасқа, Ақжал* т.б. Зоотопонимдер жасауда, әсіресе, бірінші зоонимдер (жалпы есімдер) белсенді болып келеді. Оның себебі, жануарлардың түрін ажыратын сөздер, басқа атау-сөздер сияқты, ерте пайда болған, ал меншігіндегі малға ажырату, шақыру мақсатымен қойылатын жалқы есімдер көп кейін қалыптасқан деуге болады. Алайда олар топоним жасауға қатыспайды деген ұғым тумайды, сирек болса да зоотопонимдер құрамына енеді: *Сарыатсүрінген, Көкөгізқұлаған* т.б.

Зоонимдердің осы екі түрін «халықтық зоонимдер» деп атау, ал кейін селекция мен генетикалық тұрғыдан ғалымдар қоятын атты «зоотехникалық зоонимдер» деп атау қалыптасқан [14; 69-70]. М.: *Ақалтеке, архар-меринос, қазақтың ақ бас сиыры* т.б. зоотехникалық терминдер болып табылады.

Зоонимдер де тілдің этномәдени аспектісін, ұлттық кәсібін, көшпелі ел менталитетін білдіріп тұрады. Белгілі ономаст-ғалым Т.Жанұзақ : «Зоонимдер тілдің әр дәуірі бойынша бай материал береді. Олардың құрамынан көне грамматикалық формалар, шет тілдік, тарихи, диалект сөздерді кездестіруге болады» дейді [14;68].

Ғалымдардың пайымдауынша, Оңтүстік Сібір, Орталық Азия, Байкал сырты, Моңғолия жерлерін мекендеген алтай тілді тайпалар қола дәуірінің өзінде-ақ мал шаруашылығымен айналыса бастаған. Тас қорғандардан шыққан мал сүйектеріне қарап, ең алдымен жылқы мен қойдың қолға үйренгенін көреміз. Бұл екі түлікті қысы-жазы жайып баққан. Қыста тебінге мықты жылқының соңынан қой ере отырып тебіндеген [94;189]. Кейін келе, үнемі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан түркілер жылқы, қой, ешкі, түйе, сиыр түліктерін үздіксіз бағып, тұтынып отырады. Бұның өзі (көшпелі малшаруашылығы) жем-шөп даярлауды қажет етпейтін өте тиімді экономика және көшпелі халықтардың бірден-бір күнкөріс көзі болып табылады.

Малдың өрісіне қарай көшіп-қонып отыру, өз кезегінде, жер-су аттарының мол және алуан түрлілігін туғызған. Қазақстанның жануарлар әлемін зерттеген А.Н. Форназов былай дейді: «Қазақстан картасындағы өзен-су және ежелгі мекен атаулары жабайы аңдар атымен байланысты. Өйткені Қазақстанның ландшафтық өмірінде жануарлар дүниесі үлкен рөл атқарған» [95;15].

Сол себепті болар, түбір топонимдердің ішінде зоотопонимдер апеллятив атаулар мен метафоралық топонимдерден кейін үшінші орын алады. Қазақстанда кездесетін түбір зоотопонимдер түгелге жуық таза апеллятив зоонимдерден тұрады. Былай алып қарағанда, түбір (жалпы есім) зоонимді географиялық нысанға көшіре салған сияқты.

Алайда дүниеде себепсіз салдар болмайтыны секілді, атау да уәжсіз жасалмайды. Зоонимдердің тікелей топонимге айналуына не мәжбүрлейді? Таулы Алтай өлкесінің топожүйесін зерттеген ғалым О.Т.Молчанова аң, құс, жәндіктер аты тура мағынасы арқылы топонимизацияланып, топонимдер жасайды (м.: *түлкі – Түлкі*), ал үй жануарларының аты тек ауыспалы мағынада ғана топонимге айналатындығын айтады [96; 111-112]. Бұл пікірге сүйенсек, айғыр, бура зоонимдері метафораланып, *Айғыр, Бура* тәрізді ірі, көлемді орографиялық нысандардың атын жасайтыны рас. Ал, *Атан, Байтал Тай* атаулары берілген нысандардың көлемін қалай

анықтап алуға болады? Мәселен, Бура мен Атан, Байтал мен Тай шамалас көлемдерде келсе керек. Сондықтан, үй жануарлары атынан жасалған зоотопонимдер тек қана ауыспалы мағынада атау бола алады деген пікір дәлелдеуді қажет етеді. Біздің ойымызша, бұл мәселеге кешенді түрде келу керек. Ең алдымен түбір зоотопонимдерді үй жануарлары және жабайы аң-құстар деп екіге бөліп қарауымыз керек (О.Т.Молчановаңың пікірі осыған мәжбүрлейді). Бұл жерде аң-құстардың атынан жасалған топонимдердің жасалу себебі айқын: аң-құстың бір жерді мекендеуі немесе сол жерде мол кездесуі атауға уәж болады. Жерімізде: ***Бұлан*** (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.), ***Бұлбұл*** (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.), ***Бүркіт*** (тау Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Жапалақ*** (құдық. Маңғ. обл., Түпқараған ауд.), ***Жәйрем*** (е.м. Қар. обл., Жаңаарқа ауд.), ***Жылан*** (тж. ст. Ақт. обл., Шалқар ауд.), ***Зорман*** (е.м. Ақм. обл., Қорғалжын ауд.), ***Қабан*** (е.м. Павл. обл., Ертіс ауд.), ***Қарсақ*** (кеніш. Атыр. обл., Жылыой ауд.), ***Қасқыр*** (батпақ. Павл. обл., Железинск ауд.), ***Құлжа*** (е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд.), ***Киік*** (е.м. Қар. обл. Ақадыр ауд.), ***Сауысқан*** (е.м. Маңғ. обл., Түпқараған ауд.), ***Сұңқар*** (тау, 1042 м. Жамб. обл., Мойынқұм ауд.), ***Торғай*** (айрық. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Түлкі*** (сала. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Тышқан*** (қыстау. ШҚО, Абай ауд.), ***Үкі*** (е.м. Ақм. обл., Жақсы ауд.), ***Шағала*** (тұзды көл. Павл. обл., Павлодар қ.ә.), ***Шүрегей*** (көл. Павл. обл., Екібастұз ауд.), ***Шаян*** (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.), ***Шажа*** (өзен, БҚО, Тасқала ауд.) т.б. қатарлы аң, құс, жәндік аттарынан жасалған түбір зоотопонимдер кездеседі. Мұндай зоотопонимдер, көбінесе, аңшылық, саятшылық кәсіпке байланысты туындайды. Қай аңның қай жерде бар, мол екенін аңшыдан басқа адамдар біле бермейді.

Топонимжасамда аң-құс аттарынан жасалған түбір зоотопонимдерді орынды қолдана білсе, олар туынды атаулар жасауға да атсалысады. Мәселен, *Бақалы, Бүркітұя, Бұланды* сияқты туынды зоотопонимдер мол кездеседі.

Ал үй жануарларының атынан жасалған зоотопонимдердің уәждену процесін бірнеше себептен көруге болады: 1) әрине, мұнда метафора жоқ емес, бар. «Айғыр, нар, бұқа, бура, өгіз атаулары – биік, үлкен, көлемді геообъектілерді, тай, байтал, бота, бұзау – кіші, көлемсіз объектілерді ... таңбалаған» [97; 30]; 2) Үй жануарларының аты тура мағынасында күрделі топонимдер жасауға қатысып, кейін эллипсиске ұшырауы мүмкін. М.: *Тайсойған > Тай, Тоқтықұлаған > Тоқты, Текелі > Теке* т.б. Алайда тіл білімінде эллипсистің болған, болмағанын анықтау өте қиын мәселе болып табылады; 3) Үй жануарларының түрін атамай адамдар қосымша қоятын ат, лақап аттар болады дедік. М.: *Күлік* (арал. Павл. обл., Павлодар қ.ә.), *Құмай* (е.м. Ақм. обл., Есіл ауд.), *Мәстек* (айырық. Павл. обл., Баянауыл ауд.), *Саяқ* (е.м. Қар. обл.,Ақтоғай ауд.); 4) Халықтың нанымм-

сеніміне байланысты туған түлік пірлерінің атынан жасалған зоотопонимдер: *Шекшек* (жайлау. Павл. обл., Аққу ауд.), *Шопан* (тау. Қар. обл., Ұлытау ауд.).

Қазақстанда ресми тіркеліп, картаға түскен үй жануарлары атынан жасалған түбір зоотопонимдер мыналар: ***Азғыр*** (тж. ст. Атыр. обл., Құрманғазы ауд.), ***Айғыр***(тау жотасы. ШҚО, Семейтау тауы), ***Атан*** (шатқал. СҚО, Айыртау ауд.), ***Байтал*** (е.м.Жамб. обл., Мойынқұм ауд.), ***Бота*** (аңғар. Павл. обл., Май ауд.), ***Бура*** (жайлау. Павл. ауд., Шарбақты ауд.), ***Бұзау*** (көл. Павл. обл., Каширский ауд.), ***Есек*** (аңғар. Павл. обл., Жаңатілек ауд.), ***Жабағы*** (көл. СҚО, Қызылжар қ.ә.), ***Қодық*** (қыстау. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Күшік*** (шатқал. Павл. обл., Железинск ауд.), ***Тай*** (е.м. Павл. обл., Екібастұз ауд.), ***Тайлақ*** (дала. Павл. обл., Аққу ауд.), ***Тайынша*** (көл. СҚО, Тайынша ауд.), ***Теке*** (тұзды көл. СҚО, Ш.Уәлиханов ауд.), ***Тоқты*** (көл. Павл. обл., Ертіс ауд.), ***Торпақ*** (тау. Павл. обл. Май ауд.), ***Төбет*** (қыстау. Павл. ауд., Аққу ауд.), ***Улек*** (құдық. Маңғ. обл., Түпқараған ауд.), т.б.

Тараушада қарастырылған түбір зоотопонимдер үнемі халықтық қолданыста болғандықтан, олардың семантикасы көпшілікке түсінікті болып отырады. Сонда да кейбір зоотопонимдердің семантикасын анықтап, үлгілерін көтсете кетуге тура келеді, өйткені топонимжасамда пайдалану үшін әр атау айқын мағынаға ие болуға тиіс.

***Азғыр*** – тж. ст. Атыр. обл., Құрманғазы ауд. ДТС-та, сары ұйғыр тілінде *азғыр*; хак. *асхыр*; чув. *адғыр* сөздері қаз. *айғыр* сөзінің фонетикалық нұсқалары болып табылады (*азақ-айақ-адақ* үлгісі тәрізді) [60;107]. *Азғыр* сөзі бұлардың ішіндегі неғұрлым көне нұсқасы болып табылады деген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, *Азғыр* зоотопонимі жерімізде сақталып қалған реликт атау деуге болады. *Азғыр* «айғыр» мәніндегі топонимі географиялық нысанның «көлемді, биік, ірі» екенін айғақтап тұратыны мәлім.

***Атан*** – (шатқал. СҚО, Айыртау ауд.). *Атан* сөзі тура мағынасында «піштірілген, ақталған түйе» зат есімін, ауыспалы мағынасында «үлкен, зор» сын есімін туғызады (ҚТТС, 1т, 423). Оның «үлкен, зор» мағынасын білдіретіні «атан түйе», «атан өгіз» тіркестерінен де байқалады. Топонимжасамда, көбінесе, осы екінші, ауыспалы мағынасы қатысып, «ірі, үлкен тау, төбелерді» таңбалайды.

***Жәйрем*** – е.м. Қар. обл., Жаңаарқа ауд. Қаз., өзб. *жайран*, қырғ. *жейрен,* т.б. «еліктің бір түрі», «жабайы ешкі», «қарақұйырық» мағыналарын береді [98;121]. Моңғ. *зээр* «жирен (аң)» нұсқасына сүйеніп, бұл зооним *жирен* сын есімінен шыққан деуге болады. Оның үстіне жайранның түсі басқа елік түрлеріне қарағанда қызғылт, жирен түсті болып келеді. Топоним *жайран* сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен нұсқасынан жасалған: *жайран>жайрам > Жәйрем.*

***Зорман*** – е.м. Ақм. обл., Қорғалжын ауд. *Зорман* «дене тұрқы 30-38 см-дей, арқасы қоңырлау, бауыры сарғыш ірі тышқан; сартышқан» (ҚТТС, 4т, 401). Зоотопонимге сол жерде *зорман* тышқанының мол кездесуі уәж болған деуге болады.

***Құлжа*** – е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд. «Арқардың еркегі, қошқары» (ҚТТС, 6т, 461) мағынасындағы *құлжа* сөзі «осы маңда мекендейді, бар, мол кездеседі» ұғымында зоотопонимге айналған. Құлжа денелі болатындықтан, метафоралық жолмен ірі көлемді геонысанды атауы да мүмкін.

***Құмай*** –е.м. Ақм. обл., Есіл ауд. Тіліміздің негізгі түсіндірме сөздігінде *құмай* сөзі үш түрлі мәнде берілген: 1) *құмай* «тазының ең жүйрік, алғыр түрі»; 2) *құмай* «биік таулы жерлерді мекендейтін ірі жыртқыш құс»; 3) *құмай* «тары тәріздес көп жылдық арам шөп» (ҚТТС, 6т, 467-468). *Құмай* сөзі осы үш мағынасында да топоним жасауға қабілетті. Атап айтқанда, «құмай тазылары бар жер», «құмай құсы мекендейтін жер», «құмай шөбі қалың өсетін жер». Біз жоғарыдағы *Құмай* ойконимін зоотопонимге жатқызып отырмыз, ал ол өсімдік атауынан жасалуы да ғажап емес.

Қазақстандағы *Құмайлықас* (е.м. ОҚО, Түркістан қ.ә.) топонимі осы құмай сөзінен жасалған.

***Күлік*** – арал. Павл. обл., Павлодар қ.ә. *Күлік* «сәйгүлік, саңдақ, жүйрік» ат мағынасында көркем әдебиетте жиі қолданылатын сөз. Топоним ретінде «әлдебір жүйрік ат болған жер» мәнінде жұмсалмаса, басқадай байланысы жоқ.

***Мәстек*** – айырық. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Мәстек* сөзі жылқы малына қатысты айтылады, бірақ жеке түрінің аты емес, «бой-тұрқы тапалдау, кішкене жылқының» (ҚТТС, 7т, 167) лақап аты десе де болады.

Қандай да бір «аласа, қортық тау, төбелерді» атайтын метафоралық зоотопонимдер жасайды.

***Саяқ*** – е.м. Қар. обл., Ақтоғай ауд. ҚТТС-та *саяқ* сөзі «өз алдына бөлек жүретін, тусыған, бойдақ» сын есімін білдіретіні жазылған (8т, 223). Көбінесе айғыр үйірге қоспай қуып жіберетін ат, азбандар *саяқ* атанады. Топонимде жалпы тау жүйесінен бөлек тұрған тау, төбелерді, шалғай, бөлек орналасқан елді мекендерді атауға қолданылады.

***Үлек***- құдық. Маңғ. обл., Түпқараған ауд. *Үлек* сөзі «нар түйенің таза тұқымды бурасы» (ҚТТС, 9т, 544) семантикасын береді. Маңғыстау түйелі өлке болғандықтан, әлдебір биіктікті үлекке теңеп метафоралық атау жасалуы немесе үлекке байланысты бір оқиғаға орай *Үлек* топонимі туған деуге болады.

***Шажа*** - өзен. БҚО, Тасқала ауд. *Шажа* – «таудың шынар басын мекендейтін, дауысы ащы құс» (ҚТТС, 10т, 86). Бұл сөздің *шаж* еліктеуіш сөзінен жасалып тұрғанын байқау қиын емес (шаж+а). *Шажа* ги-

дрониміне қарап, шажа құсы тек тау басын емес, өзен бойын да мекендеуі мүмкін екенін көреміз. Атау сол құстың бар екенін білдіріп тұр.

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі сансыз көп зоонимдердің барлығы болмаса да, біраз бөлігі түбір күйінде топонимдер жасайды екен. Топонимжасамда бұл үлгіні кеңінен қолдануға болады. Жануар аттарының апеллятив күйінде топонимге ауысуын трансонимдену тәсілі деп атайды.

### 3.2.4 Түбір фитотопонимдер

Фитотопонимдерді сөз қылмас бұрын, фитоним туралы ғылыми деректерді шолып өту – міндет. Өйткені бұл жердегі сабақтастық фитоним > фитотопоним түрінде қалыптасқан, ал логика білімінде ұғымдарды бөлу бірізді және үздіксіз болуға тиіс. Олай болмаса «бөлудегі секіріс» деп аталатын қателік пайда болады [99;32].

Фитоним (гр. фито «өсімдік» + оним «атау») – жер бетіндегі өсімдік біткеннің аты және оны зерттейтін ғылым саласы. Қазақстандағы өсімдік атауларын түбегейлі зерттеген ғалым Б.Қалиевтің айтуынша, жер бетінде өсетін 500 мыңдай өсімдік түрінің 6 мыңнан астамы Қазақстан жерінде кездеседі және оның 760-ы тек қазақ жеріне ғана тән эндемик (жергілікті) өсімдіктер екен [87;3].

Қазақстанда 760 шақты өсімдіктің түрі болса, 760 шақты қазақша өсімдік аты кездеседі деген сөз. Олай деуге толық негіз бар, өйткені қазақтар көшпелі өмір сүріп, мал өсірумен айналысқандықтан, «жер бетіндегі өсімдіктер дүниесіне тым ерте кезден бастап-ақ зер салып, көңіл қойған. Олардың қайсысы қай малға жұғымды екендігін, қай шөп олар үшін пайдалы, қай шөп зиянды (улы) екендігін ажырата білген. Тек ажыратып қана қоймай, ол өсімдіктердің түр-түсін саралап, әрқайсысына жеке-жеке ат қойып, айдар таққан»[100; 5]. М.: *боз, ебелек, ермен, жантақ, желкен, изен, қияқ* т.б.

Қазіргі кезде жер беті кеңістігі атауларын жанды және жансыз болмысқа бөліп қарау дәстүрге айналды. Мәселен, антропоним, зооним, фитоним үшеуі бионимге (жанды организмге) жатады [101; 7]. Сондықтан бұл үшеуі тығыз байланысты. Прфессор Байынқол Қалиев фитоним мен топонимнің арасындағы тамырластықты екіге бөліп қарайды: 1) көптеген өсімдік атаулары топонимнен жасалады (м.: *алакөл күріші, алматы апорты, алтай тамыры* т.б.); 2) керісінше, топонимдердің недәуір бөлігі өсімдік атуларынан пайда болады (*Бадам, Шілікті, Кендірлік* т.б.) [102;67].

Бізге керегі нақ осы екінші жол – фитонимдердің топонимжасамға қатысуы. Оның ішінде әзірге Қазақстан жерінде кездесетін түбір фитотопонимдерді қарастырамыз. Түбір өсімдік атауларынан трансонимденіп барып жасалған топонимдер көп емес, бірақ бар. Фи-

тотопонимдер өсімдіктің бейімделген ортасына байланысты ареалдарға бөлінеді және ол туралы жұмысымыздың екінші тарауында айтылған.

Өсімдік атаулары тұлғасын өзгертпей топонимге өткенде, зоотопонимдер сияқты әр түрлі мағыналық жолмен ауыспайды. Бұлар бір ғана уәжді білдіреді: ол – өсімдіктің бар және мол екенін атап көрсету. Оның өзі номадтардың тіршілігіне, кәсібіне байланысты туындаған. Соңғы ғылыми еңбектерде тілдің когнитивтік қызметімен байланыстыра келе бұны «өсімдік» концептісі деп атап жүр [93;184].

Қазақстан жерінде ресми тіркелген мынадай фитотопонимдер бар: ***Алқа*** (қыстау. Павл. обл., Ақсу қ.ә.), ***Алуа*** (е.м. Қост. обл., Арқалық ауд.), ***Бадам*** (өзен. ОҚО, Ордабасы ауд.), ***Бадан*** (тау.ШҚО, Зыряновск ауд.), ***Балғын*** (өзен; е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Бек*** (қыстау. Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Бұршақ*** (өзен арнасы. Павл. обл., Ертіс ауд.), ***Дермене*** (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.), ***Жиде*** (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.), ***Қарағай*** (қыстау. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Қараған*** (е.м. Маңғ. обл., Маңғыстау ауд.), ***Көшет*** (тау. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Майса*** ( е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.), ***Масақ*** (е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд.), ***Пияз*** (е.м. Алм. обл., Қаратал ауд.), ***Раң*** *(*асу. ОҚО, Созақ ауд.), ***Сағыз*** (өзен. Атыр. обл., Қызылқоға ауд), ***Саралжын*** (жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Сарымсақ*** (тау. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Сексеуіл*** (е.м. Қызылорд. обл., Арал ауд.), ***Сора*** (е.м.Қар. обл., Абай ауд.), ***Тал*** (е.м. СҚО, Ақжар ауд.), ***Таран*** (е.м. БҚО, Теректі ауд.), ***Тары*** (тж.ст. Алм. обл.,Кербұлақ ауд.), ***Терек*** (тоғай. Павл. обл., Май ауд.), ***Тораңғыл*** (е.м. СҚО, Есіл ауд.), ***Шағаң*** (көл. Павл. обл., Успенск ауд.), ***Шағыр*** (жайлау. Павл. обл., Ақсу ауд.), ***Шайыр*** (е,м. Маңғ. обл., Түпқараған ауд.), ***Шеңгел*** (е.м. Қост.обл., Қарабалық ауд.), ***Шешек*** (асу.ШҚО, Өскемен қ.ә.), ***Шомыр*** (е.м. Алм. обл., Ескелді ауд.), ***Шөңге*** (су.ст. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Шөңгер*** (е.м. Жамб. обл., Т.Рысқұлов ауд.), ***Шөп*** (көл. Павл. обл., Ертіс ауд), ***Ырғай*** (тау 565 м. Қар. обл., Нұра ауд.).

Тізімнен көрініп тұрғандай, мұнда жалпақ жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар, бұта-қараған, шөптесін өсімдіктер, көкөніс, жеміс-жидек аттары топоним жасауға қатысады. Фитотопонимдердің адрестеріне қарап, олардың таралу аймағын байқауға болады және қазақ жеріне өсімдік түрлерінің біркелкі таралмағанын көреміз. География білімінде «Қазақстандағы қазіргі өсімдік түрлері қылқан жапырақты ормандар, ұсақ жапырақты орман-тоғайлар, бұталы тоғайлар, даланың бұталы өсімдіктері, сексеуіл, шөлдің бұталы өсімдіктері, дала өсімдіктері, субтропиктік өсімдіктер, шалғындар, тақырлар, шөлдің біржылдық өсімдіктері болып бөлінеді» [63;140]. Осы бөліністерге байланысты фитотопонимдер өзіндік ареалдар құрайды. Топонимжасам барысында ареалдарды қатаң ескеріп отыру керек. Шөл өсімдігінің атын тауға, тау

өсімдігінің атын шөлді жерге қоюға болмайды.

Жер-су аттарын жасауға себепші болған өсімдіктерді қазақ халқы көзбен көріп, қолмен ұстап, етене араласып өскен себепті, көпшілігі бізге таныс. Дегенмен түсінік беруді талап ететін фитоним = фитотопонимдер де жоқ емес:

***Бадан*** – тау. ШҚО, Зыряновск ауд. *Бадан* сөзі ҚТТС-қа енбеген, сондықтан «моңғ. *бадан* III шөпшай (шай ретінде қолданылатын жапырақ)» деуге толық негіз бар [77; 60]. Бадан өсімдігі Алтай тауында, самырсынды орман ішінде мол өседі. Оны ертеректе шай орнына және бұғының мүйізін қайнатуға пайдаланған. Түсі қызғылт, қоңыр және жалпақ, қалың жапырақты шөптесін өсімдік.

*Бадан* фитотопонимі «бадан өсімдігі мол өсетін тау» мағынасында тұрғаны айқын. Баданды иран тілінен енген *бадам* «тәтті жеміс беретін ағаш, миндаль» сөзімен шатастыруға болмайды. ***Бадам*** – «бадам жемісі өсетін жер» мағынасындағы жеке топоним болып табылады.

***Балғын*** - өзен; е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. *Балғын* «қатпаған балауса өсімдік» (ҚТТС, 2т, 79) сын есімі мәнінде барлық өсімдіктің алғашқы кезеңін айғақтайтын жалпы сөз болып шығады. Б.Қалиұлы өз сөзінде *балғын* – марикария фитонимінің қазақша аты екенін келтіреді [87;45]. Бұл – нақты өсімдіктің аты. Түсіндірме сөздікте *балғын арша* «арша тұқымына жататын мәңгі жасыл өсімдік» (ҚТТС, 2т, 79) фитонимі де бар. Ендеше, *Балғын* фитотопонимі соңғы екі өсімдіктің бірінің атынан жасалып тұр деуге болады.

***Бек*** – қыстау. Қар. обл., Ақтоғай ауд. *Бек* сөзінің түркі тілдерінде лауазым аты (хан, сұлтан, бек) екені белгілі. Алайда *бек* атты картоп тұқымдас жабайы өсімдіктің бар екенін көп адам біле бермейді. Біле бермейді деуіміздің себебі, *бек* сөзі өсімдік ретінде ҚТТС-та да, Б.Қалиұлының сөздігінде (1993) де белгіленбеген. *Бек* өсімдігі көбінесе таулы жерде өседі. 1930 жылдары қолдан жасалған ашаршылықта Алтай тауын мекендеген қазақтар бек пен сарана өсімдіктерінің тамырын қорек етіп, аман қалғандары тарихтан мәлім. Жоғарыдағы *Бек* топонимін бек фитонимінен жасалған деп жорамалдаймыз. *Бек* сөзі, бәлкім диалект болар, алайда лексикамыздың баю көздерінің бірі болып табылатын диалект сөздерді де топонимжасам барысында белсенді қолданысқа енгізуге болады.

***Раң –*** асу. ОҚО, Созақ ауд. ҚТТС-та *раң* сөзі «көктемнің басында қар суымен шығатын бойы аласа майда шөп» мәніндегі өсімдік аты ретінде тіркелген. Ә.Қайдар: «*раң* [ыраң] осока иранская (иран қияңшөбі)» дейді [38;245]. Иран тілінен енген *раң* фитонимі ир. *рауан* «құлан иектеп, бозарып келе жатқан таң» (ҚТТС, 8т, 50) сөзімен, *рауғаш* / рауағаш «сабағының дәмі қымыздыққа ұқсайтын қышқыл, көбінесе тауда өсетін

көп жылдық өсімдік» фитонимімен түбірлес сөз болса керек. Бұлардың бәріне ортақ семантика – «ерте шығу», ерте пісіп жетілу». Мәселен, *раң* «ерте көктемде шығатын шөп», *рауан* «ерте таңның ату кезі», *рауағаш* «ерте пісіп, жеуге келетін өсімдік» мәндерін береді.

***Саралжын*** – жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд. ҚТТС-та *саралжын* сөзі «басы бұтақты, бүрлі болып өсетін сыпыртқылық қурай» мағынасындағы ботаникалық термин ретінде көрсетіледі (ҚТТС, 8т, 170). Түсіндірме сөздікте кірме сөз белгісі көрсетілмесе де, моңғ. *сараалжин* «тор көз, торланған, шарбақтанған» сөзінен шыққан болуы мүмкін. Өсімдік сабақтары өзара шырмалып, тор көздер құрап өсетін тәрізді. Моңғ. *сараалжин>Саралжын, хорголжин > Қорғалжын* «қорғасын» сөздері бір типте жасалып тұр [77; 412.595].

*Қорғалжын* көлінің балқыған қорғасындай жарқырап, лықсып жататыны «қорғасын» сөзін атауға уәж еткен.

***Таран*** – е. м. БҚО, Теректі ауд. Б.Қалиұлының сөздігінде «*таран*, *самалдық* ор.горец шөбінің қазақша аттары» түрінде аталады [87;22]. Қазақ тілінде *тара+н* «тарану, таранған» етістігінен жасалған шөп аты болуы мүмкін. Ал М.Қашқари сөздігінде *тарығ* «жалпы егін, тұқым» және «бидай» мағыналарын берсе, көне түркі. *тарлақ* «егістік» (В.В. Радлов, 1905,3), қалм. *таран* «астық», «егістік», моңғ. тариалан «егістік», «астық» (Э.М.Мурзаев, 1984,544) мәндерінде кездеседі. Қорыта келгенде, *Таран* ойконимі қаз. *таран* «горец өсімдігі», түркі., моңғ. *таран* «егістік» сөздерінің бірінен жасалып тұр. Тарығ, таран сөздерінің түбірінде *тары* фитонимі жатыр. Тары түркі халықтарының ең бірінші өсірген өсімдігі болған себепті, кейін барлық егістік атына ауысқан. М.: ұйғ. *тараншы* «егінші» (Ш.Уәлиханов).

***Шайыр*** – е.м. Маңғ. обл., Түпқараған ауд. *Шайыр,* ең алдымен, «қарағай бойында жиналатын сағыз» (ҚТТС, 10 т, 96) мағынасын береді. *Шайыр*, сонымен бірге, ферула өсімдігінің қазақша аты [87;70].

*Шайыр* елді мекені Маңғыстау түбегінде орналасқандықтан, онда қарағайдың шайыры болуы мүкін емес, ал ферула (шайыр) өсімдігі өсуі әбден ықтимал. Егер ферула шөбін сағыз ретінде пайдаланатын болса, онда шайыр сөзі «сағыз» орнына қолданылып тұр деуге болады. «Шайыр (ферула) өсімдігі бар, мол өседі» деген мағынада топоним жасалған.

Парс. saer (шайыр) «ақын» сөзі де тоопонимжасамға бір қиырлап келіп қатысуы ғажап емес [111; 493].

***Шешек*** – асу. ШҚО, Өскемен қ.ә. Көне түркі тілінде гүл атаулы *ғалдақ, шешек* болып аталғаны тіл тарихынан мәлім (*қызғалдақ, сарғалдақ; бәйшешек* т.б.). Б.Қалиұлы мұндағы *ғалдақ* түркі сөзі болса, *шешек* моңғол тілінен енген дейді [100;84-85]. Моңғ. *цэцэг* «шешек, гүл» сөзі бар екені рас.

Өскемен қаласының жанындағы *Шешек* асуы осы *шешек* «гүл» сөзінен жасалып тұр, өйткені көктемде асу үсті әр түрлі гүлдерге толады. Ал *гүл* сөзі араб, парсы тілдерінен еніп, *ғалдақ, шешек* жалпы есімдерін ығыстырып шығарған.

Нақты бір өсімдікті атайтын фитонимнен басқа, өсімдікті жерлерді жалпы атайтын сөздер болады және олар да апеллятив атаулар жасайды, бірақ ондай топонимдер көп емес.

***Бау*** – құдық. Жамб. обл., Талас ауд. Қазақстанда *бау* географиялық термині иран тіліндегі *бақ* «жеміс-жидек өсетін қоршалған жер» сөзінен жасалғанын Ә.Қайдар өз сөздігінде атап көрсетеді [38, 174-175]. Тіл тарихында *ғ(қ)≈у* дыбыс алмасуы бар екені белгілі (қыстақ – қыстау). Бау термині сирек болса да топоним жасауға қатысады: *Қарабау*.

***Орман*** – е. м. Алм. обл., Талғар ауд. *Орман* апеллятивіне «әр түрлі ағаштардың табиғи өскен шоғыры, қалың тоғай» деген түсінік берілген (ҚТТС, 7т, 462). Алайда орман мен тоғайды теңестіруге болмайды. *Орман,* негізінен, қылқан жапырақты ағаштардан тұрады да, құрғақ далада, тауда бірдей өсе береді; ал *тоғай* көбінесе тал, терек тұқымдастардан құралады да, өзен бойында, сулы жерде өседі.

*Орман* топонимжасамда белсенді емес. Оның себебі тым жалпы мағына беретіндігі десе болады. Оның орнына *Аралқарағай, Бесағаш* сияқты нақты атаулар жүреді.

***Шілік*** – жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд. *Шілік* географиялық терминіне «су бойында өсетін, жіңішке әрі солқылдақ бұта» деген анықтама арналған (ҚТТС 10т, 369). Дұрысында *шілік*: «бір жерде топтанып, жаңа бойлап өсіп келе жатқан кез келген ағаш». Басты ерекшелігі – қалың болып, қаулап өсуі және әсіресе, жас өскін болуы. Кейде жас, балапан ағаштар өсіп кетсе де, *Шілік* атауы өзгермей қала береді.

Қазақстанда *Шілік, Шілікті, Шіліксай, Үлкен Шілік, Қарашілік*, т.б. топонимдер бар.

***Шірік*** – құдық. Жамб. обл., Сарысу ауд. Біздің ойымызша, *шірік* сын есімі топоним жасауға тым қабілетті емес, сондықтан топонимге араласқан *шірік* сөзі моңғ. *ширх* «қалың, бітік өскен өсімдік» мәніндегі сөзі болуы мүмкін. *Шірік, Шірікқайың, Шірікаяқ, Шірікрабат* атауларында кездеседі.

Қорыта келгенде, қай тілдің болмасын фитонимдер жүйесі сол тілдегі антропоним, топоним қатарларын байытудың құнарлы бір қайнары болып табылады.

### 3.2.5 Түбір антротопонимдер

Антропоним (гр. antropos – адам + onym, onoma – ат, атау, есім) – онимнің бір түрі, кез келген адам немесе бір топ адамдардың аты [6;41].

Антропоним ең алдымен қоғамдық және ұлттық сипаты ерекше басым жалқы есімдер қатарына жатады. Қазақ антропонимдерін жан-жақты зерттеген ғалым профессор Т.Жанұзақ: «Тіліміздегі кісі аттары, қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси-экономикалық күй-жайы, қоғамдық құрылысы жөнінде қыруар мағлұматқа ие келеді», - дейді [101;43].

Сондай-ақ қазақ антропонимиясы мынадай белгілермен ерекшеленеді:

- Қазақ халқы, көбінесе, бір немесе екі тұлғалы антропонимдік жүйені пайдаланып келген (*аты* немесе *аты + әкесінің аты + ұлы, қызы*). Ал *аты + әкесінің аты + фамилия* түріндегі үш тұлғалы жүйе орыс тілінің әсерінен кейін енді.

- Қазақ антропонимдерінің негізгі қорын қазақ тіліндегі атаулар құрайды, бірақ ғасырлар бойы араб, парсы, моңғол, орыс және басқа шет ел тілдерінен есімдер еніп, біршама шұбарланған. Сондықтан қазіргі қазақ антропонимиясының да экологиялық мәселелері баршылық.

Антропонимиканың көрнекті өкілдерінің бірі А.В.Суперанская антропонимдерді жекеше және көпше деген екі түрге бөледі де, көпше түрде қолданылатын антропонимдер этнонимдердің қайнар көзі екенін атап көрсетеді [4;176]. Бұл пікірдің шындығын түгелге жуық адам есімдерінен тұратын қазақ шежірелері дәлелдеп береді. Көшпелі халықтардың рулық шежірені жүргізуінің бір себебін А.В.Суперанская «некені реттеп отырудан» (бір ру ішінде некелесуге тыйым салынған) деп түсіндіреді [4;177]. Қазіргі кездің өзінде буряттардың ішінде 25 атасына дейін таратып бере алатын адамдар көптеп кездеседі екен [103;304].

Антропонимнің тағы бір тығыз байланысқа түсетін төркіндес саласы – топоним. Мұнда да, дәл өсімдік атаулары мен топоним қатынасы сияқты, екі жақты байланыс орнайды: 1) жер-су аттарынан кісі есімі қалыптасады. Бұған екі түрлі уәж әсер етеді: біріншіден, бала туған жердің не судың атын (топоним) нәрестеге есім етіп алу; екіншіден, ірі тау, немесе өзендей болсын деген тілекпен атауын алады. М.: *Алтай, Еділ, Ертісбай, Орал, Жайық, Семейхан* т.б.; 2) жекелеген немесе топтанған адам есімдерінен топоним жасалады. Оларды ғылыми тілде **антротопонимдер** деп атайды және мынадай уәждер, себептер арқылы пайда болады: а) сол жерді иемденген, қоныс еткен «феодал, байлардың атынан жасалған микротопонимдер» кездеседі [104;284]. М.: *Ұзынбай, Алшынбай қорығы, Сартымбет, Қанай* т.б. Мұндай антротопонимдер көшпелі дәуірде әркімнің, әр рудың меншікті қыстауы, өз жайлауы болған себепті өте мол кездесетін. Кейін қоғамдық меншікке негізделген кеңестік жүйе бұл микротопонимдерді жойып жіберді. Енді шаруашылық қайтадан жеке меншікке көшкендіктен, ондай микротопонимдер көптеп пайда болуы мүмкін; ә) атақты хан, сұлтан, батыр, би, ақын т.б. жеке

тұлғалар туған немесе қайтыс болған жерлерге есімдерін мәңгілеу үшін аты беріледі. Мұндай топонимді *мемориоиним* деп атау дәстүрге айналған. М.: *Абай, Күшікбай асуы, Жамбыл, Райымбек батыр* т.б. Бұл топқа Кеңес Одағы кезеңінде қаптап енген коммунист-көсемдердің, Азамат және Ұлы Отан соғыстарының батырларының топонимге айналған есімдерін де жатқызуға болады. М.: *Ленин колхозы, Киров, Калинин, І.Айтықов т.б.*

Біз бұл тараушада түбір антропонимнен жасалған топонимдерді қарастырамыз. Т.Жанұзақ есімнен жасалған топонимдердің қосымшасыз түрі де болатынын айта келіп, оған *Жәнібек, Төлеген, Бекетай, Жетібай, Жиенбай* (БҚО-да), *Мақат, Құлсары, Ералы* (Атырау обл.), *Аманжол, Күзембай, Олжабай, Құрымбай, Қылышбай* (Павлодар обл.) тәрізді антротопонимдерді мысалға келтіреді [104;284].

О.Т.Молчанова адам есімінен пайда болған топонимдерді түгел лексика-семантикалық әдіспен жасалған бірнегізді топонимдерге жатқызады да, «эллипсис арқылы жасалған атаулар деп сеніммен айтуға болады, өйткені олар түркі тілдерінде әдетте изафеттік құрылымда қолданылады» дейді [96;109]. Бұл тілде болатын экономия (үнем ) құбылысының нәтижесінде қалыптасады және «О.Есперсен эллипсис құбылысын тілдің дамуының белгісі деп атайды» [70;35]. Мысалы, бір заманда *Әбдікерімнің жұрты* деп аталған жайлау уақыт өте келе *Әбдікерім жұрты > Әбдікерім* тұлғасына дейін қысқаруды бастан кешті.

Қазақстан жерінде жеке меншікті әйгілейтін эллипсиске ұшыраған изафеттік мәнді топонимдер (изафеттік атаулар толық түрде келесі тарауларда айтылады) және мемориониимдер аралас келіп жатады. Бірақ бірінші жолмен жасалғандар басым болып келеді: ***Абай*** (е.м. СҚО,Уәлиханов ауд.), ***Ажа*** (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.), ***Ай*** (өзен. ШҚО, Үржар ауд.), ***Анар*** (тж. ст. Ақм. обл., Аршалы ауд.), ***Арай*** (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.), ***Аят*** (е.м. Қост. обл., Таран ауд.), ***Баян*** (е.м. СҚО, Жамб. ауд.), ***Баяр*** (сор. БҚО, Казталовка ауд.), ***Бақай*** (е.м. Ақт. обл., Хромтау ауд.), ***Әжі*** (е.м. Ақм. обл., Ерейментау ауд.), ***Дайыр*** (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.), ***Дәуіт*** (тау, 161 м. Қызылорд. обл., Арал ауд.), ***Дияр*** (е.м. Ақт. обл., Байғанин ауд.), ***Едіге*** (өзен. Ақм. обл., Ерейментау ауд.), ***Иса*** (е.м. Алм. обл., Қарасай ауд.), ***Қайрат*** (е.м. БҚО, Жәнібек ауд.), ***Қапал*** (е.м. Алм. обл., Ақсу ауд.), ***Қорқыт*** (е.м. Қызылорд. обл., Қармақшы ауд.), ***Кенен*** (е.м. Жамб. обл., Қордай обл.), ***Көшім*** (е.м. БҚО, Зеленое ауд.), ***Мақат*** (е.м. Атыр. обл., Мақат ауд.), ***Мақпал*** (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.), ***Мейір*** (тау, 185,6 м. Қар. обл., Жезді ауд.), ***Медеу*** (е.м.ШҚО, Абай ауд.), ***Мереке*** (е.м. Қост. обл., Наурызым ауд.), ***Мөңке*** (өзен. Жамб. обл., Т.Рысқұлов ауд.), ***Сары*** (төбе. Павл. обл., Май ауд.), ***Сүгір*** (е.м. Павл. обл., Шарбақты ауд.), ***Теңге*** (е.м. Маңғ. обл., Қарақия ауд.), ***Түрке*** (тау, Атыр. обл., Үстірт), ***Шатан*** (е.м. Қар. обл., Бұқаржырау ауд.), ***Шұға*** (е.м. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Шырын*** (е.м. Алм. обл., Үйғыр ауд.) т.б.

Келтірілген түбір антротопонимдердің семантикасы топонимжасамда маңызды емес, өйткені ол мәселені антропонимика ғылымы қарастырады. Алайда жер-суға аты берілген тұлғаны тани білу қажет. Мәселен, *Абай, Баян, Едіге, Кенен, Қорқыт, Көшім, Сүгір* секілді адамдардың кім болғанын әркім біледі, болмаса қыстауы маңызды жерде орналасқандықтан, аты сақталып қалған қарапайым адамдар есімі де кездеседі. Азғантай тізімде кірме атаулардың біршама орын алып отыруы, қазақ антропонимиясы да ұлттық (түркілік) бейнесін жоғалтып бара жатқанын көрсетеді (моңғ.*Баян, Баяр*; араб, парсы. *Анар, Дайыр, Дияр, Мақпал*; евр. *Иса, Дәуіт* т.б).

Жұмысымызда тек түбір антротопонимдер ғана қаралды, себебі *Жаманбай, Байқожа* тұлғалы антротопонимдердің функциясы да дәл осындай болып келеді. Оған қоса екі негізді антротопонимдер мол кездеседі және көпшілігі изафеттік құрылымда келетіндіктен, синтетикалық жолмен жасалған топонимдер тобына енеді. Антротопонимдерді, қазіргі көзқарас бойынша және біздің ойымыз да сол, мейлінше қысқарту қажет. **Қазіргі ономастикалық талап бойынша, жер-суға адам есімін беруге болмайды.** Өйткені адам саны үнемі өсе береді де, жер көлемі енді өспейді (мұхиттар тартылып жаңа құрлықтар пайда болып жатса, онда сөз басқа). Әр ұрпақ өз ішінен шыққан бай, батыр, ғұлама, кәсіпкер, әкім т.б. мәңгілеу үшін, есімдерін жер-суға, елді мекендерге қоя беретін болса, көп ұзамай-ақ ол антропонимдер топонимдерді түгелдей ығыстырып шығарады. Жер телімдерінің жекеменшікке өте бастауы антротопонимдердің көбейіп кету қаупін туғызып отыр. Сондықтан, топонимжасам үлгісі ретінде Қазақстанда кездесетін антротопонимдерді көрсетіп отырғанымызбен, оларды одан әрі қолдануға қатаң тыйым салынуын ұсынамыз.

### 3.2.6 Түбір этнотопонимдер

Ономастиканың теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырған профессор А.В.Суперанская этнонимді (гр. ethnos - тайпа, халық + onyma - есім, атау) «ономастикалық кеңістікке енбейтін лексикалық категорияға» жатқызады. Оның басты себебі – этнонимдер коннотацияға бай, бірақ денотаты анық болмағандықтан, «тілдік сипаты жағынын олар жалпы есімдер» дейді ғалым [4; 205-209].

Біздің ойымызша, этнонимдерді өзі қатарлас антропонимдер мен топонимдерден бөліп, ономастикалық кеңістікке енгізбей қоюға болмайды. Этноним – аты айтып тұрғандай, кәдімгі жалқы есім. Оның денотаты да жоқ емес. Мәселен, *қазақ* этнонимінің денотаты дегеніміз – барлық болмысымен басқа этностардан ерекшеленетін қазақтар. Мұндай ерекшелікке тілі, антропологиялық белгілері, ұлттық кәсібі, ұлттық тамақтары, киімі, салт-дәстүрі т.б. жатады.

Ал «атау денотаттың ерекше бір белгісін білдіреді» деген ақиқатқа сүйенсек, қазақ этнонимі ол халықтың «басқалардан қазақыланып (бөлініп) еркін көшіп-қонып жүруді ұнататын» белгісін атап көрсетіп тұр. Өйткені көшпелі өмірді аяғына дейін тастамай тұтынған халықтың бірі – қазақтар. Егер Қазан төңкерісінен кейін күшпен отырықшылық өмірге ауыстырылмаған болсақ, қазақ халқы XX ғасырдың ортасына дейін, тіпті кейбір пайызы күні бүгінге дейін көшіп-қонып жүруі мүмкін еді.

Этнонимика саласының мамандары мынадай пікірлер келтіреді: 1) Ең ежелгі этнонимдер – топонимдерден жасалған, яғни өздері мекендеген өзен, көл, тау т.б. аттарын қабылдаған. М.: Академик Ә.Қайдар *қаңлы* этнонимінің этимологиясын көне түркі тіліндегі *қаң* «өзен; нақтыласақ - Сырдария» сөзінен шығарады [105;73]. А.В. Суперанская *гун (хун)* этнонимін қыт. *hun-jo* «питающиеся луком» деп түсіндіреді [4;208]. Екінші жағынын алып қарағанда, ғұндардың үнемі сарымсақты қорек қылуы емес, олардың негізгі мекені болған қыт. *Цунлин (Куэнь-Лунь)* «сарымсақты тау» топонимі *ғұн (сюнну*) этнонимін туғызуы да ғажап емес [47; 204-205]. 2) Ертедегі тайпалар аты тотем мағыналы сөздерден жасалған. М.: Т.Жанұзақ қазақ руларының ішінен *бұқа, шұбарайғыр, бура, теке, аю* сияқты ру аттарын тотемдік атауларға жатқызады [104; 69]. А.В.Суперанская және басқа ғалымдар *керей* этнонимін моңғ. *кирэ/ кереэ* «қарға» сөзімен байланыстырады [4; 208]. 3) Атақты ру басы, көсем, батыр, би есімдері, яғни антропонимдер этноним жасаудың қайнар көзі болған. М.: *Ноғай ордасы, Өзбек ұлысы, абақ, айдабол, есқара, есбол* т.б. 4) Рулық ен-таңбалар бойынша этнонимдер қалыптасқан: *бағаналы < бақанлы, балталы, ашамайлы, тарақты, ергенекті* т.б. (А.В.Суперанская, 1973; Т.Жанұзақ, 2006; А.Г.Малявкин, 1981).

Сонымен, этноним, алдыңғы тараушадағы антропоним секілді, топониммен екі жақты байланысқа түседі:1) этнонимнің өзі топоним негізінде жасалады (қараңыз: 1-жасалу жолы). Бұл ежелгі этнонимдерге тән болып келетіндіктен, адамдар шоғырланып, этнос құрамас бұрын, жер-су аттары пайда болып қойғанын көрсетеді. М.: *алтай кижи, кенгерес, қашқарлық, саянлық* т.б. 2) этноним негізінде топоним жасалады, яғни **этнотопонимдер** пайда болады. Мұнда этноним лексика-семантикалық жолмен екінші мағынаға ие болады.

Алайда, енді этнонимдер топоним қызметіне ауысқанда, антротопонимдер тәрізді бірнеше мағынада жұмсалмайды, тек «белгілі бір этнонимнің мекені» деген бір ғана мән білдіреді. Қазақ шежірелерінде кездесетін мыңдаған ірілі-ұсақты этнонимдердің барлығы топонимге айнала бермеген, олардың ішінде тарихи оқиғаға, миграцияға байланысты туған шағын ғана этнотопонимдер тобы ел есінде сақталып, кейін карта бетіне түседі. Атап айтқанда қазіргі Қазақстан аумағында мынадай этно-

топонимдер кездеседі: ***Адай*** (е.м. Қост. обл., Қамысты ауд.), ***Алаш*** (өзен. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Арғын*** (аңғар. СҚО, Ақжар), ***Атығай*** (көл. СҚО, Ш.Уәлиханов ауд.), ***Бағыс*** (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.), ***Қазақ*** (е.м. Қост. обл., Алтынсарин ауд.), ***Қалмақ*** (қыстау. Жамб. обл., Мойынқұм ауд.), ***Қожа*** (е.м. Қост. обл., Наурызым ауд.), ***Қыпшақ*** (өзен. Қар. обл., Нұра ауд.), ***Қырғыз*** (тж.ст. Ақт. обл., Алға ауд.), ***Керей*** (е.м. Павл. обл., Аққу ауд.), ***Керейт*** (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.), ***Куба*** (е.м.СҚО, Тимирязев ауд.), ***Малай*** (е.м. ШҚО, Жарма ауд.), ***Мамыт*** (е.м. Ақт. обл., Хромтау ауд.), ***Матай*** (тж.ст. Алм. обл. Ақсу ауд.), ***Мұрын*** (тау. Павл. обл., Май ауд.), ***Найман*** (жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Ноғай*** (айрық. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Оймауыт*** (е.м. Ақт. обл., Байғанин ауд.), ***Самай*** (жайлау. Павл. обл., Ақсу ауд.), ***Сарман*** (көл. Павл. обл., Аққу ауд.), ***Сіргелі*** (аңғар. Павл. обл., Екібастұз ауд.), ***Табын*** (айрық. Павл. обл., Успенск ауд.), ***Төре*** (көл. СҚО, Ш.Уәлиханов ауд.), ***Төлеңгіт*** (е.м. Қост. обл., Меңдіқара ауд.), ***Уақ*** (е.м. СҚО, М.Жұмабаев ауд.), ***Ұраңқай*** (е.м. ШҚО, Күршім ауд.), ***Шымыр*** (қойнау.СҚО, Айыртау ауд.) т.б.

Көріп отырғанымыздай, бұл шағын тізімде ірі этнос – халықтың атына айналған *қазақ, қырғыз* макроэтнонимінен, *арғын, найман, керей, уақ* тәрізді ірі рулар атынан және руішілік аталардың (*самай, сарман, матай, шымыр)* атынан топонимдер жасалған. Сондай-ақ қазақ шежірелерінде кірме аталатын *қалмақ, қожа, төре, төлеңгіт* этнонимінен жасалған жер-су аттары қазақ халқының қалыптасуынан ақпарат береді.

Мұхиттың арғы жағында жатқан *Куба* этноойконимі КСРО мен Куба социалистік республикасының арасындағы достық кезінде (1970-1980) келген сияқты.

Кейбір этнотопонимдер екіұшты мағынада тұрады, сондықтан ондай атаулардың денотатын қосымша зерттеу қажет болады. Мәселен, 1. *оймауыт* – геноним (он сан оймауыт); 2. *оймауыт* – «ойдым, ойпат жер» мағынасындағы диалект сөз (ҚТТС, 7т, 389).

Топонимжасам барысында антротопонимдер секілді, этнотопонимдерді де шектеуге тиіспіз, өйткені олар да топонимдерді ығыстыратын фактор болып табылады. Оның үстіне, көшпелі өмірде маңызды рөл атқарған этнонимнің өзі отырықшылыққа көшкенде мәнін жоғалтып, әр түрлі ұсақ этностық құрылымдар біртұтас халық болып біріге бастайтыны тарихтан белгілі.

### 3.2.7. Сын, сан, мөлшер мәнді түбір сөздерден жасалған топонимдер

Бұл тараушада қаралатын түбір топонимдер, негізінен сапалық сын есімдерден жасалады. Егер жеке тараушаға бөлуге аздық ететін түбір сан есімнен жасалған топонимдер (*Тоғыз, Үш*) және мөлшер мәнді (*Көп*)

топонимдері болмағанда, тараушаны солай – «Сапалық сын есімдерден жасалған топонимдер» деп атауға да болар еді.

Ономастика тұрғысынан қарамағанның өзінде, зат есімнің денотаттық мағынасы күшті болатындықтан, жеке қолданыла береді де, «сын есімдер де, етістіктер де жеке-дара атау қызметін атқарады, бірақ зат есімдер секілді жеке қолданылмайды» [106;29]. Олар өзге сөздермен тіркесе қолданылғанда ғана анық мағына береді. Мәселен, сын есім, әдетте зат есіммен байланысқа түсіп, толық семантикаға ие болады. Бұл зат есімнің артықшылығы оның дүниедегі нақты, шын заттарды атайтын қасиетіне байланысты болса керек.

А.В.Суперанская бізді қоршаған дүниенің ішінде тек заттар ғана жалқы есімге ие болатынын және зат неғұрлым нақты, шын болса, оның жалқы есімге ие болу қабілеті соғұрлым жоғары болатынын айта келіп: «Однака предметность как основное свойство категории собственных имен требует от слов, относящихся к ней, субстантивности», дейді [4;109]. **Сонда жалқы есімге айналған кез келген сөз зат есім категориясына өтеді деген тұжырым туады.**

Сапалы сын есімдердің жалқы есімге (қазіргі жағдайда топонимге) өтуі оның екінші (қосымша) мағынасын тудырады және субстантивтенеді. Мұндай құбылысты ономастика ғылымында топонимдену (топонимизация) деп атайды. М.: «сын есім *жіңішке* – бұлақ атауы *Жіңішке*» [14; 186].

Алайда сапалық сын есімнің лексика-семантикалық жолмен топонимге айналуын кейбір ғалымдар элипсистің әсерінен болуы мүмкін екенін ескертеді: «...Названия рек типа Быстрая, Светлая, Черная должны скорее расцениваться не как субстантивированные прилагательные, а как эллиптированные определительные фразы типа Быстрая река» [4; 110].

Қалай болса да, сапалық сын есімдерден жасалған топонимдердің бар екені шындық және олар аз емес. Олардың барлығы **сын есім + зат есім** үлгісінен элипсис арқылы жасалды деуге нақты деректер жеткіліксіз. Ең дұрысы, денотат сол кездегі атау берушілерге таныс, белгілі болғандықтан, оның ерекше белгісін білдіретін сын есімді ғана атау ретінде алып, нысан атын (географиялық терминді) қосуды қажет деп таппаған. М.: *Тақыр* (дала не тау), *Ұзын* (өзен, жота, жол, сай т.б.).

Қазақстанда ресми тіркелген, республика картасына түскен мынадай сапалық сын есімдерден жасалған топонимдер кездеседі: ***Баршын*** (тұзды көл. СҚО, Айыртау ауд.), ***Жақсы*** (төбе. Павл. обл., Май ауд.), ***Жалаңаш*** (қоныс. СҚО, Шал ақын ауд.), ***Жаман*** (ескі ауыл. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Жасыл*** (е.м. Ақм. обл., Шортанды ауд.), ***Жирен*** (е.м.Ақм. обл.,Жақсы ауд.), ***Жорға*** (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.), ***Жуан*** (е.м. Алм. обл, Балқаш ауд.), ***Иір*** (е.м. Алм. обл., Балқаш ауд.), ***Имек*** (тау, 887,1 м. Қар. обл. Ақтоғай

ауд.), ***Ирек*** (тау, 431,1 м, Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Жалтыр*** (е.м.Павл. обл., Май ауд.), ***Қисық*** (қоныс. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Қызыл*** (құдық. Жамб. обл., Талас ауд.), ***Көп*** (өзен саласы. Павл. обл., Ақтоғай ауд.): *Көп* «бір нәрсенің мол, көп шоғырланған жерін» көрсететін ГТ [66; 40]. Сонымен бірге, ор. *коп* «искусственный проток, очищенное от земли место на озере. То же – прокоп, копанец (Западная Сибирь) [Воробьев, 1973] сөзі болуы да мүмкін: *Коп* > *Көп*. ***Көркем*** (е.м. Ақм. обл., Егіндікөл ауд.), ***Мау*** (е.м. СҚО, Уәлиханов ауд.), ***Молақ*** (е.м. Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Момын*** (е.м. Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Морт*** (қоныс. Павл..обл., Ақтоғай ауд.), ***Мөлдір*** (қоныс. Павл. обл., Май ауд.), ***Мұқыр*** (төбе. Павл. обл., Екібастұз ауд.), ***Мыржық*** (е.м. Павл.. обл.), ***Өтел*** (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.), ***Сасай*** (мола. Павл.обл., Екібастұз ауд.), ***Сатпақ*** (қыстау. Павл. обл., Май ауд.), ***Соқыр*** (тау, 155 м. Маңғ. обл., Қарақия ауд.), ***Сұлу*** (қыстау. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Тақыл*** (қыстау. Павл. обл., Май ауд.), ***Тар*** (шатқал. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Тарғыл*** (тау, 554 м. Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Тентек*** (өзен саласы. Павл. обл., Ақсу ауд.), ***Ұзын*** (тау. Павл. обл., Май ауд.), ***Ұлы*** (батпақ. СҚО, Жамб. ауд.), ***Үлкен*** (тж.ст. Алм. обл., Жамбыл ауд.), ***Шабдар*** (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.), ***Шағаи*** (көл. Павл. обл., Успенск ауд.), ***Шой*** (айрық. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Шолақ*** (жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Шоң*** (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.), ***Шұнақ*** (тау, 1114 м. Қар. обл., Шет ауд.), ***Шүрек*** (жайлау. Павл. обл., Ақсу ауд.) т.б.

Тізімдегі *Баршын, Жасыл, Жирен* қатарлы топонимдер географиялық нысанның түр-түсін білдірсе, *Жақсы, Жалаңаш, Жаман, Жалтыр, Тақыр* т.б. денотаттың жай-күйін, сапасын білдіреді. Мұндағы атауға негіз болған сын есімдер, негізінен алғанда, түсінікті сөздерден тұрады. Дегенмен қазіргі кезде пассив қолданатын кейбір сөздерді түсіндіре кетуге тура келеді. Көнерген, диалект сөздердің лексикамызды, сондай-ақ термин мен топоним қатарын көбейте түсетіні анық.

***Баршын*** – тұзды көл. СҚО, Айыртау ауд. *Баршын* – «жолақты жібек мата» (ҚТТС, 2т, 108) мәніндегі зат есім. Уақыт өте келе «жолағы бар барлық нәрсеге қарата айтылатын» сын есімге айналған. Баршынның тарихи түбірі «*барша (парча)* «материя с щелковой основой, затканная золотыми или серебряными нитями» сөзі [98;257]. Е.Н.Шипованың сөздігінде *порча* иран тілінен түркілерге, түркі тілінен орыс тіліне енген түркизм деп беріледі (Ушаков, Огненко, Юдахин, Корш пікірлері бойынша). *Баршын* мен *баршаның* бір болатын себебі – ол маталарда жолақтардың (мейлі басқа түсті жіптен, мейлі алтыннан жасалған) болуы. *Барша+ын* > *баршын* тұлғасы қаз. *ұзын, шағын* үлгісімен жасалған сын есім болады.

*Баршын* – баршын бүркіт «ақ жолақтары айқын көрінетін бала бүркіт» зоонимін жасаса, *барша* – барша тышқан «жон бойында үш ақ жолағы бар тау тышқаны» зоонимін жасайды.

Топонимде жолағы бар тас (Баршатас), тарғыл, ала түсті табиғи нысандарды білдіреді. *Баршын* атанған көлдің тұз әсерінен пайда болған ақ жолақтары бар екені сөзсіз.

***Мау*** – е.м. СҚО, Уәлиханов ауд. *Мау* сөзі ҚТТС-та сөйленіс түрінде «маубас, ынжық» мағынасында қолданылады деп белгіленген (7т, 146). *Мау<Маубас* сөзі метафоралық жолмен топоним жасамаса, тікелей қолдануға келмейді. Сонымен бірге *мау* түбірінен *маужыр* «тып-тыныш, мүлгіген» сын есімі жасалатынын да ескерген жөн.

***Өтел*** – е.м. ОҚО, Сайрам ауд. *Өтел* зат есім сөзі «әбден пайдаланып тозығы жеткен көр-жер, ескі-құсқы» семантикасын береді (ҚТТС, 7т,591). *Өтел* сөзінен Өтелбай антропонимі жасалады және «тозығы жеткен ескі жер, төбе, тау» мағынасында топоним туады. Мұнда *өтел* зат есімі сын есімге айналады да, жалқы есім категориясына өткенде, қайтадан субстантивтенеді. *Өтел* сөзінің түбірінде көне түркі. *өт/ут* «уақыт» сөзі жатқаны байқалады. Қаз. *өтел* сөзі орыс тіліне *утиль* түрінде енген.

***Сасай*** – мола. Павл. обл., Екібастұз ауд. Қазақ «қошқар, теке, бұқа сияқты аталық малдардың күзгі күйек алу кезіндегі іске жарамай қалуын» (ҚТТС, 8т, 196) сасай болды деп атайды. *Сасай* сөзінің топонимге айналуы сирек жағдайды білдіреді. Сасай болып жатып қалған малға немесе соған ұқсас жалғыз төбешік, дөңге байланысты туған атау болуы мүмкін. Т.Жанұзақ *Сасай* – этнотопоним екенін айтады [25;171-172]. *Саз + сай* сөздерінен біріккен топоним болуы да ықтимал: *Сазсай>Сассай>Сасай.*

***Соқыр*** – тау 155м. Маңғ. обл., Қарақия ауд. *Соқыр* «көру мүшесінен айырылған, жанары жоқ» деген негізгі мағынасынан басқа, «айдалаға ағып, құмға сіңіп кететін өзен, су» мәнді географиялық терминді де білдіреді. *Соқыр* оронимі осы аттас өзен, су атынан транстопонимденіп тұр деуге негіз бар. Кейде соқыр тұман «қалың тұман» түсетін жерлерге де *Соқыр* атауы таңылуы ықтимал. Угро-фин. *согр* «батпақ», «саз» сөзінен шығаруға да болады.

***Тақыл*** – қыст. Павл. обл., Май ауд. Мұндағы *тақыл* сөзі тақыл-тұқыл «бірде бар, бірде жоқ, тақ-тұқ» (ҚТТС, 8т, 553) қос сөзінде сақталған. Топонимге *Тақыл* «өсімдігі немесе суы тапшы, мардымсыз жер» мағынасымен енеді. Егер ол жерде діни орталық, құрбандық шалатын қасиетті тау, тас болса, онда моңғ. *тахил* «құрбан, тасаттық» сөзінен шығаруға болады.

***Шой*** – айырық. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Шой* сөзі «орасан зор, дәу, үлкен» (ҚТТС, 10т,236) мағынасындағы сын есім болады. Топонимжасамда *Шой* субстантивтеніп, «көлемді, үлкен тау (шоқы, төбе)» сияқты ороним жасайды.

***Шоң*** – е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд. *Шоң* «үлкен, дәу, жуан» сын есімі *Шоң* антропонимін (Шоң, Торайғыр билер), *Шоңмұрын* этнонимін (най-

ман ішінде) және «ірі, биік, көлемді тау (шоқы, төбе), көл» мағынасындағы *Шоң* топонимін бірдей жасай береді. Мұндағы антропоним Шоңның мағынасына денотат сәйкес келмей қалуы мүмкін (мысалы, есімі Шоң, ал өзі кішкене денелі адам болуы мүмкін), ал этноним Шоңмұрын мен топоним Шоң нысандарымен сәйкес келетіні сөзсіз. Бұның өзі жалқы есім салаларының таңбалық дәрежесі әр түрлі болатынын дәлелдейді. Атап айтқанда, антропонимдер шартты таңбаға жақын да, этноним, топонимдер атау-сөзге жақын келеді.

***Шүрек*** – жайлау. Павл. обл., Ақсу ауд. ҚТТС-та *шүрек* сөзі жоқ, алайда түркі тілдерінде бар және бірнеше мағынада қолданылады: 1) С.Аманжоловтың диалектологиялық сөздігінде *шүрек*: «в литературном языке она означает «недотрога» или «пласкивое, избалованное дитя», а здесь бауырсақ (хлеб в виде небольших шариков, зажаренных в сале или масле) [107; 543-544]. 2) Е.Н.Шипованың орыс тіліндегі түркизмдер жайлы сөздігінде: «*чурек*, М., обл. (кавк.) большая пресная лепешка» мағынасында көптеген түркі тілдерінде қолданылатыны айтылады [98; 403]. 3) Э.М.Мурзаевтың халықтық географиялық терминдер туралы сөздігінде: «*чурек* – сердце; в топонимии – небольшой лесистый холм (тув.)» деп қаз. *жүрек* сөзінің фонетикалық нұсқасы түрінде беріледі [46; 621]. 4) Моңғ. *шүүрэг* «құсасық; сақа; құлжа» (асық ойынына қолданылатын салмақты жалғыз асық) [77;758].

С.Аманжолов келтірген «ерке», «шолжың» мәніндегі шүрек әдеби тілде болса, 10 томдық түсіндірме сөздікке енсе керек еді, сондықтан Қазақстанның шығысына тән диалект сөз болуға тиіс. Өйткені шығыста ерке, шолжың балаларды «өй, өңкей үрек пен шүрек» деп айту қазір де кездеседі.

Шүрек сөзінің топоним жасауға қабілеті бары – қаз. диалект ретінде көрсетілген «бауырсақ» мағынасы. Ол метафоралық жолмен «домалақ, жұмыр тасы бар жерге» атау бола алады. Ал қазақ тілінде *жүрек* географиялық термині бола тұрып тув. *чүрек* сөзін атаулыққа ала қоюы екіталай. Тек тілдегі реликт дәрежесінде сақталып қалса ғана, чүрек «жүрек» топонимі деуге негіз бар.

Моңғ. *шүүрэг* «сақа асық» сөзі де топонимге келеді: «көп ұсақ нысандардың ішіндегі ірісі, үлкені» мағынасында.

Термелеп отырған пікірлердің қайсысы рас екенін нысанды көзбен көріп барып шешуге болады, әйткенмен біздің мақсатымыз топонимжасамға қатысы бар барлық нұсқаларды қамту екені айтпаса да түсінікті. Әсіресе еліміздің, тіліміздің тарихында бар көне түркі және моңғол тілді атауларды назардан тыс қалдыруға болмайды. Оларды бір жерде болмаса екінші жерде қолданысқа енгізіп отыру қажет.

Осы тараушада қарастыруға тура келетін түбір сан есімнен жасалған

бірді-екілі топоним бар: ***Жаңғыз*** (тау, 838 м. ШҚО, Аягөз ауд.), ***Тоғыз*** (жайлау. Павл. обл., Ақтоғай ауд.), ***Үш*** (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд). Бұлар географиялық нысанның сан мөлшерін білдіру арқылы топонимге айналған есептік сан есімдер екені анық. Дегенмен мұнда элипсис құбылысының әсері айқын байқалып тұр, себебі сан есімдер де сын есімдер секілді, «басқа сөздерге (зат есімдерге) тіркестірілмей жекедара айтылғанда, тек абстракт сандық ұғымдардың атаулары ретінде қолданылады» [90; 200].

Қорыта келгенде, сапалық сын есімдер мен есептік сан есімдер лексика-семантикалық тәсілмен (Ж.Сарбалаев конверсиялық тәсілге жатқызады) тұлғасын өзгертпей және субстантивтеніп барып түбір топонимдер жасай алады екен. Ендеше топонимжасамда оларды орынды қолдана білу керек демекпіз.

### 3.2.8 Географиялық нысанның өзіне тән ерекшелігін білдіретін түбір топонимдер

Мұндай атауларды жер бедерін білдіретін географиялық терминдермен шатастыруға болмайды. Тараушаға бөлініп отырған бұл атаулардың денотаты өзіне тән табиғи ерекшелігі, өзгеше ауа райы бар жерлер болып келеді. Олар мыналар: ***Айғай*** (қоныс. СҚО, Есіл ауд.), ***Дауыл*** (тұзды көл. Павл. обл., Павлодар қ.ә.), ***Жайсаң*** (е.м.Қар. обл., Ақтоғай ауд.), ***Қату*** (тау, 1630 м. Алм. обл., Панфилов ауд.), ***Қиыр*** (қыстау. Атыр. обл., Құрманғазы ауд), ***Көлеңке*** (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.), ***Лекер*** (е.м. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Самал*** (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.), ***Тапа*** (е.м. Қызылорд. обл.,Қазалы ауд.), ***Толқын*** (е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд.), ***Тың*** (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.), ***Шаға*** (е.м. ОҚО, Созақ ауд.), ***Шақа*** (е.м. Павл. обл., Аққу ауд.), ***Шеңбер*** (қыстау. Қар. обл., Ұлытау ауд.).

Енді тізімдегі топонимдердің жасалуына негіз болған топонимдік лексемаларды, олардың атау болудағы уәждерін анықтай кету қажеттігі туады. Өйткені бұлар да өз бетінше топонимдік қатар түзіп, модель бола алады.

***Айғай*** – қоныс. СҚО, Есіл ауд. Айқай [айғай] сөзінің тура мағынасы «әдеттегіден қатты шыққан дауыс, үн» (ҚТТС, 1т, 93) екені аян. Топонимде, біздің Алтайдағы *Үлкен Айғай, Кіші Айғай* тауларына жүргізген зерттеу жұмысымызға сүйенсек, *Айғай* – ороним ретінде тақыр, тасты тауларға берілетін атау. Мұндай тауларда дауыс жаңғырығы болады. Атауға себеп болған осы – тастарға соғылып жаңғырық беретін, айғайды қайталайтын ерекшелігі деп білеміз.

***Дауыл*** – тұзды көл. Павл. обл., Павлодар қ. ә. *Дауыл* «қатты жел» мәнді сөз екені әйгілі [108;188]. Егер *Дауыл* топонимі антропоним немесе кеңестік атау (дауыл «төңкеріс») болмаса, маңында «жиі-жиі қатты жел

соғып тұратын көл» мағынасын танытады. Үнемі желдің соғып тұруы да географиялық нысанның ерекше белгісіне жатады. М.: *Желдіөзек, Ебінің желі,* т.б.

***Жайсаң*** **–**е.м. Қар. обл., Ақтоғай ауд. Қазақ тілінде «жақсы мен жайсаң, қасқа – жайсаң» түрінде әкім, төрелерге қаратып айтылатын *жайсаң* сөзі бар. Ол сөздің қыт. *цзайсян* «канцлер, әкім, министр» сөзінен шығып, моңғ. *зайсан* «әкім, мырза» сөзі арқылы қазақ. *жайсаң* «мырза, төре» енген деген пікір қалыптасқан [92; 78]. Бұған дәлел – жоңғарлар қойған Зайсан көлінің аты (Зайсанг-нор «мырза көл»). Шығыс Қазақстанның қазақтары кейде ол көлді Жайсаң көлі деп те атайды.

Ал Қазақстанның басқа жерлеріндегі *Жайсаң* топонимдері: 1)ертеде әлдебір әкім (зайсан//жайсаң) тұрған жер; 2) шөбі, суы мол мырза (жайсаң) жер; 3) көктемде, жазда су жайылатын жер (жайыс+аң) деген мағыналардың бірінде жасалған деуге болады.

***Қату*** **–** тау, 1630 м. Алм. обл., Панфилов ауд. *Қату* сөзінің адам мінезін білдіретін қабағы қату, қатулы «ашулы, реніштi» сөздерімен байланысты бір мағынасы бар. Нақ осы семантика метафоралық жолмен «ауа райы қатал (қату), құбылмалы тау» мәніндегі *Қату* оронимін жасайды.

***Қиыр*** – қыстау. Атыр. обл., Құрманғазы ауд. *Қиыр* – алыс, жырақ, қиян, шалғай сөздерімен мәндес. Сонымен бірге «шет, түкпір, бұрыш» мағынасын да береді (ҚТТС, 6т, 216).

Топонимде осындай өзара ұқсас екі мәнін өзгертпей-ақ атаулар жасайды: «алыс, шеттегі географиялық нысан». Мысалы, *Қиыр Шығыс, Қиыр* т.б.

***Көлеңке*** – қыстау. ШҚО, Зайсан ауд. ҚТТС-тағы тым шұбалаңқы берілген анықтаманы қысқартып айтсақ, көлеңке «белгілі бір заттың сәуле түсіп тұрған жағына қарама-қарсы тұсы...» (5т, 148). Кез келген сөздіктегі шұбалаңқы анықтама не толымсыз анықтамалар «сөздіктің сапасын төмендетеді»[109; 39].

Топонимде, әдетте, «таудың теріскей жақ етегіне орналасқан қоныс, елді мекендерге» *Көлеңке* атауы беріледі. Күздігүні, қыста аласарған күн таудың тасасымен өтіп кетеді де, мұндай жерлер көп уақыт көлеңкеде қала береді. Кейде мұндай жерлерді *Күнтимес* деп те атайды.

***Лекер*** **–**е.м. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Лекер* сөзі «бірдемеге әсері тиетін дәнекер, себеп, ілдалда» (ҚТТС, 7т, 61) семантикасында түсіндіріледі. Топонимде, егер антропоним болмаса, «тозығы жеткен үй, көпір немесе лекерлеп өтетін өткел, тар шатқал жол» мағыналарының бірінде тұруы мүмкін.

***Самал*** – е.м. БҚО, Ақжайық ауд. *Самал* сөзінің мәні «жанға жайлы қоңыр салқын жел» екені баршаға мәлім (ҚТТС, 8т, 140). Самал антропоним ретінде лексикамызда берік орнады, ал топоним ретінде «баяу есетін

қоңыр салқын желі бар жер» мағынасында жалқы есімдік қызмет атқара алады.

***Тапа*** – е.м. Қызылорд. обл., Қазалы ауд. *Тапа* қазақ тілінде *тапа тал түс* тіркесінде кездеседі. Тілші-ғалым С.Мырзабеков мұндағы тапа сөзінің түбірі тап «дәл, нақ, нағыз» сөзі де, тап+а фонетикалық эпитеза құбылысының нәтижесі екенін айтады [110; 97]. Сонда тапа тал түс < тап тал түс «түс кезі, күннің дәл (тап) ортасы» ұғымын береді.

Ал топонимде *тап* > *тапа* сөзі жеке-дара атау жасай алмайды, сондықтан Тапа ойконимі парсы. *тәппе* «белес, төбе» сөзінен жасалып тұр деп ұйғаруға тура келеді [111; 660]. Көне түрк. *төпү*, тәж. *теппа*, бурят. *добо*, хинди. *тибба* «төбе», «шоқы», «дөң» мағыналарында кең тараған ГТ екенін Э.М.Мурзаев та атап өтеді [46;549]. Қазақстанда төбе географиялық термині бола тұра, *тепе/тапа* нұсқасы да қолданылған болуы керек.

***Толқын*** – е.м. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Толқын*, негізінен, гидронимдік термин: «су бетінің толқыны». Сонымен бірге, «толқынданған құм төбелері», «толқын тәрізді қатпарлы қыраттары» бар жерлерге де *Толқын* топонимі тән болып келеді. Толқын «жас ұрпақ, буын» мәніндегі абстрактілі мәнді ойконим болуы да ықтимал.

***Тың*** – е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд. *Тың* сөзі «жыртылмаған жер» мағынасында 1950 жылдардан бастап, Қазақстанда белсенді қолданысқа көшті. Қазақстандағы жаппай тың игерудің нәтижесі екі түрлі болды: а) солтүстіктегі қара топырақты аймақтар астықты өлкелерге айналды; ә) астық өспейтін, бірақ малға жайлы жерлер бекерге жыртылып, эрозияға ұшырады. Мәселен, номадтанушы-ғалым А.М.Хазанов төңкеріске дейін қазақ жеріне келген орыс қонысаударушылары астықтан көп өнім ала алмаған тәжірибесін көре тұра, тың эпопеясын бастаған кеңестік басшыларды сынай келе былай дейді: «Поэтому в Казахстане неправильная агротехнология, примененная к «целиным землям», привела к сорнякам и ветрам, эрозии почвы и воды, что меньше чем за пятнадцать лет вызвало распространение песков на площади в три миллиона гектаров и подвергло другие двенадцать миллионов гектаров земли ветровой эрозии [5; 50].

*Тың* – сол кеңестік кезеңнен қалған ойконим.

***Шаға*** – е.м. ОҚО, Созақ ауд. және ***Шақа*** – е.м. Павл. обл., Аққу ауд. Екі атау фонетикалық өзгеріске түскен бір сөзден жасалып тұр. Атап айтқанда, *шақа* «жаңа туған нәресте, жас сәби, жүні жетілмеген балапан, төл» мәніндегі сөзі топоним жасауға қатысқан (ҚТТС, 10т, 98). Қаз. *бала-шаға* қос сөзіндегі, жеке қолданылатын түрік., әзірб. *шаға* «бала» сөзі – бәрі де *шақа* сөзінен шығады [92; 206-207].

Топонимжасамда *шақа* > *шаға* сөзінің: 1. «шағын, кішкене, ұсақ» [38; 271]; 2. «жас бала, сәби, төл» концептілері емес, дәл «жүні жетілмеген

қызыл шақа балапан» мағынасы уәж болады. Ол *Шаға/Шақа* «тақыр, өсімдіксіз жер» семантикасы арқылы топонимденеді.

***Шеңбер*** – қыстау. Қар. обл., Ұлытау ауд. ҚТТС-та *шеңбер* сөзіне «бір заттың сыртына қапталған темір құрсау» деген сәтсіз анықтама берілген (10т, 201). Өйткені темір құрсау төртбұрышты, үшбұрышты да болуы мүмкін. Шеңбер сөзінің негізгі белгісі – «екі ұшы түйісіп, дөп-дөңгелек тұлғада» келуі. Анықтау өлшемдес болуы тиіс: «Шеңбер – темір құрсау» анықтамасында логикадағы «өте тар анықтау» деп аталатын қателік жіберілген [99; 24]. Темір құрсау болу – шеңбердің бір қолданысы ғана, ал *шеңбер* сөзі «дөңгелене біткен жазық, алаңқай, көл т.б. табиғи нысандар» мағынасы арқылы *Шеңбер* топонимін де жасай алады.

Топонимиканың теориялық-ғалымдары жер-су аттарын жасауға лексикамыздың шағын бөлігі ғана қатысады дейді (А.В.Суперанская, В.А.Никонов т.б.). Қазақ топонимикасында арнайы географиялық терминдер мен топонимге жақын жүретін сөздер ғана емес, лексикамыздың көптеген сөздері атау жасауға құқылы екен. Ол осы тараушадан көрініп тұр және **көшпелі халықтар жер-су атына сөз байлығын сарқа пайдаланып отырған деген тұжырым жасауға болады.**

### 3.2.9 Адам тіршілігіне байланысты туған түбір топонимдер

Топонимика ғылымында жер-су аттарын **Адам** және **Табиғат** түрінде екі үлкен лексика-семантикалық өріске бөліп қарау қалыптасты. Мәселен, О.Т. Молчанова Таулы Алтай өлкесі топожүйесінен адамның өзіне тән 25 семантикалық өрісті бөліп көрсетеді: 1) ауруы, 2) әрекеті мен жағдайы, 3) рухани мәдениеті; 4) баспана; 5) кәсібі; 6) шаруашылыққа қажетті өңделген жерлер; 7) өткен тарихы; 8) адам есімдері; 9) үй жиһаздары; 10) тұратын жері; 11) мінез-құлқы; 12) киім-кешек, әшекей; 13) еңбек құралдары; 14) қару-жарақ; 15) ас, тағамы; 16) еңбек өнімдері; 17) адамдардың жасына, кәсібіне, қоғамдағы дәрежесіне байланысты әр түрлі аталуы; 18) жанұясы; 19) бір күндегі оқиға; 20) құрылыс, ғимарат; 21) көлік түрлері; 22) шаруашылық бұйымдары; 23) шаруашылық құрылыстары; 24) адамның дене мүшелері; 25) этнонимдер [81;88]. Бұл *Адам* концептісіне тән болып келетін топонимикалық өрістер алтай тілінен басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Топонимжасам барысында санамаланып өткен салаларды ескеріп отыру қажет.

Төменде қазақ жерінде бар, ресми тіркелген адам тіршілігіне байланысты туындаған түбір топонимдерді келтіреміз. Бұл – үлгі, өйткені уақыт өту барысында адам өмірі де, тіршілік ету мәнері де өзгеріп отырады. Соған сәйкес *Адам* концептісіне жататын топонимдер де ауысады. Ал *Табиғат* өрісіне жататын атаулар, табиғаттың өте баяу өзгеруіне орай, біршама тұрақты болып келеді: ***Аманат*** (е.м. ШҚО, Күршім ауд.), ***Бейіт***

(мола. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Боза*** (е.м. Қызылорд. обл., Жалағаш ауд.), ***Дихан*** (е.м. Жамб. обл., Байзақ ауд.), ***Жапа*** (е.м. Павл. обл., Баянауыл ауд.), ***Жәрмеңке*** (е.м.БҚО, Бөкей Орда ауд.), ***Қалаш*** (тж. ст. ОҚО, Ордабасы ауд.), ***Қоғам*** (е.м. Атыр. обл., Қызылқоға ауд.), ***Көпір*** (айрық. Алм. обл., Көксу ауд.), ***Орын*** (құдық. Қызылорд. обл., Жалағаш ауд.), ***Отар*** (батпақ. Павл. обл., Железинск ауд.), ***Саты*** (е.м. Алм. обл., Райымбек ауд.), ***Темір*** (көл. Павл. обл., Ақсу ауд.), ***Шарық*** (өзен. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.), ***Шахта*** (е.м. Ақт. обл., Шалқар ауд.), ***Шырпы*** (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.).

Адам тіршілігінен хабардар ететін осы тектес атаулар түсінік бере кетуді талап етеді. Себебі лексикамызда өз мағынасы, өз қызметі бар мұндай сөздердің жалқы есімге неліктен еніп кеткенін анықтау қажет. Ол анықтамалар келешекте де тіршіліктің алуан түрлі саласына байланысты сөздерден атаулар жасауға жол ашады.

***Аманат*** – е.м. ШҚО, Күршім ауд. *Аманат* – «сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілген зат» мағынасындағы араб тілінен енген кірме сөз (ҚТТС, 1т, 249). Топоним *Аманат* ерте кездерде туған жерінен алыста қайтыс болып, уақытша жерленген, бірақ кейін қайтып келіп әкете алмай қалып қойған адам моласы бар жерлерді білдіреді (жерге аманат ретінде жерлеу рәсімі бойынша).

Сондай-ақ Жоңғария құлағаннан кейінгі (1755ж.) өліара шақта Шығыс Қазақстанның Зайсан, Күршім, Катонқарағай аудандарының біраз жерін иемденбекші болған қытайлар әр жерде қарауыл бекеттерін ұстаған. Қарауыл шептің ішіне орналасқан қазақтардың қайтыс болған адамдарын «кейінгі ұрпақтары жерге таласады» деген саясатпен жерлеуге рұқсат бермейді. Қазақтар амал жоқ қыста қайтыс болған адам мүрделерін киізге орап, биік ағаштың басына немесе жерге аманат қойып, күзетіп жүреді де, жаз шыға шептің сыртына апарып қайта жерлеуге мәжбүр болады. Осындай орындар да *Аманат* деп аталған. Қытай қарауыл бекеттерін орыс отары ығыстырып шығарғаны мәлім.

***Бейіт*** – мола. Павл. обл., Баянауыл ауд. *Бейіт* сөзіне ҚТТС-та «өлген адамды жерлейтін орын, мола» мәніндегі арабизм деген анықтама беріледі (2т, 234). Айдалада жалғыз тұрған бейіт болғандықтан, түбір күйінде *Бейіт* топонимін айналған деуге болады. Әйтпесе *Көпбейіт, Ұсақбейіт, Бейіттікезең* сияқты некронимдер жасалар еді.

Ерте кезде бейіт, молалар «жақын жерде ел бар» деген мағынаны білдіріп, кең даладағы негізгі бағыт-бағдар нысандарының бірі болған. Соған байланысты қазақ даласында *бейіт, зират, мола* терминдері арқылы жасалған атаулар мол кездеседі.

***Боза*** – е.м. Қызылорд. обл., Жалағаш ауд. *Боза* сөзі «дәнді дақылдан ашытып жасалған сусын, ішімдіктің» (ҚТТС, 2т, 322) аты. Алайда түркі халықтары ең алдымен сүтті ашытып, боза жасауды үйренгенін бұл

ішімдіктің аты дәлелдеп тұр: *боз* «ақшыл, сұрғылт» + *а.* В.В.Радлов: «*боза* (тур., каз.) 1.(тур.) напиток из заквашенного проса; 2. (каз.) напиток из кислого молока; 3. (каз.) закисшая пшеничная каша», - дейді [98;90].

Топонимжасамда *боза* ішімдігінің бозғылт, лайлы түсі метафоралық жолмен «өзен, көлдің лайлы суы», «батпақ», «шалшық» мағынасын тудырғанын Э.М.Мурзаев айта келіп, *боза* > *буза* сөзін ГТ ретінде сөздікке енгізеді [46;99].

***Дихан*** – е.м. Жамб. обл., Байзақ ауд. Парсы тілінен енген *деһкан* «егінші; дихан» сөзі лексикамыздан *тараншы, егінші* сөздерін ығыстырып шығарды. Қазақ тілінде қалыптасып қалған үлгі бойынша *диханшы* деп те қолданамыз. Дегенмен оңтүстік аймақтардан басқа жерде көп айтылмайды. Жалқы есім ретінде антропоним де, топоним де жасауға қатысады.

*Дихан* аталған елді мекеннің негізгі шаруашылығы егіншілік болса керек, өйткені мал шаруашылығымен айналысатын аулыға *Дихан* ойконимі қойылмайтыны анық.

***Жапа*** – е.м. Павл. обл., Баянауыл ауд. Академик Ә.Қайдар *жап* түбірінің бірнеше мағынасын келтіреді, алайда соның ішінде топонимге қатысы бары екеу: 1. «*жап*. диал. Небольшой арык, проток, ответвление от оросительного канала». Бірақ бұл жап түбірі – а қосымшасын қабылдамай-ақ қолданылады. 2. *жап* (нечто плоское, сплюснутое); *жапа* < *жап+а* коровьи помет [38;192]. Сиырдың жапасы топонимдік белгі бола алмайды, ал әлдебір табиғи нысанның (мысалы, тас, төбе т.б.) жапаға ұқсайтын жалпиған тұлғасы атаудың ерекше белгісі болуға жарап тұр. Бұл жерде метафораның ықпалы да жоқ емес. *Жаппа>жапа* «шағын үй, күрке» мағыналы сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды.

***Жәрмеңке*** –е.м. БҚО, Бөкей Орда ауд. *Жәрмеңке* сөзінің этимологиясын Н.Қарашева неміс тілінен бастап тарқатады: «Бұл неміс тілінің сөзі. Немісше *jahr* «жыл» және *markt* «сауда» деген сөз. Немістер жылында бір рет белгілі бір жерде ұлы жиын сауда ұйымдастырып, оны jahr markt деп атайды екен. Немістерден бұл сөз поляк тілі арқылы орыс тіліне ауысқан (ярмарка). Орыс тілінен өткен ғасырларда қазақ тіліне ауысқан (жәрмеңке)» [92;86].

Қазақ жерінде Ақмола, Қоянды, Семей секілді ірі-ірі жәрмеңке орындары болғаны тарихтан мәлім. Кейде ондай орындарды ор. *Торг (Тәргі), Меновное* «айырбас сауда орны» деп те атаған.

*Жәрмеңке* ойконимі ірі сауда орыны болған жер екенін әйгілеп тұр.

***Қалаш*** – тж.ст. ОҚО, Ордабасы ауд. *Қалаш* сөзі, ең бірінші, «ортасы ойылып пісірілген нан» мағынасын береді (ҚТТС, 5т, 585). *Қалаш* сөзінің этимологиясын бір ғалымдар *коло, колесо* сөзінен (В.И.Даль), енді бір

зерттеушілер тат. *колак* «құлақ» (Е.Н.Шипова) т.б. сөздерден шығарады [98;153]. Бірақ екі сөздік те *қалаш (калач)* сөзін орыс тіліндегі түркизм ретінде келтіреді.

Э.М.Мурзаев *калач* «круглый рукав реки вокруг острова, крутая извилина у полуострова (Нижняя Волга, Дон)» мәніндегі ГТ екенін және бұл терминнің *қалаш* нанының атынан алынғанын меңзейді. Сонымен бірге Ф.И.Мильковтың пікіріне сүйеніп, *калач* сөзін кала «қамал», «қала» сөзімен байланыстырады [46; 244]. Осы соңғы пікір, Ф.Н.Мильков пен Н.М.Мурзаев ашып айтпаса да, *қалаш* сөзінің этимологиясына жетелейді. Ертедегі қалалар дөңгелек қамалдармен қоршалып жасалғанын білеміз. Тағы бір зерттеуші В.Гринев **о** - әріп-символын қорған, кола (қала) город, колобок, колода сөздерінің дөңгелек нысандарды білдіретінімен байланыстыра қарайды [112;10]. Ал *қалаш* <*қала+ш* сөзі «қала сияқты, қаланың шағын макеті тәрізді» деген мағына тудыратыны хақ, өйткені – *ш* - әрі кішірейткіш, әрі еркелету реңкті зат есімдер жасайды.

*Қалаш*: 1. қалаш пісіретін наубайхана орналасқан жер; 2. дөңгелене біткен географиялық нысан (су, төбе, сай, т.б.); 3. өзб. *калачи* «алғаш Ресей тауарлары әкелініп, саудаланған жер; 4. қаз. *қалашы* «қаланың жанында орналасқан, керек-жарағын қаладан әкелетін адамдар тұратын жер» мағыналарында келіп, топонимдер жасауы мүмкін.

***Қоғам*** –е.м. Атыр. обл. Қызылқоға ауд. ҚТТС-та *қоғам* сөзіне бұрынғы маркстік-лениндік көзқарас бойынша, адам түсінбейтін шұбалаңқы анықтама берілген. Ол анықтамадан гөрі екінші нөмірмен берілген анықтама ойға қонады: 2. « өндірістік қатынасатар негізінде қалыптасқан адамдардың бірлігі, жиынтығы» (6т, 241). Қысқасы, *қоғам* – «адамдардың бірігіп, топтанып өмір сүруі» деген мағынаны білдіреді екен.

Ал осы *қоғам* абстрактілі мағыналы сөзінің өзі *қоға* «су жиегінде өсетін, томаршаланып біткен тамыры бар, жапырақ сабақты, бойшаң өсімдік» сөзінен жасалған. Екеуіне ортақ сипат – «топтану, бірігу, жиналу», өйткені «Қазақстан даласындағы көп көлдердің жиегінде тамырларын шалшықтың суына сүңгіте қалың құрақ топ-топ қоға өседі» (Б.Муханов). Қоғаның топтанып өсуі ұқсату жолымен адамдардың топтанған, жиналған ұйымына атау болған (қоға+м). Алайда -ам//-ем, -ым//-ім, - м сөзжасам жұрнағы тек етістіктен ғана зат есім жасайды: тұтам, төзім, сөйлем, ұйым, т.б. Соған қарағанда қоға түбірі синкретті түбір болса керек.

*Қоғам* абстрактылы мағынасымен келіп, *Қоғам* кеңестік атауын да, «топтанып, қоғамданып өскен қоға» тәрізді дүниелік топонимді де жасай алады.

***Көпір*** – айрық. Алм. обл., Көксу ауд. ҚТТС-та *көпір* сөзі «әр түрлі кедергілерден (өзен, сай, жол, т.б.) өту үшін арнайы салынған өткел» (5т,

186) мағынасын береді делінген. Бұл жерде «арнайы салынған құрылыс» деген шешім дұрыс болар еді, себебі *өткел* сөзінің өзі «көпірсіз өтетін жерлерді білдіреді».

*Көпір* топонимге айналу үшін аса маңызды жерде тұруы және маңайдағы жалғыз көпір болуы негізгі алғышарт екені түсінікті болса керек.

***Орын*** –құдық. Қызылорд. обл., Жалағаш ауд. *Орын* сөзінің семантикасы қарапайым: «бір нәрсені қоятын не отыратын жер» (ҚТТС, 7т, 472).

Топонимикада *орын* сөзі «орын», «тұрғылықты жер», «тұрақ», «өлке» мағыналарында, түрк. *орын*, моңғ. *орун*, мәнжүр. *орон* тұлғаларында келіп, ГТ дәрежесіне жеткен [46;418].

Академик Ә.Қайдар *«орын < ор+ын; орда < ор+да; орта < ор+та»* сөздерін бір топқа жатқыза қарайды [38;242].

*Орын* гидронимі (құдық) сол маңда елді мекен, аялдама бекет бар екенін білдіреді. *Орын* географиялық терминінің көп таралмауына парсы. *жай* «мекен, орын» сөзі кедергі жасады.

***Отар*** – батпақ. Павл. обл., Железинск ауд. *Отар* сөзі қазіргі кезде «бөлек бағылатын бір қора қой» мағынасында шектелгенімен, бұрынғы кезде «мал жайылымы», «өріс», қыстақ», «ауыл» мәндерінде қолданылған. Негізгі сема «ауылдан бөлек, алыста орналасқан малшылар мекені» болса, бір үлкен елге бағынышты, бірақ бөлек тұратын екінші елді *отар* деп атау осы негізгі семадан туған. Этимолог-ғалымдар отар сөзінің түбірі *от* «шөп» сөзінен шыққан дейді, дегенмен түрк. *отаг/ отак* «тұрақ», «киіз үй»; әзірб.*отлог* «өріс», «жайылым», *отан* «туған жер, атамекен» мағыналарына кеңейіп тараған тәрізді.

***Саты*** –е.м. Алм. обл., Райымбек ауд. *Саты* сөзі қазақ әдеби тілінде «баспалдақ» мағынасын беретіні мәлім.

*Саты* сөзі топоним ретінде екі түрлі мағынада қолданылады: 1. «сатылана көтерілетін, баспалдаққа ұқсас таулы, тасты жер»; 2. моңғ. *саад* «бөгет, кедергі, тосқауыл, ілгішек» [77;402]. Соңғы мағына Шығыс Қазақстанда *саты* «бұғы өрісін қоршайтын биік шарбақ (маральник)» сөзінде көрініс табады.

Моңғ. *шат* «баспалдақ» сөзі де қаз. *саты* сөзінен алыс тұрған жоқ. Соған қарағанда, сырғауылдарды бірінен-бірін биік етіп, діңгекке көлденең бекіту арқылы қоршау сатыға ұқсас болғандықтан, моңғ. *саад < шат*, қаз. *саты* аталған сияқты.

***Темір*** – көл. Павл. обл., Ақсу ауд. *Темір*, ең алдымен, «берік және салмақты металл» (ҚТТС, 9т, 111). Мұндағы *Темір* гидронимі, егер антропоним болмаса, «темір кені бар жер» деген мағына береді деуге келеді. Алайда *Темірті* (қазіргі Ыстық көл), *Темірті Қаба* гидронимдерінің кездесуі ойлантады. Бұл гидронысандардың суында темір бар (Темірті > Темірлі) дегенге меңзейді. Ол қандай темір екені белгісіз (көбінесе родон

болуы мүмкін деген пікірлер кездеседі), бұндай сулар күн көзімен жылдам қызып, біршама жылы күйде болады.

***Шарық*** - өзен. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд. *Шарық* сөзі – «темірден жасалған құралдардың жүзін қайрау үшін даярланған дөңгелек тас қайрақ» мағынасын беретіні аян. Ал топонимде «темір құралды қайрауға жарамды шарық тасы бар жер» мәнінде келеді. Өйткені барлық тас қайрақ, шарық болуға жарамайды. Мұндай тастардың құрамында металл элементтері болады және мұндай тасы бар жерлер *Шарық, Шарықты, Қайрақты* түрінде арнайы бөлек аталады. Кейде парс. *шарг* «шығыс» сөзінен де *Шарық* топонимі жасала береді.

***Шахта*** – е.м. Ақт. обл., Шалқар ауд. *Шахта* сөзі «пайдалы қазба кендерді өндіріп алатын жер, кен орны» (ҚТТС, 10т,170) мағынасымен орыс тілінен енген.

Қазақстан даласында шахталар, негізінен, Ресей отаршылығы кезінде (XVIII-XIX ғғ) пайда болды. Алайда көшпелі халық одан бұрын кен өндірмеді деген ұғым тумау керек. Алғашқы тайпалық одақ құрған сақтардың өзі қола, темір, алтын сияқты қазба байлықтарды игерген. Қазақ даласында кездесетін *Мыңшұңқыр, Қырыққұдық, Алтыұра* топонимдері кен өндірген орындарды білдіреді.

Шахта ойконимі алдына анықтауышты қажет етпегеніне қарағанда, жеке тұрған немесе ерте пайда болған шахта болуы керек.

***Шырпы*** – қоныс. СҚО, Ақжар ауд. *Шырпы* сөзі «ағаштың ұсақ бұтағы» мағынасында тұрғанымен (ҚТТС, 10т, 356), көбінесе отқа жағуға пайдаланатын қураған, сынған бұтақтарға қарата айтылады. Мысалы, «шырпы теріп әкеліп, от тамызды» түрінде сөйленеді.

Топонимжасамда жаппай қураған немесе өрт шалған орман, тоғайы бар, «отындық шырпысы мол» жер *Шырпы* атануы мүмкін.

Қорыта келгенде, адам тіршілігімен байланысты туған түбір топонимдер қазақ елінің ұлттық менталитетінен, кәсібінен, өмір сүру үрдісінен мол хабар бере тұра, топонимжасамның тағы бір құрамдас бөлімі болып табылады.

### 3.2.10 Көне түбір топонимдер

Көне түбір атаулар Қазақстан жерінде аз кездеседі және олар ең ежелгі атаулар болып табылады. Кейінгі заман өкілдері ең ежелгі атаулардың мағынасын түсінбегендіктен, көпшілігін ауыстырып жіберген еді. Бізге дейін жеткендері ірі макротопонимдер ғана, оның да аз бөлшегі. Көне түбір топонимдердің өзі тарихи тұрғыдан алғанда туынды атау болуы ықтимал, бірақ оларды морфемаларға ажырату мүмкін емес.

Атаулардың көнелігін анықтау даулы мәселе болғанымен, біз іріктеп алған атаулар, негізінен, жазба ескерткіштерде кездесетін танымал тари-

хи топонимдер. Топонимжасамда көне атаулар кейбір тарихи сөзжасам үлгілерін бойына сақтап, жаңа атаулар жасауда жөн сілтеп, үлгі болуы ғажап емес. Қолда бар көне түбір топонимдер мыналар: ***Асы*** (өзен. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд.), ***Берел*** (өзен; е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Ертіс*** (өзен.ШҚО, Павлодар обл.), ***Есіл*** (өзен. Қар., Ақм., СҚ облыстары), ***Жем*** (өзен. Ақт. обл.), ***Қалба*** (тау. ШҚО), ***Каспий*** (теңіз. Атыр., Маңғ. обл.), ***Кеңгір*** (өзен. Қар. обл., Жезді ауд.), ***Лепсі*** (өзен. Алм. обл.), ***Мерке*** (е.м. Жамб. обл.), ***Орал*** (е.м. БҚО), ***Сайрам*** (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.), ***Сауран*** (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.), ***Созақ*** (е.м. ОҚО, Созақ ауд.), ***Талғар*** (өзен. Алм. обл., Талғар ауд.), ***Талас*** (өзен. Жамб. обл. Сарысу ауд.), ***Шу*** (өзен. Жамб. обл., Мойынқұм ауд.), ***Ырғыз*** (өзен. Ақт. обл., Әйтеке ауд.), ***Іле*** (өзен. Алм. обл.).

Көне түбір топонимдер тілдің алғашқы кезеңдерінде жасалғандықтан, этимологиясын анықтау өте қиын болады. Көптеген зерттеушілер болжам (гипотеза) деңгейінде шектеліп отырады. Әрине, болжамның ғылыми маңызы ақиқаттан төмен, бірақ көп болжамдардың біреуі ғана тәжірибе арқылы, уақыт өту барысында дәлелденіп, ақиқатқа айналады. Сондықтан логика ғылымында болжамдар неғұрлым көп болса, ақиқатқа соғұрлым жақындай түсеміз деген ұғым бар. «Бұлар (болжамдар - Б.Б.) – деректі және логикалық негіздерге сүйенген ғылыми қағидалар» деп есептеледі [99;169].

Топонимжасамда қажеті болғандықтан, біз кейбір көне түбір топонимдердің этимологиясына, сөзжасамдық құрылысына шолу жасап өтеміз.

***Асы*** - өзен; жайлау. Алм. обл., Еңбекшіқазақ ауд Белгілі ғалым Е.Қойшыбаев Аса, Асы топонимдерін *асу* оронимдік терминінің өзгерген нұсқалары деп табады [113;24].

Ал профессор Т.Жанұзақ *Асы* топонимін көне түркі jazi, өзб. яси, түркім., әзірб., язы, язи – бәрі де «дала», «жазық», «кең алқап» мағыналарын беретін сөзінен шығарады [25;42].

Т.Жанұзақ, сілтеме жасалған еңбегінде, Ә.Байбатшаның Асы атауы «ассақтар, яғни асы» этнонимінен қалыптасқан деген пікірін де келтіре кетеді.

Біз жоғарыдағы пікірлерді жоққа шығармаймыз (жоққа шығару үшін ақиқатын табу керек), дегенмен *Асы* гидронимі Алматы облысының Кеген ауданына тән *асы* «қыр, биік, үстірт» диалект сөзінен пайда болған деп жорамалдаймыз. Ол диалектіні сөздікке енгізген әйгілі ғалым С.Аманжолов мынадай мысал келтіреді: «Жаздыгүні Алатаудың асысында қар жатады» [107;454].

Биік таудағы жайлау да, өзен де «тау үстіндегі, асыдағы» деген мағынада *Асы* аталған тәрізді.

***Берел*** - өзен; е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. Күні бүгінге дейін Берел топонимі туралы «бергі ел» мағынасында-мыс деген халықтық этимологиядан басқа ғылыми болжам не нақты пікір айтылмай келеді.

Мағынасын ашу қиынға соғатын *Берел* гидрониміне біз Г.Шухардттың «заттан сөзге қарай» деген принципіне сүйеніп, географиялық нысаннан (өзеннің өзінен) бастап бардық. Берел өзені басын Мұзтаудан алып, Бұқтырма өзеніне құятын шағын тау өзені. Оның көзге бірден түсетін басты ерекшелігі – суының, әсіресе жазда, сүттей ақ болып ағуы. Суға ақ түс беретін Мұзтаудың ақ балшығы екені анықталған. Түсіне қарап жергілікті тұрғындар Ақбұлқақ деп атайды: Ақбұлқақ < Ақбұлғақ «Бұқтырманың мөлдір суын ақ түске айналдырып, бұлғайтын, лайлайтын өзен» мағынасында қолданады. Саяхатшы-ғалымдар Белая Берель түрінде картаға түсірген.

Атау беруші (қай тілде болса да) өзеннің бұл ерекшелігін байқамауы мүмкін емес. Осы ойдан келгенде, Мұзтау атауын берген сақтар не ғұндар, не түріктер *бор (боз)* «ақ, сұр» анықтауышын пайдаланған да, *Борел* (мұндағы ел, ыл, іл өте көне дәуірде «өзен», «су» гидротермині болған: Елек, Іле, Ойыл, Қиыл т.б.) атауын жасаған секілді. Борел түркі тілдеріне тән үндестік заңына байланысты кейінді ықпалға ұшырап, Борел >Бөрел>Берел тұлғасын қабылдайды. Сонымен *Берел* «ақ, сұр түсті су, өзен» мағынасында тұр деуге негіз бар. Ал түркілердің ұрпағы қазақтар көне атау Берелдің мәнін ұқпаған соң, кейін атаудың уәжін сақтай отырып, Ақбұлқақ деп қайыра ат берген сыңайлы (6-сурет).

***Ертіс*** - өзен. ШҚО, Павлодар обл. Ертіс гидронимі туралы ертелі-кеш айтылған пікірлердің ұзын-ырғасы мынадай:

1. М.Қашқари (XI ғ.): «Ертішті – бәсекелесіп өтісті; бәстесіп өтісті ... Ертішүр – ертүшмек – Бәске өтісер – бәске өтіспек» деген мағынасын келтіреді [57;273]. Ғалымдар бұл пікірді халықтық этимология деп тапты.

2. П.П.Семенов-Тянь-Шанский: «Иртыш – қырғыз (қазақ) тілінде *ир* – «жер» + *тыш (тіс)* – «қазу» түріндегі сөздерден біріктіреді [114;19].

3. В.В.Бартольд: «*Артуш (эртюш)* «адам (ер), төмен түс» мағынасын Гардизидің пікіріне сүйеніп барып айтады [115; 435-436].

4. А.П.Дульзон: «Кет. *ир+сес* «өзен+өзен» > *Ирчис* сөзінен өзгерген», - дейді [116;9].

5. Э.М. Мурзаев: «Көне түркі. *ир*.; қаз. *иірім*, түрік. *ирмок* «өзен», өзб. *ирмок* «өзеннің сағасы» + кет. *сес, шеш* «өзен» сөздерінен жасалған болуы керек дейді [46;288].

6. Р.Рамстедт: «*Ертіс* – «қатал, ашулы, тасқынды», - мәнінде тұр деген көзқарасты келтіреді [117;547].

7. А.Әбдірахманов «Түрік. *ир* > *ер* «иір»+кет.*сес//шеш//тес // тыш* «өзен,су» > Ертіс, яғни «иір өзен», - деп шешеді [118;93].

8. А.К.Матвеев, В.И.Попова т.б.: «*Ар//ер* «су, өзен» +*тыш // тіс, сес, ас, ес* «су, өзен» тұлғаларынан біріккен дейді [25;70].

9. Т.Жанұзақ: «*jer* «жер» + *тіс* < *іс* «өзен», яғни Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен» маынасын беріп, Қарасу атауына сәйкес келеді», деп шешеді [25;71].

Келтірілген болжам-пікірлердің бәрін де құптай отырып, олардағы негізгі мәселе Ертіс атауының құрамындағы «т» дыбысында тұрғанын байқау қиын емес. Барлық келтірілген анықтамаларда «т» екінші сыңарға таңылып отырады: тыш//тіс. Ал көне түркі, бірқатар үндіевропа елдерінде «өзен, су» мәнін беретін көне тұлға ас/ес, ыс/іс, с болса керек еді.

Біздің болжам-пікіріміз бойынша, Ертіс атауы өте көне гидроним болғандықтан (профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, Ертіс атауына кем дегенде екі мың жылдан асады), бір буынды үш сөзден тұрады. Атап айтқанда, Ер + іт +іс >Ертіс. Мүндағы *ер* түбірі көне түркі. *ериш/ерiс* Э.В.Севортян сөздігінде «основа ткани», «горизонтальные жерди, вставляемые между вертикальными стойками при плетенки стен амбара» сөзінде кездеседі [60;294]. С.Аманжоловтың монографиясында: «*Ерiс (иірiс):* арқау (основа в ткани). Ильм., 58» түрінде түсінік беріледі [107;478]. Бұл сілтемелерден көріп отырғанымыздай *ер* синкретті түбірінің тағы бір мағынасы «көлденең» семасын береді екен.

Ал *іт/ыт/өт/үт* «өтетін», «ағатын» етістігін құрайтыны белгілі және *ыс/іс* «су, өзен» сөзі екені де баршаға мәлім. Сонда *Ертіс* < *Ер* «көлденең» + *ім* «өтетін, ағатын» + *іс* «өзен, су» болып шығады, яғни, жинақтап айтқанда, Ертіс «көлденең ағатын өзен» деген мәнде тұруы мүмкін.

Атауға негізгі уәж болған оның Алтайға баратын, Алтайдан шығатын құрлықты көлденең кесіп өтуі. Көне түркілер «Алтын тауын асып, Ертіс өзенін кешуге» мәжбүр болады [119;71]. М.Қашқари сөздігінде келтірілген мысалда:

«Ысытатын аптап қапсырды
Үміт артқан адам жауықты.
Ертіс суын кешпекші,
Содан халық сескенді», - деп Ертістен өтуге үлкен мән беріледі [57; 186]. Ұзындығы 4,5 мың километрге жуық, ені 100-120м өзенді кешіп өте алмаған керуендер өзенді бойлап, оның басын (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген [120;71].

***Жем*** - өзен. Ақтөбе, Атырау обл. Жем топонимінің негізінде шығыс түркі тілдеріндегі *кем/гем* «өзен» гидронимдік термині жатқанын барлық зерттеушілер мойындайды (А.Левшин, В.Радлов, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ т.б.).

Бүкіл алтай, орал, үндіевропа тілдеріне тараған *кан/кен/ген* ГТ-нің қаз. *жем* аталуы заңды құбылыс және өте көне дәуірде, өзенді - өзен,

тауды- тау деп атайтын дәуірде, пайда болғанын білдіреді. Профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, *Жем* тарихи атауының Эмба > Ембі аталып жүруі дұрыс емес. Топонимжасамның негізгі міндеттерінің бірі – тарихи атауларды сақтап қалу, заңды орнына қайтару екені белгілі.

***Қалба*** – тау жотасы (1606 м). ШҚО. Қалба оронимінің этимологиясы туралы мынадай үш түрлі пікір келтіруге болады:

1. Қалба – түркі. *қалбағай* «жалпақ»; эвенк. *калбин* «кең», мәнжүр. *кальфан* «жалпақ»; монғ. *халбағар* «кең», «жалпақ», *халбага* «қасық» сөздерімен ұялас келіп, «жалпақ тасты, аласа тау» мағынасын береді. Таудың өзі де текшеленген, қатталған жалпақ тастардан тұрады.

2. Сонымен бірге, тұңғыс- мәнжүр. *колбо/холбо* «жалғасу», «қосылу»; монғ. *холбо* «жалғастыру», «байлау»; түркі. *қосу* (В.И.Цинциус //Алтайские этимологии,1984,92-93) сөзінен *Қолба* > *Қалба* «Өр Алтай мен Батыс (Кенді) Алтайды жалғастырушы, қосатын тау жотасы» мағынасына да келеді.

*3. Қалба* «Allium ursinum, род дикого лука, черемша (Даль, 2,77; Фасмер, 2, 165; Радлов 2,270)» мәнінде орыс тіліне енген түркизм түрінде көрсетіледі [98;154]. Шығыс Түркі тілдерінде *қалба* «жабайы сарымсақ» сөзі қолданылады.

Қытай жазбаларында ғұндар мекендейтін солтүстіктегі, батыстағы бірнеше тау *Цунлин* «луковый хребет» деп аталатыны және ғұндарды «жабайы тау сарымсағын жейтіндер» деп атағаны кездеседі [47; 204-205]. Сол сарымсақты тау осы Қалба тауы болуы мүмкін.

Бір ғажабы бұл үш этимология да Қалба тау жотасының негізгі үш түрлі ерекшелігін дәл басып көрсетіп тұр. Бірақ қайсысы атау болып бізге жеткенін анықтау қиын, өйткені Қалба тауының жалпақ тасты болып келетіні, оның Өр Алтай мен Батыс Алтайды жалғап жатқаны, тауда жабайы сарымсақ пен рауағаштың қалың өсетіні де ақиқат-шындық.

Топонимжасам тарихында осындай жұмбақ жағдайлар да кездесіп тұрады.

***Кеңгір*** - өзен. Қарағанды обл. Жезді ауд. Кеңгір гидронимі туралы профессор Т.Жанұзақ айтқан: «Кангар > Кеңгір, мұндағы *кан // канг// ганга* «өзен, су» + *ір* (ар, ер) «өзен, су» көне тұлғаларынан жасалған» деген пікір орынды [25;91-92].

Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы тұрғысынан келгенде, Кеңгір атауы есім сөзден етістік тудыратын –қыр, -кір, - ғыр жұрнағы арқылы жасалуы да мүмкін: кең+гір «кеңей, кеңейе беру» етістігін жасайды. Тіл тарихында бұл жұрнақ созылыңқы процесуальды әрекетті білдіреді. Мысалы, үң – ір –ей > үң – гі –р, шүң- ір – ей > шұңқыр, су-ар > су+ғар т.б. [3;386-387].

Қорыта келгенде, *Кеңгір* «арнасын үнемі кеңейте беретін, кең арналы өзен» мәнінде тұруы да мүмкін. Мұндай мағына көне түркі. *кеңрү/кеңүрү* «кең, еркін»; монғ. *хэнхгэр* «кеңкиген, кеңкек»; тұңғыс-мәнжүр. *кэңгери* «кең», «малдың төсі» сөздерінде де сақталған [67; 125-126].

***Лепсі*** - өзен. Алматы обл. Лепсі гидронимін А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақ т.б. ғалымдар парсы. Ләб//лаб «ерін» сөзінің ауыспалы мағынада («жаға», «жар») қолданылу нұсқасынан жасалғанын айтады [25;145]. Шыныда да екі жағасы түрілген ерінге ұқсас өзендерге, сайларға ерін ГТ-і сәйкес келеді (Э.Мурзаев, 1984, 331). Мәселен, Шығыс Қазақстанда *Үріл* моңғ. уруул «ерін» топонимі бар.

Лепсі гидронимінің екінші сыңары – сы, сі «су» терминінің көне тұлғасы екені дәлелденген. Сонда Лепсі «жағалары тең, біркелкі түріле біткен су» мәнін береді деуге болады.

Лепсі [ілепсі] кейде қаз. *ілеспе* сөзінің метатезаға ұшыраған түрі емес пе екен деген де ой келеді. Өйткені Лепсі өзіне Басқан, Сарқан тағы басқа бірнеше шағын суларды қосып, ілестіріп барып Балқашқа құяды.

***Мерке*** - өзен; е.м. Жамбыл обл. Мерке (Меркі) ойконимін барлық зерттеушілер этнонимнен шығарады, алайда қай этнос екенін ешкім дәл айта алмайды. Біз де бұл пікірді теріске шығармай, соны деректер іздеп көрелік.

*Мерке* топонимі Ресейдің Таулы Алтай өлкесінде де бар және оны О.Т.Молчанова: «*Мерке* – монғ. берге (меге – 1) трубки; 2) труднодоступный», - деген екі түрлі мағынаға телиді [81;263].

Моңғол тілінде *бэрх* «қиын, ауыр; қиыншылық» сөзі бар екені рас [77;107]. Бұл түркі тіліндегі *берік* сөзімен сәйеседі.

Егер *бэрх > беркі> Меркі* болып түрленген болса, онда бұл жердің «қиын, берік» болатындай қандай ерекшелігі бар деген сұрақ туады. Әрине, ол – көне қаланың берік қамалы: «тікбұрышты бағытта салынған, іргесі қаланғандағы өлшемі 205 -380 м. Дуал қабырғалар тұрғызылған, өз заманында мұнаралармен нығайтылған қамал әлі бар» [25;149].

Сонымен Меркі «берік қамалы бар қала» мағынасындағы түркі-монғолға ортақ көне сөзден жасалған атау деп жорамалдауға болады.

***Орал*** – е.м.(қала). БҚО. *Орал* оронимі туралы көптеген көзқарастардың ішінен екеуін екшеп атауға болады: 1) Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов келтірген *Орал* қаз. «белдік тәрізді орап, оралып жатқан тау» мағынасы. Таудың оңтүстіктен солтүстікке қарай белбеу (белдік) секілді созылып жатуы бұл пікірді нығайта түседі. 2) Белгілі топономист-ғалым А.К.Матвеевтің «таудың әуел бастағы аты – *Арал*, оны башқұрттар өзгертіп, өз тіліне бейімдеп айтады» деген тұжырымы [25;156]. Бұл тұжырымның Қазақстандағы Арал теңізіне қатысы жоқ, Орал тауы Шығыс Европа жазығы мен Батыс Сібір жазығын бөліп жатқан, басқа

тау жүйелеріне жалғаспайтын, арал тәрізді жеке тау болған соң, түркілер *Аралтау* атап кетуі мүмкін (арал сөзі тек суға қатысты айтылмайтыны мәлім. М.: Аралтоғай). Аралтауды башқұрттар *Оралтау/Оралтав* түрінде бұрмалап атайды. Осы, соңғы пікір, шындыққа жанасады.

***Сайрам*** – е.м. ОҚО, Сайрам ауд. Бұл көне қала парсы. *Испиджаб* (VII-IX ғғ), араб. *Әл Мединат Әл Байза* «ақ қала» (М.Қашқари), түркі. *Үрүңкент* «ақ қала», түрік. *Сайрам* атауларын иемденген. Бізге жеткен *Сайрам* тарихи ойконимін Т.Жанұзақ, М.Қашқаридың, Э.Мурзаевтың пікірлерін келтіре отырып, «саяз, тартылған су» мәніндегі түркі сөзінен шығарады [25;164-165].

Бұдан топонимжасам барысында нысанның бір ғана ерекшелігімен байланып қалмай, басқа белгілерін де негізге алуға болатынын көреміз. Мысалы, Испиджабтың мәні белгісіз болса, араб. Әл Мединат Әл Байза мен түрік. Үрүңкент «қаланың ақ балшықтан салынған түсін» білдіріп тұр. Ал Сайрам «қала маңындағы судың (өзеннің) саяздығын немесе тартылып қалғанын» айғақтайды. Моңғол тіліндегі *сайр* «малта тас» сөзі де *саяз* [сайаз] сөзінен алшақ кетіп тұрған жоқ.

***Сауран*** – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. Сауран тарихи қаласының Әл-Истахри, Ибн Рузбехан жазып қалдырған сипаттамаларын саралай келіп, профессор Т.Жанұзақ қаланың аты көне түркі. *сауран* «берік қорған» мәніндегі сөзінен жасалғанын айтады [25;172-173]. *Сауран* сөзінің *сауыт* «қорғаныш киім» сөзімен түбірлесіп жатуы тұжырымның дұрыс екенін дәлелдейді.

Тарихи топонимжасамда қала қамалдарының салыну ерекшелігі (Мерке, Сауран), қала үйлерінің неден салынғаны (Самарқанд «балшықтан салынған кент», Ташкент, Шымкент) ескерілетінін байқауға болады.

***Созақ*** – е.м. ОҚО, Созақ ауд. Созақ көне қалалар қатарына жатады. Оның нақты этимологиясы ашылған жоқ. Көптеген ғалымдар «су сақтары» дегенге икемдеп, этнотопоним ретінде таниды. Алайда бұл жерде айта қаларлықтай үлкен су жоқ болғандықтан, ол пікір теріске шығады.

Т. Жанұзақ оғыздардың парсыларға қойған аты болуы мүмкін екенін келтіреді: *сұғақ* > *созақ* [25;174].

Созақ топонимі туралы тағы екі түрлі болжам айтуға болады: 1) В.В.Радловтың сөздігінде кездесетін «түрк. (шағат.) *сусак* – «ағаш шөміш, ожау» сөзінен жасалуы мүмкін [46;531-532]. *Сусак* > *Созақ* атауы «ойпаң жерлерге» беріледі. Мысалы, ұйғ. *Чугучак* > *Шәуешек* «ожау, шөміш» ойконимі мәнді туынды сөз болуы да мүмкін. 2) *Созақ* < *Соз-ақ* «созылған, шалғай орналасқан» мәнінде тұруы да ғажап емес, өйткені Созақ Сыр бойындағы басқа көне қалалардан шеткері орналасқан.

***Талғар –*** шың; е.м. Алматы обл., Талғар ауд. Қазақ топонимикасының

ардагерлері А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақовтар *Талғар* оронимін парсы. *тал* «тау» + көне түркі. *ғар*/*қар* «тау» сөздерінің бірігуінен жасалған деп тұжырымдайды [25;182]. Бұл пікірдің дұрыстығын Талғар Іле Алатауының биік шыңдарының бірі екені (4973 м) дәлелдеп тұр. Биік шыңды Талғар «тау –тау, биік тау, шың» деп атап кеткен.

***Шу*** - өзен. Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. А.Әбдірахманов *Шу* гидронимін көне түркі. «су», «өзен» мағыналы сөзі деп таниды [118;195]. *Шу* термині тек түркі тілінде ғана емес, әлем тілдерінің бірқатарында «су» мәнінде кездеседі. Атап айтқанда, түркі. *су,* моңғ. *ус*, корей. *су*, қыт. *шуй*, тибет. *чу*, өте көне нұсқасы *ас, ыс, іс* т.б. [46;528].

Т.Жанұзақ *Шу* «атауының тіптен көне екендігіне көз жеткіземіз» дейді [25;212]. Көне сөздердің әуелде бір буыннан құралғанын ескерсек, Шу гидронимі расында да көне болып табылады. Оның үстіне су, ус, шуй, чу, ас, ыс, іс гидронимдерінің барлығына ортақ «с» дыбыс-символы судың сылдырап ағуынан алынып, дыбысқа еліктеуден пайда болған сөздер категориясына жатады деуге болады.

Топонимжасам барысында *Шу* тұлғасындағы гидронимдер қаз. «малдың шуына ұқсас шұбалаңқы, ұзын өзен» мағынасын беруі де мүмкін екенін ескеру керек.

***Ырғыз*** - өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке ауд. Ырғыз көне гидронимі туралы А.Әбдірахманов чулым тат. *эрги* + *зуг* сөздерінен ықшамдалған атау десе, Ә.Нұрмағамбетов қаз. *ырғ* «ескі» + көне түркі. *үгүз* «өзен» сөздерінен біріккен дейді [121;63]. Т.Жанұзақ *ырғыз* «ойпаң, ой жерде ағып жатқан өзен» мағынасында тұрғанын атап көрсетеді [25;217].

Атаудың екінші сыңары *ғыз* көне түрк. *үгүз* «өзен» мәнді сөзінің қысқарған нұсқасы екені ойға қонымды. Өйткені «башқұрт. Ярғазы, Ырғазы, Карғазы атты өзендер бар» [122; 109-110].

Біздің болжамымыз бойынша, Ырғыз гидронимінің алғашқы сыңары түрк. *ырмақ* «өзен», кар.-балкар *ырхы* «су тасқыны» атауларымен түбірлес болып келеді [46;636]. Ортақ мағынасы: көне түркі. *ыр* «жыр, жерді жыру» болса керек. Сонда *ыр* + *үгүз* > *ырғыз* «жерді ырып (жырып) ағатын өзен» мағынасында тұруы ықтимал.

***Іле*** - өзен. Алматы обл. Көптеген ғалымдар Іле гидронимінің негізінде іл/ыл «су» көне түбірі жатыр деп есептейді [25;218]. М.: Есіл, Еділ, Ойыл, Қиыл, Тобыл секілді гидронимдер құрамында кездесетін ГТ.

Біз де топонимдердің типтік белгілерін қарастыратын болғандықтан, *ыл/іл* көне гидрографиялық терминінен Іле атауы қалыптасқан деген пікірге қосылмаймыз.

Қорыта келгенде, көне түбір топонимдер жасалуы жағынан тарихи сөзжасамның бірнеше аспектісін қамтиды екен. Ол көне түбір топонимдер кезінде бірігу, кірігу немесе қосымша арқылы және лексика-семантикалық

жолмен жасалып отырғанын байқаймыз. Көне топонимдердің семантикасы даулы болып келетіні, кейде сөзжасам белгілерін дәл анықтамаудан туып жатады. Осының бәрі жер-су аттарының ішіндегі ең көнесі гидронимдер деген ғылыми болжамды растай түседі.

Бұл көне түбір топонимдер уақыт өту барысында жаңа атаулар жасауға негіз болып отырады: Ақ Берел, Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Шет Ырғыз, Іле Алатауы, Ілебасы т.б.

### 3.2.11 Кірме түбір топонимдер

Қазақ тілінің лексикасына араб, моңғол, иран, славян тілдерінен сөздер енсе, ол кірме сөздер лексиканың құрамдас бір бөлігі болып саналатын жалқы есімде де өз іздерін қалдырады. Жалқы есімге кірме элементтер екі жолмен енеді: 1) Алдымен лексикаға өткен кірме сөз, кейін топоним жасауға қатысады: ор. *пикет* > қаз. *бекет* «аялдама жер» > *Бекетбазар* (топоним). 2) Жер-су аты бірден, даяр күйінде келіп, тілімізге еніп кетеді. Бұл көбінесе экстралингвистикалық факторларға (жаулап алу, отарлау, ассимиляция т.б.) байланысты туындайтын жағдай: *Баянауыл, Боргустай, Андреевка, Леңгір, Ангрен т.б.*

Соған орай, барлық тілдерде бар құбылыс болғандықтан, зерттеушілер қазақ топонимиясын екі кешенді топқа бөліп қарайды: 1. ана тілі негізінде қалыптасқан атаулар; 2. басқа тілдер негізінде жасалған атаулар [123; 14].

Ана тілінің негізінде жасалған топонимдерге қазақ тілінің арғы тектеріне жататын қыпшақ, түркі, ғұн, сақ тілдерінде жасалған топонимдер бөлінбей-жарылмай тұтас кіреді (топонимдердің жасын анықтау мүмкін емес болса да, шартты түрде алынады). Туыстас, көрші түркі тілдерінен ауысқан, нұсқалас атаулар да осы топқа жатқызылады.

Ал кірме қабатқа кеңінен алғанда, «араб, парсы, моңғол, самодий, фин-угор, кет, тохар және үндіевропа тілдерінен енген атаулар жатқызылып жүр [124;48]. Алайда қазақ топонимиясында араб, парсы, моңғол, славян тілдерінен енген жалқы есімдер айқын байқалатын болса, фин-угор, самодий, кет, тохар, үндіевропа элементтері субстрат ретінде өте көне атауларда ғана кездесуі мүмкін. Түркілер (қазақтар) солтүстігінде фин-угор, самодий тайпаларымен көрші, аралас-құралас тұрған соң, тіларалық қатынас болды, бірақ бір-біріне айта қаларлықтай ықпал ете алған жоқ.

Тілдің лексикасы кірме сөздер арқылы байиды дегенімізбен, оның тіл тазалығын бүлдіретін кері әсерін де ұмытпауымыз керек. **Әсіресе жалқы есімнің қай түрі болса да ана тілінде жасалып, ұлттық сипатын сақтап қалуға тиіс.** Белгілі ғалым Б.А. Серебрянников: «топонимдер тілдің кесек бір бөлшегі бола тұрса да, өзіне тән жолмен жасалады және дамиды», - дейді [125;29]. Сондықтан жалқы есімдер тілдің сөз байлығынан нәр алып дамуға міндетті. Орыс тілді терминдерден

қашамыз деп, араб-парсы сөздерін тоғытып жатқан терминжасамда орын алып отырған масқара әрекет топонимжасамда қайталанбауы қажет. Біз қазақтың өз еркі өзінде жоқ кезде енгізілген кірме түбір топонимдерді бар болғасын ғана талдап өтуге тиістіміз. Ол топонимжасамда бұдан кейін де кірме сөздерді пайдалануға болады деген сөз емес.

Қазақстанда кездесетін кірме түбір топонимдердің кейбір үлгілері мыналар: ***Аргұт*** (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Әндіжан*** (е.м. ОҚО, Созақ ауд.), ***Дегерес***(өзен; е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.), ***Долан*** (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.), ***Зайсан*** (көл; е.м. ШҚО, Зайсан ауд.), ***Зәңгі*** (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Йасы*** (е.м.ОҚО, Түркістан қ.ә.), ***Индер*** (көл; е.м. Атырау обл., Индер ауд.), ***Қалжыр*** (өзен. ШҚО, Күршім ауд.), ***Кәушік*** (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.), ***Кеген*** (өзен; е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.), ***Космос*** (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.), ***Лабар*** (е.м.Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.), ***Леңгір*** (е.м. ОҚО, Төле би ауд.), ***Нарын*** (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Өрел*** (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.), ***Сайқын*** (көл. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.), ***Сайхан*** (айрық. Алматы обл., Алакөл ауд.), ***Тұрпан*** (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.), ***Уба*** (өзен. ШҚО, Шемонаиха ауд.), ***Ульба*** (өзен. ШҚО, Риддер ауд.), ***Ұлан*** (өзен. ШҚО, Ұлан ауд.), ***Шар*** (өзен; е.м. ШҚО, Шар ауд.).

Берілген кірме түбір топонимдердің этимологиясын, сөзжасамдық құрылымын қарастыру арқылы, біз атаулар арасындағы тілдік қатынастардың дәрежесін бағамдай аламыз.

***Аргұт*** - өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд. Ғалым Ш.Т. Қуанғанов Арғұт гидронимі туралы, М.Тынышпаевтың пікіріне сүйене отырып, түркі. *аргұ + т* «арғындар» деген этнонимнен жасалғанын жазады [126;5].

Ал белгілі тіл маманы Л.Будагов Алтайдағы Қатын өзеніне құятын *Аргут* (Арғұт) өзенінің аты жөнінде былай дейді: «*Аркыт* (түрк.), моңғол. *архот* – қымыз даярлауға және сақтауға арналған төрт теріден тігілетін үлкен ыдыс; оның түп жағы төртбұрыш болып келеді де, аузына қарай пирамида тәрізді жіңішкере береді; ұзын жең сияқты ауыз жағын мойын деп атайды» [127;683].

Сонымен *Аргұт* гидронимі алт. *арқыт* «саба» сөзінен жасалып, «бірнеше өзенді өзіне қосып, құйып алатын саба тәрізді өзен» мағынасында тұр екен.

***Әндіжан*** – е.м. ОҚО, Созақ ауд. Өзбекстандағы көне қала Әндижанның атынан жасалған ойконим. Көбінесе мұндай көшірмелі атауларды сол жақтан көшіп келгендер ала келеді. Қазақстанға алғаш қоныс аударған орыс шаруалары өздері тұрған губернияның атауын ала келгені тарихтан белгілі (Воронеж, Самара т.б.).

***Дегерес*** – е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд. Ғ. Қоңқашпаев, А.Әбдірахмановтар моңғ. *дзэргерес* «жабайы ешкі, тау ешкі, жи-

рен» сөзінен жасалғанын айтады [118; 87]. Е.Қойшыбаев түркі. *тегер* «айналма, айналым» + *ес* - өлі жұрнақ дейді [128; 91]. Т. Жанұзақ Ә.Нұрмағамбетовтың пікіріне сүйеніп, моңғ. *дэгүүр* «жоғары, үсті» сөзі мен түркі. *ес* «су», «өзен» сөздерінен бірігіп, «жоғарыдан тау басынан аққан өзен» деген мағынасын анықтайды [25;64].

Біз де соңғы пікірді қостап және моңғ. *дэг* «кедір-бұдыр жер, ұңқыр-шұңқыр жер» [77; 207] мәнді ГТ ескеріп, *Дегерес* «төбелі, кедір-бұдырлы жермен ағатын өзен» деген мағынада тұр деп есептейміз.

***Долан*** – е.м. Алматы обл., Қарасай ауд. *Долан* моңғ. *дулаан* «жылы», «ық», жер мағыналы сөзінен жасалған ойконим.

***Долон*** – е.м. ШҚО, Бесқарағай ауд. *Долон* моңғ. *долоо(н)* «жеті» сан есім сөзінен жасалған елді мекен атауы. Сан есім жеке қолданылмайтындықтан, элипсиске ұшырағаны анық. Орыс саяхатшысы Ф.Байковтың жолжазбасында *Долонқарағай* қазіргі Семияр поселкесінің тарихи аты екенін келтіретіндіктен, атаудың екінші сыңары моңғ. *харгай* «қарағай» сөзі болуы мүмкін. Екіншіден, павлодарлық зерттеушілердің (Ж.Артықбаев т.б.) айтуынша, қазіргі Долон елді мекенінің орнында қалмақтардың ғибадатханасы болған [55;30]. Ендеше элипсиске ұшыраған екінші сыңары моңғ. *хийд* «ғибадатхана» сөзі деп білеміз. Бұл ғибадатхана жеті шатырдан тұрған және *Долонхийд* «жеті ғибадатхана» атауы кейін Семипалатинск атауының жасалуына негіз болады.

Сонымен бұл өлкеде жоңғар үстемдігі кезінде *Долонқарағай* (Семияр) және *Долонкид (Долон)* атты екі елді мекен болғаны айқындалады.

***Зайсан*** – көл; е.м. ШҚО, Зайсан ауд. Барлық макрогидронимдер сияқты Зайсан көлінің бірнеше аты бар: 1. Бұл өлкені ежелден мекендеген түркі тілді сақ, ұн, түркілер көлді *Бейнетеңіз* деп атап келген. *Бейнетеңіз* «теңіз сияқты, дәл теңіздей» мағынасымен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасында кездеседі («Ертіс бойлап Қарадөң жерге жеттік, Бейнетеңіз дейтұғын көлге жеттік»). Өкінішке орай осындай әдемі, әрі төл тіліміздегі жасалған гидроним бізге дейін жетпеді. 2. Шыңғысхан бұл өлкені наймандардан тартып алған соң, моңғолдар көлді *Хонхт Нуур >Хонхотты нор* «қоңыраулы көл» деп атай бастайды. Көлдің толқыны лықсып, жадағай жағаны шолпылдатып ұрып тұратын дауысы атауға уәж етіп алынған. 3. Жоңғарлар мекендеп тұрған кезде, бір жұттан қалмақтарды балығымен, су тышқанымен аман алып қалғандықтан, көлді *Зайсанг нуур > Нор Зайсан > Зайсан* «мырза көл» атандырады. *Зайсан* сөзі моңғол тілінің сөздіктеріне енбегендіктен, ол сөз қытай тілінен алынған *цзайсян* «канцлер, әкім, министр» мәніндегі лауазым аты екені расталады [92;78]. Қыт. цзайсан, моңғ. зайсан «әкім, мырза» сөзі қаз. жайсаң «мырза, мінезі кең адам» мағынасымен енген.

Жоңғария құлағаннан кейін, іле-шала келген орыстың әскери адамдары мен саяхатшылары көлді Зайсанг нор/ Нор Зайсан түрінде картаға түсіреді де, бұл атау бекіп қалады. 4. Орыс саяхатшыларының (А.И.Седельников, В.В.Сапожников т.б.) бұл көлді *Қызылбас, Алдиярдың үлкен суы* деп аталғаны туралы деректері, көлді жағалай отырған рутайпалардың өзінше, локальді ат қойғандарынан болса керек. Бірақ олардың «қазақтар көлді жалпы түрде *Теңіз* деп атайды» деген пікірі сонау ғасырдағы Бейнетеңіз атауының ұмытылмағанын көрсетеді.

***Зәңгі*** – қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд. Моңғ. *занги* «мәнжүр үстемдігі кезінде моңғол феодалдарына берілетін атақ», қаз. «би, әкім» лауазымына жақын [77;245]. Шығыс Қазақстан жері біраз уақыт Жоңғарияның қол астында болған кезден қалған топоним.

***Иасы*** –е.м. ОҚО, Түркістан қ.ә. *Йасы (Йассы)* – қазіргі Түркістан қаласының бұрынғы аты (XII-XIVғғ.). *Йасы* көне ойконимін көптеген зерттеушілер осы өңірді мекендеген батыс түркі тайпаларының бірінің атымен байланыстырады [129;3]. Т.Жанұзақ Йасы көне түркі. *jasi, jazi* «мидай жазық сар дала» сөзінен жасалғанын атап көрсетеді [25;73]. Біздің ойымызша, араб тілінен енген атауға жатады.

***Индер*** – тау; көл. Атырау обл., Индер ауд. Индер топонимі моңғ.*өндөр*, қалм. *үндер* «биік, зор, ұзын» сөзінен жасалып, алдымен тауға берілген атау екені анықталады [46;234]. Өндер/үндер орысша жазылғанда, Индер болып шыға келген.

***Қалжыр*** - өзен. ШҚО, Күршім ауд. Халықтық этимология *қалыңжар* сөзінен шығарады, дегенмен топонимжасамда халықтық этимология, аңыз-әпсаналар негізгі тірек бола алмайды.

Тілші-ғалым Е.Қойшыбаев: «*Қалжыр* – түркі тайпаларының көне және қазіргі ру-тайпа аттары» - деп дәлел-дерексіз айта салады [128;145]. Түркітанушы-ғалым А.С.Аманжолов: «Алт. *қалжыр* «асау, долы, буырқанған» мағынасын беретінін келтіреді [130;30].

Шындығында Марқакөлден ағып шығатын бұл жалғыз өзеннің бұралаңдап, қисық ағуы, орта тұсынан 90°-қа жуық бұрылып алып, оңтүстікке қарай бет алатыны атауына себеп болған. Атап айтқанда моңғ. *галжир* «қисық», «қыңыр» сөзі Қалжыр гидронимін туғызады. Кейін келген орыс зерттеушілері де өзеннің осы ерекшелігін байқаған: «В плане течение реки довольно извилистое ...», - дейді А.А.Силантьев [131;16].

***Кәушік*** – е.м. ОҚО, Түлкібас ауд. Ор. *каучук > кәушік* «көбінесе өсімдіктерден алынатын резина өндіруге қажетті созылмалы шикі зат» [132;517]. Кәушік топоним болу үшін не кәушік алынатын өсімдік өсуі, не синтетикалық жолмен өндірілетін зауыты болуы шарт. Қаратауда каучук беретін таусағыз өсімдігі өсетін болғандықтан, атауға себепкер болуы мүмкін.

***Кеген*** - өзен; е.м. Алматы обл., Райымбек ауд. Ғ.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов Кеген гидронимін моңғ. *гэгээн* «жарық сәулелі, нұрлы, қасиетті», «әулие әкей, халфе» мағыналарын беретін сөзінен шығарады. Бұл пікірдің дұрыстығын біз Шығыс Қазақстанда бар *Кегеншұңқыр* топонимін талдау барысында атап өткен едік. Өйткені «моңғолдар діни ұстанымдарына байланысты жер-суға *байн* «бай», *хайрхан* «шарапатты», *сайхан* «жақсы, сұлу», *гэгээн* «жарық, нұрлы» т.б. діни атауларды қойып отырады. Ол олардың жер-суға табынуынан қалған үрдіс еді» [146;25].

Т.Жанұзақ М.Қашқари сөздігіндегі Ұлық Кейкан, Кішіг Кейкан өзендерінің осы Кеген өзені екенін айта келіп, көне түркі. *кей* «терең сай, жар» + *кан* «өзен» тұлғаларынан жасалғанын ескертеді [25;91].

Біздің ойымызша, Кейкан өзеннің ежелгі, түркіше аты болса, кейін моңғол, жоңғар үстемдігі кезінде Кеген деп өзгертілсе керек. Өйткені Оңтүстік Қазақстан жері де Жоңғария империясының қол астында болғаны тарихтан мәлім.

***Космос*** – е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. *Космос (Ғарыш)* сөзі жер бетіндегі географиялық нысанға атау болуға сәйкеспейді. Атаудың ғарышты игере бастаған дәуірде қойылғаны байқалады және топонимжасамда мұндай саяси, даңғаза, ұраншыл, тым жаңашыл атаулардан қашқан дұрыс болады.

***Қоңқай*** – тау. ШҚО, Катонқарағай ауд. Атаудың алғашқы сыңары моңғол. *гон* «салт бас, жалғыз бас» мағыналы сөзінен де, екінші сыңары – Ә.Қайдардың айтуынша түркі-моңғолға ортақ көне жұрнақ *-қай/-кей* (М.: теріс-кей, күн-гей, оң-қай т.б.) [38;118]. Сонда *Гонхай>Қоңқай* «жеке тұрған, оқшау» деген мағына береді. Катонқарағай ауданында кездесетін *Қоңқай, Бала Қоңқай, Үлкен Қоңқай*, *Қоңқайбаз* тауларының бәрі де жалпы тау жүйесінен бөлініп қалған, жеке тұрған таулар болып табылады (7-сурет).

***Лабар*** –е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд. Лабар гидронимін Э.М.Мурзаев парсы. *лаб* «ерін», жағалау, жар» сөзінен жасалғанын атап көрсетеді [46;331]. Ал екінші сыңары *ар/ер* көптеген тілдерде «су, өзен» мәнін беретіні дәлелденген [124;54]. Сонымен, Лабар «ерін, тәрізді жағалауы бар өзен» деген мағынада тұр деуге болады.

***Леңгір*** – е.м. ОҚО, Төле би ауд. Парсы. *лангар* сөзінің негізгі мағынасы «зәкір (якорь)» кеңейіп, «аялдама», «керуен сарай», «емхана», «қонақ үй» т.б. мәндерде қолданыла бастаған [25; 144]. Бәріне ортақ сема – кеменің айлаққа тоқтағаны секілді «тоқтау, аялдау».

Елді мекен маңызды жол бойындағы «бекет», «аялдама» жерде тұрған соң, парсы. Лангар > Леңгер > Леңгір атауын қабылдағаны анық.

***Нарын*** - өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд. Барлық зерттеушілер Қазақстанда жиі кездесетін Нарын, Нарынқол, Нарын құмы секілді топонимдер моңғ. *нарийн* «жіңішке», «жұқа», «талдырмаш» сөзінен жасалғанын мойындайды. Мұндай атау берілген нысандардың жіңішке,

тар болып келетіні байқалады. Ауызекі тілде Нарым тұлғасында да қолданылады. М.: Большенарым (Үлкен Нарын). (8-сурет).

***Өрел*** – е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. Өрел – «өрдегі ел» түрінде халықтық этимология бойынша картаға түскен атау. Жергілікті тұрғындар *Үріл* тұлғасын қолданады. Бұл моңғ. *уруул* «ерін» сөзінен жасалған топоним. Елді мекен дәл екі ерін арасы тәрізді сайда орналасқан. Монғ. уруул «ерін» қаз. үрлеу (ерін арқылы) етістігінен алыс тұрған жоқ.

Топонимжасам барысында Өрел секілді қате жазылып жүрген атаулар түзетіліп отыруға тиіс.

***Сайқын*** – көл. Павлодар обл., Павл.қ.ә. *Сайқын* –«мидай, кең, ен (дала)» мағыналы сын есім (ҚТТС,8т, 101). Е.Қойшыбаев Сайқын мен Сайхан атауларын бір деп қараса, Т.Жанұзақ *сайқын* «ен дала» сөзі түркі тілінде, ал *сайхан* «жақсы, сұлу, әсем, көрікті» мәніндегі моңғол сөзі деп ажыратып қарайды [25; 163-164].

Сайқын «кең дала» мәнінде Қазақстанның барлық жерінде қолданылмайды, сондықтан Т.Жанұзақ Жамбыл облысына тән диалект екенін атап көрсетеді. Қазақ тілінде *сайын дала* «кең дала» сөз тіркесі бар, бірақ сайын сөзі ҚТТС-қа енбеген. Ендеше ол моңғ. *сайн* «жақсы» сөзінен қалыптасқан болуы керек.

***Сайқан*** – шатқал. Алматы обл., Алакөл ауд. Монғ. *сайхан* «жақсы, сұлу, әсем, көрікті» сөзі екінші мағынада «жайлы, ыңғайлы, қолайлы» мәнін береді [77;406]. Біріншісі, «жер-суға табыну, құрмет тұту» діни ұғымын білдіретін топоним жасаса, екіншісі «қонысқа жайлы, ыңғайлы жер» мағынасындағы топоним жасайды.

***Тұрпан*** – е.м. Алматы обл., Панфилов ауд. Тянь-Шань тауының шығыс тұмсығының күнгей жағы, қазіргі Шыңжан-Ұйғыр автономиясының ауданы (ҚХР) орналасқан аумақ. Қытай жазбаларында *Турфан > Тұрпан* ойпаты деп аталады [47;161]. Тұлғасы қытай мен түркі тілдерінен жасалған тәрізді, этимологиясы белгісіз.

Тұрпан ойпатының солтүстігі қазіргі Жаркентке дейін созылып келетіні атауға себеп болған деуге болады.

***Уба*** -өзен. ШҚО, Шемонаиха ауд. Уба гидронимі монғ. *уваа* «ұбақшұбақ, тіркесе, созыла, шұбатыла» [77;500] мағыналы сөзінен жасалғаны анық. Өйткені Уба өзені Коргон, Көксу, Тұрғысын, Ивановский тау жоталарындағы көптеген өзен, суларды қосып алып, биік таулардың арасымен шұбатыла ағып, Өскемен мен Семей қалаларының дәл орта тұсында Ертіске құяды. Убаның басқы салалары Ақ Уба, Становой Уба, Белопорожная Уба және басқа көптеген сулардан тұрады.

Уба гидронимін кейбір зерттеушілер түркі., монғ. *оба* «үйілген тас», «қорған» сөзінен шығарады. Расында да Убаның төменгі ағысында «оннан астам ежелгі чут қорғандары болған» деген тарихи дерек бар [134;65]. Алайда өзеннің өзіне тән белгісі – оның ерекше шұбалаңқылығы – атауға себеп болған деп есептейміз.

***Ульба*** - өзен. ШҚО, Риддер қ.ә. Ульба гидронимі моңғ. *улбаа* сөзінің екі мағынасының бірінен жасалған сыңайлы: 1) моңғ. *улбаа* «шық, тамшы, дымқыл» мағыналы сөзі атауға негіз болуы мүмкін; 2) моңғ. *улбаа* «шиыр, сүрлеу (жол)» мағыналы сөзі түрткі болуы ықтимал. Өйткені биік тауларды жарып ағатын тау өзенінің бойымен ғана жүріп өту мүмкін болады. Өскемен –Риддер темір жолы да осы өзеннің бойымен, ескі сүрлеу ізімен салынғаны мәлім.

***Шульба*** - өзен; СЭС. ШҚО, Бородулиха ауд. Өзеннің аты моңғ. *шулба* «жұла, жұлқа, жұлқи, қатты; батыра» сөзінен пайда болғандығы байқалады. Ертіске құятын Шульба өзені ағынды, тасқынды болғандықтан, осы құйылысқа таяу Шульба су электр станциясы салынған. Сонда моңғ. шулба >ор. Шульба «ағынды, жұлқынба өзен» мәнінде тұр деп кесіп айтуға болады.

***Шар*** - өзен. ШҚО, Жарма ауд. Ертіске құятын Шар өзенінің атын Ғ.Қоңқашпаев, А.Әбдірахмановтар моңғ. *шар* «сары» сын есімінен шығарады. Өзен құмының сары түсі суға сарғыш реңберіп тұратындықтан, моңғ. *шар* «сары» сөзінен жасалған деген пікір дұрыс келеді.

***Ұлан -*** өзен; е.м. ШҚО, Ұлан ауд. Гидроним моңғ. *улаан* «қызыл» сөзінен жасалғаны дау туғызбайды, өйткені Ұлан өзені басталатын Бесшоқы тауларынан бастау алатын тағы бір өзен қаз. Қызылсу деп аталады. Бұлардың суына қызғылт рең беретін олардың арнасындағы қызғылт құм-қайырлар екенін байқауға болады.

Қорыта келгенде, барлық тілдердегі сияқты, қазақ тілінің жалқы есімінде де кірме атаулар кездеседі екен. Біз қарап өткен түбір кірме топонимдер негізінен үш тілден – парсы, моңғол, орыс тілдерінен – енгені байқалады. Мұның себебін қазақтардың ислам дінін қабылдауымен, моңғол, жоңғар шапқыншылығына ұшырауымен және орыс отаршылдығымен байланыстыра қарау керек. Бұл үш ірі тарихи кезеңнің үшеуі де түркілерге (қазақтарға) үстемдік орнату, басқыншылық сипатта болды. Жер-су аттарының әдейі, күшпен, алдау-арбаумен ауыстырылғаны бұған айқын дәлел бола алады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласы туралы біраз шындықты ашып жазған шығысқазақстандық жазушы Г.Д.Гребенщиков жер-су атындағы осындай «отарлауды» да айтып отырады. Мәселен, Ұлан ауданындағы Қызылтас шыңы туралы: «Русские зовут ее Колокольня, а киргизы – Кызыл тас, что значит: красный камень», - десе, «Каркаралинский мещанин» әңгімесінде: «Одно озеро лежит даже на вершине высокой горы и с незапамятных времен у киргиз слывает именем Шайтан-куль, что значит «чертово озеро». Русские же сходили на гору с иконами, отслужили там молебан и называли его Святое озеро», - деген тарихи деректер келтіреді [134; 235.248].

Келтірілген мысалдан қазақ халқының, жерінің ауыр езгіге түскені ғана емес, қанша жер-су атының дәл осылайша жойылып кеткені, террорға ұшырағаны анық байқалады.

Қазір кері процесс жүруде, бірақ бұл басқыншылық емес, әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында жүзеге асады. Бұл жолда бізге ешкім де қарсы уәж айта алмаса керек.

### 3.2.12 Кеңестік-саяси мәндегі түбір топонимдер

Белгілі ономаст-ғалым, профессор Т.Жанұзақ тіліміздегі онимдердің негізгі төрт жасалу жолы бар екенін атап көрсетеді:

-тіліміздің сөздік қорындағы жалпы есім сөздерден – апеллятивтерден жасалғандар;

-басқа тілдерден енген топонимдер, яғни сол тілдердегі жалпы есімдерден жасалғандар;

-белгілі бір саладағы атаулардың – онимдердің жер-су аттарына, кісі аттарына ауысу нәтижесінде жасалғандары (трансантропонимизация, транстопонимизация);

-тілдің сөздік қорындағы сөздерден жасанды түрде жасалған топонимдер. Мәселен, Қызылуйым, Қызылмектеп, Кімасар, (Комиссаровский тау), С.Бірқалқа – с. Фикалка, с. Алтыауыл – с. Ялта, т.б. [25;14].

Соңғы жасанды түрде жасалған топтың негізін кеңестік-саси атаулар құрайды. «Кеңестік-саяси атаулар» деп бөліп қарауымыздың себебі – бұл кезеңде (1917 – 1991 жж.) қоғамның барлық саласы бір ғана идеологияға (ол дұрыс болса да, бұрыс болса да) табындырылды және мейілінше саясаттандырылды. Осыдан келіп кісінің аты, жер-судың атының өзі кеңестік-коммунистік идеяны білдіріп тұруы қажет болды. *Екпін, Еңбек, Жұлдыз, Қарқын* тәрізді сөздер топонимнің қызметін атқара бастады. Жалқы есімнің таңбалық сипатының арқасында олар топожүйеге еніп кетті, алайда мән бере қарағанда, кеңестік атаулардың денотатқа сәйкеспейтіні бірден байқалып тұратын.

Бұл үрдіс бізге сабақ болмады, өйткені Тәуелсіз Қазақстан картасында дәл сондай – *Азаттық, Еркіндік, Шаттық* сияқты топонимдер көрініс бере бастады. Топонимжасамда бұл екі жол да зиянды болып табылады. **Топоним бір ғана принциппен (табиғи нысан >ерекше белгісі > атау) жасалуға тиіс.**

Кеңестік түбір атаулардың жасалу жолын көрсету арқылы, біз мұндай атаулардың болашағы жоқ екенін дәлелдеуді мақсат тұттық. Жер-су өзіне тән тілмен сөйлеу керек, сондықтан кеңестік атаулар, кірме атаулар секілді түгел алмастыруды қажет етеді. Кеңестік түбір атаулардың үлгілері мынадай:

***Екпін*** – е.м. ШҚО, Ұлан ауд. *Екпін* – «қарқын, пәрмен, тегеурін» мәнді дерексіз сөз [108; 205]. Өзінің тура мағынасы бойынша топоним жасауға қабілетсіз, тек «елді мекен тұрғындары екпінмен, қарқынмен жұмыс істейміз» деген саяси ұран мәні сезіледі. Екпін, сонымен қатар, Екпінді, Екпіншіл сынды кеңестік атаулардың жасалуына негіз болды.

***Еңбек*** – е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд. *Еңбек* сөзі «бейнет, қаракет, жұмыс» мағынасымен сансыз көп ойконим жасады [108; 211]. Өйткені

кеңес өкіметінің негізін жұмысшы табы қалағандықтан, еңбекке ерекше мән берілгені аян.

Еңбек сөзі < көне түркі. *емгек* көне туынды түбірінен шығады және Еңбекші, Еңбекшіл, Еңбекбірлік, Еңбекшіқазақ т.б. ойконимдерінің туындауына әсер етті.

***Еркін*** – е.м. Алматы обл., Талдықорған қ.ә. *Еркін* сөзі өзінің «қысылып-қымтырылмайтын, кең» [108;214] деген алғашқы мағынасын кеңейтіп, «тәуелсіз, азат» ұғымымен топоним жасауға қатысып кетеді. Еркін сөзі антропоним мен топонимді қатар жасап отырған. Қазіргі кезде Тәуелсіз Қазақстан жерінде қайтадан Еркін ойконимдері бой көрсете бастады. Қанша керемет сөз болса да, антропоним жасауға қатысқанымен, жер-су атына сәйкес келмейтінін мойындауға тиіспіз. Ал көне түркі тілінде *еркін* лауазым аты, антропоним ретінде қолданылғаны мәлім.

Еркін сөзі Еркіндік, Еркінабад, Еркінкүш, Еркіндала типтес атауларын жасауға себепші болды.

***Жалау*** – е.м., тау. Қостанай обл., Жангелдин ауд. *Жалау* сөзі «тудың кіші түрі» мағынасында тек кеңестік атаулар жасады деуге болмайды, бұрынғы жаугершілік жылдарда жеңіске жеткен жерлер де Жалау, Жалаулы аталуы мүмкін. В.Н. Попова «малға тұз жалататын жерлерді Жалаулы атандыруы ықтимал», - дейді [135; 144].

Кеңестік шаруашылықта «социалистік жарыс» деген науқан болғанын, онда жеңіске жеткен шаруашылыққа ауыспалы қызыл ту беріліп отыратынын аға буын өкілдері біледі. Сол туды жеңіп алған бөлімше (яғни, ауыл) Жалау, Жалаулы аталғанын қазіргі буын өкілдері біле бермейді.

Жалау, Жалаулы атаулары жалау тігетіндей биік шыңы бар тауларға да, жалаубас қамыс өсетін көлдерге де қаратып айтылады. Сондықтан жалау кеңестік атауын анықтауда жан-жақты зертеу жасалуға тиіс (9-сурет).

***Жалын*** –е.м. Ақмола обл. Ерейментау ауд. *Жалын* сөзінің тура мағынасы «оттың жалыны» болса, ауыспалы мағынада «жігер екпін, қызу» мәнінде қолданылады [108;238]. Осы, екінші мағынасы «жасампаз коммунистік қоғамның жігерлі, қызулы адамдары, көбінесе жастары» мәнінде ойконим жасауға қатысқан.

***Жұлдыз*** – е.м. Атырау обл., Индер ауд. *Жұлдыз* сөзінің әуелгі мағынасы «аспан денесі» екені, кейін аспандағы жұлдызға ұқсатып, «бес бұрыш етіп жасалған Совет мемлекетінің айырым белгісі, эмблемасы» екені көпшілікке мәлім болса керек [132; 213-214]. Нақ осы «кеңестік белгі (бесбұрыш; жұлдызша)» мәнді *жұлдыз* сөзі көптеген ойконим туғызды. Оның Қызылжұлдыз деген нұсқасы да белсенді түрде тарады. Бұларды кеңестік-символикалық атаулар десе де болады.

***Кеңес*** – е.м. Павлодар обл. Ертіс ауд. «Мәжіліс, жиналыс» мәніндегі *кеңес* сөзі (ҚТТС, 4т, 616) Кеңестік дәуірде өте белсенді қолданысқа еніп, «КСРО-ның мемлекеттік үкімет орны; Совет» (ҚТТС, 4т, 616)

мағынасына көшті. Іле-шала жалқы есімнің антропонимика және топонимика салаларында Кеңес, Кеңесарық, Кеңесшіл, Кеңесхан, Советбек сияқты атаулар пайда болды.

***Май*** – е.м. Павлодар обл., Май ауд. *Май* сөзі «жан-жануардың денесіне жиналатын органикалық зат»; «мал сүтінен, өсімдіктен алынатын тамақ»; «көлік күші»; «жер май» мағыналарында тұрып, ежелден топоним жасауға қатысып келеді. М.: Майбалық, Майемер, Майқайың, Майқапшағай т.б.

Май сөзі, сонымен қатар, «календарлық бір жылдың бесінші айы, мамыр» (ҚТТС, 7т, 91) екені де мәлім. Ал Кеңестер Одағында 1–май күні «Халықаралық еңбекшілер күні» мейрамы тойланатын. Сол мерекеге байланысты, Май, Бірінші май, Первомайск секілді ойконимдер қалыптасты.

***Өркен***- е.м. ШҚО, Үржар ауд. Лексикамызда *өркен* сөзі «өсімдік сабағындағы бүршіктер түбінен пайда болатын желі» (ҚТТС, 7т, 568) тура мағынасында қолданылса, ауыспалы мағынада «жас ұрпақ, балалар» мәнін береді. Осы ауыспалы мағынадағы *өркен* сөзі кеңестік кезеңде «жаңа құрылған колхоз», «жас ауыл», «жаңа өмір» мәндерінде жаппай ойконим жасауға қатысты.

Өркен, өз кезегінде, Өркенде, Өркендеу тәрізді атаулардың негізін қалады.

***Талап*** – е.м.; тж.ст. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд. *Талап* сөзі «ынта, ықылас, ұмтылушылық» мағынасындағы арабизм болып табылады (ҚТТС, 8т, 560). Топонимжасамға қатысы жоқ сөз болса да, «жаңа, кеңестік өмірге талпыну», «коммунизмге жетуге талаптану» деген емеурін мәнде біршама мол ойконимдер жасап үлгерді: Талап, Талапкер, Талаптан, Талапты, Жасталап т.б.

***Талпын*** – е.м. БҚО, Ақжайық ауд. *Талпын* сөзі ҚТТС-та «қимыл-қозғалыс жасап тырмысу, ұмтылу, жүрем, ұшам деу» мәнді етістік түрінде беріледі (8т, 570). Бұл сөз де талаптану сияқты «алға, әлдебір болашаққа ұмтылу» ұғымында, халықты кемелденген социализмге алып бару үшін, үндеу мақсатында туған ұран-атау еді. Өкінішке орай, ол үміт 70 жыл бойы орындалмай, ақыры біржолата үзілді. Ал кеңестік атаулар «коммунизмнің елесіндей» әлі қолданыста жүр.

### 3.2.13 Әртүрлі шағын лексика-семантикалық өрістер құрайтын түбір топонимдер

*а) Жыл мезгілдері, уақытты білдіретін түбір топонимдер.*

Күнделікті тіршілікте қолданылып жүретін мұндай мезгіл мәнді түбір сөздердің топонимге айналуы көшпелі өмірге байланысты туған деуге болады. Атап айтқанда, сол мезгілде болған бір ірі тарихи оқиға; сол мезгілде болған ерекше ауа райы; мезгілдік қоныс, орындар т.б. атаудың жасалуына себеп болған.

Мезгіл мәнді түбір сөздер эллипсиске ұшыраған дейтіндей дерек жоқ, дұрысы лексика-семантикалық тәсіл арқылы түбір қалпында оним-делген. Бұл – сирек кездесетін құбылыс, дегенмен қазақ топожүйесінде мұндай алты атау бар болып шықты:

***Ақпан*** – е.м. ОҚО, Арыс ауд. *Ақпан* – «февраль айының қазақша аты» (ҚТТС, 1т, 144). Ақпан сөзі қазақ тілінің бодандығы кезінде көнерген сөздер тобына жатқызылды да, егемендік алғаннан бері лексикамыздың белсенді қабатына өтті. Ақпан сөзінің топонимге айналуы тарихтағы ақпан төңкерісіне (1917 ж.) байланысты; оңтүстік аудандарда осы айда көктем белгі бере бастайтындығына байланысты; болмаса ақпанның ақ боранына орай туған ат.

***Ақырап*** – е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд. *Ақырап* – «ескіше октябрь айының аты» (ҚТТС, 1т, 164). Ақырап (қазан) айында күзгі егін ору, қысқа әзірлік жұмыстарының қызу кезін білдіру үшін, немесе тарихтағы Қазан (Октябрь) төңкерісін еске қалдыру мақсатында Ақырап ойконимі пайда болды деп жорамалдауға болады.

***Мамыр*** – е.м. Алматы обл. Қарасай ауд. Ең алдымен *мамыр* (мамыра) сөзі «жайма-шуақ, жадыраңқы» мағынасымен топонимдер жасағанын Мамырсу, Мамыртөбе тәрізді тарихи атаулардан байқауға болады.

Екіншіден, мамыр «ескіше ай санаудың үшінші айы» (ҚТТС, 7т, 118), яғни «май айының қазақша аты» мағынасымен мезгіл мәнді топоним жа-сауы мүмкін. Мұнда да «көктемнің жайма-шуақ, жылы кезін» білдіретін сема сақталады. Ал, үшіншіден, Кеңес Одағы кезіндегі 1 –Май мерекесіне арналып, Мамыр саяси-ойконимдері пайда болуы да ықтимал.

***Сам*** – е.м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд. *Сам* сөзі «кешкі шам жағылар кез; ымырт, алагеуім, бейуақ» (ҚТТС, 8т, 139) мәнді арабизм екені мәлім. Сам топоним ретінде «батыс, күн бататын жақ» мағынасын беретін сияқты.

***Таң*** – е.м. Қызылорда обл., Жалағаш ауд. *Таң* сөзі «қоян, түлкі сияқты аңдардың ағарып тұратын шаты» мағынасынан метафораланып барып, «шатқал, шатқалға кіре беріс жер» мәнінде топоним жасауы ықтимал.

Сонымен бірге, *таң* сөзі «күн шығар алдындағы мезгіл» мағынасы арқылы, саясаттанып барып топонимге айнала алады. Кеңестік дәуірдің басында «Кедей таңы» атты атаулар жиі қолданылғанын білеміз.

***Қараша*** – е.м. Атырау обл., Жылыой ауд. Қазақ тілінде қараша сөзінің үш түрлі мағынасы бар және ол үш мағына да топоним жасауға қатыса алады: 1) Қара+ша «нағыз қара емес, қараға таяу, қара қоңыр (түс)» (ҚҚТС, 6т, 88) сын есім сөзі түр-түсті білдіретін топоним туғызады. М.:Қарашакөл, Қарашатау. 2) Қараша < қарашы «ескі бай ауылдардың кедей-кепшік, қара халқы» мағыналы сөзінің сөйленіс кезіндегі нұсқасы, өз кезегінде, «кедей-кепшік тұратын қараша ауыл» мәнінде топоним қатарына енуі мүмкін. 3) Қараша «күздің үшінші айы, ноябрь» мезгіл

мәнді сөзі «күзде отыратын жер, күзеу» мағынасында, басқа да уәждермен келіп, ойконим жасайды деуге болады.

*ә) Діни мағыналы түбір топонимдер.* Діни мағыналы түбір топонимдер көп емес, барлығы төрт топоним. Алайда осы төрт топонимнің өзі шағын тип құрайды және лексика-семантикалық өріс ашады. Өйткені түбір топонимдер, көбінесе, лексика-семантикалық (конверсиялық) жолмен жасалатыны тарау басында айтылды.

Діни атаулардың таралуы да саясаттанған атаулардың таралуына ұқсас. Мұнда көшпелі халықты дінге (мұсылман дініне) иландыру мақсаты көзделгені байқалады.

***Әулие*** – тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд. *Әулие* – лексикамызға араб. тілінен енген «адам тағдырына ықпал жасай алатын «қасиетті, киелі жан» мағынасындағы сөз. Ауыспалы мағынада «ең қадірлі, таңдаулы, керемет» мәнін береді(ҚТТС, 1т, 651). Осы өзара байланысты екі мағына табиғаттың ерекше әсем, үйлесімді, жасалған нысандарына таңылып, діни ұғыммен *Әулие* топонимін тудырған. Әулие, Әулиекөл, Әулиеағаш сияқты жерлер табынатын орынға айналып, ондай жерлерге оба тас үйіліп, ақтық байланатын болған. Бұл мұсылман дінінің үрдісі емес, жерсуға табынатын Тәңір дінінен қалған әдет-ғұрып еді.

***Жұма –*** е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд. *Жұма* сөзі «аптаның бесінші күні» мағынасымен мезгіл мәнді түбір топонимдер тобына жататын ойконим жасар еді, дегенмен жұма сөзінде діни мағына басым. Өйткені жұма «мұсылмандар үшін қасиетті күн» болып саналады. Жұма дәл осы діни мағынасында топонимге айналып тұр деп нық айтуға болады. Ал Жұмалы топонимі кісі есімінен жасалған сыңайлы.

***Қалпе*** –е.м. Алматы обл., Қаратал ауд. *Қалпе* – «қазіреттен кейінгі діни атақ» (ҚТТС, 5т, 595). Қалпе атағы бар кісі мекендеген жерге Қалпе ойконимі берілуі мүмкін.

***Шайтан*** – орман. СҚО, Есіл ауд. *Шайтан* сөзі «ескі сенім бойынша көзге көрінбейтін тірі пенде, жын-пері, ыбылыс» (ҚТТС, 10т, 94) мәнінде тұр. Соған қарамастан шайтан сөзі *Шайтанкөл, Шайтанқұдық, Сайтанкөпір* қатарлы көптеген топонимдер жасайды. Мұндай атаулар, біріншіден, алыс, елсіз жердегі топонысандарға; екіншіден, жолы қиын, қауіпті нысандарға; үшіншіден, жерді қору үшін «шайтаны бар» деген лақап тарату мақсатында пайда болады.

*б) Лауазым және туысқандық мәнді түбір топонимдер*. Мұндай мәнді сөздердің топонимге ешқандай қатысы жоқ сияқты, алайда қазақ топожүйесінде лауазым және туысқандық атаулардан жасалған түбір топонимдер үлгісі бар болып шықты:

***Бәйбіше*** – жота. Қызылорда обл., Қармақшы ауд. *Бәйбіше* сөзі «көп әйелді адамның ең алғашқы үлкен жамағаты, зайыбы» мағынасын беріп, бұрынғы қазақ өмірінде белсенді қолданылған (ҚТТС,2 т, 184). Ал бәйбіше сөзінің топонимге айналуы екі түрлі себептен болуы мүмкін: 1.

Қазақтың әдет-ғұрпында бәйбішені бөлек үй, бөлек ауыл етіп, құрметтеп ұстаған. Мәселен, «Абай жолындағы» Күнкенің ауылы тәрізді. Сондай бір бәйбіше отырған мекен Бәйбіше ауылы > Бәйбіше аталуы әбден ықтимал. 2. Тізбектеле орналасқан жота, төбелердің біріншісін және үлкенін Бәйбіше деп атап, метафоралық топоним жасалуы да ғажап емес.

***Қазы*** – е.м. Павлодар обл., Аққу ауд. *Қазы* сөзінің бір мағынасы «жылқының қазысы» ретіндегі ұлттық тағам атауы болса, екінші бір мағынасы *қазы (қази)* «жүгініске келгендерге шариғат жолы бойынша үкім айтатын әкім; мұсылмандық сот» (ҚТТС, 5т, 512-513) болады екен. Соңғы мағынада, яғни «қазы (діни лауазым) атағы бар кісінің мекені» мәнінде топоним жасауға қатыса алады.

***Кедей*** - өзен. Ақмола обл., Ерейментау ауд. *Кедей* сөзі «оты, суы аз жер» мағынасында тікелей топонимге айнала алады. Сондай-ақ кедейлік мақтан болған Кеңестер Одағы дәуірінде «кедейлер құрған колхоз, ауыл» мәнінде ойконим жасауы да ықтимал.

***Мырза -*** тж.ст. Қарағанды обл., Тельман ауд. Егер *мырза* сөзі антропоним болмаса, онда «суы, оты мол, береген жер» мағынасында топоним болуға қабілетті. Ал мырза «үстем тап өкілдері және соларды мадақтау мәніндегі лауазым» (ҚТТС, 7т, 286) сияқты негізгі мәні арқылы, «мырза, әкім мекендеген жер» мағынасымен де топонимге айнала алады.

***Нағашы*** - е.м. Алматы обл., Панфилов ауд. *Нағашы*, егер антропоним болмаса, «балаларына шешесі жағынан туысы» семантикалы сөзі топонимге айналар реті жоқ сияқты. Оның тек «әлдекімнің нағашы жұрты мекендеген жер» мәнінде ғана ойконим жасауға мүмкіндігі бар.

***Уаң*** – е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд. *Уаң* – қыт. ван «князь немесе патшаның ұлы» мағыналы лауазым аты. Қытай патшалығы өзіне қызмет көрсеткен түркі тайпаларының көсемдеріне ван > уаң атағын беріп отырған. Алғаш найманның Таян ханы (қыт. ай – ван > Таян) мен керейдің Тұғырыл ханы осы лауазымға ие болғанын тарихтан білеміз [136;46-47].

Қытайдың бұл марапаттауы бертінге дейін созылғанын қазақ жерінде сақталып қалған Уаң топонимдерінен көреміз. «Уаң атағын алған адамның мекені» мағынасында Уаң топонимі қалыптасқан.

***Сұлтан*** – е.м. Қост. обл., Жетіқара ауд. Сұлтан қазақ даласында хан лауазымынан кейінгі екінші атақ болған, яғни «болашақ хан, ханзада, тақтан үміткер» мағынасын береді. Көне түркі заманындағы *тегін* дәрежесімен тең еді.

*Сұлтан* топонимі қазақтарды билеген Жошы хан ұрпақтарының толып жатқан сұлтандарының бірінің мекені ретінде пайда болса керек.

Қорыта келгенде, лауазым және туысқандық атаулар да топонимизацияланып, бағыт-бағдар беретін қызмет атқара алады екен. Бұл қазақ топонимдерінің жасалу жолы, лексика-семантикалық өрісі алуан түрлі болып келетінін көрсетеді.

# 4 АНАЛИТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДЕРДІҢ ТИПТІК МОДЕЛЬДЕРІ

## 4.1 Сөзжасамның аналитика-семантикалық тәсілі

Қазақ тіл білімінде сөзжасам жеке бөлініп шыққан кезде жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (1989ж.) атты монографияда «сөзжасамның аналитикалық тәсілі» деп аталған тәсілді С.Исаев «синтаксистік (аналитикалық) тәсіл» деп атайды [137;274]. «Қазақ грамматикасы» атты академиялық жинақта «аналитикалық тәсіл» деп қысқасынан қайырады [3;205]. Ал біз тарауға тақырып етіп алып отырған нұсқа (аналитика-семантикалық тәсіл) А.Салқынбайға тиесілі. Автор бұл терминді ұсыну себебін былайша түсіндіреді: «Сөзжасамдық тәсілдерді фонетика-семантикалық,синтетика-семантикалық,аналитика-семантикалық деп атаудың өзіндік мәні бар. Ерекше мағыналы атау жасалғанда тұлғаның сыртқы тұлғасы да, ішкі мағынасы да өзгереді. Синтетикалық, фонетикалық, аналитикалық терминдері арқылы оның сыртқы дыбыстық жамылғышының өзгеру сипаты анықталса, семантикалық термині негізінде туынды сөздің мағыналық құрылымы өзгергені байқалады» [1;169].

Сөзжасам теориясы туралы барлық еңбекте аналитика-семантикалық тәсілмен жасалатын туынды сөздерге бірауыздан біріккен, кіріккен, қосарланған, қайталанған, тіркесті сөздерді жатқызады. Ал қысқарған сөздерді кейбір авторлар бұл топқа қоспайды, себебі « ... сөздерді қысқартып алуда сөзжасамдық сипат жоқ» екенін ескертеді [137;279]. Тек аталып өткен түрлердің аттары әр түрлі жазылып кететіні бар (М.:біріккен сөз – сөзқосым, кіріккен – сіңіскен т.б.) және ондай орынсыз «жаңашылдық» қалыптасқан терминдерді бұзып, елді шатастырғаннан басқа пайда әкелмейді. Біздің ойымызша біріккен сөз, кіріккен сөз терминдерінен сәтті жасалған термин жоқ.

«Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау – сөзжасамның өте көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі системалы тілдерге кең тараған» [2;89]. Сілтеме жасалып отырған еңбекте (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, 1989) бұл тәсілдің көне түркі тілінде кездесетінін келтіреді: Бешбалық, Қаракөл, Ыдықбаш, Барс бег, Білге қаған т.б. Сонымен бірге, күрделі сөздердің географиялық атаулар мен кісі аттарында жиі кездесетінін айта келіп, «аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасаудың өзі түркі тілдерінде жер-су, кісі аттарынан басталған ба деген ой салады» делінеді [2;91]. Бұл – алдыңғы тарауларда айтылған «жалқы есімдер тілдің алғашқы сатыларында пайда болған» деген пікірімізді нығайта түсетін тағы бір тың болжам.

Көптеген ғалымдар біріккен сөздерді басқа күрделі сөздер сияқты кәдімгі сөз тіркесінен бастау алатынын мойындайды (А.Ысқақов, С.Исаев,

Н.Оралбаева т.б.). Мәселен, С.Исаев: «Егер біріккен сөздер мен тіркесті (күрделі) сөздер әдеттегі сөз тіркесінен (еркін тіркестен) қалыптасатын болса, сөз тіркестері компоненттері бір-бірімен сабақтаса байланысады ...», - дейді [137; 277]. Шындығында да бірігетін сөздер бір-бірімен не анықтауыштық, не толықтауыштық, не пысықтауыштық қатынастың бірінде тұрады. Мысалы, асқазан, ақсақал, баспасөз – анықтауыштық қатынаста, шаңсорғыш, алжапқыш, қаптесер – толықтауыштық қатынаста, түрегел, бассалу, айналсоқ – пысықтауыштық қатынаста тұр деуге болады. Осылардың ішінде, Н.Оралбаеваның айтуынша, «қазақ тіліндегі біріккен сөздердің ең басым жағы – осы анықтауыш сөз бен анықталатын сөдердің бірігуі» екен [3;253].

Біріккен сөздерді танудағы тағы бір негізгі белгі – компоненттердің бірге жазылуы. Бірге жазылған сөздер ғана біріккен сөздер жүйесіне енетіні қазақ тілінде қалыптасқан дәстүр. Алайда орфографиялық (емле) сөздіктерде бірде бөлек, бірде бірге жазылып жүрген күрделі сөздер болғаны, олардың көптеген сын-ескертпелерден соң, 2005, 2007 жылдары жарық көрген емле сөздіктерінде біршама жолға қойылғаны белгілі [138; 14-24], [139; 7-14].

Сөздерді бірге жазудағы негізгі фактордың бірін тілші-ғалым А.Салқынбай келтіреді. Автор атаудың екі себепші негіздің бірігуі арқылы жасалатынын және бір таңба ретінде даяр қалпында жұмсалатынын айта келіп: «Ең бірінші сөздердің бірігуі жаңа атау жасау процесінің толық аяқталып, денотаттық мағынаның қалыптасқанын танытады ... Денотаттық атаулардың бірігіп жазылатыны – қолға ұстап, көзге көрінетін нақты, деректі зат атауы болуымен тығыз байланысты болуы керек», - дейді [1; 248.249]. Басқа да көптеген ғылыми басылымдар, орфографиялық ереже баптары бірігу арқылы жасалған термин атауларын, аң-құс, жан-жануар, өсімдік, адам, жер-су аттарын бірге жазуды біржолата бекітті. Мәселен, Қазақ тілінің негізгі емле ережелерінің 32-тармағында: «Екі кейде үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы, Досжан, Өтепберген, Әбдіманап, Мергенбай, Қартбай, Талдықорған, Жезқазған, Екібастұз, Қызылжарқұдық, Ақтүйесай, Ақдаласор», - деп атап көрсетіледі [138; 20].

Сонымен ертелі-кеш айтылып жүрген пікірлерді қорытындылай келіп, біріккен сөздердің бірігіп жазылуына мынадай үш түрлі фактор бар екенін көреміз:

- болмыстағы нақты заттың не құбылыстың атауы болғандықтан бірігіп жазылады;
- заттың номинативтік белгісі толық айқындалып, ерекше таңба ретінде танылған атаулар бірігіп жазылады; [1; 251];

- біріккен сөздердің бірге жазылуына олардың сыңарларының мағынасының көмескіленуі, контаминацияға ұшырауы арқылы дербестігінен айырылуы әсер етеді [140;58].

Жалпы алғанда күрделі сөздер адамзат ақыл-ойының дамып, күрделі ойлауды меңгергенінен кейін пайда бола бастаған деуге болады. Себебі: «неғұрлым кейін пайда болған ұғым атаулары бұрыннан белгілі ұғымдарға ұқсастық негізінде жасалып отырады. Мысалы, биеемшек, түйетабан, итмұрын, қосаяқ, күнбағар сияқты атаулар, сөз жоқ, осы сөздердің құрамындағы бұрыннан белгілі атауларға (бие, емшек т.б.) ұқсатудан шыққан» [86;67].

Белгілі ғалым К.Аханов: «Бұл тәсіл (бірігу тәсілі – Б.Б.) бойынша өзара түбір морфемалар немесе түбір мен негіз қосылып, сөз жасалынады. Демек, бірігу тәсілі сөз тудыру қызметін атқарады. Біріккен сөздердің қатарына семантикалық тұтастығымен де, морфологиялық тұтастығымен де сипатталатын сөздер енеді», - десе [141;311], А.Салқынбай: «Біріккен сөздердің мағынасы құрамындағы себепші негіздердің мағыналары арқылы уәжделеді де, жеке атау ретінде танылады», - деп нақтылай түседі [1;252].

### 4.1.1 Аналитика-семантикалық тәсілдің топонимжасамда қолданылуы

Жоғарыда қаралып өткен аналитика-семантикалық тәсілдің қағидасы топонимжасамға толығымен сәйкес келеді. Оған басты себеп – топонимнің сөз категориясына жақындығы. Тіліміздегі туынды сөздер тәрізді топонимдер де бірігу (кірігу) тәсілі арқылы күрделі атауларға айнала алады екен. Күрделі топонимдер, сөз жоқ, дамудың кейінгі сатысының жемісі және олар түбір (бірнегізді) топонимдер арқылы жасалады.

Топонимтанушы-ғалымдардың барлығы дерлік түркі топонимиясында біріккен атаулардың мол кездесетінін ескеріп, негізгі топонимжасам типіне жатқызады. Мәселен, О.Т. Молчанова Таулы Алтай өлкесінің топокеңістігін саралай келіп, «көп жағдайда түркі географиялық атаулары екі негізді болып келеді», - дейді [81; 102].

Ең алдымен екі не үш сөздің мағыналары бірігіп, жаңа, тың сонымен бірге, күрделі мағына туғызатыны топонимжасамда тура сол жолмен туынды топонимдер жасайды. Мысалы, сары + өзек = Сарыөзек, екі +бас +тұз = Екібастұз. Мұндағы себепші негіздердің мағынасы жоғалып кетпейді, керісінше өз мағыналық үлестерін қоса отырып, жаңа мағына тудыруға бірдей дәрежеде атсалысады. Қатысушы себепші мағыналар (екі, үш т.б.) жаңа туынды атаудың уәжі болып табылады. Жаңа мағынаны кейде екіншілік мағына, кейде сөзжасамдық мағына деп атайды. **Ал топонимжасамдағы екіншілік мағына (жаңа сөз) – туынды топонимнің өзі.**

Зат есімдер бүкіл сөз табының ішіндегі логикалық ұғымы жағынан ең айқын сөз табы десек, зат есімнің ішіндегі ең нақтысы жалқы есімдер екені мәлім. Жалқы есімдердің ішіндегі денотаттың мағынасы басым болып келетіні – жер-су аттары. Сондықтан топонимжасам процесі тайға таңба басқандай ашық түрде өтеді, яғни себепші негіздің де, туынды топонимнің де мағыналары айқын білініп тұрады. Бұған жер-су аттарына экстралингвистикалық әсердің мол болатыны да өз ықпалын тигізеді. Мәселен, *Жетісу* атауы жеті +су сөздері арқылы бірігіп, осы өлкедегі басын Алатаудан алып, далаға қарай ағатын жеті өзеннің болуы арқылы уәжделіп тұр дей аламыз. Біріккен сөздердің құрамындағы себепші негіздердің біріншісі үнемі екінші сыңарының сын-сапалық, сандық, қасиеттік белгілерін таңбалайды десек, топонимжасамда да көбінесе *анықтауыш + географиялық термин* (ГТ) үлгісімен біріккен топонимдер жасалады. Бұл бірінші сыңар сын, зат, сан есімдер немесе етістік болып келсе, екінші компоненті зат есімдер (индикатор, термин) болып келеді.

Профессор С. Исаев сөзжасамдағы біріккен (кіріккен) сөздердің жасалу үлгісін былайша топтастырады: зат есім + зат есім (айбалта, белбеу); сын есім + зат есім (ақсақал), сан есім + зат есім (үшбұрыш, бесжылдық); есімдік + зат есім (бүгін, биыл); сын есім +сын есім (қаракөк, құлакер); сан есім + сан есім (екі жүз, үш мың) т.б. орын тәртібі арқылы қабысу, ілік септіктің түсіп қалған түріндегі сөз (әуел баста ілік септігінде қолданылуы да мүмкін) тәуелдік жалғаулы изафет конструкциялық тіркес (отағасы, бүрсігүні, жаздыгүні) және аз да болса меңгеру (ендігі әрі – ендігіден әрі, шаң басар – шаңды басар т.б.) [137;278].

Қазақстан топонимдерінің құрылымдық-семантикалық табиғатын зерттеген В.Н.Попова мынадай үлгілерді ұсынған еді: зат есім + зат есім (Тұзкөл, Мойынөзек); сын есім + зат есім (Шолаққарасу, Жамансор, Құрсай); сан есім + зат есім (Бескепе, Екібастұз); етістік + зат есім (Қайнарбұлақ, Нарөлгенсай) т.б. [124; 30-31].

Көрнекті ғалым Э.М.Мурзаев түркі топонимдеріне тән құрылымдық типтерді былайша топтастырады:

«бірінші тип: аппелятивке тең қосымшасыз топонимдер;
екінші тип: аппелятивке тең қосымшалы топонимдер;
үшінші тип: екісөзді қосымшасыз топонимдер:
1 –модель: сын есім + зат есім;
2 –модель: зат есім + зат есім;
3 – модель: сан есім + зат есім;
4 –модель: сын есім + сын есім;
Төртінші тип: екісөзді қосымшалы топонимдер;
Бесінші тип: көпсөзді қосымшасыз топонимдер;
Алтыншы тип: көпсөзді қосымшалы топонимдер;

Жетінші тип: етістікті [142; 82].

О.Т.Молчановаңың жіктеуі де осыған ұқсас: «қосымшасыз» және «қосымшалы» деп екі үлкен топқа бөліп қарайды [96; 104-150].

Біз өз жұмысымызда сөзжасамның негізгі-негізгі үш тәсілі арқылы жасалған топонимдердің типтік модельдерін қарастырамыз. Бұл үш тәсіл тиісінше үш тарауды құрайды: **лексика-семантикалық, аналитика-семантикалық және синтетика- семантикалық тәсілдер арқылы жасалған топонимдердің типтік үлгілері.** Жоғарыдағы ғалымдар «қосымшалы түбір топонимдер», «қосымшасыз түбір топонимдер» деп бөліп қараған түбір (аппелятив) топонимдер біздің жұмыста да екіге бөлінеді, бірақ қосымшасыз түбір топонимдер лексика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдерге (3 тарау) жатады да, қосымшалы түбір топонимдер синтетика- семантикалық тәсілмен жасалған топонимдерге (5 тарау) енеді. Біздің бұлайша топтастыруымыздың себебі – таза түбір топонимдер тек қана лексика-семантикалық тәсілмен жасалады (м.: *Адыр, Айдын, Орман, Бет* т.б.), ал қосымшалы бірнегізді топонимдерді топоним етіп тұрған оның қосымшалары, яғни синтетикалық тәсіл (*Ерменді, Күркілдек, Бұрған, Көлдер т.б.)*. Соңғы топты синтетика-семантикалық тәсілмен жасалған атаулардан бөлек алып қарауға болмайды.

Күрделі топонимдердің (әсіресе бірігу тәсілімен жасалған) қосымшалы түрлерін де синтетика-семантикалық жолмен туындаған топонимдерден ажыратуға келмейді *(Тұздыбастау, Ақтікенді, Қайраңкөл, Ақсораң, Құланөтпес т.б.)*. Ал қосымшасыз біріккен атаулар сөзсіз аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдерге (4 тарау) жатқызылады *(Жаңаарқа, Жуантөбе, Салқыншоқы, Аралсор, Апанқақ т.б.)*.

Жоғарыда ұсынылған топтастырулар (Э.М.Мурзаев, О.Т.Молчанова, В.Н.Попова), негізінен, сөзжасамдық емес, құрылымдық (структуралық) талдауды мақсат тұтқан сияқты. Мәселен, О.Т. Молчанова алт. *Йыртқан* (қаз. Жыртқан), алт. *Толор* (қаз. Толар) тәрізді топонимдерді бірнегізді қосымшалы атаулар, ал алт. *Айулу – суу* (қаз. Аюлысу), алт. *Йер Көчкөн* (қаз. Жеркөшкен) қатарлы күрделі атауларды екінегізді қосымшалы топонимдер деп аффикстер бойынша жіктеуден бөлек алып кетеді [96;144-146]. Бұл – сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалған топонимдерді типтендіруге, типтік модельдер жасауға ыңғайсыз, орынсыз күрделенген нұсқа. Мысалы, бір ғана – ған, -ген, - қан, - кен, өткен шақ есімше жұрнағы арқылы жасалып, бір типке енетін топонимдерді бірнегізді, екінегізділерге бөлшектеп қажеті жоқ деп есептейміз.

«Сөйтіп, сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау (сөзжасамға қатысты) жеке-жеке сөзжасам үлгілері болып табылады» [137;279]. Топонимжасамның аналитика - семантикалық тәсілмен пайда болатын туынды топонимдерінің ішінде біріккен жер - су аттары қомақты орын

алады. Кіріккен, тіркесіп, қосарланып, қысқарып жасалған атаулар да кездеседі, бірақ олар мардымсыз.

Қазақ тіліндегі сөзжасам саласын қалыптастырушылардың бірі Н.Оралбаева туынды жалқы есімдерді туынды сөздерден бөліп-жармай бірге қарайды: екіталай, Екібастұз, бесжылдық, Бесарық т.б. [3;254]. Сөзжасамды атау теориясы тұрғысынан қарайтын А.Салқынбай да олардың арасына шекара қоймайды: «екі себепші негізден құралып, кісі есімдерін, жер-су атауларын таңбалайтын *туынды сөздер*: Нұржан, Нұрсұлтан, Нұрболат, Нұргүл, Нұрсұлу, Сарыарқа, Жетісу, Жезқазған, Сарыөзек, Екібастұз, Сарыағаш, Қызылорда, Ордабасы т.б.» [1;250]. Ендеше сөзжасамдағы секілді топонимжасамда да аналитика-семантикалық тәсіл арқылы туынды топонимдер жасалады және біздің мақсатымыз – ол топонимдердің типтік үлгілерін анықтау.

**4.2 Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Сын есім + зат есім үлгісі бойынша сөздердің бірігуі сөзжасамның өзінде ең өнімді тәсіл болып саналса, топонимжасамда да мұндай лексикалық бірліктердің үлес салмағы басым. Мұнда екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы мағынасы да, тұлғасы да біртұтас туынды атау пайда болады және оның мағынасы құрамындағы компоненттерінің мағынасы арқылы уәжделеді. Мысалы, Ақжар < ақ +жар «топырағы ақ түсті жар».

Сын есім + зат есім үлгісі **анықтауыш + ГТ** макроүлгісінің құрамына енетіні түсінікті:




С.Исаев А.Ысқақовтың «мұндай біріккен сөздер өзара салаласа байланысады» деген пікірін сынай келіп, «біріккен және тіркесті сөздердің бірбірімен сабақтаса байланысатынын» атап көрсетеді [137;277]. Ал профессор Б.Қалиев сөз тіркесі мен біріккен сөз арқылы жасалған өсімдік атауларын салыстыра келіп, тіркесті атаулардың сыңарлары өзара бағына (сабақтаса) байланысса, біріккен сөз сыңарларының арасында ешқандай синтаксистік қатынас болмайтынын айтады. Автор «біріккен сөз компоненттері дербес мағыналарын жоғалтып, жаңа туынды мағынаға бірігеді, яғни біріккен өсімдік атаулары – лексикалық бірлік, ал тіркесті өсімдік атаулары – синтаксистік бірлік», - дейді [102;34].

Біріккен жер-су аттарын қарастыру барысында, қалай болса да, С.Исаев айтып кеткендей, олардың сыңарларының арасында сабақтастық бар екені айқындалады. Мәселен, *Сарытау, Қаракемер, Көкжота* сияқты біріккен топонимдердің сыңарлары арасында (сары + тау, қара + кемер, көк + жота) анықтауыштық қатынас жоқ деп айта аламыз ба? Әрине айта алмаймыз, өйткені анықтауыштық қатынас болса, міндетті түрде сабақтаса байланысу болатыны белгілі. Сондықтан сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдердің сыңарлары өзара анықтауыштық қатынаста сабақтаса байланысады. Бұл, өз кезегінде, сөзжасамдағы біріккен атаулардың бірінші сыңары екіншісін анықтап, сипаттап тұрады деген қағидаға қабысып жатады.

Анықтауыш + термин макромоделі де, оған жататын сын есім + зат есім үлгісі де түркі тілдерінде жер-су атын жасауға аса қолайлы, сол себепті аса өнімді болып келеді. В.Н.Попова мұндай құрылымның қосымшалы (славяндық) құрылымнан әлдеқайда ыңғайлы екенін, денотат туралы хабар беруге мүмкіншілігі мол екенін атап көрсетеді [124; 9]. Шынында да географиялық нысанның ерекше бір белгісін екшеп алып, сол арқылы ат беруде таптырмайтын тәсіл. Мысалы, *Ащытақыр, Жіңішкеқұм, Дөңгелектоғай, Ескіжұрт, Шоққамыс* топонимдерінің бірінші сыңарлары (ащы, жіңішке, дөңгелек, ескі, шоқ) екінші сыңарының (денотаттың) көзге түсер ерекше бір белгісін тап басып айқындап, атаудың семантикасын толықтырып тұр. *Тақыр* деген апеллятив-атаудың мағынасы *Ащытақырдың* мағынасынан әлдеқайда жұтаң екенін байқау қиын емес.

Қорыта келгенде, сын есім + зат есім үлгісімен жасалған топонимдердің бірінші сыңары топонимжасамда ерекше маңызды (екінші сыңарының негізгі екенін жоққа шығармаймыз) міндет атқаратынын атап өту керек. Оның себебі екінші (негізгі) компонент географиялық термин, зат есім, заттанған басқа сөз таптары болып келеді де, географиялық нысанды жай ғана атайды, ал бірінші сыңар ол нысанның ерекше белгісін белгілеп, ол нысанды басқалардан ажыратады, өзіндік тип құрайды. Мысалы:

Салқын – тау, төбе, шоқы

Соған байланысты сын есім + зат есім үлгісі бойынша жасалған біріккен топонимдердің алғашқы компонентіне (сын есім) тән өзіндік ерекшеліктеріне қарай бірнеше микромодельдерге бөліп қараймыз. Ол микромодельдер сын есімнің түрлеріне – түр-түске, сапасына, көлеміне – байланысты туындайды.

### 4.2.1 Түр-түс мәнді сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

Түр-түсті білдіретін сын есімдер (негізінен сапалық сын есімдер) жер-су аттарын жасауға белсене қатысады. Түр-түске байланысты туындаған топонимдер туралы аз жазылған жоқ. Олардың көпмағыналығы да жан-жақты талданған. Мәселен, тілші-ғалым К.К.Юдахин өз сөздігінде қырғыз тіліндегі *қара* сөзінің он алты түрлі, *қызыл* сөзінің жеті түрлі мағынасын келтіреді [143; 230 - 345]. Алайда ең негізгі, ең бірінші мағынасы – түр-түсті білдіруі де, қалғандары соның негізінен тарайтын ауыспалы мағыналар болып табылады. Өйткені адамзат дүниені тани бастағаннан-ақ түр-түсті ажырата білген (психолог-ғалымдардың айтуынша ең алдымен ақ пен қара түсті ажыратқан).

Топонимжасамда сын есімнің жиі кездесетіні екі түрлі жағдайға байланысты: біріншісі, сын есімдер жеке тұрғанда толық мағына бере алмайтындықтан, міндетті түрде келесі бір сөзге тіркесуге бейім тұрады (көбінесе, зат есімге тіркеседі); екіншісі, географиялық нысандарды бір-бірінен ажыратуда олардың түр-түсі ерекше белгі ретінде жиі таңдап алынады.

**1) «Ақ»** сын есімі + зат есім

*«Ақ* қара сөзінің антонимі болғандықтан, олардың мағынасы бір өлшемде грамматикалық, семантикалық сипатқа ие. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ақ* сөзіне қардың, сүттің, бордың түсіндей (қараға қарама-қарсы) деп анықтама береді. Бұл – оның негізгі мағынасы» [106;130]. Тілдің дамуы барысында *ақ* сөзінің басқа мағыналары пайда болды, бірақ заттың түсін білдіріп, қара сөзіне антоним ретінде қолданылуы өз артықшылығын жойған жоқ. Топонимжасамда да осы, негізгі мағынасы, молынан қатысып отырады.

Біз ақ сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған атауларды неғұрлым толық келтіреміз, өйткені жаңа атау жасау үшін, алдыңғы үлгілерді соғұрлым кеңінен алып қарау керек.

Қазақстанда бүгінгі күні қолданыста жүрген *ақ* сын есімі арқылы жасалған топонимдердің негізгі үлгілері мыналар:

***Ақ*** + *айдар* (е.м. Қостанай обл., Аманкелді ауд.)
***Ақ*** + *арал* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Ақ*** + *арық* (е.м. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Ақ*** + *атан* (е.м. БҚО, Шыңғырлау ауд.)
***Ақ*** + *атан* + *сор* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *база* (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *бақай* (е.м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Ақ*** + *балаған* (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Ақ*** + *балық* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)

***Ақ*** + *балшық* (көл. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.)
***Ақ*** + *бас* (батпақ. Павлодар обл., Железинск ауд.)
***Ақ*** + *бас* + *тау* (тау, 491 м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Ақ*** + *бас* + *төбе* (тау, 104 м. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Ақ*** + *бауыр* (қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Ақ*** + *бейіт* (қорым. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Ақ*** + *бел* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *бет* (дөң. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Ақ*** + *бидайық* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *биік* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *бұлақ* (жұрт. СҚО, Айыртау ауд.)
***Ақ*** + *дала* +*сор* (көл.Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Ақ*** + *діңгек* (е.м.ШҚО, Жарма ауд.)
***Ақ*** + *жазық* (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Ақ*** + *жайлау* (жайлау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *жайық* (өзен. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Ақ*** + *жар* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Ақ*** + *жарық* (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Ақ*** + *ирек* (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *ит* (жұрт. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *иық* (е.м. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Ақ*** + *иін* (е.м. ШҚО, Үржар ауд.)
***Ақ*** + *келін* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *көл* (е.м. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Ақ*** + *кент* (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Ақ*** + *кермен* (е.м.Жамбыл обл., Мерке ауд.)
***Ақ*** + *қабақ* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Ақ*** + *қайың* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Ақ*** + *қақ* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Ақ*** + *қасық* (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Ақ*** + *қойын* (тоғай. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Ақ*** + *қолқа* (е.м. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Ақ*** + *қолтық* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
***Ақ*** + *қора* (өзен. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)
***Ақ*** + *қошқар* + *адыр* (тау. Қостанай обл., Аманкелді ауд.)
***Ақ*** + *құ* (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Ақ*** + *құ* + *бет* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Ақ*** + *қия* (е.м. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
***Ақ*** + *қияқ* (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Ақ*** + *құдық* (бұлақ. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Ақ*** + *құлақ* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)

***Ақ*** + *құм* (көне қала. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Ақ*** + *қыр* (е.м. Қызылода обл., Жалағаш ауд.)
***Ақ*** + *қыстау* (е.м. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Ақ*** + *мал* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Ақ*** + *малай* + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *мамық* (тұзды көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Ақ*** + *мектеп* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Ақ*** + *мешіт* (тау, 290 м. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Ақ*** + *мола* (шоқы. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Ақ*** + *оба* (е.м. БҚО, Жәнібек ауд.)
***Ақ*** + ой (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Ақ*** + *ой* + *көл* (көл. СҚО, М.Жұмабаев ауд.)
***Ақ*** + орпа (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Ақ*** + *өгіз* (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.)
***Ақ*** + *өзек* (е.м. Алматы обл., Қапшағай қ.ә.)
***Ақ*** + *сай* (өзен. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Ақ*** + *сан* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *сарай* (е.м. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *сексеуіл* (тоғай. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Ақ*** + *сеңгір* (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Ақ*** + *сирақ* (е.м. Қостанай обл., Меңдіқара ауд.)
***Ақ*** + *сор* (көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *су* (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Ақ*** + *суат* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Ақ*** + су + *бас* (тау. 3305 м. ШҚО, Күршім ауд.)
***Ақ*** + сүмбе (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
***Ақ*** + *сұңқар* (жер телімі. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Ақ*** + тайынша (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Ақ*** + *тақыр* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *там* (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Ақ*** + *тас* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *тау* (тау. 325 м. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Ақ*** + *тау* + *тас* (е.м. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Ақ*** + *төбе* (қала. Ақтөбе обл., Ақтөбе қ.ә.)
***Ақ*** + *төбе* + *сор* (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Ақ*** + *тоғай* (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Ақ*** + *тоған* (е.м. Жамбыл обл., Мерке ауд.)
***Ақ*** + *томар* (көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ*** + *томпақ* (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Ақ*** + *топырақ* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Ақ*** + *түбек* (көл. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)

***Ақ** + **түйе** + **сор*** (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Ақ** + **түйе** + **шілік*** (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Ақ** + **тұмсық*** (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Ақ** + **үй*** (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Ақ** + **шағыл*** (тау, 684 м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Ақ** + **шат** + **айрық*** (өзен. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Ақ** + **шәулі*** (тау, 1618 м. ШҚО, Үржар ауд.)
***Ақ** + **шелек*** (қорым. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ақ** + **ши*** (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Ақ** + **шоқы*** (тау, 973 м. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Ақ** + **шұқыр*** (е.м. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

*Ақ* сапалық сын есімі мен зат есім сөздердің бірігуінен жасалған топонимдердің мол кездесуінің мынадай себептері айқындалады: 1) *Ақ* және *қара* сын есімдерінің, адамзат алғаш меңгерген түстері болғандықтан, ұзақ даму тарихы бар. Соған орай жер-су аттарының саны да баршылық, сапасы да алуан түрлі болып келеді. 2) Атауды географиялық нысанмен салыстыра қарағанда, ақ түсінің реңктері (ақшыл, сұр, боз т.б.) көбінесе ажыратылмай, жалпы «ақ» деген сын есіммен атала беретіні байқалады (10-сурет).

3) Қазақстан жерінде ақ қарлы таулардың кездесуі және әсіресе, ақ түсті сортаң жерлердің басым болып келуі әсер етеді.

*Ақ* сын есімі жер-су аттарын жасауда негізінен өзінің тура мағынасымен қатысатыны ешқандай күмән туғызбаса керек. Кейбір ғалымдардың әлдебір бағытты, бір нәрсенің мол екенін білдіреді деген пікірлері қазақ топонимдері бойынша расталмай отыр. Көшпелі халықтардың табиғатты бұрмаламай нақты бағалап, ат беретін шыншыл, салауатты дүниетанымы мағынасы бұлдыр, тұлғасы күмәнді атауларды қолдануға жол бермеген. *Ақсу* гидронимінің алғашқы сыңары *ақ* «ағынды», «ағып жатқан» мағынасын береді деген пікір де өзін-өзі ақтай алмады. Өйткені Ақсу аталатын өзендер биік таудан басталып, ағынды болатыны рас, бірақ атауға себеп болған уәж – өзен суының тастарға соғылып, ақ көбіктеніп ағуы. Профессор Т.Жанұзақ Ақсу атауы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты» деп дәл тауып айтқан [25;29] (11-сурет).

Ал *Ақ Қалғұты, Ақ Қаба* гидронимдерінің суы ақ балшықпен лайланып ағатындықтан, мөлдір сулы *Қара Қалғұты, Қара Қаба* салаларына антонимдік мәнде пайда болған. Мұндай атаулар тіркесті топонимдер тобында жеке қаралады. Алайда Ақсу мен Ақ Қаба гидронимдерінің құрамындағы *ақ* сын есімі бір емес екенін айта кету керек: біріншісі судың ақ көбіктене ағуын білдірсе, екіншісі судың айран түстес лайлы екенін білдіреді. Топонимжасамда *ақ* сын есімінің осындай түрлі, болмашы реңктерін, ерекшеліктерін ажырата білген жөн.

Ақ сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдерінің екінші, негізгі, сыңарлары да назар аударуға тұрарлық. Бұлардың басым бөлігі – географиялық терминдер (көл, қақ, құм, өзен, сай, т.б.) және жан-жануар аттары (атан, ит, қошқар, өгіз, тайынша, т.б.), өсімдік аттары (бидайық, қайың, сексеуіл, ши т.б.), басқа да кез келген зат есімдер (қасық, мектеп, мамық, келін, діңгек т.б.) бола береді. Олардың құрамында көне түркі тіліндегі *кермен* «қамал, қала» (Аққермен) сөзінен бастап, кейін кірген школа, флот сөздеріне дейін (Ақшкол, Ақфлот) кездеседі.

Біріккен атаулардың екінші сыңары кез келген сөзден бола береді дегенде, олар шексіз деген ұғым тумау керек. Қандай бай тіл болса да шектеулі. Атақты ғалым Э.Сепир: «Бірде - бір тіл әрбір нақты идеяны немесе нақты элементті жеке-жеке сөзбен білдіре алмақ емес. Тәжірибенің нақтылығы шексіз, ал ең бай тіл қорының өзі қатаң шектелген», - дейді [144;65]. Сондықтан жер-суға ат қойған бізге беймәлім ата-бабаларымыз екі түбірмен ғана шектелмей, үш, төрт түбірді біріктіруге мәжбүр болған: Ақ + атан +сор, Ақ + бас + тау, Ақ + қошқар + адыр т.б. Мұндағы (Ақ + бас) + тау оронимі мен Ақ + бастау гидронимін шатастыруға болмайды.

Екінші (басыңқы) сыңар сөздері бірді-екілі көне, кірме, диалектілері болмаса, негізінен қазақ тілінде мағыналары ашық болып келеді. Олардың біразына үшінші тарауда семантикалық талдаулар жасалған. Сондықтан оларға тоқталмаймыз, бізге топонимжасам тұрғысынан келу маңызды.

Қазақ тіл білімінде біріккен сөздерге көп мән беріледі де, кіріккен және тіркескен сөздер елеусіз қала береді. Себебі соңғы екеуінің тілімізде аса көп еместігіне байланысты болса керек. Оның үстіне кіріккен сөздер тілдің көне құбылысына жататындықтан сирек кездесетін болса, тіркесті зат есімдерді сөз тіркесінен ажырату, емлесін қалыптастыру әлі жолға қойылған жоқ.

Топонимжасамда біз кіріккен және тіркесті атауларды (олар да аналитикалық тәсілге жатқанымен) жеке-жеке қарастырмай, біріккен топонимдерге қосып жіберуіміздің себебі де осыдан туындаған еді. Топожүйемізде кіріккен күрделі топонимдер жеке тарауша ашуға аздық етеді (Өзгент, Тотұя < Тоты ұя, Сарадыр т.б.).

Тіркесті күрделі атауларды жеке алып қарастырмауымыздың да екі үлкен себебі бар:

-Тіркесті атаулардың біріккен топонимдерге қарағанда анағұрлым аз жасалуы.

-Біріккен атаулармен бір тірек сыңар арқылы жасалып тұрғандықтан, оларды бөлудің мәні жоқтығы. М.: Аяқарал, Аяққөл, Аяқ Қарасай, Аяқ Шалқар т.б.

Сондықтан кездескен тіркесті күрделі атаулар үлгілері сол типте, біріккен атаулардан соң беріліп отырады.

***Ақ Берел*** (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд. Ресми атау, ел *Ақбұлқақ* өзені деп атайды)

***Ақ Қаба*** (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

***Ақ Қайрақты*** (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)

***Ақ Қалғұты*** (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

***Ақ Уба*** (өзен. ШҚО, Риддер қ.ә.)

**2 «Ала»** сын есімі + зат есім

*Ала* сапалық сын есімі «ақ және басқа түстердің араласып келген түрі екені мәлім (ҚҚТС, 1т, 178). *Ала* сапалық сын есімінің алуан түрлі ауыспалы мағынасы болғанмен, жер-су атын жасарда үнемі дерлік өзінің түр-түсті білдіру мағынасында жұмсалады. *Ақ* сапалық сын есімі сияқты бірінші позицияда келіп, анықтауыш + термин үлгісімен біріккен топонимдер жасайды:

***Ала*** + *айғыр* (қыстау. Қызылорда обл., Қазалы ауд)

***Ала*** + *айғыр* + *сай* (қыстау. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

***Ала*** + *ат* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

***Ала*** + *ат* + *қашар* (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)

***Ала*** + *аяқ* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

***Ала*** + *байтал* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

***Ала*** + *бас* (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

***Ала*** + *бас* + *көл* (көл. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)

***Ала*** + *бас* + *шоқы* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)

***Ала*** + *бидайық* (қыстау. Қостанай обл. Амангелді ауд.)

***Ала*** + *бие* (бейіт. Атырау обл., Қызылқрға ауд.)

***Ала*** + *бота* (е.м. СҚО, Тайынша ауд.)

***Ала*** + *бұға* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)

***Ала*** + *бұғы* (қоныс. Ақмола обл., Бұланды ауд.)

***Ала*** + *жиде* (тж.ст. Алматы обл., Ақсу ауд.)

***Ала*** + *көл* (көл. Алматы обл. Және ШҚО)

***Ала*** + *қамыс* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)

***Ала*** + *қозы* (е.м.Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

***Ала*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)

***Ала*** + *месек* (жұрт. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)

***Ала*** + *мұрын* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

***Ала*** + *сиыр* (бұлақ. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)

***Ала*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)

***Ала*** + *тай* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)

***Ала*** + *тау* (тау, 6995м. Алматы обл.)

***Ала*** + *төбе* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)

***Ала*** + *шен* (тау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

Тізімнен көрініп тұрғандай, *ала* сын есімі арқылы аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдер үлгісі көп емес. Оның басты себебі сын есімнің өзінің жеке тұрғанда денотаты жоқ болса, бірнеше түстен бірігіп келетін *ала* сапалық сыны есімі одан әрі бөлшектеніп кетеді: қара ала, қызыл ала, сары ала, т.б. Сонымен бірге ала түсті табиғи нысандар да аз кездеседі. Кейбір басы қарлы таулар, тұздың әсерінен алақұла болып жататын көл, сорлар болмаса (Алатау, Алакөл, Аласор). Зоотопонимдер ішінен жылқы малының ала түсі сирек кездесіп, көзге ұрып тұратындықтан, жиі қолданыс тапқан (Алаайғыр, Алаат, Алабие).

Бұл үлгілердің ішінде үш негізден біріккен атаулар да бар: (Ала + айғыр) + сай, (Ала+бас) + көл, (Ала+бас) + шоқы. Үшнегізді топонимдердің алдыңғы екеуін жақшаға алудағы себеп – олар тұтас анықтауыш құрап, мағына жағынан терминдерден бөлек айтылады (Алайғыр - сай, Алабас - көл, Алабас - шоқы). В.А.Никонов, О.Т.Молчановалар мұндай күрделі атауларды шартты түрде ғана үшнегізді деп табады: «Тұлғасы жағынан үш негізді болғанымен, мазмұны жағынан, сөз жоқ, екінегізді» [96;122].

Топтамада екінші сыңарының мағынасы түсініксіз екі-ақ атау кездеседі (олар атау жасау кезінде, әрине, мағыналы болған). *Аламесек* топонимін «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалықтың авторлары «*аламасақ* (өсімдік) сөзінің бұрмаланған тұлғасы болса керек» дейді [145;529]. Біздің ойымызша, не жергілікті жерге тән сөз, не ор. *песок* «құм» сөзінен жасалған. Алапесок > Алапесек>Аламесек.

Екінші түсініксіз атау – *Алашен*. Мұндағы *шен* парсы. sen «құм» сөзінен жасалып, Алашен «алақұм» мағынасын беріп тұрған тәрізді [111;434].

**3 «Боз»** сапалық сын есімі + зат есім

*Боз* сын есімінің негізгі мағынасы «ақшыл қылаң түс» екені белгілі (ҚТТС, 2т, 321). Боз сын есімінің негізгі мағынасынан басқа, жер-су атына қатысты *боз* «құрғақ сор жер» және «астық тұқымдас көпжылдық өсімдік» мәндері бар (сонда). Сапалық сын есімдердің семантикасын арнайы зерттеген Ә.Аққозов тілімізде *кер, торы, боз* сияқты түс атауларының бұрын жиі қолданылғанын, кейін қолдану аясының тарылғанын айтады [106;65]. Топонимжасам процесінде бұл түс атауларын молынан пайдалануға болады:

***Боз*** + *ай* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Боз*** + *айғыр* (тау.Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Боз*** + *айғыр* + *құм* (құм. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Боз*** + *алаң* (е.м. Павлодар обл, Шарбақты ауд.)
***Боз*** + *анай* (құм. Атырау обл., Исатай обл.)
***Боз*** + *арал* (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)

***Боз*** + *арық* (е.м. ОҚО, Шымкент қ.ә.)
***Боз*** + *ащы* (түбек. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Боз*** + *бел* (тау.Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Боз*** + *бие* (қыстау. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Боз*** + *бұлақ* (асу. Жамбыл обл., Т.Рысқұлов ауд.)
***Боз*** + *бұтақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Боз*** + *дала* (тж. бекеті. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Боз*** + *дым* (құдық. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Боз*** + *жал* (шоқы. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Боз*** + *жусан* (қоныс. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Боз*** + *көл* (е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Боз*** + *қақ* (өзен. Қарағанды обл., Қаражал қ.ә.)
***Боз*** + *қараған* (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Боз*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Боз*** + *мәстек* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Боз*** + *мойнақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Боз*** + *оба* (е.м. БҚО, Казталовка ауд.)
***Боз*** + *ой* (е.м. ОҚО, Шардара ауд.)
***Боз*** + *су* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Боз*** + *тал* (е.м. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Боз*** + *тоған* (е.м. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Боз*** + *төбе* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Боз*** + *тұмсық* (е.м. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Боз*** + *үйген* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Боз*** + *інген* (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)

Біріккен атаулардың атрибуттық позицияда тұрған *боз* сыңары географиялық нысандардың түр-түсін білдірумен шектелген. Оның ауыспалы мағынада қолданылмауы нысандардың табиғи нақтылығына байланысты болса керек. Мұнда көпнегізді атаулардан Боз + айғыр + құм топонимі ғана кездеседі.

Үлгілер ішінен мағынасын талдай кетуді қажет ететіндері мыналар:

*Бозай* – жоғарыда аты аталған энциклопедиялық анықтамалықта антропоним ретінде аталып өтеді. Алайда Қазақстанның әр аймағында бірнеше рет кездесетін Бозай топонимі кісі атынан қойылмағанын айғақтайды. Өйткені әр облыста Бозай атты кісі өмір сүріп, олардың есімдері бірдей жер-суға берілуі мүмкін емес.

*Ай, Бозай* атаулары көбінесе гидроним ретінде көрініс беретіндіктен, Эвенкі тіліндегі *ай* «батпақ», «шалшық» мағынасынан шығып, «лай су» мәнін беретін сияқты [46;40].

*Бозанай* – бірікен атауының екінші сыңары *анай* Жеменей гидронимінде жіңішке нұсқасында кездеседі. Бұл атаулардағы анай /еней

сыңарлары түркі. ан «ұра, шұңқыр», құмық. *анак* «үңгір», бурят., эвенк. а*нга* «ауыз», «шатқал», моңғол. *анаг* «жұмыршақша үңгір», *ан* «жарық», «сызат», қаз. аңғар сөздерімен байланысты болуы мүмкін. Өйткені Жеменей өзені тауды жарып ағып шығады да Зайсан көліне құяды. Ал Бозанай құмы шұңқыр, ұра жерде орналасқан болуы керек.

*Боздым* – «бозғыл түсті дымқыл, сулы жер» мағынасында тұр. Құдық осындай суы жер бетіне жақын жерден қазылатыны мәлім.

*Бозүйген* - «боз түсті үйілген, оба жер» мәнін береді.

**4 «Баран», «барша», «баршын»** сын есімдері + зат есім

*4.1 Баран* сын есімі қазақ тілінде «жылқының түсі; қара қоңыр, қара кер» (ҚТТС, 2т, 100) мағынасын берсе, моңғол тілінде *бараа / бараан* «қара қоңыр, қара кер түс (өң)» мәнінде қолданылады [77;66.67]. Топонимжасамда осы мағына өзгермей, «қара, қара қоңыр, қара кер» түсті географиялық нысандарды атайды:

***Баран*** + *көл* (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)

***Баран*** + *шоқы* (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

*Баран* сапалық сын есімі бұрынғы заманда жиі қолданылғанмен, қазір қолданыстан шықты десе де болады. Жер-су аттарынан Баранкөл, Бараншоқы үлгілері ғана сақталып қалғаны анықталып отыр. Тілдің қорын азайтып алмас үшін, мұндай көнерген сөздерді қайта жаңғыртып отыру қажет. **Жоғалып бара жатқан сөздерді өмірге қайтарудың бір жолы оларды алдымен жалқы есімдерге енгізу болып табылады**.

*4.2 Барша* сын есімі лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір топонимдер арасында (3-тарау) жеке қаралған еді. Онда *барша* сөзі иран. *порча/парча* «алтын не күміс жіппен жолақталған жібек мата» (Е.Н.Шипованың сөздігінен) сөзінен шығатыны айтылған. Жолақтары бар матаның аты «жолақты, тарғыл, шұбар» мәндерін беретін *барша* сын есіміне айналып кетуі тілдегі бар құбылыс. Оның өзі жер-су аттарында және *баршатышқан* деген зоонимде ғана сақталып отыр:

***Барша*** + *биік* + *көл* (көл. Қостанай обл., Федоров ауд.)

***Барша*** + *құм* (құм. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

***Барша*** + *тас (*е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)

***Барша*** + *тікен* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)

Мұндағы *барша* анықтауышы географиялық нысанның ақ жолақтары бар екенін немесе жолақтана орналасқанын білдіреді (ала, ала шұбар түсті айқындайды).

*4.3 Баршын* сапалық сын есімі *барша < ир. парча* сөзінен шығатыны дәлелденген (3-тарауды қараңыз). Өйткені *баршын* сөзіне ҚТТС-та «жолақты жібек мата» мәніндегі зат есім деген анықтама беріледі (2т, 108). Ол, өз кезегінде, зат есімдермен тіркесу барысында, адъективтеніп

(сынданып), анықтауыштық қатынаста жұмсала бастаған (м.:баршын бүркіт). *Гүлбаршын* тұлғасында антропонимде, *баршынгүл* тұлғасында фитонимде сақталған. Жер-су аттарында сирек кездеседі (ала, шұбар нысандарды атайды):

***Баршын*** + *кент* (ескі қала. Қызылорда обл).

**5 «Бурыл»** сын есімі + зат есім

*Бурыл* сын есіміне «ақ пен көк немесе қара араласқан түс (мал жөнінде)» деген түсініктеме беріледі (ҚТТС, 2т, 459). Бурылдың басқа түстерін нақтылай түсу үшін, ақ бурыл, қара бурыл, көк бурыл сияқты түрлері қолданылады. Әуелде жылқы малының түсіне байланысты пайда болып, кейін басқа нысаналарға да тарай бастаған сыңайлы.

Жер-су атын жасарда, жылқы малына ұқсатудан туғандарынан басқалары, тікелей бурыл түсті табиғи нысандарды белгілейді:

***Бурыл*** + *ат* (тұзды көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Бурыл*** + *байтал* (тж. бекеті. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Бурыл*** + *көл* (тұзды көл. СҚО, Тайынша ауд.)
***Бурыл*** + *сай* (қоныс. Алматы обл., Кеген ауд.)
***Бурыл*** + *тоғай* (е.м. Қытай жерінде, Қара Ертіс)
***Бурыл*** + *төбе (*жота.Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бурыл*** + *шоқы* (тау. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

**6 «Жирен»** сын есімі + зат есім

*Жирен* сын есімі, ең алдымен, жылқы малының «қызғылт сары» (ҚТТС, 4т, 128), «қызылға жақын» (Ә.Аққөзов, 2005, 147) түсіне байланысты қолданылады.

Топонимжасамда табиғи нысанның қызыл, қызғылт түстерін атап көрсетеді және жирен (жайран) киіктері мекендеген жерді меңзеуі де мүмкін.

***Жирен*** + *айғыр* (өзен. Алматы обл., Іле ауд.)
***Жирен*** + *байтал* + *қуыс* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Жирен*** + *көл* (батпақ. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Жирен*** + *қопа* (е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Жирен*** + *сақал* (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

**7 «Кер (кері)»** сын есімі + зат есім

*Кер* сын есімі «құла мен торының аралығындағы малдың түсі» (ҚТТС, 4т, 626) мағынасын беретіндігі баршаға мәлім, алайда «кер сөзі де қызғылт-қара түсті белгілеу үшін қолданылады» (Ә.Аққөзов, 2005, 125) деген пікір дұрыс емес. Жылқы малына тән болып келетін *кер* сын есімі жеке де (кер ат), тіркесіп те (қарагер, құлагер) айтыла береді.

*Кер* сапалық сын есімі сирек болса да жер-су аттарын жасауға қатысады және географиялық нысанның ақшыл қоңыр, сарғыш түстерін белгілейді.

***Кер*** + *жабағы* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

***Кер*** + *бұлақ* (өзен. Жамбыл обл., Шу ауд.)

***Кер*** + *шоқы* (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

Мұндағы Кержабағы жайлауын «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» атты анықтамалықта «Қызылқарағай жотасының оңтүстігінде, Бұқтырма өзенінің аңғарында, Катонқарағай ауданында» деп көрсетеді [145;762]. Ал Катонқарағайда Қызылқарағай оронимі (тау аты) өмірі болған емес, авторлардың қай тауды айтып отырғаны белгісіз. Егер олар Листвяга тау жотасын меңзеп отырса, онда оның қазақша аты ежелден Қоңыржон екені әмбеге аян.

**8 «Көк»** сын есімі + зат есім

*Көк* сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі (көк теңрі, көк түрік, көк бөрі концептілері). Номадтар үшін *көк* сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: көк – аспан, көк – көктем, көк – жаз, мал тойынатын кез. Мал тойынса, көшпелілер де тойынатын кез. Сондықтан қазақ топонимиясында *көк* сын есімі арқылы жасалған біріккен атаулар біршама мол кездеседі.

Көк сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдердің өзіндік ареалы бар. Мәселен, жазы ерте шығып, ұзақ болатын Алматы облысында көк сапалық сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған топонимдер басқа облыстарға қарағанда әлдеқайда көп кездеседі. Сары сын есімі ұзақ мерзім бойы сарғайып жататын далалы аймақтарда жиі ұшырасады. Бұның өзі «түр-түске байланысты атаулар жыл мезгілдеріне тікелей тәуелді» деген біздің бұрынғы еңбектерімізде айтылған пікірімізді дәлелдей түседі [53;36].

Топонимжасамда *көк* сапалық сын есімі әр түрлі табиғи нысан атауларымен бірігіп, олардың көк, көкшіл, қара көк, аспан көк, кейде жасыл түстерін білдіреді. Қазақ өсімдіктің жасыл түсін *көк* деп атай береді. Бұл жасыл мен көк түстердің кейін ажыратылғанын көрсетеді. Моңғол тілінде екі түсті де *хөх* деп атайтыны бар және *хөхе* «жасыл» тұлғасында бірігеді (хохедаваа > Көкідаба). Осы нұсқадан біріккен үлгілер де тілімізде орын алған Көкебел, Көкетау.

***Көк*** + *адыр* (өзен. Жамбыл обл., Қордай ауд.)

***Көк*** + *айғыр* (көл. СҚО, Аққайың ауд.)

***Көк*** + *айдын* + *көл* (қоныс. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

***Көк*** + *айыл* (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)

***Көк*** + *арал* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Көк*** + *арна* (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Көк*** + *арық* (е.м. Жамбыл обл. Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Көк*** + *аша* (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Көк*** + *ащы* (қоныс. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Көк*** + *байтал* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Көк*** + *бастау* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көк*** + *бел* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көке*** + *бел* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Көк*** + *бел* + *су* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көк*** + *бие* (батпақ. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Көк*** + *бие* + *сай* (алқап. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Көк*** + *бөлтек* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)
***Көк*** + *бұлақ* (е.м. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Көк*** + *дала* (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Көк*** + *домбақ* (төбешік. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *дөнен* (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Көк*** + *дөңгелек* (қыстау. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)
***Көк*** + *ел* [Көгел] (тау, 116 м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Көк*** + *емен* + *сор* (көл. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Көк*** + *еспе* (төбе, 472 м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Көк*** + *жазық* (е.м. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Көк*** + *жайдақ* (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Көк*** + *жайлау* (қоныс. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Көк*** + *жайық* (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Көк*** + *жал* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көк*** + *жар* (е.м. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *жартас* (қыстау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Көк*** + *жиде (*е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Көк*** + *жиек* (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Көк*** + *жол* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көк*** + *жота* (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Көк*** + *жұп (*тау. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Көк*** + *жыра* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Көк*** + *ірек* (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Көк*** + *ит* + *көл* (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Көк*** + *ішірім* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Көк*** + *ішірім* + *сай* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *кезең* (тау. 2367 м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Көк*** + *кемер* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көк*** + *көз (*қыстау. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)

***Көк*** + *көл* (көл. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Көк*** + *қабақ (*қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Көк*** + *қайнар* (е.м. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Көк*** + *қайың* + *томар* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Көк*** + *қақ* + *сор* (қоныс. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Көк*** + *қамыс* (е.м. БҚО, Бөкей Орда ауд.)
***Көк*** + *қара* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Көк*** + *қара* + *су* (өзен. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Көк*** + *қия* + *сай* (өзен. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Көк*** + *қора* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Көк*** + *қорым* (тау. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Көк*** + *қырқа* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көк*** + *қырқа* + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көк*** + *лақ* (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Көк*** + *лек* + *су* (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Көк*** + *лек* + *тарам* (арал. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Көк*** + *мардан* (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)
***Көк*** + *мойын* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *мола* (қыстау. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Көк*** + *мұрын* + *тай* (төбе. ОҚО, Созақ ауд.)
***Көк*** + *өгіз* (құдық. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Көк*** + *өзек* (өзен. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Көк*** + *өзен* (өзен. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Көк*** + *өлең* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Көк*** + *өріс* (е.м. БҚО, Сырым ауд.)
***Көк*** + *өсім* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Көк*** + *пияз* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көк*** + *сай* (е.м. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Көк*** + *сала* (өзен. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Көк*** + *сарай* (өзен. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Көк*** + *саяқ* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Көк*** + *сеңгір* (тау. 127 м. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Көк*** + *сеңгір* + *сор* (тұзды көл. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Көк*** + *сиыр* (е.м. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Көк*** + *соқа* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Көк*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Көк*** + *су (*өзен. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Көк*** + *суат* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *су* + *төбе* (ескі қала орны. ОҚО, Шардара ауд.)
***Көк*** + *табан (*қыстау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Көк*** + *тай* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)

***Көк*** + *тал (*көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Көк*** + *тас* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көке*** + *тау* (асу. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *тек* (көл. Ақмола обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *теке* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Көк*** + *терек* (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Көк*** + *терек* + *көл* (көл. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Көк*** + *тоғай* (е.м. Атырау обл., Индер ауд.)
***Көк*** + *тоған* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
**Көк** + *тоқал* (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Көк*** + *томар (*тоған. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Көк*** + *томпақ* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Көк*** + *төбе (*төбе. Алматы обл., Алматы қ.ә.)
***Көк*** + *төбе* + *бастау* (бұлақ. ШҚО, Үржар ауд.)
**Көк** + *төбе* + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Көк*** + *тұма* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Көк*** + *түбек* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көк*** + *тырнақ* (түбек. Қызылорда обл., Арал ауд.)
**Көк** + *ұйық* (төбе. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Көк*** + *үй (*е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Көк*** + *үйірім* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Көк*** + *шалпын* (айрық. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көк*** + *шоқалақ* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Көк*** + *шоқы (*е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Көк*** + *шуб* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Көк*** + *шұқыр* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)

*Көк* сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған біріккен атаулардың семантикалары, негізінен алғанда, ашық болып келеді. Алайда жер-су аттарында кумулятивтік қасиет басым болып келетіндіктен, мағынасы күңгірт, тарихи, кірме, диалект атаулар да кездесіп отырады:

*1. Көкайыл* – атаудың екінші сыңары алт. қырғ. *айыл*, моңғ. *айл* «ауыл» мағынасын беретіні белгілі.

*2. Көкбөлтек* – басыңқы сыңар моңғ. *болдог* «төбе, төбешік, дөң, дөңес» [77;79], қаз. *бөртек* «тау алды төбелері» сөзі болып табылады.

*3. Көкдомбақ* - мұндағы *домбақ* қазіргі тіліміздегі *томпақ* «дөңес, томпиған жер» мағыналы сөзінің фонетикалық нұсқасы: Көкдомбақ = Көктомпақ.

*4. Көкжұп – жұп* сөзі «екеу, қос; сыңар емес» (ҚТТС, 4т, 232) мағынасын беріп, жұп болып біткен табиғи нысандарды белгілейді.

*5. Көклексу* - мұндағы *лек* – «бірінен соң бірі тізбектелетін топтардың қатары, сап» (ҚТТС, 7т, 60) мағынасын беретін сөз. Көклексу судың

тұрақты түрде емес, лек-легімен ағатынын білдіретін гидроним болып табылады.

*6. Көкмардан* – мұндағы *мардан* – Оңтүстік Қазақстанға тән диалект сөз. Мағынасы «қамыстан тоқылған ыдыс» атауы болады.

*7. Көкөсім - өсім* сыңары – «өсімдік», «жас өскін» мағынасында тұр.

*8. Көктырық* – екінші сыңары көне түркі. *тұрұқ/тұрық* «көшпелілердің қыстауы», «елді мекен», «қала»; сондай-ақ тув. *туруг* «құз», «жартас» (Э.М.Мурзаев); қаз. *тұрық* «арық»; «бой, көлем, ені» (Ә.Қайдар) сөздерінің бірінен өзгеріп қолданылып тұр.

*9. Көкүйық* – қаз. *ұйық* сөзінің бір мағынасы «ұйма, тартпа, май батпақ» (ҚТТС, 9т, 468) екені келтіріледі. Ал сусымалы, жүруге қиын, ұйық құм болатыны көрсетілмеген. Көкүйық осы екі мағынаның бірінде тұруы мүмкін.

*10. Көкүйірім* – мұндағы *үйірім* тіліміздегі *иірім* сөзінің тұлғалық нұсқасы: «бір жерге көп жиналып үйіріліп, иіріліп, айналып жататын терең су» мағынасында қолданылады.

*11. Көкшалпын* – шалпын суға байланысты (түбірі – шалп) диалект сөз болуы керек.

*12. Көкшуб* – мұндағы *шуб* көне түркі. *сув/суғ*, чуваш. *шув* «су» сөзінен сақталған реликт атау болуы мүмкін, болмаса кірме сөз.

**9 «Күрең»** сын есімі + зат есім

*Күрең* сапалық сын есімі «қызыл қоңыр, қошқылтым түс» (ҚТТС, 5т, 357) мағынасымен, көбінесе, жылқы түсіне байланысты қолданылады.

Жер-су атын жасауға қызыл мен қоңырдың арасындағы түсі бар географиялық нысанды, кейде ауыспалы мағынада жабығыңқы, қуаң, тұнжыр табиғатты атап көрсетеді. Күрең түс жер бедерінде сирек көрініс табатындықтан, үш-ақ біріккен топоним табылып отыр. Оның екеуі – зоотопоним.

***Күрең*** + *бел* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)

***Күрең*** + *бие* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

***Күрең*** + *өгіз* (асу. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

Мұндағы *өгіз* көне түркі. *үгүз* «өзен» сөзі болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

**10 «Қара»** сын есімі + зат есім

*Қара* сапалық сын есімі адамзат баласының алғаш айырған түсінің бірі болған себепті, қолданылу аясы да кең, мағыналық түрлері де көп. 1982 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (6т, 36) *қара* сын есіміне «күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу)» анықтамасы беріледі де, 20 бет бойына басқа мағыналарына түсініктеме жазылады

(36-55 беттер). Бұл қара сын есімінің жалқы есімдерде қолданылуын есептемегендегі көлемін білдіреді. Қара сын есімі мен оның мағыналық түрлерінің тілімізде қаншалықты белсенді қызмет атқаратынын осыдан-ақ бағамдауға болады.

Қара сын есімі жер-су аттарын жасауда да ерекше орын алады. Көбінесе географиялық нысанның қара түсін білдіру арқылы бірінші сыңарда анықтауыштық мәнде келіп, біріккен атаулар жасайды. Қара сын есімі конверсия бойынша субстантивтеніп екінші (басыңқы) сыңарда да қолданыс табады (Егізқара, Доланқара т.б.). Мұнда, негізінен, «тау, төбе, шоқы, дөң» мағыналарын білдіреді.

***Қара*** + *ағаш* (өзен. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** + *адыр* (тау. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Қара*** + *адыр* + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қара*** + *айғыр* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Қара*** + *алып* (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Қара*** + *апан* (бұлақ. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *арша* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қара*** + *арша* + *сай* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қара*** + *арық* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Қара*** + *арық* + *тау* (тау. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Қара*** + *аспан* (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.)
***Қара*** + *аспан* + *төбе* (ескі қала орны. ОҚО, Ордабасы ауд.)
***Қара*** + *астау* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қара*** + атан (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қара*** + *аудан* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қара*** + ауыл (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қара*** + *ащы* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қара*** + *база* (е.м. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Қара*** + *байтал* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қара*** + *бақыр* (өзен. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
***Қара*** + *балық* (арал. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Қара*** + *барқас* + *көл* (көл. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Қара*** + *бас* (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + *бас* + *тау* (тау. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Қара*** + *бастау* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Қара*** + бас + тұз (көл. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Қара*** + *бау* (өзен. Атырау обл., Индер ауд.)
***Қара*** + *бауыр* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + бекет (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Қара*** + *бел* (қоныс. ОҚО, Созақ ауд.)
***Қара*** + *белгі* (бейіт. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

***Қара*** + *бетеге* (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қара*** + *бидайық* (қоныс. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Қара*** + *бие* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қара*** + *биік* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Қара*** + *бота* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қара*** + *бөгет* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *бөрік* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қара*** + *бура* (асу, 3415 м. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Қара*** + *бұдыр* (құм. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Қара*** + *бұжыр* (тау, 592 м. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қара*** + *бұзау* (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Қара*** + *бұйрат* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қара*** + *бұқа* (өзен. Ақмола обл., Астана қ.ә.)
***Қара*** + *бұлақ* (өзен. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** + *бұлақ* + *сор* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қара*** + *бұта* (өзен. ШҚО, Үржар ауд.)
***Қара*** + *бұтақ* (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қара*** + *дария* (арна. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Қара*** + *диірмен* (тау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қара*** + *доңғал* (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қара*** + *дүзген* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Қара*** + *дің* (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қара*** + *егін* (е.м. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Қара*** + *ерен* (өзен. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Қара*** + *еспе* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *етек* (шоқы. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Қара*** + *ешкі* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *жал* (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Қара*** + *жамбас* (е.м. Маңғыстау обл., Ақтау қ.ә.)
***Қара*** + *жантақ* (е.м. ОҚО, Арыс ауд.)
***Қара*** + *жар* (өзен. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Қара*** + *жартас* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қара*** + *жарық* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Қара*** + *жер* (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** + *жиде* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *жол* (қоныс. Қарағанды обл., Қаражал қ.ә.)
***Қара*** + *жорға* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қара*** + *жота* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қара*** + *жұрт* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қара*** + *жүрек* (бұлақ. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Қара*** + *жыңғыл* (бұлақ. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

***Қара*** + *жыра* (бұлақ. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *жырық* (арна. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *загон* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Қара*** + *ирек* (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қара*** + *ііріім* (тж. бекеті. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Қара*** + *кезең* (асу. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Қара*** + *кемер* (тау. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Қара*** + *кеңгір* (тау. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Қара*** + *кес* (жұрт. БҚО, Жәнібек ауд.)
***Қара*** + *кешу* (сор. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қара*** + *көбік (*қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Қара*** + *көз* (қоныс. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Қара*** + *көл* (көл. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** + *көл* + *тас* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қара*** + *күнгей* (жота. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Қара*** + *қабат* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Қара*** + қаз (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Қара*** + *қай* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қара*** + *қақ* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Қара*** + *қалпақ* (е.м. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)
***Қара*** + *қамыс* (қамал. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Қара*** + *қараған* (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Қара*** + *қарға* (таулар. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Қара*** + *қас* (е.м. Алматы обл., Алматы обл., Көксу ауд.)
***Қара*** + *қау* (өзен. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Қара*** + *қашық* (қоныс. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Қара*** + *қиыр* (ауыл. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Қара*** + *қия* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қара*** + *қобы* (е.м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қара*** + *қоға* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Қара*** + *қоға* + *бас* (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Қара*** + *қоғай* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *қозы* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қара*** + *қой* (өзен. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қара*** + *қойын* (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қара*** + *қол* (өзен. Ақмола обл., Есіл ауд.)
***Қара*** + *қола* (тау. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Қара*** + *қолат* (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** + *қолқа* (сай. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *қоныс* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *қоңыз* (өзен. Жамбыл обл., Қордай ауд.)

***Қара*** + *қоңыр* (тж.бекеті. ОҚО, Отырар ауд.)
***Қара*** + *қопа* (е.м. Қостанай обл., Федоровка ауд.)
***Қара*** + *қорық* (е.м. ШҚО, Абай ауд.)
***Қара*** + *қорым* (тарихи. Түркілердің астанасы)
***Қара*** + *қошқар* (қыстау. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Қара*** + *құыс* (қоныс. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Қара*** + *құдық* (өзен. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Қара*** + *құдық* + *өзен* (аңғар. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қара*** + *құз* (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Қара*** + *құм* (құм. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *құр* (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)
***Қара*** + *құрт* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
***Қара*** + *құс* (тау. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.)
***Қара*** + *қыз* (тау. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қара*** + *қыр* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Қара*** + *қырқа* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** + *қыстақ* (өзен. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Қара*** + *қыстау* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Қара*** + *май* (бұлақ. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)
***Қара*** + *ман* (тау, 311 м. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Қара*** + *марқа* (қоныс. СҚО, Қызылжар ауд.)
***Қара*** + *матақ* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.(
***Қара*** + *мая* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қара*** + *мектеп* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Қара*** + *мерген* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қара*** + *мерген* + *сай* (өзен. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Қара*** + *мес* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қара*** + *мойыл* (сай. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** + *мойын* (шоқы. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қара*** + *мола* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** + *молақ* (тау. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Қара*** + *мұз* + *сор* (жайлау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Қара*** + *мұз* + *табан* (асу. Алматы обл., Жетісу Алатауы)
***Қара*** + *мұра* (өзен. Ақмола обл., Есіл ауд.)
***Қара*** + *мұрын* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Қара*** + *мырза* (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.)
***Қара*** + *мыс* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қара*** + *нақ* (қыстау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қара*** + *нар* (қыстау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қара*** + *оба* (тау. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Қара*** + *ой* (өзен. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)

***Қара*** + *ой* + *сор* (қоныс. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Қара*** + *орда* (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + *өзек (*өзен. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + *өзен* (өзен. БҚО, Еділ –Жайық алабы)
***Қара*** + *өлең* (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Қара*** + *өткел* (қыстау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қара*** + *пышақ* (қоныс. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қара*** + *пішен* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қара*** + *саз* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қара*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Қара*** + *салпы* (тау. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қара*** + *сарық* (жота. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *сеңгір* (тау, 954 м. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қара*** + *серек* (таулар. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Қара*** + *сор* (көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** + *су* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қара*** + *суық* (көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қара*** + *суыр* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** + *сыр* (бейіт. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қара*** + *сырт* (қыстау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қара*** + *таз* + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Қара*** + *тай* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + *тақыр* (қоныс. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Қара*** + *тал* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Қара*** + *тамақ* (көл. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Қара*** + *таныс* (көл. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Қара*** + *тас* (жұрт. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қара*** + *тас* + *өзек* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *таспа* (төбе. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Қара*** + *тас* + *тау* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қара*** + *тас* + *төбе* (тау. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Қара*** + *тау* (тау жотасы, 2175 м. Жамбыл обл; ОҚО; Қызылорда обл.)
***Қара*** + *тау* + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)
***Қара*** + *темір* (таулар. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қара*** + *тентек* (өзен. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Қара*** + *терек* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + *терең* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Қара*** + *тоғай* (е.м. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)
***Қара*** + *тоған* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қара*** + *тоқал* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *томар* (көл. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)

***Қара*** + *топырақ* (тау. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *тораңғы* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қара*** + *торғай* (қоныс. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.)
***Қара*** + *тоспа* (қыстау. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қара*** + *төбе* (төбе. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қара*** + *төр* + *көл* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қара*** + *тұз* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қара*** + *тұма* (өзен. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Қара*** + *тұмсық* (жота. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** + *тұн* (тармақ. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Қара*** + *тұрық* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қара*** + *түбек* (түбек. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Қара*** + *түлей* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *түлей* + *құдық* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қара*** + *түлкі* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Қара*** + *түп* (түбек. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Қара*** + *түс* (бұлақ. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қара*** + *үй* (өзен. Қостанай обл., Жетіқара ауд.)
***Қара*** + *үңгір* (төбе. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қара*** + *шағыл* (тау. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *шағыр* (қоныс. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Қара*** + *шақа* (арна. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қара*** + *шат* (өзен. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Қара*** + *шеген* (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *шеңгел* (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.)
***Қара*** + *ши* (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қара*** + *шоқ* (орман. СҚО, Тимирязев ауд.)
***Қара*** + *шоқат* (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *шоқы* (таулар. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қара*** + *шоқы* + *мола* (зират. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Қара*** + *шоқы* + *тау* (төбе. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қара*** + *шолақ* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қара*** + *шоңғал* (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** + *шошақ* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *шұқыр* (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Қара*** + *шыған* (шығанақ. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара*** + *шығанақ* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қара*** + *шық* (е.м. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Қара*** + *шың* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қара*** + *шыңырау* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қара*** + *шілік* (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)

***Қара*** + *іл* (құдық. ШҚО, Абай ауд.)
Тіркесті атаулар да жасалады:
***Қара*** *Бақанас* (арна. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қара*** *Қаба* (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қара*** *Қойтас* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қара*** *Торғай* (өзен. Қостанай обл., Арқалық ауд.)

Топонимжасамда *қара* сапалық сын есімі өзінің негізгі мағынасымен қатысып, атрибуттық қатынастағы біріккен атаулар жасайтыны тізімнен анық көрінеді. Келтірілген топонимдер географиялық нысанның қара түсін білдіреді: Қарабиік, Қаражал, Қарасеңгір, Қаратау т.б. Мәселен, Қаратау оронимі таңылған таулар (олар біршама мол кездеседі) туралы Э.М.Мурзаев былай дейді: «Бұл атаудағы қара сөзі түспен байланысты, өйткені қаратауларда өзге таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды» [145;429].

Автордың пікірі дұрыс, дегенмен қыста да қар тоқтамайтын тасты, тақыр тауларды Қаратау деп атау қалыптасқан. Ақ қарлы қыста қаратаулар қарауытып, ерекше бөлініп тұрады (12-сурет).

Сонымен бірге *қара* сөзі өзінің ауыспалы мағынасында судың мөлдірлігін (Қарасу), тереңдігін (Қараиірім, Қаратерең), бір нәрсенің молдығын, кең көлемін (Қарасаз, Қаракұм, Қарақамыс) де білдіріп тұрады.

Қара сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған біріккен атаулар мол болып келетіндіктен, олардың ішінде көне топонимдер сақталып отырады. Мәселен, бұрынғы Қаракешу мен оның қазіргі Қараөткел нұсқалары қатар кездеседі. Қарамес, Қаратаспа, Қаратұрық атаулары да тілдің өткенінен хабар беріп тұр деуге болады.

Сонымен бірге кірме сыңарлар да жоқ емес. Мәселен, Қарамұра, Қарамұрын гидронимдері моңғ. мөрөн «өзен» сөзінен жасалғанын байқасақ, Қаразагон орыс тілінен енгені көрініп тұр. Соңғы атауды типке жатқызғанмен, оларды үлгі етіп, кірме атаулар жасап қажеті жоқ.

Біріккен атауларды анықтауда өзіндік қиындықтар кездесіп отырады. Мысалы, Қара + ауыл мен Қара + уыл бір атау емес. Соңғысы синтетикалық жолмен жасалып тұр (айдауыл сияқты). Мағынасы: «басына шығып айналаны бақылайтын, қарайтын тау» дегенді білдіреді. Қаракеңгір мен Қара Кеңгір, Қараторғай мен Қара Торғай атауларын теңестіруге болмайды, өйткені соңғылары тіркесті атаулар. Ондағы *қара* анықтауышы тұтас өзеннің суының түсін білдіреді, ал екінші сыңардағы кеңгір, торғай сөздері географиялық терминге айналған.

Қорыта келгенде, қара сын есімінен бірігу арқылы жасалған топонимдер қазақтың халық тілін молынан пайдаланып, Қаражүрек, Қаракемер, Қарақиыр, Қаратентек сияқты небір әдемі атаулар тудырған.

11) **«Қоңыр»** сын есімі + зат есім

*Қоңыр* сапалық сын есімі «қара мен қызылдың аралығындағы қою күрең түсті» білдіреді (ҚТТС, 6т, 328).

Топонимжасамда қоңыр түсті бұта, қарағаны мол өсетін тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» (Ә.Ақкөзов, 2005, 150) табиғи нысандарды белгілейді. Ауыспалы мағынада малға жайлы қоңыр салқын жон, жота, биіктерді атайды.

«Қоңыр» сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған топонимдердің сирек кездесуі табиғаттағы қоңыр түстің аз кездесетіні мен уақытша ғана (көбінесе, күзде) қоңыр тартып тұратындығынан деуге келеді.

***Қоңыр*** + *адыр* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қоңыр*** + *ат* (е.м. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Қоңыр*** + *ауыл* (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қоңыр*** + *әулие* (үңгір. ШҚО, Абай ауд.)
***Қоңыр*** + *бел* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қоңыр*** + *биік* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қоңыр*** + *бұқа* (арық. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Қоңыр*** + *жал* (жота. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қоңыр*** + *жон* (тау жотасы. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қоңыр*** + *көл* (е.м. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Қоңыр*** + *қақ* (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Қоңыр*** + *құдық* (жайлау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Қоңыр*** + *оба* (жота. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қоңыр*** + *орпа* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қоңыр*** + *өгіз* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Қоңыр*** + *өлең* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қоңыр*** + *сай* (өзен. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Қоңыр*** + *су* (өзен. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Қоңыр*** + *тай* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қоңыр*** + *тас* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қоңыр*** + *тау* (тау. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Қоңыр*** + *терек* (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Қоңыр*** + *төбе* (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қоңыр*** + *түбек* (е.м. Ақмола обл., Егіндікөл ауд.)
***Қоңыр*** + *шәулі* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)

Ескерте кететін бір мәселе: ШҚО, Катонқарағай ауданының солтүстігіндегі тау жотасы карталарда Листвяга тау жотасы деп белгіленіп келген еді. Мемлекеттік тілде жарық көрген кейінгі карталардың бірінде – Қоржынтау, екіншісінде – Қызылқарағай тау жотасы деп қате жазылып жүр. Листвяганы қазақшалаған түрлері болса керек. Ол тау ежелден *Қоңыржон* деп аталып келеді. Атау жасаудағы «сырттан тон пішу» деп аталатын қателік осы болады.

12) **«Қу», «құба», «құла»** сын есімдері + зат есім

1) *Қу* сапалық сын есіміне ҚТТС-та «құрғап кепкен, құраған; құрғақ» түрінде анықтама берілгенімен (6т, 379), көне замандарда «ақ», «ақшыл» мағыналы жеке сын есім болған секілді. Оны *ақ +қу* зоонимінен, *қу бас* «әбден ағарып кепкен малдың бас сүйегі» тіркесінен аңғаруға болады. Кейін құраған, кепкен, оңған заттарға ғана қолданылу қызметінде қалса да, «ақ» семасын жоғалтпаған. Өйткені барлық кепкен, түсі оңған заттар ағаратыны мәлім.

Жер-су аттарын жасауға *қу* сын есімі осы синкретті мәнімен тұтас қатысады: «ақсөңке болып құраған, кепкен, ақшыл түсті» табиғи нысандарды таңбалайды.

***Қу*** + *ағаш* (өзен. Ақтөбе обл., Қарғалы ауд.)
***Қу*** + *адыр* (төбе. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қу*** + *арал* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Қу*** + *аша* (өзен. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қу*** + *бас* (е.м. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.)
***Қу*** + *бас* + *адыр* (жота. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Қу*** + *қамыс* (көл. СҚО, Тайынша ауд.)
***Қу*** + *мая* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қу*** + *мола* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қу*** + *сақ* (өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қу*** + *тұмсық* (е.м. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Қу*** + *шай* (жайлау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қу*** + *шоқы* (шоқы. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

Мұндағы Қушай «құрғақ, кепкен сай» мәнін береді десек, кейбір оғыз тілдерінде бар *шай* «сай», «өзен» географиялық терминінің қазақ жерінде кездесуі таңғаларлық жағдай.

Қу сын есімі тіркесті атаулар да жасайды:

**Қу** *Ертіс*, **Қу** *Толағай* (екеуі де қытай жерінде).

2) *Құба* сын есімі «ақшыл сары, бозғылдау, сұрқай (ҚТТС, 6 т, 415) түсті білдіретіні белгілі. Көбінесе адамның өң-түсін білдіру үшін (аққұба, құбаша), жылқының түсін білдіру үшін (құба, құбақан) және табиғаттың «құлазыған қу мекиен, шөл дала» түрін бейнелеу үшін (құба дала, құба түз) қолданылады.

Топонимжасамда табиғи нысанның «ақшыл», «сұр» түсі мен оның «алыста, айдалада орналасқанын» айғақтайтын мағыналарда аздаған ғана атаулар қалыптастырған. Ал құба сын есімін кеңінен таратып, топонимжасамдағы белсенділігін арттыру өзіміздің қолымызда.

***Құба*** + *көл* (көл. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Құба*** + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)

3) *Құла* сын есімі «сары мен жиреннің арасындағы жылқының түсін» білдіреді (ҚТТС, 6т, 451). Құла сөзі осы мағынада көне түркі сөздігінде де, М.Қашқари сөздігінде де кездеседі [106;38].

*Құба түз* тіркесі сияқты, *құла түз* «елсіз, иен дала» тіркесі де бар. Дегенмен географиялық нысанның түсін жылқы түсіне теңеп, метафоралық жолмен зоотопонимдер жасауға бейімділігі байқалады.

***Құла*** + *айғыр* (жайлау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Құла*** + *ат (*тау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Құла*** + *бие* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Құла*** + *су* (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Құла*** + *тай* (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)

13) **«Қызыл»** сын есімі + зат есім

*Қызыл* сын есімі «қан түсті, қырмызы» (ҚТТС, 6т,563) түсті білдіріп, тілімізде біршама белсенді қолданылады. Оның сансыз көп мағыналарының ішінен жер-су атын жасауға түсті білдіретін тура мағынасы мен кезінде большевиктердің, коммунистердің туының түсіне байланысты пайда болған *қызыл* саяси термині қатысады. Екеуін ажырату кейде қиынға соғады. Мәселен, *Қызылқала, Қызылүй* ойконимдері қаланың, үйдің қызыл кірпіштен салынғанын меңзей ме, әлде кеңестік дәуірдегі «қызыл» саяси термині арқылы жасалып тұр ма, айыру оңай емес.

Топонимжасам барысында кірме атауларды ауыстырып болғаннан соң, дәл осы саясаттанған топонимдерді қолға алып, тазалау қажет. Өйткені Қызылеңбек, Қызыләскер, Қызыл ауыл, Қызыл Жұлдыз сияқты ойконимдерде ешқандай мән-мағына, ешқандай уәж қалған жоқ. Кейінгі ұрпақ жазықсыз адам қаны көп төгілгендіктен, қызылдар құрған қоғамды кінәламаса, ақтай қоймайды.

***Қызыл*** + *абад* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Қызыл*** + *ағаш* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қызыл*** + *ағаш* + *сор* (көл. Павлодар обл., Успенск ауд.)
***Қызыл*** + *адыр* (тау, 774 м. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Қызыл*** + *айрық* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қызыл*** + *ақырап* (қыстау. БҚО, Теректі ауд.)
***Қызыл*** + *апан* (жұрт. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қызыл*** + *арай* (таулар, 1550 м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қызыл*** + *арасан* (бұлақ. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Қызыл*** + *арық* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Қызыл*** + *астау* (құдық.Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Қызыл*** + *асу* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Қызыл*** + *ата* + *сай* (өзен. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Қызыл*** + *ауыз* (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)

***Қызыл*** + *ауыл* (е.м. ШҚО, Бородулиха ауд.)
***Қызыл*** + *аша* (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қызыл*** + *ащы* (тау, 1735 м. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қызыл*** + *ащы* + *биік* (шың. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қызыл*** + *әскер* (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қызыл*** + *әуіт* (көл. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Қызыл*** + *байрақ* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
***Қызыл*** + *балақ* (жұрт. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Қызыл*** + *бас (*е.м. БҚО, Тасқала ауд.)
***Қызыл*** + *бастау* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Қызыл*** + *белдеу* (қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қызыл*** + *белең (*тау, 972 м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қызыл*** + *берік* (тау, 1815 м. ШҚО, Үржар ауд.)
***Қызыл*** + *бидай* (е.м. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Қызыл*** + *бидайық* (қоныс. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Қызыл*** + *биік* (тау. 843 м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қызыл*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қызыл*** + *дала* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Қызыл*** + *дәу* (е.м. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қызыл*** + *диқан* (е.м. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Қызыл*** + *егіс* (е.м. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қызыл*** + *еңбек* (е.м.Павлодар обл., Май ауд.
***Қызыл*** + *еспе* (арна. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Қызыл*** + *жайма* (қоныс. ОҚО, Созақ ауд.)
***Қызыл*** + *жақ* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Қызыл*** + *жал* (шоқы, 607 м. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Қызыл*** + *жан* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қызыл*** + *жан* + *көл* (көл. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қызыл*** + *жар* (қыстау. ШҚО, Абай ауд.)
***Қызыл*** + *жар* + *еспе* (қоныс. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Қызыл*** + *жар* + *көл* (көл. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Қызыл*** + *жар* + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Қызыл*** + *жарма* (канал. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қызыл*** + *жар* + *сай* (өзен. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Қызыл*** + *жел* (қоныс. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Қызыл*** + *жетек* (е.м. ШҚО, Шар ауд.)
***Қызыл*** + жиде (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қызыл*** + *жол* (е.м. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Қызыл*** + *жыңғыл* (қоныс. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Қызыл*** + *ирек* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қызыл*** + *кезең* (өзен. Алматы обл., Үйғыр ауд.)

***Қызыл*** + *кемер* (сор. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қызыл*** + *кеніш* (көне сарай. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Қызыл*** + *кең* (қыстау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл*** + *кеңгір* (қоныс. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қызыл*** + *керіш* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қызыл*** + *кесек* + *мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қызыл*** + *кесік* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Қызыл*** + *кишлак* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Қызыл*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Қызыл*** + *күнгей* (жота. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қызыл*** + *қабан* (тау, 458 м. ОҚО, Отырар ауд.)
***Қызыл*** + *қайнар* (бұлақ. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қызыл*** + *қайрат* (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Қызыл*** + *қайық* (өзен. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Қызыл*** + *қайың* (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қызыл*** + *қақ* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Қызыл*** + *қала* (ескі қала орны. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Қызыл*** + *қара* (жұрт. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Қызыл*** + *қарағай* (жота. ШҚО, Зырян ауд.)
***Қызыл*** + *қия* (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қызыл*** + *қоғам* (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Қызыл*** + *қой* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қызыл*** + *қора* (асу. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Қызыл*** + *қорған* (қоныс. Алматы обл., Іле ауд.)
***Қызыл*** + *құдық* (қоныс. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қызыл*** + *құз* (құдық. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Қызыл*** + *құм* (құмды алқап. Қызылорда обл.)
***Қызыл*** + *құрама* (е.м. Павлодар обл., Май ауд.)
***Қызыл*** + *құрт* (жайлау. БҚО, Казталов ауд.)
***Қызыл*** + *қыз* (қоныс. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Қызыл*** + *қырқа* (жота. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қызыл*** + *қыстау* (е.м. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Қызыл*** + *мешіт* (жұрт. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Қызыл*** + *мойнақ* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қызыл*** + *мойын* (тау. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қызыл*** + *оба* (тау, 1064 м. ШҚО, Абай ауд.)
***Қызыл*** + *ой* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қызыл*** + *ойық* (тау, 1014 м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қызыл*** + *октябрь* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Қызыл*** + *орда (*қала. Қызылорда обл.)
***Қызыл*** + *отау* (е.м. ШҚО, Семей қ.ә.)

***Қызыл*** + *өзен* (е.м. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Қызыл*** + *партизан* (е.м. ШҚО, Глубокое ауд.)
***Қызыл*** + *пресс* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Қызыл*** + *сай* (төбешік. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл*** + *сарай* (жұрт. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Қызыл*** + *сая* (е.м. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қызыл*** + *сеңгір* (қыстау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл*** + *сиыр* (қыстау. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Қызыл*** + сор (көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Қызыл*** + *сораң* (тау. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қызыл*** + *сөк* (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Қызыл*** + *су* (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Қызыл*** + *суат* (е.м. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Қызыл*** + *су* + *өзен* (өзен. Қызылорда обл., Жаңаарқа ауд.)
***Қызыл*** + *сүйір* (шоқы. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)
***Қызыл*** + *сүре* (төбешік, 375 м. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл*** + *сырт* (тау, 686 м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қызыл*** + *тал* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қызыл*** + *там* (тж. бекеті. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қызыл*** + *таң* (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Қызыл*** + *тас* (шоқы. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Қызыл*** + *тау* (жота, 492 м. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл*** + *текше* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қызыл*** + *тентек* (өзен.Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қызыл*** + *тоғай* (шатқал. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қызыл*** + *тоған (*қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қызыл*** + *топырақ* (қоныс. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Қызыл*** + *төбе* (жота. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Қызыл*** + *ту* (е.м. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Қызыл*** + *тұз* (бұлақ. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Қызыл*** + *тұма* (бұлақ. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Қызыл*** + *тұмсық* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Қызыл*** + *тұмсық* + *мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қызыл*** + *тымақ* (е.м. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қызыл*** + *ұйым* (е.м. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Қызыл*** + *ұшқар* (тұзды көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қызыл*** + *үй* (ауыл. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Қызыл*** + *шабыра* (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл*** + *шаң* (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қызыл*** + *шаруа* (е.м. Жамбыл ауд.Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Қызыл*** + *шарық* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

***Қызыл*** + *шекара* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қызыл*** + *школ* (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қызыл*** + *шоқы* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Қызыл*** + *шоқы* + *сай* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қызыл*** + *шың* (тау, 477 м. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.)
***Қызыл*** + *шілік* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)

*Қызыл* сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған күрделі топонимдер тіліміздің де, жеріміздің де сәнін келтіретін қомақты мұра болып табылады. Оның әлі де нақты, көркем атаулар тудыру әлеуеті сарқылған жоқ. Алайда ендігі атаулар, негізінен, түсті білдіретін төл мағынасымен қатысып отыруға тиіс. Саяси үгіт-насихат мақсатында пайда болған Қызылақырап (Қызылоктябрь мәнінде), Қызылауыл, Қызыләскер, Қызылжетек (жетекші көсем мағынасында), Қызылкишлак, Қызылқоғам, Қызылқұрама («колхоз» мағынасында), Қызылоктябрь, Қызылотау (саяси-мәдени үй), Қызылпартизан, Қызылпресс, Қызылту, Қызылұйым, Қызылшекара, Қызылшкол секілді кеңестік ойконимдер түгел алмастыруды қажет етеді. Осыдан былай түр-түсті білдіретін сөздерді саясатқа тартуға болмайды. Мәселен, ендігі туымыздың түрі көк екен деп көк сын есімін саяси терминге айналдыру дұрыс емес.

Қызыл сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған атаулардың екінші сыңарлары түсінікті болып келеді және көпшілігіне алдыңғы тарауда анықтамалар берілген (керіш, кеңгір, оба т.б.). Дегенмен семантикасын аша кетуге тура келетін негізгі сыңарлар да жоқ емес (13-сурет).

*Қызылабад* – мұндағы *абад* (ават) ир. «елді мекен», «қала», «ауыл» мағынасын және «бай, дамыған, берекелі, өңделген жер» мағынасын қатар береді [46;36]. Қызылабад «гүлденген кеңестік ауыл» семантикасын беретіні шек келтірмейді.

*Қызылақырап* – екінші сыңары ақырап араб. «ескіше октябрь айының аты» (ҚТТС, 1т, 164). Ендеше Қызылақырап тура мағынасында «Қызылоктябрь» кеңестік ойконимін жасайды.

*Қызыларай* – географиялық топонимиканың маманы Ғ.Қоңқашпаев *арай* сыңарын моңғ. *орой* «бір нәрсенің төбесі, басы» сөзінен шығарып, Қызыларай оронимінің «қызыл шың» мәнінде тұрғанын келтіреді [145;438].

Сондай-ақ ир. *арай* сөзінің «таң атар кездегі күн шапағы, шұғыласы» (ҚТТС, 1т, 305) мағынасымен, «артынан қызыл арайға бөлеп, күн көтерілетін тау» деген семантика беруі де мүмкін.

*Қызыләуіт* – мұндағы *әуіт* сөзіне ҚТТС-та «құдықтың, арықтың жанында су сақтайтын шұқыр» зат есімі ретінде анықтама беріледі (1т, 655), бірақ кірме сөз екені айтылмайды. Бұл сөз ар. havz, havuz > хауз «су қоймасы, бассейн» сөзінен шығатын сыңайлы [98;363]. *Қызыләуіт*

«қызыл топырақпен қоршалған су қоймасы», немесе «қызылдар салған фонтан» мағыналарының бірінде тұр. Кеңестік дәуірде қызыл сөзін жапсырмаған зат қалмағаны әркімге аян.

*Қызылбайрақ* – біріккен атаудың екінші сыңары *байрақ* – түрк. байыр «төбе, дөң, томпақ» сөзі мен -ақ, -ек «кішірейткіш жұрнағы» арқылы жасалған ГТ. Сонда Қызылбайрақ атауы «қызыл тасты не топырақты төбешік, дөңес» мағынасында тұр деуге болады.

Екінші жағынан, көне түркі. *байбарақ* > *байрақ* «тығыз жібек матадан» істелетін байрақ «ту, жалау» сөзі арқылы, Қызылбайрақ «қызыл ту» саяси атауы болып шығуы да мүмкін.

*Қызылжан* – «қызыл түсті әлдебір ірі географиялық нысанның (таудың, көлдің т.б.) жаны, қасы» мағынасында тұр.

*Қызылжел* – «үнемі, тынбай соғатын өткір, суық желі бар жерді» білдіреді.

*Қызылкеніш* – мұндағы *кеніш* сөзі «береке, байлық, мол қазына байлық» мәнін де беретіні бар (м.:Сүлеймен патшаның кеніші). Онда Қызылкеніш сарайында қазына байлық болды деген ұғым туады.

Ал павлодарлық археологтардың айтуынша, Қызылкеніш сарайы Қарқаралы – Кент тауларында XVII ғасырда салынған қалмақтардың пұтханасы болған [55;31]. Ендеше *кент, кеніш* сөздерінің негізінде қалм. *кид* < моңғ. *хийд* «діни ғибадатхана» сөзі жатуы мүмкін. Өйткені Өскемен маңында Аблайнхийд пұтханасы болған жерді қаз. Абылайкет, ор. Аблакетка деп атап кеткені мәлім.

*Қызылкең* – «қызыл түсті кең жер, дала» мәнін береді. *Кең, тар* сөздері кейде ГТ ретінде қолданылады.

*Қызылкеріш* – қараңыз: 3 тарау, *керіш* апеллятиві.

*Қызылкесекмола* – мұндағы екінші сыңардағы *кесек* сөзі қазіргі *кірпіш* сөзінің орнына жүргені байқалады: «қызыл кесектен (кірпіштен) соғылған мола». О.О.Сүлейменов *кірпіш* сөзін ататүрік тілінен шығарса да, қазақ тілінде *кесек* сөзі қолданылғанын осыдан аңғарамыз [23;100].

*Қызылкесік* - ҚТТС-та *кесік* «жаза тартқызу үшін шығарылған шешім, кесім» зат есімі түрінде түсіндіріледі (5т,3). Ал жер-су атауына келгенде, «қызылдар (кеңес үкіметі) өлшеп, кесіп берген жер» мағынасында қолданылған. Колхоздастыру кезінде пайда болған ойконим: қазіргі «жер телімі» тіркесіне сәйкес келеді.

*Қызылқыз* – Қазақстанда кездесетін Алтықыз, Семізқыз, Қызылқыз тәрізді атаулар Алтықыр, Семізқыр, Қызылқыр топонимдерінің көне нұсқасы деуге болады. Оған себеп – тіліміздің тарихында бар ротоцизм құбылысы (з ~ р дыбыс алмасуы).

*Қызылқұрт* – мұндағы *құрт* Қазықұрт, Башқұрт жалқы есімдерінің құрамында кездеседі және көне түркі. «қасқыр, бөрі» мағынасын береді.

Қызылқұрт тура мағынасында «қызыл қасқыр» деген атау. Қызыл қасқыр сирек болса да Қазақстан жерінде кездеседі.

*Қызылсөк* – «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалықта Қызылсоқ түрінде берген [145;215]

Күрделі атаудың екінші сыңары *сөк* «қауызынан арылған ақталған тары» (ҚТТС, 8т, 364) мәніндегі сөз екені белгілі. Топоним ретінде қызыл түсті домалақ тастарды шашылған тарыға ұқсату арқылы Қызылсөк оронимі қалыптасуы ықтимал.

*Қызылұшқар* – мұндағы *ұшқар* сөзі көне түркі. *учқаш* «мінгесіп – ұшқасып» тіркесіндегі сөз болуы мүмкін. Өйткені көл Қарасуық көлінің солтүстік-шығысында орналасқан. «Қызыл түсті жалғасқан, ұштасқан көл» мағынасында. Ұшқар «биік ұшпа тас» мәнін де жасай алады.

*Қызылшабыра* – тілімізде *шабыра* сөзінің екі мағынасы кездеседі: 1) *шабыра* «ешкі терісінен жасалған былғары» (ҚТТС, 10т, 80); 2) Жамбыл облысына тән диалект сөз *шабыра* «шыбықтан жасалатын кәрзеңке» (С.Аманжолов, 1997, 536).

Қызылшабыра тауы Қарағанды облысында екенін ескерсек және атау жасауға ең әуелі әдеби тілдегі сөздің мүмкіндігі мол болатынын ескерсек, ороним бірінші мағынада жасалған дейміз. Таудың түсін, жер бедерін ешкі терісінен иленген жұмсақ және жұқа былғарыға ұқсатудан туған атау болып шығады. Ешкі терісінен тігілген әлдебір ыдысқа теңеудің де, талдан тоқылған кәрзеңкеге ұқсатудың да, топонимжасамда қолданылуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

*Қызылшарық* – мұндағы *шарық* ар., парсы sary (шарқ) «шығыс» сөзі кеңестік саяси термин *қызыл* анықтауышымен бірігіп, «қызыл шығыс» мәніндегі Қызылшарық ойконимін жасаған [145;216]. Саяси атаулар жасаудағы коммунистердің тапқырлығына таң қалмасқа болмайды.

Дәл осы тұлғада келіп (Қызылшарық), «қызыл түсті шарық (қайрақ) тасы бар жер» семантикалы табиғи топоним жасалуы да әбден мүмкін.

Қорыта келгенде, **сын есім + зат есім** үлгісі бойынша жасалған біріккен топонимдердің ішінде географиялық нысанның түр-түсін білдіретін сапалық сын есімдер арқылы жасалғандары біршама мол орын алады екен. Оның үстіне жер бедері туралы толық ақпарат беріп, денотаттық сипатын дәл, атаудың уәжін нақты атап көрсетуімен ерекшеленеді.

Қазақ топонимиясында бүгінгі күні бар әр үлгіні жеке-жеке көрсетуіміздің өзі сол – қолданыстағы үлгілерді танып-білу ғана емес, келешекте осы үлгілерге сүйеніп, тың топонимдер тудыру екенін әсте естен шығармауымыз керек.

### 4.2.2 Сапа белгісін білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

Сын есімнің негізгі қызметі заттың түр-түсін білдірумен шектелмейді, оған қоса «заттың сапалық белгі сипатын (әдемі, надан, асыл, мықты т.б.); заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін (мол, ауыр, жүйрік, берік, жуан, жуас т.б.); заттың дәмі, иісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін (қалың, жұмсақ т.б.); затқа, қимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты (нұрлы, білікті, атақты т.б.) сындарын да анықтайды [3;460].

Жер-су аттарын жасауға сын есім осы кешенді құрамымен келіп қатысады, бірақ негізгі-негізгі үш топқа бөлінеді. Түр-түсті білдіретін сапалық сын есімдердің топонимжасамдық қабілетін қарастырып өттік (4.2.1 нөмірлі тараушада). Ендігі кезекте топонимдердің түр-түстен басқа сапа белгілерін білдіретін сын есім мен көлемдік, аумақтық, бағыт-бағдарлық белгілерін білдіретін сын есімдердің біріккен атаулар жасау әлеуетін жеке-жеке саралаймыз. Бұлар географиялық нысанның түр-түсін айғақтайтын сын есімдердей белсенді және мол болмаса да, өзіндік типтер құрайтын бір-бір үлгіге жатады.

1) **«Айыр»** зат есімі + зат есім

*Айыр* сөзі әрі зат есім: «шөп, сабан, егін жинауға керекті құрал; аша» (ҚТТС, 1т, 117); әрі сын есім: «қос тармақты» (сонда) ретінде қолданылады. Біріккен атаудың алдыңғы сыңарында тұрғандықтан, атрибуттық мән білдіріп, сын есім + зат есім үлгісі тобына жатады (14-сурет).

Егіз мағынада да табиғи нысанның «екіге, кейде бірнеше салаға айырылып кететінін» айғақтау арқылы топонимдер жасайды.

***Айыр*** + *бидайық* (қыстау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Айыр*** + *кезең* (асу. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Айыр*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Айыр*** + *құм* (жұрт. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Айыр*** + *қызыл* (құм. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Айыр*** + *мола* (жұрт. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Айыр*** + *табан* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Айыр*** + *там* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Айыр*** + *тас* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Айыр*** + *тау* (тау. СҚО, Айыртау ауд.)
***Айыр*** + *шағыл* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Айыр*** + *шоқы* (тау. ШҚО, Зайсан ауд.)

2) **«Ар»** сын есімі + зат есім

Бір буынды байырғы түбірлер сияқты *ар* түбірі де синкретті болып келеді. Мәселен, түркі тілінің өзінде *ар* сөзінің мынадай мағыналары ұшырасады:

1. *Ар* «арықтау», а:р «шаршау» (Э.В. Севортян, 1974, 160).
2. *Ар* «таза, тазаланған, дақ түспеген»: ар+у, ар+шы, ар+ық. (Ә.Қайдар, 2005, 171).
3. *Ар* «адамгершілік қасиет, намыс, ұят» (ҚТТС, 1т, 301).
4. *Ар* «ар жақ, арғы бет» (ҚТТС, 1т, 302).
5. *Ар* «екі орта, аралық, шекара» (Ә.Қайдар, 2005, 171)
6. *Ар* «аңның еркегі»:ар + лан (Ә.Қайдар, 2005,171)
7. *Ар* «ерепейсіз, үлкен»: ар+би (Ә.Қайдар, 2005, 171)
8. *Ар* «жырылған, су шайған, жолақ» : ар + на, ар + са (Ә.Қайдар, 2005, 171) т.б.

Бұларға моңғол тілінен кіруі мүмкін *ар* «арт, арты, артқы жақ»; *ар* «өрнек, бедер, жолақ, таңдай» (Б.Базылхан, 1984, 43) мағыналарын қосу қажет, өйткені жер-су аттарында моңғол тілінің элементтері сақталып отыр.

Санамалап өткен *ар* түбірлерінің бірсыпырасы топонимжасауға қатыса алады. Олардың ішінде *ар* «таза, кіршіксіз» сын есімінің бірінші сыңарда келіп, біріккен атаулар жасауға мүмкіндігі мол. Біз көне топонимдерді қарастырған тарауда Арыс гидронимінің құрамынан осы *ар* «таза, мөлдір» сын есімін көретінімізді айтқан едік. Енді күрделі атаулар құрамында келіп, өзіндік бір үлгі жасайтыны байқалады.

***Ар*** + *ата* (бейіт. Маңғыстау обл., Ақтау қ.ә.)
***Ар*** + *бөген* (е.м. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Ар*** + *долайты* (е.м. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Ар*** + *қат* (тау. ШҚО, Абай ауд.)
***Ар*** + *шошақ* (төбе. Алматы обл., Панфилов ауд.)

Тізімдегі төрт атау құрамындағы *ар* сыңарлары төрт түрлі мағынада тұруы да, бір ғана ұғымды білдіруі де ғажап емес. Тек *Арбөген* «таза (сулы) бөген» атаулары сапа белгіні білдіретін *ар* сын есімінен жасалған деп сеніммен айтуға болады. Ал *Ардолайты* бірде «таза, бұдырсыз Қоянды (моңғ. туллай «қоян» + ты «қаз. –лы, - лі жұрнағы» > туулайты > дулайты > долайты) даласы, бірде «қаз. ар жақтағы, моңғ. арт жақтағы Қоянды» мағыналарын бере ме деген екіұшты ой келеді. Ол үшін геонысанды зерттеп барып, бір шешімге келу керек. *Аршошақ* оронимі де «таза, жылтыр сүйірбас, шошақ төбе» немесе «арғы беттегі сүйір төбе» немесе «арбиған үшкір төбе» семантикаларының біріне ие болады. Ал *Ардалайты* тұлғасында тұрса, онда моңғол. *далай* «теңіз, теңіздей шалқыған, кең» мәнді сөзінен жасалып тұрғаны айқын.

Тілші-ғалым Г.Сағидолдақызы Алтайдағы *Арқат* асуын моңғ. *ар* «арт жақ, теріскей, солтүстік» + *хад* «жартас» сөздерінен шығарады [146;34]. Бұлардан *ар* сөзінің алуан түрлі атаулар жасауы мүмкін екенін көреміз.

3) **«Арық»** сын есімі + зат есім

Қазіргі қазақ тілінде *арық* сөзі екі мағынада қолданылады: 1) арық «су ағызу үшін арнайы қазылған су жолы»; 2) арық «семіз емес, еті қашқан, жүдеу» (ҚТТС, 1т, 358). Бұлардан басқа қазір қолданыста жоқ, бірақ көне түркі тілінде болған *арығ,* моңғ. *ариг* «таза, мөлдір, кіршіксіз» сөзі жалқы есімдер құрамында сақталған. Мысалы, Арыққан (антропоним), Арықбалық (топоним).

Қазақ топонимиясында ресми тіркелген екі топоним құрамында ғана арық сын есімі кездесті:

***Арық*** + *балық* (көл. Ақмола обл., Айыртау ауд.)

***Арық*** + *дығыр* (төбе. Қызылорда обл., Қазалы ауд. 86 м)

Мұндағы Арықбалық гидронимінің екінші сыңары *балық* сөзі де екі түрлі мағына беретіні белгілі. Тіліміздің тарихында *балық* сөзі «қала» жалпы есімін берсе, қазіргі қолданыста бар *балық* сөзі «суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануарының» аты. Соған орай Арықбалық атауы екі түрлі ұғым туғызады. Егер ол жерде көне қала орны болса, онда Арықбалық «таза, көркем қала» мағынасын береді. Ал Арықбалық тек қана көлге тән гидроним болса, онда «балығы етсіз, семірмейтін көл» семасын тудырады.

*Арықдығыр* оронимінің екінші сыңары *дығыр* моңғ. дээгүр «биік, үлкен, жоғары, зор» (Б.Базылхан, 1984, 214); қазақ тілінің оңтүстік және батыс диалектілеріне тән *дығал* «үлкен, зор, дырау, еңгезердей»; дігер «үлкен» (С.Аманжолов, 1997, 474) сөздерінің бір нұсқасы болуға тиіс. Сонда Арықдығыр «жұқа, қаңылтақ биік төбе» мағынасында тұруы ықтимал.

4) **«Бай»** сын есімі + зат есім

Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде *бай* сөзі зат есім ретінде белгіленген: «иелігінде көп мал-мүлкі бар, үстем тап өкілі, феодал» (ҚТТС, 2т, 28). Ал *бай* сөзінің субстантивтенген сын есім екендігі әркімге аян. Оны дәлелдеу үшін, «заттанған сын есімдердің қасына анықтауыш сөздерді қойған жағдайда, қайтадан сындық сипатқа ие болып, анықтауыштық қызмет атқара алады» [3;468]. Мысалы, бай↔бай адам, жаман ↔ жаман адам т.б.

*Бай* сөзінің заттық мағынасы дара қолданылғанда (зат есім түсіріліп айтылғанда) және антропонимдердің екінші сыңарында келгенде айқын көрініс береді. Мәселен, бай, кедей, Қоңырбай, Өтебай т.б. Ал сындық мағынасы біріккен топонимдердің алдыңғы позициясында келгенде көзге ұрып тұрады. Мұнда олар географиялық нысанның «мол, көп, ірі» екенін айғақтап, негізгі сапа белгісін нұсқайды. Мысалы, Байбұлақ, Байдала, Байшоқы т.б.

*Бай* сын есімі бірінші сыңарда келіп, біршама көп, әдемі атаулар жасауға қатысады.

***Бай*** + *боз* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Бай*** + *бұлақ* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бай*** + *дала* (е.м. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Бай*** + *зығыр* (көл. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Бай*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Бай*** + *қазан* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Бай*** + *қайың* (е.м. Қостанай обл., Федоровка ауд.)
***Бай*** + *қара* (тау. 665м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Бай*** + *қоныс* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Бай*** + *қоңыр* (қала. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Бай*** + *құмғыр* (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)
***Бай*** + *мөңке* (е.м. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Бай*** + *науа* (жайлау. ШҚО, Кршім ауд.)
***Бай*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бай*** + *сала* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Бай*** + *тақ* (шатқал. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Бай*** + *тал* (е.м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Бай*** + *тоғай* (сор. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Бай*** + *тоған* (бейіт. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бай*** + *тура* + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)
***Бай*** + *тұма* (жұрт. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Бай*** + *шағыл* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Бай*** + *шағыр* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Бай*** + *шалқар* (көл. Қостанай обл., Федоров ауд.)
***Бай*** + *шоқы* (қыстау. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Бай*** + *шұңқыр* (жайлау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Бай*** + *шілік* (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)
***Бай*** + *қазан* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Бай*** + *қайың* (е.м. Қостанай обл., Федоровка ауд.)
***Бай*** + *қара* (тау. 665м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Бай*** + *қоныс* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Бай*** + *қоңыр* (қала. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Бай*** + *құмғыр* (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)
***Бай*** + *мөңке* (е.м. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Бай*** + *науа* (жайлау. ШҚО, Кршім ауд.)
***Бай*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бай*** + *сала* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Бай*** + *тақ* (шатқал. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Бай*** + *тал* (е.м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

***Бай*** + *тоғай* (сор. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Бай*** + *тоған* (бейіт. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бай*** + *тура* + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)
***Бай*** + *тұма* (жұрт. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Бай*** + *шағыл* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Бай*** + *шағыр* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Бай*** + *шалқар* (көл. Қостанай обл., Федоров ауд.)
***Бай*** + *шоқы* (қыстау. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Бай*** + *шұңқыр* (жайлау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Бай*** + *шілік* (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)

*Бай* сын есімімен жасалған біріккен топонимдердің екінші, үшінші сыңарлары, негізінен, географиялық терминдерден тұрады (бұлақ, дала, қазан, қоңыр, науа т.б.). Келесі бір тобы өсімдік аттары болып келеді (боз, зығыр, шағыр т.б.).

Мұнда екіұшты ұғым тудыруы мүмкін атаулар жоқтың қасы. Тек Байқұмғыр топонимі, бәлкім, Бай+құм+қыр тұлғаларынан біріккен болуы керек. Кейбір карталарға Байқұмкер тұлғасымен бейнеленген. Ол үшін түпнұсқаның басын ашып алу қажет. Атаудың түпнұсқасы дұрыс жазылмаса, оның мағынасын ашуда міндетті түрде тұйыққа тірелеміз. Мәселен, «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалықта Байтурасай топонимі кейбір деректерде Байтұрасай деп жазылады (83-бет). Алматы облысының топожүйесіне жататын Бәрікернеу оронимінің дұрысы Бәрікөрнеу > *Баркөрнеу* «барлық маңай көрінетін биік жота» атауы екені дау туғызбайды «159-бет).

5) **«Барақ»** сын есімі, барлық сын есімдер секілді, зат есіммен тіркескенде ғана толық мағынасын ашады: «барақ бұзау, барақ жүн, барақ ит, барақ кілем, барақ сақал» [138;101]. Тіркестерден *барақ* сөзі «жүндес, жүні ұзын, сабалақ» мәнін беретінін байқау қиын емес. Ендеше топонимжасамға да *барақ* сөзі осы мағынасымен қатысады деген сөз.

*Барақ* сын есімінен аналитикалық жолмен жасалған топонимдер көп емес. Бұл төрт түс атауын бірге қарастырып отырғанымыздың өзі осы – сирек кездесетін үлгілер болғанына байланысты.

***Барақ*** + *көл* (тж.бекеті. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)
***Барақ*** + *сор* (қоныс. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Барақ*** + *шиқан* (төбе, 588 м. ШҚО, Жарма ауд.)

Бұрын Барақ антропонимі белсенді қолданылғандықтан, бұл үш үлгі де антротопоним болуы мүмкін. Ал кісі атынан жасалмаған жағдайда, *Барақкөл* «қамыс, шөбі мол сабалақ көл»; *Барақсор* «сабалақ шөпті сор»; *Барақшиқан* «өсімдікті, шиқан тәрізді томпақ дөң» мағыналарында тұруы әбден ықтимал.

6) **«Бая»** сын есімі + зат есім

Еліміздің оңтүстік аймақтарында *бая/пая* «өсімдік сабақтары биік өсетін сай, жылға» диалектісі бар (ҚТТС, 2т, 175). Оның негізінде ир. *пая* «өсімдік сабағы» сөзі жатса керек (ҚТТС, 7т, 643). Ендеше бұл зат есім жергілікті жерлерде географиялық термин ретінде топонимжасамға қатыса алады.

Ал сын есім *бая* сөзі әдеби тілімізде «бақырауық, баяпар, беймаза» мәнінде кездеседі (ҚТТС, 2т, 175), бірақ С.Аманжолов бая «шая, беймаза, тынышсыз» сөзін батыс диалектілер тобына жатқызады [107; 461]. Қалай болса да, *бая* сөзі «ерке, шолжаң» мағынасымен жас балаға арнап айтылатынын аңғаруға болады.

Түсіндірме сөздіктің осы томында *бая* сөзінің тағы бір диалектіде «жаңадан өсіп келе жатқан, жас өскін, аласа, бәкене» мағынасын беретіні келтірілген (175-бет). Бая сын есімі соңғы екі мәнде келіп, топонимжасамда қолданысқа енеді. Біздің зерттеуімізде бір ғана атау кездескенімен, өрісін кеңейтуге болады деп ойлаймыз.

***Бая*** + *қыз* (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)

*Баяқыз* гидронимі «ерке, шолжың қызға ұқсас бұралып ағатын өзен» мағынасында тұруы әбден мүмкін. Екінші жағынан, «өсімдік, бұта, талы көп өскен қысаң жылғамен ағатын өзен» семантикасын да жоққа шығаруға болмайды.

7) **«Баян»** сын есімі + зат есім

*Баян* сын есімін ир. *баян* «тұрақ, тұрлау, тиянақ» абстрактілі мағыналы зат есімімен, «музыкалық аспап аты» болатын *баян* сөзімен шатастыруға болмайды. Жалқы есімдерде, оның ішінде топонимде жиі кездесетін *баян* сөзі моңғ. *баян* «бай, дәулетті» сын есімінен енген [77;73]. Қазақ тіліндегі *бай* сөзімен түбірлес және дәл солай субстантивтеніп, зат есімге айналады. Жер-су аттарында қолданылу жолы да *бай* сын есімімен бірдей: географиялық нысанның «әлденеге бай, мол» екендігін білдіреді.

***Баян*** + *адыр* (таулар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Баян*** + *ас* (бейіт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Баян*** + *аула* (таулар. Павлодар обл., Баянаула ауд.)
***Баян*** + *ауыл* (е.м. Павлодар обл., Баянаула ауд.)
***Баян*** + *жүрек* (тау. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Баян*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Баян*** + *қара* (е.м. ШҚО, Абай ауд.)
***Баян*** + *қол* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Баян*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Баян*** + *тоғай* (төбешік. Павлодар обл., Павлодар ауд.)

***Баян*** + *төбе* (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.)

***Баян*** + *ұлы* +*көл* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

***Баян*** + *шаған* (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

*Баян* сын есімі + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдердің екінші (соңғы) сыңарларының дені ашық мағынада тұр. Әйтсе де түсінік бере кететін үлгілер жоқ емес. Мәселен, *Баянас* топонимінің құрамындағы *ас* сыңары Евразия құрлығының көптеген тілдерінде «су; өзен» мағынасын беретіні дәлелденген. Моңғ. ус «су» термині де оған жақын. Ендеше Баянас көне моңғ., түркі «бай, мол су» этимологиясын бермек.

*Баняула* да, *Баянауыл* да сөз жоқ, моңғ. баян + уул (ола) «бай тау» топонимінің қазақша нұсқалары болып табылады.

*Баянжүрек* – «бай жүрек пішіндес төбе» (жүрек, жүрекше географиялық терминдер ретінде қалыптасып қойған). Егер Баянжүрек аталған жерде таңбалы тастар, петроглифтер, көне жазулар көп болса, онда моңғ. Баянзураг «бай, мол сурет» атауы деп ұққан жөн [145;159].

*Баянқара* – «бай тау» мағынасында тұр.

*Баянқол* – моңғ. Баянгол «бай, суы мол өзен» атауының қазақша айтылуы бойынша қалыптасқан гидроним.

*Баянұлыкөл* - «бай, үлкен көл» мәнін береді.

*Баяншаған* - «шаған ағашы мол өсетін жер» мағынасындағы атау.

Қазақ топонимиясында моңғ. баян «бай, дәулетті» сын есімінің тағы бір нұсқасы *байн* «бай, мол, үсті-үстіне» сөзі де сақталып қалған.

*Байын* + қол (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

*Байн* + ас + сай (е.м. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)

Мұндағы Байынқол < моңғ. Байнгол «суы мол өзен» семантикасын тудырса, Байнассай «суы мол, суға бай сай» мағынасын береді.

Тіркесті атау ***Баян*** *Басқамыс* (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) та ұшырасады.

8) **«Берік»** сын есімі +зат есім

Лексикамызда *берік* сын есімі «мықты, төзімді», «жабық, бекітулі» мағыналарын беретіні мәлім (ҚТТС, 2т, 273-274). Топонимжасамда осы екі мағына атаулар жасауға өз үлестерін қоса алады. Моңғ. *бэрх* «қиын, ауыр; қиыншылық» сөзінің қатысы болуы да мүмкін: «жүруі қиын, шығуы қиын» мәндерінде.

***Берік*** + *қара* (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

***Берік*** + *тал* (көл. Ақмола обл., Атбасар ауд.)

***Берік*** + *тас* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)

Қолда бар үш үлгінің біріншісі *Берікқара* - өсімдігі аз тұтастай тастан тұратын қара тау. Бұл оның бір белгісі болғандықтан, атауға уәж болуы

да ғажап емес. Екінші жағынан алғанда, қаз. *берік* «жабулы, бекітулі, басына шығу қиын, ауыр» сөзі де атау құрамына енуге үміткер бола алады (15-сурет).

*Беріктал* – «ішіне ене алмайтын қалың тал» мәнінде немесе «сойыл, шоқпарға қажетті қатты тал» мағынасында тұруы мүмкін.

*Беріктас* – «қамал тәрізді жабық тас», болмаса «қатты тау жынысынан құралған тас» мәндерінің бірін береді.

9) **«Бос»** сын есімі + зат есім

*Бос* сөзі «ішінде ештеме, ешкім жоқ, құр тұрған» (ҚТТС, 2т, 379) мағынасында сын есім ретінде тілімізде қолданылады. Ал топонимжасамда осы негізгі мағынасына қоса, «тектен-текке, босқа»; «еркін, бос, көшпелі» семалары да қатысатыны байқалады.

Жалпы алғанда, логика ғылымында затта болуға тиісті нәрсенің болмауы да оның ерекше бір белгісіне жатады.

***Бос*** + *ағым* (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Бос*** + *бор* (Босфор) (бұғаз, Қара теңіз)
***Бос*** + *көл* (көл. Қостанай обл., Қарабалық ауд.)
***Бос*** + *көпе* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бос*** + *құм* (қыстау. ШҚО, Бесқарағай ауд.)
***Бос*** + *оба* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Бос*** + *тоған* (е.м. Алматы обл., Көксу ауд.)

*Босағым* гидронимі энциклопедиялық анықтамалықтың авторлары айтқандай, «бос шапшып ағып жатқан құдық» мәнін беруі де [145;536], болмаса «жер астындағы су ағымын таппаған бос (сусыз) құдық» мәнінде тұруы да мүмкін.

*Босфор* топонимі түркінің бос+бор сөздерінен шығатынын географиялық нысанның өзі айтып тұр: ол бұғаз борпылдақ борлы (известь) жыныстан тұратыны белгілі.

*Боскөл, Бостоған* гидронимдері ол нысандарда судың «ауық-ауық немесе мұлде болмауын» білдіреді.

*Боскөпе* – «бос қалған (желінбеген) үйінді шөп» [145;400].

*Босқұм* - «көшпелі, сусымалы құм» мәнін береді.

*Бособа* – «іші қуыс үйінді тас [145;296], немесе топырағы бос, борпылдақ төбе» мәндерінің бірінде тұр.

10) **«Бостан»** сын есімі + зат есім

*Бостан* сын есімі «өз билігі өзінде, ерікті, еркін» мағынасымен көптеген саяси атаулар жасады: Бостан, Бостандық.

Ал күрделі атау құрамында алдыңғы позицияда келіп, топонимдер жасауға қабілеті бар екенін бір ғана үлгі дәлелдеп бере алады:

***Бостан*** + *құм* (құмды алқап. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.). Атау «еркін, көшпелі, сусымалы құм» мағынасында тұрғаны даусыз.

11) **«Ескі»** сын есімі + зат есім

*Ескі* сын есімі «көне, ескірген» мағынасын беріп, *жаңа* сын есіміне бинарлық позицияда болады [108;221]. Сонымен бірге «тозған, бұрынғы, дағдылы» сияқты семалық реңктері де бар.

Топонимжасамда табиғи нысанның (әлдебір құрылыстың) «бұрынғыдай емес тозғанын немесе ауысып, аунап, тастап, көшіп кеткенін» білдіріп, біріккен және тіркесті атаулар қалыптастырады.

Ескі, жаңа сын есімдері уақытқа тәуелді болғандықтан, бір кездегі ескі жаңарып, қазіргі жаңа біраздан соң ескіріп жатуы заңды құбылыс болып табылады.

***Ескі*** **+** *бұтақ* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Ескі*** + *жол* (асу, 2411 м. Алматы обл., Жоңғар Алатауы)
***Ескі*** + *жұрт* (жұрт. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Ескі*** + *кеңсе* (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Ескі*** + *қашар* (жұрт. Қостанай обл., Қостанай ауд.)
***Ескі*** + *қора* (жұрт. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Ескі*** + *қорған* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Ескі*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Ескі*** + *мола* (тау, 260м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Ескі*** + *ферма* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Ескі*** + *ұра* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)

*Ескі* сын есімі, әсіресе тіркесті атауларда белсенді қолданылады. Себебі бұрыннан аты бар өзеннің басқа арнаға аунап кетуі, елді мекеннің орын ауыстыруы сияқты құбылыстар; тозған және бүтін табиғи нысандардың салыстырылуы т.б. *ескі сын есімі* + *топоним* үлгісі бойынша тіркесті атаулар жасайды.

***Ескі*** *Алтай* (қыстау. ОҚО, Созақ ауд.)
***Ескі*** *Алтынтау* (қыстау. ОҚО, Созақ ауд.)
***Ескі*** *Аэропорт* (е.м. Атырау обл., Ганюшкин ауд.)
***Ескі*** *Бейнеу* (е.м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Ескі*** *Бекет* (орман. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Ескі*** *Бесбұлақ* (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Ескі*** *Ертіс* (арна. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Ескі*** *Жайық* (тармақ. БҚО, Зеленав ауд.)
***Ескі*** *Жайыр* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Ескі*** *Жалаңаш* (жұрт. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Ескі*** *Қалқұтан* (е.м. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Ескі*** *Қанай* (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)

***Ескі*** *Қарабауыр* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Ескі*** *Қарабұлақ* (жайлау. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Ескі*** *Қарабұтақ* (көне қорған. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Ескі*** *Қарашоқы* (жұрт. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Ескі*** *Қойтас* (жұрт. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Ескі*** *Қосағын* (қоныс. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Ескі*** *Қоскөл* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Ескі*** *Мұқыр* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Ескі*** *Шалқар* (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Ескі*** *Шанақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Ескі*** *Шілік* (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)

*Ескі* сын есімімен тіркесетін жер-су аттарының *жаңа* сын есімімен тіркесетін сыңары болуы (Ескі Шілік – Жаңа Шілік) немесе *жаңа* сын есіміңсіз негізгі атаудың болуы (Ертіс – Ескі Ертіс), көбінесе міндетті болып келеді.

12) **«Жайдақ»** сын есімі + зат есім

*Жайдақ* сын есімінің басқа мағыналарын ескермегенде, оның топоним жасауға қатысты екі мағынасы бар: біріншісі, «сай-саласыз тегіс, жазық жер»; екіншісі *жайдақ тарту* тіркесіндегі «бір нәрсенің азаюы, сиректеуі. Соңғы мағына Абай өлеңінде былайша қолданылады:

Жарқырап жатқан өзенің
Жайдақ тартып суалмай [5; 27].

***Жайдақ*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жайдақ*** + *құдық* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Жайдақ*** + *су* (бұлақ. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
**Жайдақ** + *шілік* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)

Тізімге түскен төрт үлгі осы екі мағынаның айналасынан шығады: «суы тартылған құдық»; «суы азайған немесе жайылып ағатын бұлақ пен су»; «жадағай жердегі немесе ағашы сиреген шілік». Ал оларды анықтау, әрине денотатты зерттеу арқылы жүзеге асады.

13) **«Жақсы»** сын есімі + зат есім

Заттың сапалық белгісін білдіретін *жақсы* сын есімінің көптеген жанама мағыналары оның негізгі беретін ұғымынан («тәуір, оңды, келісті») тарайды. Болмыстағы заттардың, сондай-ақ жер-судың жақсы, жаманын айырып, атау беретін – адам баласы. Бұдан топонимдердің антрополингвистикалық маңызы келіп шығады.

Көшпелі халық үшін, жердің жақсысы оның әдемілігі емес, малға жайлы болып келуі екенін номадтар тарихы дәлелдеп отыр. Малға ұнаған

жер, міндетті түрде көшпеліге де ұнайды, өйткені көшпелінің өмір сүруі малға тікелей байланысты болады.

*Жақсы* сын есімімен жасалған атаулардың, міндетті түрде, *жаман* сын есімінен жасалған антонимдері болады.

***Жақсы*** + *аң* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Жақсы*** + *ат* (е.м. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Жақсы*** + *жар* + *тақ* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Жақсы*** + *құм* (қыстау, ШҚО, Зайсан ауд.)
***Жақсы*** + *тұз* (тұзды көл. СҚО, Уәлиханов ауд.)

Мұндағы Жақсыжартақ «жақсы жар тау» мәнінде тұр деуге болады (*тақ*< көне түркі. *тағ* «тау»).

Бұл топонимдер әуел бастан *жақсы* сын есімі арқылы жасалса, енді бір топ тіркесті топонимдер алдымен жеке-жеке атауға ие болған соң, тіршілік барысында жақсы деген қосымша баға алғандар болып табылады.

***Жақсы*** *Абралы* (таулар. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Жақсы*** *Арғанаты* (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Жақсы*** *Жалғызтау* (төбе, СҚО, Айыртау ауд.)
***Жақсы*** *Сарытау* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

Мұндағы *Абралы* антротопоним деп айтылып жүргенмен, кісі атының да мағынасы болуға тиіс және антропоним тау атынан шығуы да мүмкін (транстопонимизация құбылысы). Абралы оронимі моңғ. *аврал* «мейірім, рақым, қайырым» сөзінен жасалуы ықтимал, өйткені тауларға «сүйкімді», «әулие», «қайырымды» түрінде атау беру моңғолдарда бар үрдіс.

Ал Арғанаты моңғ. *аргаль* «арқар» сөзінен шығып, аргалинты «арқарлы» мағынасын беретінін көптеген топонимист-ғалымдар мойындайды [145; 755].

14) **«Жалаң»** сын есімі + зат есім

*Жалаң* сын есімінің беретін мағынасы екі түрлі болып келеді: 1) «дара, жалаң қабат»; 2) «тақыр, ашық, жалаңаш» [38;191]. Топонимжасамға географиялық нысанның «өсімдіксіз, тақыр, ашық» екенін немесе «жападан жалғыз тұрғанын» білдіру арқылы қатысады.

***Жалаң*** + *бас* (тау, 784 м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Жалаң*** + *тас* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Жалаң*** + *төс* (е.м. ОҚО, Түркістан қ.ә.)

Мұндағы *Жалаңтөс* – антропоним, ал Жалаңтөс ойконимі кеңестік ойконим Бірлестік атауын ауыстырған. *Жалаңтас* – таза табиғи топоним.

15) **«Жалаңаш»** сын есімі + зат есім

*Жалаң* мен *Жалаңаш* сын есімдері әрі түбірлес, әрі мағыналас сын есімдер. Айырмашылығы, *жалаңаш* сөзі «жеке, даралықты» білдірмейді,

тек «тақыр, ашық, құр» мәнінде қолданылады. Топонимжасамда белсенді үлгі емес, бірақ табиғи нысанның «маңайы ашық, тұлдыр, жадағай» екенін атап көрсетеді.

***Жалаңаш*** + *көл* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Жалаңаш*** *Еңірекей* (тау. ШҚО, Жарма ауд.)

16) **«Жалтыр»** сын есімі + зат есім

*Жалтыр* сын есімі заттың «теп-тегіс, айнадай»; «жарқырап сәуле шағылысатын» сапа белгілерін анықтайды. Топонимжасамда, көбінесе, «жағасы өсімдіксіз келіп, суы жарқырап жататын көлдерді; «тегіс, тасты» тауларды т.б. атайды.

***Жалтыр*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жалтыр*** + *жон* (қоныс. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Жалтыр*** + *көл* (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)
***Жалтыр*** + *сор* (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Жалтыр*** + *томар* (көл. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Жалтыр*** + *ши* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

17) **«Жаман»** сын есімі + зат есім

*Жаман* сын есімі «жақсы» сөзіне қарама-қарсы «нашар» мағынасымен лексикамызда қолданылатын болса, топонимге айналғанда, негізінен, екі мәнде жиі көрініс береді. Ең алдымен, «табиғи нысанның адамға, оның тіршілігіне қолайсыз» болып келуі, екінші, «географиялық нысанның басқа өзі тектес нысандардан «қораш, жатаған, өсімдіксіз, көріксіз» болып келуі *жаман* сын есімі + зат есім үлгісіндегі күрделі атаулар жасайды.

*Жаман* сын есімімен келген топонимнің антитезалық позициядағы *жақсы* сын есімімен келетін сыңары болуы – топонимиканың өзіне тән заңы. Өйткені мұндай салыстырмалы атаулар жасалу үшін, салыстыратын бірнеше нысан болуы шарт. Мысалы, Жақсы Абыралы, Жаман Абыралы, Жақсы Көң, Жаман Көң, т.б. Бұл – топонимжасамның біршама өнімді тәсілі болып табылады.

***Жаман*** + *ағаш* (қоныс. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Жаман*** + *адыр* (жота. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жаман*** + *ай* (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Жаман*** + *айбат* (жота. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Жаман*** + *аула* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жаман*** + *аша* (өзен. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Жаман*** + *батпақ* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Жаман*** + бұлақ (бұлақ. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жаман*** + *егін* (жұрт. ШҚО, Үржар ауд.)

***Жаман*** + *жал* (құмды алқап. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Жаман*** + *жар* + *мола* (сор. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Жаман*** + *жартас* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Жаман*** + *жол* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жаман*** + *жыра* +*сай* (өзен. СҚО, Шал Ақын ауд.)
***Жаман*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Жаман*** + *қара* (қоныс. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Жаман*** + *қараған* (қыстау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Жаман*** + *қобы* (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Жаман*** + *қол* (жота. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Жаман*** + *қоныс* (төбе. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Жаман*** + *қоңыр* (батпақ. СҚО, Шал Ақын ауд.)
***Жаман*** + *қопа* (батпақ. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Жаман*** + *қора* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жаман*** + *қостан* (төбе. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Жаман*** + *қотыр* + *тас* (жота. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Жаман*** + *құлақ* (көл. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Жаман*** + *құм* (құм. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жаман*** + қоян +құдық (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жаман*** + *орқаш* (жайлау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Жаман*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Жаман*** + *өткел* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жаман*** + *саба* (өзен. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.)
***Жаман*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Егіндікөл ауд.)
***Жаман*** + *сор* (қоныс. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Жаман*** + *сортаң* (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Жаман*** + *су* (өзен. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Жаман*** + *табан* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жаман*** + *тас* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жаман*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Жаман*** + *тоғай* (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Жаман*** + *томар* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Жаман*** + *төбе* (шоқы. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Жаман*** + *тұз* (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жаман*** + *тұма* (бұлақ. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жаман*** + *тікше* (жота. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Жаман*** + *үш* + *көз* (бұлақ. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Жаман*** + *шат* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Жаман*** + *шеңгел* (бұлақ. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Жаман*** + *шұбар* (қоныс. Ақмола обл., Астана қ.ә.)
***Жаман*** + *шұңқыр* (қоныс. СҚО, Есіл ауд.)

***Жаман*** + *шың* (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Жаман*** + *шілік* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)

*Жаман* сын есімімен бірігетін екінші сыңарларының көпшілігі Қазақстан топокеңістігінде кездесетін географиялық терминдер. Ол географиялық терминдер біздің жерімізге тән табиғи нысандардың аты болып келетіндіктен, күрделі атау құрамында жиі қайталанып келіп отырады. Ал олардан алуан түрлі атаулар жасап тұрған атрибуттық қатынастағы бірінші сыңарлар екені айдан анық. Мысалы:

Соған байланысты екінші сыңарларының семантикалары ашық болып келеді, бірақ түсінігі ауыр бірен-саран атаулар бар. Мәселен, *Жаманқостан* оронимін жасауға қатысып тұрған *қостан* сыңары қаз. қоста +н «бірігу, жиналу» сөзі ме, қаз. қос «екі» + парс. tange > таң «шатқал, жартас» сөздерінен біріккен бе, тап басып айыру қиын. Қостан сөзі Қостанай ойконимі құрамында кездесетін көне географиялық термин бе, әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

*Жаманорпа* – мұндағы *орпа* «шегенделмеген, аузы кең, таяз құдық» [66;50].

*Жамансаба* – бірнеше өзен, судың бір арнаға келіп құйылуы, көбінесе *саба* термині арқылы таңбаланады.

*Жаманүшкөз* – «үш көзден шығып жатқан бұлақ» мәнінде тұр.

*Жаман* сын есімі бұрыннан қалыптасқан топонимге тіркесіп, ол нысанның «жарамсыз, жағымсыз» сипатын білдіреді.

***Жаман*** *Абыралы* (таулар. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Жаман*** *Аққөл* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Жаман*** *Ақсу* (арна. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Жаман*** *Алакөл* (көл. Қостанай обл., Таран ауд.)
***Жаман*** *Бесбақан* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Жаман*** *Есіл* (тармақ. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Жаман*** *Жалғызтау* (тау. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)
***Жаман*** *Көктал* (арна. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Жаман*** *Көң* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Жаман*** *Қазықұрт* (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.
***Жаман*** *Қайрақты* (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)

| | | |
|---|---|---|
| ***Жаман*** | *Қандыадыр* | (тау. Қарағанды обл., Осакаров ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қантөрткөл* | (төбе. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қарабас* | (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қаражал* | (таулар. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қарақалпа* | (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қарсақбас* | (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қойтас* | (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қызыладыр* | (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ***Жаман*** | *Қызыларай* | (таулар. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| ***Жаман*** | *Нияз* | (тау. Қарағанды обл., Осакаров ауд.) |
| ***Жаман*** | *Сарыбұлақ* | (өзен. Алматы обл., Қаратал ауд.) |
| ***Жаман*** | *Сарысу* | (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Жаман*** | *Сарытау* | (таулар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ***Жаман*** | *Тамды* | (қыстау. БҚО, Сырым ауд.) |
| ***Жаман*** | *Үшащы* | (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| ***Жаман*** | *Шиелі* | (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |

Тіркесті атаулардың ішіндегі *Бесбақан* «бес бақан бас шыңы бар тау» мағынасында тұрса, *Қантөрткөл* ороним (төбе аты) болғандықтан, Жаман Қантөрткүл тұлғасында жазылса керек-ті. Онда Қантөрткүл «хан тағындай төртбұрыш төбе» мағынасын береді (Қантөрткөл нұсқасы энциклопедиялық анықтамалықтан алынды, 91 бет).

*Жаман Қарақалпақ* ороніміндегі *қалпақ* метафоралық жолмен жасалып тұрмаса, көне түркі. *ғұлпақ* «айдар, кекіл» сөзінен шығуы әбден мүмкін.

18) **«Жаңа»** сын есімі + зат есім

*Жаңа* сын есімінің негізгі мағынасы заттың «жақында, жуықта пайда болғанын, жасалғанын» білдіреді де, *ескі* сөзіне қарама-қарсы мәнде қолданылады. Сондай-ақ бір істің «қазір, әлгінде» басталғанын айғақтап үстеу ретінде де жұмсалады.

Бізге керегі – топонимжасамда белсенді сын есімдердің бірі болып табылатын «табиғи нысанның жаңадан пайда болғанын, жаңаруын, өзгеруін» анықтайтын жаңа сөзі. Мысалы, Жаңаарна, Жаңақақ, Жаңаорпа, Жаңа Текес т.б.

Алайда топонимге экстралингвистикалық ықпалдың мол болатындығынан, ол «амалсыз идеологияға жегіліп» (В.А. Никонов), *жаңа* сөзі көптеген кеңестік атаулар жасаған. Бұларды кейде табиғи атаулардан айыру қиынға соғып жатады. Мәселен, Жаңажол топонимі «жаңадан салынған жол» мәніндегі табиғи атау ма, «социализм жолы» мәніндегі идеологиялық (саяси) атау ма деп ойлануға тура келеді. Сондықтан Жаңаталап, Жаңақоғам, Жаңаүлгі, Жаңатұрмыс, Жаңадәуір, Жаңашаруа

сияқты дерексіз ұғым беретін саясаттанған ойконимдерді екшеп алып, біртіндеп ауыстырып отыру шарт. Осы ойдан келіп, олардың үлгісін берудің қажеті жоқ деп шештік. Заман өзгерген сайын *жаңа* сөзін қосып, саясаттанған атаулар жасай берсек, біз шындық өмірден, табиғи болмыстан алыстап кетеріміз хақ.

***Жаңа*** + *адыр* (жота. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жаңа*** + *айдар* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жаңа*** + *айыс* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Жаңа*** + *арал* (арал. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Жаңа*** + *арасан* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жаңа*** + *арна* (е.м. Алматы обл., Іле ауд.)
***Жаңа*** + *арна* (е.м. Алматы обл., Іле ауд.)
***Жаңа*** + *арық* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Жаңа*** + *асу* (таулар. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Жаңа*** + *ауыл* (е.м. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Жаңа*** + *әулие* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Жаңа*** + *баз* (қыстау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Жаңа*** + *базар* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Жаңа*** + *бас* (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)
***Жаңа*** + *бет* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Жаңа*** + *бөгет* (жұрт. БҚО, Сырым ауд.)
***Жаңа*** + *бұлақ* (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Жаңа*** + *дала* (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Жаңа*** + *дария* (өзен. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Жаңа*** + *жол* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жаңа*** + *жұрт* (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Жаңа*** + *көл* (жұрт. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Жаңа*** + *қазан* (е.м. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Жаңа*** + *қала* (е.м. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Жаңа*** + *қамыс* (жұрт. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Жаңа*** + *қара* (бұлақ. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Жаңа*** + *қой* (е.м. Қостанай обл., Федоров ауд.)
***Жаңа*** + *қоныс* (көл. Ақмола обл., Егіндікөл ауд.)
***Жаңа*** + *қора* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Жаңа*** + *құдық* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Жаңа*** + *құйған* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Жаңа*** + *құрылыс* (е.м. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Жаңа*** + *майдан* (жұрт. Павлодар обл., Ақсу ауд.)
***Жаңа*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Жаңа*** + *орталық* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Жаңа*** + *орын* (қыстау. БҚО, Қазталов ауд.)

***Жаңа*** + *өзек* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Жаңа*** + *өзек* + *сай* (өзен. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Жаңа*** + *өзен* (қоныс. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Жаңа*** + *өңір* (е.м. БҚО, Сырым ауд.)
***Жаңа*** + *саз* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Жаңа*** + *сай* (е.м. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Жаңа*** + *сақал* (зират. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)
***Жаңа*** + *сортаң* (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Жаңа*** + *су* (өзен. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жаңа*** + *су* + *қопа* (көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жаңа*** + *тас* (қала. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Жаңа*** + *тоған* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жаңа*** + *төбе* (жұрт. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Жаңа*** + *шар* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Жаңа*** + *шілік* (тарихи орын. ОҚО, Отырар ауд.)

Берілген *жаңа* сын есімі + зат есім арқылы жасалған үлгілер топонимжасамның өткені ретінде талданып, я болмаса болашағында қолданылып жату үшін, ең алдымен, әр үлгі түсінікті болуы керек. Соған байланысты мағынасы күңгірт атауларға тілдік талдау жасалып отырады.

*Жаңаайыс* – мұндағы *айыс* ор. *аист* «құтан, ләйлек» су құсының атынан жасалып тұр. Осы құстың «жаңа жерге мекендеуін» білдіреді.

*Жаңаәулие* - «жаңа ашылып, табылған қасиетті жер» мағынасын бермек. Өйткені дінде енді жаңа әулие келмейтіні айтылады.

*Жаңабаз*- баз ор. база «мал қорасы» сөзінің фонетикалық апокопа құбылысына ұшыраған түрі.

*Жаңасақал* – мұндағы сақал < сағал «бороздоплодник өсімдігінің аты». «Жаңадан сағал өсімдігі мол өскен жер» мәнінде тұр.

*Жаңашар* – мұндағы шар < шаар < shahap «қала» мағыналы парсы сөзінің ықшамдалған түрі деген пікір бар [145;176]. Жаңашар «жаңа жерге қоныстанған елді мекен немесе «жаңа, кеңестік елді мекен» мағыналарының бірін айғақтайды.

*Жаңа* сын есімі тіркесті топонимдер де жасайды және өзен, судың «жаңа арнаға аунауын»; елді мекеннің «жаңа орынға көшірілуін»; «жаңа өмірге, қоғамдық құрылысқа ауысқанын» т.б. білдіреді.

***Жаңа*** *Ақирек* (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Жаңа*** *Ақшиман* (е.м. Павлодар обл., Май ауд.)
***Жаңа*** *Асутөр* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жаңа*** *Бесбұлақ* (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Жаңа*** *Борсықұдық* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Жаңа*** *Бұқтырма* (кент. ШҚО, Зырян ауд.)
***Жаңа*** *Елек* (жұрт. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)

***Жаңа*** *Жайма* (е.м. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жаңа*** *Қалқұтан* (е.м. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Жаңа*** *Қарабауыр* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жаңа*** *Қарасай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жаңа*** *Қаратон* (кент. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Жаңа*** *Қастек* (асу. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Жаңа*** *Қима* (е.м. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Жаңа*** *Мұқыр* (қоныс. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Жаңа*** *Ойтас* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Жаңа*** *Сүмбе* (е.м. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Жаңа*** *Тасащы* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жаңа*** *Текес* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жаңа*** *Телікөл* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жаңа*** *Топар* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Жаңа*** *Үрпек* (төбешік. Павлодар обл., Май ауд.)
***Жаңа*** *Шүлбі* (е.м. ШҚО, Бородулиха ауд.)

19) **«Жарық»** сын есімі + зат есім

*Жарық* сын есімінің бірнеше лексикалық мағынасы бар:

1) Жарық «ашық, сәулелі, нұрлы» [108;249]; 2) жарық «бөлінген, айырылған» (тастың, мұздың жарығы); 3) жарық «тесік, жыртық» (ыдыстың жарығы).

*Жарық* сын есімі + зат есім үлгісі бойынша жасалған біріккен топонимдер осы үш мағынаны да қамтитыны байқалады. Сол себепті кейбір топонимдердің қай мәнде тұрғанын бірден айыру қиынға соғады. Мәселен, *Жарыққұдық* гидронимі «іші жарық, қараңғы емес» семантикасын тудыра ма, «суы ағып тұратын жарық жері бар құдық» мәнін бере ме, белгісіз. Мұнда да реалийдің өзі төреші болуға тура келеді.

***Жарық*** + *атыз* (е.м. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)
***Жарық*** + *ащы* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Жарық*** + *баз* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Жарық*** + *бас* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Жарық*** + *бидайық* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жарық*** + *бөгет* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Жарық*** + *көл* (көл. СҚО, Тайынша ауд.)
***Жарық*** + *қара* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Жарық*** + *қопа* (төбешік. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Жарық*** + *құдық* (көл. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Жарық*** + *тас* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Жарық*** + *тұман* (жұрт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

Мұндағы *Жарықбаз, Жарықтұман* топонимдері «нұрлы, сәулелі, қараңғы емес» мағынасында; *Жарықащы, Жарықбидайық, Жарыққопа* атаулары «екіге жарылып жатқан, өскен» мәнінде; *Жарықбас, Жарыққара, Жарықтас* оронимдері «екіге жарылған» семантикасын; *Жарықатыз, Жарықбөгет, Жарыққұдықтар* «жарық жерінен су ағып тұратын» нысандар екенін білдіреді.

*Жарық* сын есімінен тіркесті атаулар жасалмаған. Алайда Қазақстан топожүйесінде ***Жарын*** + *құдық* (сор. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.), ***Жарын*** + *көл* (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.) тәрізді екі үлгі кездеседі. *Жарын* сөзі С.Аманжоловтың диалектологиялық еңбегінде қырғыз тілінде және Ақтөбе облыстарында «келер, ендігі жылы» деген мағынада қолданылатын диалекті екені келтіріледі [107;482]. Олай болса, бұл екі гидроним «алдағы, келесі құдық, көл» мәндерінде тұруы мүмкін.

20) **«Жеке»** сын есімі + зат есім

*Жеке* сын есіміне ҚТТС-та «дербес, өз алдына; бөлек» деген анықтама беріледі (4т,51). Жер-су аттарын жасауға қатысатын *жеке* сын есімі осы мағынаға «оңаша тұрған географиялық нысан» деген мағыналық реңк қана қосады.

***Жеке*** + *бұлақ* (өзен. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Жеке*** + *жал* (е.м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Жеке*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Жеке*** + *сай* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Жеке*** + *үскі* (тұзды көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Жеке*** + *шағыл* (құм. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жеке*** + *шат* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)

Мұндағы *Жекеүскі* күрделі атауының екінші сыңарындағы *үскі* «ағашты, былғарыны т.б. тесетін іші қуыс біздің» (ҚТТС, 10т, 10) аты. Үскі құралының сырт тұлғасына ұқсас, жеке тұрған көлге берілген гидроним.

Жеке сын есімі бір ғана тіркесті атау жасауға қатысыпты, бірақ жеке тұрған табиғи нысандарды белгілеуде болашағы баршылық деп есептейміз.

***Жеке*** *Сарыбиік* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)

21) **«Жылы»** сын есімі + зат есім

*Жылы* сын есімі «ыстық пен салқын күйдің аралық қалпын» білдіреді (ҚТТС,4т,298). Топонимжасамда табиғи нысанның дәл осындай күйін және «ықтасын, желсіз, күн шуағы мол түсетін» жерлерді атайды. Мұндай жерлердің жылылық қасиеті, әсіресе, қыста жақсы білінеді. Салқын, суық сын есімдерінен жасалған атауларға қарсы мәнде қолданылады.

***Жылы*** + *адыр* (таулар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жылы*** + *арасан* (бұлақ. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Жылы*** + *бұлақ* (е.м. ШҚО, Зырян ауд.)
***Жылы*** + *күнгей* (өзен. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Жылы*** + *қора* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Жылы*** + *ой* (е.м. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Жылы*** + *сай* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Жылы*** + *су* (өзен. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Жылы*** + *тау* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)
***Жылы*** + *төбе* (төбе. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

22) **«Көне»** сын есімі + зат есім

*Көне* сын есімі «көп ұсталып тозығы жеткен, ескі» мағынасын беретіні белгілі (ҚТТС, 5т, 165). Жер-су аттарын жасауға алдында талданып кеткен *ескі* сын есімі тәрізді қатысып, нысанның «бұрыннан белгілі, тарихи, ежелгі» екенін айғақтайды. Соған байланысты «тозығы жеткен, ескі» мәнді біріккен атаулар емес, тек тіркесті топонимдер ғана жасаған. Ол түсінікті де, өйткені аты бұрыннан мәлім нысанның көнелігін атап көрсету мақсатын көздейді.

*Көне* сын есімі + топоним үлгісімен жасалған атаулар көп емес, дегенмен кеңінен қолданысқа енгізуге болады:

***Көне*** *Қаратерең* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Көне*** *Сарық* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Көне*** *Тұзды* (е.м. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)

23) **«Көр»** сын есімі + зат есім

*Көр* сын есімінің негізгі мағынасы «суқараңғысоқыр» болғанымен, топонимжасамда оның ауыспалы мағынасы («қараңғы, меңіреу, түнек») қолданылады (ҚТТС, 5т, 190). Географиялық нысанның «күн сәулесі көп түспейтіндіктен, үнемі қараңғы, күңгірт» болып тұратын күйін сипаттайды.

***Көр*** + *қарағай* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Көр*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Көр*** + *ши* (қыстау. Павлодар обл., Аққу ауд.)

24) **«Қалың»** сын есімі + зат есім

*Қалың* сын есімінің «жұқа емес, қабат-қабат» мағынасы да, «көп, мол» мағынасы да, «қою, жиі, тығыз» мағынасы да, ауыспалы «ну (орман, тоғай), жайқалған, бітік (шөп, егін) мағынасы да топонимжасамға қатыса алады (ҚТТС, 5т, 601). Алайда, әзірге бір ғана үлгі табылып отыр. Келешекте бұл сын есім көптеген әдемі топонимдер тудыруына сеніміміз мол.

***Қалың*** + *сая* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

Мұндағы *сая* «көлеңкелі ағаш (әлде орман, әлде тоғай)» мағынасында тұр. *Қалыңсая* – «ағашы жиі өскен саялы жер» мәнді топоним.

25) **«Қасқа»** сын есімі + зат есім

*Қасқа* сын есімі алдымен малға, оның ішінде жылқыға қатысты пайда болғанын оның мағынасынан байқауға болады: қасқа «малдың негізгі түсінен басқа маңдайында болатын дақ, жолақ» (ҚТТС, 6т, 128). Топонимжасамда *қасқа* сын есімі осы мәнімен метафора жасап барып, «табиғи нысанның маңдай тұсынан қасқалана біткен екінші нысанды» атайды.

| | |
|---|---|
| ***Қасқа*** + *ат* | (е.м. Қостанай обл., Меңдіқара ауд.) |
| ***Қасқа*** + *ат* + *сор* | (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| ***Қасқа*** + *бас* | (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.) |
| ***Қасқа*** + *бие* | (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| ***Қасқа*** + *бұлақ* | (е.м. ШҚО, Абай ауд.) |
| ***Қасқа*** + *бұлақ* + *көл* | (көл. ШҚО, Абай ауд.) |
| ***Қасқа*** + *жол* | (қоныс. ШҚО, Зайсан ауд.) |
| ***Қасқа*** + *көл* | (қоныс. Ақмола обл., Жарқайың ауд.) |
| ***Қасқа*** + *құдық* | (бұлақ. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| ***Қасқа*** + *өгіз* | (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.) |
| ***Қасқа*** + *сай* | (арна. ОҚО, Созақ ауд.) |
| ***Қасқа*** + *су* | (е.м. ОҚО, Төле би ауд.) |
| ***Қасқа*** + *тай* + *құдық* | (құдық. БҚО, Ақжайық ауд.) |
| ***Қасқа*** + *тау* | (е.м. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.) |
| ***Қасқа*** + *төбе* | (ескі қоныс. ОҚО, Төле би ауд.) |
| ***Қасқа*** + *төр* | (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.) |

Мұндағы *Қасқаөгіз* тура мағынасында «қасқа өгізге байланысты әлдебір оқиғаны» білдіруі, болмаса *өгіз* сыңарының көне түркі. *үгүз* «өзен», «су» сөзінен шығуы мүмкін екенін ескертеміз.

26) **«Қатаң», «қатты», «қату»** сын есімдері + зат есім

а) *Қатаң* сын есімі «қатал, қатты» сөздерімен мәндес, бірақ реңк бояуы сәл солғындау. Көбінесе адам мінезіне байланысты пайда болған *қатаң* сын есімі ауыспалы мағынада табиғат құбылыстарына да теліне айтылады. Мысалы, «ауа райы қатаң»; «қата бастаған жер (қата+ң)» т.б. Жер-су атын жасауға осы ауыспалы мағыналары себепші болады.

***Қатаң*** + *көл* (көл. Қызылорда обл., Арал ауд.)

***Қатаң*** + *тұз* (қоныс. ОҚО, Созақ ауд.)

Екеуі де нысанның «кеуіп, қатып бара жатқанын» білдіреді.

ә) *Қатты* сын есімі «жұмсақ емес, берік, мықты» мәнін беретіні мәлім (ҚТТС, 6т, 149). Топонимжасамда табиғи нысанның дәл осындай

күйлерін сипаттайды. Кездесіп отырған жалғыз үлгі «көл табанының қатты жыныстан тұратынын» білдірсе керек.

***Қатты*** + *көл* (көл. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)

б) *Қату* сын есімі «қатал, қатаң» сөздерімен мәндес келеді де, өз мағынасын *қабағы қату* «ашулы, реніш» тіркесінде анық көрсетеді. Топонимжасамда географиялық нысанның «қатаң ауа-райын; қату, сұсты өңін; қатты жер бедерін» білдіреді.

***Қату*** + *тау* (жота,1630 м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

27) **«Қисық»** сын есімі + зат есім

*Қисық* сын есімінің негізгі мағынасы ҚТТС-та «бір жағына қисайып кеткен, түзу емес» түрінде беріледі (6т, 205). Жер-су атын жасарда *қисық* сын есімі осы, негізгі мәнімен қатысып, географиялық нысанның «қыңыр, қисық» бітімін әйгілейді.

***Қисық*** + *ақ* + *тас* (өзен. Алматы обл.,Үйғыр ауд.)
***Қисық*** + *құдық* (құдық. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қисық*** + *өзек* (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қисық*** + *сай* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Қисық*** + *шеген* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)

*Қисық* сын есімімен тіркесу арқылы жасалған бір ғана үлгі кездесіп отыр, дегенмен ресми тіркелмеген микротопонимдер арасында болуы күмәнсіз.

***Қисық*** *Қалдыаман* (көл. СҚО, Мамлют ауд.)

*Қисық* сын есімімен әрі мәндес, әрі түбірлес *қияс* сын есімі арқылы да топоним жасалатынын дәлелдейтін үлгі бар болып шықты (*қияс* «қиғаш, түзу емес» мәнінде қолданылатын сөз).

**Қияс** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)

28) **«Қиын»** сын есімі + зат есім

*Қиын* сын есімінің тура мағынасы «бейнеті, машақаты көп, михнатқа толы; жеңіл емес» (ҚТТС, 6т, 211) болғанымен, ауызекі тілде «таудың, шың-құздың, қия-жартастың адам аяғы сирек басатын жері; қиян» (сонда) мәнінде қолданылады. Соған қарағанда *қиын* сын есімі табиғи нысанның «өтуге, асып түсуге, жүруге қиындық келтіретін» белгісін көрсету арқылы, атауға уәж етеді.

***Қиын*** + *асу* (асу. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)
***Қиын*** + *ата* (көл. СҚО, Мамлют ауд.)
***Қиын*** + *жыра* (жұрт. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қиын*** + *керіш* (төбелер. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қиын*** + *су* (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

29) **«Лай»** сын есімі + зат есім

*Лай* сын есімі «таза емес, тұнық емес» (ҚТТС, 7т, 44) мағынасымен көбінесе суларға қатысты айтылады. Сондай-ақ «лай балшығы бар» жерлерді, қақ пен сорларды да атайтыны үлгілерден байқалады.

***Лай*** + *бұлақ* (өзен. Үржар ауд.)
***Лай*** + *көл* (көл. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Лай*** + *қақ* (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Лай*** + *су* (тұзды көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.)

30) **«Орта»** сын есімі + зат есім

Лексикамызда *орта* сөзінің екі омонимі бар делініп жүр:

1) Орта «белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес» сын есімі;
2) Орта «адамның туып-өскен, жұмыс істеген жері, қоршаған қауым» зат есімі [147;157].

Омонимдес мағыналардың біріншісі ғана топонимжасамға қатыса алады (Ортакөл, Ортақұдық т.б.). Алайда осы, бірінші мағынаға да жатпайтын, топонимжасамда белсенді тағы бір *орта* сөзі бар (Ортажартас, Ортатөбе, Орта Теректі т.б.). Бұл қай орта? Зерттеу барысында соңғы *орта* сыңары *ортаңғы* сын есімінің топонимде қолданылу барысында ықшамдалған түрі болып шықты. Мысалы, Ортажартас < Ортаңғыжартас, Ортатөбе < Ортаңғытөбе, Орта Теректі < Ортаңғы Теректі.

Мұндай атаулар жасалу үшін біртектес геонысандар үштен кем болмау керек және ол нысандар жақын, қатар орналасуы тиіс. Мәселен, Бас Қарауыл, Орта Қарауыл, Аяққы Қарауыл; Теректі, Орта Теректі, Шет Теректі. Орта (ортаңғы) болу үшін, екі жақта екі нысанның болуы шарт екені айтпаса да түсінікті.

Сонымен терілген үлгілер екі мағынаның маңына топтасады: «өзен, көлдің, құдықтың орталануы (суалуы)» және «нысанның өзі тектес екі нысанның ортасында орналасуы».

***Орта*** + *ағаш* (ауыл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Орта*** + *арал* (арал. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Орта*** + *аша* (қыстау. Ақтөбе обл., Ақтөбе қ.ә.)
***Орта*** + *баз* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Орта*** + *бас* (жұрт. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Орта*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Орта*** + *ғұрт* (қыстау. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Орта*** + *жол* + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Орта*** + *жартас* (төбе. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Орта*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Орта*** + *қамыс* (көл. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Орта*** + *қоға* (е.м. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

***Орта*** + *қопа* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Орта*** + *қора* (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Орта*** + *құдық* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Орта*** + *құм* (е.м. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Орта*** + *қыр* (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Орта*** + *өзек* (арна. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Орта*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Орта*** + *тау* (жота. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Орта*** + *төбе* (төбе. Жамбыл обл.,)
***Орта*** + *тұтқын* (арна. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Орта*** + *шат* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Орта*** + *шоқ* (тұзды көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Орта*** + *шоқы* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Орта*** + *шілік* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

Мұндағы *Ортағұрт* күрделі атауының құрамындағы *ғұрт* < құрт Қазығұрт атауында кездесетін, әлі этимологиясы белгісіз оронимдік, әлде фитонимдік термин. Ол *құрт/құртқа* «қасқыр» мәнінен басқа да мәнде қолданылатын сияқты, өйткені Қазығұрт – өсімдіктің аты (фитоним).

*Ортатұтқын* – «орта тұста тоқтап, тосылып, бөгеліп қалған арна» [145; 554].

*Орташоқ* – «ортаңғы бір шоқ (топ) көл» мағынасын береді. Орта сын есімі біршама қомақты тіркесті атаулар жасауға қатысады, бірақ жоғарыдағы екі мағына өзгермейді:

***Орта*** *Аққұдық* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Орта*** *Бақанас* (арна. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Орта*** *Бұғаз* (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Орта*** *Бүйен* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Орта*** *Дересін* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Орта*** *Еспе* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Орта*** *Керегетас* (жота. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Орта*** *Қағыл* (жота. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Орта*** *Қайрақты* (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Орта*** *Қарасай* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Орта*** *Қарауыл* (төбе. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Орта*** *Мерке* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Орта*** *Ойшілік* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Орта*** *Өсек* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Орта*** *Талғар* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Орта*** *Тентек* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Орта*** *Теректі* (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

Мұндағы Дересін моңғ. *дэрс* «ши» (өсімдік) түбірінен жасалып, «шилі» мағынасын беретінін ескерте кету қажет [145; 447].

31) **«Ортақ»** сын есімі + зат есім

*Ортақ* сын есімі «барлығына бірдей қатысы бар, көпшілікке арналған, баршаға тән» семантикасын береді (ҚТТС, 7т, 468).

Топонимжасамда «әлдебір әкімшілік бөліністерге ортақ геонысандарды» атайды, ал табиғи нысандар бір-біріне ортақ бола алмайтыны түсінікті болса керек.

***Ортақ*** + *көл* + *там* (бейіт. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Ортақ*** + *қора* (қыстау. Қарағанды обл., Қарақаралы ауд.)
***Ортақ*** + *төбе* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)

32) **«Сайқын», «сайрам»** сын есімдері + зат есім

а) Қазақ тілінде *сайқын* сын есімі «мидай, кең, ен (дала)» мағынасында қолданылады (ҚТТС, 8т, 101). Екінші жағынан алғанда, топономистғалымдар А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаевтар қазақ топонимиясында кездесетін сайқын, сайқан терминдерін моңғ. *сайхан*, қалм. *сәәхн* «жақсы, сұлу, әдемі, жайлы, ыңғайлы» мағыналарын беретін сөзі деп табады [145.325].

Ал профессор Т.Жанұзақ : «Сайқын және сайқан – бір сөз емес, жеке, дербес мағыналарға ие оқшау сөздер. Оның сайхан тұлғасы «әдемі, сымбатты, көрікті» мағынасында келіп, моңғол тіліне тән болса, сайқын сөзі – «ашық, кең жер, сондай ашық жердегі ауыл, қыстақ, ен дала» мағынасындағы түркі тілдеріне тән сөз», - дейді [25;164].

Топонимжасамда осы екі мағынада қолданылатын Сайқын, Сайқан түбір атаулары белсенді қатысса да, біріккен топонимнен бір ғана үлгі табылып отыр.

***Сайқын*** + *сор* (көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

ә) *Сайрам* сын есімінің мағынасын М.Қашқари сөздігінен табамыз: «Сайрам сув – «саяз, аз су» [57;176]. Сайрам сөзін дәл осы мағынада Э.М.Мурзаев өз сөздігіне географиялық термин ретінде енгізген [46;493].

*Сайрам* сын есімі бір ғана біріккен гидроним жасауға қатысқанымен, көнелігіне қарамай, келешекте кеңінен қолданысқа енгізуге болады.

***Сайрам*** + *су* (өзен. ОҚО, Төле би ауд.)

*Сайрам* сөзі қаз. диалект. *сайыз, тайыз, «саяз»;* моңғ. сайр «малта тас» сөздерімен түбірлес болса керек.

33) **«Сақау»** сын есімі + зат есім

*Сақау* сын есімі «тіл мүкісі бар, ақауы бар» (ҚТТС, 8т,108) адамға қатысты айтылады. Біріккен атау ретінде бір ғана үлгіде кездеседі және

«су сылдыры басқа бұлақтарға ұқсамайтын бұлақ» немесе «үнсіз, тыныш ағатын бұлақ» мәндерінің бірін білдіреді.

***Сақау*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.)

34) **«Салқын»** сын есімі + зат есім

*Салқын* сын есімі «суықтау, ызғарлы» сөздерімен мәндес болып келеді де, көбінесе «жаздың ыстығында малға, жанға жайлы салқын жер» мағынасымен топонимжасамға қатысады.

***Салқын*** + *бел* (қоныс. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Салқын*** + *көл* (тұздыкөл. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.)
***Салқын*** + *тау* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Салқын*** + *төбе* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Салқын*** + *шоқы* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Салқын*** + *шөңке* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)

35) **«Сасық»** сын есімі + зат есім

*Сасық* сын есімі «жағымсыз иісті, мұнкіген» мағынасымен жалқы есім жасауға да қатысады. Табиғи нысанның түр-түсі, көлемі ғана емес, оның «борсыған, сасық» иісі де ата-бабамыздың назарынан тыс қалмаған. Өйткені сасыған, борсыған суды мал да сүйсініп ішпейтіні белгілі.

***Сасық*** + *ағаш* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Сасық*** + *бастау* (төбе. ШҚО, Үржар ауд.)
***Сасық*** + *бұлақ* (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Сасық*** + *көл* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Сасық*** + *қара* (төбе. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Сасық*** + *қопа* (көл. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Сасық*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Сасық*** + *өзен* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Сасық*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Сасық*** + *тау* (қоныс. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Сасық*** + *тұма* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)

36) **«Семіз»** сын есімі + зат есім

«Денесі толық, етженді» (ҚТТС, 8т, 264) мағынасында адамға, малға қатысты айтылатын *семіз* сын есімі жер-су атын жасауға да қатысады екен (М.: Орыс. тучная земля «құнарлы жер» тәрізді).

***Семіз*** + *бұғы* (тау. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Семіз*** + *көл* (батпақ. Ақмола обл., Есіл ауд.)

Бірінші үлгі (Семізбұғы) «тауды мекендейтін бұғылардың ерекше семіз болатынын» білдіреді, не «семіз бұғыға ұқсас тау» мағынасында тұр.

Екінші үлгі (Семізкөл) «көлдің майбатпақтан тұратынын», немесе «құнарлы қара топырақты жерді» меңзейтін сияқты.

37) **«Сирек»** сын есімі + зат есім

*Сирек* сын есімі «жиі емес, селдір» (ҚТТС, 8т, 299) мағынасын өзгертпей-ақ топонимжасамға қатыса алады және біртектес геонысандардың «селдір, алшақ» орналасқандығын атап көрсетеді.

***Сирек*** + *тас* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

***Сирек*** + *тау* (таулар. ШҚО, Үржар ауд.)

38) **«Соқыр»** сын есімі + зат есім

*Соқыр* сын есімі – «көру мүшесінен айырылған, жанары жоқ» (ҚТТС, 8т, 328) мәнімен адам мен жан-жануарларға қарата айтылатын сөз.

Жер-су атын жасарда «өзен, бұлақтың ешқайда құймай адасып ағатынын; құмға сіңіп кететінін» білдірсе, көл, құдықтардың «жылтырап қана көрінетін қалдық суын» меңзейтін сияқты. Ал төбе, баз сияқты зат есімдерімен бірігуі ол нысандардың «қараңғы, тұйық, көрінбейтін жерге орналасуын» білдірсе керек. Кейде *соқыр* топосыңары угро-фин. *согр./согра/ шохр* «батпақты, томарлы жер» терминінің түркі тіліне бейімделген нұсқасы емес пе деген ой келеді. Өйткені Қазақ Алтайында Согра > Сөгір топонимі кездеседі.

***Соқыр*** + *баз* (жайлау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Соқыр*** + *бұлақ* (қыстау. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Соқыр*** + *көл* (көл. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Соқыр*** + *құдық* (құдық. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Соқыр*** + *сай* (өзен. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Соқыр*** + *су* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Соқыр*** + *төбе* (төбе. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Соқыр*** + *шеше* (бейіт. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)

39) **«Суық»** сын есімі + зат есім

*Суық* сын есімі «салқын, жылы емес» семантикасымен ең әуелі ауа райына қатысты айтылып, кейін ауа райына тығыз байланысты жер-су аттарына қолданыла бастаған. Атап айтқанда, геонысанның «үнемі жел өтінде болуына, теріскей жағына орналасуына, тереңнен шығатын құдық суына, тау өзендеріне, қалың, дымқыл орман-тоғайға т.б.» қарай отырып, олардың атауларына суық анықтауышы қосылып отырады.

***Суық*** + *адыр* (тау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Суық*** + *бастау* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Суық*** + *бет* (қырат. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Суық*** + *бұлақ* (тж. ст. ШҚО, Жарма ауд.)

**Суық** + *жал* (қыстау. ШҚО, Абай ауд.)
**Суық** + *жусан* (бейіт. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
**Суық** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
**Суық** + *қызыл* + *сай* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Суық*** + *сай* (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Суық*** + *су* (е.м. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Суық*** + *тал* (тау. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
**Суық** + *тоғай* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
**Суық** + *тұма* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)

40) **«Сұлу»** сын есімі + зат есім

*Сұлу* сын есімі «келбет-кескіні жағынан көрікті, ажарлы, өңді» (ҚТТС, 8т, 390) мағынасымен сырт тұлғасы «көз тартатын, симметриялы, әсем» табиғи нысандарға телініп айтылады. Табиғатпен етене араласып өскен көшпелі қазақ жер-судың сұлулығын тап басып танып, лайықты ат қойып отырған.

***Сұлу*** + *адыр* (қыстау. ШҚО, Абай ауд.)
***Сұлу*** + *жон* (төбе. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Сұлу*** + *көл* (көл. СҚО, Айыртау ауд.)
***Сұлу*** + *қамыс* (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Сұлу*** + *құр* + *көл* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Сұлу*** + *манақ* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Сұлу*** + *матай* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Сұлу*** + *сай* (тж. айрығы. БҚО, Бөрілі ауд.)
***Сұлу*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Денисов ауд.)
***Сұлу*** + *тал* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Сұлу*** + *төр* (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Сұлу*** + *төрткіл* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

Мұндағы *Сұлуманақ* гидронимінің құрамындағы *манақ* сыңары моңғ. мана-х «күзету, қарауылдау» сөзінен шығады [77;297]. Сонда Сұлуманақ «күзет, қарауыл бекеті бар, немесе шекарада жатқан көркем, әсем өзен» мәнін береді.

*Сұлуматай* – найман ішіндегі «матай руы мекендеген сұлу өзен» мағынасында тұр.

*Сұлутөрткіл* – «әдемі, симметриялы төртбұрыш төбе» семантикасы туған.

*Сұлу* сын есімі, сондай-ақ тіркесті топонимдер жасап, тұтас топонимнің сұлулығын анықтайды.

***Сұлу*** *Алакөл* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Сұлу*** *Көксай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

41) **«Сыпсың»** сын есімі + зат есім

*Сыпсың* сын есімі, көбінесе, орман ағаштарына қатысты айтылып, «сидам, жіңішке, сүйірік (ағаш)» мағынасында қолданылады (ҚТТС, 8т, 490). Бір ғана үлгі кездесіп отыр.

***Сыпсың* + *ағаш*** (қолат. Қостанай обл., Қамысты ауд.)

42) **«Тегіс»** сын есімі + сын есім

*Тегіс* сын есімі «кедір-бұдырсыз, ұңғыл-шұңғылсыз, жап-жазық» (ҚТТС, 9т, 94) жер мағынасымен тікелей топонимжасамға араласа алады.

***Тегіс*** + *дала* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Тегіс*** + *жол* (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Тегіс*** + *сор* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

43) **«Тентек»** сын есімі + зат есім

*Тентек* – «тәртіп бұзғыш бұзақы, сотқар» семантикасымен адамның мінезіне қатысты айтылатын сын есім. Жер-су атын жасауға метафораланып барып кіріседі және «табиғи нысанның анда-санда көрсететін адуын мінезін (тасуын, жайылуын т.б.)» білдіреді.

***Тентек*** +*бұлақ* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Тентек*** + *қайың* (қоныс. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Тентек*** + *қара* (е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Тентек*** + *қыз* (тау. ШҚО, Абай ауд.)
***Тентек*** + *сай* (арна. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Тентек*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Таран ауд.)

Мұндағы *Тентекқайың* атауының біріккен мағынасы түсініксіз, дегенмен «қисық, қыңыр өскен қайың» немесе «қатты тасып, буырқанатын суы бар, қайыңды жер» мағыналарын беруі мүмкін.

Тентек сын есімі тіркесті атау жасап, бұрыннан аты бар нысанның «оқыс мінезін» атап көрсетеді.

***Тентек Қарасу*** (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

44) **«Терең»** сын есімі + зат есім

*Терең* сын есімі «түбіне бойламай кететін тұңғиық; шыңырау» мағынасына ие болып, дәл осы мәнде топонимжасамға да қатысады. Терең сын есімі өзі бірігетін географиялық термин денотатының салыстырмалы түрдегі «терең су не терең шұңқыр, ойық» екенін сипаттайды.

***Терең*** + *бұтақ* (өзен. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Терең*** + *жыра* (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Терең*** + *көл* (көл. ШҚО, Семей қ..ә.)
***Терең*** + *қара* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

***Терең*** + *құдық* (қоныс. Павлодар обл., Павлодар ауд.)
***Терең*** + *қызыл* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Терең*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Терең*** + *өзек* (кент. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Терең*** + *сай* (өзен. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Терең*** + *томар* (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.)

Үлгілер ішіндегі *Тереңбұтақ* – ағаштың бұтағына өзен саласын ұқсатып барып жасалған гидроним. Мағынасы: «Өзеннің суы терең бір саласы».

*Тереңқара* – «терең қара (мөлдір) сулы өзен».

*Тереңқызыл* – не «терең қызыл су», не «терең қызыл сай, жыра, өзен т.б.»

45**) «Тесік»** сын есімі + зат есім

*Тесік* сөзі әрі зат есім, әрі сын есім ретінде қолданылады және топонимжасамға екеуі де қатысады: 1) «тесілген жер, қуыс, саңлау» зат есімі; 2) «тесігі бар, тесілген, тесіліп қалған» сын есімі (ҚТТС, 9т, 138).

Мұндай әрі зат есім, әрі сын есім болатын сөздер түбір топонимге айналғанда, күрделі атаулардың екінші сыңарында келгенде заттық мәнге көшеді (Тесік, Ақтесік). Біріккен атаудың бірінші сыңарында үнемі сындық белгіні білдіріп тұрады (Тесіктас).

***Тесік*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Тесік*** + *тас* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Тесік*** + *төбе* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

46 ) **«Тоқ»** сын есімі + зат есім

*Тоқ* сын есімінің негізгі мағынасы «ішіп-жеп тойған» (ҚТТС, 9т, 166) болса да, топонимжасамда оның ауыспалы мағыналарының бірі «жуан, толық, бай, мол» жиі қатысады.

***Тоқ*** + *айрық* (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Тоқ*** + *жайлау* (е.м. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Тоқ*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Тоқ*** + *қамыс* (тұзды көл. СҚО, Тайынша ауд.)
***Тоқ*** + *тас* (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Тоқ*** + *ши* (асу. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тоқ*** + *шұра* (бейіт. ШҚО, Жарма ауд.)

Мұндағы *Тоқшұра* топонимінің екінші сыңарындағы *шұра* сөзі *шұрай, шұрайт* «жердің ең құнарлы, таңдаулы бөлігі; суы, оты мол жер» (ҚТТС, 10т, 285) сөздерінің түбір немесе көне нұсқасы болса керек.

47) **«Ту»** сын есімі + зат есім

*Ту* көпмағыналы сөзінің сын есімге жататын «бір не бірнеше жыл тумай қалған, қысыр; қоңды (мал)» (ҚТТС, 9т, 253) мағынасының ауыспа-

лы түрінің бірі – «әлі игерілмеген, пайдаланылмаған; тың (жер)» (сонда) семантикасы. *Ту* сөзі соңғы мағынасында тұрып, аздаған күрделі топоним жасаған, дегенмен оның қолданылу аясын кеңейтуге болады.

***Ту* + *көл*** (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Ту*** + *тай* (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)

48) **«Тура»** сын есімі + зат есім

«Ешбір ауытқусыз, түзу» мәніндегі *тура* сын есімі осы мағынасын өзгертпей-ақ жер-су атын жасауға қатысады. Келесі бір геонысанға «түзу, қарама-қарсы, төте» орналсақан нысанды атап көрсетеді.

***Тура* + *ағаш*** (е.м. Қостанай обл., Федоров ауд.)
***Тура*** + *жайлау* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Тура*** + *жол* (е.м. Ақмола обл., Зеренді ауд.)

49) **«Тұйық»** сын есімі + зат есім

*Тұйық* сын есімі «шығар жақ беті жабық, бітеу» (ҚТТС, 9т, 266) мағынасымен келіп, бірқатар топонимдер тудырады. Бұл типке жататын үлгілер «бір жағы ашық, екінші жағы бітеу» біткен жер бедерлерін таңбалайды. *Тұйық, бітеу* сын есімдері синоним атаулар жасайды.

***Тұйық*** + *аша* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тұйық*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Тұйық*** + *су* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тұйық*** + *төр* (асу. Жамбыл обл., Меркі ауд.)

Тіркесті атаудан бір үлгі бар:

***Тұйық Қақпақ*** (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

50) **«Тұл»** сын есімі + зат есім

*Тұл* сын есімі «отасқан ері өлген не айырылысып кеткен, баласы жоқ жесір (әйел)» (ҚТТС, 9т, 269) мағынасын және жалпы алғанда, «иесіз қалу» семасын білдіреді (М.: тұл ат).

Біріккен атау құрамында бір ғана үлгіде кездеседі де, «құятын өзен, суы тоқтап қалған, жалғыз көл» мәнін тудырады. «Сусыз, бос көл» дейді анықтамалық авторлары [145;728].

***Тұл* + *көл*** (тұзды көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

51) **«Тұщы»** сын есімі + зат есім

*Тұщы* сын есімі «тұзы жоқ, ішуге жарамды (су)» негізгі мағынасымен «ащы» сын есіміне қарама-қарсы мәнде қолданылады, әрі топонимжасамға қатысады. Қазақ даласының көптеген су, көлдері тұзды болып келетіндіктен, *тұщы су* ерекше белгі деп есептеледі.

***Тұщы*** + *айрық* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Тұщы*** + *бас* (шығанақ. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Тұщы*** + *көл* + *табан* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Тұщы*** + *құдық* (е.м. ОҚО, Арыс ауд.)
***Тұщы*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Тұщы*** + *сай* + *құдық* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Тұщы*** + *шағыл* (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
Тіркесті атау:
***Тұщы*** *Ескен* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

52) **«Түзу»** сын есімі + зат есім

«Тура, тік» мәнді *түзу* сын есімі топонимжасамға қатысып, геонысанның «қисық, қыңыр емес, түзу біткен тұлғасын» анықтайды. Түзу нысан көлденең де, тік те орналасуы мүмкін.

***Түзу*** + *сай* (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.)

53) **«Тік»** сын есімі + зат есім

*Тік* сын есімі «тікесінен, тура, түп-түзу» және «биік, құлди, шаншылған, тіп-тік» мағыналарын береді (ҚТТС, 9т, 397). Осы екі мәнде де топонимдер жасалады, бірақ «геонысанның тігінен орналасуына» байланысты шығатын екінші мағынасы басым қолданылады (М.: Шығуға қиын тік жол семасы).

***Тік*** + *асу* (асу. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)
***Тік*** + *аша* (өзен. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Тік*** + *бұтақ* (өзен. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
***Тік*** + *жал* (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Тік*** + *қабақ* (асу. ШҚО, Күршім ауд.)
***Тік*** + *қайың* (жұрт. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Тік*** + *қара* (қоныс. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Тік*** + *қия* (төбешік. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Тік*** + *сай* (жұрт. БҚО, Сырым ауд.)
***Тік*** + *шың* (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

54**) «Шірік»** сын есімі + зат есім

*Шірік* сын есімі «әбден бұзылып, шіріп кеткен» (ҚТТС, 10т, 375) мағынасымен жер-су атын жасауға қатысатын тәрізді. Алайда бір нәрсенің шіру процесі ұзаққа созылмайтындықтан, ол тұрақты белгі бола алмаса керек-ті. Шірік сын есімі өзінің «тозған, ескірген» ауыспалы мағынасында немесе моңғ. *ширх* «қалың, жиі өскен (өсімдік)» сөзінен шығуы да мүмкін.

***Шірік*** + *аяқ* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)

***Шірік*** + *қайың* (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Шірік*** + *рабат* (қыстау. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)

**4.2.3 Көлемін және бағытын білдіретін сын есімдер + зат есім**

Географиялық нысанның түр-түсі, сапа белгісі сияқты оның көлем-мөлшері мен орналасу бағыты да ерекше белгі ретінде таңдап алынып, атаудың уәжі бола алады. Олар сын есім + зат есім үлгісіне енгенімен, жеке алып қарастыруға тұрарлық өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мәселен, табиғи нысанның көлемін (кіші, үлкен, ұзын, т.б.), сыртқы тұлға пішінін (добал, дөңгелек, серек т.б.) білдіріп, біршама мазмұнды, әдемі топонимдер жүйесін құрайды.

**1) «Алып (Алп)»** сын есімі + зат есім

*Алып* < көне түркі. *алп* сөзі алғашында «батыр» мағынасын жасап (М.Қашқари *алп* «батыр» I т, 77), кейін «үлкен, зор» мәнінде тұрақтап қалғаны мәлім. Оның үстіне батырлар, көбінесе, зор денелі болып келетіндіктен, бұл екі сема бір-бірінен тым алшақтап та кеткен жоқ.

Қазақ топожүйесінен *алып* сын есімін іздеген едік, екі үлгі ғана кездесті және екеуі де *алп* көне нұсқасында тұр. Басқа түркі елдерінде жалқы есім ретінде жиі қолданылатын *алып* сын есімін жер-су атына, кісі есіміне кеңінен тартуға болады.

***Алп*** + *ай* +*сай* (е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Алп*** + *ана* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)

Бірінші үлгі «үлкен, батпақты сай» мәнінде тұрса, екіншісі әлдебір геонысанды «алып анаға теңеуден» туған.

**2) «Бер (бергі)»** сын есімі + зат есім

*Бер* сөзінің бір мағынасы «бер жақ; бергі» сын есімі болып табылады (ҚТТС, 2т, 264). Ар (ар жақ) ұғымына қарама-қарсы мәнде қолданылады.

***Бер*** + *қарын* (құдық. Маңғыстау обл., Мңғыстау ауд.)
***Бер*** + *тоған* (арық. Алматы обл., Ақсу ауд.)

**3) «Биік»** сын есімі + зат есім

*Биік* сын есімі «төмен емес, жоғары», «асқар, заңғар» (ҚТТС, 2т, 315) мағыналарымен, жер бетінен «көтеріңкі, жоғары орналасқан» геонысандарды таңбалайды. Жер-су аттары қалыптасып қойған замандарда «теңіз деңгейінен жоғары» ұғымы пайда болмағандықтан, биіктікті жазық жермен салыстыра өлшеген.

***Биік*** + *адыр* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Биік*** + *жал* (жұрт. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Биік*** + *көл* (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.)

***Биік*** + *қобыз* (бейіт. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Биік*** + *құм* (құм. ШҚО, Үржар ауд.)
***Биік*** + *сары* + *құм* (қоныс. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Биік*** + *тас* (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
***Биік*** + *тас* +*көл* (көл. Қостанай обл., Алтынсарин ауд.)
***Биік*** + *тау* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)

Мұндағы *Биікқобыз* топонимінің құрамындағы *қобыз* сыңары *қобы* «ойпаң жер; аңғар» геотермині арқылы жасалуы мүмкін (қобы > қобы + с > қобыз).

**4) «Дәу»** сын есімі + зат есім

*Дәу* аңыз-ертегілердің «алып, зор» кейіпкері ретінде енген иран сөзі [38;184]. Қолданыла келе және дәудің өмірде болмайтындығы себепті, «үлкен, зор, алып» мәнді сын есімге айналған: *дәу кісі* «денелі, еңгезердей адам»).

Жер-су аттарын жасауға соңғы, сын есім, мағынасында қатысып, геонысанның «ерекше үлкен сыртқы көлемін» белгілейді.

***Дәу*** + *баба* (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Дәу*** + *қара* (қыстау. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Дәу*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Дәу*** + *төбе* (жұрт. ОҚО, Созақ ауд.)

Мұндағы *Дәубаба* – антротопоним болса, *Дәуқара* – «үлкен, дәу қаратау» мағынасын береді.

**5) «Добал»** сын есімі + зат есім

*Добал* «үлкен, ірі» сын есімі, мағынасын сақтай отырып, топонимжасамға қатысады. Добал (< добалдай ) сын есімі табиғи нысанның «далиған үлкен, кең» көлемін айғақтайды.

***Добал*** + *шілік* (қоныс. Павлодар обл., Успен ауд.)

**6) «Дөңгелек»** сын есімі + зат есім

*Дөңгелек* сын есімі «шеңбер порымдас, шар тәрізді» мағынасымен, айналасы «шеңберлене біткен» табиғи нысандарды атайды.

***Дөңгелек*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Шортанд ауд.)
***Дөңгелек*** + *сай* (қоныс. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Дөңгелек*** + *сор* (сор. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Дөңгелек*** + *тоғай* (арал. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

**7) «Жалпақ»** сын есімі + зат есім

*Жалпақ* сын есімі «жалпиған, тапталған, тегіс, кең» ұғымдарымен мәндес келеді және осы мағынада топонимжасамға қатысады. Табиғи

нысанның «жалпия біткен сыртқы тұлғасын», «нысанның көлденең алғандағы көлемін (жалпағын)» анықтайды.

***Жалпақ*** + *асар* (қорған. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Жалпақ*** + *бас* (қыстау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Жалпақ*** + *көшкі* (бет. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Жалпақ*** + *қайың* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Жалпақ*** + *қарағай* (жұрт. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Жалпақ*** + *қоға* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Жалпақ*** + *қотыр* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Жалпақ*** + *ой* (жайлау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Жалпақ*** + *саға* (өзен. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Жалпақ*** + *саз* (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Жалпақ*** + *сай* (бөген. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Жалпақ*** + *сор* (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жалпақ*** + *тал* (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
***Жалпақ*** + *тау* (таулар. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Жалпақ*** + *төбе* (төбе. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Жалпақ*** + *төрткіл* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Жалпақ*** + *ши* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Жалпақ*** + *шілік* (е.м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

Алдыңғы тарауда айтылғандай, *Жалпақасар* топонимінің құрамындағы *асар* сөзі парсы. «ескерткіштер», моңғ. «шатыр; мұнара, күмбез» мағыналарын береді. Көне түркі тілінде «қала, қорған, қамал» мәндерінде қолданылғаны байқалады. Сонда Жалпақасар «ені жалпақ қала» мағынасында тұр деуге болады.

*Жалпаққөшкі* – «қар көшкіні үнемі түсіп тұратын жалпақ бет» мағынасын береді. Шығыс диалектісінде көшкінді *көшкі* деп атайды.

*Жалпаққотыр* - мұндағы қотыр ор. *хутор* сөзінен шығатынын байқау қиын емес.

*Жалпақтөрткіл* – (дұрысы *төрткүл*) «төрт бұрышты жалпақ төбе» семантикасын тудырады.

Тіркесті атау:

***Жалпақ*** *Қоянды* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

**8) «Жоғарғы»** сын есімі + зат есім

*Жоғарғы* сын есімі «үстіңгі; өргі, басқы» мағыналарын беретіні аян (ҚТТС, 4т, 138). Осы семаларын өзгертпей топонимдер жасайды және геонысанның «биікте, үстіңгі жаққа орналасуын» паш етеді.

*Жоғарғы* сын есімі тікелей геотерминдермен байланысып, біріккен топонимдер жасамайды, тек бұрыннан бар топонимді орналасу бағытына

қарай «жоғарғы», «төменгі» нұсқаларына дифференциялап, тіркесті атаулар тудырады: Жоғарғы Тайынты – Төменгі Тайынты.

Мұндай атаулардың біршама мол кездесуіне орыс тілінен енген верхний – нижний антонимдерінің де өз үлесі болғаны жасырын емес (М.: Верхкатун – Жоғарғы Қатын - Өрдегі Қатын – тарихи аты Ақшарбақ).

***Жоғарғы*** *Балықтыкөл* (көл. ШҚО, Жарма ауд.)
***Жоғарғы*** *Барақ* (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Жоғарғы*** *Боралдай* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Жоғарғы*** *Бұрлық* (е.м. СҚО, Айыртау ауд.)
***Жоғарғы*** *Егінсу* (е.м. ШҚО, Үржар ауд.)
***Жоғарғы*** *Жаңақұдық* (құдық. ОҚО, Арыс ауд.)
***Жоғарғы*** *Көңсай* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Жоғарғы*** *Көсім* (қыстау. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Жоғарғы*** *Қайрақты* (кент. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Жоғарғы*** *Қалмақсай* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Жоғарғы*** *Қарасай* (жайлау. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Жоғарғы*** *Қатын* (е.м. ШҚО, Каионқарағай ауд.)
***Жоғарғы*** *Өлеңті* (қыстау. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Жоғарғы*** *Талды* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Жоғарғы*** *Шілікбай* (қоныс. Ақмола обл., Бұланды ауд.)

**9) «Жіңішке»** сын есімі + зат есім

*Жіңішке* сын есімі «енсіз, сидам, талдырмаш» мағынасын береді (ҚТТС, 4т, 340). Топонимжасамға да осы мәнде қатысып, табиғи нысанның «енсіз, жалпақ емес, жіңішке» тұлғасын айғақтап тұрады.

***Жіңішке*** + *бұлақ* (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Жіңішке*** + *жал* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жіңішке*** + *жота* (қоныс. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Жіңішке*** + *кебір* (қоныс. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Жіңішке*** + *құм* (құм. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Жіңішке*** + *өзек* (арна. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Жіңішке*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Жіңішке*** + *су* (өзен. ШҚО, Аягөз ауд.)

Мұндағы *Жіңішкекебір* топонимінің екінші сыңарындағы *кебір* географиялық терминінің мағынасы «кеуіп қалған, құрғақ сор» екені белгілі [66 ;38].

*Жіңішке* сын есімі *жалпақ* сын есіміне қарама-қарсы мәнде тіркесті атаулар да жасайды.

***Жіңішке*** *Қарасай* (өзен. Алматы обл., Үйғыр ауд.)

10) **«Келте»** сын есімі + зат есім

*Келте* сын есімі «қысқа, ұзын емес, шолақ» (ҚТТС, 4т, 590) мағынасымен лексикамызда қолданылып келеді. Жер-су атын жасауға да осы мәнде қатысып, географиялық нысанның «қысқа, шолақ бітетін көлемін» атап көрсетеді.

***Келте*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Келте*** + *қыстау* (қоныс. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.)
***Келте*** + *машат* (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Келте*** + *сор* (тұзды көл. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)
***Келте*** + *тал* (өзен. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

Мұндағы *машат*, Е.Қойшыбаевтың айтуынша, көне түркі, қырғ. *башат* «бастау» сөзінің фонетикалық нұсқасы болып табылады [145;610].

Тіркесті атаудан бір үлгі бар:

***Келте*** *Қарасу* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)

11) **«Кішкене», «кішкентай»** сын есімдері + зат есім

*Кішкене* (< кіші + кене) сын есімі «үлкен емес, шағын; азғантай; аласа» мағыналарында қолданылады (ҚТТС, 5т, 446-447). Жер-су атын жасауға осы мәндерде қатысып, табиғи нысанның салыстырмалы түрде алғандағы «шағын көлемін, азғантай мөлшерін, аласа бойын» атап көрсетіп, *үлкен, кең, биік* сын есімдеріне антонимдік қатынаста болады.

***Кішкене*** + *арал* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Кішкене*** + *бұлақ* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Кішкене*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Кішкене*** + *қопа* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Кішкене*** + *сай* (арна. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Кішкене*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Кішкене*** + *шал* (е.м. БҚО, Казталов ауд.)

*Кішкене* сын есімі *үлкен* сын есіміне қарама-қарсы мәнде тіркесті топонимдер де жасайды (Үлкен Күйкентай – Кішкене Күйкентай).

***Кішкене*** *Аралтөбе* (арал. ШҚО, Үржар ауд.)
***Кішкене*** *Жарма* (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
***Кішкене*** *Көгілдір* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Кішкене*** *Күйкентай* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Кішкене*** *Қарағайлы* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Кішкене*** *Қоссор* (тұзды көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Кішкене*** *Майкөл* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Кішкене*** *Мұқыр* (өзен. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Кішкене*** *Нарқызыл* (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Кішкене*** *Ойлар* (қоныс. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)

***Кішкене*** *Оралма* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Кішкене*** *Табаққалған* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Кішкене*** *Шибұт* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

*Кішкене* сын есімі өзіне тағы бір кішірейткіш мәнді жұрнақ (-тай) қосып алып, «титімдей, титтей, шүйкімдей, тырнақтай, құрттай» (ҚТТС, 5т, 447) мағыналы **кішкентай** сын есімін тудырады. Кішкентай сын есімі, өз кезегінде, күрделі топонимдер жасауға қатысады да, табиғи нысанның «тым қораш, шағын көлем, мөлшерін» әйгілеп тұрады.

***Кішкентай*** *Тастемір* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Кішкентай*** *Тастысай* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Кішкентай*** *Тұрғынды* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

12) **«Кіші»** сын есімі + зат есім

*Кіші* сын есімі «кішкентай, шағын, азғантай» көлемдік мәндері арқылы жер-су атын жасауға қатысады. Алайда біріккен атауларға қарағанда, *үлкен* сын есіміне қарсы мәнде қолданылатын тіркесті атаулар басым болып келеді.

***Кіші*** + кемер (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Кіші*** + *киік* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Кіші*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Кіші*** + *қамыс* (тұзды көл. Ақмола обл., Бестөбе қ.ә.)
***Кіші*** + *құдық* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Кіші*** + *қыр* (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Кіші*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Кіші*** + *тақыр* (қоныс. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Кіші*** + *тас* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Кіші*** + *тау* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Кіші*** + *төбе* (тарихи орын. ОҚО, Төле би ауд.)
***Кіші*** + *түбек* (жұрт. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Кіші*** + *шұқыр* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

*Кіші* сын есімі көптеген тіркесті атаулар тудырады, өйткені оның антонимі *үлкен* сын есімі арқылы жасалған сыңары міндетті түрде болады (М.:Үлкен Бөкен – Кіші Бөкен).

***Кіші*** *Айыркөл* (сор. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Кіші*** *Ақкөл* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Кіші*** *Ақөзен* (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Кіші*** *Ақсу* (өзен. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Кіші*** *Ақтөбе* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Кіші*** *Алматы* (өзен. Алматы обл., Алматы қ.ә.)
***Кіші*** *Арқалы* (тау. ШҚО, Үржар ауд.)

***Кіші** Ащылы* (өзен. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)
***Кіші** Бөкен* (өзен. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Кіші** Борлы* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Кіші** Борсық* (құм. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Кіші** Дария* (өзен. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Кіші** Жалғызапан* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Кіші** Жәнібек* (қыстау. Атырау обл., Мақат ауд.)
***Кіші** Кендірлі* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Кіші** Көкдөнен* (асу. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Кіші** Көкқия* (асу. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Кіші** Қамқалы* (е.м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Кіші** Қаракөл* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Кіші** Қобда* (өзен. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Кіші** Қора* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Кіші** Қоржынкөл* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Кіші** Қоскөл* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Кіші** Құтыңкөз* (өзен. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)
***Кіші** Құскөл* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Кіші** Майлан* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Кіші** Мамай* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Кіші** Нарын* (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Кіші** Сарыкөл* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Кіші** Сарыоба* (тұзды көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Кіші** Талдыкөл* (көл. Ақмола обл., Астана қ.ә.)
***Кіші** Тобылғысай* (өзен. Ақмола обл., Нұра ауд.)
***Кіші** Түкті* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Кіші** Шабақты* (тұзды көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Кіші** Шарықты* (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Кіші** Шырпылы* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

**13) «Қысқа»** сын есімі + зат есім

*Қысқа* сын есімі «келте, шолақ, ұзын емес» (ҚТТС, 7т, 22) мағынасымен топонимжасамға араласады, бірақ бір ғана үлгі кездесіп отыр. Оның белсенділігінің төмен болу себебі, *қысқа* сын есімінің орнына келте, шолақ, мұқыр, бақан (< моңғ. бага(н)) секілді синонимдері жүреді.

***Қысқа** + бұлақ* (бұлақ. ШҚО, Аягөз ауд.)

14) **«Серек»** сын есімі + зат есім

*Серек* сын есімі «сыриған ұзын, сорайған» (ҚТТС, 8т, 276) мағынасын өзгертпей-ақ топонимжасамға қатыса алады. Географиялық нысанның

«басқалардан ерекше серейіп, сорайған сырт тұлғасын, бойын» атап көрсетеді.

Топонимжасамда белсенді емес, дегенмен көптеген терминдермен бірігіп, тіркесіп келіп, сәтті атаулар жасауға қабілетті.

***Серек*** + *тас* (төбешік. Павлодар обл., Май ауд.)

Топожүйемізде осыған ұқсас *Секітас* «секиген тас», *Көксерек* сияқты үлгілер де кездеседі.

15) **«Сеңгір»** сын есімі + зат есім

«Зәулім, биік, заңғар» (ҚТТС, 8т, 270) мәнді *сеңгір* сын есімі түбір күйінде, күрделі атаулардың алдыңғы, соңғы позицияларында келіп, біршама өнімді топоним жасайды. Оның мағынасы биіктікпен байланысты болғандықтан, моңғ. цэнхэр «көк, көгілдір, көкшіл» сын есімімен ұштасатын сияқты.

***Сеңгір*** + *құм* (төбешікті құм. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Сеңгір*** + *там* (төбе. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)

16) **«Сом»** сын есімі + зат есім

*Сом* сын есімі «кесек, тұтас, бүтін; зор, ірі, жұмыр» (ҚТТС, 8т, 337) мағыналарын береді де, табиғи нысанның «тұтас, жұмыр, ірі» тұлғасын білдіру арқылы жалқы есімдер жасайды.

***Сом*** + *аша* (қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Сом*** + *аяқ* + *төбе* (шоқылар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

17) **«Сопақ»** сын есімі + зат есім

«Дөңгелек емес, ұзынша» (ҚТТС, 8т, 344) мағыналы *сопақ* сын есімі осы мағынада жер-су атын жасауға да қатысады және геонысанның «ұзынша, сопақша» біткен бітісін анықтап береді.

***Сопақ*** + *сор* (көл. Қарағанды обл., Абай ауд.)
***Сопақ*** + *тұма* (бейіт. ОҚО, Созақ ауд.)

18) **«Тар»** сын есімі + зат есім

*Тар* – «кең емес, кішкентай, шағын» мәнді сын есім (ҚТТС, 9т, 14). Осы мағынада топоним жасауға қатысып, геонысанның «ені тар, қыспақ жер» екенін айғақтайды. *Кең* сын есіміне қарсы мәнде қолданылады.

***Тар*** + *аш* + *көл* (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.)
***Тар*** + *ғап* (өзен. Алматы обл., Жамбыл обл.)
***Тар*** + *есік* (жартас. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Тар***+ *қолтық* (қыстау. Маңғыстау ауд. Маңғыстау ауд.)
***Тар*** + *тас* (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Тар*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Тар*** + *тоғай* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)

Мұндағы Тарғап < Тар + қап «қап сияқты тар, тұйық жер» мағынасында тұр (16-сурет).

19) **«Ұзын»** сын есімі + зат есім

*Ұзын* сын есімі «қысқа емес, шұбатылған; аласа емес, биік» мағыналарын береді (ҚТТС, 9т, 460). Жер-су атын жасауға осы мәндерде араласып, табиғи нысанның «не ұзын көлемін, не биік бойын» білдіреді.

| | |
|---|---|
| ***Ұзын*** + *ағаш* | (өзен. Алматы обл., Жамбыл обл.) |
| ***Ұзын*** + *арал* | (құдық. ОҚО, Отырар ауд.) |
| ***Ұзын*** + *ата* | (е.м. ОҚО, Шардара ауд.) |
| ***Ұзын*** + *бас* | (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.) |
| ***Ұзын*** + *бұлақ* | (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.) |
| ***Ұзын*** + *дала* | (қоныс. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Ұзын*** + *еспе* | (арна. Алматы обл., Жамбыл ауд.) |
| ***Ұзын*** + *жал* | (е.м. ШҚО, Жарма ауд.) |
| ***Ұзын*** + *жартас* | (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.) |
| ***Ұзын*** + *жота* | (жота. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| ***Ұзын*** + *кебір* | (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.) |
| ***Ұзын*** + *көл* | (көл. СҚО, Ауұайың ауд.) |
| ***Ұзын*** + *күнгей* | (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.) |
| ***Ұзын*** + қайыр | (қоныс. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| ***Ұзын*** + *қамыс* | (көл. СҚО, Уәлиханов ауд.) |
| ***Ұзын*** + *қарағанды* + *сай* | (өзен. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.) |
| ***Ұзын*** + *қашқан* | (өзен. Ақмола обл., Ерейментау ауд.) |
| ***Ұзын*** + *қоға* | (жұрт. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| ***Ұзын*** + *құдық* | (е.м. ОҚО, Отырар ауд.) |
| ***Ұзын*** + *мола* | (бейіт. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |
| ***Ұзын*** + *мысық* | (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ***Ұзын*** + *сай +бас* | (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.) |
| ***Ұзын*** + *сор* | (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ***Ұзын*** + *су* | (көл. СҚО, Есіл ауд.) |
| ***Ұзын*** + *тақыр* | (қоныс. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| ***Ұзын*** + *тал* | (бұлақ. Алматы обл., Кербұлақ ауд.) |
| ***Ұзын*** + *там* | (е.м. Алматы обл., Үйғыр ауд.) |
| ***Ұзын*** + *тас* | (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.) |
| ***Ұзын*** + *тау* | (таулар. Қарағанды обл., Шет ауд. ) |
| ***Ұзын*** + *терек* | (тұзды көл. Павлодар обл., Шарбақты ауд.) |
| ***Ұзын*** + *томар* | (қоныс. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.) |
| ***Ұзын*** + *төбе* | (төбе. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| ***Ұзын*** + *тұма* | (бұлақ. Алматы обл., Ақсу ауд.) |
| ***Ұзын*** + *тұра* | (төбе. ШҚО, Күршім ауд.) |

***Ұзын*** + *түбек* (түбек. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Ұзын*** + *шұңқыр* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Ұзын*** + *шығанақ* (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Ұзын*** + *шыңырау* (арна. ОҚО, Отырар ауд.)

*Ұзын* сын есімі қысқа, келте, шолақ, мұқыр сын есімдеріне қарама-қарсы мәнде тіркесті сыңар атаулар да жасайды.

***Ұзын*** *Қарасу* (көл. СҚО, Есіл ауд.)
***Ұзын*** *Қарғалы* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Ұзын*** *Қызылағаш* (орман. СҚО, Есіл ауд.)

20) **«Ұлы»** сын есімі + зат есім

*Ұлы* сын есімі «орасан зор, аса үлкен, ірі; атақты» мағыналарында қолданылатыны мәлім (ҚТТС, 9т, 477).

Топонимжасамда геонысанның «ірі, үлкен көлемін; елге пана болған, ел үйірілген беделін» әйгілейді де, кіші, кішкене, кішкентай сын есімдеріне қарсы мәнді атаулар жасайды.

***Ұлы*** + *жол* (жұрт. Ақмола обл., Астрахан ауд.)
***Ұлы*** + *көл* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Ұлы*** + *құз* (қыстау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Ұлы*** + *сай* (өзен. БҚО, Бөрілі ауд.)
***Ұлы*** + *тау* (жота. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Ұлы*** + *тоған* (көл. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Ұлы*** + *төбе* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)

Мұндағы *Ұлыжол* «үлкен, күре жол» мәнін де, «кеңестік сара жол» мәнін де беруі мүмкін. Ал *Ұлытау* оронимінде көлемдік мәннен гөрі, «тарихи маңызды мекен» мағынасы басым тұр деуге болады.

*Ұлы* сын есімі кіші сын есіміне антоним болғандықтан, салыстырмалы тіркесті атаулар тудырады.

***Ұлы*** *Жыланшық* (өзен. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Ұлы*** *Жібек жолы* (жол. Тарихи атау)

21) **«Ұсақ»** сын есімі + зат есім

«Кіші-гірім, майда-шүйде, уақ» (ҚТТС, 9т, 494) мағыналы *ұсақ* сын есімі сирек болса да топоним тудыра алады. Онда «біртектес кіші көлемді геонысандардың бірнешеу болуы» негізгі шарт болып табылады.

***Ұсақ*** **+** *бейіт* (бейіттер. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

22) **«Үлкен»** сын есімі + зат есім

Негізгі мағынасы «көлемі жағынан аумақты, зор, дәу» (ҚТТС, 9т, 546) болып келетін *үлкен* сын есімі нақ осы мәнде жер-су аттарын жасауға қатысады. Мұнда да біріккен атауларға қарағанда, *кіші* сын есіміне

антонимдік қатынастағы тіркесті атаулар мол жасалады. Онда, көбінесе, негізгі тау жүйесін, негізгі өзен арналарын таңбалайды да, салалары, бұтақтары *кіші* сын есімін иеленеді (Үлкен Айғай – Кіші Айғай).

1. Біріккен топонимдер:

***Үлкен*** + *айна* (көл. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Үлкен*** + *алаң* (қоныс. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Үлкен*** + *ауыл* (жұрт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Үлкен*** + *аша* (өзен. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Үлкен*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Үлкен*** + *жал* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Үлкен*** + *жол* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Үлкен*** + *кемер* (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Үлкен*** + *көл* (көл. СҚО, Шал ақын ауд.)
***Үлкен*** + *қамыс* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Үлкен*** + *қон* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Үлкен*** + *қопа* (көл. Қостанай обл., Жетіқара ауд.)
***Үлкен*** + *қорған* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Үлкен*** + *құм* (құм. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Үлкен*** + *өзен* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Үлкен*** + *сор* (тұзды көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Үлкен*** + *сор+өзек* (қоныс. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Үлкен*** + *тұз* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Үлкен*** + *тұра* (тау. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Үлкен*** + *ши* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)

Мұндағы Үлкентұра оронимінің құрамындағы *тұра* сөзі «бой, ден, биіктік» мәнін береді (ұзын тұра).

2. Тіркесті топонимдер:

***Үлкен*** *Айғыржал* (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.)
***Үлкен*** *Айдаусай* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Үлкен*** *Ақжар* (е.м. Павлодар обл., Май ауд.)
***Үлкен*** *Ақсу* (өзен. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Үлкен*** *Ақсуат* (көл. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
***Үлкен*** *Ақтау* (жота. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Үлкен*** *Ақтүбек* (түбек. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Үлкен*** *Алабас* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Үлкен*** *Алакөл* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Үлкен*** *Алматы* (өзен. Алматы обл., Іле ауд.)
***Үлкен*** *Амантау* (жұрт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Үлкен*** *Аралтөбе* (арал. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Үлкен*** *Ащыкөл* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Үлкен*** *Әжіболат* (тұзды көл. Павлодар обл., Успен ауд.)

***Үлкен** Балқан* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Үлкен** Бидайық* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Үлкен** Бөген* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Үлкен** Бөкен* (өзен. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Үлкен** Бурылтау* (тау. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Үлкен** Жанбатыр* (көл. СҚО, Тимирязев ауд.)
***Үлкен** Жаркөл* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Үлкен** Жәнібек* (жұрт. Атырау обл., Мақат ауд.)
***Үлкен** Керей* (көл. Қостанай обл., Қарабалық ауд.)
***Үлкен** Көгілдір* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Үлкен** Көкбұлақ* (өзен. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Үлкен** Көлтабан* (көл. СҚО, Мамлют ауд.)
***Үлкен** Күйкентай* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Үлкен** Қабан* (қоныс. ШҚО, Үржар ауд.)
***Үлкен** Қазаншұңқыр* (тоған. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Үлкен** Қалқаман* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Үлкен** Қапал* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Үлкен** Қарақамыс* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Үлкен** Қарақоға* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Үлкен** Қарақуыс* (жота. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Үлкен** Қараой* (тұзды көл. СҚО, Ақжар ауд.)
***Үлкен** Қаратал* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Үлкен** Қаратомар* (қоныс. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Үлкен** Қаратүп* (көл. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Үлкен** Қоскөл* (тұзды көл. СҚО, Айыртау ауд.)
***Үлкен** Қосқопа* (көл. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
***Үлкен** Қосмұрын* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Үлкен** Қоссор* (Павлодар обл., Железин ауд.)
***Үлкен** Құсқамыс* (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Үлкен** Лаба* (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Үлкен** Нарқызыл* (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Үлкен** Нарын* (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Үлкен** Ойнақ* (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Үлкен** Самар* (арал. Павлодар обл., Павлодар ауд.)
***Үлкен** Саралжын* (қыстау.БҚО, Теректі ауд.)
***Үлкен** Сарыадыр* (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Үлкен** Сарықамыс* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Үлкен** Сұлутөр* (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Үлкен** Талсай* (е.м. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Үлкен** Текебұлақ* (өзен. ШҚО, Үржар ауд.)
***Үлкен** Теріскөл* (көл. Қостанай обл., Ұзынкөл ауд.)

***Үлкен** Тобылғысай* (өзен. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Үлкен** Түрген* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Үлкен** Ұзынбұлақ* (қоныс. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Үлкен** Үшкөл* (көл. Қостанай обл., Ұзынкөл ауд.)
***Үлкен** Шаған* (е.м. БҚО, Зеленов ауд.)
***Үлкен** Шарын* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Үлкен** Шұбар* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

Топожүйемізде *үлкен* сын есімінің қарлұқ тілдеріне тән нұсқасы *катта* сөзі арқылы жасалған бір атау кездеседі (***Катта** Асутөр* – жота. Алматы обл., Райымбек ауд.), алайда ол қазақ тілінің топонимжасамына үлгі бола алмайды.

23) **«Шалқар»** сын есімі + зат есім

«Кең-байтақ, шексіз, шетсіз, үлкен» (ҚТТС, 10т, 116) мағыналы *шалқар* сын есімі тура осы мағынасын өзгертпестен топонимжасамға араласады. Географиялық нысанның «кең жайылған көлемін» атап көрсетеді, бірақ *кең* сын есіміне қарағанда поэтикалық реңк басым болып келеді (шалқар теңіз, шалқар дала, шалқар көңіл т.б.).

***Шалқар** + көл* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Шалқар** + теңіз* (сор. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Шалқар** + шөл* (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

Бір ғана тіркесті атау үлгісі кездеседі:

***Шалқар** Қарашатау* (тұзды көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

24) **«Шақпақ»** сын есімі + зат есім

*Шақпақ* сын есімі тілімізде «төрт бұрышты, тор көзді» мағынасында қолданылады (ҚТТС, 10т, 99). Түбі парсы. cahar «төрт» сан есімінен шығатын сияқты [111; 782].

Жер-су атын жасауға табиғи нысанның «төртбұрышты, төртпақ» тұлғасын анықтау арқылы қатысады.

***Шақпақ** + тас* (тау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Шақпақ** + тас + тау* (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.)

Тіркесу арқылы антротопоним жасалған:

***Шақпақ** Ата* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)
***Шақпақ** Баба* (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.)

25) **«Шой»** сын есімі + зат есім

«Орасан зор, дәу, үлкен» (ҚТТС, 10т, 236) мәнді *шой* сын есімі көбінесе адамның дене бітіміне байланысты айтылады (шой қара, шой кеуде т.б.). Осы мағынадан айнымай топонимдер жасауға да қатысады. Табиғи нысанның «үлкен, зор, сом» тұлғасын сипаттайды.

***Шой*** + *тас* (тоған. БҚО, Аралтөбе ауд.)
***Шой*** + *төбе* (тж. бекеті. ОҚО, Түркістан қ.ә.)

26) **«Шоқ»** сын есімі + зат есім

*Шоқ* сын есімі «бір топ, шоқталған» (ҚТТС, 10т, 239) мағынасымен келіп, геонысанның «топтана, шоқтана» біткен шоғырын атап көрсету арқылы, жер-су аттарын қалыптастырады.

***Шоқ*** + *қамыс* (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Шоқ*** + *қарағай* (төбе. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Шоқ*** + *тал* (көл. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Шоқ*** + *тас* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Шоқ*** + *төбе* (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Шоқ*** + *шілік* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

*Шоқ* сөзінен шығатын *шоқша* (< шоқ+ша) сын есімі де реті келгенде топонимжасамға қатысуы мүмкін. Онда табиғи нысанның «шағын ғана шоқтанған шоғырын, тобын» нұсқайды.

***Шоқша*** + *ауыл* (жұрт. СҚО, Уәлиханов ауд.)

**27) «Шолақ»** сын есімі + зат есім

«Қысқа, ұзын емес, келте» (ҚТТС, 10т, 247) мағыналы *шолақ* сын есімі топонимжасамға белсенді қатысып, біршама өнімді біріккен, тіркесті атаулар жасайды. *Ұзын* сын есіміне қарама-қарсы мәнде жұмсалады да, денотаттың «қысқа, келте, шорт үзілген» ұзындығын, бойын атап көрсетеді (Ұзын Қарғалы – Шолақ Қарғалы).

***Шолақ*** + *ай* (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Шолақ*** + *ащы* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Шолақ*** + бұлақ (бұлақ. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Шолақ*** + *еспе* (өзен. ШҚО, Абай ауд.)
***Шолақ*** + *жартас* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Шолақ*** + жиде (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Шолақ*** + *жиде* + *сор* (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Шолақ*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Шолақ*** + *қайың* (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.)
***Шолақ*** + *қарағай* (жайлау. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Шолақ*** + *қарасу* (өзен. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Шолақ*** + *қопа* (көл. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
***Шолақ*** + *қорған* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
***Шолақ*** + *құдық* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Шолақ*** + *нұра* (қоныс. Қарағанды обл., Нұра ауд.)

***Шолақ*** + *орда* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Шолақ*** + *өзен* (е.м. СҚО, Айыртау ауд.)
***Шолақ*** + *сай* (е.м. ҚОстанай обл., Наурызым ауд.)
***Шолақ*** + *сары* + *сай* (жылға. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Шолақ*** + *сеңгір* (төбе. ОҚО, Созақ ауд.)
***Шолақ*** + *сор* (тұзды көл. СҚО, Ақжар ауд.)
***Шолақ*** + *там* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Шолақ*** + *терек* (көл. ШҚО, Абай ауд.)
***Шолақ*** + *томар* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Шолақ*** + *тораңғы* (қоныс. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Шолақ*** + *тұма* (қыстау. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Шолақ*** + *түлкі* (тау. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)

Тіркесті атаулар:

***Шолақ*** *Аңқаты* (өзен. БҚО, Сырым ауд.)
***Шолақ*** *Дәмді* (өзен. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
***Шолақ*** *Қайрақты* (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Шолақ*** *Қарғалы* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Шолақ*** *Қарасу* (көл. СҚО, Шал Ақын ауд.)
***Шолақ*** *Сандық* (тау. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Шолақ*** *Тамды Торғай* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Шолақ*** *Талдық* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)

Мұндағы Шолаққарасу мен Шолақ Қарасу екі түрлі гидроним екені аян: қарасу біріншісінде – ГТ, екіншісінде – толыққанды топоним.

28) **«Шоң»** сын есімі + зат есім

«Үлкен, дәу, жуан» (ҚТТС, 10т, 255) мағыналы *шоң* сын есімі тек қырғыз тілінде ғана емес, кезінде барлық түркі тілдерінде болған сыңайлы. Оған дәлеліміз – қазақ тілі ономастикасында сақталып қалған іздер: Шоң – антропоним, Шоңмұрын – этноним, Шоңтас – топоним, Шоңай, Шоңайна – фитонимдер т.б.

*Шоң* сын есімі топонимжасамда табиғи нысанның басқалармен салыстырғанда «үлкен, көлемді, ірі» тұлғасын сипаттап тұрады.

***Шоң*** + *ой* (көлтабан. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Шоң*** + *тас* (асу. Алматы обл., Райымбек ауд.)

Қазақстанның барлық аймағында дерлік кездесетін, бірде *Шонай*, бірде *Шоңай* болып жазылып жүрген топонимдерді энциклопедиялық анықтамалық авторлары түгелдей кісі атынан жасалған дейді. Шонай атты адамға барлық жерде жер-су атының беріле беруі мүмкін емес. Біздің ойымызша, бұл – Шоңайна тәрізді фитоним.

Қорыта келгенде, **сын есім+зат есім** үлгісіндегі топонимдер алуан түрлі және этнолингвистикалық ақпараты мол сөздердің бірігуі, тіркесуі арқылы аналитика-семантикалық жолмен жасалатынын көреміз.

**4.3 Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Сын есім + зат есім үлгісімен жасалатын біріккен топонимдер сияқты, зат есім + зат есім үлгісімен пайда болатын біріккен атаулар да топожүйемізде біршама мол кездеседі. Көлемі жағынан зат есім + зат есім үлгісі қомақты болып келеді және қолдануға өте ыңғайлы, номинативтік ауқымы кең, әдемі топонимдер тудырады.

Топонимжасамдағы зат есім + зат есім үлгісімен жасалатын біріккен топонимдер сөзжасамдағы біріккен зат есімдердің жасалу жолымен бірдей. Мұнда да толық мағыналы екі сөз қатысып, жаңа лексикалық мағыналы сөз туады; дара сөздерге ұқсас дара күйінде қолданылып, одан әрі түрлене алады. М.: Астау + көл → Астаукөл; Астаукөлге, Астаукөлден т.б.

Зат есімдер кез келген зат пен құбылыстың атауы болып келетіндіктен, лексемаға бай, функциясы алуан түрлі сөз табына жатады. Мәселен, зат есімнің екінші бір зат есіммен жалғаусыз, қабыса байланысу арқылы сын есімге айналуы (адъективациялануы) түркі тілдерінде бар құбылыс. Тіл білімінде мұндай құбылысты конверсия тәсіліне жатқызады. Тілші-ғалым Н.К.Дмитриев: «зат есімнің сын есімге өтуі және керісінше болуы барлық тілдерге тән құбылыс, дегенмен, түркі тілдерінде бұл ауысу ерекше жеңіл жасалады», - дейді [ 70; 119].

Қазақ тіліндегі конверсия тәсілі бойынша сөз тудыру мәселесін арнайы зерттеген Ж. Сарбалаев *алтын тамыр, күміс сағат, тас құдық* сөз тіркестеріндегі «алтын, күміс, тас» сөздерін зат есім емес, сын есім деп танып, сөздіктен жеке орын беру керектігін ескертеді [70; 21]. Алайда көптеген ғылыми еңбектерде мұндай күрделі сөздер және атаулар зат есім + зат есім үлгісі ретінде қарастырылады және зат есім уақытша ғана атрибутивтік қызметке жегілетіні айтылады. Оның басты себебі сын есімнің грамматикалық категорияларының шектеулі, лексикаларының аз болып келуінде деуге болады.

Біріккен зат есімдердің «... соңғы сыңары, - дейді «Қазақ грамматикасының» авторлары, - өзі тіркесіп тұрған сөзге тікелей қатысы бар, белгілі дәрежеде сол сөздің ерекшелігін, түрлі тектік белгісін білдіреді, әрі қарай біріккен зат есімнің жасалуына негіз болады. Мәселен, шөп, ағаш, гүл, құс, торғай т.б. біріккен зат есімдердің жасалуына тірек болған»[3; 326]. Соған байланысты біріккен зат есімдерде тірек сыңар және ауыспалы сыңар болады. Тірек сыңар бірінші орында да, екінші орында да тұра беруі мүмкін. М.:




Мұндағы *тас, кезең* географиялық терминдері тірек сыңар да, қалғандары ауыспалы сыңар болып табылады.

Ал қазақ тілінің сөзжасамын зерттеушілердің бірі А.Б.Салқынбай: «аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы себепші негіздердің біреуі тірек сөз, біреуі көмекші сөз деуге келмейді. Туынды сөздің екіншілік сөзжасамдық мағынасында себепші негіздің екеуінің де семалық үлесі болады, әрі олардың үлес салмағы екіншілік мағына семасының ерекше семасын туғызуға бірдей қатысады», - дейді [1;241-242]. Автор біз көрсетіп өткен *тас, кезең* сөздерінің бірнеше атауға ортақ болуын олардың тірек мағынасына қатысты емес, сөзжасамдық парадигма жасау қабілетіне байланысты екенін атап көрсетеді. (сонда).

Қалай дегенмен, күрделі топонимдерді зерттеу барысында олардың бірінші сыңары үнемі ауысып отыратыны, ал екінші сыңары белгілі гографиялық терминдердің қайталанып келе беретінін көрсетеді. Бұл негізгі (тірек) мағынаны екінші сыңары беретінін, ал денотаттың ерекше бір белгісін (сынын, сапасын, неден тұратынын т.б.) бірінші сыңары анықтап тұратынын байқатады. Егер *Айғыржал* оронимінің бірінші сыңарын алып тастаса, екінші сыңары жеке топоним болып тұра алады да (Жал), соңғысын алып тастаса, онда бірінші сыңар толыққанды топоним бола алмайды (Айғыр).

Сондықтан жер-су аттарын жасауда тірек сыңар мен ауыспалы сыңар бар екенін және олардың екеуінің де маңызды екенін мойындауға тура келеді. Өйткені топонимдердің алуан түрлілігін туғызатын, әрине ауыспалы сыңарлар екені мәлім. Олар географиялық нысандардың мыңдаған ерекше белгісін жеке-жеке атап, мыңдаған күрделі атаулар жасайды. Біз оларды жеке-жеке үлгі ретінде көрсету арқылы, табиғи нысанның жаңа қырларын ашып, тың атаулар жасауға болатынын дәлелдеуге ұмтылып отырмыз.

Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен атаулардың «сыңарлары әуел баста анықтаушы және анықталушы сөз ретінде қалыптасқанымен, қазір бұл сыңарлардың арасында ондай қатынастардың белгісі жоқ, тек заттың атауы» ғана болып табылады [3; 329]. Солай болғанмен олардың

арасында әр түрлі мағыналық қатынастар сақталып қалған. Оларды сын есім + зат есім үлгісіндегідей жеке-жеке топтастыруға келмесе де, мағыналық ерекшеліктерін байқауға болады:

-географиялық нысанның қандай заттан тұратынын білдіреді: *Құмсуат, Тасөткел, Сорсай т.б.;*

-пішін ұқсастығы: *Айыртас, Айнакөл, Айыркезең, Қоянжал т.б.;*

-мекенін, орнын, бағытын көрсету: *Ауызағаш, Аяққөл, Батыс Шалдай, Белқарағай т.б.*

Зат есім + зат есім үлгілерін алфавит бойынша рет саны арқылы беріп отыруға тура келеді, өйткені олардың ауыспалы зат есімдері көп және әр түрлі болып келетіндіктен, мағыналық топтарға жіктеу мүмкін емес. Бізге маңыздысы олардың топонимжасамдық қабілеті мен бірігу процесі екені айқын.

1) **«Ағаш»** зат есімі + зат есім

*Ағаш* зат есімі «бұтақтанып биік өсетін көп жылдық өсімдіктердің ортақ аты» (ҚТТС, 1т, 54). Ағаш зат есімі топонимжасамға осы жалпы мағынада қатысады: ол жерде ағаштың өсуі – ерекше белгі, ал қандай ағаш өсетіні маңызды емес.

| | |
|---|---|
| ***Ағаш*** + *аяқ* | (құдық. Алматы обл., Балқаш ауд.) |
| ***Ағаш*** + *бит* | (қоныс. СҚО, Тимирязев ауд.) |
| ***Ағаш*** + *жайлау* | (таулар. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Ағаш*** + *ит* | (қыстау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| ***Ағаш*** + *құдық* | (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| ***Ағаш*** + *оба* | (тау. Алматы обл., Жамбыл ауд.) |
| ***Ағаш*** + *орын* | (е.м. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| ***Ағаш*** + *үй* | (арал. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| ***Ағаш*** + *үй +көл* | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |

Мұндағы *Ағашаяқ* - антротопоним (ұзын ағаш аяқпен жүретін салсерілер болған) немесе «ағаш өскен жердің аяғы, бітетін жері» мағынасын береді.

*Ағашбит* – «биттеген ағаш» мәнінде тұруы мүмкін, өйткені ағаштың өзіне тән биті болатыны мәлім.

*Ағашит* – атаудың уәжі түсініксіз. Әлдебір оқиғаға байланысты болуы ықтимал, ал кез келген екі сөз ешбір себепсіз біріге бермейді. Бұл – біріккен сөздердің жасалуындағы басты шарт.

2) **«Адам»** зат есімі + зат есім

Араб тілінен енген *адам* сөзіне ҚТТС-та қайдағы бір «өндіріс құралдарын өндіре алатын т.т.» тәрізді ұзақ сонар анықтама беріліпті. Дұрысы: «кісі, жан» («Абай тілі сөздігі», 1968, 20) деген ұғым болса керек.

Топожүйемізде ұқсату арқылы жасалған жалғыз үлгі табылып отыр:

***Адам*** + *тас* (мүйіс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

«Тастың тұлғасы адам тәніне ұқсаған» соң берілген атау. Адамға ұқсас басқа да табиғи нысандар табылып жатса, үлгі болуға жарайды.

3) **«Ай»** зат есімі + зат есім

*Ай* зат есімінің кең тараған негізгі мағынасы – «түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета» (ҚТТС, 1т, 86). Бұдан басқа жер-су атын жасауға қабілетті мынадай мағыналары кездеседі: *ай* «батпақ», «батпақты жер» (эвенк.) [60; 40]; *ай* «кең, жазық» (ай+дала), «тақыр, таз» (ай+тақыр) [38; 169].

| | |
|---|---|
| ***Ай*** + *балта* | (қырат. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| ***Ай*** + *бас* | (шоқы. Ақмола обл., Жақсы ауд.) |
| ***Ай*** + *батпақ* | (жайлау. ШҚО, Күршім ауд.) |
| ***Ай*** + *ғабақ (<қабақ)* | (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.) |
| ***Ай*** + *кене* | (құм. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| ***Ай*** + *қоныс* | (көл. Қостанай обл., Денисов ауд.) |
| ***Ай*** + *маңдай* | (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| ***Ай*** + *сары+қопа* | (көл. Қостанай обл., Наурызым ауд.) |
| ***Ай*** + *тау* | (таулар. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| ***Ай*** + *тоған* | (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.) |
| ***Ай*** + *шолақ* | (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ***Ай*** + *шым* | (қыстау. БҚО, Бөкей ордасы ауд.) |
| ***Ай*** + *шырақ* | (е.м. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.) |

Келтірілген үлгілердің туынды мағыналары жоғарыда айтылып өткен *ай* сөзінің мәндеріне барып тіреледі. Мәселен, *Айбалта* – «көкке қараған айбалтаның жүзіне ұқсас тастары бар қырат, тау т.б.» мәнді метафоралық жолмен жасалған ороним (17-сурет).

*Айбас* – «басы тақыр, таз тау, төбелерге» қаратып айтылатын атау.

*Айбатпақ* – алтай тілдерінде *ай* «батпақ» + «батпақ», яғни плеоназм арқылы жасалған «батпақты кең алқап» семантикасында тұрған атау.

*Айқабақ >Айғабақ* – «жарты ай тәрізді иілген қабақ» мәнін береді.

*Айкене* – мұндағы *кене* угро-фин. *кенте,кенда* «құмды төбелер» сөзінен шығып «тақыр, өсімдіксіз құм төбелері» мағынасын беретін сияқты [60; 271].

*Айқоныс* – «ай даладағы мекен».

*Аймаңдай*- «маңдай тұсы ашық тау, төбе, шоқы т.б.»

*Айсарықопа* – «батпақты сары қопа».

*Айтау* – «тақыр, тасты тау».

*Айшым* – «батпақты, шымды жер».

*Айшырақ* – «ежелгі ғимараттар орнынан ай пішіндес қола шырақтар

табылған соң, солай аталған», - дейді энциклопедиялық анықтамалықтың авторлары [145;380].

4) **«Айғыр»** зат есімі + зат есім

*Айғыр* зат есімі «үйірге түсетін еркек жылқы» мағынасымен де топонимдер жасауға қатысады (*Айғыржығылған, Айғырсойған* т.б.) және «табиғи нысанның ірі, шоқтығы биік» тұрғанын айғырға теңеу арқылы да топонимдер жасайды (*Айғыржал*, *Айғыршоқы* т.б.). Мұнда жылқы ішінен айғырдың ерекше көзге түсетіні; ірі санды, құйрық-жалды болып келетін дене тұрпаты семасы ұлттық дүниетанымнан орын алып, жер-су аттарын жасауға жұмсалған деуге болады.

***Айғыр*** + *байтал* (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Айғыр*** + *бастау* (бұлақ. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Айғыр*** + *бек* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Айғыр*** + *бұлақ* (бұлақ. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Айғыр*** + *жал* (жота. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Айғыр*** + *ишан* (тау. ОҚО, Отырар ауд.)
***Айғыр*** + *көл* (көл. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Айғыр*** + *қалпе* (қоныс. ОҚО, Созақ ауд.)
***Айғыр*** + *құм* (төбе. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Айғыр*** + *тас* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Айғыр*** + *шағыл* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Айғыр*** + *шоқы* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Айғыр*** + *шығанақ* (қыстау. Атырау обл., Махамбет ауд.)

Мұндағы Айғырбек, Айғыршан, Айғырқалпе оронимдерінің кісі атына қатысы жоқ. Лауазым аттарын тау, төбелерге беру түркілерде бар құбылыс (М.: моңғ. *боғда*, қырғ. *қараш* т.б.). Атаулардың екі сыңарлары да ол нысандардың «ірі, бөлек, биік» тұлғаларын айқындауға арналған.

**5) «Айна»** зат есімі + зат есім

Иран тілінен енген *айна* зат есімі «алдында тұрған заттың бейнесін дәл көрсете алатын тегіс, жылтыр шыны» (ҚТТС, 1т, 99) мағынасын беретіні белгілі. *Айна* сөзі «бейнені шағыстырып көрсете алатын» табиғи нысандарға таңылып, жер-су атын жасауға да қатысады. Айнадай жалтырап, бейнені дәл көрсету – көбінесе, сұлы нысандарға тән құбылыс. Қола, шыны, айналар болмаған кезде, адам баласы мөлдір суға қарап, бет-жүзін көретін болғандығы аян.

***Айна*** + *ақ* > Айнақ (тұзды көл. Павлодар обл., Успен ауд.)
***Айна*** + *бала* (қыстау. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Айна*** + *бастау* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

***Айна*** + *бұлақ* (бұлақ. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Айна*** + *көз* > *Айнагөз* (бұлақ. ШҚО, Күршім ауд.)
***Айна*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Айна*** + *құдық* (құдық. Атырау обл., Индер ауд.)
***Айна*** + *су* (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Айна*** + *тас* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

Мұндағы *Айнақ* (< Айна + ақ) гидронимі «айнадай жарқыраған ақ тұзды көл» мәнін береді.

*Айнабала* – егер антропоним болмаса, онда «айнадай жалтыраған кіші, шағын (су, бұлақ т.б.)» ұғымын туғызады.

*Айнатас* - «күнге шағылысып жататын айнадай жылтыр тас» мәнінде тұр.

**6) «Айран»** зат есімі + зат есім

*Айран* («ашытқы құйып ұйытқан сүт», ҚТТС, 1т, 103) зат есімі сирек болса да топонимжасамға қатысып, өзен, көлдің «ақ айран түстес лай суын» атап көрсетеді. М.: Айран (өзен. ШҚО, Үржар ауд.)

Судың ақшыл түске енуіне мұздақ маңындағы ақ, сары топырақтар әсер етеді. Мұндай гидронимдер көбінесе *ақ* сын есімі арқылы жасалатыны белгілі (Ақ Қаба, Ақеспе т.б.)

***Айран*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)

**7) «Айуан»** зат есімі + зат есім

Араб тілінен енген *айуан* зат есімі «хайуан, жануар» мәнді сөз екені мәлім (ҚТТС, 1т, 111). Оның жер-су атына қатысы барын бір ғана үлгіден көреміз.

***Айуан+төбе*** (тау, 1024 м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)

«Сырт пішіні әлдебір хайуанатқа ұқсас төбесі бар тау» мағынасын беретін сыңайлы, болмаса «әр түрлі хайуанаттардың суреттері салынған таңбалы тасы бар» тау болуы да мүмкін.

**8) «Алма»** зат есімі + зат есім

*Алма* «ел ішіне кең тараған жеміс ағашы» (ҚТТС, 1т, 228) мағыналы зат есімі күрделі топонимдер жасауға қатысып, «алма жемісі өсетін, мол өсетін» жерлерді анықтайды.

***Алма*** + *арасан* (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Алма*** + *сай* (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Алма*** + *тау* (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.)

Ескерту: Мұндағы Алмасай ойконимі кісі есімінен жасалған, алайда «алма өсетін сай» мағынасында да топоним жасалуы әбден мүмкін.

**9) «Алқа»** зат есімі + зат есім

*Алқа* сөзі – «қыз-келіншектер мойнына, омырауына сәнге тағатын әшекейлі зат; маржан, меруерт» (ҚТТС, 1т, 223) мағыналы зат есім.

Топонимжасамда ұқсату арқылы «табиғи нысанның кеуде тұсына алқалана (орала) біткен екінші бір табиғи нысанды және алқа пішіндес басқа да нысандарды» атап көрсетеді.

| | |
|---|---|
| ***Алқа*** + *ағаш* | (е.м. СҚО, Шал Ақын ауд.) |
| ***Алқа*** + *бек* | (өзен. ШҚОғ Күршім ауд.) |
| ***Алқа*** + *көл* | (көл. БҚО, Сырым ауд.) |
| ***Алқа*** + *көл +құм* | (құм.ОҚО, Арыс қ.ә.) |
| ***Алқа*** + *көл+ сұлама* | (тарихи ұғымды білдіретін атау) |
| ***Алқа*** + *мерген* | (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| ***Алқа*** + *сор* | (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.) |
| ***Алқа*** + *терек* | (е.м. СҚО, Ақжар ауд.) |

Мұндағы *Алқабек* гидронимі «тауды алқалай, орай ағатын өзен» мағынасын беретіні анық.

Ал *Алқамерген* атауының екінші сыңарындағы *мерген* сөзі қаз., моңғ., алт. «дәл атып тигізуші; балгер, сәуегей; дана, кемеңгер» мағыналарын береді және діни мақсатта топонимге айналады. Осы елдердегі Алқамерген, Мергенола, Мерген-суу, Мерген-йарық топонимдері мерген сөзінің географиялық терминге айналып бара жатқанын көрсетеді.

**«Алтын»** зат есімі + зат есім

*Алтын* – «әдемі сары түсті қымбат металдың» аты (ҚТТС, 1т, 235). Жер-су атын жасарда тура мағынасында да («алтыны бар жер»), ауыспалы мағынасында да («алтындай сары түсті жер») қолданыла береді.

| | |
|---|---|
| ***Алтын*** + *қолат* | (тж.ст. ШҚО, Жарма ауд.) |
| ***Алтын*** + *сай* | (е.м. ШҚО, Зырян қ.ә.) |
| ***Алтын*** + *тағ* | (Алтай тауының түркі тіліндегі көне атауы) |

10) **«Аман»** зат есімі + зат есім

Қазақ тілінде араб. *аман* «сау-сәламат; түгел, бүтін» (ҚТТС, 1т, 249) мағыналы сын есімі бар, ал *аман* зат есімі жоқ. Жер-су атында ғана сақталып қалған *аман* зат есімі бурят., қалм. *аман* < *моңғ.ам(н)* «ауыз; кіре беріс; жырық, жарық; шатқал» мағыналы сөзі екені дәлелденген [46;49].

| | |
|---|---|
| ***Аман*** + *бөктер* | (асу. Алматы обл., Ақсу ауд.) |
| ***Аман*** + *бұлақ* | (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.) |
| ***Аман*** + *жар* | (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.) |
| ***Аман*** + *көл* + *сор* | (тұзды көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |

***Аман*** + *қарағай* (орман. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)
***Аман*** + *қызыл* + *ит* (қыстау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Аман*** + *өткел* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Аман*** + *сай* (жайлау. БҚО, Сырым ауд.)
***Аман*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Аман*** + *тоғай* (е.м. Қостанай обл., Амангелді ауд.)

Бұлардың барлығы да географиялық нысанның «аузы, басталар тұсы» мағынасын береді. Қаз. *Ауызағаш, Ауызорпа* топонимдерімен бір деңгейде тұрады (18-сурет).

11) **«Ана»** зат есімі + зат есім

*Ана* сөзі «туған шеше» мағыналы зат есім екені белгілі және ол метафоралық жолмен жер-су атын жасауға қатыса алады.

Топонимжасамда «басқа нысандар бөлініп шығатын негізгі, түпкі нысанды» атайды. Кейде табиғатты сыйлау, сыйыну мақсатында да *ана* сөзі топонимге айналады. М.: қырғ. *Енесай* «ана өзен».

***Ана*** + *көл* (тж. бекеті. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)

*Анакөл* – «басқа көл, өзендер бөлініп шығатын негізгі көл» немесе «ұлы, қасиетті көл» мағыналарының бірінде тұр.

12) **«Аң»** зат есімі + зат есім

*Аң* сөзі «жабайы айуандардың жалпы аты» (ҚТТС, 1т, 271) мағынасымен топонимжасамға қатысады. Көшпелі халықтың мал шаруашылығынан кейін айналысатын кәсібі – аңшылық. Алайда *аң* жалпы есімінен жасалған үлгі аз кездеседі. Оның орнын нақты аң түрінің атынан жасалған зоотопонимдер толықтырып отыратын сыңайлы (*Бұғышат, Еліксай* т.б.).

***Аң*** + *қақ* (бейіт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Аң*** + *қара* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Аң*** + *сай* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

Үш топоним де таулы жерлерден болғандықтан, «аңы бар қақ, қара (су не тау), сай» мағыналарында тұрғаны даусыз. Тек *Аңқара* гидронимі «аңды қара» деген етістік мәнді атау болуы да ықтимал.

13) **«Апан»** зат есімі + зат есім

*Апан* зат есімі «ойылған жер, шұңқыр» (ҚТТс, 1т, 291) мағынасымен түбір (Апан), туынды (Апанды) және күрделі (Апанқақ) топонимдер жасауға қатысады.

***Апан*** + *қақ* (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Апан*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)

14) **«Ара»** зат есімі + зат есім

*Ара* омоним сөзінің бір нұсқасы – «екі орта, аралық» (ҚТТС, 1т, 302) мағынасын беретін *ара* зат есімі. Ол осы мағынасын өзгертпей-ақ топонимжасамға араласып, «екі нысанның ортасындағы, арасындағы үшінші бір нысанды» атайды. Кейде ара шаруашылығымен айналысатын жерді (пасеканы) білдіреді.

***Ара*** + *дөң +тау* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Ара*** + *қарағай* (орман. Қостанай обл., Алтынсарин ауд.)
***Ара*** + *қора +мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

15) **«Арал»** зат есімі + зат есім

*Арал* зат есімі «жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық» (ҚТТС, 1т, 307) мағынасын беретіні аян. Алайда, біз алдыңғы тарауларда айтып өткендей, «жан-жағы құрлықпен қоршалған шағын су» (Арал теңізі), «айдаладағы бір шоқ орман», «орман ішіндегі шағын жазық» т.б. нысандар да *арал* атануы мүмкін.

***Арал*** + *ағаш* (орман. СҚО, Есіл ауд.)
***Арал*** + *жота* (қоныс. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Арал*** + *көл* (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Арал*** + *қарағай* (қоныс. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Арал*** + *құм* (тж.бекеті. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Арал*** + *мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Арал*** + *өткел* (қоныс. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Арал*** + *сор* (тұзды көл. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Арал*** + *тал* (е.м. БҚО, Бөрілі ауд.)
***Арал*** + *тау* (жота. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Арал*** + *тоғай* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Арал*** + *төбе* (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Арал*** + *ши* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

16) **«Аран»** зат есімі + зат есім

*Аран* көпмағыналы сөзінің топонимге қатысы бары екеу:

*1. Аран* «кірпіш пен темірден жасалған қоршау» (ҚТТС, 1т, 312). Көне түркі. *аран* «мал (ат) қора» [46;53].

Қазақ тіліндегі *аранду, аранға түсу* «байқаусызда ұрыну, соғылу» (ҚТТС, 1т, 313) сөздеріне қарағанда, *аран* алғашында аңдарды қуып әкеліп түсіретін ор, тоспа, қоршау ретінде салынған болуы керек.

*2. Аран* «көкнәр тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдіктер туысы» (ҚТТС, 1т, 312); «дымянка – көгілдір, жаманкөк, аран» өсімдігі [Б.Қ.; 26].

***Аран*** + *қорған* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Аран*** + *сай* (жұрт. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Аран*** + *тоған* (арық. Алматы обл., Ақсу ауд.)

Алдыңғы екі топоним «аңды ұстауға арналған араны бар қорған, сай» мағынасында тұр десек, соңғы үлгі «суды бөгеп ұстауға арналған аранды (тоғанды)» меңзейді.

17) **«Арасан»** зат есімі + зат есім

*Арасан* сөзінің «түрлі ауруларды емдейтін минералды жылы су» (ҚТТС, 1т, 314) түріндегі жалғыз мағынасы бар. Осындай шипалы суы бар жердің атына ғана *арасан* зат есімі қатысады.

***Арасан*** + *бастау* (бұлақ. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Арасан*** + *бұға* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Арасан*** + *тау* (таулар. ШҚО, Үржар ауд.)

Мұндағы *Арасанбұға* гидронимінің екінші сыңары бұға : 1. моңғ. *буга* «бұғы» сөзінің; 2. сібір. *буга* «жағалау; дымқыл, батпақты жер» сөздерінің; қазақ. *бұға+ з* «құрлықты бөліп жатқан жіңішке су» сөзінің бірінде тұр (Б.Базылхан, Э.М.Мурзаев, ҚТТС, 2т, т.б.).

Арасан зат есімі тіркесті атау да жасайды:

***Арасан*** *Қапал* (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.).

18) **«Арқа»** зат есімі + зат есім

«Жота, жауырын жон» (ҚТТС, 1т, 326) мағыналы *арқа* сөзі түбір (Арқа), туынды (Арқалық) топонимдерді жасауға белсенді араласады. Өкінішке орай біріккен, тіркескен атаулар жоқтың қасы. Келешекте күрделі топонимдер жасауға кеңінен тарту қажет.

***Арқа*** + *уыл* (таулар. ШҚО, Күршім ауд.)

Мұндағы *уыл* сыңары қосымша емес, моңғ. *уул* «тау» сөзі екені аян. Сонда *Арқауыл* «арқатау» мағынасында тұр.

19) **«Арқар»** зат есімі + зат есім

*Арқар* («қой тектес жабайы аң») зат есімі де түбір, туынды атаулар жасауға белсенді қатысқанымен, күрделі топоним жасауға келгенде бәсең тартады. Бірақ бір үлгі болса да атап өту қажет екені түсінікті болса керек.

***Арқар*** + *су* (бұлақ. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.).

20) **«Арлан»** зат есімі + зат есім

*Арлан* сөзі «қасқыр, ит тұқымдастардың еркегі» (ҚТТС, 1т, 332) мағынасындағы зат есім, ауыспалы мағынада «ірі, үлкен» семантикасын беретіні белгілі.

Нақ осы ауыспалы мәнде топонимжасамға қатыса алады.

***Арлан*** + *көл* (тұзды көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

«Басқа көлдермен салыстырғанда үлкені, көлемдісі» семасын тудырады.

21) **«Арт»** зат есімі + зат есім

*Арт* зат есімі «белгілі бір заттың алдыңғы бетіне қарама-қарсы жағы, екінші беті» (ҚТТС, 1т, 342) мағынасымен жер-су атын жасауға қатысып, табиғи нысанның «ту сыртын, арт жағын» анықтайды. «Артқы, соңғы» мағынасын беруі де мүмкін. Көне түркі тілінде *арт* сөзі «асу» мәнінде қолданылған (*мұзарт* «мұзды асу»).

***Арт*** + *көл* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)

«Бір нысанның арт жағындағы көл» мәнінде тұр.

22) **«Арын»** зат есімі + зат есім

*Арын* сөзі «қарқын, екпін; судың қатты екпіні» (ҚТТС, 1т, 362) мағыналарын береді және осы мәндерде топоним жасауға араласады.

***Арын*** + *құдық* (құдық. БҚО, Ақжайық ауд.)

«Суы арындап мол шығатын құдық» мәнін туғызады.

23) **«Астау»** зат есімі + зат есім

*Астау* сөзі «ағаштан ойып жасалған, ас салатын ыдыс», кей жерлерде «мал суаруға қолданылатын науа» мағыналарын береді. Көнерген сөз ретінде тілден ығыстырылып бара жатқаны сөзсіз, алайда терминжасам мен топонимжасамда кеңінен қолдануға болады.

Жер-су атын жасауға пішін ұқсастығы арқылы қатысып, «астауға ұқсас геонысандарды» атап көрсетеді.

***Астау*** + *бидайық* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)

***Астау*** + *көл* (қоныс. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)

***Астау*** + *қобы* (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)

***Астау*** + *сор* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

***Астау*** + *ши* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

**24) «Асты»** зат есімі + зат есім

*Асты* көмекші есімі «бір заттың үстіне қарама-қарсы жағы, төменгі жері, түбі» мағынасымен жер-су атын жасауға атсалысуы қажет-ақ, дегенмен бір-екі үлгі ғана кездеседі.

***Асты*** + *көл* (көл. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлоов ауд.)

***Асты*** + *ой* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

25) **«Астық»** зат есімі + зат есім

*Астық* «дәнді дақылдардың жалпы атын» білдіретін сөз екені мәлім. «Астық өсетін жер» мағынасында топонимдер жасауға қатысады. Қазақстан жерінде астық мол өсірілетіндіктен, келешекте тың атаулар жасауға көптеп тартуға болады.

**Астық** + *көл* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

26) **«Асу»** зат есімі + зат есім

*Асу* сөзі «таудың кісі аса алатын жері; белес» (ҚТТС, 1т, 393) мағынасымен географиялық термин ретінде қолданылатыны белгілі. Үнемі соңғы позицияда тұратын геотерминдер кейде алдыңғы орынға орналасып, анықтауыш қызметін де атқарып кетеді (Қиынасу – Асусай).

***Асу*** + *бұлақ* (кент. ШҚО, Ұлан ауд.)

***Асу*** + *сай* (шатқал. Алматы обл., Алакөл ауд.)

***Асу*** + *төр* ( асу. Алматы обл., Райымбек ауд.)

27) **«Асы»** зат есімі + зат есім

*Асы* – Алматы облысының Кеген ауданына тән диалект сөз. Мағынасы «қыр, биік, үстірт» [107; 454]. *Асы* зат есімінің түбірі асқар, асу сөздерінің түбірлерімен ұялас сияқты.

Топожүйемізде, көбінесе оңтүстік аймақтарда, түбір күйінде жиі кездеседі, ал біріккен атаулар аз жасалған.

***Асы*** + *саға* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

***Асы*** + *стан* (жұрт. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)

Мұндағы *стан* сыңары ор. стан «стан, қос, лагерь» сөзінен енген [82; 966].

28) **«Ат»** зат есімі + зат есім

*Ат* омоним сөзінің бір мағынасы «үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы» екені баршаға мәлім. Топонимжасамға көбінесе, осы мәнмен келіп, көшпелілер өмірінде елеулі орын алатын мініс көлігі – атқа қатысты нысандарды сипаттайды («аттың жайлауы, атқа арналған қора» т.б.).

*Ат* сөзінің тағы бір омонимі, «есім, атау» мәні де кейде топоним жасауға түрткі болады: Атыжамансай, Атыжақсыкөл, Атыжоқбұлақ т.б.

***Ат*** + *арал* (топарал. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

***Ат*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

***Ат*** + *жайлау* (тау. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

***Ат*** + *жал* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)

***Ат*** + *қора* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)

***Ат*** + *сексеуіл* (қыстау. Алматы обл., Балқаш ауд.)

***Ат*** + *шабыс* (қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

***Ат*** + *шұбар* (сай. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)

29) **«Ата»** зат есімі + зат есім

*Ата* туыстық атауының негізгі мағынасы «үлкен әке, әкенің әкесі; бергі ата» (ҚТТС, 1т, 415) болып табылады. Жер-су атын жасарда, оның ауыспалы мағыналары: 1) «арғы ата, ата-баба, ататек, ұлы (атажұрт, атамекен); 2) «үлкен, ірі, биік»; 3) «қаздың т.б. жануарлардың еркегі» қатысуы мүмкін.

***Ата*** + *арал* (мүйіс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Ата*** + *кент* (кент. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Ата*** + *қазы* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Ата*** + *қоныс* (е.м. ОҚО, Мақтарал ауд.)
***Ата*** + *құдық* (қоныс. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Ата*** + *қызыл* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Ата*** + *мекен* (е.м. БҚО, Тасқала ауд.)
***Ата*** + *мұра* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Ата*** + *су* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)

Мұндағы *Атакент, Атақоныс, Атамұра* ойконимдерінің кірме атауларды ауыстыру мақсатында, бертін жасалғанын байқау қиын емес. Алайда мұндай әдемі, айбынды сөздермен әуестеніп, табиғи нысанның болсын, елді мекен тұрған жердің болсын, өзіндік қасиетін, ерекшелігін елемей кетуге болмайды. Топонимжасамның басты қағидасы да сол – ерекше белгіні, уәжді іздеп табу. Бұл үш атауға қарағанда, Атаарал, Атақұдық, Атасу топонимдері әлдеқайда құнды.

30) **«Атан»** зат есімі + зат есім

*Атан* сөзі «піштірілген, ақталған түйе» мағынасын береді (ҚТТС, 2т, 423). Топонимжасамға оның «үлкен, зор» ауыспалы мағынасы қатысып, геонысанның басқалардан гөрі «ірі, биік» көлемін әйгілейді.

***Атан*** + *бас* (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Атан*** + *жез* (қоныс. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Атан*** + *қара* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Атан*** + *мола* (бейіт, Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Атан*** + *оқ* (қоныс. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Атан*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Атан*** + *шоқы* (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Атан*** + *ши* (жұрт. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

*Атаноқ* топонимінің екінші компоненті *оқ*, Э.М.Мурзаевтың айтуынша, Қарақұмда қолданылатын «шағын арық, су жинайтын ой, ойпаң жер» мағынасын беретін географиялық термин болып шығады [46;409]. Сонда Атаноқ «үлкен, ірі арық» мағынасында тұр деуге келеді.

31) **«Ау»** зат есімі + зат есім

*Ау* зат есімі «балық ұстайтын үлкен тор, сүзгі; құс ұстауға лайықтап жасалған тор» (ҚТТС, 1т, 450) мәндерін береді және бірінші мәнде («балық аулауға арналған құрал») топонимжасамда кездесіп қалады.

***Ау*** + *қайран* (е.м. Атырау обл., Исатай ауд.)

Мағынасы «ау салатын қайраң (саяз) су» дегенге саяды.

32) **«Ауыз»** зат есімі + зат есім

*Ауыз* зат есімінің негізгі мағынасы «адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі» болғанмен, топонимжасамға оның ауспалы мағынасы – «бір нәрсенің басталар жері» қатысады. Моңғ. бурят *аман,* ор. *устье*, парсы. *дахан/дехан* «ауыз», «кіре беріс», «басталар тұс» географиялық терминдерімен тең дәрежеде қолданылады.

***Ауыз*** + *ағаш* (қоныс.СҚО, Айыртау ауд.)
***Ауыз*** + *арал* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Ауыз*** + *бақы* (бұлақ. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Ауыз*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Ауыз*** + *құдық* (құдық. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Ауыз*** + *орпа* (қыстау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Ауыз*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Ауыз*** + *су* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

Үлгілер тізіміндегі Ауызбақы топонимінің екінші сыңары *бақы* – кавказ тілдерінде «тау алды төбелер, бөктер» мағынасын беретін ГТ [46;67]. Азербайжан республикасының астанасы Баку (<Бакы) осы терминнен жасалған.

**33) «Аша»** зат есімі + зат есім

*Аша* зат есімі «екі не одан да көп тармаққа айырылып шыққан ағаш» (ҚТТС, 1т, 511) мәнімен де, осыдан шығатын «сайдың, өзеннің саласы» мағынасымен де жер-су атын жасай береді. Көбінесе екінші сыңарда тұратын ГТ.

***Аша*** + *көл* (тұзды көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Аша*** + *су* (өзен. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)

34) **«Ашу»** зат есімі + зат есім

*Ашу* зат есімі «ыза, реніш, кейіс» (ҚТТС, 1т, 518) мағынасын береді және адамға тән бұл мінез құбылысының табиғатқа телінуі арқылы жер-су аттары жасалады.

***Ашу*** + *бұлақ* (бұлақ. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Ашу*** + *тас* (тау. ШҚО, Зайсан ауд.)

Мұндағы *Ашутас /Ашудас* – түссіз, мөлдір кристалл тастары (квасцы) бар жерге берілетін атау.

**35) «Аю»** зат есімі + зат есім

*Аю* [айұу] зат есімі «денесі үлкен, әрі икемсіз келген ірі жыртқыш аң» мағынасымен де, ауыспалы («ебедейсіз зор денелі, еңгезердей») мағынасымен де топонимдер жасайды. Тиісінше ол топонимдер екі түрлі мағына туғызады:

1. «Аю мекендейтін жер» семасы. 2. «Аю секілді, аюға ұқсас немесе ірі, үлкен табиғи нысан» семасы.

***Аю*** + *көл* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Аю*** + *қорған* (қоныс. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Аю*** + *сай* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Аю*** + *тас* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Аю*** + *төбе* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Аю*** + *төр* (өзен. ОҚО, Төле би ауд.)
***Аю*** + *шат* (үңгір. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

**36) «Ая»** зат есімі + зат есім

*Ая* [айа] зат есімі «аумақ, көлем, мөлшер» (ҚТТС, 1т, 541) мағынасын береді дегенде, оның көбінесе *алақан аясындай, аядай* «шағын, кішкентай ғана, аумақсыз» мәнінде қолданылатынын байқау қиын емес. *Ая* сөзі соңғы мағынада жер-су атын жасауға қатысып, табиғи нысанның «шағын, енсіз, көлемсіз» белгісін анықтайды.

***Ая*** + *гөз* (өзен. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Ая*** + *көл* (көл. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.)

Мұндағы *Аягөз* – көне түркі. *айа* «шағын, кіші» + *үгүз* «өзен» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған гидроним. Сонда Айаүгүз > Айагүз >Аягөз «шағын, енсіз өзен» болып шығады. Ертісті әрең кешіп өтетін түркілер салыстырмалы түрде келесі өзеннің «аядай ғана» екенін байқаған.

**37) «Аяқ»** зат есімі + зат есім

*Аяқ* [айақ] сөзі адақ, азақ нұсқаларымен қоса «адамның жанжануарлардың жүру, тұру қызметін атқаратын дене мүшесі» (ҚТТС, 1т, 545) екені аян. Алайда топонимжасамда *аяқ* сөзінің «бір нәрсенің төменгі жағын» білдіретін ауыспалы мағынасы белсенді қызмет атқарады. *Бас, жоғарғы, өр* сөздерінен жасалатын топонимдерге қарама-қарсы мәнде қолданылады да, табиғи нысанның «аяқ жақта, төменде, етекте, соңында» орналасқанын әйгілеп тұрады.

***Аяқ*** + *арал* (арал. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Аяқ*** + *бұлдырық* (төбешік. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Аяқ*** + *жол* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Аяқ*** + *жыра* (жұрт. ШҚО, Жарма ауд.)
***Аяқ*** + *көл* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

***Аяқ*** + *қайнар* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Аяқ*** + *қалқан* (жұрт. Алматы обл., Қапшағай қ.ә.)
***Аяқ*** + *қамыр* (көне қала. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Аяқ*** + *қамыс* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Аяқ*** + *қара* (жұрт. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Аяқ*** + *қара* + *сай* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Аяқ*** + *қарауыл* (төбе. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Аяқ*** + *құдық* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Аяқ*** + *құлан* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Аяқ*** + *құм* (құм. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Аяқ*** + *құм* + *лақ* (канал. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Аяқ*** + *нұра* (қоныс. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Аяқ*** + *өзен* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Аяқ*** + *саз* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Аяқ*** + *сарын* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Аяқ*** + *сор* (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Аяқ*** + *су* (бұлақ. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Аяқ*** + *тақыр* (құдық. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Аяқ*** + *тоғыз* (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Аяқ*** + *төбе* (төбе. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Аяқ*** + *шілік* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

*Аяқ* зат есімі *бас* сөзіне қарама-қарсы мәндегі тіркесті атаулар да жасайды.

***Аяқ*** *Арқар* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Аяқ*** *Бестау* (таулар. Қарағанды обл., Қаражал қ.ә.)
***Аяқ*** *Қаратал* (жыра. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Аяқ*** *Қоңырдөң* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Аяқ*** *Қызылжар* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Аяқ*** *Майтөбе* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Аяқ*** *Малайсор* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)

Біріккен топонимдер тізіміндегі *Аяққамыр* атауының екінші сыңары *қамыр* моңғ. *хамар/хамыр* «дөңес, тұмсық, мойнақ; су мүйісі» мағыналарын беретін ГТ [77;563].

*Аяқсарын* – «аяққы су сарыны естіліп тұратын қоныс» мәнді атау болуы мүмкін.

**38) «Әулие»** зат есімі + зат есім

Лексикамызға араб тілінен енген *әулие* сөзі әуел бастан «қасиетті», «киелі жан» (ҚТТС, 1т, 651) мағынасында болғаны анық. Уақыт өте келе «ең қадірлі, таңдаулы, керемет» мәнінде адамнан басқа да заттарға қатысты қолданыла бастайды. Солардың бірі – жер-су аттары. Топоним-

жасамда «геонысанның ерекше жаратылысына, емдік шипалылығына орай немесе діни сенімге байланысты қасиетті жер» деген ұғымда атаулар жасайды. Ондай жерлерде ақтық байлау рәсімі жүргізіледі.

***Әулие*** + *ағаш* (қорым. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Әулие*** + *ата* (Тараз қаласының бұрынғы аты)
***Әулие*** + *бастау* (көне қала орны. Жамбыл обл., Тараз қ.ә.)
***Әулие*** + *бұлақ* (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Әулие*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Әулие*** + *құм* (қоныс. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Әулие*** + *мола* (тау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Әулие*** + *оба* (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Әулие*** + *сексеуіл* (қоныс. Алматы обл., Балқащ ауд.)
***Әулие*** + *тай* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Әулие*** + *тас* (жартас. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Әулие*** + *төбе* (тау. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Әулие*** + *шабыра* (төбешік. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Әулие*** + *шоқы* (тау. ШҚО, Жарма ауд.)

**39) «Баба»** зат есімі + зат есім

Лексикамызға парсы тілінен енген *баба* сөзі «арғы ата, үлкен ата» (ҚТТС, 1т, 5) мағынасында қолданылады. Топонимжасамда «ата-баба мекені болған жерлерді, кейде ұлы, үлкен, бұрынғы, ескі нысандарды» атайды.

***Баба*** + *сай* (құрғақ арна. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Баба*** + *тоған* (жазық. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

**40) «Базар»** зат есімі + зат есім

*Базар* сөзі лексикамызға парсы тілінен еніп, «арнайы алаңдарда орналасқан еркін сауда-саттық жайы, орны» (ҚТТС, 2т, 24) мағынасында қолданыста жүр. Топонимжасамда тура мағынасында қолданылуы да, «базар тәрізді көпшілікке ортақ нысанды» да, «шуы, думаны мол жерді» де атауы мүмкін.

*Базар* сөзі жалқы есімдердің ішінде антропоним жасауға белсене араласатындықтан, көп топонимдер кісі есімінен шығып тұруы да ғажап емес.

***Базар*** + *бейіт* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Базар*** + *көл* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Базар*** + *қақпа* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Базар*** + *құдық* (қыстау.ШҚО, Бесқарағай ауд.)
***Базар*** + *төбе* (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Базар*** + *шолан* (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.)

Мұндағы *шолан* – батыс аймаққа тән «сарай» мәніндегі диалект сөз.

41) **«Бақ»** зат есімі + зат есім

Парсы тілінен енген *бақ* сөзінің екі түрлі мағынасы бар: 1) «әр түрлі жеміс ағаштары өсірілген көлемді жер, бау-бақша»; 2) «бақыт, талай» (ҚТТС, 2т, 48-49). Осы екі мәнде де жер-су аттары жасалуы мүмкін.

***Бақ*** + *бас* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Бақ*** + *қоныс* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Бақ*** + *сай* (өзен. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Бақ*** + *шоқы* (көл. ШҚО, Абай ауд.)

*Бақ* «бау-бақша» сөзінің кішірейту мәнді жұрнақ арқылы туындаған түрі *бақша* (< бақ+ша) сөзі де топонимжасамға қатыса алады:

***Бақша*** + *құдық* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)

42) **«Бақа»** зат есімі + зат есім

*Бақа* «суда, батпақта өмір сүретін қос мекенді жәндіктің» аты екені мәлім. «Бақасы көп жерлерді» (бақасы қойдай шулаған сазды, сулы жерлерді) атап көрсету мақсатында топонимжасамға араласады.

***Бақа*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Бақа*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Бақа*** + *ойнақ* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Бақа*** + *су* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Бақа*** + *ши* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

43) **«Бақай»** зат есімі + зат есім

*Бақай* сөзі – «омыртқалы жануарлар мен адамның қол-аяғының саусақ сүйектері; башпайлары» (ҚТТС, 2т, 51) мәніндегі анатомиялық термин. Олардың негізгі белгісіне салаласа орналасуы жатады. Жер-су атын жасауға осы ерекшелігі ықпал етеді де, «бір негізгі нысаннан айырылып шыққан бірнеше салалардың басқы, бөлінер тұсын» атап көрсетеді.

***Бақай*** + *сай* (сай. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)

*Бақайсай* – «бір сайдың бірнеше салаға бақайланып, бөлініп кетуін» білдіретін топоним.

44) **«Бақан»** зат есімі + зат есім

«Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндіктерді көтеріп жабуға керекті ашалы ағаш» (ҚТТС, 2т, 53) мәніндегі *бақан* сөзі метафоралық жолмен «басы, кейде аяғы екі салаға бөлініп кететін нысанды» атау арқылы топонимжасамға қатысады.

***Бақан*** + *ас* (арна. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бақан*** + *тай* + *сор* (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Бақан*** + *шайыншақ* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

Мұндағы *Бақанас* гидронимін моңғ. *богино* «қысқа, шолақ, келте» + *ус* «су» сөздерінің бірігуінен шығаратын ғалымдар да бар (Ғ. Қоңқашпаев т.б.): Богиноус > Бақанас. Бұл жерде төреші, әрине, географиялық нысанның өзі болып табылады.

*Бақантайсор* – «салаланған шағын сор» мәнін береді.

*Бақаншайыншақ* атауының екінші сыңары «бір нәрсені үнемі шайып тұратын су» мәнін беретін сияқты.

45) **«Бал»** зат есім + зат есім

*Бал* зат есімі «гүл шырынынан ара арқылы алынатын қоймалжың келген, шипалы тәтті тағам» (ҚТТС, 2т,67) атауы. «Ара балы өндірілетін жер (омарта)» мағынасымен де, «жері, суы, шөбі шүйгін, дәмді» ауыспалы мағынасымен де топоним жасай алады. Лексикамызда *бал бұлақ* «мөлдір, тұнық бұлақ», *бал құрақ* «балауса көк құрақ» тіркестері бұрыннан бар.

***Бал*** + *қотан* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Бал*** + *құдық* (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)

46) **«Бала»** зат есімі + зат есім

*Бала* зат есімі «ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым» (ҚТТС, 2т, 69) түріндегі негізгі мағынасынан басқа көптеген ауыспалы мағынаға ие болады. Солардың бірі: «кіші көлемді, шағын, баладай» мағынасы, жер-су атын жасауға белсенді қатысады. Көбінесе *ұлы, үлкен* сөздерімен келетін топонимдерге қарама-қарсы мәнде қолданылады (Үлкен Топар – Бала Топар, Ақжал – Балажал).

***Бала*** + *әулие* (бейіт. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Бала*** + *батпақ* (өзен. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Бала*** + *бейіт* (е.м. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Бала*** + босаға (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бала*** + *дала* (қоныс. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
***Бала*** + *жал* (тау. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Бала*** + *көл* (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бала*** + *қандым* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Бала*** + *қора* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Бала*** + *құм* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бала*** + *май* + *тас* (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Бала*** + *ой* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақаия ауд.)
***Бала*** + *саз* (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Бала*** + *тағай* (бейіт. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Бала*** + *тақыр* (тұзды көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Бала*** + *теңіз* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бала*** + *төбе* (қыстау. Жамбыл обл., Қордай ауд.)

Үлгілер ішіндегі *Балақандым* атауының екінші сыңары *қандым* – өсімдік аты (жүзген өсімдігінің бір түрі).

*Балатағай* – мұндағы *тағай* қазақ тілінің кей диалектісінде «нағашы» мәнінде қолданылады.

*Бала* зат есімі, сонымен бірге, *ұлы, үлкен* сөзімен келетін тіркесті атауларға антоним атаулар жасайды. Кейде *ұлы, үлкен* сөздерінсіз келген топонимдерге де қарсылас болады (*Көкпекті – Бала Көкпекті*).

***Бала** Арқалық* (тау. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Бала** Бөген* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Бала** Ермен* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Бала** Жарма* (канал. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Бала** Жезді* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бала** Желкекті* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бала** Көкпекті* (өзен. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Бала** Қазақсай* (өзен. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Бала** Қарауыл* (тау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Бала** Қоңқай* (шоқы. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Бала** Қоянды* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Бала** Құндызды* (өзен. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Бала** Сайхан* (төбе. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бала** Сарыөзек* (өзен. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бала** Сораң* (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Бала** Талдық* (өзен. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Бала** Терісаққан* (өзен. Қостанай обл., Арқалық ауд.)
***Бала** Топар* (арна. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бала** Түндік* (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Бала** Шаян* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Бала** Шоқыман* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бала** Шідерті* (өзен. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)

Топонимжасамда *бала* «шағын, кіші» мәнді сөзінен шығып, әр түрлі мағыналық реңк үстейтін *балай, балаң, балапан* сөздері де жер-су атын жасауға қабілетті болып келеді:

1. ***Балай** + түбек* (түбек. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
2. ***Балаң** + адыр* (шоқы. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
   ***Балаң** + тас* (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.)
3. ***Балапан** + жота* (жота. Алматы обл., Ақсу ауд.)
   ***Балапан** + жыра* (қоныс. ШҚО, Семей қ.ә)
   ***Балапан** + қыз* (төбе. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)

47) **«Балақ»** зат есімі + зат есімі

*Балақ* сөзі «шалбардың, дамбалдың тізеден төменгі жағы» (ҚТТС, 2т, 71) мағынасын беретіні белгілі. Оның ауыспалы мағынасы «таудың етегі, төменгі жағы» мәнінде жер-су атын жасайды.

***Балақ*** + *тау* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)

*Балақтау* – «төменгі, етектегі тау» мәніндегі атау [145;394].

**48) «Балқаш»** зат есімі + зат есімі

*Балқаш* сөзіне ҚТТС-та «мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін, сулы, соны жер» деген анықтама берілген (2т,84). Ал түркі тілдерінің көпшілігінде «тув. *балгаш,* түрк. *палгаш* «батпақты, томарлы жер» мағынасын береді [46;70]. Бұл екі пікірге де ортақ сема «сулы, дымқыл жер» болып келуі екені байқалады.

***Балқаш*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

**49) «Балта»** зат есімі + зат есім

*Балта* сөзі «өткір жүзді, екінші жағы шүйделі, ағаш шабатын сабы бар құралдың» (ҚТТС, 2т,87) аты. Топонимжасамда, негізінен, пішін ұқсастығы арқылы метафоралық атаулар жасайды (Айбалта, Балтақара).

Сонымен бірге Шығыс Европа жерінде кең тараған *балта, балтэ, блато, болото* «батпақ» географиялық терминінің ізі болуы да мүмкін, өйткені қыпшақтардың Шығыс Европаға дейін жайлағаны тарихтан аян (Балтасай, Балтакөл).

Мұндай дуализмнен географиялық нысанның, шындық болмыстың өзі ғана құтқарады. Оны зерттеу керек.

***Балта*** + *көл* (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)
***Балта*** + *қара* (қоныс. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Балта*** + *құдық* (бұлақ. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Балта*** + *сай* (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Балта*** + *сап* (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Балта*** + *тарақ* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)

Мұндағы *Балтақара* атауы «жазықта көлбей жатқан қырлы, қара тасты қыратты» атайтындықтан, ұқсату арқылы жасалып тұрғаны анық. *Балтатарақ* та осындай жолмен жасалуы мүмкін немесе тарақ, тарғақ шөптерінің аттары араласады. Ал *Балтасап* – «көлдің пішіні балта сабына ұқсауынан» туындайды, болмаса «балта сабындай келте, жақын, иек артпа» жердегі көл мағынасын береді.

**50) «Балуан»** зат есімі + зат есім

Табиғи нысанды балуанның денесіне ұқсату арқылы, *балуан* сөзінен түбір топонимдер жасалатынын айтқанбыз (осы еңбек, 3.2.2 тараушасы).

Ол түбір топоним бірігу жолымен одан да айқын, әдемі атаулар тудырады. Табиғи нысанның «ірі, сом, шымыр» тұлғасын анықтайды.

***Балуан*** + *баз* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Балуан*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Балуан*** + *тас* (тас. ШҚО, Күршім ауд.)
*Балуанбаз* – «үлкен, ірі мал қорасы (базасы)» мәнін береді.

51) **«Балық»** зат есімі + зат есім

*Балық* зат есімі «суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануарының» (ҚТТС, 2т, 91) аты екені мәлім. Көптеген гидроним «балықтың мол, бар екенін» білдіретін туынды топоним *Балықты (< Балық + ты)* арқылы жасалады. Кейде дәл осы мағынаны *балық* сөзі басқа сөзбен бірігу арқылы да тудырады.

***Балық*** **+** *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Балық*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)

*Балық* сөзі, сонымен бірге, көне түркі. *балық* «қала, қорған, қамал» тарихи мағынасын беретінін ескертеміз (М.:Бешбалық, Ордубалық т.б.).

52) **«Барлық»** зат есімі + зат есім

Топонимжасамға қатысы бар *барлық* сөзі қазіргі сөздік құрамымызда кездеспейді. Алайда кейбір түркі тілдерінде, мәселен тув. *порлуг > борлуг > барлык* «батпақты» сөзі қолданылады (*Барлык*, өзен. Тува республикасы) [81;150].

***Барлық*** *Арасан* (бұлақ. ШҚО, Үржар ауд.)

Атау «батпақты, мүмкін балшықпен емдейтін, арасанды жер» мағынасын береді деуге болады.

*Барлық* түбір топонимі кең тараған және оның *Бұрлық* нұсқасы да топожүйемізде бар.

53) **«Бас»** зат есімі + зат есім

Көпмағыналы *бас* сөзінің негізгі мағынасы «адамның, жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі» (ҚТТС, 2т, 111) болып табылады.

Топонимжасамға қатысты мағыналары мыналар: «таудың, қырдың, дөң-дөңестің т.б. нәрселердің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі»; «өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі»; «бір табиғи нысанның қалғандарынан жоғары орналасуы (аяқ сөзіне антонимдік қатынаста); «басқа табиғи нысандар тарап шығатын негізгі нысан». Бұлардың барлығы негізгі мағынадан ұқсату арқылы шығып жатқаны айқын.

***Бас*** + *ағаш* (е.м. Қостанай обл., Меңдіқара ауд.)
***Бас*** + *ағаш* + *сор* (көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

***Бас*** + *ада* (тау. Ақтөбе обл., Әйтек би ауд.)
***Бас*** + *арал* (арал. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Бас*** + *арық* (қанал. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бас*** + *ащы* + *сай* (жайлау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Бас*** + *байтал* (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бас*** + *бақ* (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Бас*** + *бармақ* (жота. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бас*** + *бұлақ* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Бас*** + *жол* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бас*** + *жыра* (жұрт. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Бас*** + *көкше* (қоныс. ОҚО, Созақ ауд.)
***Бас*** + *көл* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Бас*** + *қағыл* (жота. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бас*** + *қайың* (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Бас*** + *қамыс* (қыстау. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Бас*** + *қан* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Бас*** + *қан* + *тау* (жота. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Бас*** + *қарағай* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Бас*** + *қараған* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Бас*** +*қараған* +*сай* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Бас*** + *қарасу* (қыстау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Бас*** + *қопа* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Бас*** + *құдық* (жұрт. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Бас*** + *құмақ* (құм. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Бас*** + *құнша* (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бас*** + *ойнақ* (төбешік. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бас*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Бас*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Бас*** + *су* (бұлақ. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бас*** + *табан* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Бас*** + *тал* (е.м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Бас*** + *тарау* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бас*** + *тау* (қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Бас*** + *тоғыз* (құдық. Жамбыл обл., Мрйынқұм ауд.)
***Бас*** + *томар* (е.м. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)
***Бас*** + *төбе* (е.м. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Бас*** + *туайт* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бас*** + *тұз* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Бас*** + *тіл* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Бас*** + *ши* (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Бас*** + *шорым* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

***Бас*** + *шыған* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Бас*** + *шыңырау* (тау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

Үлгілер тізіміндегі *Басада* оронимінің екінші сыңары *ада* тілші-ғалым Л.В.Дмитриеваның айтуынша, оғыз тілдерінде «өзеннің шағын аралы; түбек» мағыналарын береді; әзірб. *ада*, түркімен. *ада* «арал» [148;135].

*Басбармақ* – «үлкен саусақ секілді бөлектенген шыңы, тасы бар тау» мәнді ороним.

*Басқағыл* – «жел қағып тұратын, желді негізгі жер».

*Басқан* – екінші сыңары көне түркі. *қам// кем, қан//кен* «өзен» геотермині арқылы жасалып тұр: *Басқан* «негізгі, басты өзен», *Сарқан* «сары сулы өзен» т.б.

*Басқұнша* – мұндағы *құнша* нанай. *кунчэ* «төбе», «дөң» геотермині болуы мүмкін [46;314].

*Бастуайт* - мұндағы *туайт* моңғ. *туят [туйаат]* «сәулелі, нұрлы» сөзі болуы мүмкін, өйткені моңғолдар тау мен суға діни ат беретіні мәлім (Кеген, Сайхан т.б.) [77;483].

*Бас* зат есімі арқылы жасалған тіркесті атаулардың, міндетті түрде, *аяқ* зат есімі арқылы жасалған антиподы болады. Олай болмаса, оларды (бас, аяқ сөздерін) атауға тіркестірудің қажеті болмас еді.

***Бас*** *Ақсай* (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бас*** *Боралдай* (тау. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Бас*** *Бұлдырық* (төбешік. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бас*** *Дересін* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бас*** *Жалаулы* (арна. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Бас*** *Жаманқара* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Бас*** *Керегетас* (жота. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Бас*** *Қарабұтақ* (көне қорған. Ақтөбе обл., Әйтек би ауд.)
***Бас*** *Қарауыл* (төбе. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Бас*** *Қараш* (асу. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Бас*** *Қарқара* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Бас*** *Өлеңсай* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Бас*** *Ұлытау* (жота. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Бас*** *Шилі* (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

54) **«Баспақ»** зат есімі + зат есім

*Баспақ* зат есімі «алты айдан бір жасқа дейінгі есейген бұзау, торпақтың» (ҚТТС, 2т,130) атауы екені айқын. Топонимжасамда «кішілеу, шағын, баспақтай ғана» геонысанды атап көрсетуге қатысады.

***Баспақ*** + *көл* (ауыл. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Баспақ*** + *төбе* (төбешік. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

55) **«Батпақ»** зат есімі + зат есім

*Батпақ* зат есімі негізгі мағынасы құрғақ емес, лай, былғаныш жер» (ҚТТС, 2т, 148) болғанымен, топонимжасамға оның екінші мағынасы «ешқашан құрғамайтын, пайдаға асыруға келмейтін алқап, жер» (сонда) қатысады. Батпақтың бірнеше түрі бар, бірақ атау жасауға келгенде олар маңызды емес, сол жерде тұрақты түрде батпақтың болуы – маңызды.

***Батпақ*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Батпақ*** + *көл* (көл .Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Батпақ*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Батпақ*** + *шағыл* (тау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Батпақ*** + *шар* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)

Мұндағы *Батпақшар*: 1. «шар тәрізді домалақ батпақты нысан»; 2. моңғ. *шар* «сары» сөзі; 3. парсы. *шаһар >шаар >шар* «қала, елді мекен» мағыналарының бірінде тұр.

Тіркесті атау жасап, «белгілі топонимнің тұтас батпақты жерді таңбалайтынын» қосымша анықтап тұрады.

***Батпақ*** *Үшкөл* (өзен. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)

56) **«Батыр»** зат есімі + зат есім

*Батыр* зат есімі «ел қамы үшін жаумен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып, ер» (ҚТТС, 2т, 152) мағынасын береді, алайда адамға тән мұндай қасиет геонысанда болуы мүмкін емес. Топонимжасамда *батыр* сөзінің *батыр тұлғалы* «зор денелі, сом тұлғалы, алпамсадай» тіркесі ғана атаулар жасай алады. Мұнда ол *балуан* сөзі сияқты табиғи нысанның «ірі, көлемді, сом, шымыр» сырт пішінін айғақтайды.

***Батыр*** + *көл* (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Батыр*** + *тас* (жота. Алматы обл., Алакөл ауд.)

57) **«Батыс»** зат есімі + зат есім

*Батыс* зат есімі «шығысқа қарама-қарсы жақ, дүниенің төрт тарабының бірі» (ҚТТС, 2т, 157) мағынасын береді. Топонимжасамда «белгілі бір нысанның екінші нысанға қарағанда күнбатыс жағында орналасуын» атап көрсетеді. Ал тіркесті атаулар, көбінесе, шығыс сөзімен келетін топонимдерге қарама-қарсы мәнде қолданылады (Шығыс Кеңсу – Батыс Кеңсу).

***Батыс*** + *тау* (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
Тіркесті атаулар:
***Батыс*** *Дегерес* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Батыс*** *Жіңішке* (өзен. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Батыс*** *Кеңсу* (асу. Алматы обл., Райымбек ауд.)

***Батыс** Қазақстан* (ҚР-ның солт.-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлігі)
***Батыс** Қарабұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Батыс** Қаратау* (жота. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Батыс** Қоянды* (қоныс. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Батыс** Шалдай* (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)

58) **«Бауыр»** зат есімі + зат есім

«Бауыр – адам денесіндегі ең үлкен без. Ол құрсақтың оң жақ үстіңгі бөлігінде жатады» (Тәнтану пәнінен) деген анықтама *бауыр* сөзінің топонимжасамдағы негізгі уәжін де нұсқайды. Ол – бауырдың адам денесінде ортадан сәл төмендеу орналасуы. Табиғи нысанның басқа бір табиғи нысанның бауыр тұсына (тым төмен де емес, жоғары да емес) орналасуы, бауырға басқандай қойнауда тұруы *бауыр* зат есімімен біріккен топонимдер тудырады.

***Бауыр** + бас* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Бауыр** + көл* (батпақ. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Бауыр** + қамыс* (тұзды көл. СҚО, Ақжар ауд.)
***Бауыр** + қора* (қыстау, ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Бауыр** + өзен* (өзен. Қарағанды обл., Абай ауд.)
***Бауыр** + шілік* (қоныс. Павлодар обл., Успен ауд.)

*Бауыр* зат есімінен туындайтын *баурай* (бауыр+ай) «таудың, төбелер мен жота, қыраттардың етегі, бөктері, бауыр жағы» (ҚТТС, 2т, 163) географиялық термині мен *бағыр* «бауыр» көне нұсқасы да жер-су аттарын жасауға қатысады. Мәселен, көне түркі тілінен шығатын *бағыр* «бауыр» (ғ~у) геотермині топожүйемізде сақталып қалған.

***Бағыр** + лай (*өзен. Атырау обл., Индер ауд.)
«Бауырдағы лайлы өзен» мағынасын береді.

59) **«Бәйге»** зат есімі + зат есім

*Бәйге* «ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы, спорт ойынының бір түрі» екені мәлім (ҚТТС, 2т, 185). Бәйгенің, жалпы ат спортының бәрі де, көшпелі елдерден шыққаны дәлелденген. Олар арақашықтығы белгілі жазық жерді таңдап алып, үнемі ат жарыстарын ұйымдастыратын және ол жердің атына *бәйге* сөзін қосып атайтын болған.

***Бәйге**+ құм (*тж. бекеті. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Бәйге**+ төбе* (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

60) **«Бейіс»** зат есімі + зат есім

Араб, парсы тілдері арқылы енген *бейіс/бейіш/пейіш* «жұмақ, ұжмақ, жәннат» діни термині әр мұсылманға түсінікті болса керек. Жер-су атын

жасауға «жұмақ тәрізді жайлы, рахат жер; жердегі пейіш» мағынасы арқылы қатысады.

Сонымен бірге мәнжүр. *бээс бейіс/бейсі* «лауазым аты» сөзі де моңғол тілі арқылы топожүйемізге араласуы мүмкін: «Алтай өңіріндегі қалған барлық қазақтарды «зүүн гар» немесе «сол қанат» етіп басшылығына Жұртбайұлы Мәмиді тағайындап, оған «Бизі» (Бейіс) лауазымын берді» [149;108].

***Бейіс* + *терек*** (е.м. БҚО, Казталов ауд.)

«Арасы жұмақ бағы сияқты теректер өскен жер» мағынасында тұрғаны анық.

61) **«Бейіт»** зат есімі + зат есім

Араб тілінен еніп, «өлген адамды жерлейтін орын, мола» мағынасын беретін *бейіт* [бейт] сөзі топонимжасамда біршама белсенді болып келеді. Қазақ даласында мола, бейіт, зираттар негізгі бағыт-бағдар беретін нысандар қатарына жатады. Ол – сонау сақтардан бері келе жатқан үрдіс.

***Бейіт*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)

62) **«Бек»** зат есімі + зат есім

*Бек* сөзінің бір мағынасы: «феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім» (ҚТТС, 2т, 235). Дұрысы Көне Түркі қағанатында болған қағаннан кейінгі лауазымдардың бірі. Топонимжасамда (жеке, тәкаппар, тік тұрған» нысандарға ауыспалы түрде *бек* лауазым аты телінуі мүмкін. Олай дейтініміз *бек* сөзі лауазымдық мәнде антропонимикада тым белсенді (Сардарбек, Тәуірбек, Шәкірбек т.б.). Екінші мағынасы: «бекем, мықты, берік» сын есімі де топоним жасамайды деп айта алмаймыз.

Үшіншіден *бек* сөзі «таулы жерде өсетін, картоп тұқымдас тамыры бар көгілдір гүлдің» аты (фитоним) болып келеді. Бұл өсімдіктің *бек* атауы ресми тіркелмеген (мүмкін басқа атпен жазылып жүр), бірақ ашаршылықта тайпа елге тамақ болған картоп тұқымдас маңызды өсімдік екені анық.

***Бек* + *ауыл*** (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Бек* + *бас*** (жұрт. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Бек* + *тас*** (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Бек* + *торғай*** (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Бек* + *төбе*** (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд. )
***Бек* + *шан*** (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бек* + *ши*** (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)

Екінші (негізгі) сыңарлар ішіндегі *шан* (Бекшан) қаз. *шан* «ағаштан не металдан жасалған үлкен бөшке» сөзі немесе моңғ. *шанд* «тұма, бастау, көз» сөзі болып табылады.

63) **«Бекет»** зат есімі + зат есім

*Бекет* зат есімінің арғы түбі фр. *пикет* сөзінен шығып, Ресей арқылы лексикамызға еніп, «жүргіншілер, жолаушылар аялдайтын орын» мағынасында қолданылып келгені айтылды. Кезінде маңызды арба жолдарына салынған бекеттер жоғалған соң, *бекет* сөзі де қолданыстан қала бастаған еді (жер-су аттарында ғана сақталып қалды), қазіргі кезде *станция* сөзінің орнына жүре бастағандықтан, өмірге қайта оралды (м: автобекет).

***Бекет*** + *базар* (жұрт. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Бекет*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

64) **«Бел»** зат есімі + зат есім

*Бел* сөзінің негізгі мағынасы «дененің кеуде мен бөксе аралығын жалғастыратын бөлігі» (ҚТТС, 2т, 241) болса, топонимжасамға оның екінші мағынасы «таудың, қырат, жотаның жадағай асуы» (сонда) қатысады. Мұнда асу, белді жай ғана атап қоймайды, ондағы өсімдік және басқа нысандарды нақтылап көрсетеді (Белқарағай, Белқұдық т.б.).

***Бел*** + *ағаш* (тау. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Бел*** + *адыр* (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Бел*** + *арық* (е.м. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Бел*** + *ащы* (жұрт. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Бел*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бел*** + *көл* (кент. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.)
***Бел*** + *кіндік* (көл. Ақмола обл., аққөл ауд.)
***Бел*** + *қайқаң* (қоныс.Алматы обл., Талғар ауд.)
***Бел*** + *қайың* (жота. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бел*** + *қарағай* (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Бел*** + *қараған* (е.м. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бел*** + *қопа* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Бел*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Бел*** + *өзек* (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)
***Бел*** + *саз* (көне құрылыс. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Бел*** + *сары* (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Бел*** + *сексеуіл* (құм. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Бел*** + *сексеуіл* + *жал* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Бел*** + *су* (бұлақ. Қарағнды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бел*** + *тақыр* (тж. бекеті. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Бел*** + *там* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Бел*** + *тау* (жота. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Бел*** + *тебіс* + *сор* (сор. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бел*** + *терек* (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бел*** + *терек* + *тау* (тау. ШҚО, Жарма ауд.)

***Бел*** + *тоған* (арық. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бел*** + *томар* (қоныс. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Бел*** + *төбе* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бел*** + *тіс* (таулар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

*Бел* зат есімінен туындайтын б*елдеу* (< бел + деу) «бір нәрсенің орта шені, бел тұсы»; «көлденеңнен жатқан ұзын қыр, жал, дөң т.б.» сөзі де топоним жасауға қабілетті сөзге жатады.

***Белдеу*** + *тас* (е.м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

«Көлденең созыла жатқан ұзын, тасты қыр» болуы ықтимал.

Сондай-ақ *белді* (< бел+ді) туынды сын есімі де атау жасауға талпынады: «күшті, мықты»; «жалпақ, жуан белі бар» мағыналарында.

***Белді*** + *өзек* (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

65) **«Бет»** зат есімі + зат есім

*Бет* зат есімі «бастың алдыңғы жағы, жүз» (ҚТТС, 2т, 282) негізгі мағынасын бергенмен, топонимжасамда оның ауыспалы мағынасы «таулы жердің құлама жағы, беткейі» (сонда) белсенді рөл атқарады.

***Бет*** + *ағаш* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Бет*** + *бақыр* (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Бет*** + *бұлақ* (е.м. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бет*** + *қайнар* (көне қорым. Алматы обл., Алматы қ.ә.)
***Бет*** + *қара* (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Бет*** + *қараған* (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Бет*** + *қас* (жұрт. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Бет*** + *құдық* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Бет*** + *сор* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)
***Бет*** + *үйеңкі* (бұлақ. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Бет*** + *шағыл* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)

Мұндағы *Бетбақыр* – «беткейдегі бақыр ыдысына ұқсас табиғи нысан» мағынасын берсе, *Бетқұдық* – «суы жер бетіне жақын жатқан құдық» мәнінде тұр.

Бетқара – «беткейлі қара тасты қырат»;

Бетқас - «беткейдегі қабақ (қас)» мағыналарын тудырған.

66) **«Би»** зат есімі + зат есім

*Би* сөзіне «дау-жанжалға билік айтушы үстем тап өкілі» (ҚТТС, 2т, 300) деген анықтама берілген екен. Бұл көнерген сөз заңгерлік термин ретінде тілімізге қайтып оралуда (билер кеңесі, билер алқасы т.б.).

Ал жер-су атын жасарда алдында қаралған *бек* лауазым атауы сияқты «жеке, тәкаппар, биік» нысандарды және «белгілі бір бидің мекені, меншігі болған» жерлерді атап көрсетеді.

***Би*** + *көш* (бейіт. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Би*** + *суат* (жайлау. БҚО, Саралжын ауд.)
***Би*** + *теке* (өзен. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Би*** + *төбе* (төбешік. Ақмола обл., Астрахан ауд.)

67) **«Бидайық»** зат есімі + зат есім

*Бидайық* (*пырей*) «көп жылдық астық тұқымдас жабайы өсімдіктің» аты және ол қазақ даласында мол өседі. Жер-су атын жасауға ол түбір күйінде белсенді қатысады да, күрделі атау ретінде сирек кездеседі.

*Бидайық,* сонымен бірге, сұңқар тектес жыртқыш құстың аты екенін де ұмытпауымыз керек.

***Бидайық*** + *құдық* (қоныс. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)

68) **«Бие»** зат есімі + зат есім

Жылқы атауларының бәрі дерлік жер-су атын жасауға қатысады. Соның бірі – «жылқы малының құлындайтын аналығы» мағынасындағы *бие* сөзі. *Бие* зат есімі кейде биенің өзіне қатысты әлдебір оқиғаға орай топонимге айналады, кейде «сауын бие тәрізді берекелі, шүйгін шөпті, сулы» нысандарды атайды.

***Бие*** + *құдық* + *қара* + *су* (өзен. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

69) **«Бит»** зат есімі + за есім

Көшпелі халықтың жер-су атын жасаудағы тапқырлығы сондай, тіпті *бит* сияқты кішкентай жәндік атауы да назардан тыс қалмаған (Биттіқақ, Биттейтас т.б.). Мұнда «өсімдіктің, батпақ, сордың өз биті болуына» байланысты немесе «кішкентай, биттей, ұсақ, көп нысандарды» битке ұқсатуға орай топонимдер қалыптасады.

***Бит*** + *сор* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)

70) **«Боқ»** зат есімі + зат есім

*Боқ* зат есімі «ұлы дәрет, нәжіс»; «қи, тезек, көң» мағыналарын береді (ҚТТС, 2т, 339). Топонимжасамда жақсы, құнарлы жерлерге тіл, көз тимесін деген ырыммен немесе «мал үйездеп, қилап тастайтын жерлерге» қойылып отырған. Моңғ. *бог* «үйін, үйінді»; бохь «сүттіген өсімдігі» сөздерінің де жер-су аттарында сақталып қалуы ғажап емес.

Тарихи топонимжасам үлгісі ретінде ғана беріліп отырғаны болмаса, келешек атауларға үлгі болуға жарамайды.

***Боқ*** + *аяқ* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Боқ*** + *бас* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Боқ*** + *қара* (арна. Алматы обл., Бақаш ауд.)
***Боқ*** + *оба* (төбе. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Боқ*** + *тікен* (шың. Жамбыл обл., Меркі ауд.)

71) **«Болат»** зат есімі + зат есім

*Болат* сөзі «белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металдың» аты (ҚТТС, 2т, 355). Ол алтын, темір тәрізді табиғатта таза күйінде кездеспейтіндіктен, топонимге айналу мүмкіндігі аз. Сөйте тұра, «болаттай қатты, берік, мықты» ауыспалы мағынасында жалқы есімдер жасайды.

***Болат*** + *тау* (таулар. Қарағанды обл., Шет ауд.)

«Қатты тасты тау» мәнінде жасалған ороним.

72**) «Бор»** зат есімі + зат есім

*Бор* зат есімі «жұмсақ ақ топырақ, әк тастың бір түрі» (ҚТТС, 2т, 367) екені мәлім. Топонимжасамда «боры бар, бор өндіретін жерлерді» атап көрсетеді. Түбі көне түркі *боз* «ақ» сөзінен шығады: боз > бор. Сондықтан «ақ, боз, сұр» түсті нұсқауы да мүмкін.

***Бор*** + *ай* + *сор* (сор. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Бор*** + бас (бейіт. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бор*** + *көл* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Бор*** + *қонақ* (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Бор*** + *құдық* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Бор*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Бор*** + *сеңгір* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бор*** + *тас* (батпақ. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Бор*** + *тау* (таулы қырат. БҚО, Бөрілі ауд.)
***Бор*** + *шоқы* (тау. Алматы обл., Талғар ауд.)

Ескерту: Топожүйемізде бар *Борохудзер* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.) атауын моңғ. *бор* «боз, сұр» сөзінен шығаратын пікірлер кездеседі. Алайда дұрысы: моңғ. *бороо* «жауын, жаңбыр» + *хужир* «ащы, сор» сөздерінен бірігіп, «жаңбыр суынан пайда болатын сор, қақ» мағынасын береді.

73) **«Боран»** зат есімі + зат есім

*Боран* сөзі «қарды, топырақты бұрқыратып, ұйтқып соғатын қатты желдің» аты (ҚТТС, 2т,368). «Боран жиі соғатын ашық, желді жерлерге» берілетін атау. *Боран, Бораны* түрлері көп кездескенмен, біріккен топонимнің алдыңғы сыңарында сирек ұшырасады.

***Боран*** + *төбе* (тау. Қарағанды обл., Қаражал қ.ә.)

74) **«Борсық»** зат есімі + зат есім

«Жұмыр денелі, сүт қоректі, сусар тұқымдас жыртқыш аң» (ҚТТС, 2т, 374) *борсық* та жер-су атын жасауға ерекше белгі ретінде таңдалып алынады. Борсықты майы, терісі үшін аулайды.

***Борсық*** + *сай* (жұрт. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

75) **«Борық»** зат есімі + зат есім

*Борық* – «сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тамырлы, қамыс тәрізді өсімдік (ҚТТС, 2т, 377). Ғылыми тілде *қант қамысы* деп аталатын *борық* өсімдігі өсетін жерлерді атауға қатысатын зат есім.

***Борық*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)

76) **«Босаға»** зат есімі + зат есім

*Босаға* сөзі өзінің «есіктің екі жақтауы» мағынасымен топонимжасамға араласып, «есіктің екі босағасына ұқсас» геонысандарды таңбалайды.

***Босаға*** + *өзен* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)

***Босаға*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

Екі үлгі де «босаға секілді екіге бөлінген өзен мен сорды» немесе «төргі емес, төмендегі, босағадағы өзен мен сорды» атауы мүмкін. Төр мен босаға антонимдік топонимдер жасауғат қабілетті (Төрсор – Босағасор).

*Босаға* зат есімі, сондай-ақ, «төрт жұлдыздан құралған шоқжұлдыздың» аты екенін де ескеру керек.

77) **«Бота»** зат есімі + зат есім

Зоонимдердің ішіндегі «түйенің жылға толмаған жас төлі» (ҚТТС, 2т, 387) мағынасындағы *бота* сөзі де топонимжасамға қатысады. Төрт түлік малды бүге-шігесіне дейін жетік білетін көшпелілер үшін бұл заңды құбылыс болып табылады. «Әдемі, нәзік, сүйкімді» табиғи нысанды ботаға теңеуден туған топонимдер екені анық.

***Бота*** + *ағаш* (батпақ. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Бота*** + *бас* (е.м. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Бота*** + *бөрім* (өзен. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Бота*** + *көз* (арал. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Бота*** + *қара* (көл. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)
***Бота*** + *мойнақ* (шатқал. Алмаыт обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

Мұндағы *Ботабөрім* гидронимі, энциклопедия авторларының айтуынша, Ботабұрым сөзінен шығады [145;347].

Ботаны еркелетіп атайтын *ботақан* (бота+қан) сөзі де тура сондай атаулар жасай алады.

**Ботақан** + *көл* (көл. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

«Сүйкімді, шағын ғана көл» мағынасында тұр немесе антротопоним.

78) **«Бояу»** зат есімі + зат есім

*Бояу* [бойау] сөзі «затты белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын, жұқтырылатын химиялық зат» (ҚТТС, 2т, 391) атауы екені мәлім. Қазақ халқының керекті затын бояйтын табиғи бояулары болған (жоса, қына, бояу-

шөп, бояуағаш, қарағайдың қабығы т.б.). Мұндай жерлердің атына *бояу* сөзі қатысып отырады, өйткені ол жарнама міндетін де атқаратын еді.

***Бояу*** + *ағаш* (қоныс. СҚО, Есіл ауд.)

*Бояуағаш* – қызыл қарағайдың бір аты болуы мүмкін, себебі қарағайдың қабығы да бояу орнына жүреді.

79) **«Бөгет»** зат есімі + зат есім

*Бөгет* – өзен суын бөгеу үшін жасалған гидротехникалық құрылыс; платина» атауы (ҚТТС, 2т, 395). Осындай «ірілі-ұсақты бөгет салынған жерлерді» таңбалауға қатысатын ГТ.

***Бөгет*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

***Бөгет*** + *көл* (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

***Бөгет*** + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)

80) **«Бөрік»** зат есімі + зат есім

*Бөрік* сөзі «елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киімнің» (ҚТТС, 2т, 427) аты болады. Топонимжасамда тек пішін ұқсастығы арқылы ғана күрделі атаулар тудырады (Қарабөрік тауы).

***Бөрік*** + *тал* (өзен. Алматы обл., Аршалы ауд.)

Топоним «түп жағы сидам болып, барлық бүрі, бұтағы бас жағына жайыла өсетін тал» мағынасын береді.

81) **«Бөкен»** зат есімі + зат есім

*Бөкен* – зооним: «далалы жерді мекендейтін, аша тұяқты жүйрік аң; ақбөкен» (ҚТТС, 2т, 400). «Бөкендер мекендейтін жер» мағынасында түбір, туынды, күрделі топонимдер жасайды.

***Бөкен*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

***Бөкен*** + *сор* (ащы көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)

82) **«Бура»** зат есімі + зат есім

*Бура* зоонимі «айыр түйенің келеге түсетін еркегі; аталық түйе» (ҚТТС,2т,457) мағынасын береді де, топонимжасамда «бураға ұқсас; үлкен, ірі» табиғи нысандарды атайды.

***Бура*** + *айғыр* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)

***Бура*** + *көл* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)

***Бура*** + *қой* (жота. Алматы обл., Ескелді ауд.)

***Бура*** + *шоқы* (қоныс. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)

83) **«Бұғы»** зат есімі + зат есім

*Бұғы* сөзінің мағынасы «таулы, орманды жерді мекендейтін аша тұяқты, бұтақтанған үлкен мүйізді ірі аң; маралдың бұқасы» (ҚТТС, 2т,

475) екені мәлім. Жер-су атын жасауға «бұғы мүйізіне, тұлғасына ұқсас нысан» немесе «бұғы мекендейтін жер» мәндерімен қатысады.

***Бұғы*** + *жыра* (өзен. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Бұғы*** + *мүйіз* (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

84) **«Бұзау»** зат есімі + зат есім

«Сиырдың алты айға толмаған жас төлі» (ҚТТС, 2т, 484) мағыналы *бұзау* зат есімі топонимжасамға екі түрлі мағынада араласады: 1) «шағын, кішілеу нысан (баспақ сөзіне ұқсас)» атауларын жасайды; 2) «бұзаулар жеке бағылатын жер» мәніндегі атаулар тудырады.

***Бұзау*** + *қора* (қыстау. РҚО, Созақ ауд.)
***Бұзау*** + *құдық* (құдық. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Бұзау*** + *ой* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Бұзау*** + *төбе* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Бұзау*** + *шілік* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)

85) **«Бұлақ»** зат есімі + зат есім

*Бұлақ* сөзі «басы бастаулардан, қайнарлардан басталып, сай-жыралармен ағатын кіші-гірім судың» (ҚТТС, 2т, 510) аты, гидрографиялық термин. «Бұлағы бар жерлерге» қатысты айтылады.

***Бұлақ*** + *ай* (өзен. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Бұлақ*** + *көгал* (көне қала. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Бұлақ*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Бұлақ*** + *сай* (жұрт. Қостанай обл., Жітіқара ауд.)
***Бұлақ*** + *сор* (е.м. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)

Мұндағы *Бұлақай* атауы «бұлақтай шағын, батпақты өзен» мәнін береді (М.:Айбатпақ).

86) **«Бұлан»** зат есімі + зат есім

*Бұлан* сөзі «салалы, үлкен мүйізді, аша тұяқты, бұғы тектес ірі аңның» (ҚТТС,2т,511)аты,зооним.«Бұланмекендейтінжерлерге»тәнатау.Қазақстанның солтүстік және шығысындағы орманды аймақтарда кездеседі.

***Бұлан*** + *суық* + *бұлақ* (қоныс. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

*Бұлан* сөзі кейде «ерке, еркін өскен бала» мағынасындағы *бұлаң* сөзінен шығуы да мүмкін (антропоним Еркебұлан < Ерке + бұлаң).

87) **«Бұлғын»** зат есімі + зат есім

*Бұлғын* зат есімі «қылқан жапырақты орманда мекендейтін, дене тұрқы 40-55 см-дей, терісі аса бағалы, кішірек жыртқыш аңның» аты, зооним. «Бұлғын мекендейтін жерлерді» атап көрсету арқылы топонимжасамға қатысады.

***Бұлғын*** + *тал* (көл. СҚО, Шал ақын ауд.)

88) **«Бұтақ»** зат есімі + зат есім

*Бұтақ* сөзі «ағаш діңінің жапырақтар өсетін тармақ-тармақ сабағы» мағынасын береді (ҚТТС, 2т, 553). Топонимжасамда, көбінесе «тармақталып, бұтақтанып кететін өзен, сайларды, жолдарды т.б.» айғақтап тұрады.

***Бұтақ*** + *сай* (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)

89) **«Бүйрек»** зат есімі + зат есім

*Бүйрек* зат есімі «несеп бөліп шығаратын ішкі мүше» мағынасындағы анатомиялық термин болып табылады. Топонимжасамда, көбінесе, мал бүйрегіне сырт тұлғасы ұқсас қос немесе дара нысандарға (тау, төбе, шоқы, көл т.б.) атау болады. Кейде «бөлек; бүйір тұс, тұспа-түс» мәнінде бағыт-бағдар нұсқауы да мүмкін. Бүйрек, жүрек, бас сияқты анатомиялық терминдер метафоралық жолмен геотерминге айналатыны белгілі.

***Бүйрек*** + *бас* (жота. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Бүйрек*** + *көл* (көне жұрт. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Бүйрек*** + *құдық* (тау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Бүйрек*** + *төбе* (тж.айырмасы. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

90) **«Бүйір»** зат есімі + зат есім

*Бүйір* сөзі «дененің оң не сол жақ бүйрек тұсы» (ҚТТС, 2т, 560) мағынасын береді және тура осы мәнде топонимдер жасайды: «бір нысанның бүйір тұсына, қапталына орналасқан екінші нысанды» атайды.

***Бүйір*** + *ағаш* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Бүйір*** + *көк* + *төбе* (шоқы. Алматы обл., Іле ауд.)

91) **«Бүлік»** зат есімі + зат есім

*Бүлік* зат есімі «шырық бұзатын дау-жанжал, қақтығыс, сойқан» (ҚТТС, 2т, 568) мағынасын береді, ал топонимжасамда «табиғи нысанның бүлікшіл, оқыс мінезін» білдіреді, болмаса «адамдар бүлік шығарған бір оқиға» негізінде қалыптасады.

***Бүлік*** + *шұбар* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)

92) **«Бүр»** зат есімі + зат есім

*Бүр* зат есімінің көптеген мағыналарының ішінен топонимжасамға қатысатыны «біртегіс нәрсенің бетіндегі бұдырмақты түйін» мағынасы (ҚТТС, 2т, 570). Оның өзі «өсімдіктің жапырақ жаратын бүрі» мағынасынан шығатыны анық.

***Бүр*** + *тас* (таулар. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

«Тастары тегіс емес, бүрлі, бүртікті тау» мәнінде тұр (Шұбартас атауы тәрізді). Жер-су атын қоюға шебер қазақ тастың бетіндегі бүрін де назардан тыс қалдырмаған.

93) **«Бүркіт»** зат есімі + зат есім

*Бүркіт* зат есімі «таулы, далалы жерлерді мекендейтін тегеуріні қатты ірі жыртқыш құстың» (ҚТТС, 2т, 574) аты екені мәлім. Қазақтар бүркітті қолға үйретіп, аң аулауға салатын болғандықтан, жер-су атын жасауға ерекше маңызды белгі болып табылады. «Бүркіт құсы мекендейтін жерлерді» атап көрсететін топонимдер қалыптасқан (Бүркіт, Бүркітті т.б.).

***Бүркіт*** + *ауыл* (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Бүркіт*** + *тас* (шоқы. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бүркіт*** + *ұя* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

Мұндағы *Бүркітауыл* моңғ. *Бүргэд +уул* «бүркіт тау» сөздерінің бірігуінен туатынын байқау қиын емес (Баянауыл < Баян+уул «бай тау» оронимі сияқты).

94) **«Дала»** зат есімі + зат есімі

*Дала* сөзі «жазық, ел-жұрттан аулақ, ен жер» мағынасында географиялық термин ретінде де жұмсалады. Біріккен атаудың алдыңғы сыңарында келіп, «табиғи нысанның ашық далада орналасқанын» атап көрсетеді.

***Дала*** + *ашық* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Дала*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Дала*** + *қайнар* (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Дала*** + *қос* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Дала*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)

95) **«Дарбаза»** зат есімі+зат есім

Дарбаза ир. *дарваза/дарбаза* «қақпа» мағыналы сөзі екені түбір топонимдер тарауында айтылды. Біріккен атаудың бірінші сыңарында келіп, «қақпаға ұқсас немесе қақпасы бар нысан» мағынасын тудырады.

***Дарбаза*** + *құм* (қоныс.Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Дарбаза*** + *мола* (бейіт. Атырау обл., Махамбет ауд.)

96) **«Дария»** зат есімі + зат есім

Иран. *дарья* «теңіз, көл» сөзінің тіліміздің ішкі заңына сай *дария* боп өзгеріп, қалыптасып кеткен түрі. Орта Азияда және біздің республикамызда дария «үлкен өзен» мәнінде айтылады» [25;62].

Күрделі атаудың алдыңғы сыңарында «дария маңындағы геонысандарды» таңбалау үшін қатысады.

***Дария*** + *құдық* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)

***Дария*** + *там* (құдық. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)

97) **«Дауыл»** зат есімі + зат есім

*Дауыл* зат есімі «қатты жел» мағынасымен-ақ топонимжасамға қатысып, «дауыл болып тұратын желді жерді» атайды.

***Дауыл*** + *мола* (бейіт. Ақтөбе обл.,Шалқар ауд.)

***Дауыл*** + *асты* + *шоқы* (аласа тау. Алматы обл., Іле ауд.)

Соңғы үлгіні кейбір еңбектерде *Дау (дәу)* + *ласты* + *шоқы* құрамдарына бөліп қарайды [145;167].

98) **«Диқан»** зат есімі + зат есім

*Диқан* (< ир. dehкан) «егінші, егін салушы, диқан» мағынасындағы зат есім топонимжасамға қатысып, «егіншіге байланысты нысандарды» атайды.

***Диқан*** + *бас* + *сай* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

***Диқан*** + *көл* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)

Тіркесті атау:

***Диқан Баба*** (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)

99) **«Диірмен»** зат есімі + зат есім

«Ұн тартуға арналған қондырғы» мағыналы *диірмен* сөзі көптеген елдің топожүйесінде негізгі белгілердің біріне жатады. Қазақ топонимиясында да «диірмен орналасқан жер» мағынасымен түбір, туынды, күрделі атаулар жасайды.

***Диірмен*** + *төбе* (тж. бекеті. Қызылорда обл.,Қармақшы ауд.)

100) **«Доға»** зат есімі + зат есім

*Доға* сөзі «атты шанаға, арбаға жегу үшін қажетті иілген ағаш» мағынасын береді және топонимжасамда «доғаша иілген табиғи нысандарды» атауға жұмсалады (метафоралы атау жасайды).

***Доға*** + *бас* +*сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)

101) **«Доңыз»** зат есімі + зат есім

*Доңыз* «жабайы шошқа, қабан» мәніндегі сөзі «жабайы шошқалар мекендейтін жерді» атап көрсету мақсатында күрделі атаулар құрамына енеді.

***Доңыз*** + *тау* (аласа тау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

102) **«Дөң»** зат есімі + зат есім

*Дөң* «доғалдана біткен биіктік, жалпақ төбе» мәніндегі географиялық термині көбінесе күрделі атаудың екінші сыңарында қолданылады. Кейде алдыңғы позицияда келіп, «дөңді жерде орналасқан екінші нысанды» анықтап тұрады.

***Дөң*** + *арша* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Дөң*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Дөң*** + *жайлау* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Дөң*** + *қара* (қыстау. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Дөң*** + *құм* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Дөң*** + *құт* (бейіт. Қызылорда обл., Қащалы ауд.)
***Дөң*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Дөң*** + *шоқы* (төбешік. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Дөң*** + *ши* (жұрт. ШҚО, Күршім ауд.)

103) **«Егін»** зат есімі + зат есім

*Егін* зат есімі «қолдан өсірілген екпе дәнді дақыл» (АТС, 1968, 263) мағынасын береді де, жалқы есімде «егін егілген, егін маңындағы жерлерді» таңбалауға қатысады.

Қаз. *егін* сөзі мен моңғ. *эхэн* < *эх* «ана, шеше; бастау, көз» сөзі омоним атаулар жасайтыны байқалады (Егінбұлақ < Эхенбұлақ «бұлақтың басы, көзі») [145;404].

***Егін*** + *ағаш* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Егін*** + *бұлақ* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Егін*** + *жал* (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Егін*** + *көл* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Егін*** + *қара +су* (өзен. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Егін*** + *құдық* (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Егін*** + *сай* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Егін*** + *су* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Егін*** + *томар* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

104) **«Еділ»** зат есімі + зат есім

*Еділ* сөзі бұлғар түркілерінің тілінде «үлкен, суы мол өзен» мағынасын беретін ГТ екені дәлелденген [46;229]. Қазақ топонимжасамына да осы мәнде қатысады.

***Еділ*** + *сай* (жұрт. Ақтөбе обл., Темір ауд.)

*Еділсай* – «кең, үлкен сай» мағынасын беретін атау.

105) **«Ел»** зат есімі + зат есім

*Ел* сөзі көне түркі ескерткіштерінен бері «халық, жұрт, қауым» мағынасынан айнымай қолданылып келеді. Бұл сөз топоним тудыру-

ға да қабілетті: «елге қатысты, көпшілікке ортақ, қасиетті жерлерді» атайды.

***Ел*** + *қоныс* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Ел*** + *құдық* (құдық. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Ел*** + *орда* (көне қала. Жетісу өңірінде)
***Ел*** + *тоқ* (шоқы. Ақмола обл., Аршалы ауд.)

106) **«Елік»** зат есімі + зат есім

*Елік* – «бұғыдан кіші, аша тұяқты дала жануарының» аты, зооним. Топонимжасамға «елігі бар, елік мекендейтін жер» мағынасымен енеді.

***Елік*** +*сай* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Елік*** + *тау* (төбе. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

107) **«Ем»** зат есімі + зат есім

*Ем* сөзі «ауруды, дертті жазуға қолданылатын дару, дауа, шипа» (АТС, 1968,209) мағынасын береді. Топонимжасамда «емдік қасиеті бар өсімдік өсетін, арасанды, шипалы батпағы бар жерлерді» атайды.

***Ем*** + *бидайық* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)

108) **«Емел»** зат есімі + зат есім

Қаз. *емел* моңғ. *эмээл* «аттың ері» сөзінен шығып, «сырт пішіні аттың еріне ұқсас» табиғи нысандарды атап көрсететіні алдыңғы тарауда егжей-тегжейлі айтылды. Емел «ер» сөзі күрделі атаулардың екі позициясында тұрып атаулар жасай беретіні белгілі болып отыр (*Алтынемел – Емелтау*)

***Емел*** + *өзек* (сай. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Емел*** + *тау* (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)

109) **«Енші»** зат есімі + зат есім

Қазақ тілінде енші сөзі «әкенің балаға жеке үй болғанда бөліп беретін мал-мүлкі, үлесі» (АТС, 1968, 211) мағынасында қолданылады. Топонимжасамда «көшпелі өмір кезінде осындай еншіге бөлінген жер-суды» атайтын болған.

***Енші*** + *көл* (жұрт. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)

110) **«Еңбек»** зат есімі + зат есім

*Еңбек* «бейнет, қаракет, жұмыс» мәніндегі дерексіз сөзінің топонимге айнала бастауы «кеңестік қоғамдық еңбектің» қалыптасу кезіне сәйкес келеді. Әйтпесе қазақ *еңбек, бақыт* секілді дерексіз сөздерді жер-су атына ешқашан араластырмайды.

***Еңбек*** + *бірлік* (е.м. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Еңбек*** + *тас* (қыстау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Еңбек*** + *ту* (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

111) **«Ер»** зат есімі + зат есім

*Ер* сөзінің омонимдері ішінен жер-су атын жасауға мүмкіндігі бары – «атқа мінгенде тоқымның үстінен салатын құрал, жабдық» мағынасындағы *ер* зат есімі. Мұнда «тұлғасы ерге ұқсас» табиғи нысандар денотат болып, метафоралық атаулар жасалады (моңғ. *емел*, ор. *седло* геотерминдері тәрізді).

***Ер*** + *бас* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Ер*** + *көл* (е.м. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.)
***Ер*** + *шан* (сор. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)

Соңғы атау *Ершан* «ерге, әрі шан ыдысына ұқсас жерге жиналған тұзды сор» мағынасында тұр.

112) **«Ермен»** зат есімі + зат есімі

*Ермен* сөзі «ащы дәмді, өткір иісті жусан тұқымдас шөптің» аты (полынь горькая). «Ермен қалың өсетін жерлерге» тән атау бола алады.

***Ермен*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Ермен*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

113) **«Ерке»** зат есімі + зат есім

*Ерке* сөзі «бетінен қақпай еркін өскен бала» мағынасын береді де, топонимжасамға қатысы жоқ сияқты көрінеді. Алайда адамдар *ерке* сөзін метафоралық жолмен табиғи нысанның «ерке мінезін» атап көрсету үшін қолдана білген.

***Ерке*** + *бидайық* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Ерке*** + *бұлақ* (обалар. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

Екі үлгі мағынасы да метафоралық жолмен жасалған: «еркелегендей тербеліп тұратын биік бидайық», «еркелегендей мың бұралып аққан бұлақ».

114) **«Есек»** зат есімі + зат есім

*Есек* – «жылқы тұқымдас, бірақ одан кіші күш көлік» болатын жануардың аты. *Есек* сөзі тура мағынасымен де, «ақырын, баяу жүрісіне» немесе «шағын денесіне» табиғи нысанды ұқсату арқылы да топонимдер жасауы мүмкін.

***Есек*** + *бұлақ* (бұлақ. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Есек*** + *асы* (қыстау. ШҚО, Жарма ауд.)

Соңғы үлгі «есектің асы (шөбі)» мағынасындағы изафеттік құрылымдағы атау болуы да ықтимал.

115) **«Есік»** зат есімі + зат есім

*Есік* сөзінің негізгі мағынасы: «үйдің адам кіріп-шығатын аузы» болатыны айқын. Топонимжасамда «есікке ұқсас кіреберіс жері бар нысандарды» атайды.

***Есік*** + *асу* (асу. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

***Есік*** + *сай* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

116) ***«Етек»*** зат есімі + зат есім

*Етек* сөзі «киімнің төменгі жағы» мағынасының ауысуы барысында «биік, көтеріңкі геонысандардың аяқ жағы, етегі» мәнінде топонимдер жасайды. Топоним құрамында келетін *бас*, *кеуде* анықтауыштарына антоним атаулар қалыптастырады, бірақ аяқ сөзіндей белсенді емес.

***Етек*** + *тұз* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

117) **«Ешкі»** зат есімі + зат есім

*Ешкі* – төрт түлік малдың бірі: «мүйізді, сақалды қой шамалы мал». Топонимжасамда «жабайы ешкінің (таутекенің) және қолда өсетін ешкінің мекенін, орнын» атап көрсетеді. Кейде табиғи нысанның малға жайлы, жайсыз екенін ешкімен өлшейтін әдет болғаны байқалады (Ешкіөлмес, Ешкіөлген, Ешкіқырылған т.б.). Оған себеп – ешкі төрт түлік малдың ішіндегі ең әлсізі, шыдамсызы болып табылады.

***Ешкі*** + *арық* (арық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Ешкі*** + *база* (қыстау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Ешкі*** + *қара* + *су* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Ешкі*** + *қора* (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)
***Ешкі*** + *тау* (үстірт. БҚО, Тасқала ауд.)

118) **«Жабы»** зат есімі + зат есім

*Жабы* сөзі «қарапайым қазақи жылқы, асыл тұқым емес» мағынасын береді. Ал топонимжасамда «қарапайым, жұпыны, шағын» мағынасында жұмсалады.

***Жабы*** +*сай* (өзен. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

***Жабы*** + *сақ* (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

Соңғы үлгі *Жабысақ* «жабы жылқылар мекені» мәнін беруі мүмкін (малсақ сөзі тәрізді).

119) **«Жаға»** зат есімі + зат есім

*Жаға* сөзі «жиек, кемер, кенере» мәнідегі географиялық термин ретінде қолданылатыны белгілі. Күрделі атаудың алдыңғы сыңарында келгенде, «жағадағы екінші нысанды» айқындап тұрады.

***Жаға*** + *бұлақ* (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Жаға*** + *жай* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Жаға*** + *тал* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

120) **«Жайлау»** зат есімі + зат есім

*Жайлау* (< жазлау) «жаздыгүні мал жаятын шұрайлы, соны жайылым» мағыналы сөзі топонимжасамға белсене қатысады. Күрделі атау құрамында «жайлауда орналасқан екінші бір геонысанды» атап көрсетеді.

***Жайлау*** + *көл* (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Жайлау*** + *мешіт* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Жайлау*** + *сай* (өзен. ОҚО, Төле би ауд.)
***Жайлау*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

121) **«Жал»** зат есімі + зат есім

*Жал* сөзі «жылқының жалы» мағынасын бергенімен, ұқсастық арқылы «жылқы жалына ұқсас табиғи нысандарды» атайтын ГТ де бола алады.

***Жал*** + *ағаш* (кент. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Жал*** + *қамыс* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Жал*** + *қарағай* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Жал*** + *құм* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Жал*** + *сай* (қыстау. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Жал*** + *тас* (таулар. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Жал*** + *тау* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
**Жал** + *тұмсық* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Жал*** + *ши* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)

122) **«Жам»** зат есімі + зат есім

*Жам* сөзінің көптеген мағыналары бар, алайда, профессор Т.Жанұзақ атап көрсеткендей, топонимжасамға оның *жам/ям* «почта бекеті» мағынасы ғана қатысады [25;77-78].

Моңғ. *жам* «заң, заңдылық, сөзсіз, шартты» сөзі Алтынорда мемлекеті кезінде «почта бекеті», *жәмшік* «почта тасушы» мәнімен еніп, жер-су атында ғана сақталып қалған (Жамшы, Жамбура т.б.).

Орыс тіліне *ям, ямщик* болып енгені байқалады [98;436].

***Жам*** + *баурай* (қоныс. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Жам*** + *бура* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

123) **«Жамбас»** зат есімі + зат есім

*Жамбас* сөзі «ортан жілікпен ұштасатын сан сүйектің тұсы, бөксе» мағынасын беретін анатомиялық термин болып табылады. Барлық дене мүшелерінің аты сияқты метафоралық жолмен топоним жасауға

қатысады және «бір нысанның жамбас тұсындағы екінші нысанды» атап көрсетеді.

***Жамбас*** + *апан* (құдық. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Жамбас*** + *арық* (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Жамбас*** + *бұлақ* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жамбас*** + *жол* (асу. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Жамбас*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

124**) «Жамбы»** зат есімі + зат есім

*Жамбы* көнерген сөзінің мағынасы «мергендер садақпен атып түсіруге тиіс, биікке ілінетін алтын не күміс теңгенің аты» екені ауыз әдебиеті үлгілерінен мәлім. Топонимжасамда «жамбы тігілетіндей биік нысанды не жамбыға тіккен теңгедей ғана шағын нысанды» атауы мүмкін.

***Жамбы*** + *оба* (көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.)

125) **«Жан»** зат есімі + зат есім

*Жан* сөзінің көптеген мағыналарының ішінен жер-су атын жасауға қатысатыны – «бір нәрсенің жақын тұсы, қасы, маңайы» секілді көмекші есімдік мәні. Топонимжасамда «бір табиғи нысанға жақын орналасқан екінші нысанды» атау үшін қолданылады.

***Жан*** + *базар* (таулар. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Жан*** + *дорба* (көл. Ақмола обл., Астрахана ауд.)
***Жан*** + *кент* (көне қала. Қызылорда обл., Сырдарияның соңы)
***Жан*** + *қора* (қыстау. ШҚО, Абай ауд.)
***Жан*** + *құдық* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Жан*** + *орақ* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.(
***Жан*** + *сай* + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жан*** + *сеңгір* (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жан*** + *тау* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Жан*** + *терек* + *тау* (тау. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Жан*** + *тұма* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Жан*** + *ши* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Жан*** + *шілік* (жұрт. Қостанай обл., Қарасу ауд.)

126) **«Жантақ»** зат есімі + зат есім

*Жантақ* сөзі «түйе малының негізгі қорегі тікенекті шөптің» аты (ор. «верблюжья колючка» шөбі). «Жантақ шөбі мол өсетін жерлердің» атын жасауға қатысатын фитоним.

***Жантақ*** + *көл* (қоныс. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Жантақ*** + *сай* (арна. ОҚО, Сарыағаш ауд.)

127) **«Жар»** зат есімі + зат есім

*Жар* зат есімі «өзеннің опырылып, мұжылып құлаған тік жағасы» мағынасымен географиялық терминге айналады. Біріккен атау құрамында келгенде, «жары бар; жар маңындағы нысандарды» сипаттайды.

***Жар*** + *ағаш* (тұзды көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жар*** + *ауыл* (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Жар*** + *ащы* (тау. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Жар*** + *бас* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Жар*** + *бастау* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Жар*** + *бидайық* (жылға. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Жар*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жар*** + *бұтақ* (е.м. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Жар*** + *кемер* (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Жар*** + *кент* (қала. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Жар*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Жар*** + *қабақ* + *шағыл* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Жар*** + *қайың* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жар*** + *қайың* + *ағаш* (қоныс. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Жар*** + *қамыс* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Жар*** + *қоға* (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.)
***Жар*** + *қонақ* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Жар*** + *қопа* (қоныс. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Жар*** + *қора* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жар*** + *құдық* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жар*** + *құлақ* (жұрт. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жар*** + *құм* (төбе. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жар*** + *өткел* (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Жар*** + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Жар*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жар*** + *су* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Жар*** + *суат* (сор. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Жар*** + *тас* (тау. Ақмола обл., Еерйментау ауд.)
***Жар*** + *тас*+ *қара* + *су* (өзен. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Жар*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жар*** + *тоғай* (е.м. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Жар*** + *төбе* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Жар*** + *тұма* (бұлақ. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Жар*** + *шағыл* (қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Жар*** + *шеке* (көл. Қарағанды обл., Абай ауд.)

128) **«Жау»** зат есімі + зат есім

*Жау* көпмағыналы сөзінің топонимжасамға қатысы бары *жау* «май (еттің майы)» мағынасы деуге болады (жаубүйрек тағам аты секілді) [38;194]. Ауыспалы мағынада «жердің құнарлы шүйгін» екенін білдіреді.

***Жау*** + *ағаш* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)

***Жау*** + *об* (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)

Соңғы үлгі *жау* «дұшпан; қауіпті» + оп «терең құз, ор» сөздерінен бірігуі де мүмкін.

129) **«Жез»** зат есімі + зат есім

*Жез* сөзі «сары түсті металл, мыстың қорытпасы» (ҚТТС, 4т, 49) мағынасын беретіні әйгілі. Барлық металл атынан жасалатын жер-су аттары сияқты «жез өндірілетін, жез шығатын жер» мәнінде топонимжасамға араласады (Жезді, Жезқазған т.б.).

***Жез*** + *кент* (кент. ШҚО, Бородулиха ауд.)

130) **«Жел»** зат есімі + зат есім

*Жел* – «кейде қатты, кейде баяу соғатын ауа ағымының» аты. Топонимжасамда «жел жиі соғып тұратын, жел өтіндегі табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Жел*** + *ағаш* (қоныс. СҚО, Айыртау ауд.)
***Жел*** + *адыр* (жота. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Жел*** + *аяң* (қыстау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Жел*** + *бұзыл* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жел*** + *бұлақ* (бұлақ. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Жел*** + *қалқан* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Жел*** + *қандық* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жел*** + *қарағай* (асу. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Жел*** + *құдық* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Жел*** + *мая* (тау. Қарағанды обл., Абай ауд.)
***Жел*** + *тау* (тау. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Жел*** + *тораңғы* (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)

Ескерту: *Жел* сөзі кейде көне түркілік *йул* «бастау, қайнар» сөзінен шығуы мүмкін деген пікірлер кездеседі [145;178].

Тіркесті атау да жасайды:

***Жел Қарқара*** (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

131) **«Желі»** зат есімі + зат есім

*Желі* сөзі «мал сауған кезде төлдерді байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған арқан» (ҚТТС, 4т, 71) мәнінде лексикамызда сақталып

келеді. Топонимжасамда «желіге ұқсас ұзын, жіңішке немесе желіге байланғандай жан-жағынан келіп қосылатын нысандарды» атайды.

***Желі*** *+сай* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)

132) **«Жем»** зат есімі + зат есім

*Жем* сөзі қазіргі кезде «арпа, сұлы, бидай сияқты мал азықтарының (шөптен басқа) жалпы аты» (ҚТТС, 4т, 75) ретінде қолданылады. Онымен тұлғалас көне түркі тілінен шығатын *жем/гем* «өзен» сөзі де болған. Жер-су атын жасауға осы екі мағына да қабілетті болып келеді.

***Жем*** + *базар* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жем*** + *барақ* (өзен. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Жем*** + *бұлақ* (қыстау. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Жем*** + *су* (бөген. Атырау обл., Жылыой ауд.)

133) **«Жең»** зат есімі + зат есім

*Жең* сөзінің негізгі мағынасы «киімнің иықтан қолдың білезігіне дейін жетіп тұратын бөлігі» болса, топонимжасамда метафоралық жолмен «киімнің жеңіне ұқсас тармақ, салаларды» атап көрсетеді. *Жең, балақ* сөздері географиялық терминге айналған десе де болады.

***Жең*** + *көл* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

134) **«Жер»** зат есімі + зат есім

*Жер* сөзі өзінің негізгі мағынасы («планета») арқылы емес, «сол планетаның үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық» мағынасы арқылы топонимжасамға қатыса алады. Онда «табиғи нысанның тікелей жерден шығып, не кіріп жатқан қалпын» суреттейді (М.: *Жертас* «денесінің көбі жер астында, бір бөлігі жер бетіне шығып жатқан тас» мағынасындағы топоним).

***Жер*** + *қорған* (ескі бекініс. Жамбыл обл., Тараз қ.ә.)
***Жер*** + *сортаң* (қоныс. ОҚО, Созақ ауд.)
***Жер*** + *суат* (е.м. БҚО, Бөрілі ауд.)
***Жер*** + *тас* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Жер*** + *тегіс* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жер*** + *тұмсық* (е.м. Павлодар обл., Павлодар ауд.)

135) **«Жиде»** зат есімі + зат есім

*Жиде* сөзі «ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы» (ҚТТС, 4т, 121) мағынасын беретін фитоним екені мәлім. Топонимжасамда «жиде ағашы мол өсетін жер» мәнінде қатысады (*Жиделі, Жидебай, Қалыңжиде т.б.).*

***Жиде*** + *көл* (көл. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Жиде*** + *құдық* (құдық. Алматы обл., Балқаш ауд.)

136**) «Жиек»** зат есімі + зат есім

*Жиек* – «теңіздің, өзеннің, көлдің жағасы, жағалауы», «таудың аспанмен ұштасқан тұсы» мағыналарындағы ГТ. Күрделі атау құрамында «жағалау, кемердегі» нысандарды атайды.

***Жиек*** + *құм* (е.м. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)

137) **«Жиен»** зат есімі + зат есім

*Жиен* сөзі – «күйеуге шыққан қыздан туған бала» мағынасындағы туыстық атау. Ал жер-су атын жасауға тек ауыспалы мағынасында ғана қатыса алады: «үлкен нысан маңындағы кішілеу нысан». Нағашы-жиен түрінде салыстырыла аталады.

***Жиен*** + *құм* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)

138) **«Жол»** зат есімі + зат есім

*Жол* сөзінің тура мағынасы – «ерсілі-қарсылы жүруге арналған тапталған жер жолағы; сүрлеу». Осы мәнде топоним жасауға кірісіп, «жол бойындағы; жол өтетін нысандарды» атап көрсетеді.

***Жол*** + *адыр* (қыстау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Жол*** + *асар* (е.м. ОҚО, Шардара ауд.)
***Жол*** + *бар* + *су* (бұлақ. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Жол*** + *құдық* (е.м. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Жол*** + *қызыл* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Жол*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жол*** + *томар* (көл. СҚО, Айыртау ауд.)
***Жол*** + *томар* + *сай* (сай. СҚО, Айыртау ауд.)

Ескерту: Ендігі жерде *Жолбасшы, Жолнұсқау* тәрізді кеңестік, саясаттанған атаулар бізге үлгі болуға жарамайды.

139) **«Жон»** зат есімі + зат есім

*Жон* зат есімі «малдың, адамның желкеден құйымшаққа дейінгі аралығы, арқа тұсы» (ҚТТС, 4т, 160) мағынасын береді де, ауыспалы мағынада «дөңес жерлердің, таулардың үстін, арқасын» атап көрсетеді. Әдетте *ой* «төмен» сөзіне қарама-қарсы мәнде қолданылады.

***Жон*** + *адыр* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жон*** + *қызыл* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)

140) **«Жоса»** зат есімі + зат есім

*Жоса* сөзі «қызғылт-сары түсті бояу топырақ» мағынасымен топонимжасамға белсенді араласады *(Жосалы)*. Күрделі атау құрамына енгенде, «бояуға пайдаланатын жоса топырағы бар нысанды» атайды.

***Жоса*** + *сай* (жұрт. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)

141) **«Жусан»** зат есімі + зат есім

*Жусан* сөзі – «аласа өсетін, бозғылт түсті, ащы дәмді, өткір иісті шөптің» аты, полынь. Қазақ даласының негізгі белгілерінің бірі ретінде, «жусан өсетін жер» мағынасында топонимдер жасайды.

***Жусан*** + *дала* (жазық. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Жусан*** + *қатын* (бейіт. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Жусан*** + *ой* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Жусан*** + *сай* (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.)

142) **«Жұмбақ»** зат есімі + зат есім

*Жұмбақ* зат есімі «мәнін ойлап табу үшін айтылатын астарлы өлең не әңгіме» мағынасымен жер-су атын жасауы мүмкін емес болып көрінеді. Алайда оның ауыспалы мағынасын «табиғаттың құпия, жұмбақ жаратылған ерекше нысандарын» атап көрсету үшін пайдалануға әбден болады.

***Жұмбақ*** + *тас* (тас арал. Ақмола обл., Шортанды ауд.)

143) **«Жұмыртқа»** зат есімі + зат есім

*Жұмыртқа* – «құстың, кейбір бауырмен жорғалаушы жәндіктердің қатты қабығы бар, түрлі түсті, сопақша келген белокты заты, тұқымы» (ҚТТС, 4т, 229) мағынасымен екі түрлі топоним үлгілерін жасайды: 1) «құс жұмыртқасы мол кездесетін жер»; 2) «жұмыртқа пішіндес домалақ, сопақша келген нысан».

***Жұмыртқа*** + *көл* (тұзды көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

144) **«Жүзім»** зат есімі + зат есім

*Жүзім* сөзі – «шашақты ұзын бұтақтары бар бау-бақша өсімдігінің және сол өсімдіктің шырынды жемісінің аты, фитоним». «Жүзім өсімдігі өсетін жер» мәнінде жер-су аттарын жасауға қатысады.

***Жүзім*** + *сай* (өзен. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

145) **«Жүн»** зат есімі + зат есім

*Жүн* зат есімі «жан-жануарлардың терісінің сыртын жауып тұратын түк, қылшық» (ҚТТС, 4т, 260) мағынасын береді және ауыспалы мағынада «өсімдікті, түкті табиғи нысандарды» таңбалауға қатысады.

***Жүн*** + *жон* (тау. Ақмола обл., Есіл ауд.)
***Жүн*** + *жүрек* (жота. Алматы обл., Алакөл ауд.)

Ескерту: *жүн* сөзі топонимжасамда моңғ. *зүүн* «шығыс; сол жақ, сол қол» сөзінен шығуы да мүмкін. Мәселен, *Жүнжүрек* атауын моңғ. *зүүн* «шығыс» + *зураг* «сурет» тұлғаларынан шығаратын пікір де бар [145;180]. Кезінде қалмақтар құрған *Зүүнгар* «сол қол» империясын қазақтар *Жоңғар* деп атағаны белгілі.

146) **«Жүрек»** зат есімі + зат есім

*Жүрек* сөзі «қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағына орналасқан басты органының» аты, анатомиялық термин екені мәлім. Сонымен бірге «сырт пішіні жүрекке ұқсас шағын төбе, дөң» мәнінде географиялық терминге айналып бара жатқаны да шындық (М.: *Жүрек, жүрекше, бүйрек т.б.*). Моңғ. *зураг* «сурет» сөзінен шығып, «таңбалы тастары бар жерді» білдіруі де мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз.

***Жүрек*** + *адыр* (е.м. ШҚО, Абай ауд.)

147) **«Жылан»** зат есімі + зат есім

*Жылан* зат есімі «бауырмен жорғалаушылар тобына жататын омыртқалы жәндіктің» аты (ҚТТС, 4т, 279), зооним. Топонимжасамға «жыланы көп жер, кейде ғана жыланға ұқсас нысан» мағыналарымен жиі араласады. Жылан малды, адамды шағатын улы жәндік болғандықтан, адамдар жыланы көп жерді атап көрсетіп, таңбалап отырған (М.: *Жыланды* топонимі жиі кездеседі).

***Жылан*** + *бас* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Жылан*** + *қарауыл* (ескі қала. ОҚО, Созақ ауд.)
***Жылан*** + *қыр* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жылан*** + *шағыл* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)

148) **«Жылқы»** зат есімі + зат есім

*Жылқы* – «төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланылатын тақ тұяқты түрі» (ҚТТС, 4т, 288). Көшпелілердің өмірінде аса маңызды орын алатын жылқы малының жер-су аттарынан көрініс беруі – заңды құбылыс. «Жылқы малы өсетін жер, олардың суаты т.б.» нысандарды атауға қатысады.

***Жылқы*** + *бас* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Жылқы*** + *құдық* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

149) **«Жыңғыл»** зат есімі + зат есім

*Жыңғыл* сөзі – «шөл, шөлейт жерлерде, өзен бойында, тоғай арасында өсетін, биіктігі 1-3 м-дей бұтаның» аты, фитоним (ҚТТС, 4т, 314). «Жыңғыл өсімдігі мол өсетін жерлердің» атын жасауға қатысады.

***Жыңғыл*** + *ой* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Жыңғыл*** + *су* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Жыңғыл*** + *шығанақ* (көл. ОҚО, Арыс ауд.)

150) **«Жыра»** зат есімі + зат есім

«Жаңбыр, қар суы жырып кеткен терең жер, сай-сала» (ҚТТС, 4т, 319) мағыналы *жыра* сөзінің өзі ГТ болып табылады. Біріккен атаулар құрамында келіп, «жырасы бар, жыраға айналған нысанды» атайды.

***Жыра*** + *бұлақ* (арна. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Жыра*** + *құдық* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)

151) **«Жібек»** зат есімі + зат есім

*Жібек* сөзінің негізгі мағынасы «беті тегіс, жылтыр қымбат (бағалы) мата» болса, ауыспалы мағынасы – «жұмсақ, биязы, майда» (ҚТТС, 4т, 330-331) екені әйгілі. Соңғы мағына жер-су атын жасауға қатысып, «жібектей есілген, жұмсақ, биязы геонысандарды» атайды.

***Жібек*** + *адыр* (шоқы. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Жібек*** + *құм* (құм. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Жібек*** + *ши* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)

152) **«Зер»** зат есімі + зат есім

*Зер* зат есімінің негізгі мағынасы – «әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі сары түстес қымбат металл» (ҚТТС, 4т, 386). Топонимжасамға осы, негізгі мағынадан шығатын «зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей» мәні қатысады. «Геонысанның бетіне табиғи түскен немесе адамдар салған ою, өрнек, таңбаларды» айғақтайды.

***Зер*** + *тас* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)

153) **«Зорман»** зат есімі + зат есім

*Зорман* сөзі «дене тұрқы, 30-38 см-дей, арқасы қоңырлау, бауыры сарғыш ірі тышқанның» (ҚТТС, 4т, 401) аты, зооним. «Зорман тышқаны бар, мол кездесетін табиғи нысан» мағынасында топонимдер жасайды.

***Зорман*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)

154) **«Изен»** зат есімі + зат есім

«Таулы, құмды, сортаңды жерлерде өсетін, жіңішке жапырақты, солғын жасыл гүлді шөптесін өсімдіктің» аты *изен* фитонимі (кохия) «изен өсімдігі мол өсетін жер» мәнінде топоним туғызады (М.: Изенді).

***Изен*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

155) **«Иман»** зат есімі + зат есім

Қазақ топонимиясындағы *иман* сөзімен келетін атаулардың бәрін кісі есімінен шығаратын үрдіс бар. Сонда әр облыста Иман атты кісіге жер-су аттары таңылып отырған ба? Кездейсоқтықтың да өзіндік алғышарттары болады, ендеше мұндағы *иман* сөзі антротопоним емес. Ол діни мағына беретін ар. *иман* сөзі де емес. Біздің ойымызша, көне түркі. *йаман* «жаман» сөзі, не моңғ. *иман* «қызылшілік өсімдігі» немесе моңғ. *ямаа(н)* «ешкі, ешкілі» сөздерінің бірінен шығатындай [77; 280, 800].

***Иман*** + *бұрлық* (өзен. СҚО, Есіл ауд.)
***Иман*** + *жал* (шоқылар. СҚО, Айыртау ауд.)
***Иман*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Иман*** + *қара* (тау. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Иман*** + *тау* (тау. СҚО, Айыртау ауд.)
***Иман*** + *терек* (орман. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)

156**) «Ит»** зат есімі + зат есім

*Ит* – «сүтқоректі жыртқыштар семьясына жататын асыранды үй хайуаны» (ҚТТС, 4т, 471), адамның досы ретінде көшпелілер өмірінде ерекше орын алады. Соған орай өздеріне әбден танымал «ит денесіне ұқсату арқылы, итке байланысты бір оқиғаға қатысты» жер-су аттарын жасап қалдырған.

***Ит*** + *ас* + *сай* (өзен. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Ит*** + *арқа* (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.)
***Ит*** + *ауыз* (төбе. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Ит*** + *аяқ* (өзен. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Ит*** + *балық* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Ит*** + *бас* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Ит*** + *жон* (үстірт. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Ит*** + *көл* (көл. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Ит*** + *қара* (бейіт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Ит*** + *қорған* (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Ит*** + *мұрын* (қоныс. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Ит*** + *шат* (тау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Ит*** + *шоқы* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

157) **«Иін»** зат есімі + зат есім

*Иін* сөзінің негізгі мағынасы «иық» та, тағы бір мағынасы «өзен, жолдың бұрылыс жасаған жері, иілісі» де топонимжасамға қатыса алады. Күрделі атаудың алдыңғы сыңарында келіп, «бір нысанның иық тұсына, не иілген бұрылған тұсына орналасқан екінші нысанды» атап атап көрсетеді.

***Иін*** + *саз Қарасу* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Иін*** + *сексеуіл* (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)
***Иін*** + *тал* (жұрт. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Иін*** + *тас* (жұрт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

158) **«Иіс»** зат есімі + зат есім

*Иіс* зат есімі – «адамның, жан-жануарлардың иіс сезу органдары арқылы қабылдайтын тағам, қорек т.б. заттардың ауа арқылы білінетін

ерекше қасиеті» (ҚТТС, 4т, 495). Топонимжасамда «өзіне тән белгілі иісі бар нысандарды» атайды.

***Иіс*** + *баз* (қыстау. БҚО, Қызылқоға ауд.)
***Иіс*** + *мүктік* (қыстау. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Иіс*** + *сары* (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)

159) **«Кебенек»** зат есімі + зат есім

*Кебенек* көнерген сөзінің мағынасы – «малшылардың аяздан, жауын-шашыннан қорғану үшін киетін жұқа киізден тігілген сырт киімі» (ҚТТС, 4т, 535). Топонимжасамда «бір нысанды қоршай жатқан сыртқы нысанды» таңбалайтын сыңайлы (ұқсату жолымен). *Кебенек* сөзі *кебе+нек* «кебе беретін, құрғақ жер» туынды сөзі болуы да ықтимал. Ал Кебенек сөзінің «ешкіде болатын жұқпалы ауру» түріндегі екінші мағынасының жер-су атын жасауы неғайбыл.

***Кебенек*** + *еспе* (өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)

160) **«Кебіс»** зат есімі + зат есімі

*Кебіс* те көнерген сөзге жатады және «мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген галош тәрізді қонышсыз аяқ киімнің» аты болып табылады (ҚТТС, 4т, 539). Тек пішін ұқсастығы арқылы ғана жер-су атын жасайды.

***Кебіс*** + *балапан* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

161) **«Кез»** зат есімі + зат есім

*Кез* омоним сөзінің екеуі ғана жер-су атын жасай алады: 1) *кез* «метрге жуық (70-80 см) болатын ұзындық өлшемі» ; 2) *кез* «садақ оғының ойыс (ашаланып) келген түбі; түйенің екі өркешінің арасындағы ойыс жер» (ҚТТС, 4т, 550). Тиісінше «шағын, қысқа, тар нысан» немесе «айыр, ойпаң, ойыс жер» мағыналарын тудырады.

***Кез*** + *ауыз* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Кез*** + *қора* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

162) **«Кезең»** зат есімі + зат есім

*Кезең* зат есімі «тау жотасындағы, төбе, дөңдегі асу беретін аласа жері» мағынасымен географиялық терминге айналған. Біріккен топоним құрамында келгенде, «кезеңде орналасқан екінші нысанды» атап көрсетеді.

***Кезең*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Кезең*** + *көл* (көл. ШҚО, Күршім ауд.)
***Кезең*** + *су* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Кезең*** + *шабыра* (шоқылар. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Кезең*** + *шілік* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

163) **«Келін»** зат есімі + зат есім

*Келін* сөзі – «үйге ұзатылып келген әйел адам» мағынасындағы туыстық атау екені мәлім. «Келін түсірген жер» мағынасында топоним жасалуы мүмкін және келін (< кел+ін) «келген, келіп қосылған» этимологиясымен де атау жасауға қатыса алады (қат + ын «қосылған», тұт+қын «ұсталған» сөздері тәрізді).

***Келін*** + *саз* (қоныс. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Келін*** + *төбе* (канал. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)

164) **«Кемер»** зат есімі + зат есім

*Кемер* сөзі «өзен, көл, су арнасының жағалауы, жиегі» (ҚТТС, 4т, 600) мәніндегі ГТ болып табылады. Күрделі атау құрамында келіп, «бір нысанның кемерінде орналасқан екінші нысанды» таңбалайды. Сонымен бірге *кемер белбеуге* «әшекейлі, жалпақ белбеуге» ұқсату арқылы да топоним пайда болуы мүмкін.

***Кемер*** + *бастау* (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Кемер*** + *бұлақ* (қыстау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Кемер*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Кемер*** + *құм* (құм. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Кемер*** + *тоған* (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Кемер*** + *тұз* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Кемер*** + *ши* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)

165) **«Кемпір»** зат есімі + зат есім

*Кемпір* сөзі «жасы келген, қартайған әйел» (ҚТТС, 4т, 601) мағынасын береді де, топонимжасамда «кемпірге байланысты әлдебір оқиғаны; кемпір бетіндегі әжімге ұқсас жырымдалған, қатпарлы табиғи нысанды, кейде қасиетті, үлкен ана тәрізді мекенді» атайтын сияқты.

***Кемпір*** + *бұлақ* (қоныс. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Кемпір*** + *көл* (шығанақ. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Кемпір*** + *сай* (е.м. Ақтөбе обл., Қарғалы ауд.)
***Кемпір*** + *төбе* (төбе. Жамбыл обл., Талас ауд.)

166) **«Кен»** зат есімі + зат есім

*Кен* зат есімі «жер астынан қазылып алынатын пайдалы қазбалар, руда» (ҚТТС, 4т, 607) мағынасын береді де, топонимжасамда «кен өндірілетін жер» мәнімен атаулар жасауға қатысады (М.:Кенді Алтай).

***Кен*** + *тау* (қала. ОҚО, Кентау қ.ә)
***Кен*** + *төбе* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

167) **«Кендір»** зат есімі + зат есім

*Кендір* сөзі «сабағынан арқан, жіп есілетін өсімдіктің» аты, фитоним екені әйгілі. «Кендір өсімдігі өсетін жер» мағынасымен топоним жасауға қатысады.

***Кендір*** + *ақал* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)

Мұндағы *ақал* түркімен тіліндегі *ақалтеке* зоонимінде кездесетін этноним болуы мүмкін.

168) **«Кене»** зат есімі + зат есім

*Кене* сөзі «жан-жануардың қаны мен өсімдіктің сөлін соратын паразит жәндіктің» (ҚТТС, 4т, 608) аты. «Кенесі көп жер» мағынасымен жер-су аттарын жасайды. Кенесары хан Қасымұлының атына байланысты қойылған атау болуы да мүмкін.

***Кене*** + жайлау (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

169) **«Кеңес»** зат есімі + зат есім

*Кеңес* сөзі «әңгіме, сөз» мағынасындағы зат есім болып табылады. Топонимжасамда ежелден «ел жиналып, кеңес құратын жер» мәнімен атау жасалып келсе, кейін «Кеңес үкіметі» мәніндегі саяси топонимдер қаптап кеткені белгілі. Екеуін айыра біліп, тарихи тұлғасын қалдыру қажет.

***Кеңес*** + *тас* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

***Кеңес*** + *төбе* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)

170) **«Кепе»** зат есімі + зат есім

*Кепе* зат есімі «жартылай жерден қазып жасаған уақытша баспана, лашық» мағынасын беретіні айқын. Топонимжасамда «кепеге ұқсас немесе кепе үйлер салынған жер» мағыналарымен жер-су атын жасайды.

***Кепе*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

171) **«Кереге»** зат есімі + зат есім

*Кереге* зат есімі «ағаштан тор көзді етіп жасаған киіз үйдің жиналмалы қабырғасы» (ҚТТС, 4т, 630) мәнін береді және «керегеге ұқсас қабырғалана біткен табиғи нысандарды» атауға қатысады. Жалпы алғанда, киіз үйдің құрылысын әлемнің жеті кереметінің бірі деп тануға тиіспіз.

| | |
|---|---|
| ***Кереге*** + *мола* | (бейіт. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ***Кереге*** + *тас* | (жота. Ақмола обл., Ерейментау ауд.) |
| ***Кереге*** + *тас* + *бұлақ* | (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Кереге*** + *тас* + *сай* | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| ***Кереге*** + *шық* | (қыстау. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.) |

172) **«Кермен»** зат есімі + зат есім

*Кермен* – көне түркі тілінде «қала, қамал» мағынасын беретін сөз болған (Аққермен). Топонимжасамда «көне қала орнын немесе қамалға ұқсас геонысанды» атап көрсетеді.

***Кермен*** + *тас* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

173) **«Керуен»** зат есімі + зат есім

*Керуен* сөзі «алыс жерге жүк тасу немесе сауда жасап қайтуға арналған көлік тізбегі» (ҚТТС, 4т, 641) мағынасын береді. «Керуенге ұқсас тізбектелген табиғи нысандарды, кейде керуен жолы өтетін белгі-нысандарды, керуен-сарайларды» атап көрсетеді.

***Керуен*** + *көл* (көл. ШҚО, Семей қ.ә.)

***Керуен*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Алға ауд.)

174) **«Керіш»** зат есімі +зат есім

*Керіш* зат есімі «топырақ, құмы қатып қалған жер қыртысын және олардың түрлі-түсті болып келетін түрлерін» атайтын ГТ болып табылады. Біріккен атау құрамында келгенде, «керішті жерде орналасқан тағы бір нысанды» нұсқайды.

***Керіш*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)

175) **«Кесе»** зат есімі + зат есім

*Кесе* сөзі «фарфордан дөңгелектеп істеген шыны, пиала» (ҚТТС, 4т, 648) мағынасын береді де, ауыспалы мағынада «кеседей ғана ойпаң не томпиған табиғи нысанды» атауға қатысады.

***Кесе*** + *құм* (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)

176) **«Киік»** зат есімі + зат есім

*Киік* сөзі «айыр тұяқты, ешкіге ұқсас, жабайы, тағы аңның» (ҚТТС, 5т, 44) аты. «Киік мекендейтін табиғи нысандарды» атау үшін топонимжасамға қатысады.

***Киік*** + *құдық* (жайлау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Киік*** + *мола* (қоныс. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Киік*** + *сай* (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Киік*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Киік*** + *су* (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Киік*** + *табан* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Киік*** + *тау* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Киік*** + *төбе* (төбе. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Киік*** + *ши* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

177) **«Көбік»** зат есімі + зат есім

*Көбік* зат есімі «сұйық зат қайнағанда, шайқалғанда көпіріп бетіне шығатын жеңіл нәрсе» (ҚТТС, 5т, 86) мағынасын береді. «Жағасы ақ көбіктеніп жататын көл, тоғанға, кейде өзенге» қатысты гидронимдер жасайды. Мұндай көлдің астынан әлдебір газ шығып жатуы да мүмкін.

***Көбік*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Атбасар ауд.)

178) **«Көжек»** зат есімі + зат есім

*Көжек* деп «қоянның баласын» атайтыны белгілі. Топонимжасамда «қояны (көжегі) көп жер немесе көжектей ғана шағын нысан» мағыналарында атаулар жасайды.

***Көжек*** + *сор* (қоныс. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

179) **«Көкпар»** зат есімі + зат есім

*Көкпар* зат есімі «терісін шешпей сойып, басы мен ішек-қарнын алған малды (көбіне ешкі, лақ) ат үстінде тартысатын ұлттық ойынның» аты. «Үнемі көкпар тартылатын ыңғайлы жер» мағынасында топоним жасайды.

***Көкпар*** + *сай* (өзен. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

***Көкпар*** + *тас* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)

180) **«Көкпек»** зат есімі + зат есім

*Көкпек* сөзі «шөлді жерде өсетін ащы, қатты шөптің» (ҚТТС, 5т, 128) аты, лебеда шөбі. «Көкпек шөбі мол өсетін жер» мәнінде топоним жасауға қатысады (Көкпекті).

***Көкпек*** + *дала* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Көкпек*** + *қолат* (аңғар. ШҚО, Абай ауд.)
***Көкпек*** +*сай* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Көкпек*** + *тал* (төбешік. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Көкпек*** + *тас* (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.)

181) **«Көл»** зат есімі + зат есім

*Көл* сөзі «айналасы құрлықпен тұйықталған, көлемі әр түрлі су қоймасы» мағынасымен географиялық терминге енеді. Біріккен атаудың алдыңғы сыңарында келіп, «көлге айналған, көлдің маңайындағы нысандарды» атауға қатысады.

***Көл*** + *асу* (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көл*** + *ащы* (көл. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Көл*** + *бастау* (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Көл*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Көл*** + *жарма* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

***Көл*** + *жиде* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Көл*** + *кент* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Көл*** + *кент* + *төбе* (көне қала. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Көл*** + *қайнар* (бұлақ. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Көл*** + *қамыс* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Көл*** + *қара* (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Көл*** + *қой* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Көл*** + *құдық* (құдық. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Көл*** + *сай* (көл. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Көл*** + *табан* (қоныс. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Көл*** + *терек* (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
***Көл*** + *тоған* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)
***Көл*** + *тұма* (бұлақ. Жамбыл обл.,Сарысу ауд.)
***Көл*** + *шар* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Көл*** + *шу* + *ағаш* (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.)

Мұндағы *Көлқара*, *Көлшар* атауларының анықтауыштары өздері анықтайтын сөзден кейін тұрғандықтан, көне топонимдерге жатады. Өйткені тілдің дамуында ондай құбылыс болған (М.: *Қаракөл – Көлқара*, моңғ. *Шар (Сары) көл – Көлшар (сары),* парсы. *Шар* (төртбұрыш) көл т.б.).

Топонимжасамда атаулардың қайталануынан қашу мақсатында, бұл әдіске баруға да болады.

Тіркесті атау да жасалады:

***Көл*** *Қарашоқы* (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)

182) **«Көмеш»** зат есімі + зат есім

*Көмеш* зат есімі «күлге көміп пісірген нан, көмбе» (ҚТТС, 5т, 159) мағынасын береді де, «көмеш нанға ұқсас дөңгелек келген дөңес табиғи нысанды немесе топырақ, құмға көміле беретін нысанды» атауы мүмкін.

***Көмеш*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)

183) **«Көң»** зат есімі + зат есім

*Көң* сөзінің негізгі мағынасы «қордаланып қалыңдаған мал қиы» болғанмен, топонимжасамға осы мағынаға тікелей байланысты «қалып қойған қоныс, мекен, жұрт» ауыспалы мағынасы қатысады (М.: Нартай көңі).

***Көң*** + *қаша* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көң*** + *сары* (қыстау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Көң*** + *сүлік* (жұрт. Қостанай обл., Федоров ауд.)
***Көң*** + *ши* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)

184) **«Көпір»** зат есімі + зат есім

*Көпір* зат есімі «әр түрлі кедергілерден (өзен, сай, жал т.б.) өту үшін арнайы салынған өткел» (ҚТТС, 5т, 186) мағынасымен-ақ топонимжа-

самда ерекше белгі бола алады. Ерекше белгі болса, сөз жоқ атау жасауға қатысып, «көпірі бар нысандарды» айғақтайды.

***Көпір*** + *тас* + *су* (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

«Көпір болатын тасы бар су» мағынасындағы атау.

185) **«Көрші»** зат есімі + зат есім

*Көрші* зат есімі «үйлері қатар, қоңсы, есіктес тұратын адам» мағынасын береді де, топонимжасамда «екі немесе бірнеше нысанның бір-біріне жақын, қатар тұруын» атап көрсетеді.

***Көрші*** + *қан* + *тұз* (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

Бұл атау *Көрші Қантұз* тіркесінде құрылуы да мүмкін. «Көрші қан түстес қызыл тұз» мағынасын береді.

186) **«Көш»** зат есімі + зат есім

*Көш* сөзі «үй-ішін, дүние-мүлкін күш көлігіне тиеп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені» мағынасымен көшпелі қазақ өмірінде ерекше маңызға ие болған. Жер-су атын жасауға «көш жолындағы аялдама жер, не белгі нысандарды» атау арқылы қатысады.

***Көш*** + *бас* (бейіт. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

***Көш*** +*қорған* (е.м. ОҚО, Түркістан қ.ә.)

187) **«Күзек»** зат есімі + зат есім

*Күзек* зат есімі «күздігүні қой қырқып, жылқы күзейтін мезгіл» мағынасынан «күздік күзем алатын жер, күзеу» мағынасын тудыру арқылы жер-су атын жасауға қатысады (М.: Ауыл күзекке көшті).

***Күзек*** + *құдық* (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.)

***Күзек*** + *сай* (е.м. СҚО, Уәлиханов ауд.)

188) **«Күзеу»** зат есімі + зат есім

*Күзеу* зат есімі «жазғы жайлаудан қайтқан елдің күз кезінде отыратын мекені» (АТС, 1968, 337). Осы мәнде жер-су атын жасауға қатысады («Ықтырмамен күзеуде отырар бай» Абай).

***Күзеу*** + *сай* (өзен. СҚО, Уәлиханов ауд.)

189) **«Күйе»** зат есімі + зат есім

*Күйе* зат есімі «жанған оттың маңайындағы заттарға жұқтыратын қарағұрым дағы» (ҚТТС, 5т, 275) мағынасын береді де, «оттан, өрттен қалған күйелі табиғи нысанды» атау арқылы топонимдер тудырады.

***Күйе*** + *тас* (тау. Алматы обл., Ескелді ауд.)

190) **«Күйме»** зат есімі + зат есім

*Күйме* сөзі «үстін, жан-жағын былғарымен, жібекпен қаптап қоршаған, сәнді жеңіл арбаның» (ҚТТС, 5т, 282) аты. Топонимжасамда тек «пішін ұқсастығы арқылы және күйме жолына байланысты» атаулар жасай алады.

***Күйме*** + *тас* (тау. ШҚО, Абай ауд.)

191) **«Күл»** зат есімі + зат есім

*Күл* сөзі «отын түгел жанып біткеннен кейінгі қалдық» (ҚТТС, 5т, 289) мағынасында қолданылады. Жер-су атын жасауға «өрттен қалған күлді жер немесе күл-топырақ үйілген ескі жұрт» мағыналарында қатыса алады. Көне түркі. *күл* «бас қолбасшы» лауазым аты да топоним жасауға тартылуы мүмкін (Күлтегін, Күлішор т.б.)

***Күл*** + *төбе* (көне қала. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Күл*** + *шоқай* (е.м. Қостанай обл., Меңдіқара ауд.)

192) **«Күмбез»** зат есімі + зат есім

*Күмбез* сөзі «мешіт, мола, сарай құрылыстарының доғалдана біткен төбесін» атайды. «Күмбезді құрылысы бар жерді, не күмбезге ұқсас төбе, шоқыларды» атап көрсету арқылы топонимдер жасайды.

***Күмбез*** + *бейіт* (бейіт. Алматы обл., Алакөл ауд.)

193) **«Күміс»** зат есімі + зат есім

*Күміс* зат есімі «сапа жағынан құнды ақ түсті қымбат металдың химиялық элементтің» аты (ҚТТС, 5т, 309). Топонимжасамда «күміске ұқсас жарқыраған табиғи нысанды (Күмискөл) және күміс өндірілетін жерді» атап көрсетеді.

***Күміс*** + *бұлақ* (қыстау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Күміс*** + *көл* (қоныс. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Күміс*** + *қазық* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Күміс*** + *құдық* (е.м. Қарағанды обл., бұқар Жырау ауд.)

194) **«Күн»** зат есімі + зат есім

*Күн* сөзінің негізгі мағынасы «әлемге жарық, қызу беретін планета» екені әйгілі (ҚТТС, 5т, 311). Топонимжасамға осы мәнде қатысып, «күн мол түсетін, ашық жердегі табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Күн*** + *батыс* (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Күн*** + *жар* (жұрт. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Күн*** + *күзен* (қоныс. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Күн*** + *тоғай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Күн*** + *шағыр* (тж. бекеті. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Күн*** + *шуақ* (қыстау. ШҚО, Абай ауд.)

195) **«Күнгей»** зат есімі + зат есім

*Күнгей* сөзі «күннің шуағы мол түсетін жер» мағынасындағы ГТ болып табылады. Топонимжасамда «тау, төбенің оңтүстік жағы» мәніндегі атаулар қалыптастырады.

***Күнгей*** + *байыр* (қыстау. Қарағанды обл., Қаражал қ.ә.)
***Күнгей*** + *сай* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Күнгей*** + *сандық* (асу. Жамбыл обл., Меркі ауд.)

Мұндағы *байыр* сыңары көне түркі. «төбе, дөң, биіктік» мағынасын береді [46;64]. *Күнгей* географиялық термині *теріскей* сөзіне антоним ретінде тіркесті атаулар да жасай алады.

***Күнгей*** *Бөкенбай* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)
***Күнгей*** *Қаратау* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)

196) **«Күріш»** зат есімі + зат есім

*Күріш* зат есімі «жылылықты сүйетін, суда өсетін дәнді дақылдың» аты, фитоним (ҚТТС, 5т, 379). Топонимжасамда тиісінше, «күріш дақылы өсетін жердің» аты бола алады.

***Күріш*** + *дала* (е.м. Алматы обл., Қаратал ауд.)

197) **«Күшік»** зат есімі + зат есім

*Күшік* зат есімі «иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласының» аты, зооним (ҚТТС, 5т, 391). Жер-су атын қалыптастыруда «үлкен нысанның қасындағы кіші, шағын табиғи нысанды күшікке теңеп» атайды.

***Күшік*** + *жал* (құм қырқалары. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Күшік*** + *көл* (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
***Күшік*** + *там* + *бұлақ* (бұлақ Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

198) **«Кіндік»** зат есімі + зат есім

Топонимжасамға *кіндік* сөзінің негізгі мағынасы емес, басқа екі мағынасы қатысады: 1) «қарынның орта тұсындағы шұқыр жер, кесілген кіндіктің орны» (ҚТТС, 5т, 407); 2) «орталық». Бірінші мағына бойынша, «үлкен нысанның орта тұсына орналасқан екінші бір кіші нысан» мағынасында топоним жасалса, соңғы мағына бойынша, «бірнеше нысанның ортасына орналасқан нысан» мәніндегі атаулар жасалады.

***Кіндік*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Кіндік*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Кіндік*** + *қарағай* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Кіндік*** + *құдық* (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Кіндік*** + *сай* (жұрт. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Кіндік*** + *тас* (таулар. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Кіндік*** + *төбе* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)

Берілген үлгілерден көбінесе бірінші мағынаға сәйкес атаулар жасалатыны байқалады. Мәселен, Кіндіккөл гидронимі «ортасында су бетіне шығып тұрған тасы, не аралы бар көл» мәнін беретіні анық.

*Ескерту*: Келтірілген үлгілер қатарынан біз *Көтбас* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.), *Көтүлдірік* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.), *Көтенасу* (асу. Алматы обл., Кербұлақ ауд.), *Көтентас* (тас. ШҚО, Катонқарағай ауд.) секілді топонимдерді алып тастадық. Өйткені жер-су атын жасауға қазақтың анайы сөздерінен басқа сөздері де жеткілікті және халықтың санасы, эстетикасы өскен заманда мұндай атаулар үлгі болуға жарамайды. **Қасиетті жер-суға дөрекі атау беруге болмайды.**

199) **«Қабақ»** зат есімі + зат есім

*Қабақ* сөзінің тура мағынасы «қас пен көздің арасы» болса, ауыспалы мағынасы «жар мен сайдың, не жыраның үстіңгі жиегіне жақын жері» (ҚТТС, 5т, 454) екені әйгілі. Жер-су атын жасауға осы ауыспалы мағынасы қатысып, ГТ дәрежесіне жеткен.

***Қабақ*** + *көл* (көл. СҚО, Айыртау ауд.)

200) **«Қабан»** зат есімі + зат есім

*Қабан* зат есімі «жабайы шошқаның еркегі» мағынасын бергенімен, кейде жалпы «жабайы шошқа» мәнінде де қолданыла береді (М.: Қабан шошқа «жабайы шошқа»). Жер-су атының біршама мол кездесуі бұл аңның қазақ аңшылық өмірінде елеулі орын алғанын көрсетеді.

***Қабан*** + *ақ* + *ши* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қабан*** + *асу* (Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қабан*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қабан*** + *көл* (қыстау. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.)
***Қабан*** + *құдық* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Қабан*** + *құлақ* (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қабан*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қабан*** + *тақыр* (тұзды көл. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Қабан*** + *шат* (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

Мұндағы *Қабанқұлақ* «қабанның құлағына ұқсас шоқылары бар тау» мәнінде тұр. Ендеше *қабан* сөзі «жабайы шошқасы бар, мол жер» мағынасымен ғана емес, пішін ұқсастығы бойынша да топонимдер жасайды екен.

201) **«Қабылан»** зат есімі + зат есім

*Қабылан* сөзі «мысық тұқымдас түсі теңге шұбар, сүтқоректі жыртқыш аңның» (ҚТТС, 5т, 462) аты, зооним. «Қабылан мекендеген жер» мағынасында топоним жасауға қатысады.

***Қабылан*** + *қыр* (үстірт. Маңғыстау обл., Үстірт маңы).

202) **«Қабырға»** зат есімі + зат есім

*Қабырға* сөзінің негізгі мағынасы «адамның кеуде сүйектері» болғанмен, жер-су атын жасауға оның «бір заттың қапталы, қанаты» түріндегі ауыспалы мағынасы қатысады: «қабырғаға ұқсас жағалай орналасқан табиғи нысанды» атайды.

***Қабырға*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Қаражал қ.ә.)
***Қабырға*** + *тал* (арна. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Қабырға*** + *тау* (қоныс. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

203) **«Қаз»** зат есімі + зат есім

*Қаз* зат есімі «суда жақсы жүзетін, мойны ұзын, жабайы және үй құсының аты» (ҚТТС, 5т, 493). Топонимжасамда «қаз қонатын көл, сулардың» атын жасауға араласады.

***Қаз*** + *бұрық* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

«Қазы бар бұрылған (бөгелген) көл» мәнін береді.

204) **«Қазақ»** зат есімі + зат есім

*Қазақ* сөзі «Қазақстан Республикасының жергілікті халқы, негізгі тұрғыны; ұлт» мәніндегі этноним болып табылады. Топонимжасамда «қазақ халқының тіршілігіне байланысты нысандарды» атауға қатысады.

***Қазақ*** + *ай* (е.м. ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Қазақ*** + *дихан* (е.м. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Қазақ*** + *жол* (ат жолы. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қазақ*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)

205) **«Қазан»** зат есімі + зат есім

*Қазан* сөзінің негізгі мағынасы «тамақ пісіруге арналып, шойыннан я мыстан жасалған ыдыс» (ҚТТС, 5т, 500) болса, топоним жасауға «қазанға ұқсас шұңқыр, ойпаң жер; судың балық көп жүретін терең тұсы» мағыналары қатыса алады. Кейде *қазан* сөзі тура мағынасымен де атау құрамына енеді (М.: *Қазансынған, Қазанқалған* т.б.).

***Қазан*** + *дабан* (асу. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қазан*** + *көл* (көл. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қазан*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Қазан*** + *сай* (жұрт. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қазан*** + *су* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Қазан*** + *тоғай* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қазан*** + *шат* (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Қазан*** + *шұңқыр* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)

Мұндағы *дабан* сыңары моңғ. *даваа* «мойнақ; асу; белес» сөзінен шығады.

206**) «Қазына»** зат есімі + зат есім

*Қазына* сөзі «дүние-мүлік, бағалы заттар» мағынасымен қоса, «өкімет, мемлекет, қоғам» мәнінде де қолданылып келеді. (ҚТТС,5т,517) Мысалы: Қазынаның мүлкі «қоғамның, өкіметтің мүлкі». Топонимжасамда осы екі мағынада да атаулар жасауға қатысуы мүмкін және «жер қойнауындағы қазба байлық, кен, руда», «жерге жасырып көмген бағалы заттар» сияқты жанама мәндерде топонимдер жасай алады.

***Қазына*** + *құдық* (құдық, Алматы облысы, Талғар аудан)

207) **«Қайшы»** зат есімі+зат есім

*Қайшы* сөзі «әр түрлі нәрселерді кесу, қию үшін жүздерін қарама-қарсы бекіткен металл құралдың» аты және қайшының, жүздеріне ұқсас «қарама-қарсы, керағар» зат, ұғымдарды да атайды. (ҚТТС,5т,545). Топонимжасамда «сырт пішіні қайшыға ұқсас немесе бір-біріне қиғаш, қайшы келіп жататын геонысандарды атауға» қатысады.

***Қайшы*** + *бұлақ* (бұлақ, ШҚО, Катонқарағай ауданы)

208) **«Қайың»** зат есімі + зат есім

*Қайың* сөзі «ақ қабықты, жүрекше жапырақты, бойлап өсетін ағаштың» аты (ҚТТС, 5т, 550). Кең тараған фитоним. Өсімталдығы арқасында кең тараған өсімдік болғандықтан, топонимжасамда белсенді қолданылады. *(Қайыңды, Топқайың, Қайыңсай т.б.)* Барлық атауға уәж болатын белгі – сол жерде «қайың ағашының өсіп тұруы».

***Қайың*** + *бұлақ* (өзен, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қайың*** + *сай* (сай, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы)
***Қайың*** + *үйез* (жайлау, ШҚО, Күршім ауданы)
***Қайың*** + *шат* (қоныс, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы).

209) **«Қайыр»** зат есімі + зат есім

Көпмағыналы *қайыр* сөзінің топонимжасамға тікелей қатысы бары «өзен-көлдердің, теңіздердің таяз жері, батпақты, құмды жағалауы» мағынасы (ҚТТС, 5т, 552). Көне түркі тілінде және М. Қашқари сөздігінде қайыр сөзі «құм» мағынасын беретінін көреміз. [57,227] Мысалы: *Қайырты* «құмды». *Қайыр* сөзі топонимжасамда өзара сабақтас «судың саяз жері» және «құмды жер, құм» мағыналарымен атаулар жасай алады.

***Қайыр*** + *құдық* (құдық, ОҚО, Ордабасы ауданы).

210) **«Қайыс»** зат есімі + зат есім

«Арнайы өңделген мал терісінен тілініп алынып, ер-тұрман және басқа тұрмыс заттарына қолданылатын таспаны» *қайыс* деп атайтыны

мәлім. Топонимжасамға қатысы жоқ сияқты көрінгенімен, бір ғана үлгі кездесіп отыр («шығыры қайыстан жасалған құдық» мағынасында).

***Қайыс*** + *құдық* (жайлау, Ақтау облысы, Ойыл ауданы)

211) **«Қақ»** зат есімі + зат есім

*Қақ* сөзінің көптеген мағыналарынан жер-су атын жасауға қатысатыны – «жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су» мағынасы (ҚТТС, 5т, 563).

***Қақ*** + *құдық* (құдық, ОҚО, Шардара ауданы)
***Қақ*** + *сор* (көл, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы)
***Қақ*** + *тұрақ* (қоныс, Павлодар облысы, Ертіс ауданы)

212) **«Қақпа»** зат есімі + зат есім

*Қақпа* сөзі «адам, көлік, транспорт т.б. енетіндей етіп жасалған үлкен есіктің» аты (ҚТТС, 5т, 567). Топонимжасамда «қақпаға ұқсас, жол бойына жарыла орналасқан табиғи нысандарды» атауға қатысады.

***Қақпа*** + *тас* (ауыл, Жамбыл облысы, Қордай ауданы)
***Қақпа*** + *терек* (қыстау, Ақтау облысы, Мұғалжар ауданы)

213) **«Қақпан»** зат есімі + зат есім

*Қақпан* сөзі «аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құралдың» аты екенін және *қапқан* сөзінен метатеза әсерінен *қақпан* болып өзгергенін білеміз. Топонимжасамға тек «бір нәрсені тұтып, ұстап қалу» функциясы арқылы ғана қатысуы мүмкін.

***Қақпан***+*қызыл* (қыстау БҚО, Жаңақала ауданы)
***Қақпан***+*сай* (қоныс, Ақмола облысы, Атбасар ауданы)
***Қақпан***+*сор* (е.м. ОҚО, Созақ ауданы)

214) **«Қал»** зат есімі+зат есім

*Қал* сөзінің басқа мағынасы емес, «теріде болатын әр түрлі дақ» мағынасы ғана жер-су атын жасауға қабілетті болып келеді. «Терідегі қалға ұқсас жеке, жалғыз тұрған геонысанды» атайды. Кейде «табиғи нысанның бойындағы дақтардың қалға ұқсатуы» мүмкін.

***Қал***+*көл* (е.м. Ақтөбе облысы, Қобда ауданы)
***Қал***+*төбе* (құдық, Қызылорда облысы, Қазасы ауданы)

215) **«Қала»** зат есімі+зат есім

*Қала* сөзі иран тілінен еніп, «ірі елді мекеннің» жалпы атына айналды. Алайда жеке қала аттарына *қорған, орда, кент* терминдері тәрізді жиі тіркесе бермейді (*Тасқала* секілді бірен-саран ойконим бомаса). Топонимжасамда қала сөзі тым белсенді емес, бірақ келешекте қоданысын кеңейтуге болады.

***Қала***+*тұз* (көл. Павлодар облысы, Аққу ауданы)

216) **«Қалақ»** зат есімі+зат есім

*Қалақ* сөзі әдеби тілде «кішкене күрекше», «ескек», мағыналарын берсе, шығыс диалектіде «қасық» мәнінде қолданылады[156;401]. Қалай болса да олардың бәріне ортақ сема бар және ол сема – «бір жағы жалпақтау, екінші жағы қолға ұстайтындай етіп жасалған зат» семасы. Топонимжасамда «тұлға-пішіні қалаққа ұқсас генонысандары» атауға қатыса алады.

***Қалақ**+тас* (қыстау,Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы)

217) **«Қалам»** зат есімі+зат есім

*Қалам* сөзі «қаламұш орнатып, сиямен жазатын құралдың» аты ретінде араб тілінен енген еді (ҚҚТС, 5т, 582). Кейін оған ұқсату арқылы «шаңырақ тесіктеріне кіргізетін уықтың сүйір ұшын» атай бастады. Топонимжасамда тек «сыртқы тұлғасының ұқсастығы арқылы ғана жер-су аттарын жасауға» араласуы мүмкін.

***Қалам** + төбе* (жұрт. ОҚО, Созақ ауд.)

218) **«Қалқа»** зат есімі+ зат есім

*Қалқа* сөзінің негізгі мағынасы «пана, таса, ықтасын» екені белгілі. Осы мәнде (таса, ықтырма жер) топонимжасамға да қатысады. Мәселен, қыпшақ пен орыстың біріккен қолы моңғол қосындарымен алғаш *Қалқа* деген жерде соғысқаны тарихтан мәлім.

***Қалқа**+тас* (өзен, Жамбыл облысы, Қордай ауданы)

219) **«Қалмақ»** зат есімі+зат есім

*Қалмақ* сөзі –этноним. Алтынорда мемлекеті ыдыраған тұста, Моңғолияға қайтпай қалып қойған моңғол тілді тайпаларды «қалмақ» деп атай бастаған («қалдық», «жұрнақ» мәнінде қолданылады). Қазір Ресей құрамындағы Калмыкия тұрғындарының аты ретінде сақталып отыр. Қазақ топожүйесінде *қалмақ* сөзінің кездесуін екі көшпелі этностың көрші іргелі елдердің айдап салу саясатының әсерімен жүз жылдай жауласып өтуінен көруге болады.

***Қалмақ**+емел* (жота. ШО, Аягөз ауданы)
***Қалмақ**+көл* (көл, Ақмола облысы, Жақсы аудан)
***Қалмақ** +сай* (шатқал Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)
***Қалмақ**+шабын* (е.м. БҚО, Тасқала ауданы)

220) **«Қалпақ»** зат есімі + зат есім

*Қалпақ* сөзі «күнқағары дөңгелене біткен жеңіл баскиімнің» аты. Топонимжасамда «сырт пішіні қалпаққа ұқсас табиғи нысандарды» атауға қатысады. Тіл тарихы тұрғысынан алғанда, көне түркі *ғұлпақ* «айдар, кекіл» сөзінен шығуы да ғажап емес.

***Қалпақ**+құдық* (құдық, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)
***Қалпақ**+сай* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауданы)
***Қалпақ**+тас* (тау. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)

221) **«Қалып»** зат есімі+зат есім

*Қалып* сөзі «аяққиім, кірпіш тағы басқа заттардың формасын келтіруге арналған арнайы құралдың» аты. Түбі араб тілінен енген сөз (ғәләб). Топонимжасамда «әлдебір заттың қалыбына ұқсас табиғи нысандарға» қаратып айтылуы мүмкін. Ертеректе кең тараған қалып, әрине, аяққиім қалыптары (үлгілері) болып табылады.

***Қалып**+тас* (тау. Ақмола облысы, Жамбыл ауданы).

222) **«Қамқа»** зат есімі+зат есім

*Қамқа* сөзінің екі мағынасы бар: 1) Иран тілінен енген *қамқа* сөзі «алтын яки күміс зерлі жіптен тоқылған жібек матаның» аты. 2) «Қара түсті терісі қымбат су аңының (қаманың)» аты болады. (ҚҚТС, 5т, 612). Топонимжасамда екінші мағынасының қатысу мүмкіндігі мол екенін байқау қиын емес. Оның үстіне су аңының аты «қамқа тон» киім атауында да сақталған. «Қамқа аңы мекендейтін жер» мәнінде жер-су атын жасауы әбден ықтимал.

***Қамқа**+көл* (қоныс.СҚО, Уәлиханов ауданы.)

223) **«Қамыс»** зат есімі+зат есім

*Қамыс* сөзі «өзен, көл жағалауларында, сазды жерлерде өсетін қияқ жапырақты, көпжылдық өсімдіктің» аты, фитоним (ҚТТС, 5т, 621). Топонимжасамда «қамыс өсімдігі бар, мол» мағыналарында атаулар жасауға белсенді қатысады: *Қамысты, Жалқамыс, Қамыскөл т. б.*

***Қамыс**+бұлақ* (бұлақ, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы)
***Қамыс**+көл* (көл, Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданы)
***Қамыс**+қала* (е.м. Алматы облысы, Алакөл ауданы )
***Қамыс**+қара* (қыстау, Ақтөбе облысы, Байғашкі ауданы)
***Қамыс**+құдық* (қыстау, БҚО, Қазталов ауданы)
***Қамыс**+мола* (өзен, Алматы облысы, Ақсу ауданы)
***Қамыс**+сай* (көл, Павлодар облысы, Ертіс ауданы)
***Қамыс**+сор* (қыстау, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы)
***Қамыс**+шыңырау* (құдық, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы).

224) **«Қан»** зат есімі+зат есім

*Қан* сөзі «дененің барлық клеткаларына қорек беріп тұратын тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық заттың» аты (ҚТТС, 5т, 623). Топонимжасамда *қан* сөзінің екі семасы ұқсату жолымен атаулар жасауға

қатысады: 1) Қанның қызыл түсіне ұқсату басым болып келеді. Кейде *қан* сөзі *қызыл* сын есімінің орнына жүретіндей әсер қалдырады; 2) Қан тамырларына ұқсас салаларға бөлінген геонысандарды атайды *(Қансалаадыр т.б.)*. Сонымен бірге *хан* лауазым атауының фонетикалық нұсқасы *қан* сөзі қатысуы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз.

***Қан**+адыр* (қоныс, Ақмола облысы, аршалы ауданы) .
***Қан**+дарақ* (таулы жота, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қан**+көл* (көл, БҚО, Теректі ауданы)
***Қан**+қарасу* (өзен, Қарағанды облысы, Нұра ауданы)
***Қан**+құдық* (жұрт, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы)
***Қан**+құм* (қоныс, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы)
***Қан**+сала +адыр* (таулар, Павлодар облысы, Екібастұз ауданы)
***Қан**+сор* (көл, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы)
***Қан**+төрткіл* (тау, Ақтөбе облысы, Байғаныш ауданы)

Қосымша: Қызыл түсті *қандық* өсімдігінің аты да топоним тудыруға қатыса алады.

***Қандық**+құдық* (қыстау, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)

225) **«Қанжыға»** зат есімі+зат есім

*Қанжыға* сөзі «бір нәрсе байлау үшін ердің алдыңғы, артқы қапталдарынан тесіп өткізілген жіңішке қайыстың» аты екені мәлім (ҚТТС, 6т,8). Топонимжасамда «бір табиғи нысанға қапталдас (қанжығалас) орналасқан екінші нысанды» атап көрсетеді.

***Қанжыға**+бұлақ* (бұлақ, Алматы облысы, Сарқант ауданы).

226) ***«Қант»*** зат есімі+зат есім

*Қант* зат есімі «қант қызылшасы мен борық қамыстан жасалатын ақ түсті кристалды тәтті заттың» аты (ҚТТС, 6т, 11). Топонимжасамда *кент* «қала» терминінің жуандауымен пайда болмаса *(Самарқант < Самаркент),* сирек кездеседі. Келешекте қант өндіретін жерлерге атау ретінде қолдануға болады. Алайда қант қызылшасы өндірілетін аймақта орналасқан *Сарқант* ойконимінің қант сөзіне қатысы жоқ. Оның тарихи аты *Сарқан*. Мұндағы *қан/кен* «өзен» мағыналы географиялық термин.

***Қант**+төбе* (төбе, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы).

Атаудың негізінде ертеректе жиі пайдаланған қырлы шақпақ қантқа, ұсақ қантқа ұқсату жатыр немесе кент «қала, бекініс» сөзі жатуы мүмкін.

227) **«Қар»** зат есімі+зат есім

*Қар* сөзі «қыста жапалақтап жауатын түсі ақ атмосфералық жауын-шашынның» аты (ҚТТС,6т,34). Топонимжасамда «қар қалың түсетін

немесе үрдесін алып қалатын жерлерді» бөліп көрсету мақсатында атау жасауға қатысады.

***Қар**+бекет* (қоныс,СҚО, Уәлиханов ауданы)
***Қар**+бұлақ* (қыстау, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы)
***Қар**+қалқан* (құдық, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)
***Қар**+қыстау* (қоныс, Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданы)
***Қар**+тоғай* (қыстау, Қостанай облысы, Арқалық)
***Қар**+ши* (жұрт, БҚО, Ақжайық ауданы)

228) ***«Қарағай»*** зат есімі+зат есім

*Қарағай* сөзі –фитоним. «Түзу, биік болып өсетін қылқан жапырақты ағаштың» аты. Топонимжасамда «қарағай өсімдігінің бар, мол екенін білдіру» арқылы көптеген топонимдер тудырады: *Қарағайлы, Аманқарағай т. б.*

***Қарағай**+айрық* (өзен, ШҚО, Абай ауданы)
***Қарағай**+ауыл* (жұрт, ШҚО, Ұлан ауданы)
***Қарағай**+жол* (көл, ШҚО, Аягөз)
***Қарағай**+құдық* (құдық, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)
***Қарағай**+сай* (арна, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)

229) **«Қараған»** зат есімі + зат есім

*Қараған* сөзі «күйталғамайтын бұтатұқымдас өсімдіктің» аты, фитоним. «Қараған бұтасы бар, мол өсетін жерлерді» таңбалау арқылы топонимжасамға белсене араласады: *Бозқараған, Қарағансай, Қарағанды т.б.*

***Қараған** + айрық* (өзен. ШҚО, Абай ауд.)
***Қараған** + ауыл* (жұрт. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Қараған** + жал* (көл. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қараған** + құдық* (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қараған** + сай* (арна. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

230) **«Қарауыл»** зат есімі + зат есім

*Қарауыл* сөзінің негізгі мағынасы «бір нәрсені қорғау, сақтау, күзет» мағынасы (ҚТТС,6т,86). Топонимжасамда «қарауыл, күзет, қоюға ыңғайлы жерлерді» атап көрсетеді.

***Қарауыл**+өзен* (өзен, ШҚО, Абай ауданы)
***Қарауыл**+тау* (тау, Ақмола облысы, Зеренді ауданы)
***Қарауыл**+төбе* (тау Ақмол облысы, Аққөл ауданы)
***Қарауыл**+шоқы* (тау, Жамбыл облысы, Тұрар Рұсқұлов ауданы).

231) **«Қарға»** зат есімі+зат есім

*Қарға* сөзі –зооним. «Тамақ талғамай, көбінесе өлексемен күнелтетін қара түсті құстың» аты. «Қарға құсының мол шоғырланатын жерлерін»

таңбалау арқылы топонимжасамға белсенді қатысады. Әсіресе *Қарғалы* тұлғасындағы топонимнің жиі кездесуі қарға құсының адамдар тұрағына жақын жүруінен және жылы жаққа ұшып кетпей, қысы-жазы көз алдында жүретінен болса керек.

***Қарға**+сай* (өзен, СҚО, Айыртау ауданы).

232) **«Қарт»** зат есімі+зат есім

*Қарт* сөзі «жасы ұлғайған, қартайған адам» мағынасын береді және «тозыңқы, ескірген табиғи нысандарды қартқа ұқсату арқылы» топонимжасамға араласа алады. Ал табиғи нысандардың нақты жасын анықтау мүмкін емес екені мәлім.

***Қарт**+көл* (өзен, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы)

233) «**Қарта**» зат есімі + зат есім

*Қарта* сөзі «жылқының қатпар-қатпар майлы ішегі және содан жасалатын сыйлық тағам» (ҚТТС, 6т, 106) атауы екенібелгілі. Топонимжасамда «жылқының қартасына ұқсас табиғи нысандарды» атауға қатысатынын көреміз.

***Қарта** + бұлақ* (өзен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

234) **«Қарын»** зат есімі+зат есім.

*Қарын* сөзі «адамның жан-жануарлардың ас қорытатын мүшесі, асқазан» мағынасын береді. Ұқсату арқылы «дөңгелене біткен ойпаң, қуыс жерлерді» атауға қатысады.

***Қарын**+жарық* (ойыс, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)

***Қарын**+ши* (е.м. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы)

235) ***«Қасқыр»*** зат есімі+зат есім

*Қасқыр* сөзі «ит тұқымдас жыртқыш аң, бөрінің» аты, зооним. Қасқыр даланың негізгі белгілерінің біріне жатады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар «қасқыры бар, мол жерлерді» ескерту ретінде таңбалап отырған: *Қасқыршілік, Бөрілі.*

***Қасқыр**+бұлақ* (бұлақ, Атырау облысыЖылпай ауданы)
***Қасқыр**+жол* (жота, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы)
***Қасқыр**+көл* (көл, СҚО, Мамлют ауданы)
***Қасқыр**+құдық* (бұлақ, Ақмола облысы, Аршалы ауданы)
***Қасқыр**+сай* (қыстау, ШҚО, Аягөз ауданы)
***Қасқыр**+тау* (қыстау, БҚО, Қаратөбе ауданы)
***Қасқыр**+шілік* (қоныс, Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданы).

236) **«Қатын»** зат есімі+зат есім

*Қатын* сөзі «ерге тиген әйел» мағынасын береді. Ол сөздің этомологиясында *қат+ын* «қатылған, қосылған» деген мән жатқанын байқау

қиын емес. Жер-су атын жасауға *қатын* сөзінің «әйел» мағынасы емес, оның «бір табиғи нысанның екінші нысанмен қосылғанын» білдіретін мағынасы қатысады. Мысалы: *Қатынсу* «қосылған су».

***Қатын**+адыр* (тау, Ақтобе облысы, Хронтау ауданы)
***Қатын**+ащы* (өзен, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қатын**+көл* (көл, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы)
***Қатын**+көпір* (е.м. ОҚО, Шымкентқ.ә.)
***Қатын**+құдық* (құдық, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы)
***Қатын**+құм* (құмды алқап, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)
***Қатын**+саз* (қоныс, Алматы облысы, Кебұлақ ауданы)
***Қатын**+су* (өзен, ШҚО, Қатонқарағай ауданы)
***Қатын**+шоқай* (құм, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы).

237) **«Қауға»** зат есімі+зат есім

*Қауға* сөзі «малдың терісінен не басқа заттардан жасалған, құдықтан су алуға арналған шелектің» аты. (ҚТТС,6т, 160). Топонимжасамда «сырт пішіні қауғаға ұқсас табиғи нысанды» атауға қатысуы мүмкін. (Мысалы: «Қауға бас ат» теңеуі тәрізді).

***Қауға**+көл* (көл, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы).

238) **«Қия»** зат есімі+зат есім

*Қия* зат есімі «таудың, төбенің тағы басқа нысандардың тік беті» мағынасын береді және географиялық терминге жатады. Соған байланысты «қиялы жер» мағынасымен топонимжасауға тікелей қатыса береді. *Қиялы, Қарақия, Қиясай т.б.*

***Қия**+жол* (тау, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қия**+көл* (көл, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)
***Қия**+сай* (төбе, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)
***Қия**+сай+ирек* (жол. Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)

239) **«Қобы»** зат есімі+зат есім

*Қобы* зат есімі де – геотермин. «Іші кең жайпақ астау тәрізді ойпаң жер; аңғар» (ҚТТС, 6т, 237) мағынасын береді. Осы мәнде тікелей жер-су аттарын жасауға араласады: *Қобылы, Тереңқобы, Қобыкөл* т.б.

***Қобы**+көл* (қоныс, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)

240) **«Қоға»** зат есімі+зат есім

*Қоға* сөзі –фитоним: «Су жиегінде өсетін, томаршаланып біткен тамыры бар жапырақ сабақты, бойшаң өсімдіктің» аты (ҚТТС, 6т, 240). Топонимжасамда «қоға өсімдігі бар, мол» мағынасында атаулар жасауға қатысады: *Қоғалы, Қарақоға, Қоғакөл* тағы басқа.

***Қоға**+көл* (көл, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы)
***Қоға**+өзен* (сай, Ақмола облысы, Аққөл ауданы)
***Қоға**+апан* (жайлау, Павлодар облысы, Ақсу қ.ә.)

241) ***«Қодық»*** зат есімі + зат есім

*Қодық* сөзі «құлан мен есек төлінің» аты, зооним. Топонимжасамда «қодыққа ұқсас шағын геонысандарды» атайды.

***Қодық** + шоқы* (шоқы, Ақмола облысы, Аққөл ауданы)

242) **«Қожа»** зат есімі+зат есім

*Қожа* сөзі –этноним. «Қазақ арасына ислам дінін тарату мақсатымен келіп, біртіндеп сіңісіп кеткен араб, иран нәсілді адамдарды» қожалар деп атаған. Қазір үш жүзге жатпайтын жеке ру дәрежесінде сақталып отыр. Қожаларды ислам дінінің өкілдері ретінде сыйлаған қазақтар олар мекендеген жерлердің атына *қожа* сөзін қосып отырған.

***Қожа**+кент* (е.м. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы)
***Қожа**+көл* (көл, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы)
***Қожа**+қоңыр* (батпақ, СҚО, Жамбыл ауданы)
***Қожа**+қорған* (құдық, Маңғыстау облысы, қарақия ауданы)
***Қожа**+қоңыр* (батпақ, СҚО, Жамбыл ауданы)
***Қожа**+қорық* (қоныс, Павлодар блысы, Баянауыл ауданы)
***Қожа**+құдық* (құдық, Алматы облысы,алакөл ауданы)
***Қожа** + құм + бет* (бейіт. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы)
***Қожа** + сай* (е.м. Алт облысы, Мұғалжар ауданы)
***Қожа** + тақыр* (қоныс. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы)
***Қожа** + тау* (тау Қар облысы, Нұра ауданы)
***Қожа** + томар* (қоныс. Ақмола облысы, Жарқайың ауданы)

243**) «Қозы»** зат есімі + зат есім

*Қозы* сөзі «қойдың алты айға толмаған төлінің» аты, зооним. Топонимжасамда «қозы малының әрекет шамасына қатысты, тұлғасына сай жер-су аттары» пайда болған. Мысалы: *Қозыбасы*

***Қозы** + ащы* (құдық Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)
***Қозы** + көш* (өзен Ақмола облысы, Целиноград ауданы)

244) **«Қой»** зат есімі + зат есім

*Қой* сөзі «күйіс қайтаратын, тығыз жүнді, уақ малдың» аты, зооним. Қазаққа жақын төрт түліктің бірі қой даламыздың негізгі белгілерінің біріне жатады. «Қой өсіруге қолайлы жер» мағынасында топонимжасамға қатысып отырады.

| | |
|---|---|
| ***Қой*** + *база* | (жайлау БҚО, Қаратөбе ауданы) |
| ***Қой*** + *бас* | ( көл, Ақмола облысы, Аршалы ауданы) |
| ***Қой*** + *көл* | (көл, Алматы облысы, Балқаш ауданы) |
| ***Қой*** + *қара* | (тау, Атырау облысы, Жылыой ауданы) |
| ***Қой*** + *қора* | (құдық, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы) |
| ***Қой*** + *сары* | (е.м. Атырау облысы, Жылыой ауданы) |
| ***Қой*** + *соғым* | (өзен, Ақмола облысы, Аққөл ауданы) |
| ***Қой*** + *су* | (құдық, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы) |
| ***Қой*** + *суат* | (жұрт, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы) |
| ***Қой*** + *тас* | (жота, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы) |
| ***Қой*** + *тоған* | (қоныс, Қарағанды облысы, Шет ауданы) |
| ***Қой*** + *төбе* | (қоныс, Ақмола облысы, Целиноград ауданы) |
| ***Қой*** + *тұяқ* | (қыстау, ШҚО, Тарбағатай ауданы) |
| ***Қой*** + *түбек* | (жұрт, ШҚО, Күршім ауданы) |
| ***Қой*** + *үйез* | (тау, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы) |
| ***Қой*** + *шеген* | (жайлау, БҚО, Теректі ауданы) |
| ***Қой*** + *шоқы* | (шоқы, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы) |
| ***Қой*** + *шілік* | (өзен, ШҚО, Күршім ауданы) |

245) ***«Қойын»*** зат есімі + зат есім

*Қойын* сөзі «киімнің алдыңғы ішкі жағы» мағынасын бергенмен, ауыспалы мәнде «жер бедеріндегі қалтарыс, қойнауды» (ҚТТС, 6т, 270) білдіреді. Дәл осы екінші мәнде географиялық терминге айналып, жер-су аттарын жасауға қатысады: *Аққойын, Қойынсай, т.б.*

| | |
|---|---|
| ***Қойын*** + *сай* | (өзен Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы) |

246**) «Қол»** зат есімі + зат есім

*Қол* зат есімі «адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін дене мүшесінің» аты (ҚТТС, 6т, 279). Топонимжасамда «адам қолымен жасалған затқа, қолсозым жақын жердегі табиғи нысанға» байланысты атаулар жасауға қатыса алады.

Моңғолдың *гол* «өзен» сөзінен қалыптасуы да мүмкін: Нарынқол < Нарийнгол «жіңішке өзен».

| | |
|---|---|
| ***Қол*** + *ағаш* | (қоныс Павлодар облысы, Аққу ауданы) |
| ***Қол*** + *бала* + *ой* | (құдық. Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы) |
| ***Қол*** + *бастау* | (қыстау, ОҚО, Төле би ауданы) |
| ***Қол*** + *жұмыр* | (шоқы. Ақмола облысы, Аршалы ауданы) |
| ***Қол*** + *текше* | (қоныс. Алматы облысы, Панфилов ауданы) |
| ***Қол*** + *төбе* | (оба. Алматы облысы, Кербұлақ ауданы) |
| ***Қол*** + *арық* | (е.м. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы) |

247) **«Қолтық»** зат есімі + зат есім

*Қолтық* анатомиялық термині «адамның, жануарлардың иық иінінің ішкі жағы» мағынасымен қоса, «су мен құрлықтың тұйық қуысы; қойнау» мәнінде географиялық термин де жасайды. Географиялық терминге айналған соң, міндетті түрде жер су атын жасауға қатысады.

***Қолтық*** + *бастау* (тау. Алматы облысы, Райымбек ауданы)
***Қолтық*** + *құдық* (құдық, Маңғыстау блысы, Маңғыстау ауданы)

248) **«Қонақ»** зат есімі + зат есім

*Қонақ* сөзі «жолаушылап немесе арнайы шақыру арқылы үйге келген адам» мағынасын білдіреді. Топонимжасамда «қонақтап, түнеп кететін жер» мағынасында, кейде «қонақ атты шөптесін өсімдік мол өсетін жер» мағынасында атаулар жасауға қатыса алады.

***Қонақ*** + *ой* (қыстау, Атырау облысы, Махамбет ауданы)
***Қонақ*** + *сор* (көл, Қостанай облысы, Қамысты ауданы)
***Қонақ*** + *там* (зират, Ақтау облысы, Мұғалжар ауданы)

249) **«Қоныс»** зат есімі + зат есім

*Қоныс* зат есімі «малды ауылдың жылда қонып жүрген жері» мағынасынан «елді мекен», «ата қоныс» семаларына дейін дамыған. Осы мәндерден айнымай топонимжасамға қатысып, жер-су аттарын тудырады.

***Қоныс*** + *адыр* (жота, Ақмола облысы, Астрахан ауданы)
***Қоныс*** + *көл* (көл, СҚО, Жамбыл ауданы)
***Қоныс*** + *сай* (е.м. БҚО, Теректі ауданы)
***Қоныс*** + *тоған* (қоныс, СҚО, Есіл ауданы)
***Қоныс*** + *төбе* (төбе, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы)
***Қоныс*** + *шағала* (өзен, БҚО, Сырым ауданы)

250) **«Қоң»** зат есімі + зат есім

*Қоң* сөзі «малдың сауыры, сауыреті» (ҚТТС, 6т, 323) мағынасынан «малдың күйі, семіздігі» семасына ауысқан. Өйткені малдың семіздігін қоң етіне қарап бағалауға болады. Топонимжасамда «табиғи нысанның сауыр тұсын белгілеуі немесе құнарлы, қоңды жерді атап көрсетуі» мүмкін.

***Қоң*** + *жай* (жайлау, ШҚО, Катонқарағай ауданы)
***Қоң*** + *жар* (айрық, Ақтау облысы, Мұғалжар ауданы)
***Қоң*** + *құдық* (құдық, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы)
***Қоң*** + *сар* (тау, ШҚО, Жарма ауданы)

251**) «Қоңырау»** зат есімі + зат есім

*Қоңырау* сөзі «мыстан конус тәрізді етіп жасаған, ішінде тербелмелі тілі бар, сол арқылы дыбыс шығаратын құралдың» аты. Түбі қаңғыр-

қоңыр тұлғасындағы еліктеуіш сөзден шығады: қоңырлау-қоңырау. Топонимжасамда «сырт пішіні қоңырауға ұқсас, не әлдебір дыбыс шығарып тұратын табиғи нысандарға» атау болады. Мәселен, Зайсан көлін моңғолдар жағасын соғып жататын толқын үніне байланысты *Хонхотты нор* «Қоңыраулы көл» деп атағаны тарихтан мәлім.

***Қоңырау*** + көл (сор, Павлодар облысы, Ертіс ауданы)

252) **«Қопа»** зат есімі + зат есім

*Қопа* сөзі «қураған шөптер шіріндісіне аралас қоға, қамыс, құрақ өскен қорысты жердің» аты (ҚТТС, 6т, 333). *Қопа* сөзі географиялық термин болғандықтан, осы мағынасымен тікелей топонимжасамға қатыса алады.

***Қопа*** + *бұлақ* (өзен, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)
***Қопа*** + *сор* (көл, Ақмола облысы, Зеренді ауданы)
***Қопа*** + *тоғай* (е.м. Ақтау облысы, Шалқар ауданы)

253) **«Қор»** зат есімі + зат есім

Көпмағыналы *қор* сөзінің жер-су атын жасауға қабілеттісі «бір нәрсенің мол болып жиналуы; қорлануы» мағынасы. «Табиғи нысанның мол жиналуын, жиналудан пайда болуын» білдіреді.

***Қор*** + *жар* (өзен, Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Қор*** + *құдық* (құдық, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)
***Қор*** + *көл* (көл, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы)

254) **«Қорған»** зат есімі + зат есім

*Қорған* сөзі – ойконимдік термин. «Бір нәрсені айнала соққан қоршау, дуал, биік қабырға» (ҚТТС, 6т, 343) мағынасын береді. Ертеректе «қала» мәнінде де қолданылған. Топонимжасамда «қолдан соққан қорғаннан басқа табиғи нысанның қорғанға ұқсас тұлғасын» да атап көрсетеді.

***Қорған*** + *көл* (көл, Қарағанды облысы, Бұқар Жырау ауданы)
***Қорған*** + *құм* (құмдар, Алматы облысы, Жамбыл ауданы)
***Қорған*** + *тұз* (сор, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)

255) **«Қоржын»** зат есімі + зат есім

*Қоржын* сөзі «әр түрлі нәрсе салуға арналған, жүннен тоқылған екі басты қаптың» аты. Топонимжасамда «тұлғасы қоржынға ұқсап екіге бөлінген табиғи нысандарды» атауға себепші болады.

***Қоржын*** + *көл* (көл, Ақмола облысы, Аққөл ауданы)
***Қоржын*** + *қақ* (бейіт, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Қоржын*** + *қара* + *су* (көл, Ақмола облысы, Аршалы ауданы)
***Қоржын*** + *қожа* (көл, Қостанай облысы, Қамысты ауданы)

***Қоржын*** + *сай* (жұрт, БҚО, Сырым ауданы)
***Қоржын*** + *там* (ескерткіш, Қостанай облысы, Амангелді ауданы)
***Қоржын*** + *төбе* (түбек, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қоржын*** + *түбек* (түбек, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)

256) **«Қорық»** зат есімі + зат есім

*Қорық* сөзінің әуелгі мағынасы «мал жайылымын қору» да, одан туындаған «сирек кездесетін аң-құс, өсімдіктерді қору» да жер-су аттарын жасауға тікелей қатынаса алады. Қазіргі кезде елімізде мемлекеттік қорық, ұлттық табиғи парктер ұйымдастырылғаны белгілі.

***Қорық*** *Шар* (е.м. ШҚО, Жарма ауданы)

257) **«Қорым»** зат есімі + зат есім

*Қорым* сөзінің екі мағынасы бар және ол екі мағынасымен де топонимжасамға қатыса алады: 1) «Табиғи эрозияның әсерінен қирап, сынған қорым тас»; 2) «Бір жерге шоғырланған қалың бейіт» мағыналары.

***Қорым*** + *өзен* (өзен, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Қорым***+*белтір* (сай. Таулы Алтай өлкесі, Қосағаш ауд.)

Соңғы үлгідегі *белтір/белшір* сыңары алт. «тау, өзендердің қосылған, құйылысқан тұстары» мәніндегі ГТ болып табылады.

258) **«Қотан»** зат есімі + зат есім

*Қотан* сөзі «мал түнейтін орын, ашық қораның» (ҚТТС, 6т, 371) аты. Ертеде мал үркіп бастырылмас үшін, қой қотаны дөңгелек пішінде жасалатын, бұрыштары болмайтын. Сондықтан *қотан* сөзінде «дөңгелек» семасы бар. Топонимжасамда «қой қотаны болған жерді де, қотанға ұқсас дөңгелене, топтана біткен табиғи нысанды да» атауға қатыса береді (19-сурет).

***Қотан*** + *ащы* (жайлау, ШҚО, Күршім ауданы)
***Қотан*** + *база* (жұрт, Ақтау облысы, Қобда ауданы)
***Қотан*** + *бұлақ* (өзен, Алматы облысы, Жамбыл ауданы)
***Қотан*** + *емел* (тау, ШҚО, Аягөз ауданы)
***Қотан*** + *қамыс* (қоныс, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы)
***Қотан*** + *қарағай* (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауданы)
***Қотан*** + *қара* + *сай* (өзен, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қотан*** + *сор* (қыстау, Қарағанды облысы, Нұра ауданы)
***Қотан*** + *тал* (е.м. БҚО, Шыңғырлау ауданы)
***Қотан*** + *тас* (қоныс, ОҚО, Созақ ауданы)
***Қотан*** + *тау* (тау, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы)
***Қотан*** + *терек* (жұрт , Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы)
***Қотан*** + *төл* (қыстау, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы)

259) **«Қотыр»** зат есімі + зат есім

*Қотыр* сөзінің тура мағынасы «адам мен хайуанның терісіне шығатын жұқпалы қышыма ауру» болса, ауыспалы мәнде «тегіс емес, бұжыр табиғи нысандарды» атауға қатысады. Кейде орыс тілінен енген *хутор* сөзі *қотыр/күтір* тұлғаларында қолданылып келген.

***Қотыр*** + *жал* (тау, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Қотыр*** + *бұлақ* (жота, Алматы облысы, Талғар ауданы)
***Қотыр*** + *көл* (көл, Ақмола облысы, Аққөл ауданы)
***Қотыр*** + *қайың* (жота, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)
***Қотыр*** + *қара* (қыстау, Қызылорда облысы, Арал ауданы)
***Қотыр*** + *қой* (асу, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)
***Қотыр*** + *селтей* (тау, Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Қотыр*** + *тас* (тау, Ақмола облысы, Шортанды ауданы)

Тіркесті атау үлгісі де кездеседі.

***Қотыр*** *Сарытау* (тау, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)

260) **«Қошқар»** зат есімі + зат есім

*Қошқар* сөзі «қойдың күйекке түсетін еркегінің» аты, зооним. Топонимжасамда «қошқарлар бағылатын жер немесе қошқарға ұқсас біршама ірі, үлкен табиғи нысан» мағыналарында қолданылады.

***Қошқар*** + *ата* (көл, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)
***Қошқар*** + *көл* (көл, Алматы облысы, Алакөл ауданы)

261**) «Қоян»** зат есімі + зат есім

*Қоян* сөзі «кеміргіштер тобына жататын ұзынқұлақ жабайы (кейде қолдан бағылады) аңның» аты, зооним. Далалы жердің негізгі белгілерінің біріне жататындықтан, топонимжасамда белсенді: «Қояны бар, мол кездесетін жерлердің» атын жасауға қатысады.

***Қоян*** + *ағаш* (қоныс, Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы)
***Қоян*** + *база* (қыстау, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы)
***Қоян*** + *бұлақ* (бұлақ, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)
***Қоян*** + *көз* (өзен, Алматы облысы, Ақсу ауданы)
***Қоян*** + *құлақ* (е.м. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)
***Қоян*** + *тақыр* (қоныс, Ақтөбе облысы, Байғанни ауданы)
***Қоян*** + *тоғай* (қыстау, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы)
***Қоян*** + *жал* (құм, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)
***Қоян*** + *төбе* (төбе, Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы)
***Қоян*** + *шоқы* (шоқы, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)

262) **«Құдық»** зат есімі + зат есім

*Құдық* сөзі «жердің суын пайдалану үшін, арнайы қазылған тік шұңқыр» мағынасын беретіні мәлім. Қазақ даласының негізгі белгілерінің

біріне жатады. Тұщы ауыз су аз болғандықтан, құдықты ерекше бағалап, жеке-жеке ат қойып отырған. Ол атаулардан құдықтың бар екенін біліп қана қоймаймыз, оны кім қазғанын, суының сапасын, көлемін т.б. аңғаруға болады: *Алтықұлаш, Бесқауға, Сорқұдық, Әсетқазған т.б.*

***Құдық*** + *ағаш* (е.м. Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы)
***Құдық*** + *сай* (е.м. Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы)
***Құдық*** + *тұз* (құдық, Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Құдық*** + *шағыл* (қыстау, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы)
***Құдық*** + *шілік* (жұрт, Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы)

263) **«Құдыр»** зат есімі + зат есім

*Құдыр* (кей жерде *күдір*) сөзі «биіктігі метрге жетпейтін, денесінің алды аласалау, елік тектес аша тұяқты аңның» аты, зооним. Құдырдың шыбығынан күшті дәрі және әтір май (муксус) даярланатын болған. Топонимжасамда «сирек кездесетін құдыр аңы бар жерлерді» таңбалауға қатысады.

**Құдыр** + *жарық* (қоныс, Ақмола облысы, Целиноград ауданы)

264) **«Құз»** зат есімі + зат есім

*Құз* сөзі «таудың қия шыңы, тік шатқал, биік жартас» мағынасын береді де, географиялық терминге жатады. Осы мәнімен жер-су атын жасауға тікелей қатысады.

***Құз*** + *аша* (тау, Ақмола облысы, Сандықтау ауданы)
***Құз*** + *құдық* (құдық, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)

265) **«Құлақ»** зат есімі + зат есім

*Құлақ* сөзі «адам мен жануарлардың есту мүшесі» мағынасын береді және топонимжасамда «құлаққа ұқсас негізгі нысаннан бөлек шығып тұратын табиғи нысандарды» атауға қатысады.

***Құлақ*** + *көл* (е.м. Павлодар облысы, Екібастұз қ.ә.)
***Құлақ*** + *қақ* (е.м. Павлодар облысы, Ақсу қ.ә.)
***Құлақ*** + *сор* (көл, Павлодар облысы, Успен ауданы)
***Құлақ*** + *ши* (жұрт, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы)

266) **«Құлан»** зат есімі + зат есім

*Құлан* сөзі «есектен үлкен, жылқыдан кішірек, жүйрік аңның» аты, зооним. Қазақстан даласында құландар молынан мекендеген кездерден, жер-су аттарында сақталып қалған.

***Құлан*** + *жорға* (көне зират, ШҚО, Көкпекті ауданы)
***Құлан*** + *қызыл* (қоныс, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)
***Құлан*** + *тақыр* (қоныс, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы)

***Құлан*** + *төбе* (тау, Алматы облысы, Қапшағай қ.ә.)
***Құлан*** + *шат* (өзен, Қарағанды облысы, Шет ауданы)

267) **«Құм»** зат есімі + зат есім

*Құм* зат есімі «түрлі минералдар мен тау жыныстарының үгіндісінен тұратын өте майда түйіршікті шөгінді жыныс» (ҚТТС, 6т, 467) мағынасын береді де, географиялық термин категориясына өтеді. Құм – жердің ерекше белгілерінің біріне жатады, сондықтан «құмы бар, мол жер» мәнінде топонимжасамға белсенді түрде араласады.

***Құм*** + *ағын* (қоныс, Павлодар облысы, Ертіс ауданы)
***Құм*** + *адыр* (тау, Қарағанды облысы, Абай ауданы)
***Құм*** + *арал* (е.м. Алматы облысы, Қарасай ауданы)
***Құм*** + арық ( е.м. Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы)
***Құм*** + *базар* (е.м. Қызылорда облысы, Арал ауданы)
***Құм*** + *бас* (қыстау, БҚО, Қаратөбе ауданы)
***Құм*** + *бауыр* + *оба* (тау, Ақтөбе облысы, Темір ауданы)
***Құм*** + *бел* (асу, Алматы облысы, Алматы қ.ә.)
***Құм*** + *бұлақ* (қыстау, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы)
***Құм*** + *жал* (құдық, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы)
***Құм*** + *жиек* (е.м. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы)
***Құм*** + *жота* (е.м. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы)
***Құм*** + *ит* + *жон* (құм, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)
***Құм*** + *кемер* (қыстау, Ақтөбе облысы, Темір ауданы)
***Құм*** + *кент* (е.м. ОҚО, Созақ ауданы)
***Құм*** + *кешу* (е.м. Қостанай облысы, Амангелді ауданы)
***Құм*** + *көл* (е.м. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы)
***Құм*** + *қайнар* (құдық, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)
***Құм*** + *қосақ* (тау, Ақмола облысы, Шортанды ауданы)
***Құм*** + *құдық* (құдық, Павлодар облысы, Ақсу қ.ә)
***Құм*** + *қыз* (қыстау, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы)
***Құм*** + *мешіт* (қыстау, БҚО, Бөкей ордасы ауданы)
***Құм*** + *мола* (тау, Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Құм*** + *өзек* (е.м. Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)
***Құм*** + *өткел* (өткел, Павлодар облысы, Ақсу қ.ә)
***Құм*** + *сағыз* (е.м. Қызылорда облысы, Арал ауданы)
***Құм*** + *сай* (жыра, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы)
***Құм*** + *суат* (мүйіс, Қызылорда облысы, Арал ауданы)
***Құм*** + *тақыр* (қоныс, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Құм*** + *тал* (қоныс, СҚО, Есіл ауданы)
***Құм*** + *тоғай* (е.м. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы)
***Құм*** + *тоған* (е.м. Алматы облысы, Қарасай ауданы)

***Құм*** + *төбе* (е.м. Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы)
***Құм*** + *шоқы* (қыстау, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы)
***Құм*** + *шоңғал* (төбе, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)
***Құм*** + *шоң* + *қая* (тау, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы)
***Құм*** + *шағыл* (е.м. Жамбыл ауданы, Тараз қ.ә)
***Құм*** + *шығанақ* (е.м. Атырау облысы, Махамбет ауданы)
***Құм*** + *ірге* (қыстау, Ақтөбе облысы, Темір ауданы)

268) **«Құман»** зат есімі + зат есім

*Құман* сөзі «қолға су құюға арналып, шойыннан, мыстан істелген, тұтқасы, шүмегі бар сопақша ыдыстың» аты. Топонимжасамға тек «сыртқы пішінінің табиғи нысанмен ұқсастығына, кейде құманға байланысты оқиғаға орай» қатыса алады.

***Құман*** + *көл* (көл, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы)
***Құман*** + *тау* (тау, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)

269) **«Құмыр»** зат есімі + зат есім

*Құмыр* зат есімі «бұлбұлша сайрайтын, торғайдай ғана кішкене құстың» аты, зооним (ҚТТС, 6т, 473). Топонимжасамда «құмыр құсы мекендейтін жерді» атап көрсетеді.

***Құмыр*** + *көл* (қыстау, БҚО, Қаратөбе ауданы)
***Құмыр*** + *сай* (қыстау, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы)

270) ***«Құнан»*** зат есімі + зат есім

*Құнан* сөзі «екі жасқа толып, үшке аяқ басқан еркек жылқы малының» аты, зооним. Топонимжасамда «құнандай шағын нысанды атайды, не құнан кезінде күзелетіндіктен, оның тікірейген жалына ұқсату» арқылы жер-су атын жасайды.

***Құнан*** + *жал* (қоныс, Алматы облысы, Алакөл ауданы)

271) **«Құндақ»** зат есімі + зат есім

*Құндақ* сөзінің негізгі мағынасы «баланы бесікке салғанға дейінгі ораған бөлеуі, жөргекке оралған қалпы» (ҚТТС, 6т, 479) болып келеді. Топонимжасамда «баланың бөлеуіне ұқсас сай, қойнауларға» атау бола алады.

***Құндақ*** + *сай* (сай, СҚО, Жамбыл ауданы)

272) ***«Құндыз»*** зат есімі + зат есім

*Құндыз* зат есімі «тұрқы 120 см, салмағы 7-10 кг-дай болатын, өзен-көлде тіршілік ететін терісі бағалы аңның» аты, зооним. Зооним болған соң, табиғаттың ерекше бір белгісіне жатады да, «құндыз мекендейтін жерлерді» атауға қатысады.

***Құндыз*** + *арай* (тау, Ақмола облысы, Бұланды ауданы)

273) **«Құрақ»** зат есімі + зат есім

*Құрақ* сөзі – фитоним. «Көл яки су жиегіне жайқалып өсетін балғын да балауса шөптің, қамыстың жас, балауса кезінің» аталуы (ҚТТС, 6т, 495). Топонимжасамда «құрақ шөп өсетін сулы, сазды жерлерді» атауға қатысады.

***Құрақ*** + *су* (иінарна, Алматы облысы, Сарқант ауданы)

274) **«Құс»** зат есімі + зат есім

*Құс* сөзі «қанатты, қауырсынды ұшатын жәндіктердің» жалпы аты. Топонимжасамда «әр түрлі құстар жиналатын жерді» атайды. Ал құстың бір түрі ғана болатын жерді тиісінше жеке атайтыны белгілі (М: *Қарағалы*).

***Құс*** + *баз* (қыстау, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы)
***Құс*** + *көл* (көл, Ақмола облысы, Зеренді ауданы)
***Құс*** + *мұрын* (көл, Қостанай облысы, Торғай қолаты)
***Құс*** + *төбе* (тау, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы)

275) **«Құт»** зат есімі + зат есім

*Құт* сөзі «береке, байлық, мол қазына, кейде бақыт» мағыналарын береді. «Құт қонған жер, құтты мекен» мәнінде жер-су атын жасауға қатысады.

***Құт*** + *арыс* (е.м. ОҚО, Сайрам ауданы)
***Құт*** + *аяқ* + *сор* (көл, Павлодар облысы, Екібастұз қ.ә)

Дәл осы мағынада (береке, ырыс) қолданылатын *құтпан* сөзі де топоним жасауға қабілетті болып келеді.

***Құтпан*** + *көл* (көл, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы).

276) **«Құтан»** зат есімі + зат есім

*Құтан* зат есімі «сазды, сулы жерлерді мекендейтін, сирағы мен тұмсығы ұзын құстың» (ҚТТ, 6т, 532) аты, зооним. «Құтан құсы мекендейтін жер» мағынасында топонимжасамға тікелей араласады.

***Құтан*** + *сор* (көл, Павлодар облысы, Май ауданы)

277) **«Қыз»** зат есімі +зат есім

*Қыз* сөзі «әйел бала, күйеуге тимеген бойжеткен» мағынасын береді және «қызға қатысты әлдебір оқиғаға орай немесе табиғи нысанды қызға теңеу» арқылы жер-су аттарын жасауға қатысады. Кейде *қыр* геотерминінің орнына жүруі мүмкін: *қыр – қыз*, *р – з*.

***Қыз*** + *асу* (асу, ШҚО, Үржар ауданы)
***Қыз*** + *ауыз* (бұлақ, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)

***Қыз*** + *бастау* (өзен, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)
***Қыз*** + *бел* + *тау* (тау, Қостанай облысы, Наурызым ауданы)
***Қыз*** + *бұлақ* (қоныс, Алматы облысы, Үйғыр ауданы)
***Қыз*** + *емшек* (төбешік, Ақмола облысы, Атбасар ауданы)
***Қыз*** + *қала* (шоқы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы)
***Қыз*** + *қара* (бейіт, Қарағанды облысы, Қаражал қ.ә)
***Қыз*** + *қара* + *су* (өзен, Ақмола облысы, Аққөл ауданы)
***Қыз*** + *құдық* (құдық, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы)
***Қыз*** + *мола* (бейіт, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Қыз*** + *өзен* (жұрт, Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы)
***Қыз*** + *тау* + *су* (өзен, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Қыз*** + *тоған* (е.м. Жамбыл облысы, Жуалы ауданы)
***Қыз*** + *төбе* (төбе, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы)
***Қыз*** + *ұя* (тау, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)

278) **«Қыл»** зат есімі + зат есім

*Қыл* сөзі «жылқының жал-құйрығының жіңішке талдары» мағынасын береді де, «жіңішке, қылдай табиғи нысандарды» атауға қолданылады.

***Қыл*** + *көл* (жайлау, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы)

279) **«Қылыш»** зат есімі + зат есім

*Қылыш* сөзі «шауып түсуге арналған балдақты, өткір жүзді, имек қарудың» аты. Топонимжасамда «қылыштай имек немесе қырлы табиғи нысанды» ұқсату арқылы атайды.

***Қылыш*** + *көл* (көл, Алматы облысы, Балқаш ауданы)
***Қылыш*** + *қыр* (құдық, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы)

280) **«Қымыз»** зат есімі + зат есім

*Қымыз* зат есімі «бие сүтінен ашытылған қышқыл дәмді сусынның» (ҚТТС, 6т, 604) аты екені мәлім. Топонимжасамда «қымыз өндірілетін мекендерді» атауға қатысуы мүмкін.

***Қымыз*** + *ауыл* (жайлау, ШҚО, Катонқарағай ауданы)
***Қымыз*** + *құдық* (е.м. Қарағанды облысы, Бұқар Жырау ауданы)

281) **«Қыр»** зат есімі + зат есім

*Қыр* сөзі «созылып жатқан биік жер, жал» мағынасымен әуелі географиялық терминге айналады да, сол мәнде жер-су аттарының құрамына енеді.

***Қыр*** + *жол* (асу, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы)
***Қыр*** + *қопа* (е.м. БҚО, Жаңақала ауданы)
***Қыр*** + *құдық* (құдық, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы)

***Қыр*** + *құм* (қоныс, Алматы облысы, Қаратал ауданы)
***Қыр*** + *қыстау* (құдық, Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы)
***Қыр*** + *май* + *ағаш* (қоныс, Алматы облысы, Панфилов ауданы)
***Қыр*** + *өзен* (қоныс, Алматы облысы, Жамбыл ауданы)
***Қыр*** + *таға* (төбе, СҚО, Ақжар ауданы)
***Қыр*** + *тас* (қоныс, Алматы облысы, Райымбек ауданы)
Тіркесті атаулар:
***Қыр*** *Балтабай* (е.м. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы)
***Қыр*** *Сарыбұлақ* (құдық, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы)

282) **«Қыран»** зат есімі + зат есім

*Қыран* сөзі «бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі сияқты алғыр құстардың жалпы атауы» (ҚТТС, 6т, 616). «Қыран құс мекендейтін жер» мәнінде топоним жасайды, кейде *қыр+аң,* «сәл биіктеу, дөңес жер» сөзінің өзгерген түрі болуы да мүмкін.

***Қыран*** + *көбек* (жайлау, БҚО, Казталов ауданы)

283) **«Қырау»** зат есімі + зат есім

*Қырау* сөзі «суық күзде тоңазыған дымқыл ауаның бір нәрсеге қар тәрізді ағарып қонған күйін» атайды. «Қырау түсетін, не ақ шалған табиғи нысандардың» атын жасауға қатысады.

***Қырау*** + *қамыс* (көл, Қарағанды облысы, Нұра ауданы)

*Қырау* сөзіне жақын, бірақ «жұқа ғана жауған қарды» білдіретін *қырбақ* сөзі де топонимжасам барысында назардан тыс қалмаған.

***Қырбақ*** + *көл* (көл, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)

Мұнда «қырбақ қар тәрізді жұқа тұз басқан көл» мәнінде тұруы да мүмкін екенін ескертеміз.

284) **«Қырғыз»** зат есімі + зат есім

*Қырғыз* сөзі – этноним. «Қырғызстанның негізгі халқы, ұлт» мағынасын береді. Көбінесе Қырғызстанмен шекаралас аймақтарда жер-су атын жасауға қатысады. Алайда Қазақстанның басқа өңірлерінде қазақтарға кезінде патшалық Ресей таққан «киргиз» атауын өзгертпей қолданған аударма атаулар кездеседі. М: *Қырғыз жерлері* (СҚО картасынан) т.б. Бұл – өрескел қателік. Ондағы *қырғыз* сөзі «қазақ» деген мағынада тұрғаны айдан анық.

***Қырғыз*** + *сай* (өзен, Алматы облысы, Жамбыл ауданы)

285) **«Қыпшақ»** зат есімі + зат есім

*Қыпшақ* сөзі – тарихи этноним. «Түркілердің ең ірі тайпаларының бірі» болған. Қазіргі қазақ жері *Қыпшақ даласы (Дешті Қыпшақ)* атанып,

қыпшақ этносы қазақ халқының құрамында сақталып қалғандықтан, жер-су атында кездесуі заңды құбылыс болып табылады.

***Қыпшақ*** + *адыр* (қоныс, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы)

286) **«Қырғыш»** зат есімі + зат есім

*Қырғыш* зат есімі «бір нәрсені (көбінесе қазанды) қыру үшін темірден жасалған құралдың» аты. Топонимжасамда «қырғыштың жұқа жүзіне ұқсас табиғи нысандарды» атауы мүмкін.

***Қырғыш*** + *тау* (жота, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)

287) **«Қыстау»** зат есімі + зат есім

*Қыстау* сөзі «көшпелі қазақ халқының мал қыстатуға арналған мекенжай, үй-қорасының» аты. *Қыстау* сөзі тура осы мағынасымен жер-су атын жасауға қатысып, ойконимдік терминге айналады.

***Қыстау*** + *ағаш* (жұрт, СҚО, Уәлиханов ауданы)
***Қыстау*** + *көл* (көл, Ақмола облысы, Атбасар ауданы)
***Қыстау*** + *қарағай* (е.м. Павлодар облысы, Ертіс ауданы)
***Қыстау*** + *сай* (өзен, Алматы облысы, Жамбыл ауданы)

Тіркесті атау да жасайды:

***Қыстау*** *Күршім* (е.м. ШҚО, Күршім ауданы)

288) **«Қыш»** зат есімі + зат есім

*Қыш* сөзі «балшықты отқа күйдіру арқылы алынатын қатты заттың» аты (ҚТТС, 7т, 34). Топонимжасамға көбінесе *қыш* сөзінің «күйдірілген кірпіш» мағынасын беретін диалектілік нұсқасы қатысады.

***Қыш*** + *бөгет* (е.м. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы)
***Қыш*** + *құдық* (құдық, Қызылорда облысы, Қызылорда қ.ә.)

289) **«Лақ»** зат есімі +зат есім

*Лақ* сөзі «ешкінің 6 айға дейінгі төлінің» аты, зооним. Топонимжасамда «лаққа байланысты әлдебір оқиғаға орай, не табиғи нысанды лаққа ұқсату, теңеу арқылы» жер-су атының құрамына енеді.

***Лақ*** + *шұбар* (е.м. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы)

290) **«Лаң»** зат есімі +зат есім

Қазақ тілінде лаң сөзінің екі мағынасы бар:

1) *Лаң* – «малда, адамда кездесетін жұқпалы індет, ұшпа»;

2) *Лаң* – «елді дүрліктіретін, әбігер қылатын әрекет» (ҚТТС, 7т, 51).

*Лаң* сөзінің екінші мағынасы «тасып, жайылып елді әбігерге салатын өзен» мәнінде жер-су атын жасауы мүмкін. Алайда біздегі үлгі *Лаңқол* деп аталатындықтан, оның екінші сыңарындағы *қол* моңғол. *гол* «өзен»

сөзінен шығатынын байқауға болады. Ендеше атаудың бірінші сыңары да моңғол. *лаң* «күміс ақша», «боз, күміс түстес» сөзінен шығуы ықтимал (сонда *Лаңқол* «ақшыл, боз, күміс сулы өзен» мағынасын бермек).

***Лаң*** + *қол* (өзен, Алматы облысы, Алакөл ауданы)

291) **«Лөк»** зат есімі + зат есім

*Лөк* қазақ тіліндегі *үлек* «нар түйенің бурасы» сөзінің ауызекі тілде айтылу нұсқасы. Топонимжасамда «ірі, үлкен геонысандарды» атауға қатысады.

***Лөк*** + *құм* (құм, Алматы облысы, Балқаш көлінің оңтүстігі)

292) **«Мазар»** зат есімі + зат есім

*Мазар* сөзі «қабір үстіне тұрғызылған сәнді құрылыс, ескерткіш» мағынасындағы арабизм болып табылады. Топонимжасамда «мазар тұрғызылған жер» мағынасында атаулар құрамына енеді.

***Мазар*** + *құдық* (құдық, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)

293) **«Май»** зат есімі + зат есім

*Май* зат есімінің негізгі мағынасы «жан-жануардың денесіне жиналатын және малдың сүтінен, өсімдіктен алынатын зат» екені мәлім. Ал жер-су атын жасауда бірнеше мағынада жұмсалады:

1) «Мал семіретін құнарлы, қоңды жер».

2) «Жермай (мұнай) өнімдері жер бетіне жақын орналасқан жер».

3) «Өсімдік атауының құрамында болып, жер-су атына айналатын май сөзі».

***Май*** + *алап* (е.м. Қостанай облысы, Қостанай ауданы)
***Май*** + *балық* (е.м. СҚО, Жамбыл ауданы)
***Май*** + *бас* (қыстау, Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Май*** + *бұлақ* (қос, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)
***Май*** + *бұрнақ* (е.м. Қарағанды облысы, Абай ауданы)
***Май*** + *бүйрек* (қоныс, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Май*** + *жүрек* (өзен, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы)
***Май*** + *кемер* (жұрт, ШҚО, Абай ауданы)
***Май*** + *көбең* (көл, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)
***Май*** + *көл* (көл, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы)
***Май*** + *қайнар* (қоныс, Алматы облысы, Қаратал ауданы)
***Май*** + *қайың* (е.м. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)
***Май*** + *қамыс* (жайлау, Павлодар облысы, Успен ауданы)
***Май*** + *қарағай* (е.м. Павлодар облысы, Аққу ауданы)
***Май*** + *қараған* (өзен, Қарағанды облысы, Нұра ауданы)
***Май*** + *қапшағай* (кеден, ШҚО, Зайсан ауданы)
***Май*** + *қоға* (көл, Алматы облысы, Алакөл ауданы)

***Май*** + *қоңыр* (е.м. Павлодар облысы, Ертіс ауданы)
***Май*** + *құдық* (құдық, Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Май*** + *құрақ* (қоныс, Павлодар облысы, Ертіс ауданы)
***Май*** + *мекен* (өзен, ШҚО, Ұлан ауданы)
***Май*** + *мұрын* (құдық, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Май*** + *өзен* (өзен, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы)
***Май*** + *саз* (тау, ШҚО, Катонқарағай ауданы)
***Май*** + *сай* (өзен, Алматы облысы, Панфилов ауданы)
***Май*** + *су* (бұлақ, Алматы облысы, Алакөл ауданы)
***Май*** + *сор* (сор, Павлодар облысы, Май ауданы)
***Май*** + *тас* *(*өзен, Жамбыл облысы, Шу ауданы)
***Май*** + *терек* (е.м. ШҚО, Күршім ауданы)
***Май*** + *төбе* (қоныс, Павлодар облысы, Ақсу қ.ә)
***Май*** + *түбек* (е.м. Павлодар облысы, Май ауданы)
***Май*** + *шоқпар + бұлақ* (жайлау, Павлодар облысы, Екібастұз қ.ә.)
***Май*** + *шұқыр* (е.м. Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы)

294) **«Майдан»** зат есімі + зат есім

*Майдан* сөзі «алаң, жазық» мәнінде көптеген тілдерде кездесетін географиялық термин болып табылады. Қазақ тілінде бұрыннан қолданылып келгенін ауыз әдебиет үлгілерінен көреміз. Мәселен, «Қыз Жібек» ғашықтық жырында мынадай жолдарда кездеседі:

Әуеде ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң баз,
Атайын десем оғым аз.
Қонамын десең, жануар,
Міне майдан, міне саз[158, 35 б].

Топонимжасамда «ашық, алаңқай жер» мағынасында атаулар жасайды.

***Майдан*** + *тал* (жота, ОҚО, Төле би ауданы)

295) **«Мақпал»** зат есімі + зат есім

*Мақпал* зат есімі «тығыз тоқылған түкті әрі жұмсақ, қалың мата, барқыттың» (ҚТТС, 7т, 104) аты. Топонимжасамда «мақпал матаға ұқсас жұмсақ суға, тығыз, тақыр шөп өскен жерлерге» атау бола алады.

***Мақпал*** + *көл* (көл, Қостанай облысы, Таран ауданы)

296) **«Мақта»** зат есімі +зат есім

*Мақта* сөзі – фитоним. «Ақ ұлпа талшық алынатын қауашақты техникалық өсімдіктің» аты (ҚТТС; 7т, 105). Топонимжасамда «мақта өсімдігі өсіріліп, өнім алынатын жерлерді» атауға араласады.

***Мақта*** + *арал* (аудан, ОҚО).

297) **«Мал»** зат есімі + зат есім

*Мал* зат есімі «төрт түлік үй жануарларының» жалпы аты. Көшпелі қазақ халқы үшін мал негізгі тіршілік көзі болып келгендіктен, жер-су атында сақталуы заңды құбылыс болып табылады.

***Мал*** + *қара* (е.м. СҚО, Уәлиханов ауданы)

***Мал*** + *құдық* (қыстау, БҚО, Ақжайық ауданы)

***Мал*** + *өзек* (қоныс, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы)

298) **«Малай»** зат есімі + зат есім

*Малай* деп «байларға жалданып күн көретін, есігінде жүретін қызметші, жалшы адамды» айтады (ҚТТС, 7т, 109). Топонимжасамда «кезінде болған малайлық, жалшылық құбылыстан қалған жер-су аттарын» білдіреді.

***Малай*** + *құдық* (е.м. Қарағанды облысы, Нұра ауданы)

***Малай*** + *мола* (төбешік, Алматы облысы, Қаратал ауданы)

299) **«Мамық»** зат есімі +зат есім

*Мамық* сөзі «үлпілдеген жұмсақ құс жүні» мағынасын береді. Алайда жер-су атына осы негізгі мәннен туындайтын *мамық* өсімдігі (астрагал пушистый) қатысады («мамық шөбі өскен жер» мағынасында).

***Мамық*** + *төбе* (қыстау, БҚО, Қаратөбе ауданы)

300) **«Мамыр»** зат есімі + зат есім

*Мамыр* сөзі «қазақша ай санауында үшінші (қазіргі күнтізбеде бесінші) айдың» аты. *Мамыр* сөзінің негізінде «мамыражай, жаймашуақ, жадыраңқы» сын есімі жатқан сыңайлы. Топонимжасамға ай атынан гөрі «малға жайлы мамыражай жер» мағынасы жақын келетіні байқалады.

***Мамыр*** + *көл* (көл, Қостанай облысы, Қамысты ауданы)

***Мамыр*** + *сай* (өзен, Алматы облысы, Көксу ауданы)

***Мамыр*** + *су* (өзен, ШҚО, Аягөз ауданы)

***Мамыр*** + *төбе* (е.м. Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы).

301) **«Маң»** зат есімі + зат есім

*Маң* зат есімі «маңай, айнала, төңірек» мағынасын беретіні мәлім. Топонимжасамда «ірі табиғи нысанның маңайына, жанына орналасқан екінші, кішілеу геонысанды» атап көрсетеді. Мәселен, *Маңғыстау* «теңіз маңындағы мал қыстайтын жер» мағынасын білдіретіні – ақиқат.

***Маң*** + *кент* (ескі қала, ОҚО, Сайрам ауданы)

***Маң*** + *қыстау* (түбек, Маңғыстау облысы).

302) **«Маңдай»** зат есімі + зат есім

*Маңдай* сөзі «бастың жоғарғы алдыңғы бөлігі» мәніндегі анатомиялық термин. Топонимжасамда «жолдың алдыңғы, жоғары тұсындағы геонысанды және тау, төбенің маңдай тұсын» атайды.

***Маңдай*** + *қақ* (өзен, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)

303) **«Марал»** зат есімі + зат есім

*Марал* сөзі «бұғының ұрғашысының» аты, зооним. Топонимжасамда «бұғы, маралдың мекендейтін жерін, сондай-ақ оларды қолда өсіретін шаруашылық тұрған жерді» атауға бірдей қатыса береді.

***Марал*** + *сай* (қоныс, Алматы облысы, Талғар ауданы)

***Марал*** + *саты* (қоршау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

304) **«Маржан»** зат есімі + зат есім

*Маржан* зат есімі «біркелкі, әдемі, ұсақ моншақтың» аты. Алайда олар жіпке тізіліп тұруы керек. Топонимжасамда «біркелкі табиғи нысандардың тізбектеліп, маржандай түзіліп тұруын» атайды. Мәселен, Сырдарияның бойына көне қалалардың маржандай тізіліп орналасуы оның көне *Інжу* атын қалыптастырған.

***Маржан*** + *көл* (көл, Қарағанды облысы, Осакаров ауданы)

***Маржан*** + *төбе* (бекініс, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы)

305) **«Маса»** зат есімі + зат есім

*Маса* сөзі «қанатты қан сорғыш жәндіктің» аты, зооним. «Топонимжасамда маса көп болатын сазды, сулы, қамысты жерлерді» атауға қатысады.

***Маса*** + *көл* (көл, СҚО, Жамбыл ауданы)

***Маса*** + *құдық* (құдық, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы)

306) **«Машат»** зат есімі + зат есім

*Машат* сөзі түркі тілдерінде «бастау» мағынасын беретіні дәлелденген: қырғ. *бошат-машат* А.Әбдірахманов). Топонимжасамда «бастау, бұлағы бар жерді» атайды.

***Машат*** + *төбе* (ескі қоныс, ОҚО, Түлкібас ауданы)

307) **«Мая»** зат есімі + зат есім

*Мая* сөзі «отаудан үлкен етіп үйілген шөптің» аты және «нар түйенің ұрғашысының» аты екені белгілі (ҚТТС, 7т, 152). Екеуіне ортақ сема – «таудай ірі нәрсе». Топонимжасамда «нар түйедей немесе үйілген шөптей үлкен, ірі табиғи нысанды» атауға бейімдік бар.

***Мая*** + *жон* (таулар, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы)

***Мая*** + *құм* (е.м. ОҚО. Отырар ауданы)

***Мая*** + *тас* (е.м. Қостанай облысы, Арқалық қ.ә)
***Мая*** + *текше* (төбе, ШҚО, Катонқарағай ауданы).

Ескерту: *Маятекше* – Найманның Қаратай руынан шыққан Мая бидің есімімен байланысты топоним.

308) **«Мәстек»** зат есімі + зат есім

*Мәстек* сөзі «бой тұрқы тапалдау, кішкене жылқының» аты. Көбінесе кемсіту эмоциясымен айтылады. Топонимжасамда «көлемі шағын, бойы аласа, қораш табиғи нысандарды мәстекке теңеп барып» жер-су атттары жасалады.

***Мәстек*** + *сай* (қыстау, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы)
***Мәстек*** + *сор* (қоныс, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы)

309) **«Мезгіл»** зат есімі + зат есім

*Мезгіл* сөзі «қайталанып болып тұратын оқиғаның уақыты; кез, мерзім» мағынасын береді. Топонимжасамда «белгілі мерзімде пайда болатын табиғи нысанды, не табиғат құбылысына байланысты қалыптасқан нысанды» атауға араласады.

***Мезгіл*** + *сор* (тұзды көл, Ақмола облысы, Шортанды ауданы)

310) ***«Мектеп»*** зат есімі + зат есім

*Мектеп* арабтың *мактаб* сөзінен енген, «бастауыш және орта білім беретін оқу орны» мағынасын береді (ҚТТС, 7т, 185). Топонимжасамда «мектеп үйі орналасқан жер» мәнінде атаулар жасайды.

***Мектеп*** + *құдық* (қыстау, БҚО, Шәкір ауылы)

311) **«Ми»** зат есімі + зат есім

*Ми* сөзінің топонимжасамға қатысты мағынасы – «батпақты, балшықты жер» мағынасы. Оның өзі *ми* сөзінің негізгі мағынасынан («адам мен жануарлардың орталық нерв жүйесі») шығатыны байқалады. Топонимжасамға «батпақты, езілген жер» мәніндегі географиялық термин ретінде қатысады.

***Ми*** + *бұлақ* (сор. Атырау облысы, Жылыой ауданы)

312) **«Мойын»** зат есімі+зат есім

*Мойын* сөзі «басты кеудемен жалғастыратын дене мүшесінің» аты, анатомиялық термин. Топонимжасамда «мойынға ұқсас бір табиғи нысанды екінші табиғи нысанмен жалғастырып жатқан жерді» атайды.

***Мойын***+*құм* (құмды алқап. Жамбыл облысы, ОҚО)
***Мойын***+*тоғай* (бөген. Алматы облысы, Үйғыр ауданы)

*Мойын* сөзінен кішірейткіш мәнді жұрнақ арқылы туындайтын *мойнақ* (мойын+ақ) сөзі де жер-су атын жасауда біршама белсенді болып келеді.

***Мойнақ** Қарасу* (өзен. Ақмола облысы, Атбасар ауданы)
***Мойнақ** Сарыкөл* (көл. Ақмола облысы, Атбасар ауданы)

313) **«Мола»** зат есімі+зат есім

*Мола* сөзі «өлген адамның сүйегі жерленген жер, бейіт, зират» мәнін береді де, қазақ даласының негізгі белгілерінің бірі нежатады: *Ақмола, Қарамола, т.б.* Қазақтар өздерінің арғы тегі сақтар сияқты моланы ерекше құрмет тұтып, «моласы бар жерлердің» атын әдейі таңбалап отырған. Көшпелі өмірдің заңына орай моласы тұрған жердің бәрін өз жерім деп есептеген.

***Мола**+адыр* (бейіт, Қарағанды облысы, Қаражал ауд.)
***Мола**+бұлақ* (бұлақ, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы)
***Мола**+қара+жар* (қыстау, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы)
***Мола**+құдық* (құдық, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы)
***Мола**+сай* (зират, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы)

314) **«Молда»** зат есімі+зат есім

*Молда* сөзі «мұсылман дінінің қызметкері, діни білім алған адам» мағынасындағы арабизм екені мәлім. Топонимжасамда «молда кісінің мекені болған жерді» атап көрсетеді. Оның басты себебі, діни рәсімдерді өткізу үшін қажет молданың мекен-жайын әркім білуге тиіс болған.

***Молда**+ауыл* (қоныс, Ақмола облысы, Ақжал ауданы)
***Молда**+бұлақ* (қоныс, Павлодар облысы, Аққу ауданы)
***Молда**+көл* (көл. СҚО, Жамбыл ауданы)

316) **«Мөр»** зат есімі+зат есім

*Мөр* сөзі «бетінде ойып жазылған әріптері бар, куәландыру, растау үшін қолданылатын заттың» аты (ҚТТС, 7 т, 239). Топонимжасамда «бетінде көне сурет, таңба салынған табиғи нысандарды» атауы мүмкін.

***Мөр**+жақ* (қыстау, ШҚО, Тарбағатай ауданы)
***Мөр**+тас* (е.м. ШҚО, Жарма ауданы)

317) **«Мұз»** зат есімі+зат есім

*Мұз* сөзі «суықтың әсерінен қатып қалған су» мағынасын береді де, топонимжасамда «мәңгі мұз сақталатын жерлерге, мұздақтарға» атау ретінде танылады.

***Мұз**+бел* (қырат, Ақмола облысы, Қорғалшын ауданы)
***Мұз**+көл* (көл. Алматы облысы, Талғар ауданы)
***Мұз**+тау* (шың, ШҚО, Катонқарағай ауданы)
***Мұз**+тоқай* (қыстау, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы)

318) **«Мұрын»** зат есімі+зат есім

*Мұрын* сөзінің «адам мен жануарлардың иіс сезу мүшесі» мағынасынан басқа, «тау, судың мұрынға ұқсас мүйісі, тұмсығы» мәніндегі географиялық термин екенін көпшілік біле бермейді.

***Мұрын**+көл* (қыстау, БҚО, Ақжайық ауданы)
***Мұрын**+су* (бұлақ, ШҚО, Үржар ауданы)
***Мұрын**+тал* (е.м. Алматы облысы, Талғар ауданы)

Тіркесті атау да жасалады:

***Мұрын** Толағай* (төбе. ШҚО, Күршім ауданы)

319) **«Мырза»** зат есімі+зат есім

*Мырза* сөзінің бір-бірімен сабақтас екі мағынасы бар: «бай, әкім, төре адамды мадақтап атау, лауазым» және «қолы ашық, береген адам» мағыналары. Топонимжасамға *мырза* зат есімі осы екі мәнмен де қатыса алады. Біріншіден, «әкім, төре отырған, мекендеген жер, меншігі болуы да мүмкін.» Екіншіден, «шөбі, суы мол, береген, тозбайтын жер, балығы көп су т.б.» атаулар жасауға қабілетті.

***Мырза**+бет* (қоныс, Алматы облысы, Райымбек ауданы)
***Мырза**+кент* (кент, ОҚО, Мақтаарал ауданы)
***Мырза**+көл* (көл, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы)
***Мырза**+көл+сор* (көл. Ақмола облысы, Зеренді ауданы)
***Мырза**+қара* (е.м. БҚО, Шыңғырлау ауданы)
***Мырза**+төбе* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауданы)
***Мырза**+шоқы* (тау.Қарағанды облысы , Қаражал қ.ә.)
***Мырза**+шөл* (құмды шөл. ОҚО, Мақтаарал ауданы)

320) **«Мыс»** зат есімі+зат есім

*Мыс* сөзі «қаптауға төзімді, қызғылт, жылтыр түсті металдың» аты (ҚТТС, 7 т, 288). Топонимжасамда «мыс кені бар, мыс өндірілетін жерлердің, мыс түстес нысандардың» атын жасауға қатыса алады.

***Мыс** + көл* (қоныс. Ақмола облысы, Шортанды ауданы)

321) **«Найза»** зат есімі+зат есім

*Найза* сөзі «ұшы үшкір темірден істелген ұзын ағаш сапты соғыс құралының» аты. Топонимжасамда «найзадай тік шаншылған тау-тасқа, найза бойы тереңдігі бар суларға» атау болуға жарайды.

***Найза**+жер* (қоныс, Павлодар облысы, Екібастұз қ.ә.)
***Найза**+көл* (көл, СҚО, Жамбыл ауданы)
***Найза**+қара* (шоқы, Ақмола облысы Аршалы ауданы)
***Найза**+құдық* (құдық, Ақтөбе облысы, Темір ауданы)
***Найза**+тас* (өзен, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы)

***Найза**+томар* (қоныс, Ақмола облысы, Шортанды ауданы)
***Найза**+шоқы* (тау, Алматы облысы, Панфилов ауданы)

322) **«Нар»** зат есімі+зат есім

*Нар* сөзі – зооним. «Жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйенің» аты (ҚТТС, 7 т, 320). Топонимжасамда «нар түйелер мекенін де, нар түйеге ұқсас ірі табиғи нысанды да» атауы мүмкін.

***Нар**+байтал* (е.м. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы)
***Нар**+бақ* (е.м. Қарағанды облысы, Шет ауданы)
***Нар**+қызыл* (төбе, Жамбыл облысы, Шу ауданы)
***Нар**+сай* (өзен, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)
***Нар**+төбе* (е.м. ОҚО, Сайрам ауданы)
***Нар**+шоқы* (тау, Қарағанды облысы, Шет ауданы)

323) **«Нау»** зат есімі + зат есім

*Нау* сөзі *ну* «қалың (орман, тоғай, қамыс)» сөзінің ауызекі тілдегі нұсқасы. Жер-су атын жасауға осы мәнде қатысады.

***Нау** + етек* (көл, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы)

324) **«Намаз»** зат есімі + зат есім

*Намаз* – «мұсылмандардың аллаға бағыштап күніне бес рет оқитын дұғасы» мәніндегі араб тілінен енген сөз. Топонимжасамда «елді мекеннің құбыла жағында орналасқан табиғи нысанды» атауы мүмкін, өйткені намаз тек құбылаға қарап оқылады.

***Намаз** + бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы)
***Намаз**+тау* (тау. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы)
***Намаз**+шағыл* (төбе. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы)

325) **«Науа»** зат есімі+зат есім

*Науа* сөзі «малдың су ішіп, жем жеуіне арналған үлкен, ұзын астаудың» аты (ҚТТС, 7т, 326). Топонимжасамда көбінесе «науаға ұқсас сай, аңғар, жыралардың» атына қатысып отырады.

***Науа**+тоған* (е.м. Алматы облысы, Көксу ауданы)

326) **«Никель»** зат есімі + зат есім

*Никель* сөзі «күміс түстес, қатты, тотықпайтын металдың» аты. Топонимжасамда «никель кені бар жердің» атын жасауға қатысқан. Алайда кірме сөзден қалыптасқан атау жарасым тауып тұрған жоқ. Келешекте кірме терминдерден жасалған тілімізге жат топонимдер қаптап кетпеуін ескеру қажет. М: *Никельтау, Хромтау, т.с.с*.

***Никель**+тау* (е.м. Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы)

327) **«Нұр»** зат есімі + зат есім

*Нұр* сөзі «сәуле, жарық, шұғыла» мәндес зат есім болып келеді. Топонимжасамда «нұрлы, сәулелі жер» мағынасында топонимдер тудырады. Мұнда табиғатқа табыну семасы да жоқ емес. Соңғы кезде Қазақстандағы бірінші Елбасының құрметіне орай жерлердің атына *нұр* сөзін қосу құбылысы пайда болуда. Мәселен, Өскемен қаласының жанындағы шаңғы тебу базасы *Нұртау* (бұрынғы аты – Княз тауы), тағы бір бұлақ *Нұрбұлақ* (бұрынғы аты – Шыбындыбұлақ) атала бастады. Мұны да жақсы үрдіс дей алмаймыз, өйткені кеңестік-коммунистік атаулардан айырмашылығы шамалы.

***Нұр**+ауыл* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауданы)
***Нұр**+көл* (көл. Алматы облысы, Балқаш ауданы)
***Нұр**+құм* (қоныс. Алматы облысы,Балқаш ауданы)
***Нұр**+оң* (құдық. Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)
***Нұр**+сай* (е.м. БҚО, Қазталов ауданы)
***Нұр**+тау* (тау, ШҚО, Өскемен қ.ә.)

328) **«Нұра»** зат есімі + зат есім

*Нұра* географиялық термині «су орған жыра, терең сай» мағынасын береді және осы мағынада топонимжасауға қатысады. Нұра сөзінің түбі моңғ. *нураа* «құлаған, опырылған, құлама» сөзінен шығады. [77; 345]

***Нұра**+сор* (құдық. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы)
***Нұра**+тау* (тау.ОҚО, Отырар ауданы)

329) **«Найман»** зат есімі + зат есім

*Найман* сөзі – этноним. «Орта жүздің ірі руларының бірінің аты». Түбі моңғ. *найм* «сегіз» + санскрит. *ман/мен* «адам, ел» сөздерінің бірігуінен шығады: «сегіз тайпалы ел (сегіз оғыз)». Топонимжасамда «найман руының мекені, көш жолы т.б.» болған жерлердің атын жасауға қатысады.

***Найман**+жол* (таулар.Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы)
***Найман**+құдық* (құдық. ОҚО, Сарыағаш ауданы)
***Найман**+сары* (е.м. ШҚО, Шар ауданы)
***Найман**+сүйек* (е.м. Алматы облысы, Қаратал ауданы)

Тіркесті атау да жасалуы мүмкін екен.

***Найман** Бұқарбай* (е.м. ОҚО, Шардара ауданы)

330) ***«Низам»*** зат есімі+зат есім

*Низам* сөзі «заң, ереже, қағида, тәртіп» мағыналы арабизм болып табылады. (ҚТТС, 7т, 349). Топонимжасамда «заң шығарушы орталық; қала» мәнінде қолданыла алады.

***Низам** + абат* (е.м. ОҚО, Сайрам ауданы)

331) **«Ноғай»** зат есімі+зат есім

*Ноғай* сөзі – этноним. «Қазаққа ең жақын түркі тектес халықтың» аты (Ноғайлы хандығында бірге болған). Топонимжасамда «ноғай этносының шоғырланып тұрған жерін, мекенін» білдіретін топонимдер құрамына енеді.

***Ноғай**+ауыл* (е.м.Ақмола облысы, Целиноград ауданы)
***Ноғай**+баз* (қыстау.Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы)
***Ноғай**+бұлақ* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауданы)
***Ноғай**+көл* (көл. Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы)
***Ноғай**+қара* (Қыстау. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы)
***Ноғай**+құдық* (құдық. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы)
***Ноғай**+сай* (қыстау.БҚО, Ақжайық ауданы)
***Ноғай**+там* (бейіт, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)

332**) «Об<оп»** зат есімі + зат есім

*Об (<оп)* зат есімі «терең құз, ор» (ҚТТС, 7т, 437) мағынасын беріп, географиялық термин категориясына өтеді. Осы мағынада жер-су атын жасауға қатысады. Сібірдегі Обь өзенінің атында осы *оп* сөзі жатқаны күмәнсіз.

***Об**+қара* (бұлақ. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы)
***Об**+қара+көл* (бұлақ. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы)

333) **«Оба»** зат есімі + зат есім

*Оба* зат есімі «тау асуларымен өзен өткелдерінен аман-есен өткен соң, тасталатын тас, не топырақ үйінділері» мағынасында географиялық терминге ауысқан. Обалардың діни мәнімен бірге «меже, белгілік» қызметі де бар.

***Оба** + тас* (тау. Алматы облысы, Алакөл ауданы)

334) ***«Ой»*** зат есімі + зат есім

Омонимдес *ой* сөзінің топонимжасамға тікелей қатысы бары – «ойпаң, ойыс, төмен жер» мағынасы (ҚТТС,7т, 383). *Ой* сөзі осы мәнде географиялық терминге өтеді де, топонимдер құрамына енеді.

***Ой** + жайлау* (жота. Алматы обл. Панфилов ауд.)
***Ой** + қарағай* (асу Алм.обл. Райымбек ауд)
***Ой** + құдық* (қоныс. ШҚО. Аягөз ауд.)
***Ой** + саз* (өзен. Алм.обл. Ескелді ауд)
***Ой** + сексеуіл* (көл ШҚО обл. Үржар ауд)
***Ой** + тал* (өзен Жамбыл обл. Меркі ауд)
***Ой** + тоған* (е.м Алм.обл, Ақсу ауд)
***Ой** + шұбар* (қоныс Қар обл.Ұлытау ауд)
***Ой** + шілік* (қоныс СҚО обл,Аққайын ауд)

335) **«Оймақ»** зат есімі+зат есім

*Оймақ* зат есімі «іс тіккенде қолға ине кірмес үшін саусақтың басына киетін жезден, темірден, былғарыдан жасалған құралдың» аты (КТТС, 7т,388). Топонимжасамда «оймақтай шағын, дөңгелене біткен табиғи нысандарды» атауға қатысады.

***Оймақ*** + *көл* (қоныс.Алм. обл.Ерейментау ауд).

336) **«Ойнақ»** зат есімі+зат есім

*Ойнақ* сөзі «асыр салып ойнайтын жер» мағынасын бергенмен, топонимжасамда «мал не аңның көп жиналып, ойнақтайтын жері» мәнінде атауға араласады. М: *Құр ойнақ, қасқыр ойнақ, бұғы ойнақ т.б.)*

***Ойнақ*** + *сор* (тау.Ақмола облысы, Ерейментау ауд).

337) **«Олжа»** зат есімі+зат есім

*Олжа* сөзі «ойламаған, күтпеген жерде пайда болған кіріс» мағынасын береді (КТТС, 7т, 416). Топонимжасамда «адамдар арасында жер таласы кезінде тегінен-тегін түсіп қалған табиғи нысандар; жаудан қайтарып алған, тартып алған қоныс мекендер» аталуы ықтимал.

***Олжа*** + *көл* (Қост.обл. Амангелді ауд)

***Олжа*** + *қыз* (мола.Маңғ.обл.Түпқараған ауд)

338) **«Оңтүстік»** зат есімі+зат есім

*Оңтүстік* зат есімі «әлемнің төрт бұрышының солтүстікке қарамақарсы жағы, түстік» мағынасын береді. Топонимжасамда дәл осы мәнде кездеседі, бірақ көбінесе кітаби, ресми топонимдерде қолданылады. Орыс. *южный* сөзінен аударылып енгені көрініп тұрады. Қазақ *оңтүстік* сөзінің орнына *күнгей* сөзін жиі пайдаланған.

***Оңтүстік*** *Алтай* (Өр Алтай) (тау жотасы ШҚО, Катонқарағай).
***Оңтүстік*** *Ақтау* (бұйрат. Маңғ.обл. Маңғыстау ауд)
***Оңтүстік*** *Ащыбұлақ* (өзен. Алм. обл, Ескелді ауд)
***Оңтүстік*** *Есік* (өзен.Алм.обл. Іле Алатауында)
***Оңтүстік*** *Сарыбұлақ* (тау.Қар.обл. Шет ауд)
***Оңтүстік*** *Үшқара* (тау. Қар обл. Шет ауд)

339) **«Ор»** зат есімі+зат есім

*Ор* сөзінің бір мағынасы «табиғат әсерінен болған немесе әдейі қазылған шұқыр жер» мағынасы болып келеді. Көбінесе осы мәнде жер-су аттарын жасайды. Кейде *ор* «қызғылтым, қоңыр түс» (ор ешкі) және *ор* «жетілген ірі, үлкен» (ор қоян) мәніндегі сын есімдері де атау жасауға қатысуы мүмкін.

***Ор*** + *тақыр* (е.м Атыр обл. Құрманғазы ауд.)

***Ор*** + *тау* (тау. Қар обл. Шет ауд.)

340) **«Орақ»** зат есімі+зат есім

*Орақ* зат есімі «егін, шөп ору үшін жасалған имек жүзді, қысқа сапты құралдың» аты. Топонимжасамда «орақ пішіндес имек табиғи нысан, не шөбі орылатын жер» мәнді атаулар жасайды.

***Орақ*** + *сай* (өзен. Алм.обл. Ескелді ауд)

341) **«Орда»** зат есімі+зат есім

*Орда* сөзінің негізгі мағынасы «көшпелі елдің әкімшілік орталығы, хан отырған сарай, астана» болып келеді. Топонимжасамда «көп табиғи нысанның үлкені, негізгісі; кезінде хан ордасы орналасқан жер» мәніндегі атаулар жасайды.

***Орда*** + *бас* (шоқы. Қар обл., Шет ауд.)
***Орда*** + *тас* (тау. Ақм. обл., Ерейментау ауд.)
***Орда*** + *тау* (тау. ШҚО, Абай ауд.)
***Орда*** + *шақан* (тау. Қар. обл., Жаңаарқа ауд.)

342) **«Орман»** зат есімі+зат есім

*Орман* сөзі «әр түрлі ағаштардың табиғи өскен шоғыры» мағынасымен жер бедерінің негізгі белгілерінің біріне жатады. Осы мәнде географиялық терминге өтіп, топонимдер құрамына енеді.

***Орман*** + *құдық* (құдық. ОҚО, Отырар ауд.)
***Орман*** + *сай* (өзен. Алм. Обл., Ақсу ауд.)

343) **«Орыс»** зат есімі+зат есім

*Орыс* сөзі – этноним. «Ресейдің негізгі халқының» аты. Қазақ халқымен көршілес отырып, бірнеше ғасыр араласқандықтан, жер-су аттарында ізі қалған. Келешекте үлгі етіп, дамытудың қажеті жоқ. Өйткені әр халықтың өз ұлттық топожүйесі болуы керек.

***Орыс*** + *бұлақ* (өзен. Алм. обл., Жамбыл ауд.)
***Орыс*** + *қопа* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Орыс*** + *құдық* (құдық. Атыр. обл., Жылыой ауд.)

344) ***«От»*** зат есімі + зат есім

*От* сөзінің топонимжасамға тікелей қатысы бары – «малға азық боларлық шөп» мағынасы (ҚТТС 7т, 484). Топонимжасамда «шөпті, оты бар жерді» атауға араласады.

***От*** + *жар* (тау.ШҚО, Аягөз ауд.)

345) **«Отар»** зат есімі+зат есім

*Отар* сөзі «бөлек бағылатын бір қора қой» мағынасымен қазақ даласының ерекше бір белгісіне айналған. Оған қазақтың ежелден қой

шаруашылығымен айналысуы себеп болады. Топонимжасамға «жеке бір қора қой бағылатын орын, жер» мәнімен қатысады.

***Отар*** + *баз* (жұрт. Ақт. обл., Темір ауд.)
***Отар*** + *көл* (көл. Атыр. обл., Индер ауд.)
***Отар*** + *тау* (тау. Ақм. обл., Ерейментау ауд.)

346) **«Отын»** зат есімі + зат есім

*Отын* сөзі «от жағуға арналған ағаш» мәнімен-ақ топонимжасамға қатыса алады. Атап айтқанда, «отындық ағашы бар жерді» атауға жарайды.

***Отын*** + *ағаш* (орман. Ақм. Обл., Аққөл ауд.)
***Отын*** + *қоға* (е.м. Қост. обл., Жангелдин ауд.)

347) **«Ошақ»** зат есімі+зат есім

*Ошақ* сөзінің негізгі мағынасы «үстіне қазан асылатын үш аяқты шеңбер темір, үштаған» болса, ауыспалы мәнде «адамның үйін, жанұясын, атамекенін» білдіреді. Топонимжасамда «ошаққа ұқсас табиғи нысанды атауы мүмкін немесе от жаққан жер, жұрт» мәнінде атаулар жасайды.

***Ошақ*** + *қара* + *су* (қоныс. Ақм. обл., Шортанды ауд.)
***Ошақ*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)

348) **«Өгіз»** зат есімі + зат есім

*Өгіз* сөзі «күш көлігі ретінде пайдаланылатын сиыр малының піштірілген еркегінің» аты, зооним. Топонимжасамда «өгіз секілді дөңкиген табиғи нысанды айтады, не өгізге байланысты бір оқиғаны сипаттайды». Кейде көне түркі. *үгүз* «өзен» сөзінің жер-су атында сақталып қалуы да ықтимал.

***Өгіз*** + *балық* (е.м. Қост. обл., Ұзынкөл ауд.)
***Өгіз*** + *бөгет* (қыстау. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Өгіз*** + *көл* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Өгіз*** + *құла* (қыстау. Ақт. обл., Байғанин ауд.)
***Өгіз*** + *мүйіз* (төбе. Қызылорда. обл., Жаңақорған ауд.)
***Өгіз*** + *сай* (арна. ОҚО, Отырар ауд.)
***Өгіз*** + *тау* (қыстау. Қар.обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Өгіз*** + *төбе* (тау. Қар. обл., Қарқаралы ауд.)

349) **«Өзбек»** зат есімі + зат есім

*Өзбек* сөзі – этноним. «Өзбекстанның жергілікті халқының» аты. Қазақстанның оңтүстігімен шектесетіндіктен, әрі ағайын түркі тектес ел болған соң, жер-су аттарында *өзбек* этнотопонимінің сақталып қалуы – заңды құбылыс.

***Өзбек*** + *қорған* (қоныс. Алм. обл., Балқаш ауд.)

350) **«Өзек»** зат есімі + зат есім

*Өзек* сөзі «жауын, қар суынан пайда болған кішірек сай; жыра» мағынасын беретін географиялық термин болып табылады. Сол мәнде және «өзен» мағынасында жер-су аттарын жасауға қатысады.

***Өзек*** + *шым* (қоныс. СҚО., Айыртау ауд.)

351) **«Өлең»** зат есімі + зат есім

*Өлең* сөзі «ылғалды жерде бітік болып өсетін, көп жылдық майда шөптің» аты (ҚТТС, 7т, 537). Топонимжасамда «өлең шөп өсетін жерлердің» атын жасауға қатысады.

***Өлең*** + *құдық* (жайлау. Павл. обл., Баянауыл ауд.)

352) **«Өр»** зат есімі + зат есім

*Өр* сөзі «таулы жердің етегінен биіктеп көтерілетін ылдиға қарама-қарсы жердің» аты. Осы мәнде топонимжасамға тікелей қатысып, «өр, биіктегі табиғи нысанды» атауға араласады.

***Өр*** + *өзек* (құдық, Маңғ. обл., Қарақия ауд.)

Тіркесті атау да құрылады.

***Өр*** *Алтай* (Оңтүстік Алтай) (тау жотасы. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

353) **«Өре»** зат есімі + зат есім

*Өре* зат есімі «құрт, ірімшік кептіру үшін ағаштан жасалған биік сәкінің» аты (ҚТТС, 7т, 565). Топонимжасамда «өреге, сәкіге ұқсас биіктеу жерлердің» атын жасауға қатысады.

***Өре*** + *бас* (қоныс. Павл. обл., Май ауд.)

354) **«Өрмек»** зат есімі + зат есім

*Өрмек* сөзі «алаша тоқу үшін екі қазыққа керіп байлаған иірілген жіптер шумағы» мағынасын білдіреді. Топонимжасамда «өрмекке ұқсас жіңішке, ұзын табиғи нысандарды, не өрмек құруға ыңғайлы жерді» атауы мүмкін.

***Өрмек*** + *сай* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)

355) **«Өртен»** зат есімі + зат есім

*Өртен* сөзі қазақтың *өртең* сөзінен шығып тұрмағаны соңғы (н-ң) дыбыстарынан-ақ көрініп тұр. Оның қалм. *уртен* «қарауыл бекет» сөзінен шығатыны байқалады («қарауыл бекет тұрған жер» мағынасында атау жасалады).

***Өртен*** + *жүрек* (қыстау. ШҚО, Күршім ауд.)

356) **«Өртең»** зат есімі + зат есім

*Өртең* зат есімі «ескі шөбі өртеліп, орнына көк шөп шыққан жер» мағынасын береді де, осы мәнде жер-су аттарын жасауға қатысады. Кейде өрт болған жерді де келесі жылы *өртең* деп атай береді.

***Өртең*** + *тау* (таулар. ШҚО, Көкпекті ауд.)

355) **«Өріс»** зат есімі + зат есім

*Өріс* сөзі «мал жайылымдық жердің» аты. Жер-су атын жасауға осы мәнімен қатысады: «ауыл маңынан шалғайлау мал жайылып келетін жер».

***Өріс*** + *құдық* (құдық. Павл. обл., Баянауыл ауд.)

356) **«Сабан»** зат есімі + зат есім

«Дәнді дақылдардың дәні алынғаннан кейінгі қалған сабағы» (ҚТТС, 8т, 85) мәніндегі *сабан* сөзі де жер-су атының ерекше бір белгісі бола алады.

***Сабан*** + *балға* (қыстау. Ақтөбе обл., Алға ауд.)

Мұндағы *балға* ор. *балка* «мәтке, арқалық» сөзінен шығып, «төбесі сабанмен жабылған қора» мағынасын беруі мүмкін.

357) **«Сабын»** зат есімі + зат есім

*Сабын* сөзі «кір жууға арналған, суға еритін заттың» аты. Топонимжасамда «жағасы еріген сабындай ақ көбіктеніп жататын өзен, көлге» атау болуға қатысады.

***Сабын*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)

358) **«Саға»** зат есімі + зат есімі

*Саға* зат есімі «өзен, я болмаса тау сілемінің қабысып-түйіскен жерін» атап, географиялық терминге айналады. Сол мағынада біріккен атаулар жасауға қатысады.

***Саға*** + *күрес* (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Саға*** + *терек* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)

Тіркесті атаулар жасайды:

***Саға*** *Бүйен* (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Саға*** *Қандыағаш* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)

359) **«Саз»** зат есімі + зат есім

Географиялық атау жасауға *саз* сөзінің «көгалы қалың өскен, дымқыл кең алқап» мағынасы жиі қатысады (ҚТТС, 8т, 95).

***Саз*** + *бастау* (бұлақ. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Саз*** + *құдық* (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Саз*** + *терек* (е.м. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)

***Саз*** + *төбе* (тж. бекеті. ОҚО, Түлкібас ауд.)

Тіркесті атау да жасалады:

***Саз*** *Қора* (асу. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

***Саз*** *Талғар* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)

360) **«Сай»** зат есімі + зат есім

*Сай* сөзі «үлкен жыра, аңғар» (ҚТТС, 8т, 98) мәнімен географиялық терминге айналады. Сол мағынада күрделі топонимдер құрамына енеді.

***Сай*** + *бас* (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)

***Сай*** + *құдық* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)

***Сай*** + *утес* (е.м. Маңғ. обл., Маңғыстау ауд.)

Соңғы үлгідегі *утес* ор. *утёс* «жартас, құз» сөзінен жасалғаны байқалады.

361) **«Сайыр»** зат есімі + зат есім

*Сайыр* сөзі моңғол тілінен қалған: моңғ. *сайр* «малта тас» [77;406]. Осы мәнде топонимжасамға қатыса алады.

***Сайыр*** + *құм* (төбешік. Маңғ. обл., Маңғыстау ауд.)

362**) «Сақал»** зат есімі + зат есім

*Сақал* зат есімі «еркек адамның иегі мен жағына шығатын түк» (ҚТТС, 8т, 106) мәнін беретіні мәлім. Топонимжасамда тек пішін ұқсастығы арқылы ғана атаулар жасай алады.

***Сақал*** + *төбе* (төбе. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)

363**) «Салдыр»** зат есімі + зат есім

*Салдыр* сөзі «заттардың бір-біріне соқтығысуынан шығатын дыбыс; қаңғыр» (ҚТТС, 8т, 126) мәнін білдіреді. Топонимжасамда, көбінесе, «сылдырама тастары бар жерлерді» атауға араласады.

***Салдыр*** + *тас* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)

364) **«Самал»** зат есімі + зат есім

*Самал* сөзі «жанға жайлы қоңыр салқын желдің» аты. Топонимжасамда «үнемі самал жел есіп тұратын геонысанды» атайды.

***Самал*** + *жота* (тау. ШҚО, Күршім ауд.)

365) **«Самар»** зат есімі + зат есім

*Самар* сөзі қазақ тілінің батыс диалектісінде «үлкен табақ, тегене, шара» мағынасын береді [156;571]. Пішін ұқсастығы арқылы топонимдер жасайды.

***Самар*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

366) **«Самса»** зат есімі + зат есім

*Самса* сөзі «жұқалап жайған қамырдың ішіне пияз аралас тартылған ет салып майға пісірген нанның» аты (ҚТТС, 8т, 145). Тек сырт тұлғасының ұқсастығы ғана оның геонысанға атау болуына жол ашады.

***Самса*** + *шоқы* (тау. Алматы обл., Үйғыр ауд.)

367) **«Сандық»** зат есімі + зат есім

*Сандық* зат есімі «әр түрлі бұйым салуға арнап ағаштан не темірден жасаған үй жиһазының» аты (ҚТТС, 8т, 153). Табиғи нысанды «төрт бұрышты сандыққа ұқсату арқылы» топонимдер жасауға араласады.

***Сандық*** + *су* (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Сандық*** + *тас* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Сандық*** + *тау* (жота. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Сандық*** + *төбе* (е.м. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)

368) **«Саң»** зат есімі + зат есім

*Саң* сөзі Аягөз, Шелек говорларында «ұра, астық сақтайтын жер» мәнінде қолданылады [156; 572]. Топонимжасамда «ұрадай, саңырайған шұңқыр жер» мағынасында атаулар жасауы бек ықтимал. Екінші жағынан алғанда, парсы. sang «тас» сөзінің қатысы болуы мүмкін.

***Саң*** + *көл* (бейіт. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Саң*** + *мұрын* (е.м. Алматы обл., Үйгентас ауд.)

369**) «Сапа»** зат есімі + зат есім

*Сапа* сөзі «заттың басқа бір заттан өзгеше қасиеті, ерекше айырмасы, белгісі» мәнін береді. Топонимжасамда «табиғи нысанның сапалы, жақсы» екенін атап көрсетеді.

***Сапа*** + *көл* (е.м. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)

370) **«Сапы»** зат есімі + зат есім

*Сапы* зат есімі «кішкене өткір қылыштың» аты. Топонимжасамда «пішін ұқсастығына орай» атау құрамына енген.

***Сапы*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)

371**) «Сарт»** зат есімі + зат есім

*Сарт* сөзі – этноним. ҚТТС-та «өзбектерге революцияға дейін телініп келген ат» деген түсініктеме беріледі (8т, 185). Дұрысы санскрит тілінде «саудагер» мәнін беретін *сарт* сөзі парсы тектес соғдыларға түріктер қойған ат еді. Топонимжасамда «қазақ ішінде жеке ру болып қалыптасқан сарттар тұратын жер» мағынасында этнотопоним жасай алады.

***Сарт*** + *асу* (асу. Алматы обл., Райымбек ауд.)

372) **«Сауда»** зат есімі + зат есім

*Сауда* сөзі «затты сату мен сатып алу әрекеті» мағынасын беретіні аян. Топонимжасамда «сауда жасалатын орын, мекен» мәнінде жер-су атын жасауға қатысады.

***Сауда*** + *кент* (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)

373) **«Саумал»** зат есімі + зат есім

*Саумал* зат есімі «әлі аши қоймаған бие сүтінің» аты. Топонимжасамда «өзен, көлдің түсін немесе суының дәмін саумалға теңеу» арқылы атаулар жасауы мүмкін.

***Саумал*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

Ескерту: Көл аты *саумалдық* (кислица) өсімдігінің атымен байланысты болуы да ықтимал.

374) **«Сәкі»** зат есімі + зат есім

*Сәкі* зат есімі – «жату мен отыру үшін, тақтайдан биіктеу етіп жасаған орын, нар» (ҚТТС, 8т, 228) мәніндегі сөз. Топонимжасамда «табиғи нысанның сәкіге ұқсауы» атауға уәж болады.

***Сәкі*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.)

375) **«Сән»** зат есімі + зат есім

*Сән* сөзі «әдемі, жарасымды көрік» мәнді зат есім екені мәлім. «Көркем, әсем геонысанды атауға» қатыса алады.

***Сән*** + *кесе* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)

376) **«Сексеуіл»** зат есімі + зат есім

*Сексеуіл* сөзі «діңі иір, қатты болып келетін, құмды жерде өсетін жапырақсыз ағаштың» аты, фитоним. Топонимжасамда «сексеуіл ағашы өсетін жерді» атап көрсетеді.

***Сексеуіл*** + *дала* (дала. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

377) **«Солдат»** зат есімі + зат есім

*Солдат* зат есімі орыс тілінен енген кірме сөз: «қатардағы әскери адам» мәнін береді. Топонимжасамда «әскери бөлімше тұрған жерлерді, солдатқа байланысты әлдебір оқиға болған орынды» атауы мүмкін. М.: *Солдатқұлаған* (құз. ШҚО). Тарихи атау ретінде қаралғаны болмаса, үлгі етуге жарамайды.

***Солдат*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Солдат*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Солдат*** + *үй* (қыстау, ШҚО, Катонқарағай ауд.)

378**) «Солтүстік»** зат есімі + зат есім

*Солтүстік* зат есімі «оңтүстікке қарсы жақ, терістік» (ҚТТС, 8т, 335) мағынасын беретіні белгілі. Алайда байырғы топонимдерде *солтүстік* сөзі кездеспейді де, оның орнына *теріскей* сөзі қолданылып келгенін көреміз. Ал қазіргі топонимдер құрамындағы солтүстік сөзі орыс тілінен енген *северный* анықтауышының аудармасы екені айқын.

Келешекте кеңінен қолданылуы мүмкін.

***Солтүстік** Ақтау* (жота. Маңғ. ауд., Маңғыстау ауд.)
***Солтүстік** Ақшығанақ* (асу. Алматы обл., Ақсу ауд.)
**Солтүстік** *Ащыбұлақ* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Солтүстік** Қазақстан* (әкімшілік бөлініс. Солтүстік Қазақстан облысы)

379**) «Сор»** зат есімі + зат есім

*Сор* омоним сөзінің бір мағынасы «тұзды батпағы бар жер» болып келеді. Сор сөзі осы мәнде географиялық терминге айналып, күрделі атаулар құрамына енеді.

***Сор** + аша* (көл. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Сор** + бұлақ* (көл. Алматы обл., Іле ауд.)
***Сор** + дала* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Сор** + көл* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Сор** + қабақ* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Сор** + құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Сор** + төбе* (қыстау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Сор** + шырпа* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

Соңғы үлгідегі *шырпа* сыңары батыс диалектіде «судың сарқырауы, бұрқылдауы» мағынасын береді [156; 756].

*Соршырпа* – «суы толық, бірақ тұзды құдық» мәнін бермек.

380) **«Су»** зат есімі + зат есім

*Су* сөзі «өзен, көл т.б. түзетін түссіз мөлдір сұйық зат» (ҚТТС, 8т, 371) мағынасын беретіні дәлелденген. Топонимжасамда «су негізгі белгісі болатын геонысандарды атайды».

***Су** + айрық* (көл. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Су** + көл* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Су** + кіл + сай* (өзен. Ақтөбе обл., Қарғалы ауд.)
***Су** + сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Успен ауд.)

381) **«Суат»** зат есімі + зат есім

*Суат* зат есімі – «өзеннің, көлдің мал суаратын жері» мәніндегі сөз. Топонимжасамда «суаты бар жерлерді және суаттың өзіндік ерекшелігін» атап көрсетеді.

***Суат*** + *бар* + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Суат*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Суат*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Суат*** + *тау* (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.)

382) **«Суыр»** зат есімі + зат есім

*Суыр* сөзі «қыста ұйықтап қалатын, кеміргіштер тобына жататын кішірек аңның» (ҚТТС, 8т, 383) аты, зооним. Топонимжасамда «суыр аңы бар және мол кездесетін жерлерді» атауға қатысады.

***Суыр*** + *құман* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Суыр*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Сарқант ауд.)

383) **«Сұлтан»** зат есімі + зат есім

Сұлтан сөзі «шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазым аты» екені мәлім (ҚТТС, 8т, 389). Қазақ жерінде Шыңғысхан ұрпақтары ғана сұлтан атанып келген. Топонимжасамда екі түрлі мәнде қолданылады:

1) Әлдебір сұлтан мекендеген жерді білдіреді; 2) «Жердің сұлтаны; жақсы жер» мағынасында қолданылады.

***Сұлтан*** + *рабат* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Сұлтан*** + *шеген* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)

384**) «Сұңқар»** зат есімі + зат есім

*Сұңқар* сөзі «бүркіт тұқымдас қыран құстың» (ҚТТС, 8т, 393) аты. «Сұңқар құсы ұя салған, мекендеген жерлерді» атауға ат салысады.

***Сұңқар*** + қия (жұрт. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Сұңқар*** + ұя (шоқы. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

385) **«Сүмбе»** зат есімі + зат есім

*Сүмбе (< сүмбі)* сөзі «мылтықтың ұңғысын тазалайтын әрі майлайтын ұзын, жіңішке жұмыр темір немесе тобылғы таяқша» (ҚТТС, 8т, 418) мағынасын береді. Топонимжасамда «сүмбедей түзу табиғи нысандарды» атауға қатысады.

***Сүмбе*** + *тау* (жота. Алматы обл., Райымбек ауд.)

386) **«Сүт»** зат есімі + зат есім

*Сүт* сөзі «сүт қоректілердің жас ұрпағын өсіру үшін денесінен бөліп шығаратын ақ түсті, қоректік маңызы бар сұйық заттың» аты. Топонимжасамда, көбінесе, «түсі сүт, айран түстес өзен, суларға» қаратып айтылады.

***Сүт*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

***Сүт*** + *кент* (е.м. ОҚО, Шардара ауд.)

Соңғы үлгі (*Сүткент*) «ақ түсті қала» мәнін беруі мүмкін.

387) **«Сын»** зат есімі + зат есім

*Сын* омоним сөзінің бір мағынасы «бір заттың табиғи бітімі мен сәні, өз сыры мен келбеті» (ҚТТС, 8т, 475) болып келеді. Қазақ «адам бейнелі жасалған балбал тастарды» *сынтас* деп атайды. М.: «Мен мәңгі жасайтын сынтас емеспін, бір күні өлермін», - деген айтылыс кездеседі.

***Сын*** + *тас* (шоқы. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

Сынтас – «адам сынды (бейнелі) тас» мәнінде тұр.

388) **«Табақ»** зат есімі + зат есім

*Табақ* зат есімі «піскен ет, т.б. тағам салатын дөңгелек жайпақ ыдыстың» (ҚТТС, 8т, 519) аты. Түбі араб тілінен енген сөз. Топонимжасамда «табаққа ұқсас дөңгелене біткен ойпат жерлерді» атап көрсетеді.

***Табақ*** + *бұлақ* (тж. бекеті. Жамб. обл., Талас ауд.)
***Табақ*** + *құдық* (қоныс. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Табақ*** + *кең* + *тақыр* (аңғар. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Табақ*** + *кең* + *тарлау* (аңғар. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)

389) **«Табан»** зат есімі + зат есім

*Табан* сөзінің негізгі мағынасы «аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі» (ҚТТС, 8т, 521) болса, топонимжасамға оның ауыспалы мағынасы: «өзеннің, сайдың, өзектің түбі, арнасы» қатысады.

***Табан*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Табан*** + *қазы* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Табан*** + *сала* (асу. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Табан*** + *тал* (е.м. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Табан*** + *тау* (өзен. Ақтөбе обл., Алға ауд.)

390) **«Таған»** зат есімі + зат есім

*Таған* зат есімі «ошақтың т.б. нәрсенің аяғы; тіреуіш» мағынасын береді (М.: ошақты «үштаған» деп атау қалыптасқан). Топонимжасамда «тағандана, салаласа біткен табиғи нысандарды» атап көрсетуге қатысады.

***Таған*** + *ас* + *сай* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

391) **«Таз»** зат есімі + зат есім

*Таз* сөзінің негізгі мағынасы «басқа түсетін жұқпалы жара» болғанымен, көбінесе «басы таз адам» мәнінде қолданылады (ҚТТС, 8т, 533). Топонимжасамда «өсімдігі жоқ немесе аз, тақыр геонысандарға» *таз* сөзі атау болады.

***Таз*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Таз*** + *төбе* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

392) **«Тай»** зат есімі + зат есім

*Тай* сөзі «бір жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған жылқы төлінің» аты екені мәлім. Сонымен бірге *тай* зат есімі «бума, байлам, тең» (ҚТТС, 8т, 536) мағынасында қолданылады. Топонимжасамға *тай* сөзі осы екі мағынада қатысуы мүмкін: 1) жылқы баласы тайға тікелей қатысты болады (М.: Тайқора) және геонысан көлемі кішілеу болса, тайға теңестіріліп аталады (Тайтөбе); 2) тайланған теңге, жүкке ұқсас геонысандар аталады (Тайтас).

***Тай*** + *база* (қыстау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Тай*** + *бақан* (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Тай*** + *бота* (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)
***Тай*** + *қара* (е.м. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Тай*** + *қоңыр* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
***Тай*** + *мола* (бейіт. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Тай*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Есіл ауд.)
***Тай*** + *томар* (бұлақ. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Тай*** + *торы* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Тай*** + *төбе* (шоқы. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

393) **«Тақта»** зат есімі + зат есім

*Тақта* зат есімі «бормен жазуға арналған баран түсті тегіс тақтай» мағыналы парсы сөзі болып табылады. Екінші мағынасы – «арасын межелеп бөліп-бөліп тастаған егістік жер» (ҚТТС, 8т, 551). Екеуіне ортақ сема – заттың тегіс және төртбұрыш болып келуі. Топонимжасамда «пішіні төртбұрыш болып келетін тегіс табиғи нысандарды» атауға қатысады.

***Тақта*** + *брод* (е.м. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.)
***Тақта*** + *көл* (көл. СҚО, Майбалық ауд.)

394) **«Тақтай»** зат есім + зат есім

*Тақтай* сөзі «бөренені тіліп әзірленетін екі жағы тегіс ағаш, құрылыс материалының» (ҚТТС, 8т, 551) аты. Топонимжасамда «тақтайдан жасалған құрылысы бар табиғи нысанды» атап көрсетеді. «Тақтайдай жазық жер» семасы да жоқ емес.

***Тақтай*** + *көпір* (е.м. Қостанай обл., Амантоғай ауд.)
***Тақтай*** + *құдық* (қоныс. Ақмола обл., Жақсы ауд.)

395) **«Тақыр»** зат есімі + зат есім

*Тақыр* сөзі «шөл, шөлейтті өңірлерде өсімдік өспейтін құқыл жер» (ҚТТС, 8т, 554) мағынасын беретін географиялық терминге айналған. То-

понимжасамда «мүлде шөп өспейтін жерлер мен шөбі тықыр жерлерді» бірдей *тақыр* деп атау қалыптасқан.

***Тақыр*** + *ащы* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Тақыр*** + *бас* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Тақыр*** + *болат* (мұнай бекеті. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Тақыр*** + *бұлақ*
***Тақыр*** + *көл* (жұрт. Қостанай обл., Қарасу ауд.)
***Тақыр*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Тақыр*** + *құм* (қыстау. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
***Тақыр*** + *оба* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Тақыр*** + *сай* (өзен. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Тақыр*** + *сор* (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Тақыр*** + *табан* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Тақыр*** + *төбе* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Тақыр*** + *тұма* (бұлақ. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Тақыр*** + *шыңырау* (бұлақ. ШҚО, Аягөз ауд.)

396**) «Тал»** зат есімі + зат есім

*Тал* зат есімі «майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты өсімдіктің» аты, фитоним. Топонимжасамда «тал ағашы өсетін жерлерді» атауға атсалысады.

***Тал*** + *бөгет* (қоныс. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Тал*** + *қайран* (е.м. Атырау обл., Атырау қ.ә.)
***Тал*** + *қара* (өзен. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Тал*** + *құдық* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Тал*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Тал*** + *суат* (е.м. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.)
***Тал*** + *тас* (е.м. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Тал*** + *тоғай* (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Тал*** + *томар* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Тал*** + *шат* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Тал*** + *шілік* (қоныс. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.)

397) **«Талас»** зат есімі + зат есім

*Талас* зат есімі «белгілі бір мәселе жайындағы пікір тартысы, дау, керіс» (ҚТТС, 8т, 562) мәнін береді. Топонимжасамда «әлдебір этникалық топтар арасында таласқа түскен даулы жерлерді» атауға қатысады, немесе *тал+ас* «биік таудан ағатын су» (Т.Жанұзақ) көне топонимі болып табылады.

***Талас*** + *асу* (асу. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Талас*** + *көл* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

***Талас*** + *құдық* (құдық. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Талас*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Железин ауд.)
***Талас*** + *шоқы* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)

398) **«Там»** зат есімі + зат есім

*Там* сөзі әдеби тіл дәрежесіне жетпеген диалект қалпында екі мағына береді: 1) «шатырлы және тоқал үй»; 2) «мола, бейіт» (ҚТТС, 8т, 574). Топонимжасамда «там (үй) немесе мола салынған жерді» атап көрсетеді.

***Там*** + *бала* (е.м. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Там*** + *қайнар* (бейіт. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Там*** + *қамыс* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Там*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Там*** + *су* + *қора* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Там*** + *ши* (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.)

399) **«Тамшы»** зат есімі + зат есім

*Тамшы* зат есімі «сұйық заттың ең кішкене бөлігі» (ҚТТС, 8т, 579) мағынасын береді. Топнимжасамда «судың сыздықтап, тамшылап ағатын аздығын» білдіреді.

***Тамшы*** + бұлақ (құдық. ОҚО, Сарыағаш ауд.)

400) **«Тана»** зат есімі + зат есім

*Тана* сөзі омонимдес екі мағына береді: 1) «бір жас пен екі жас аралығындағы сиыр малы; тайынша»; 2) «ақықтан жасалған, киімге тағылатын жалтырауық түйме» (ҚТТС, 8т, 582). Топонимжасамда осы екі мағына да атау жасауға қатысуы мүмкін. Атап айтқанда, «көлемі танадай (тайыншадай) ғана нысанды» атауы және «танадай жалтыраған көл, су т.б.» нысанды атауы ықтимал (м.: антропоним *Танакөз*).

***Тана*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)

401) **«Таң»** зат есімі + зат есім

*Таң* сөзінің мезгілді білдіретін мағынасына қарағанда, «шаттың ішкі жағы, шап» (ҚТТС, 8т, 588) мағынасы жер-су атын жасауға қабілетті болып келеді. Ол мағына ауыспалы түрде «сай, шатқал, жыралардың ішін» атауға қатысады.

***Таң*** + *сай* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Таң*** + *сор* (көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Таң*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)

402) **«Тарақ»** зат есімі + зат есім

*Тарақ* зат есімі «шашты, жүнді жазып тарайтын құралдың» аты екені белгілі (ҚТТС, 9т, 17). Топонимжасамда «тарақтала біткен табиғи нысандарды» пішін ұқсастығы арқылы атайды.

***Тарақ*** + *тұмсық* (тау. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

403) **«Тары»** зат есімі + зат есім

*Тары* сөзі «дәнді дақылдардың бір түрінің» аты, фитоним. «Тары өсімдігі егілетін, өсетін жерлерді» атап көрсетеді. Тары қазақ жеріне кең тараған дәнді дақылға жатады.

***Тары*** + *тұмсық* (тау. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

404) **«Тас»** зат есімі + зат есім

*Тас* сөзін «таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері» (ҚТТС, 9т, 41) мағынасына таратып айтуға болады. Тас жердің негізгі белгілерінің бірі болғандықтан, топонимжасамда «тасы бар, тасты жер» мәнінде көптеген атаулар жасауға араласады.

***Тас*** + *арал* (арал. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Тас*** + *аран* (шоқы. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Тас*** + *арық* (қоныс. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Тас*** + *астау*
***Тас*** + *аудан* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Тас*** + *ауыл* (е.м. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Тас*** + *ащы* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тас*** + *бас* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Тас*** + *бастау* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Тас*** + *бидайық* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Тас*** + *бөгет* (кент. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.)
***Тас*** + *бұлақ* (өзен. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Тас*** + *бұтақ* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Тас*** + *кен* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Тас*** + *кешу* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Тас*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Тас*** + *күрке* (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Тас*** + *күтір* (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
***Тас*** + *қабақ* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Тас*** + *қайнар* (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Тас*** + *қала* (е.м. Атырау обл., Атырау қ.ә.)
***Тас*** + *қара* (жұрт. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Тас*** + *қара* + *ала* (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Тас*** + *қопа* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

***Тас*** + *қора* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Тас*** + *құдық* (е.м. ОҚО, Арыс ауд.)
***Тас*** + *құлақ* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Тас*** + *мола* (өзен. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Тас*** + *мұрын* (е.м. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Тас*** + *оба* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Тас*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Тас*** + *өткел* (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
***Тас*** + *сай* (жыра. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Тас*** + *су* (е.м. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Тас*** + *суат* (көл. Ақмола обл., Астана қ.ә.)
***Тас*** + *суық* + *оба* (қоныс. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Тас*** + *сүйек* + *оба* (жота. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Тас*** + *табақ* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Тас*** + *тар* + *тау* (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Тас*** + *темір* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Тас*** + *томар* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Тас*** + *төбе* (шоқы. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Тас*** + *тұма* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Тас*** + *түбек* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Тас*** + *шағыл* (қыстау. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Тас*** + *шалқар* (көл. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Тас*** + *шеген* (жайлау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Тас*** + *ши* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Тас*** + *ши* + *төбе* (қоныс. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Тас*** + *шоқы* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Тас*** + *шолақ* (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)

405**) «Татыр»** зат есімі + зат есім

*Татыр* сөзі «тұзды, сортаң, тақыр жер» (ҚТТС, 9т, 53) мағынасымен тікелей топоним жасауға қатысады да, географиялық терминге айналады.

***Татыр*** *Жезақ* (жазық жер. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

406) **«Тау»** зат есімі + зат есім

*Тау* зат есімі «айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жер» (ҚТТС, 9т, 54) мағынасымен топоним жасауға қатысып, географиялық терминге айналады.

***Тау*** + *ағаш* (е.м. СҚО, Есіл ауд.)
***Тау*** + *гүл* (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Тау*** + *құдық* (құдық. ОҚО, Арыс ауд.)
***Тау*** + *құм* (құмдар. Алматы обл., Алакөл ауд.)

***Тау*** + *сүгір* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Тау*** + *теке* (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Тау*** + *төбе* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Тау*** + *шан* (бейіт. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
Тіркесті атаулар:
***Тау*** *Қаратұрық* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Тау*** *Түрген* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)

Ескерту: Мұндағы *Таушан* атауының екінші сыңары *шан*: 1) қаз. *шан* «сұйықтық құятын үлкен ыдыс» немесе 2) моңғ. *шанд* «тұма, бастау, көз» [77;731] мағыналарының бірінде тұр деуге болады.

407) **«Тәж»** зат есімі + зат есім

*Тәж* сөзі «хан, патша және корольдің арнаулы бас киімі» мағынасын беретіні мәлім (ҚТТС, 9т, 59). Топнимжасамда «басы тәжге ұқсас болып келетін биік нысандарға» атау бола алады.

***Тәж*** + *шоқы* (мола. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

408) **«Тәңір»** зат есімі + зат есім

*Тәңір<теңір* сөзі түркі (қазақ) ұғымында «көк аспан, құдай, алла тағала, құдірет» мағынасын береді. Топонимжасамда «аспанмен таласқан биік тауды немесе тәңір тұтып табынатын табиғи нысандарды» атауға қатысады. Түркілер *Тәңіртау* атаған тауды кейін қытайлар *Тянь-Шань* «аспан тау» атандырып жіберген. Алайда Тәңіртау оронимі сақталып қалды.

***Тәңір*** + *тау* (жота. Алматы обл., Райымбек ауд.)

409) **«Тебен»** зат есімі + зат есім

*Тебен* сөзі «көзі үлкен, өзі жуан, әрі ұзын иненің» (ҚТТС, 9т, 86) аты. Топонимжасамда «тұрқы тебен инеге ұқсас геонысандарды» атауы мүмкін.

***Тебен*** + *сай* (өзен. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

410) **«Тебіс < Тебіз»** зат есімі + зат есім

*Тебіз* зат есімі Ақтөбе, Қызылорда сөйленістерінде (говорларында) «шөбі қалың ойпаң жер» мағынасын береді [156; 632]. *Тебіз* сөзі диалектілік геотермин ретінде жер-су атын жасауға қатысады. Әдеби тіліміздегі *тебін* сөзінің бір нұсқасы деп білеміз.

***Тебіс*** + *сор* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

411) **«Теке»** зат есімі + зат есім

*Теке* зат есімі «ешкі малының екі жастан асқан піштірілмеген еркегінің» (ҚТТС, 9т, 101) аты, зооним. Топонимжасамда, көбінесе, «жа-

байы тау ешкісін *теке*, *таутеке* түрінде атап барып, олар мекендейтін жерлерді де солай атау қалыптасқан».

***Теке*** + *бастау* (бұлақ. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Теке*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Теке*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Теке*** + *сары* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Теке*** + *су* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Теке*** + *тас* (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Теке*** + *тау* (тау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)

412) **«Телпек»** зат есімі + зат есім

*Телпек* зат есімі «төбеге ғана киетін тақия сияқты жұқа бас киімнің» аты (ҚТТС, 9т, 109). Топонимжасамда «телпекке ұқсас шағын төбе, дөңі бар жер» мәнінде атаулар жасайды.

***Телпек*** + *қоңыр* (қоныс. СҚО, Жамбыл ауд.)

413) **«Темір»** зат есімі + зат есім

*Темір* сөзі «берік және салмақты металл; шойын мен болаттың негізгі бөлігі» мағынасын береді [ҚТТС, 9т, 111]. Топонимжасамда «темір кені бар жердің; темірден жасалған әлдебір нысан тұрған жердің атын жасауға қатысады және темірдей берік, темірдей суық» мәндерін туғызады.

***Темір*** + *астау* (тұзды көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Темір*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Темір*** + *көпір* (тж. бекеті. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Темір*** + *қазық* (е.м. Қостанай обл., Алтынсарин ауд.)
***Темір*** + *құдық* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Темір*** + *тас* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Темір*** + *тау* (қала. Қарағанды обл., Теміртау қ.ә.)
***Темір*** + *тау* + *өзен* (қоныс. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

Тіркесті атау да жасайды:

***Темір Қаба*** (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

Ескерту: Соңғы үлгі кейде *Темірті Қаба* тұлғасында айтылады.

414) **«Теңіз»** зат есімі + зат есім

*Теңіз* сөзі «көлден үлкен, мұхиттан кіші суқоймасын» атап, гидрографиялық терминге айналған. Топонимжасамда тура мағынасымен де, сондай-ақ «теңіздей үлкен, көлемді» мәнімен де атаулар жасай береді. Мәселен, Қазақстанда ірі көлдерді (*Арал*, *Каспий*), жасанды су қоймаларын (*Бұқтырма*, *Қапшағай*) *теңіз* деп атау қалыптасып кеткен.

***Теңіз*** + *көл* (көл. Қостанай обл., Қарасу ауд.)
***Теңіз*** + *сор* (көл. ШҚО, Бесқарағай ауд.)

415) **«Терек»** зат есімі + зат есім

*Терек* сөзі «жалпақ жапырақты үйеңкі тұқымдас ірі ағаштың» аты, фитоним.

Топонимжасамда негізінен «терек ағашы өсетін жерлерді (*Терексай*), кейде теректен жасалған әлдебір нысан бар жерлерді (*Терексал, Терекорпа*)» атап көрсетеді.

***Терек*** + *бұлақ* + *сай* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Терек*** + *жыра* (жайлау. БҚО, Казталов ауд.)
***Терек*** + *орпа* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Терек*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Терек*** + *сал* (көл. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Терек*** + *тау* (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Терек*** + *ши* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

416) **«Теріскей»** зат есімі + зат есім

*Теріскей* – «солтүстік жақ, терістік» (ҚТТС, 9т, 137) мәнінде бағыт-бағдар беретін сөз. Топонимжасамда «көбінесе биік, көтеріңкі нысанның күнгейіне (оңтүстігіне) қарама-қарсы жағын» атайды.

***Теріскей*** *Бөкенбай* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)
***Теріскей*** *Қаратау* (тау. ОҚО, Созақ ауд.)

417) **«Теріскен»** зат есімі + зат есім

*Теріскен* сөзінің «адам көзіне шығатын бөрткен» мәнінен басқа «алабота тұқымдас шала бұта» мағынасы бар екені мәлім (ҚТТС, 9т, 137). Топонимжасамға «теріскен бұтасы өскен жер» мәнімен ғана қатыса алады.

***Теріскен*** + *еспе* (арна. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Теріскен*** + *сай* (арна. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

418) **«Тиек»** зат есімі + зат есім

*Тиек* сөзінің топонимжасамға қатысуы мүмкін мағынасы – «бір нәрсені бекітіп, жауып, тиектеп қою» мағынасы. «Тұйық, бекітілген» табиғи нысандарды атап көрсетеді.

***Тиек*** + *бұтақ* (өзен. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

419) **«Тобылғы»** зат есімі + зат есім

*Тобылғы* сөзі «раушан гүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұтаның» (ҚТТС, 9т, 153) аты, фитоним. Топонимжасамда «тобылғы бұтасы қалың өсетін жерлерді» негізгі белгі етіп алып, атаулар жасалған.

***Тобылғы*** + *баз* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Тобылғы*** + *сай* (Халық әнінде кездесетін топоним)
***Тобылғы*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)

420) **«Тоғай»** зат есімі + зат есім

*Тоғай* сөзі «көбінесе өзен бойында өсетін, басым бөлігі жалпақ жапырақты болып келетін ағаштар тобын» атайды да, фитонимге жатады. Топонимжасамда «тоғай түрінде өскен ағаштары бар алап, аңғарларды» атап көрсетеді.

***Тоғай*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Тоғай*** + *тал* (өзен. Жамбыл обл., Меркі ауд.)

421) **«Тоған»** зат есімі + зат есім

*Тоған* сөзі «су жинап алатын бөгет, тоспа, арық» мағынасымен гидрографиялық терминге айналады. Топонимжасамда «тоған құрылысы салынған жерлерді» атауға қатысады.

***Тоған*** + *ас* (е.м. БҚО, Сырым ауд.)
***Тоған*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Тоған*** + *сай* (бөген. Ақмола обл., Целиноград ауд.)

422) **«Той»** зат есімі + зат есім

*Той* сөзі «қуанышты жайға байланысты ет асылып, ел шақырылып өткізілетін ойын-тамашалы жиынның» аты. Түбі *той* «тойынып тамақ ішу» сөзімен байланысып жатыр.Топонимжасамда «ел есінде сақталған ірі той болған жерлерді» атауға қатысады.

***Той*** + *бас* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Той*** + *қонақ* (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Той*** + *құдық* (құдық. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Той*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)

423**) «Тоқты»** зат есімі + зат есім

*Тоқты* сөзі «қойдың алты айдан асқан төлінің» аты, зооним. Топонимжасамда «тоқты малына тікелей қатысты оқиға болған жерді (М.: *Тоқтықұлаған*) немесе көлемі шағын нысанды (М.: *Тоқтыөткел*)» атайды.

***Тоқты*** + *қора* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Тоқты*** + *өткел* (тж. бекеті. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Тоқты*** + *су* (өзен. ШҚО, Семей қ.ә.)

424) **«Тоқым»** зат есімі + зат есім

*Тоқым* сөзі «аттың арқасына ер батпау үшін киізден пішіп салатын ертұрман жабдығының» аты. Топонимжасамда, көбінесе «шағын көлемді геонысандарды (м.: тоқымдай жер)» атауға қатысады.

***Тоқым*** + *бұлақ* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)

425) **«Толағай»** зат есімі + зат есім

*Толағай* сөзі, алдыңғы тарауда айтып кеткендей, моңғ. *толгой* «бас; бірдеңенің бас жағы; төбе, төбешік» мағыналарын береді [77;463]. Топонимжасамда «басқа ұқсас төбелердің, домалақ тасты таулардың» аттарында сақталып қалған.

***Толағай*** + *сор* (қоныс. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

426) **«Толқын»** зат есімі + зат есім

*Толқын* сөзі «желдің әсерінен су бетінде пайда болатын жал-жал шайқалысы» мағынасын береді. Топонимжасамда «анда-санда емес, үнемі толқындап жататын гидронысанды» атауға қатысады.

***Толқын*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Астрахан ауд.)

427) **«Томар»** зат есімі + зат есім

*Томар* сөзінің екі мағынасы да: бірі – «кесілген ағаштың қалған түбірі»; екіншісі – «шалшықты, қопалы жерде болатын жертомар» топонимжасамға қатысуы мүмкін. Алайда топоним жасау әлеуеті екінші мағынада басым болып келеді, өйткені ол біршама тұрақты белгіге жатады. «Томарлы, шөптесін, сазды жер» мәнінде топонимдер тудырады.

***Томар*** + *ащы* (тау. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Томар*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Томар*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Томар*** + *қамыс* (қоныс. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Томар*** + *қара* + *су* (көл. СҚО, Есіл ауд.)
***Томар*** + *құдық* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Томар*** + *мыс* + *көл* (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Томар*** + *тас* (өзен. Алматы обл., Қапшағай қ.ә.)

428) **«Тоң»** зат есімі + зат есім

*Тоң* сөзі «жер қыртысының суықтан сіресіп қатып қалған үстіңгі қабаты» (ҚТТС, 9т, 196) мағынасын береді. Топонимжасамға да осы мәнде – «тоңы ұзақ уақыт жібімей жататын жер» мәнінде қатыса алады.

***Тоң*** + *аша* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Тоң*** + *қара* (тұзды көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Тоң*** + *құрық* + *сор* (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Тоң*** + *өткел* (қоныс. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

429) **«Топ»** зат есімі + зат есім

*Топ* сөзі «бірнеше адамның, малдың, т.б. заттардың басы қосылған шағын жиыны» (ҚТТС, 9т, 200) мағынасын береді. Топонимжасамда,

негізінен, «өсімдік түрінің топтана, топ-топ болып өсетін жерлерін» атап көрсетеді.

***Топ*** + *қайың* (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Топ*** + *қарағай* (қыстау. ШҚО, Бесқарағай ауд.)
***Топ*** + *терек* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)

430) **«Топан»** зат есімі + зат есім

*Топан* сөзінің «шөптің, ұшырылған астықтың ұсақ қалдығы» мағынасынан гөрі, «жер бетін басқан тасқын су, сел» мағынасы топоним жасауға қабілетті болып келеді. «Қатты тасып немесе жайылып кететін мінезі бар гидронысандарды» атауға қатысады.

***Топан*** + *өзек* (өзен. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)

431) **«Топар»** зат есімі + зат есім

*Топар* сөзінің мағынасы қазақ тілінде ашылмағанмен, түбі түркімен, қарақалпақ тілдеріндегі «топ, жиын» мәнінде диалектілік қолданысқа енсе керек [156;642]. Топонимжасамда «топтана, жинақтала орналасқан табиғи нысандарды» атауға қатыса алады.

***Топар*** + *көл* (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.)

432) **«Топырақ»** зат есімі + зат есім

*Топырақ* сөзі «жердің сыртқы, үстіңгі жұмсақ, қабатының» аты екені мәлім (ҚТТС, 9т, 206). Топонимжасамда «өсімдіксіз топырағы шығып жатқан жерлерді; топырақтан жасалған әлдебір нысан орналасқан жерді» атауға араласады.

***Топырақ*** + *көл* (е.м. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Топырақ*** + *мола* (жайлау. Павлодар обл., Ақсу ауд.)

433) **«Тораңғы»** зат есімі + зат есім

*Тораңғы* сөзі «шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында өсетін, терек тұқымдас ағаштың» аты, фитоним. Ауызекі тілде *тораңғыл* нұсқасы да қолданылуы мүмкін. Топонимжасамда «тораңғы ағашы өсетін табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Тораңғы*** + *құм* (құм. Алматы обл., Алакөл ауд.)

434) **«Торғай»** зат есімі + зат есім

*Торғай* сөзі «сүйір тұмсықты, кішкене құстың» аты, зооним (ҚТТС, 9т, 208).

Топонимжасамда «торғай құсы мол кездесетін жерді немесе торғайдай ғана шағын табиғи нысандарды» атауы ықтимал.

***Торғай*** + *база* (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Торғай*** + *бұлақ* (бұлақ. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

***Торғай*** + *ши* (жайлау. Павлодар обл., Ақсу ауд.)
***Торғай*** + *шоқы* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

435) **«Торпақ»** зат есімі + зат есім

*Торпақ* зат есімі «сиыр малының алты айдан бір жасқа дейінгі бұзауының» аты, зооним. Топонимжасамда «торпақтай шағын геонысандарды» атауы мүмкін.

***Торпақ*** + *бел* (асу. ОҚО, Төле би ауд.)

436) **«Тоты»** зат есімі + зат есім

*Тоты* сөзі «түрлі-түсті қауырсынды, әдемі құстың» аты, зооним (ҚТТС, 9т, 221). Қазіргі кезде *тоты* деп попугайды атап жүр, алайда қазақ ұғымында *тотыққұс* деп *тауысты* (павлин) атаған сыңайлы (М.: «тотыдайын сыланған» концептісі).

***Тоты*** + *ұя* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

Топонимжасамда «тоты құс мекендеген жерді» атайды, алайда Қазақстанда тауыс та, попугай да мекендемейді.

437) **«Төбе»** зат есімі + зат есім

*Төбе* сөзінің негізгі мағынасы «бастың ең үстіңгі бөлігі» болғанымен, оған ұқсату арқылы тағы бірнеше мағына қалыптасқан. Соның бірі «жер бедерінің дөңестене, дөңгелене біткен биіктігі» мәніндегі *төбе* сөзі. Ол осы мағынада географиялық термин жасап, топоним құрамына енеді. Көбінесе «төбе маңындағы, төбедей нысандарды» атайды.

***Төбе*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Төбе*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Төбе*** + *қара* (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Төбе*** + *қора* (қыстау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Төбе*** + *қорған* (төбе. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Төбе*** + *құдық* (қоныс. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Төбе*** + *құм* (құдық. ОҚО, Отырар ауд.)
***Төбе*** + *құнар* (е.м. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Төбе*** + *сор* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Төбе*** + *су* (бұлақ. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Төбе*** + *тау* (жұрт. БҚО, Шыңғырлау ауд.)

Төбе орографиялық терминінің басқа түркі тілдерінде кездесетін *тепе* нұсқасы да қазақ топожүйесінде бар екені байқалады

***Тепе*** + *құдық* (құдық. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

438) **«Төбел»** зат есімі + зат есім

*Төбел* сөзі «жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақтың» аты (ҚТТС, 9т, 226). Топонимжсамда «жылқы төбеліндей болып, басында ақ қар сақталған тауларды» атайды.

***Төбел*** + *қара* (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

439**) «Төл»** зат есімі + зат есім

*Төл* сөзі екі мағынада қолданылады: 1) «Малдың жаңа туған баласы»; 2) «Меншікті, өзінікі». *Төл* сөзі осы екі мәнде де топоним жасауға қатыса алады: «малдың төлі жайылуға ыңғайлы ерте көктейтін жер» және «бір елге, не адамға меншікті жер» мағыналарында.

***Төл*** + *адыр* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

440) **«Төр»** зат есімі + зат есім

*Төр* сөзінің негізгі мағынасы «үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы» екені мәлім (ҚТТС, 9т, 240). Топонимжасамда «бір табиғи нысанның жоғарғы, төргі жағына орналасқан екінші табиғи нысанды» атауға қатысады.

***Төр*** + *адыр* (тау. ШҚО, Шыңғыстауда)
***Төр*** + *құдық* (құдық. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Төр*** + *қуыс* (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Төр*** + *тоғай* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Төр*** *Алтай* (Өр Алтайдың поэтикалық нұсқасы. ШҚО)

441) **«Төре»** зат есімі + зат есім

*Төре* сөзі – «үстемдік етуші ақ сүйек; әкім» мағыналы көнеден келе жатқан сөз. Түбі *төр* сөзімен байланысатыны байқалып тұр. Топонимжасамда «біртекті табиғи нысандардың ішіндегі ірісі, биігі» және «әлдебір төре тұқымының адамы (Шыңғысхан ұрпақтарының бірі) мекендеген жер» мағыналарының бірінде атаулар құрамына енеді.

***Төре*** + *адыр* (төбешік. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Төре*** + *арық* (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.)
***Төре*** + *жал* (жұрт. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Төре*** + *нан* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Төре*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Төре*** + *там* (кент. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Төре*** + *там* + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Төре*** + *төбе* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)

442) **«Төс»** зат есімі + зат есім

*Төс* сөзі «адамның, жан-жануардың кеуде сүйегі, көкірек» мағынасын береді де, ауыспалы мәнінде «тау мен төбенің беткей жағын» (ҚТТС,

9т, 245) білдіреді. Соңғы мағынада топонимжасамға тікелей араласады. «Дөңестене, төстене біткен тау беткейлерін» атай отырып, метафоралық топонимдер тудырады.

***Төс*** + *ағаш* (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Төс*** + *қайың* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)
***Төс*** + *қайың* + *сай* (қоныс. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Төс*** + *құдық* (е.м.Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)

443) **«Тұғыр»** зат есімі + зат есім

*Тұғыр* сөзі «саят құстары (бүркіт, қаршыға т.б.) қонақтап отыратын ағаш қондырғы» мәнінен жалпы «бір нәрсенің астына қойылатын тірек, сүйеніш» мәніне ауысқан. Топонимжасамда «тұғырға ұқсас, екінші бір геонысанның тірегі болып тұрған немесе құс көп қонатын нысанды» атайды.

***Тұғыр*** + *тас* (арал. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

444) **«Тұз»** зат есімі + зат есім

*Тұз* сөзі «ас-тағамның дәмін келтіретін ащы ақ түсті кристалл заттың» аты.

Топонимжасамда «тұз өндірілетін немесе тұзды, сортаң» жерлерді атайды. Қазақ даласында жиі кездесетіндіктен, тұз, сорлар негізгі топонимдік белгілердің біріне жатады.

***Тұз*** + *ауыл* (жұрт.Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Тұз*** + *ащы* (тұзды көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Тұз*** + *байыр* (тау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Тұз*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Тұз*** + *дала* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Тұз*** + *кен* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Тұз*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Тұз*** + *қала* (тж. бекеті. Павлодар обл., Успен ауд.)
***Тұз*** + *құдық* (қоныс. Ақмола обл., Атбасар ауд.)
***Тұз*** + *сай* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Тұз*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Тұз*** + *шоқы* (жұрт. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Тұз*** + *шілік* (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.)

445) **«Тұма»** зат есімі + зат есім

*Тұма* сөзі «жер қойнауынан шығатын кішірек бастау, көздің» аты, гидрографиялық термин. Топонимжасамда «тұмасы бар табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Тұма*** + *ат* + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Май ауд.)
***Тұма*** + *бұлақ* (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

***Тұма*** + *өзек* (өзен. ШҚО, Абай ауд.)
***Тұма*** + *құм* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)

446) **«Тұмсық»** зат есімі + зат есім

*Тұмсық* сөзі «жан-жануар мен адам басының ауыз, мұрын орналасқан жері» (ҚТТС, 9т, 274) мағынасын береді де, ұқсату арқылы «тау-төбенің, судың сүйірлене біткен бір шетін» атауға қатысады.

***Тұмсық*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Тұмсық*** + *құдық* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)

Тіркесті атау жасауға да қатысады:

***Тұмсық*** *Сарытау* (тау сілемі. ШҚО, Күршім ауд.)

447) **«Тұт»** зат есімі + зат есім

*Тұт* зат есімі «жапырағын жібек құрты жейтін ағаштың» аты, фитоним. Топонимжасамда «тұт ағашы өсетін табиғи нысанды» атауға араласады.

***Тұт*** + *сай* (өзен. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)

448) **«Түбек»** зат есімі + зат есім

*Түбек* сөзі «суға сұғына еніп жатқан құрлықтың шеті» мағынасымен географиялық терминге айналады. Сол мәнде топонимжасамға қатысады.

***Түбек*** + *бұлақ* (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Түбек*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)

449) **«Түбір»** зат есімі + зат есім

*Түбір* сөзі «ағаштың, өсімдіктің жерде қалған түбі» (ҚТТС, 9т, 306) мағынасын береді. Топонимжасамда «түпкі (негізгі) табиғи нысанды» атауы мүмкін.

***Түбір*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Атбасар ауд.)

450) **«Түйе»** зат есімі + зат есім

*Түйе* сөзі «бір немесе екі өркешті, күйіс қайтаратын ірі малдың» аты, зооним. Төрт түлік малдың бірі ретінде көшпелілер өмірінде ерекше маңызға ие болған түйе қазақ даласының негізгі белгілерінің қатарына жатады. «Түйеге байланысты әлдебір оқиға болған жерді, сырт пішіні түйеге ұқсас табиғи нысанды, түйе малы мол өсетін маңды» атауға қатысады.

***Түйе*** + *база* (қыстау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Түйе*** + *жар* + *қақ* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Түйе*** + *қара* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Түйе*** + *қарын* (асу. Жамбы обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Түйе*** + *қора* (қоныс. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Түйе*** + *құдық* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)

***Түйе*** + *мойнақ* (асу. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Түйе*** + *мойын* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Түйе*** + *сай* (жайлау. БҚО, Сырым ауд.)
***Түйе*** + *су* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Түйе*** + *тас* (шоқы. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Түйе*** + *текше* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Түйе*** + *төбе* (шоқы. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Түйе*** + *ши* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянапуыл ауд.)

451) **«Түйме»** зат есімі + зат есім

*Түйме* зат есімі «қаусырыну үшін киімге қадалатын кішірек дөңгелек заттың» аты (ҚТТС, 9т, 319). Топонимжасамда «дөңгелене біткен шағын табиғи нысандарды» атайды.

***Түйме*** + *кент* (е.м. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
***Түйме*** + *құдық* (құдық. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)

452) **«Түкпір»** зат есімі + зат есім

*Түкпір* (< түпкір) сөзі «кіретін ауыздан алыстау таса жер, қалтарыс; қиыр шет» мағыналарын береді. Топонимжасамда «алыстау, түптегі, шеткі табиғи нысанды» атауға қатысады.

***Түкпір*** + *ши* (қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд.)

453**) «Түлкі»** зат есімі + зат есім

*Түлкі* сөзі «үлпек құйрықты, ит тұқымдас, терісі бағалы аңның» аты, зооним.

Топонимжасамда «түлкі аңы көптеп кездесетін жерді немесе түлкіге ұқсас табиғи нысанды» атауға араласады.

***Түлкі*** + *бас* (кент. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Түлкі*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Түлкі*** + *шоқат* (төбе. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)

454) **«Түн»** зат есімі + зат есім

*Түн* сөзі «тәуліктің қараңғы жартысы» мағынасын береді. Топонимжасамда «түнде ғана суы пайда болатын құдық; түнде шақыратын құсы бар жер» мәндері секілді ерекше оқиғаны белгі ететін атаулар тудырады.

***Түн*** + *құдық* (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Түн*** + *құс* (көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.)

455) **«Түп»** зат есімі + зат есім

*Түп* сөзінің бірнеше мағынасы бар, алайда топонимжасамға «түкпір, шет» мағынасы қатысады. *Түпкір* > *түкпір, түп* + *ек* > *түбек* сөздерінің

түбірі болып табылады. Топонимжасамда «түпкі, шеткі табиғи нысанды» атайды.

***Түп*** + *бөгет* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Түп*** + *қараған* (түбек. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)

456) **«Түркі»** зат есімі + зат есім

*Түркі* сөзі «түрік» этнонимінің өзгерген нұсқасы, «түркі тектес, тілдес халықтардың жалпы аты». Топонимжасамда «түркі халықтарының мекендеген жерлерін» атауға қатысады. Тарихта басқа елдер ең шеткі, шекаралас орналасқан түркі елдерін жалпы түрде *түрік* терминін қосып атайтын болған: *Түрік + еш > Түргеш «кіші түріктер» мәнінде; Түрік+мен > Түркімен «түркі елі»; Түркия (осман түріктері).*

***Түркі*** + *стан* (қала. ОҚО, Түркістан қ.ә.)

457) **«Тырна»** зат есімі + зат есім

*Тырна* сөзі «мойны мен аяғы ұзын, ірілеу келген жыл құсының» аты, зооним. Топонимжасамда «жаз бойы тырналар мекендейтін сулы жерді» атауға қатысады, себебі тырна – аса жершіл құс.

***Тырна*** + *көл* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)

458) **«Тышқан»** зат есімі + зат есім

*Тышқан* сөзі «кеміргіштер тобына жататын сүйір тұмсықты кішілеу жәндіктің» аты. Далалы жердің бір белгісіне жататындықтан, «тышқан көп мекендейтін жер» мәнінде атаулар жасайды.

***Тышқан*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Тышқан*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Тышқан*** + *құм* (құм. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Тышқан*** + *сай Қарасу* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тышқан*** + *тау* (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.)

459) **«Тікен»** зат есімі + зат есім

*Тікен* сөзі «кейбір ағаштар мен өсімдіктердің бұтағында болатын ине тәрізді үшкір өскінінің» аты, фитоним. Топонимжасамда «тікенді жиде, долана, бұта өсетін жерлерді» атауы мүмкін.

***Тікен*** + *құдық* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)

460) **«У»** зат есімі + зат есім

*У* [ұу] зат есімі «тірі организмнің тіршілік әрекетін бұзатын, өлімге әкелетін химиялық заттың» аты. Топонимжасамда «әлдебір улы заты, не улы өсімдігі бар жерлерді» атауға қатысады.

***У*** + *тас* (тау. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***У*** + *тоғай* (қыстау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

461) **«Уақ»** зат есімі + зат есім

*Уақ* сөзі, егер «мезгіл, сәт, уақыт» және «ұсақ, майда» мағыналарының бірінде тұрмаса, онда қазақ халқының құрамындағы Орта жүзден шығатын *уақ* руының атын білдіреді, этноним. Топонимжасамда «уақ руының мекендеген жерін» атайды.

***Уақ*** + *арай* (қоныс. СҚО, Айыртау ауд.)

462) **«Уыз»** зат есімі + зат есім

*Уыз* сөзі «жас төлдеген малдың алғашқы 2-3 күнгі қою сүтінің аты» (ҚТТС, 9т, 447). Топонимжасамда «уыздай құнарлы жер» мағынасында қолданылуы мүмкін.

***Уыз*** + *құдық* (жайлау. БҚО, Казталов ауд.)

463) **«Ұра»** зат есімі + зат есім

*Ұра* сөзі «жерден қазылған астық сақтайтын шұңқыр, жабық көмбе» (ҚТТС, 9т, 485) мағынасын береді. Топонимжасамда «ойпаң жерлерді немесе кеңірек қазылған шұңқыры бар жерлерді» атауға қатысады.

***Ұра*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)

464) **«Ұран»** зат есімі + зат есім

*Ұран* сөзінің негізгі мағынасы «көпшілікті бір іске жұмылдыру мақсатында айтылатын жалынды сөз» болғанмен, топонимжасамда *ұра+ң* «ойпаң, шұңқырлау жер» мәнін туғызуы да ықтимал: *Ұра+ң > Ұраң > Ұран*

***Ұран*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

465) **«Ұры»** зат есімі + зат есім

*Ұры* сөзі «ұрлықты кәсіп еткен адам» мағынасында қолданылады. Топонимжасамда, көбінесе, «ұрланған малды алып өтетін қауіпсіз жолдарды» атауға қатысады.

***Ұры*** + *сай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

466) **«Ұрын»** зат есімі + зат есім

*Ұрын* зат есімі «айттырған қыздың аулына күйеудің жасырын келуі» мағынасын береді, ал топонимжасамда «ұрынды (ыңғайлы, жасырын) төте жолы бар жер» мәнінде қолданылады.

***Ұрын*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

467) **«Ұшан»** зат есімі + зат есім

*Ұшан* сөзі «ұшы-қиыры жоқ кең жазық» (ҚТТС, 9т, 505) мағынасын береді. Топонимжасамда «кең, ұлан-ғайыр табиғи нысанды» атауға қатысады.

***Ұшан*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)

468) **«Ұя»** зат есімі + зат есім

*Ұя* сөзі «құс және жәндіктердің балапан басып шығаратын немесе қыстап шығатын орындары» мәнін береді. Топонимжасамда, әдетте, «сұр қарлығаштардың жарлы жерге жағалай салатын ұяларын» атауға уәж етеді.

***Ұя*** + *сай* (өзен. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

469) **«Үй»** зат есімі + зат есім

*Үй* сөзі «адам тұратын, мекендейтін баспана» мағынасын беретіні мәлім (ҚТТС, 9т, 526). Топонимжасамда «үйге ұқсас немесе үй салынған, үйі бар табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Үй*** + *бұлақ* (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Үй*** + *мола* (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Үй*** + *тас* (тау. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)

470) **«Үйеңкі»** зат есімі + зат есім

*Үйеңкі* зат есімі «жапырағы қалақша тәрізді жалпақ болып келетін ағаштың» аты, фитоним (ҚТТС, 9т, 529). Топонимжасамда «үйеңкі ағашы өсетін жерді» атауға араласады.

***Үйеңкі*** + *бастау* (бұлақ. Алматы обл., Ұйғыр ауд.)
***Үйеңкі*** + *көл* (көл. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)

471) **«Үйсін»** зат есімі + зат есім

*Үйсін* сөзі «қазақ халқының құрамындағы Ұлы Жүз руының» аты, этноним. Топонимжасамда «үйсін руының адамдары мекендеген жерлерді» атайды.

***Үйсін*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)

472) **«Үкі»** зат есімі + зат есім

*Үкі* сөзінің екі мағынасы бар: 1) «түнде ғана ұшатын имек тұмсық, жыртқыш құстың» аты, зооним; 2) «өзен, көлдің мұзын ойып жасайтын суаттың» аты (ҚТТС, 9т, 540). Топонимжасамға *үкі* сөзі осы екі мәнімен де қатыса алады: 1) «үкі құсы мекендейтін не үкіге ұқсас геонысанды; 2) «үнемі үкі ойып, суын пайдаланатын» жерді атауы мүмкін.

***Үкі*** + *бас* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Үкі*** + *құлан* (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)

473**) «Үңгір»** зат есімі + зат есім

*Үңгір* сөзі «таулы жерде кездесетін табиғи, я болмаса қолдан қазылған қуыстың» аты. Топонимжасамда «үңгірі бар табиғи нысанды» ерекше бөліп көрсетеді.

***Үңгір*** + *бата* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Үңгір*** + *қора* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Үңгір*** + *тас* (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

474) **«Үсік»** зат есімі + зат есім

*Үсік* сөзі «көктем мен күзде кенеттен болатын ызғарлы суықтың» аты (ҚТТС, 10 т, 15). Топонимжасамда «беймезгіл түсетін суығы бар» жерлерді атаса керек.

***Үсік*** + *тас* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауд.)

475) **«Үтір»** зат есімі + зат есім

*Үтір* сөзі «жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің бірінің» аты екені мәлім. Топонимжасамда «сырт бейнесі үтірге ұқсас табиғи нысанды атауы мүмкін немесе ор. *хутор* сөзінің қазақ тіліне бейімделген нұсқасы: *хутор* > *қотыр, күтір, үтір*».

***Үтір*** + *төбе* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)

476) **«Хабар»** зат есімі + зат есім

*Хабар* сөзі «болған іс, оқиға жөнінде білдірілген ауызекі немесе жазбаша мәлімет» мағынасын беретіні белгілі. Топонимжасамда «арлы-берлі хабар алмасуға тиімді жолы бар жерлерді атауға қатысады.

***Хабар*** + *асу* (асу. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

Ескерту: Атауға моңғ. *хавар* «көктем, жазғытұрым» және *хамар* «дөңес, тұмсық, мойнақ» сөздерінің қатысы бар болуы мүмкін.

477) **«Хан»** зат есімі + зат есім

*Хан* сөзі «түркі, моңғол халықтарында ең жоғарғы лауазым аты» екені анық. Топонимжасамда «тарихта болған әлдебір ханның мекенін, ханға байланысты оқиға болған жерді немесе хан тәрізді ерекше бөлек тұратын, биік нысандарды» атауға қатысады.

***Хан*** + *арық* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Хан*** + *көл* (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Хан*** + *қорған* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Хан*** + *тағы* (кент. ОҚО, Кентау қ.ә.)
***Хан*** + *тау* (жота. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Хан*** + *тәңірі* (шың. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Хан*** + *темір* (қыстау. ШҚО, Бесқарағай ауд.)
***Хан*** + *тоғайы* (орман. БҚО, Жайық- Шаған өзені)
***Хан*** + *төбе* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Хан*** + *Шыңғыс* (тау. ШҚО, Абай ауд.)

478) **«Хром»** зат есімі + зат есім

*Хром* сөзі «жалтырауық сұрғылт түсті қатты металдың» аты (ҚТТС, 10т, 64), химиялық элемент. Топонимжасамда «хром кені табылған жер» мағынасында атау жасай алады. Алайда әр кеннен шығатын химиялық элементтерді жер-су атына айналдырудың қажеті жоқ.

***Хром*** + *тау* (қала. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)

479) **«Шабақ»** зат есімі + зат есім

*Шабақ* сөзі «майда балық» мағынасымен топонимжасамға қатысып, «шабақ балығы бар немесе мол» мәнінде гидроним құрамына ене алады.

***Шабақ*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)

480) **«Шаған»** зат есімі + зат есім

*Шаған* сөзі «биік әрі діңі түзу, бұтақсыз болып өсетін ағаштың» (ҚТТС, 10т, 81) аты, фитоним. Топонимжасамда «шаған ағашы өсетін жер» мағынасында күрделі атаулар тудырады.

***Шаған*** + *даба* (асу. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Шаған*** + *сай* (арна. ОҚО, Созақ ауд.)
***Шаған*** + *тоғай* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)

Ескерту: *Шаған* сөзі моңғ. *цагаан* «ақ, боз» сын есімінен жасалып тұруы да мүмкін. М.: *Шғандаба < моңғ. Цагаан даваа* «ақ кезең».

481) **«Шағыл»** зат есімі + зат есім

*Шағыл* сөзі «белес-белес, жота-жота боп үйіліп қалған құмның және тасы шағылып, қирап тұрған тау, төбелердің» аттарын білдіретін географиялық термин. Топонимжасамда осы екі мәнде жер-су аттарын жасауға қатыса алады.

***Шағыл*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Шағыл*** + *терек* (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Шағыл*** + *мыс* (түбек. ШҚО, Зайсан ауд.)

482) **«Шағыр»** зат есімі + зат есім

*Шағыр* сөзі әрі сын есім, әрі зат есім ретінде қолданылатыны белгілі. Зат есім *шағыр* сөзі «құмды жерде өсетін қурай тектес өсімдіктің» атын білдіреді, фитоним (ҚТТС, 10т, 85).

***Шағыр*** + *көл* (көл. Қостанай обл., Қамысты ауд.)
***Шағыр*** + *шағыл* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Шағыр*** + *ши* (тау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

Ескерту: *Шағыр* сөзі біріккен атау құрамында тұрып, оның сынын (м.: *шағыр көз* концептісі) немесе шөбін білдіретінін геонысанға қарап анықтау қажет болады.

483) **«Шай»** зат есімі + зат есім

*Шай* сөзінің топонимжасамға қатысты мағынасы анық емес, өйткені қазақ жерінде шай өсімдігі өспейді. Мұнда, әлде «шай орнына пайдаланылатын әлдебір өсімдікті» атауға белгі ету бар, әлде оғыз тілдеріне тән *шай* «сай; өзен» сөзі сақталып қалған. Сонымен бірге «шай ішетін орын» және «шай түстес жер» мәндерін де жоққа шығаруға болмайды.

***Шай*** + *қора* (қыстау. Павлодар обл., Ақсу ауд.)
***Шай*** + *құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Шай*** + *құрық* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Шай*** + *маң* (жайлау.Павлодар обл., Май ауд.)
***Шай*** + *төбе* (тж. бекеті. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Шай*** + *хана* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)

484) **«Шайтан»** зат есімі + зат есім

*Шайтан* сөзі «ескі сенім бойынша жын-пері, ыбылыс» мәнін береді. Топонимжасамда «шайтаны бар-мыс жерлерді» атауға қатысады.

***Шайтан*** + *арал* (арал. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Шайтан*** + *жота* (тау. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Шайтан*** + *көл* (қоныс. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Шайтан*** + *қара* + *су* (өзен. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)

Ескерту: *Шайтан* сөзінің фонетикалық нұсқасы *сайтан* сөзінен де жер-су аттары жасалуы мүмкін.

***Сайтан*** + *көпір* (өткел. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

485) **«Шал»** зат есімі + зат есім

*Шал* зат есімі «жасы 60-70-тен асқан ер адам; қария, қарт» (ҚТТС, 10т, 104) мағынасын беретіні белгілі. Алайда *шал* сөзінің түпкі мәні алтай тілдерінде *ша/ча* «ақ, боз» түбірінен шығатыны дәлелденген [67;12-13]. Сондықтан топонимжасамда «шал адамға байланысты әлдебір оқиға болған жерді, тозыңқы, ескі нысанды» атап көрсетумен қатар, геонысанның «ақшыл, боз» түсін білдіруі де мүмкін.

***Шал*** + *қия* (кеніш. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Шал*** + *құдық* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Шал*** + *оба* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Шал*** + *ой* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Шал*** + *су* (өзен. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Шал*** + *тас* (қыстау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Шал*** + *ши* (өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Шал*** + *шоқы* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

486) **«Шаң»** зат есімі + зат есім

*Шаң* сөзі «ауада не жер бетінде болатын күлдей майда тозаң» мағынасын береді. Топонимжасамда «шаңы шығып жататын жерді» атап көрсетеді. Кейде моңғ. *шанд* «бастау, судың көзі» сөзі топоним жасауға қатысады.

***Шаң*** + *бел* (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Шаң*** + *көз* (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Шаң*** + *көл* (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)
***Шаң*** + *құдық* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Шаң*** + *құт* (көл. БҚО, Теректі ауд.)
***Шаң*** + *төбе* (тау. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)

487) **«Шар»** зат есімі + зат есім

*Шар* сөзінің көптеген мағыналарының ішінен «дөңгелек, домалақ зат» мәні ғана топонимжасамға қатысуға қабілетті болып келеді. Ол геонысанның «дөңгелене, домалақтана біткен» пішінін негізгі белгі етіп алады. Парсы. *чаһар>чаар* «төрт, төртбұрыш» сөзі де, моңғол. *шар* «сары» сын есімі де топонимжасамға араласа алады.

***Шар*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Шар*** + *құдық* (өткел. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Шар*** + *тас* (жота. Алмты обл., Райымбек ауд.)

488) **«Шара»** зат есімі + зат есім

*Шара* сөзі «ағаштан жасалған үлкен ыдыстың, аяқтың» (ҚТТС, 10т, 148) аты. Топонимжасамда «шараға құйған сұйыққа ұқсас дөңгелене біткен көлдерді» атауға қатысады.

***Шара*** + *көл* (жұрт. Қостанай обл., Таран ауд.)

489) **«Шарап»** зат есімі + зат есім

*Шарап* зат есімі «жемістен ашытылатын жеңіл спиртті ішімдіктің» аты. Топонимжасамда «шарап өндіретін жер» мәнінде атау жасай алады.

***Шарап*** + *хана* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)

490) **«Шаруа»** зат есімі + зат есім

*Шаруа* сөзі «ауылшаруашылығымен айналысатын адам» мағынасын береді. Топонимжасамда «шаруалар мекендейтін жер немесе шаруалар жасаған нысан» атауға негіз болады. Кеңес үкіметі кезінде жұмысшы мен шаруаға ерекше көңіл бөлінген болатын.

***Шаруа*** + *құдық* (қоныс. Ақмола обл., Астрахан ауд.)

Тіркесті атау да жасалады:

***Шаруа*** *Көксай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

491) **«Шарық»** зат есімі + зат есім

*Шарық* сөзі «темір құралдарды қайрау үшін арнайы жасалған дөңгелек тас қайрақтың» аты. Топонимжасамда «шарыққа, қайраққа жарайтын тасы бар жерлерді» атауға араласады.

***Шарық*** + *тас* (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.)

492) **«Шат»** зат есімі + зат есім

*Шат* сөзі «екі санның түйіскен жері, іш жағы» мағынасын беретін анатомиялық термин. Топонимжасамда «шатқа ұқсас жықпыл, жыра, сайларды» атап көрсетеді.

***Шат*** + *құдық* (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Шат*** + *қызыл* (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

493) **«Шатыр»** зат есімі + зат есім

*Шатыр* сөзі «үйдің т.б. құрылыстың жауын-шашын өтпестей етіп, қырландыра жапқан төбесі» мағынасын береді. Топонимжасамда «пішіні шатырға ұқсас табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Шатыр*** + *көл* (өзен. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Шатыр*** + *тас* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

494) **«Шаш»** зат есімі + зат есім

*Шаш* зат есімі «адамның бас терісіне біткен жіңішке қалың қылдың» аты (ҚТТС, 10т, 171). Топонимжасамда «шашқа ұқсас өскіні бар табиғи нысандарды» атауға қатысады. *Шаш* сөзі, сонымен бірге парсы. sang «тас» сөзінен шығуы да мүмкін [111; 215]. М.: *Шаш = Ташкент*.

Сонымен бірге моңғол. *цаст* «қарлы, қар басқан, қар жамылған» мәнді сөзінен жасалуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз [77, 679 б].

***Шаш*** + *мұрын* (көл. СҚО, Мамлют ауд.)
***Шаш*** + *тараз* (е.м. Қарағанды обл., Қамысты ауд.)
***Шаш*** + *төбе* (е.м. ОҚО, Түркістан қ. ә.)
***Шаш*** + *ййін* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

495) **«Шек»** зат есімі + зат есім

*Шек* сөзі «бір нәрсенің жеткен жері; белгілі мөлшер, шама, меже» мағыналарын береді (ҚТТС, 10т, 190). Топонимжасамда «екі елдің, әлдебір жер бөлісінің межесін, аражігін» білдіреді.

***Шек*** + *ара* (құдық. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Шек*** + *ара* + *төбе* (төбе. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

496**) «Шекер»** зат есімі + зат есім

*Шекер* зат есімі «ұсақ қант; құм шекер» мағынасын беретіні мәлім. Моңғол тілінде де *чихэр* «шекер, қант» мәнінде қолданылады [77;715]. Түбі парсы. Šen, Šenzär « ¢м» сөзінен шығатын сияқты [111;434]. Топонимжасамда «ұсақ, майда құмы бар жерді» атауға қатыса алады.

***Шекер*** + *дала* (қыстау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

497) **«Шеңбер»** зат есімі + зат есім

*Шеңбер* сөзі «дөңгелек етіп сызған сызық; дөңгелек қоршау; аумақ» мағыналарын береді. Топонимжасамда «дөңгелене, шеңбер жасап орналасқан табиғи нысанды» атап көрсетеді.

***Шеңбер*** + *құдық* (бұлақ. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Шеңбер*** + *тал* (е.м. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

498) **«Шеңгел»** зат есім + зат есім

*Шеңгел* сөзі «гүл шашатын тікенекті бұтаның» (ҚТТС, 10т, 201) аты, фитоним. Топонимжасамда «шеңгел бұтасы қалың өсетін жерлерді» атауға қатысады.

***Шеңгел*** + *өткел* (қоныс. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Шеңгел*** + *тұма* (бұлақ. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Шеңгел*** + *ши* (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

499) **«Шер»** зат есімі + зат есім

*Шер* сөзі қазақ әдеби тілінде «қайғы-қасірет, мұң-зар» мәнінде ғана қолданылады (ҚТТС, 10т, 202). Ал жалқы есімдегі *шер* сөзі парсы. Šir «арыстан» сөзінен шығады. М.: *Шерхан.* Соңғы мағынада топоним жасауға араласады: «арыстанға, арыстан жалына ұқсас» табиғи нысандарды атайды.

***Шер*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Шер*** + *қала* (қырқа. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

500) **«Шет»** зат есімі + зат есім

*Шет* зат есімі «заттың ұшы, жиегі; сырт жер, оқшау маң» мәндерін береді. Топонимжасамда «біркелкі табиғи нысандардың шеткісін; жырақта орналасқанын» белгілеуге қатысады. М.: *Орта Теректі < => Шет Теректі.*

***Шет*** + *бұлақ* (бұлақ. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Шет*** + *шоқы* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)

Шет сөзі, көбінесе, тіркесті атаулар жасайды:

***Шет*** *Бақанас* (өзен. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Шет*** *Бұғаз* (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Шет*** *Мерке* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

***Шет** Тентек* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Шет** Түрген* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Шет** Ырғыз* (өзен. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

501**) «Шетен»** зат есімі + зат есім

*Шетен* сөзі «қуаңшылыққа төзімді, биіктігі 15 метрге дейін өсетін қабығы қызыл қоңыр түсті ағаштың» аты, фитоним (ҚТТС, 10 т, 207). Топонимжасамда «шетен ағашы мол өсетін жерлерді» атап көрсетеді.

***Шетен** + сай* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)

502) **«Ши»** зат есімі + зат есім

*Ши* сөзі «түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке әрі ұзын қамыс тектес өсімдіктің» аты, фитоним (ҚТТС, 10т, 216). Қазақ шиді тоқып, киіз үй ішін бөлуге, құрт, сүзбе кептіретін жайма жасауға пайдаланғандықтан, ши өсетін жерлерге маңыз беріп, атап көрсететін болған.

***Ши** + адыр* (шоқылар. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Ши** + аяқ* (қысаң. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Ши** + бастау* (жұрт. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Ши** + бұлақ* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Ши** + дере* (қыстау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Ши** + жаға* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Ши** + қамыс* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Ши** + құдық* (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Ши** + мойнақ* (тау. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Ши** + мыңдық + жал* (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Ши** + оба* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Ши** + өзен* (өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Ши** + түбек* (е.м. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Ши** + шалқар* (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)

Тіркесті атау жасалуы да мүмкін:

***Ши** Быжы* (өзен. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

503) **«Шойын»** зат есімі + зат есім

*Шойын* сөзі «көміртегін қосу арқылы алынған өте берік темір қорытпасының» аты (ҚТТС, 10т, 238). Топонимжасамда «шойын темір түстес қаракөк тасты тау, төбені» атауға қатыса алады.

***Шойын** + қара* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)

504) **«Шоқпар»** зат есімі + зат есім

*Шоқпар* зат есімі «бір басы дөңкиіп жұмыр келген ағаш қарудың» аты (ҚТТС, 10т, 241). Топонимжасамда «сырт келбеті шоқпарға ұқсас болып келетін табиғи нысанды» атауға араласады.

***Шоқпар*** + *жал* (жота. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Шоқпар*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Шоқпар*** + *тас* (тау. Алматы обл., Үйғыр ауд.)

505) **«Шоқы»** зат есімі + зат есім

*Шоқы* сөзі «таудың, төбенің ең биік жері, ұшы» мәніндегі географиялық термин. Топонимжасамға тура осы мағынада қатысып, оронимдер жасайды.

***Шоқы*** + *бай* + *тұз* (сор. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Шоқы*** + *бұлақ* (құдық. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Шоқы*** + *тас* (тж. бекеті. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Шоқы*** + *тораңғы* (қоныс. СҚО, Жамбыл ауд.)

506**) «Шопан»** зат есімі + зат есім

*Шопан* сөзі «қой бағатын кісі, қойшы» мәнін беретіні мәлім (ҚТТС, 10т, 257). Топонимжасамда «қойдың пірі Шопан атаға сыйыну мақсатында; әлдебір қойшы отырған жер» мағынасында жер-су аттарын жасай алады.

***Шопан*** + *ата* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Шопан*** + *қара* + *су* (өзен. Ақмола обл., Атбасар ауд.)

507) **«Шор»** зат есімі + зат есім

*Шор* сөзі «тірі организмде және ағашта кездесетін қатып қалған түйін, беріш» мағынасын береді. Топонимжасамда «шорлана біткен ұрасы бар табиғи нысанды» атап көрсетеді.

***Шор*** + *қара* (төбе. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Шор*** + *шоқы* (тау. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)

508) **«Шортан»** зат есімі + зат есім

*Шортан* зат есімі «тұрқы ұзын, басы сопақша келген, жыртқыш балықтың» аты, зооним (ҚТТС, 10т, 259). Топонимжасамда «шортан балығы бар өзен, көлдерді» атауға қатысады.

***Шортан*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Шортан*** + *құдық* (қыстау. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Шортан*** + *шоқы* (жота. Ақмола обл., Шортанды ауд.)

509) **«Шот»** зат есімі + зат есім

*Шот* сөзі «қысқа сапты, имек тұмсықты, жүзі өткір, ағашты жырып, оятын құралдың» аты. Топонимжасамда шоттың «иіле, дөңгелектене біткен тұрқын ұқсату арқылы» ғана атаулар жасалуы мүмкін.

***Шот*** + *қара* + *сор* (көл. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Шот*** + *маңдай* (қоныс. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)

510) «Шошқа» зат есімі + зат есім

*Шошқа* сөзі «жиі торайлайтын өсімтал айыр тұяқты хайуанның; доңыздың» аты, зооним. Топонимжасамда, көбінесе «жабайы шошқа (қабан) мекендейтін жерлерді» атап көрсетеді. Ал мұсылман діниндегі қазақтар шошқаны қолда өсірмейтіні белгілі.

***Шошқа*** + *бас* (қоныс. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Шошқа*** + *бұлақ* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Шошқа*** + *көл* (бұйратты тау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Шошқа*** + *сай* (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)

511) **«Шөже»** зат есімі + зат есім

*Шөже* сөзі «тауықтың балапанының, шібидің» (ҚТТС, 10т, 265) аты, зооним. Топонимжасамға *шөже* сөзінің ауыспалы мағынасы «уақ, майда, кішкентай» қатысып, «шағын көлемді геонысандарды» атайды.

***Шөже*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)

512) **«Шөл»** зат есімі + зат есім

*Шөл* зат есімі «жауын-шашын аз жауатын, суға тапшы аймақтың» аты, географиялық термин. Топонимжасамда осы мағынамен атаулар жасап, «шөлді жерлерді» белгілеп береді.

***Шөл*** + *адыр* (жота. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Шөл*** + *дала* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Шөл*** + *жота* (қоныс. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
***Шөл*** + *қара* (төбе. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Шөл*** + *қара* + *су* (көл. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Шөл*** + *қара* + *ши* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Шөл*** + *қияқ* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Шөл*** + *қоңыр* (шоқы. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Шөл*** + *құм* (е.м.Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Шөл*** + *қызыл* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Шөл*** +*маң* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Шөл*** + *сор* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Шөл*** + *тау* (тау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Шөл*** + *төбе* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Шөл*** + *шағыл* + *құм* (құм. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Шөл*** + *шоқы* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)

513) **«Шөміш»** зат есімі + зат есім

*Шөміш* сөзі «ас құятын үлкен ожаудың» аты (ҚТТС, 10т, 269). Топонимжасамда «шөмішке ұқсас дөңгелек, шұңғыл, ойыс геонысандарды» атап көрсетеді.

***Шөміш*** + *көл* (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.)

514) **«Шөп»** зат есімі + зат есім

*Шөп* сөзі «жер бетіне жап-жасыл болып шығатын шалғынның» жалпы аты, фитоним. Топонимжасамда «шөп қалың, мол шығатын құнарлы жерлерді; шөп даярланатын шабындықтарды» бөліп көрсетуге қатысады.

***Шөп*** + *көл* (е.м. Павлодар обл., Железин ауд.)
***Шөп*** + *сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Шөп*** + *шоқы* (шоқы. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)

515**) «Шуақ»** зат есімі + зат есім

*Шуақ* сөзі «күн сәулесі түскен жер» мағынасын береді (ҚТТС, 10т, 273). Топонимжасамда «күн сәулесі молынан түсетін ашық, қағыр жерлерді» атауға қатысады.

***Шуақ*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)

516) **«Шуда»** зат есімі + зат есім

*Шуда* зат есімі «түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ астына шыққан ұзын қылшық жүннің» аты (ҚТТС, 10т, 273). Топонимжасамда «шудадай желкілдеген әлдебір өсімдік өсетін табиғи нысанды» атайды.

***Шуда*** + *сай* (өзен. СҚО, Шал Ақын ауд.)

517) **«Шумақ»** зат есімі + зат есім

*Шумақ* сөзі «бір топ нәрсенің жиынтығы, тізбегі, будағы» мағынасында қолданылады (ҚТТС, 10т, 274). Топонимжасамда «шумақталған арқандай дөңгелене жинақталған табиғи нысанды» таңбалауы мүмкін.

***Шумақ*** + *тау* (төбе. Ақтөбе обл., Алға ауд.)

518) **«Шұқыр»** зат есімі + зат есім

*Шұқыр* зат есімі «қазылған, ойылған жер; шұңқыр» мәнді географиялық термин болып табылады. Топонимжасамда осы мәнде, яғни «шұқыры бар жер» мәнінде қолданылады.

***Шұқыр*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Шұқыр*** + *көл* (көл. Қостанай обл., Қамысты ауд.)
***Шұқыр*** + *қар* (қыстау. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Шұқыр*** + *қопа* (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Шұқыр*** + *құм* (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Шұқыр*** + *ой* (қоныс. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Шұқыр*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
***Шұқыр*** + *ши* (е.м. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)

519) **«Шұңқыр»** зат сеімі + зат есім

*Шұңқыр* сөзі «қазылған, ойылған жер, шұқыр» мағынасындағы географиялық термин болып табылады (ҚТТС, 10т, 285). Топонимжасам-

да мәнін өзгертпей, «шұңқыр, ойыс жерлерді» атауға қатысады. Көріп отырғанымыздай, *шұңқыр* мен *шұқыр* бір ұғымның екі түрлі айтылысы ғана екен.

***Шұңқыр*** + *ащы* (көл. Ақмола обл., Степногорск қ.ә.)
***Шұңқыр*** + *көл* (көл. СҚО, Айыртау ауд.)
***Шұңқыр*** + *қора* (қоныс. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Шұңқыр*** +*құдық* (е.м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Шұңқыр*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Шұңқыр*** + *шілік* (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)

Тіркесті атаулар да жасалады:

***Шұңқыр Қалжыр*** (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

520) **«Шүрегей»** зат есімі + зат есім

*Шүрегей* зат есімі «жабайы үйректің ең кішкене түрінің» аты, зооним. Топонимжасамда «шүрегей үйрегі бар көл, суларды немесе шүрегейдей шағын нысанды» атауы мүмкін.

***Шүрегей*** + *сор* (тұзды көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

521) **«Шүршіт»** зат есімі + зат есім

*Шүршіт* сөзі «қазақтардың қара қытайларға (мәнжүрлерге) қойған аты». Тарихи *чжурчжэн* этнонимінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Топонимжасамда «шүршіттер уақытша мекендеген жерлерді» атауға қатысқан. Тарихта қытайлар өз шекарасын күзетуге мәнжүрлерді (сібелерді) жалдағаны белгілі.

***Шүршіт*** + *су* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)

522) **«Шыбық»** зат есімі + зат есім

*Шыбық* сөзі «ағаштың жаңа өсіп келе жатқан солқылдақ жас кезін» атайды. Топонимжасамда «жас шыбық өскен жер» мағынасында топонимдер тудырады.

***Шыбық*** + *бел* (құдық. ОҚО, Отырар ауд.)
***Шыбық*** + *құм* (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)

523) **«Шыған»** зат есімі + зат есім

*Шыған* сөзі «алыс, шалғай жер; шет, қиян» (ҚТТС, 10т, 307) мәнінде қолданылады. Көне түркіде «шынтақ» мағынасын берген. Топонимжасамға осы мәнде қатысып «алыс, шет, шығыңқы жерлерді» атап көрсетеді.

***Шыған*** + *көл* (көл. БҚО, Айдар өзені)
***Шыған*** + *ши* (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)

*Шыған* сөзіне кішірейткіш мәнді *-ақ* жұрнағы жалғанып, «мұхит, теңіз, көлдің құрлыққа сұғына еніп жатқан бөлігін, шетін» атайтын

географиялық термин жасайды: *шығанақ* < *шыған* +*ақ*. Ол, өз кезегінде, күрделі атаулар құрамына енеді.

***Шығанақ*** + *сай* (жыра. ОҚО, Арыс ауд.)

524) **«Шығыс»** зат есімі + зат есім

*Шығыс* зат есімі «әлемнің төрт жағының бірі; күн шығатын жақтың» аты (ҚТТС, 10т, 316). Топонимжасамда «бір геонысанның күн шығыс жағына орналасқан екінші табиғи нысанды» атап көрсетеді. Көбінесе тіркесті атаулар жасайды.

***Шығыс*** *Аршалы* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Шығыс*** *Желдіқарағай* (асу. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Шығыс*** *Қазақстан* (облыс атауы, орталығы Өскемен қ.)
***Шығыс*** *Қарабұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Шығыс*** *Қаратау* (жота. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Шығыс*** *Қоңырат* (кент. Қарағанды обл., Балқаш қ.ә.)
***Шығыс*** *Тасқұдық* (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

525) **«Шым»** зат есімі + зат есім

*Шым* сөзі «жердің жылдар бойы шөп тамырлары тұтасып өскен құйқалы қабатының» аты (ҚТТС, 10т, 334). Топонимжасамда «шымды жерді атайды және ертеде шымды ойып, құрылыс төбесіне шатыр орнына пайдаланғандықтан, сондай нысандар бар жерлерді» атап көрсетеді.

***Шым*** + *айрық* (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Шым*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Шым*** + *кент* (қала. ОҚО, Шымкент қ.ә.)
***Шым*** + *қора* (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Шым*** + *қорған* (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Шым*** + *құдық* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Шым*** + *мола* + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

526) **«Шымылдық»** зат есімі + зат есім

*Шымылдық* сөзі «төсек-орынды басқалардың көзінен тасалау үшін ұсталатын перденің» аты (ҚТТС, 10т, 337). Топонимжасамда «бір географиялық нысанды көлегейлеп, көрсетпей тұратын екінші геонысанды» атап көрсетеді.

***Шымылдық*** + *қарағай* (қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Шымылдық*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

527) **«Шынжыр»** зат есімі + зат есім

*Шынжыр* сөзі «бір-біріне ілмектеліп жасалған тізбек» мағынасын береді. Топонимжасамда «тізбектеле орналасқан біркелкі табиғи нысандарды» атауға қатысады.

***Шынжыр*** + *қабақ* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

528) **«Шың»** зат есімі + зат есім

*Шың* зат есімі «таудың ұшар басын» атап, географиялық терминге айналады. Топонимжасамда осы мәнде қолданылады.

***Шың*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Шың*** + *тал* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)

529) **«Шыңырау»** зат есімі + зат есім

*Шыңырау* сөзі «өте терең жер, құлама құз; тұңғиық су» мәнін береді (ҚТТС, 10т, 347). Топонимжасамда «құлама терең құзды немесе тұңғиық терең суды» атауға араласады.

***Шыңырау*** + *құдық* (құдық. ОҚО, Арыс ауд.)

530) **«Шырын»** зат есімі + зат есім

*Шырын* сөзі «өсімдік бойындағы, оның жемісіндегі құнарлы нәрдің» аты (ҚТТС, 10т, 360). Топонимжасамда «суын шырынға теңейтін гидронысандарды» атап көрсетеді.

***Шырын*** + *құдық* (құдық. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

531) **«Шідер»** зат есімі + зат есім

*Шідер* сөзі «аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып тұсайтын тұсамыстың» аты (ҚТТС, 10т, 366). Топонимжасамда «шідерге ұқсас үш салалы табиғи нысандарды» атайды.

***Шідер*** + *көл* (көл. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

532) **«Шіл»** зат есімі + зат есім

*Шіл* сөзі «құр тұқымдас сұрғылт түсті кішкене құстың» аты, зооним. Топонимжасамда «шіл құсы мекендейтін маңды» атап көрсетеді.

***Шіл*** + *қора* (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)
***Шіл*** + *тоғай* (қыстау. Ақтөбе обл., Темір ауд.)

533) **«Шілік»** зат есімі + зат есім

*Шілік* сөзі «қаптап, қалың өсіп келе жатқан жас ағаштың» аты, фитоним. Топонимжасамда «шілік ағаштар өсіп тұрған жерлерді» атап көрсетеді.

***Шілік*** + *қара* + *оба* (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Шілік*** + *құдық* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Шілік*** + *саз* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)

534) **«Ыза»** зат есімі + зат есім

*Ыза* сөзі «жер астынан шығатын ылғал, судың» аты» (ҚТТС, 10т, 381). Топонимжасамда «жер бетіне қысылып шығып жататын ыза суы бар жерлерді» атап көрсетеді.

***Ыза*** + *көл* (көл. ОҚО, Отырар ауд.)
***Ыза*** + *саз* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)

535) **«Ық»** зат есімі + зат есім

*Ық* сөзі «тау, төбенің жел көп тимейтін қалқасы, қаға беріс жағы» мағынасын береді. Топонимжасамда осындай «ықтасын, қалқа жерлерді» атап көрсетеді.

***Ық*** + *түбек* (қоныс. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)

536) **«Ыс»** зат есімі + зат есім

*Ыс* сөзі «түтін тозаңынан байланатын қара дақтың» аты (ҚТТС, 10т, 413). Топонимжасамда «ыстанған тәрізді тозыңқы, лайлы табиғи нысандарды» атауы мүмкін. Кейбір диалектіде *ыс* «ыстық» мағынасын береді.

***Ыс*** + *көл* (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

537) **«Ін»** зат есімі + зат есім

*Ін* сөзі «жабайы аңдардың жерді үңгіп жасаған мекені, орны» мағынасын береді. Топонимжасамда «әлдебір аңның іні бар жерді» атауға қатысады.

***Ін*** + *кез* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Ін*** + *қай* (төбе. ОҚО, Созақ ауд.)

538) **«Іні»** зат есімі + зат есім

*Іні* сөзі «бірге туған ер адамдардың жас жағынан кішісі» мәнін береді (ҚТТС, 10т, 438). Топонимжасамда «бірдей табиғи нысандардың тұрқы жағынан кішісін» атайды.

***Іні*** + *шоқы* (тау. Ақмола обл., Зеренді ауд.)

539) **«Ірге»** зат есімі + зат есім

*Ірге* зат есімі «үйдің қабырғасы; жақын, көрші маң» мағыналарында қолданылады. Топонимжасамда «бір табиғи нысанға жақын, іргелес орналасқан екінші бір нысанды» атап көрсетеді.

***Ірге*** + *жал* (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Ірге*** + *құм* (құмды дала. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Ірге*** + *тау* (тау. Алматы обл., Панфилов ауд.)

540) **«Іш»** зат есімі + зат есім

*Іш* сөзі «бір нәрсенің ішкі жағы; құрсақ» мағыналарын береді. Топонимжасамда «бір табиғи нысанның ішкі жағына орналасқан екінші нысанды» атайды. *Сырт* сөзіне бинарлық позицияда қолданылады.

***Іш*** + *кент* (ескі қала. ОҚО, Түркістан ауд.)

### 4.4 Сан есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

Біріккен топонимдердің келесі бір тобы **сан есім + зат есім** үлгісі бойынша жасалады. Алдыңғы сыңары сан есім, лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін сөздер де, соңғы сыңары негізінен, географиялық терминдер, басқа да зат есімдер болып келетін күрделі топонимдер ауқымы жағынан *сын есім + зат есім, зат есім + зат есім* үлгілерінен кейінгі орынды иемденеді. «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер – заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сөз табы («Қазақ грамматикасы», 2002, 469) болғандықтан, жаратылысынан зат есімге жататын жалқы есімдермен бірігуі, тіркесуі заңды тілдік құбылыс болып есептеледі. Адамзат біртекті табиғи нысанның бірнеше түрін байқаған соң, олардың сындық, сапалық ерекшеліктерін елемей, бірден сан-мөлшерін атауға уәж етіп алған. М.: *Алтықарасу, Бесағаш, Екіаша т.б.*

Сан есімнің өзі бар-жоғы жиырма шақты сөзден тұратынына, туынды сан есім жасайтын қосымшаларының аздығына, басқа сөз таптарынан сан есім жасалмайтынына қарамастан, тілдің барлық қажетін өтеп тұрады. Жер-су атын жасауға олардың оннан астамы қатысады (*бір, екі, үш, он, жүз, мың т.б.)* және семантикалық жағынан сан есімге жақын біраз сөз де бар *(егіз, жалғыз, жарты, көп т.б.)*. Соңғылары «сан-мөлшерлік мағынада қолданылғанымен, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай басқа сөз таптарына жатады» [3; 470].

Біріккен сөздер, кәдімгі сөз сияқты, әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағынаға ие болады дегенімізбен, сөзжасамда лексика-семантикалық мағына алға шығады. Нақтылап айтқанда: «Сөзжасамдық процесс барысында атаудың морфологиялық сипаты, қай сөз табына қатысты болатыны басты мәселе емес. Сөзжасам процесіндегі басты меже жаңа атау жасау, туынды сөз туғызу». [1;87]. Демек сан-мөлшерлік мағынада қолданылатын *егіз, жалғыз, қос* тәрізді сөздерді **сан есім + зат есім** үлгісіне салып қарауға болады деген сөз. Қазіргі қазақ тілінде мұндай сөздердің семантикалық жағынан сан есімге жақын екені мойындалады. Сондықтан біз де оларды топонимжасамның **сан есім + зат есім** үлгісіне жатқызамыз *(Егізтөбе, Жалғызағаш, Жартытам т.б.)*.

Топонимжасамда сан есімдер, әдетте морфологиялық өзгерістерге түспей қолданылады: *Алтықұлаш, Бесқауға, Үштөбе, Мыңшұңқыр т.б*. Бірақ сан есімнің өзіне тән шектеулі қосымшаларының кейбірі жер-су атын жасауға қатысуы мүмкін. *Біріншібаз, Бірінші Қарасай, Үшінші-ауыл т.б.*

Қазіргі қазақ топонимиясында кездесетін **сан есім + зат есім** үлгісі бойынша жасалған біріккен және тіркескен топонимдер мыналар:

**1) «Алпыс»** сан есімі + зат есім

*Алпыс* есептік сан есімі «елу тоғыз бен алпыс бірдің аралығындағы сан» (ҚТТС, 1т, 233) екені мәлім. Тіл білімінде *алпыс, жетпіс* сан есімдері көне дәуірде *алты +мыш, жеті+міш* тұлғаларының бірігуі арқылы жасалғаны, мұндағы *-мыш, -міш* «мүше» (*он* саны) екендігі дәлелденген. Топонимжасамда *алпыс* сөзі «табиғи нысанның нақты санын емес, мол, көп екенін» білдіру мақсатында қолданылады.

***Алпыс*** + *базар* (айырық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Алпыс*** + *сала* (шатқал. ШҚО, Күршім ауд.)
***Алпыс*** + *су* (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)

**2) «Алты»** сан есімі + зат есім

*Алты* сөзі – «бестен кейінгі есептік санның» аты (ҚТТС, 1т, 233). Топонимжасамда *алты* сан есімі «нақты біртектес алты табиғи нысанды білдіруі де мүмкін *(Алтыкөл)* және біршама шағын көлемді нысандар тобын атауы да мүмкін *(Алтыағаш)».* Соңғы мағына «алты айлық жол», «алты қырдың асты» тұрақты тіркестерінен айқын көрінеді.

***Алты*** + *ағаш* (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Алты*** + *айғыр* (өзен. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Алты*** + *апан* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Алты*** + *ат* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Алты*** + *аяқ* (бейіт. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Алты*** + *баз* (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Алты*** + *бас* (қыстау. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Алты*** + *көл* (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Алты*** + *қарасу* (е.м. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
***Алты*** + *құдық* (жайлау. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Алты*** + *құлан* (қыстау. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Алты*** + *құлаш* (құдық. Атырау обл., Индер ауд.)
***Алты*** + *қыз* (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Алты*** + *үй* (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)

**3) «Бес»** сан есімі + зат есім

*Бес* есептік сан есіміне «төрттен кейінгі сан» (ҚТТС, 2т, 277) деген анықтама беріледі. Жер-су атын жасауда тым белсенді *бес* сан есімі «кейде нақты біртектес бес нысанды, кейде аздаған, шағын топ нысанды» атайды. Соңғы мән «бес тал шаш», «бес тиынға тұрғысыз» тіркестерінде анық байқалады.

***Бес*** + *ағаш* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Бес*** + *ағаш* + *құдық* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Бес*** + *алаң* (қоныс. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Бес*** + *апан* (қоныс. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)

***Бес*** + *арық* (өзен. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Бес*** + *бақан* (төбе. ШҚО, Үржар ауд.)
***Бес*** + *бақсы* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бес*** + *бақыр* (төбе. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Бес*** + *бала* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бес*** + *балдақ* (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Бес*** + *бастау* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Бес*** + *бидайық* (қоныс. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Бес*** + *бұғы* (қыстау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Бес*** + *бұлақ* (бұлақ. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Бес*** + *жылдық* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Бес*** + *кемер* (жайлау. Ақтөбе обл., Мартөк ауд.)
***Бес*** + *кемпір* (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Бес*** + *кепе* (е.м. ОҚО, Сайрам ауд.)
***Бес*** + *кесік* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Бес*** + *кетік* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Бес*** + *көл* (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бес*** + *қаз* + *оба* (көл. СҚО, Мамлют ауд.)
***Бес*** + *қайнар* (е.м. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Бес*** + *қайың* (шоқы. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Бес*** + *қала* (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Бес*** + *қара* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бес*** + *қарағай* (е.м. ШҚО, Бесқарағай ауд.)
***Бес*** + *қатын* (е.м. Жамбыл обл., Шу ауд.)
***Бес*** + *қатыр* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Бес*** + *қауға* (е.м. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Бес*** + *қол* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Бес*** + *қопа* (тұзды көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Бес*** + *қора* (қоныс. Алматы обл., Іле ауд.)
***Бес*** + *қотан* (құдық. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Бес*** + *қотыр* (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Бес*** + *құбыр* (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Бес*** + *құдық* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Бес*** + *құлан* (қоныс. Павлодар обл., Павлодар ауд.)
***Бес*** + *құлаш* (құдық. ОҚО, Арыс ауд.)
***Бес*** + *мая* (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Бес*** + *мойнақ* (тау. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бес*** + *мола* (көл. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Бес*** + *мұрын* (төбе. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Бес*** + *оба* (көл. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Бес*** + *отар* (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.)

***Бес*** + *өзен* (е.м. Қызылорда обл., Тереңөзек ауд.)
***Бес*** + *пішен* (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
***Бес*** + *саз* (тау. ОҚО, Созақ ауд.)
***Бес*** + *сала* (қоныс. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Бес*** + *сексеуіл* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Бес*** + *сор* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Бес*** + *там* (е.м. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Бес*** + *тамақ* (е.м. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
***Бес*** + *тана* (өзен. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Бес*** + *тармақ* (е.м. Ақтөбе обл., Алға ауд.)
***Бес*** + *тас* (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Бес*** + *тау* (тау. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Бес*** + *тентек* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Бес*** + *терек* (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Бес*** + *тоғай* (өзен. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Бес*** + *тоған* (е.м. Қарағанды обл., Жаңааарқ ааууд.)
***Бес*** + *тораңғыл* (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)
***Бес*** + *төбе* (е.м. Қостанай обл., Қамысты ауд.)
***Бес*** + *төбе* + *мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Бес*** + *тұз* (тұзды көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.)
***Бес*** + *шаған* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Бес*** + *шатыр* (көне қорым. Алматы обл., Іле ауд.)
***Бес*** + *шоқы* (тау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Бес*** + *шыңырау* (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

Мұндағы *қатыр, қотыр* сыңарлары ор. *хутор* сөзінің өзгеріске түскен түрлері.

Тіркесті атаулар да жасалады:

***Бес*** *Басқан* (асу. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Бес*** *Төрткіл* (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

**4) «Бір»** сан есімі + зат есім

*Бір* сөзі «есептік санның ең алғашқысы» (ҚТТС, 2т, 608) мағынасын береді және көптеген басқа мағыналары емес, «табиғи нысанның жалғыз, дара» екенін білдіретін негізгі мағынасы ғана күрделі топоним жасауға қатысады.

***Бір*** + *айрық* (е.м. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Бір*** + *есек* (өзен. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Бір*** + *көлік* (е.м. ОҚО, Төле би ауд.)
***Бір*** + *қазан* (көл. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)
***Бір*** + *қазан* + *көл* (көл. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Бір*** + *қала* (бөгет. БҚО, Жәнібек ауд.)

| | |
|---|---|
| ***Бір*** + *қара* | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| ***Бір*** + *қарын* | (төбе. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ***Бір*** + *құдық* | (құдық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ***Бір*** + *қыз* | (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.) |
| ***Бір*** + *мойын* | (жота. Алматы обл., Алакөл ауд.) |
| ***Бір*** + *сай* + *су* | (арна. Алматы обл., Алакөл ауд.) |
| ***Бір*** + *суат* | (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.) |
| ***Бір*** + *табан* | (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.) |
| ***Бір*** + *табан Қарасор* | (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| ***Бір*** + *тал* | (өзен. Ақмола обл., Есіл ауд.) |
| ***Бір*** + *төбе* | (бейіт. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |
| ***Бір*** + *тұз* + *кен* | (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| ***Бір*** + *шоғыр* | (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |

Мұндағы *Бірқазан* атауы құс атынан шығуы да, «бір қазандай шағын, дөңгелек, шұңғыл көл» мағынасында тұруы да мүмкін.

**5) «Егіз»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Егіз* сөзі «бір анадан бір мезгілде туған екі бала» мағынасын береді және ғалымдар *егіз* сөзінің түбірінде *екі* сан есімі жатқанын мойындайды: *екі* + *з* > *егіз* (мұндағы *-з, -ыз, - із* көптік мән беретін көне жұрнақ). Топонимжасамда «нысанның екі данадан тұруы» ғана шарт емес, ол «нысандар өзара ұқсас, бірдей болып келуі» де талап етіледі. Өйткені *егіз* сөзінің ендігі бір мәні «ұқсас, бірдей» дегенге саяды (М.: *Егіз қозыдай ұқсас).*Сонымен бірге тілші-ғалымдар Н.А.Баскаков *егіз* сөзінің көне түркі тілінде *эес (> егис)* «биік» мағынасын беретінін, Э.Мурзаев қырғыз. *эгиз* «биік», «биік таудағы жайлау» мағынасын беретінін жазады [145;538]. Әрине, *егіз* сөзінің қай мәнде атау жасауға қатысып тұрғанын геонысанның өзі ғана айғақтап бере алады.

| | |
|---|---|
| ***Егіз*** + *ен* | (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| ***Егіз*** + *қақ* | (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.) |
| ***Егіз*** + *қара* | (қырат. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.) |
| ***Егіз*** + *қыз* | (көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.) |
| ***Егіз*** + *қызыл* | (тж. бекеті. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| ***Егіз*** + *лақ* | (құм. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.) |
| ***Егіз*** + *төбе* | (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.) |

Мұндағы *ен* компоненті – «еркек малдың ұрық безі» мағынасындағы сөз. «Екі бірдей жұмыр тасты тау» мәнінде атау жасауға қатысып тұр (қазақ тілінде *«сыңар ен»* тіркесі де кездеседі).

**6) «Екі»** сан есімі + зат есім

*Екі* сөзі – «бірден кейінгі санның» аты, есептік сан есім. Топонимжасамда «көбінесе қатар орналасқан жұп, қос табиғи нысанның» санын

білдіреді. Бірақ *егіз* сөзі арқылы жасалатын нысандардай түрлерінің бірдей болып келуі міндетті емес.

| | |
|---|---|
| ***Екі*** + *аша* | (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.) |
| ***Екі*** + *ащы* | (е.м. Алматы обл., Сарқант ауд.) |
| ***Екі*** + *бас* + *тұз* | (тұзды көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| ***Екі*** + *бұлақ* | (тау. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.) |
| ***Екі*** + *дың* | (көне ескерткіштер. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| ***Екі*** + *жол* + *құдық* | (құдық. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Екі*** + *көр* | (бейіт. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.) |
| ***Екі*** + *қыз* + *сай* | (өзен. Қостанай обл., Жангелдин ауд.) |
| ***Екі*** + *лас* | (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| ***Екі*** + *ойпат* | (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.) |
| ***Екі*** + *ошақ* | (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| ***Екі*** + *сай* | (жайлау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ***Екі*** + *сор* | (көл. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| ***Екі*** + *тай* | (жұрт. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| ***Екі*** + *тау* | (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ***Екі*** + *төбе* | (бейіт. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| ***Екі*** + *шек* | (е.м. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| ***Екі*** + *шоқ* | (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) |

Мұндағы *дың* сыңары «тас ескерткіш, балбал, сынтас» мағынасында қолданылып тұр. Ал *Екілас* атауының екінші сыңары *лас* қаз. «кір, лай, арам» мағынасын, не моңғ. *уллас* «терек» мәнін береді.

Тіркесті атаудан бір үлгі кездеседі:

**Екі** *Ағайынды* (тау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

Алайда *ағайынды* сөзін қазақ жер-су атына қолданбаған, сондықтан бұл ор. *Два брата* атауының қазақша аудармасы екені көрініп тұр. Мұндай аударма атауларды қалыптастырғанда, тіліміздің сөжасам (топонимжасам) ерекшеліктерін ескеру керек.

**7) «Жалғыз»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Жалғыз* сөзі «жеке, дара, бір» мағынасын береді және «жеке, дара, тұрған табиғи нысанды» атау арқылы күрделі атаулар жасайды. Оның ішінде біріккен және тіркесті атаулардың аралас келуі сияқты тың үлгі де кездеседі: *Жалғыз* + *ағаш Талдық* (Ақмола обл., Жарқайың ауд,.)

| | |
|---|---|
| ***Жалғыз*** + *ағаш* | (өзен. Ақмола обл., Жарқайың ауд.) |
| ***Жалғыз*** + *апан* | (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.) |
| ***Жалғыз*** + *дала* | (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.) |
| ***Жалғыз*** + *жиде* | (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| ***Жалғыз*** + *көл* | (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |

***Жалғыз*** *+қайың* (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Жалғыз*** *+ қайыр* (шығанақ. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Жалғыз*** *+ қара* (жайлау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Жалғыз*** *+ қарағай* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Жалғыз*** *+ құдық* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Жалғыз*** *+ құм* (төбе. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Жалғыз*** *+ мола* (қоныс. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Жалғыз*** *+ су* (жұрт. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Жалғыз*** *+ тал* (е.м. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.)
***Жалғыз*** *+ тал + бұлақ* (бұлақ. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Жалғыз*** *+ тас* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Жалғыз*** *+ тау* (тау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Жалғыз*** *+ төбе* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жалғыз*** *+ тұма* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Жалғыз*** *+ шағыл* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Жалғыз*** *+ шеген* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)

**8) «Жаңғыз»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Жаңғыз* сөзі *жалғыз* «жеке, дара, бір» мағыналы сөзінің ауызекі тілде қалыптасқан нұсқасы екені белгілі. Бұл жерде фонетикалық өзгеріс қана бар (л~ң дыбыс алмасуы). Топонимжасамда да сол мағынада қолданылады.

***Жаңғыз*** *+ ағаш* (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Жаңғыз*** *+ апан* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Жаңғыз*** *+ жар* (қыстау. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Жаңғыз*** *+ көл* (көл. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)
***Жаңғыз*** *+ құдық* (жайлау. БҚО, Бөрілі ауд.)
***Жаңғыз*** *+ мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Жаңғыз*** *+ төбе* (кент. ШҚО, Жарма ауд.)
***Жаңғыз*** *+ шағыл* (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)

**9) «Жарты»** сан - мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Жарты* сөзі «бір бүтін нәрсені тең екіге бөлгендегі бір бөлігі, екіден бірі» мағынасымен сан есімге жуық қолданылады. Топонимжасамда «толық емес, жарым-жарты нысандарды» атауға қатысады.

***Жарты*** *+ көл* (көл. Ақмола обл., Ақкөл ауд.)
***Жарты*** *+ құм* (жұрт. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Жарты*** *+ сор* (тұзды көл. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Жарты*** *+ там* (мола. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Жарты*** *+ төбе* (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)

**10) «Жеті»** сан есімі + зат есім

*Жеті* сөзі «алты мен сегіздің арасындағы тең санның» аты, есептік сан есім. Қазақ халқы киелі сандар қатарына жатқызады. Топонимжасамда «тура жеті геонысанды немесе бір үйір, шоғыр нысандар тобын» атап көрсетеді.

***Жеті*** + *арал* (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Жеті*** + *ген* (е.м. Алматы обл., Іле ауд.)
***Жеті*** + *жал* (жота. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Жеті*** + *жылдық* (қоныс. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Жеті*** +*көк* + *сор* (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Жеті*** + *көл* (е.м. БҚО, Сырым ауд.)
***Жеті*** + *көл* + *жарма* (канал. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Жеті*** + *қара* (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Жеті*** + *қоңыр* (құмды алқап. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жеті*** + *құдық* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Жеті*** + *қыз* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Жеті*** + *сай* (қала. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Жеті*** + *су* (аймақ. Алматы обл.)
***Жеті*** + *төбе* (обалар. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)
***Жеті*** + *төр* (асу. Алматы обл., Күнгей Алатауда)

Үлгілер тізіміндегі *Жетіген* атауы антротопоним ретінде көрсетілген [145;178]. Сонымен бірге *Жетіген* «музыкалық аспаптың аты» және *Жетіген* «жеті өзен, су» мағыналарымен де жер-су атын жасауы мүмкін.

Ал *Жетіжылдық* ойконимі «жеті жылдық мектеп» мәнінде тұрмаса, онда Кеңес дәуірінде ел экономикасын «жетіжылдық», «бесжылдық» кезеңдерге бөлген саясаттан қалған, ауыстыруды қажет ететін атау болғаны. *Бесжылдық, Жетіжылдық* топонимдері енді үлгі болуға жарамайды.

**11) «Жүз»** сан есімі + зат есім

*Жүз* сөзі «тоқсан тоғыздан кейінгі санның, он ондықтың» аты (ҚТТС, 4т, 248) екені мәлім. Топонимжасамда нақты жүз санынан гөрі «табиғи нысанның біршама мол, көп шоғырын, тобын» атауға қатысады.

***Жүз*** + *ағаш* (өзен. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Жүз*** + *адыр* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Жүз*** + *асу* (асу. Алматы обл., Жоңғар Алатауында)
***Жүз*** + *қарағай* (жұрт. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Жүз*** + *құдық* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Жүз*** + *ұйық* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)

Мұндағы *ұйық* сыңары «тартпа батпақ, не тартпа құм» мәніндегі ГТ болып табылады.

**12) «Көп»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Көп* сөзі «мол, қыруар» (ҚТТС, 5т, 181) мағынасын өзгертпей-ақ топонимжасамға қатысып, «санауға келмейтін мол, бір жерге шоғырланған нысандарды» білдіретін атаулар жасайды.

***Көп*** **+** *бейіт* (қоныс. ШҚО, Абай ауд.)
***Көп*** + *бұлақ* (бұлақ. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Көп*** + *бірлік* (е.м. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Көп*** + *ерен* (қоныс. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Көп*** + *жиде* (қыстау. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Көп*** + *көл* (тұзды көл. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Көп*** + *күтір* (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
***Көп*** + *қара* (қара. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Көп*** + *қорған* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Көп*** + *құдық* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Көп*** + *құдық* + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Көп*** + *құжыр* (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
***Көп*** + *мола* (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Көп*** + *тақыр* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Көп*** + *там* (мола. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Көп*** + *тас* (қоныс. ШҚО, Үржар ауд.)
***Көп*** + *тау* (шың. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Көп*** **+** *тоғай* (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Көп*** + *томар* (қоныс. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Көп*** + *шалаш* (қыстау. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Көп*** + *ши* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Көп*** + *шоқы* (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Көп*** + *ісек* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

Үлгілер тізіміндегі *Көперен* атауы моңғ. *эрээн* «шұбар, ала, теңбіл» сын есімінің заттануы арқылы жасалған: «көп шұбарлы жер, не шұбар тас» мәніндегі топоним.

*Көпкүтір* – ор. *хутор* сөзінен жасалып тұр.

*Көпқұжыр*- мұндағы *құжыр* сыңары моңғ. *хужир* «ащы, сор жер» сөзінен немесе араб. *құжыра* «мешіт, медресе, баспана, мола» сөзінен шығуы мүмкін.

*Көпшалаш* – мұндағы сыңары көне түркі. *шалаш* «жеңіл-желпі баспана, күрке» [98;408].

*Көпшоқыр* – мұндағы *шоқыр* «еті мен уылдырығы бағалы семсертұмсық балық (осетр)» (ҚТТС, 10т, 246) екені мәлім, алайда Қарағанды облысында ол балық кездесе ме деген сұрақ туады.

*Көпісек* – мұндағы *ісек* сөзі «екі жасқа келген еркек қой» (ҚТТС, 10т, 448) мағынасын береді. «Ісек қой бағылған жер, немесе ісек қойдай тастары бар жер» мәнінде атау жасауға қатысады.

**13) «Қос»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

ҚТТС-та *қос* сөзі «екі, пар, егіз» мағынасындағы сын есім екені атап көрсетіледі (6т, 362). Топонимжасамда оның *екі* сан есімінің орнына жүретіні маңызды және *қос* сөзінен бірігу арқылы жасалған атаулар екі сан есімінен жасалған күрделі атаулардан анағұрлым көп кездесетіні де сол себептен шығады. *Қос* сан-мөлшер мәнді сөзі «көбінесе қатар тұрған біртекті екі табиғи нысанды» атауға қатысады.

***Қос*** + *ағаш* (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қос*** + *ағаш* + *томар* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Қос*** + *ағыл* (өзен. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
***Қос*** + *айыз* (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Қос*** + *апан* (е.м. Жамбыл обл., Түрар Рысқұлов ауд.)
***Қос*** + *арал* (қоныс. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қос*** + *арық* (қыстау. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Қос*** + *асар* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қос*** + *ат* (шоқы. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Қос*** + *ауыз* (жұрт. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Қос*** + *ауыл* (е.м. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Қос*** + *аша* (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Қос*** + *ащы* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қос*** + *аяқ* (тау. Қарағнды обл., Ұлытау ауд.)
***Қос*** + *аяқ* + *батпақ* (қоныс. СҚО, Айыртау ауд.)
***Қос*** + *әуіт* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қос*** + *баз* (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Қос*** + *бақ* (өзен .қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қос*** + *бастау* (тау. ШҚО, Абай ауд.)
***Қос*** + *бармақ* (қоныс. СҚО, Есіл ауд.)
***Қос*** + *бидайық* (тұзды көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Қос*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
***Қос*** + *бүйрек* (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қос*** + *доңғал* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қос*** + *ерін* (тұзды шөл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Қос*** + *жал* (қыстау. Атырау обл., Махамбет ауд.)
***Қос*** + *жалтыр* (жұрт. Қостанай обл., Таран ауд.)
***Қос*** + *жар* (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Қос*** + *жарық* (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Қос*** + *ирек* (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Қос*** + *келіншек* (құдық. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Қос*** + *кемпір* (бейіт. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Қос*** + *көбік* (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Қос*** + *көл* (көл. СҚО, Айыртау ауд.)

***Қос*** + *көпе* (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қос*** + *күмбез* (өзен. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қос*** + *қақ* (құдық. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
***Қос*** + *қара* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қос*** + *қарағай* (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Қос*** + *қара* + *құм* (тж. бекеті. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
***Қос*** + *қара* +*сай* (қоныс. Алматы обл., Іле ауд.)
***Қос*** + *қара* + *су* (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Қос*** + *қасқыр* (қыстау. ОҚО, Арыс ауд.)
***Қос*** + *қатын* (бейіт. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қос*** + *қия* (жота. Павлодар обл., Май ауд.)
***Қос*** + *қоға* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Қос*** + *қоңыр* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Қос*** + *қопа* (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Қос*** + *қора* (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Қос*** + *қорған* (ескі бекініс. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қос*** + *құдық* (көл. ШҚО, Күршім ауд.)
***Қос*** + *құлақ* (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қос*** + *құт* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Қос*** + *қызыл* (құдық. Жамбыл обл., Талас ауд.)
***Қос*** + *қызыл* + *шоқы* (тау. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Қос*** + *лақ* (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Қос*** + *мола* (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Қос*** + *мұрын* (тау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қос*** + *оба* (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Қос*** + *өзек* (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қос*** + *өзен* (е.м. Алматы обл., Іле ауд.)
***Қос*** + *өрен* (көл. СҚО, Тимирязев ауд.)
***Қос*** + *сары* (таулар. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Қос*** + *серкеш* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Қос*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Қос*** + *сортаң* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Қос*** + *тақыр* (тұзды көл. Павлодар обл., Шарбақты ауд.)
***Қос*** + *тал* (өзен. Алматы обл., Павнфилов ауд.)
***Қос*** + *там* (бейіт. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қос*** + *тана* + *ай* (қала. Қостанай обл.)
***Қос*** + *тарақ* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Қос*** + *тау* (таулар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қос*** + *терек* (е.м. ШҚО, Үржар ауд.)
***Қос*** + *тоғай* (қоныс. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Қос*** + *тоған* (е.м. Жамбыл обл., Меркі ауд.)

***Қос*** + *томар* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Қос*** + *төбе* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Қос*** + *түйін* (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)
***Қос*** + *уан* (бейіт. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қос*** + *уақ* (өзен. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Қос*** + *үйеңкі* (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
***Қос*** + *шағыл* (сор. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Қос*** + *шеген* (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Қос*** + *шоқы* (тау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Қос*** + *шығыр* (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Қос*** + *шың* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Қос*** + *шыңырау* (жайлау. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Қос*** + *шілік* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Қос*** + *істек* (өзен. Ақтөбе обл., Қарғалы ауд.)

Мұндағы *Қосағыл* атауының екінші сыңары *ағыл* – көне түркі. «атқора, қоршау; ауыл» мағынасын беретін сөз [46;38].

*Қосайыз* – мұндағы *айыз* көне түркі. < *ағыз* «ауыз; өңеш» сөзі [60;81]. Қаз. *айызы қану* тіркесінде сақталған, мағынасы «шөлі қану». *Қосайыз* атауы «қосауыз құдық» мағынасын береді деуге болады.

*Қосөрен* – мұндағы *өрен* сөзінің бір мағынасы «туыс-туған» өрен-жаран қос сөзінде кездеседі (ҚТТС, 7т, 567). *Қосөрен* көлі «бір жерден су қорегін алатын туыс көлдер» мәнін бермек.

*Қостанай* ойконимінің құрамы *Қос+тана+ай* тұлғаларынан тұрады. Мағынасы «екі танадай ғана, шағын саз, батпақ, тоқтаған су» болуы ықтимал. Қостанай қаланың аты болмастан бұрын микротопоним болғаны анық.

*Қосуан* – мұндағы *уан/уаң* сөзін көптеген зерттеушілер қыт. *ван* (князь» лауазым атынан шығарады. Алайда Қазақстанның әр аймағынан табылып отырған *уан* атауы бұл пікірді теріске шығарады. Уан/уаң сөзі, көбінесе, төбе, жоталарға қатысты айтылатындықтан, моңғ. *увааи* «сопақ, ұзынша» сөзінен шығатын сияқты.

*Қосістек* – мұнда *істек* сыңары Ақтөбе диалектісінде «айыр» мағынасын береді.

14) **«Қырық»** сан есімі + зат есім

*Қырық* сөзі «отыз тоғыздан кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 7т, 14) аты екені мәлім. Топонимжасамда «табиғи нысанның нақты қырық санынан гөрі біршама мол, көп шоғырын топтап айту» мәні басым болып келеді (М.: қырық жамау, қырық құбылады тіркестері тәрізді).

***Қырық*** + *бақыр* (жұрт. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Қырық*** + *басан* (тау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

***Қырық*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Қырық*** + *көшек* (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Қырық*** + *қазық* (қыстау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қырық*** + *қара* + *ши* (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Қырық*** + *қора* (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Қырық*** + *құдық* (қоныс. ШҚО, Абай ауд.)
***Қырық*** + *мылтық* (тақыр. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Қырық*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Қырық*** + *төбе* (қоныс. Атырау обл., Исатай ауд.)

15) **«Мол»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Мол* сөзі «көп, сан жетпес» (ҚТТС, 7т, 225) мағынасымен жер-су аттарын жасайды да, «табиғи нысанның санауға келмейтін көп екенін» білдіреді.

***Мол*** + *айдар* (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Мол*** + *база* (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
***Мол*** + *бұлақ* (е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
***Мол*** + *жыра* (жайлау. БҚО, Сырым ауд.)
***Мол*** + *көл* + *сай* (өзен. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Мол*** + *шат* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)

***Молдыкөл*** (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.) нұсқасы да кездеседі. Мұндағы – *ды* басы артық тұрған туынды сын есім жұрнағы.

16) **«Мың»** сан есімі + зат есім

*Мың* есептік сан есімі «он жүздің қосындысынан тұратыны» (ҚТТС, 7т, 282) белгілі. Ал топонимжасамда, әрине, нақты мың санын емес, «табиғи нысанның мол, аса мол» екенін айғақтап тұрады.

***Мың*** + *адыр* (таулар. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Мың*** + *арал* (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Мың*** + *атыз* (қыстау. Қостанай обл., Қарасу ауд.)
***Мың*** + *бұлақ* (тау. ОҚО, Қазығұрт ауд.)
**Мың** + *жылға* (жота. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Мың*** + *жылқы* (қоныс. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Мың*** + *жылқы* + *жайлау* (қоныс. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Мың*** + *киік* (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Мың*** + *көл* (көл. Павлодар обл., Железин ауд.)
***Мың*** + *қайнар* (қорымдар. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
***Мың*** + *қауға* (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Мың*** + *қора* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Мың*** + *құдық* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)

***Мың*** + *сай* (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Мың*** + *тас* (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Мың*** + *теке* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Мың*** + *томар* (көл. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Мың*** + *төбе* (қорым. ОҚО, Сарыағаш ауд.)
***Мың*** + *төбе* + *тау* (қоныс. Атырау обл., Исатай ауд.)
***Мың*** + *шұқыр* (көл. СҚО, Шал Ақын ауд.)
***Мың*** + *шұңқыр* (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.)
***Мың*** + *шұрат* (қоныс. Алматы обл., Балқаш ауд.)

17) **«Он»** сан есімі + зат есім

*Он* сөзі «тоғыздан кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 7т, 425) аты, сан есім. Топонимжасамда «біртекті табиғи нысанның нақты он екенін немесе шағын бір тобын» білдіру арқылы біріккен атаулар жасайды.

***Он*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Он*** + *жас* (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
***Он*** + *кере* (бұлақ. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Он*** + *құдық* (құдық. Маңғыстау обл.,Бейнеу ауд.)

Мұндағы *кере* сыңары «кере қарыс», «кере құлаш» ұғымдарына қатысып, ұзындық өлшемін білдіріп тұр. *Онкере* гидронимі «ені он қарыс, не ұзындығы он құлаш бұлақ» мағыналарының бірін береді.

*Он* дара сан есімі тағы бір дара сан есіммен тіркесіп барып, күрделі сан есімге айналатыны белгілі. Егер табиғи нысанның мөлшері күрделі санға келіп тұрса, онда кез келген күрделі сан атау құрамына ене алады. Ондай күрделі атаудан бір ғана үлгі кездесіп отыр:

***Онбес*** + *құлаш* (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)

«Онбес құлаш тереңдіктен су шыққан құдық» мағынасындағы атау. Ертеде құдық қазушы шеберлер құдық тереңдігін құлаштаған арқанмен өлшегені белгілі.

**18) «Сегіз»** сан есімі + зат есім

*Сегіз* есептік сан есімі «жетіден кейінгі сан» мағынасында қолданылады және топонимжасамға да осы мәнмен қатысып, «нақты сегіз табиғи нысанды» атап көрсетеді.

***Сегіз*** + *құм* (е.м. БҚО, Сырым ауд.)
***Сегіз*** + *қырқа* (қоныс. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Сегіз*** + *саяқ* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)
***Сегіз*** + *үй* (е.м. БҚО, Сырым ауд.)

Мұндағы *Сегізсаяқ* атауы «үйірден айғыр қуып жіберген бойдақ жылқылар санын, немесе бөлек, оқшау тұрған сегіз геонысанды» білдіреді.

19) **«Тақ»** сан-мөлшер мәнді сөзі + зат есім

*Тақ* сөзінің негізгі бір мағынасы «жұппен алмасып келіп отыратын сан (1,3,5,7)» болса, оның ауыспалы мағынасы «жеке, дара, жалғыз» (ҚТТС, 8т, 547) болып келетіні анықталған. Осы соңғы семантикасы топонимжасамға қатысып, «жеке, жалғыз тұрған табиғи нысанды» таңбалайды.

***Тақ*** + *моншақ* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Тақ*** + *сай* (тж. айрығы. БҚО, Теректі ауд.)
***Тақ*** + *сары* (шоқы. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Тақ*** + *сор* (көл. Қостанай обл., Таран ауд.)
***Тақ*** + *тақ* (тау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

Мұндағы *Тақтақ* оронимі *тақ* «жалғыз, дара» + *тақ* көне түркі. *тағ* «тау» сөздерінен бірігу арқылы жасалғаны байқалады. Мағынасы: «жеке тұрған жалғыз тау».

20) **«Тоғыз»** сан есімі + зат есім

*Тоғыз* есептік сан есімі «сегіз бен онның аралығындағы санды» білдіретіні мәлім (ҚТТС, 9т, 156). Топонимжасамда «тура тоғыз санымен саналатын табиғи нысанды, не бір шағын нысандар тобын» атап көрсетеді. Оған қоса *тоғыз* түркілердің киелі сандарының біріне жататынын да ескерген жөн.

***Тоғыз*** + *ақ* (шың. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тоғыз*** + *балауса* (қоныс. СҚО, Мамлют ауд.)
***Тоғыз*** + *бұлақ* (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Тоғыз*** + *кебен* (қыстау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.)
***Тоғыз*** + *кент* (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)
***Тоғыз*** + *кен + тау* (тау. ОҚО, Созақ ауд.)
***Тоғыз*** + *көл* (ескі жұрт. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Тоғыз*** + *қамыс* (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
***Тоғыз*** + *құдық* (көл. Павлодар обл., Железин ауд.)
***Тоғыз*** + *құмалақ* (тау бөктері. Алматы обл., Ақсу ауд.)
***Тоғыз*** + *тарау* (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.)

Мұндағы *Тоғызақ* оронимі «тау басында қысы-жазы жататын тоғыз шақты қар қалдығын» меңзейді.

*Тоғызкебен* - мұндағы *кебен* сыңары Батыс Қазақстан, Торғай өңірлерінде «үйілген шөп, отау» мәнінде қолданылатын диалект сөз [107; 490]. Топоним «тоғыз отау, немесе отауға ұқсас төбелер» мағынасында тұр.

*Тоғызқұмалақ* – «тоғыз біркелкі жұмыр төбелер немесе қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ шаршысына ұқсас жер» мәндерінің бірін береді.

21) **«Тоқсан»** сан есімі + зат есім

*Тоқсан* сөзі «сексен тоғыздан кейінгі есептік санның» аты (ҚТТС, 9 т, 171). Топонимжасамда сирек қолданылады және «табиғи нысанның біршама мол екенін» білдіру мақсатында атау құрамына енеді.

***Тоқсан*** + *сай* (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.)

22) **«Төрт»** сан есімі + зат есім

«Үштен кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 8т, 243) аты болып келетін *төрт* сөзі топонимжасамға қатыса алады және «біртектес төрт табиғи нысанды» атап көрсетеді.

***Төрт*** + *ай* (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Төрт*** + *бастау* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Төрт*** + *көз* (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.)
**Төрт** + *көл* (қыстау. ШҚО, Үржар ауд.)
***Төрт*** + *көл* + *сай* (қоныс. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Төрт*** + *көң* (қыстау. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Төрт*** + *күл* (төбе. ШҚО, Күршім ауд.)
***Төрт*** + *қара* (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Төрт*** + *құдық* (қоныс. СҚО, Айыртау ауд.)
***Төрт*** + *құлақ* (бейіт. Қызылорда обл., Арал ауд)
***Төрт*** + *пішен* (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
***Төрт*** + *тақыр* (қоныс. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Төрт*** + *тау* (жұрт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Төрт*** + *төбе* (төбе. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Төрт*** + *үй* (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)

23) **«Үш»** сан есімі + зат есім

*Үш* есептік сан есімі «екіден кейінгі есептік санның» (ҚТТС, 10т, 17) аты және осы мәнде топонимжасамға қатысып, «нақты біртекті үш табиғи нысанды» атап көрсетеді.

***Үш*** + *ағаш* (ауыл. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Үш*** + *айрық* (өзен. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Үш*** + *ана* (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Үш*** + *арал* (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Үш*** + *аша* (е.м. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Үш*** + *аша* + *сай* +*бас* (өзен. Ақмола обл., есіл ауд.)
***Үш*** + *ащы* (е.м. ШҚО, Үржар ауд.)
***Үш*** + *балық* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Үш*** + *бас* (өзен. ОҚО, Созақ ауд.)
***Үш*** + *биік* (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
***Үш*** + *бұлақ* (асу. ШҚО, Тарбағатай ауд.)

***Үш*** + *бұлақ +тұма* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Үш*** + *емшек* (асу. Жамбыл обл., Меркі ауд.)
***Үш*** + *жал* (қоныс. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Үш*** + *жарма* (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Үш*** + *жыңғыл* (төбе. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Үш*** + *келіншек* (қыстау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Үш*** + *кемпір* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Үш*** + *көл* (көл. СҚО, Тайынша ауд.)
***Үш*** + *көмей* (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.)
***Үш*** + *көпір* (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.)
***Үш*** + *күнгей* (асу. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Үш*** + *қағыл* (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
***Үш*** + *қайқаң* (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Үш*** + *қайнар* (қоныс. Алматы обл., Ескелді ауд.)
***Үш*** + *қайың* (таулар. ШҚО, Аягөз ауд.)
***Үш*** + *қақ* (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Үш*** + *қалмақ* (қоныс. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Үш*** + *қамыс* (көл. СҚО, Ақжар ауд.)
***Үш*** + *қара* (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Үш*** + *қарағай* (өзен. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Үш*** + *қара + қобы* (қоныс. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Үш*** + *қара +су* (өзен. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
***Үш*** + *қара + тал* (қоныс. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Үш*** + *қасқа* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Үш*** + *қолқа* (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Үш*** + *қоңыр* (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Үш*** + *қорған* (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.)
***Үш*** + *құдық* (жайлау. ШҚО, Абай ауд.)
***Үш*** + *құлын* (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Үш*** + *құр + сай* (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Үш*** + *құю* (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Үш*** + *қызыл* (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.)
***Үш*** + *мола* (қоныс. Алматы обл., Қаратал ауд.)
***Үш*** + *оба* (бейіт. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
***Үш*** + *отар* (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Үш*** + *өзек* (арна. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Үш*** + *өзен* (өзен. ОҚО, Түркістан қ.ә.)
***Үш*** + *пура* (жұрт. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Үш*** + *сай* (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Үш*** + *сақау* (өзен. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Үш*** + *сарт* (е.м. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.)
***Үш*** + *сары* (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

***Үш* + *сор*** (е.м. Қостанай обл., Таран ауд.)
***Үш* + *таған*** (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Үш* + *таған* + *төбе*** (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Үш* + *таған* + *тұз*** (көл. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
***Үш* + *там*** (қоныс. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
***Үш* + *там* + *мұрын*** (қоныс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Үш* + *тарау*** (өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Үш* + *тас*** (е.м. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Үш* + *тау*** (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Үш* + *терек*** (е.м. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Үш* + *тоғай*** (е.м. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
***Үш* + *төбе*** (тау. ШҚО, Жарма ауд.)
***Үш* + *фонтан*** (көл. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Үш* + *шал*** (жайлау. ШҚО, Семей қ.ә.)
***Үш* + *ши*** (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Үш* + *шоқы*** (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)

Мұндағы *Үшқұю* атауы тура мағынасында «үш құдық» мәнін береді, өйткені көне түркі. *құй* > *құйы* «құдық» деген сөз болған [38;228].

*Үшпура* – дұрысы *Үшбура* атауы. Ілгерінді ассимиляция құбылысы бойынша ұяң *б* қатаң *п*-ға алмасқан.

*Үшфонтан* атауын келешекте үлгі етпесін деп әдейі тізімге енгіздік, себебі *фонтан* кірме сөзінің өзі қазіргі кезде *бұрқақ* түрінде аударылып қолданылады.

Қорыта келгенде, **сан есім + зат** есім және **сан-мөлшер мәнді сөз + зат есім** үлгілерімен алуан түрлі тамаша топонимдер жасалғанын көреміз. Ол топонимдер қазақ тілінің сөзжасамдық қабілетін танытып қана қоймайды, қазақ халқының бүкіл болмысын, дүниетанымын паш етіп тұрады. Келтірілген үлгілердің кез келгенін жаңа табиғи нысанға ұялмай ұсынуға болады немесе осы үлгілерге сүйеніп, тың атаулар қалыптастыруға жол ашады.

### 4.5 Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған өнімсіз күрделі атаулар үлгілері

Алдыңғы тарауларда жүргізілген зерттеулер қазақ тілінің топонимжасамында ең өнімді типтерге **сын есім + сын есім, зат есім + зат есім, сан есім + зат есім** модельдері жататынын көрсетті. Сонымен бірге аналитика-семантикалық әдіспен жасалатын біраз өнімсіз күрделі атаулар үлгілері де кездеседі. Атап айтқанда **сын есім + сын есім, зат есім + сын есім, зат есім + етістік т.б.**

Бұл өнімсіз үлгілердің қазақ тілі сөзжасамындағы өзі тұлғалас үлгілерден сәл-пәл өзгешелігі бар. Ол өзгешелік – жалқы есімдерге тән

болып келетін субстантивтену заңдылығы. Мәселен, **сын есім + сын есім** үлгісіндегі *Сарықасқа* атауындағы *қасқа* сыңары, **зат есім + сын есім** үлгісіндегі *Қойсары* атауындағы *сары* сыңарын таза сапалық сын есім мәнінде тұр деп айту қиын. Олар «қасқа тау», «сары түсті төбе» мәніндегі зат есімге, дәлірек айтсақ, географиялық терминге жақын мағыналанады. Сондықтан аталып отырған үлгілердегі сөз таптарында шарттылық басым болып келеді.

Қалай болса да, екі не үш құрамды күрделі атауларда, дәл сөзжасамдағыдай, жаңа мағына пайда болатыны сөзсіз және ол мағына атау жасауға қатысып отырған сыңарлардың мағынасынан алшақ кетпейді: *Қараала, Далаашық, Ағысбер т.б.*

Көптеген ғалымдар (Г.И.Донидзе т.б.) күрделі атаудың анықтауышы (алдыңғы сыңары) етістіктен болған жағдайда оған -ған, -ген; -ар, -ер, -р есімше қосымшалары, -ды, -ді жедел өткен шақ қосымшалары арқылы жасалған тұлғаларды жатқызады: *Нарөлгенсай, Қайнарбұлақ, Керегесалды т.б*. [124;30-31]. Біздің зерттеуде бұлар туынды топонимдер бөлімінде қарастырылады, өйткені ол атаулардың синтетикалық жолмен жасалып тұрғаны айқын. Жоғарыда айтып өткендей топонимжасамда сөз табы критерийі маңызды емес, жаңа мағыналы сөздің (атаудың) қалыптасуы маңызды болмақ. Сонымен бірге бір логикалық өрісті екінші бір логикалық өріспен араластырып жіберуге болмайды.

Бұдан аналитика-семантикалық жолмен жасалатын күрделі атаулар құрамына етістік кірмейді екен деген ой тумауға тиіс. Түбір етсітіктер де қатыса алады. М.: *Алғабас, Ағысбер, Қымызал, Қызқаш т.б.*

**А) Сын есім + сын есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Біріккен күрделі сын есімдер қазақ тілі сөзжасамының өзінде көп емес: *көнетоз, көнтері, тілалғыш, есерсоқ, т.б.* Ал тіркесті күрделі сындар тілден кең орын алады. Олар сөзді танудың емле белгісіне бағынбайды. Тіркесті күрделі сындар неше сыңардан құралса да, оның сыңарлары бөлек-бөлек жазылады. М.: *ақ сары, күрең қызыл, қара қошқыл т.б.* [3;357]. Біздің **сын есім + сын есім** үлгісі деп танып отырғанымыз дәл осы тіркесті күрделі сын есімдер, алайда олар жалқы есімнің жазылу талабына орай бірге жазылады.

Сілтеме жасалып отырған еңбекте («Қазақ грамматикасы, 2002») осы үлгіні **сапа сыны + сапа сыны** түрінде келтіреді, алайда екеуінің заты бір. Толық мағыналы екі сөзден күрделі сындық мағына туады. М.: *Ақсары, Жуанқоңыр, Керала, Қарақұла* т.б. Жоғарыда атап өткендей **сын есім + сын есім** үлгісімен жасалған күрделі атаудың екінші сыңарында заттық мәннің реңкі байқалып тұрады: *Көкащы, Кеңқара, Қарасерек* т.б.

Күрделі сын есімнен жасалған атаулар географиялық нысанның күрделенген ерекше белгісін білдіреді де, нысанның өз атын (географиялық терминді) атамайды. Сондықтан күрделі сын есімді топонимдерді эллипсис құбылысына ұшыраған деуге толық негіз бар. Мәселен, сол күрделі сын есімнен жасалған топонимдер *Керала (дала), Қарақасқа (тау), Қараащы (көл)* тұлғаларында болуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз.

***Ақсақ + сары*** (тау. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
***Ашық + тайпақ*** (сор. Маңғыстау обл.,)
***Ащы + кең*** (өзен. СҚО, Ақжар ауд.)
***Бай + қоңыр*** (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Баян + қызыл*** (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
***Баян + шаған*** (шабындық, ШҚО, Катонқарағай ауд.)
***Жуан + қоңыр*** (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Жуан + сары*** (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Кең + қара*** (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Кең + сары*** (жайлау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Кер + ала*** (құдық. БҚО, Ақжайық ауд.)
***Көк + ащы*** (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Көк + қасқа*** (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Күрең + ала*** (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қара + ала*** (тау. ШҚО, Ұлан ауд.)
***Қара + алы*** (төбе. Қызылорда обл., Арал ауд.)
***Қара + ащы*** (е.м. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қара + бұдыр*** (құм. БҚО, Бөкей ордасы ауд.)
***Қара + бұжыр*** (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қара + қасқа*** (қоныс. Ақмола обл., Егіндікөл ауд.)
***Қара + қоңыр*** (тж. бекеті. ОҚО, Отырар ауд.)
***Қара + құла*** (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
***Қара + салпы*** (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қара + сары*** (төбе. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
***Қара + серек*** (таулар. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Қара + суық*** (е.м. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Қара + тақыр*** (жайлау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Қара + тентек*** (өзен. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Қара + тоқал*** (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Қара + түлей*** (сор. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Қызыл + кең*** (қыстау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Қызыл + қара*** (жұрт. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Сары + ала*** (көл. СҚО, Тайынша ауд.)
***Сары + қасқа*** (көл. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)

***Сұлу + сары*** (е.м. Қостанай обл., Қамысты ауд.)
***Терең + қызыл*** (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)

Үлгілер тізіміндегі *Баянқызыл, Баяншаған* топонимдерінің бірінші сыңарындағы *баян* сын есімі моңғ. *баян* «бай» сөзі екені мәлім. Осыған ұқсас *Байнала* (тау. ШҚО, Күршім ауд.) оронимі бар, алайда ол моңғ. *байн* «үздіксіз; әлсін-әлсін» + *ала* (<уул) «тау» сөздерінен шығатыны байқалады.

Сонымен бірге сын есімнің күшейтпелі шырайы арқылы жасалған екі үлгі кездеседі: ***Аппақ*** (е.м. ОҚО, Созақ ауд.), ***Сапсары*** (қоныс. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.). Бұл жаңа мағына тудырып, жаңа атау жасамаса да, шыраймен түрленген сын есімдердің жер-су атын жасауы мүмкін екенін көрсетеді.

**Ә) Зат есім + сын есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Қазақ тілі сөзжасамында **зат есім + сапа сыны** үлгісімен жасалған күрделі сөздер біршама мол кездеседі: *томаға тұйық, мақпал қара, теке сары, қозы күрең, түлкі бұлаң т.б.* [3;360]. Ғалымдар осы үлгімен жасалған күрделі сындардың кейбірінің тұрақты тіркес сияқты басқа мағына беретінін (*томаға тұйық* «ауыр мінез; үндемейтін адам»), кейбірінің тура мағына жасайтынын (*теке сары* «текедей сары») байқаған (сонда).

Топонимжасамда анықталып отырған азын-шағын **зат есім + сын есім** үлгісіндегі атаулар да тура осылардай тіркесіп келеді және мағынасы тым жалпыланбай, нақтылық сипатқа ие болады. М.: *Дөңала, Қойсары, Құланқызыл* т.б. Оның басты себебі – табиғи нысандардың болмыста бар шын дүние екендігінде болса керек.

Екінші жағынан алғанда, географиялық нысанға есім ойлап табушы ата- бабаларымыз атаулардың қайталанып келуінен қашып, біріккен сөздердің орнын әдейі ауыстырып қолданғандай әсер қалдырады. Мәселен, *Далаашық <= Ашықдала, Дөңқызыл <= Қызылдөң, Боржақсы <= Жақсыбор, Шоқыақ <= Ақшоқы т.б.*

Қалай десек те, **зат есім + сын есім** үлгісінде аз болса да, жерімізге жарасымды әдемі атаулар жасалатынын көреміз.

***Ағыны + қатты*** (өзен. Алматы обл., Сарқан ауд.)
***Ай + сары*** (тж. бекеті. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.)
***Ат + жақсы*** (өзен. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Бор + жақсы*** (қоныс. Ақмола обл., Егіндікөл ауд.)
***Гүл + сары*** (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Дала + ашық*** (қоныс. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Дән + ала*** (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.)
***Дөң + қызыл*** (орман. СҚО, Есіл ауд.)

***Дөң + сары*** (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Еспе + ашық*** (қоныс. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
***Ешкі + аман*** (бұлақ. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Жарық + қара*** (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
***Жол + қызыл*** (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Көңіл + кең*** (қоныс. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Қой + сары*** (е.м. Атырау обл., Жылыой ауд.)
***Құлан + қызыл*** (қоныс. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Тас + қара + ала*** (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Түрі + жаман*** (тұзды көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Шайтан + семіз*** (бұлақ. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Шоқы + ақ*** (қоныс. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)

**Б) Сан есім + сын есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Қазақ тілі сөзжасамында **сан есім + қатыстық сын есім** үлгісі кездескенімен, **сан есім + сапа сыны** үлгісі қарастырылмаған. Э.М.Мурзаевтың түркі топонимдерінің құрылымдық типтерін жіктеген кесетесінде де **сан есім + сын есім** үлгісі кездеспейді [124;32]. Оның себебін бұл үлгінің өнімсіз болғандығынан іздеген жөн.

Қазақ топонимиясында **сан есім + сын есім** үлгісімен жасалған атаулар кездеседі, алайда олардың екінші сыңарында келіп отыратын сын есімдерде заттық мән басым түсіп отырады. Дегенмен таза тұлғалық жағынан алып қарағанда, олардың субстантивтенуіне назар аудармасақ, кәдімгі сапалық сын есімдерді көреміз.

***Бес + қасқа*** (көл. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Егіз + қара*** (қыстау. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Егіз + қызыл*** (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Тақ + сары*** (шоқы. Ақмола обл., Аршалы ауд.)
***Үш + қызыл*** (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Үш + сары*** (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

**В) Зат есім + етістік үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

**Зат есім + етістік** үлгісінің екінші сыңарына көптеген ғалымдар есімше, болымсыздық етістік тұлғаларын жатқызады. Мәселен, өсімдік аттарын жан-жақты зерттеген профессор Б.Қалиұлы зат **есім + етістік** үлгілеріне *тасжарған, күнбағар, құсқонбас, шыбынқуғыш* тәрізді фитонимдерді жатқызады [102;35].

Бұл дұрыс, дегенмен біз аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдер үлгісін қарастырып отырған тарауға қосымшаларды араластырмауды көздедік. Біз ұсынып отырған үлгідегі етістіктер, негізінен, бұйрық райдың екінші жағына жатады да, «табиғи нысанды қалай мекен-

деп, игеру керектігін нұсқап» тұратындай *(Қойбақ, Қымызал, Батаоқы т.б. )*

***Ағыс + бер*** (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Аяқ + бас*** (е.м. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Бата + оқы*** (мола. Павлодар обл., Май ауд.)
***Қара + кес*** (жұрт. БҚО, Жәнібек ауд.)
***Қой + бақ*** (қыстау. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
***Қыз + қаш*** (жота. Алматы обл., Сарқант ауд.)
***Қымыз + ал*** (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.)

Еліміздің топокеңістігінде осы үлгінің орын ауыстырған түрі, яғни **етістік + зат есім** үлгісіне бірді-екілі мысалдар ұшырасады. Атап айтқанда:

***Сау + қайың*** (өзен. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
***Сау + құдық*** (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Тірел + сай*** (өзен. Алматы обл., Ақсу ауд.)

**Г) Үстеу + зат есім**

«Қзіргі қазақ тіліндегі үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және «грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер» (Қазақ грамматикасы, 2002, 545) екені айқын. Топонимжасамда **үстеу + зат есім, үстеу + етістік** үлгілерінде көрініс береді. Соңғы үлгіге бір ғана атау жатады және оның өзі кеңестік атау: ***Алға +бас*** (е.м. Ақмола обл., Астрахан ауд.)

**Үстеу + зат есім** үлгісімен жасалған күрделі топонимдер мыналар:

1) **«Бөлек»** үстеу сөзі + зат есім

*Бөлек* сөзі «өз алдына, жеке; оқшау» ҚТТС, 2т, 409) мағыналарымен үстеулер қатарына енеді. Топонимжасамда «оқшау, оңаша тұрған табиғи нысандарды» атап көрсетеді.

***Бөлек*** + *аяқ* (көл. Атырау обл., Индер ауд.)
***Бөлек*** + *қызыл* (тау. ОҚО, Созақ ауд.)
***Бөлек*** + *мола* (бейіт. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
***Бөлек*** + *саз* (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Бөлек*** + *тау* (қоныс. Ақмола обл., Сандықтау ауд.)

2) **«Көлденең»** үстеу сөзі + зат есім

*Көлденең* үстеуі «кесе, көлбеу, тік емес» (ҚТТС, 5т, 143) мағынасын береді және топонимжасамда «бір табиғи нысанға екінші бір нысанның кесе-көлденең келуін» анықтап тұрады.

***Көлденең*** + *бел* (қоныс. Алматы обл., Іле ауд.)
***Көлденең*** + *өзен* (жұрт. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
***Көлденең*** + *сай* (қыстау. БҚО, Қаратөбе ауд.)
***Көлденең*** + *сор* (тұзды көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Көлденең*** + *су* (өзен. ШҚО, Абай ауд.)
Тіркесті атау да жасалады:
***Көлденең*** *Темір* (өзен. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

3) **«Құр»** үстеу сөзі + зат есім

Құр сөзінің бір мағынасы «бекер, бос, текке, жай» (ҚТТС, 6т, 490) болып келеді де, үстеу сөз табына жатады. Топонимжасамда «болуға тиісті нысаны жоқ, бос қалған екінші нысанды» атап көрсетеді.

***Құр*** + *аша* (жыра. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Құр*** + *бет* + *көл* (көл. Қостанай обл., Ерейментау ауд.)
***Құр*** + *бұлақ* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Құр*** + *жай* (көл. СҚО, Мамлют ауд.)
***Құр*** + *жаман* (өзен. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Құр*** + *жар* (қоныс. ШҚО, Абай ауд.)
***Құр*** + *жыра* (қоныс. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Құр*** + *көл* (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.)
***Құр*** + *қаба* (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Құр*** + *қамыс* (көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
***Құр*** + *қара* (өзен. Алматы обл., Райымбек ауд.)
***Құр*** + *қарағай* (өзен. СҚО, Айыртау ауд.)
***Құр*** + *қопа* (батпақ. Ақмола обл., Бұланды ауд.)
***Құр*** + *қуыс* (е.м. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.)
***Құр*** + *құдық* (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Құр*** + *құс* (арна. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Құр*** + *құшақ* (көл. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
***Құр*** + *сай* (е.м. БҚО, Жәнібек ауд.)
***Құр*** + *сор* (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Құр*** + *тоғай* (қоныс. Алматы обл., Үйғыр ауд.)
***Құр*** + *торғай* (тау. Алматы обл., Талғар ауд.)
***Құр*** + *төбе* (тау. Алматы обл., Алакөл ауд.)
***Құр*** + *ұста* (қоныс. Ақмола обл., Аққөл ауд.)
***Құр*** + *шілік* (өзен. Алматы обл., Қапшағай қ.ә.)
Тіркесті атаулар:
***Құр*** *Жем* (өзен. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)
***Құр*** *Келес* (өзен. ОҚО, Сарыағаш ауд.)

Ескерту: *Құр* сөзі «тауық тұқымдас құстың аты» және *құр* «мінілмеген, тың ат» мағыналарын беретінін де ескерген жөн.

**Ғ) Қосарлы күрделі атаулар**

Тіліміздегі қос сөздердің жасалуы, сонау орхон жазба ескерткіштерінде кездесетін *арқыш-тіркіш, ічін-ташын* сияқты қос сөздерден бастап, біршама толық зерттелді десе де болады. Барлық ғалымдар қос сөздерді жаңа сөзжасамдық мағына жасайтын туынды сөздер деп таниды және екіншілік мағына жасауға себепші негіздердің арасында мынадай байланыстар бар деп табады:

1) мағыналары жақын, мәндес себепші негіздер қайталанып, атаудың номинативтік ерекше белгісін анықтайды (*жүн-жұрқа, бала-шаға, жетім-жесір т.б.).*

2) мағыналары қарама-қарсы себепші негіздер қайталанып, ерекше мағынаны туғызады *(бұрын-соңды, алды-арты, әрі-бері, үлкенді-кішілі т.б.);*

3) сандық және сапалық жағынан бір-бірімен ыңғайлас, мәндес себепші негіздер қайталанып, жаңа туынды мағына жасайды (*бес-алты, қырық-елу, әке-шеше, ине-жіп т.б.);*

4) қимыл-қозғалыстық мәнді сөздер бір-бірімен қосарланып келіп, сөзжасамдық жаңа мағына туғызып, туынды сөз ретінде таныла алады *(жата-жастана, келе-келе, айта-айта т.б.)* [1; 254-255].

Топонимжасамда сөзжасамдағыдай қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама жолы арқылы жасалғанмен, «қос сөздің сыңарлары бір сөз табына жатуы тиіс, мағыналары тең болуы керек, буын саны үндесіп келуі қажет» деген талаптар қатаң сақтала бермейді. Мұнда, негізінен, қос сөздердің бәріне тән болып келетін жинақтау, жалпылау мәні алға шығады. Көбінесе, аумағы бір атауға сыймайтын көлемді жерлерді атау үшін, көрші топонимді қосақтап айту жиі кездеседі. *М.: Қойтас- Талды, Нұра-Есіл, Ақсу-Аюлы т.б.* Кейде бір табиғи нысанның орнын нақтылап атап көрсету мақсатында, көрші тұрған нысандардың аттарын қосып жіберу қолданылады. М.: *Айыртам-Ой ескерткіші, Арасан-Қапал курорты т.б.* Енді бірде жолдың, каналдың бас-аяғын айқындап тұратын топонимдерді қосарлап атау қалыптасқан. М.: *Жайық-Каспий каналы, Алматы-Талдықорған тас жолы т.б.*

Қосарлы атаулардың көпшілігі ресми сипатта пайда болғанмен, келешекте көптеген күрделі топонимдер тудыруға әлеуеті бар тиімді тәсіл болып табылады.

| | |
|---|---|
| ***Айбас-Қайбас*** | (сор. БҚО, Бөкей ордасы ауд.) |
| ***Арасан-Қапал*** | (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.) |
| ***Арыс-Түркістан*** | (канал. ОҚО, Ордабасы ауд.) |
| ***Аса-Талас*** | (канал. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.) |
| ***Асмантай-Матай*** | (сор. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| ***Жаркент-Арасан*** | (ауыл. Алматы обл., Панфилов ауд.) |

***Көктал-Арасан*** (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
***Қамыс-Самар*** (көлдер.БҚО, Жаңақала ауд.)
***Қарабура-Қасқа*** (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.)
***Қарасу-Байсерке*** (өзен. Алматы обл., Іле ауд.)
***Нұра-Есіл*** (канал. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
***Нұра-Сарысу*** (канал. Қарағанды обл., Абай ауд.)
***Орақ-Балға*** (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Шу-Іле*** (таулар. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
***Іле-Алатау*** (ұлттық қорық. Алматы обл., Талғар ауд.)

Төртінші тарауды қорыта келгенде, бұрын айтылып жүргендей, түркі топонимжасамында **аналитика-семантикалық** жолмен жасалған атаулар басым болып келеді деген пікір расталып отыр. Мәселен В.А.Никонов түркі топонимдерінің, көбінесе, екі құрамды болып келуі, атаулар құрамында жиі қайталанып келетін белгілі бір мөлшердегі географиялық номендердің болуы өзіндік ерекшелігі екенін атап көрсетеді [53;103]. О.Т.Молчанова да түркі тілді топонимдердің көпшілігі екі құрамды болатынын, топонимжасамға номендердің көп қатысатыны мен жиі қайталанып отыратынын және атау сыңарларының орналасуында белгілі бір тәртіп болатынын (номендер үнемі соңғы позицияда тұрады) байқайды [96;103].

Түркі топонимиясында кездесетін осындай өзіндік ерекшеліктер қазақ топожүйесінде де бар екенін күрделі атаулар үлгілерінен айқын көреміз. Біз қазақ топонимдерінің аналитика-семантикалық жолмен жасалған үлгілерінің басым бөлігі біріккен атаулардан тұратынын және тіркесті, қосарланған атаулардың кездесетінін анықтадық.

# 5 ТОПОНИМЖАСАМНЫҢ СИНТЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ

Қазақ тілі сөзжасамын зерттеуге қатысқан ғалымдардың барлығы (А.Ысқақов, С.Исаев, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, А.Салқынбай т.б.) бірауыздан синтетикалық тәсілді сөзжасамның ең өнімді тәсілі деп таниды. Оның себебін тілші-ғалым, профессор Қ.Шаяхметұлы былайша атап көрсетеді: «Сөзжасам мен сөзөзгерімнің басқа да амал-тәсілдері бар болғанмен, солардың ішінде қосымшалар ең пәрменді, төтенше шара ретінде қазіргі сөздің құрылымдық құбылыстарында өзгеше оқшауланады. Бұл жағдайдың ақиқат-шындық екендігі түркі тілдерін бүтіндей типологиялық беті бойынша агглютинативті (жалғамалы) деп танудан-ақ байқалса керек. Демек, қосымшаларды түркі тілдерінің дериватологиялық және морфологиялық бейне-бітімін жан-жақты ашып білу үшін қажетті басты тетік, кілт десе де болғандай» [150; 8].

Синтетика-семантикалық тәсіл арқылы сөз жасау **лексикалық мағыналы сөз + сөзжасамдық жұрнақ** үлгісі бойынша жүретіні белгілі. М.: *көрер-мен, жүлде-гер, сән-қой* т.б. Мұндағы «лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап оның лексикалық мағынасы болуы» және «оның тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды, сондықтан туынды сөздің негіз сөзінің қызметін негізгі түбір сөз де, қысқарған сөз де атқара береді» [3;203].

«Қазақ грамматикасы» лексикалық бірлік, негіз сөз деп атап отырған терминді А.Салқынбай себепші негіз деп атайды да, «синтетика-семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған атау мағынасы себепші негіз бен сөз туғызушы тұлғаның мағынасы арқылы пайда болады» дейді [1;205].

Сөз туғызушы тұлғаның, яғни жұрнақтың тіл дамуында түбір сөзден қалған қалдық «жұрнақ» екені анықталған нәрсе және ол жұрнақ жаңа сөз жасауға негіз сөзбен тең дәрежеде қатысады. Ол туралы көрнекті ғалым С.Исаев мынадай ой айтады: «Сөзжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі негізінде сөзге (ол негізгі түбір немесе күрделі түбір болуы мүмкін және сөз табына қатысы яғни грамматикалық сипаты жағынан да әр түрлі болуы мүмкін) белгілі қосымша (жалаң я құранды, төл я кірме, көп мағыналы немесе омоним да болып келе береді) жалғану арқылы, бір жағынан, жаңа мағыналы сөз туады, ол мағына сөзжасам мағынасы деп аталады, екінші жағынан, сөйлеу процесінде сөзжасам мағынасының жалпылануы арқылы яғни екінші дәрежедегі граммтикалық сипат алып, жалпы граммтикалық мағына тууының негізінде және соған байланысты белгілі грамматикалық тұлғаларымен түрленуі я түрленбеуі негізінде жаңа туынды белгілі бір сөз табына

енеді, үшінші жағынан, әрбір қосымша қосылу арқылы жаңа сөз жасалу синтетикалық тәсілдің жеке-жеке сөзжасам үлгісі болып табылады, өйткені әрбір қосымша арқылы бір ғана сөз жасалып қоймайды, ондаған, жүздеген, тіпті мыңдаған сөз жасалады [137;274].

Сонымен бірге: «... синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың әрқайсының орны бар, негізгі морфема бірінші орында тұрады, көмекші морфема яғни жұрнақ екінші орында тұрады. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты», - дейді «Қазақ грамматикасының» авторлары [3;204].

Сөзжасам жұрнақтарының тағы бір ерекшелігі – олардың арасында сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, тек түрлендірумен шектелетін жұрнақтардың да болатындығы. М.: *әкетай, інішек, өзенше, белес* т.б.

Қазақ тілі топонимжасамында синтетика-семантикалық тәсіл жалпы сөзжасамдағыдай өнімді емес: аналитика-семантикалық жолмен жасалған атаулардан кейін қосымшалы атаулар келеді. Ал славян топонимиясында «аффиксация бірінші орын алатыны» белгілі [20;67].

Солай дегенімізбен, қазақ топожүйесінде **лексикалық бірлік + сөзжасамдық жұрнақ** үлгісімен жасалған туынды топонимдер аз емес. Э.В.Севортян айтқандай, «сөз тудырушы формалар өздерінің жалпылық сипатына қарамастан түркі тілдерінде шектеулі қолданыста болса» да, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» біршама мол, әдемі атаулар жасап шыққан [151;344].

Топонимжасамда негіз сөзді – топонегіз, сөзтудырушы жұрнақты – топоформант деп атау қалыптасқан. Топонегізге түбір атау мен күрделі атаулар бірдей қатыса береді, өйткені негіз сөздің тұлғасы емес, оның лексикалық мағынасы маңызды болып келеді *(Айдарлы, Ақбақалы, Ақсан Қоянды т.б.)*.

Бұдан біз, сөзжасамдағы негіз сөз бен жұрнақтың дәрежесі тең екенін білсек те, синтетикалық тәсілде қосымшаның салмағы артатынын аңғарамыз.

Топонимиканың классиктерінің бірі В.А.Никонов әр сөз өзіндік қатар, жүйе құрайтынын айта келіп, жеке тұрғанда ешқандай мәні жоқ кез келген жұрнақтың сөзжасамда өзіндік қатар түзетінін атап көрсеткен еді. М.: *читальня, спальня, красильня и т.д.* [76;218].

Бесінші тараудың өзі топонимжасамның синтетика-семантикалық тәсілін қарастыратындықтан, біз қазақ топонимиясында кездесетін туынды топонимдердің әр топоформантқа тән типтік үлгілерін анықтаймыз. Ол үлгілер топожүйеміздегі барлық қосымшалы атауларды анықтап қана қоймайды, келешекте жаңа атаулар жасауға да жол ашады.

Келесі кезекте қазақ топонимжасамында туынды атау жасауға қатысатын әр топоформантқа жеке-жеке тоқталамыз және ол үлгілер өнімді қосымшадан өнімсіз қосымшаға қарай ретімен талданып отырады.

### 5.1 Топонимжасамның өнімді қосымшалары

**1. –лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті**

Бұл жұрнақ «бір заттың я басқа бір құбылыстың бар екенін (барлығын) я мол екенін (молдығын) білдіретін туынды сын есімдер жасайды: *арлы, атақты, шөпті, балалы т.б.* [90;181].

*-лы, -лі* қосымшасы түркітануда көне түркі тілінде әрі зат есім, әрі сын есім жасаған *-лығ(ліг, -лық, -лік)* қосымшасынан шығатыны дәлелденген. Мәселен, профессор М.Томанов *-лы, -лі* көне түркі тіліндегі ұяң дауыссызға аяқталған *(-лығ)* аффиксінің қысқарған түрі деп табады және *-лы, -лі* ықшамдалған нұсқасы орта ғасырдан бері қарай біртіндеп қолданысқа ене бастағанын айтады [152;182].

Сын есім сөзжасамының аса өнімді жұрнақтарының біріне жататын *-лы, -лі* топонимжасамда да тым белсенді. Белгілі бір заттың, не құбылыстың атына жалғана отырып «сол заттың, не құбылыстың белгілі бір жерде бар, мол екенін» атап көрсетеді. Бір нәрсенің бар екені, мол екені де заттың ерекше белгісіне жататыны логика заңына қайшы келмейді. М.: *Ащылы, Ақтасты, Бұланды, Жиделі* т.б.

*-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* топоформанты топонегізге түркі тіліне тән үндестік заңына сәйкес жалғанып отырады. Егер үндестік заңына бағынбай тұрса, онда ол форманттың не көне түркі тілінен қалған реликт қосымша (М.: *Қарағанты, Бұланты*), не моңғол тілінен қалған субстрат қосымша (М.: *Долайты* моңғ. *Туллай + т* «қоянды») болғаны.

Жұмысымыздың алдыңғы тарауларында **лексика-семантикалық** жолмен жасалған түбір топонимдер және **аналитика-семантикалық** жолмен жасалған қосымшасыз күрделі атаулар бірыңғай қарастырылды да, олардың қосымшалы түрлері **синтетика-семантикалық** жолмен жасалған тарауға топтастырылды. Оның басты себебі қосымшалы атаудың қайсысына болса да соңғы топонимдік мән үстеп тұратын дәл осы топоформанттар екені дау туғызбаса керек. М.: *Алтынды, Ақтікенді, Кіші Шағалалы, Балықтыкөл, Қандыөзек, Обалы –Бурабай т.б.*

| | |
|---|---|
| Айғырқияқ**ТЫ** | (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Айдар**ЛЫ** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Ақбақа**ЛЫ** | (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.) |
| Ақбас**ТЫ**көл | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Ақсан Қоян**ДЫ** | (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Ақсу-Жабағы**ЛЫ** | (қорық. ОҚО, Төле би ауд.) |
| Ақтас**ТЫ** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Ақтас**ТЫ**биік | (шоқы. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Ақтас**ТЫ**көл | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Ақтікен**ДІ** | (МОЛА. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Ақырыс**ТЫ**көл | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |

| | |
|---|---|
| Алма**ЛЫ** | (е.м. Атырау обл., Махамбет ауд.) |
| Алма**ЛЫ**бақ | (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.) |
| Алма**ТЫ** | (қала. Алматы обл., Алматы қ.ә.) |
| Алтын**ДЫ** | (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.) |
| Аңқа**ТЫ** | (өзен. БҚО, Сырым ауд.) |
| Аран**ДЫ** | (е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |
| Ардағай**ТЫ** | (Е.М. Алматы обл., Үйғыр ауд.) |
| Арқа**ЛЫ** | (тау. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Арқар**ЛЫ** | (тау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Арша**ЛЫ** | (тау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Арша**ТЫ** | (е.м. ШҚО, Қатонқарағай ауд.) |
| Арық**ТЫ** | (е.м. Қарағанды обл., Нұра ауд.) |
| Арыс**ТЫ** | |
| Арыстан**ДЫ** | (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.) |
| Ауқат**ТЫ** | (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.) |
| Аша**ЛЫ** | (е.м. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Ашутас**ТЫ** | (е.м. Қостанай обл., Арқалық ауд.) |
| Ащы**ЛЫ** | (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.) |
| Ащы**ЛЫ**көл | (тұзды көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Ащы**ЛЫ**өзен | (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Ащы**ЛЫ**сай | (өзен. Қостанай обл., Жангелдин ауд.) |
| Ащытас**ТЫ** | (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Әлем**ДІ** | (е.м. Алматы обл., Алакөл ауд.) |
| Баба**ЛЫ** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Бағана**ЛЫ** | (е.м. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.) |
| Баймырзаши**ЛІ** | (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Бақан**ДЫ** | (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Бақа**ЛЫ** | (қыстау. ШҚО, Зайсан ауд.) |
| Бақбақ**ТЫ** | (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.) |
| Бақ**ТЫ** | (тау. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Бақыр**ЛЫ** | (е.м. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Бала Жез**ДІ** | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Бала**ЛЫ** | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Балапан**ДЫ** | (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Бала Шідер**ТІ** | (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Балға **ЛЫ** | (тж. бекеті. Алматы обл., Кербұлақ ауд.) |
| Балды**ДЫ**берен | (е.м. ОҚО, Төле би ауд.) |
| Балды**ДЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Балық**ТЫ** | (көл. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Балық**ТЫ**бұлақ | (е.м. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Балық**ТЫ** көл | (көл. ШҚО, Жарма ауд.) |

| | |
|---|---|
| Басғұр**ЛЫ** | (ойпат. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Баспан**ДЫ** | (е.м. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Бата**ЛЫ** | (тж. бекеті. Қостанай обл., Таранов ауд.) |
| Батпақ**ТЫ** | (е.м. БҚО, Сырым ауд.) |
| Башентас**ТЫ** | (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Баян**ДЫ** | (е.м. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.) |
| Баян**ДЫ**қопа | (көл. Қостанай обл., Қамысты ауд.) |
| Бел**ДІ** өзек | (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Белсен**ДІ** | (қоныс. СҚО, Қызылжар ауд.) |
| Беса**ЛЫ** | (қыстау. БҚО, Жәнібек ауд.) |
| Бесік**ТІ** | (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Бор**ЛЫ** | (көл. Павлодар обл., Успен ауд.) |
| Бор**ЛЫ**ағаш | (е.м. ШҚО, Жарма ауд.) |
| Бор**ЛЫ**бұлақ | (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Бор**ЛЫ**жар | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Бор**ЛЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Бор**ЛЫ**қақ | (көл. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Бор**ЛЫ**сор | (дөң. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Борсық**ТЫ** | (арал. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Бөрі**ЛІ** | (е.м. ШҚО, Абай ауд.) |
| Бөрі**ЛІ**көл | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Бұлан**ДЫ** | (өзен. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Бұлақ**ТЫ**көл | (қыстау. Мңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Бұлақ**ТЫ**сор | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Бұлдақ**ТЫ** | (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Бұлдыр**ТЫ** | (өзен. БҚО, Сырым ауд.) |
| Бұршақ**ТЫ** | (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Бүркіт**ТІ** | (қоныс. СҚО, Мамлют ауд.) |
| Бүрген**ДІ** | (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.) |
| Дағанде **ЛІ** | (өзен. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Далақамыс**ТЫ** | (көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.) |
| Дардам**ТЫ** | (е.м. Алматы обл., Үйғыр ауд.) |
| Дауыл**ДЫ** | (өзен. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| Доғал**ДЫ** | (көл. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.) |
| Долай**ТЫ** | (е.м. Алматы обл., Үйғыр ауд.) |
| Долана**ЛЫ** | (жота. Алматы обл., Кербұлақ ауд.) |
| Домбыра**ЛЫ** | (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.) |
| Дулыға**ЛЫ** | (көл. ШҚО, Ұлан ауд.) |
| Дулыға**ЛЫ** Жыланшық | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Ебей**ТІ** | (е.м. Ақтөбе обл., Қарғалы ауд.) |
| Егін**ДІ** | (жайлау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |

| | |
|---|---|
| Егін**ДІ**ағаш | (е.м. СҚО, Айыртау ауд.) |
| Егін**ДІ**бұлақ | (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Егін**ДІ**көл | (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Ескі ТұзД**Ы** | (е.м. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.) |
| Ес**ТІ**бұлақ | (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| ЖабағыЛ**Ы** | (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| ЖағалбайЛ**Ы** | (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.) |
| ЖазғұрЛ**Ы** | (ойпат. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ЖайынД**Ы** | (өзен. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.) |
| Жақсы БұтаЛ**Ы** | (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| ЖалауЛ**Ы** | (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| ЖалД**Ы**құм | (құм. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| ЖалманД**Ы** | (жал. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| ЖамбылД**Ы** | (Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ЖаманайрақТ**Ы** | (тау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Жаман ҚайыңД**Ы** | (өзен. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.) |
| ЖантақТ**Ы** | (қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Жаңа ЖосаЛ**Ы** | (е.м. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ЖапаЛ**Ы** | (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ЖапырақТ**Ы** | (тау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| ЖарЛ**Ы** | (өзен. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| ЖарЛ**Ы**көл | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ЖарЛ**Ы**қойтас | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ЖарЛ**Ы**су | (өзен. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.) |
| Жез Д**І** | (кент. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Жел Д**І** | (қыстау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| ЖелД**І**адыр | (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| ЖелД**І**көл | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| ЖелД**І**қара | (тж. бекеті. ШҚО, Жарма ауд.) |
| ЖелД**І**өзек | (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) |
| Жеміс**ТІ** | (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.) |
| ЖидеЛ**І** | (тоғай. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| ЖидеЛ**І**өзен | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Жоғары ҚайрақТ**Ы** | (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| ЖолД**Ы** өзен | (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.) |
| ЖосаЛ**Ы** | (айрық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ЖосаЛ**Ы**сор | (көл. СҚО, Уәлиханов ауд.) |
| ЖусанД**Ы**ой | (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.) |
| ЖұмабайшиЛ**І** | (қоныс. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| ЖұмаЛ**Ы** | (е.м. БҚО, Тасқала ауд.) |
| ЖұмыртқаЛ**Ы** | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |

| | |
|---|---|
| Жылан**ДЫ** | (арал. Павлодар обл., Ақку ауд.) |
| Жылан**ДЫ**көл | (көл. СҚО, Аққайың ауд.) |
| Жылан**ДЫ**тау | (тау. Қостанай обл., Жангелдин ауд.) |
| Жылым**ДЫ** | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Жымпи**ТЫ** | (е.м. БҚО, Сырым ауд.) |
| Жынай**ЛЫ**сор | (көл. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.) |
| Жыңғыл**ДЫ** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Жыңғыл**ДЫ**бұлақ | (бастау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Жыңғыл**ДЫ**сор | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Зерен**ДІ** | (көл. Ақмола обл., Зеренді ауд.) |
| Зерде**ЛІ** | (е.м. ОҚО, Ордабасы ауд.) |
| Изен**ДІ** | (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.) |
| Изен**ДІ**арал | (мүйіс. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Итмұрын**ДЫ** | (айрық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Иір **ЛІ** | (е.м. ШҚО, Жарма ауд.) |
| Кекіре**ЛІ** | (е.м. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.) |
| Кендір**ЛІ** | (көл. Қостанай обл., Таран ауд.) |
| Кеңжаға**ЛЫ** | (е.м. СҚО, Аққайың ауд.) |
| Кепе**ЛІ** | (құдық. ОҚО, Арыс ауд.) |
| Кертін**ДІ** | (е.м. Қарағанды обл., Нұра ауд.) |
| Көз**ДІ**қара | (өзен. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Көкпек**ТІ** | (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.) |
| Көктұмақ**ТЫ** | (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| Көл**ДІ** | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Көл**ДІ**бажаң | (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) |
| Көлеңке**ЛІ** | (тау. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Көпір**ЛІ** | (өзен. ШҚО, Көкпекті ауд.) |
| Күде**ЛІ** | (құдық. Жамбыл обл., Жуалы ауд.) |
| Күйе**ЛІ**қара | (өзен. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| Күкірт**ТІ** | (қыстау. Атырау обл., Исатай ауд.) |
| Күрке**ЛІ** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Күр**ТІ**көл | (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Кіндік**ТІ** | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Кіші Арқа**ЛЫ** | (тау. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Кіші Бор**ЛЫ** | (көл. Қостанай обл., Жангелдин ауд.) |
| Кіші Кендір**ЛІ** | (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Кіші Қамқа**ЛЫ** | (көл. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Кіші Сүлік**ТІ** | (батпақ. СҚО, Тимирязев ауд.) |
| Кіші Үйір**ЛІ** | (қоныс. СҚО, Шал Ақын ауд.) |
| Кіші Шағала**ЛЫ** | (батпақ. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Кіші Шошқа**ЛЫ** | (батпақ. СҚО, Тимирязев ауд.) |

| | |
|---|---|
| Қабыршақ**ТЫ** | (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Қаза**ЛЫ** | (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қазқайың**ДЫ** | (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.) |
| Қайнар**ЛЫ** | (е.м. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Қайрақ**ТЫ** | (тау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Қайың**ДЫ** | (тау. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Қайың**ДЫ**көл | (көл. Қостанай обл., Таран ауд.) |
| Қайың**ДЫ**сор | (көл. Қостанай обл., Қамысты ауд.) |
| Қайыршақ**ТЫ** | (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.) |
| Қақпақ**ТЫ** | (бастау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Қалғұ**ТЫ** | (өзен. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Қалпақ**ТЫ** | (бастау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Қалпақ**ТЫ**тау | (тау. БҚО, Қаратөбе ауд.) |
| Қалдығай**ТЫ** | (өзен. БҚО, Қаратөбе ауд.) |
| Қамқа**ЛЫ** | (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Қамысақ**ТЫ** | (көл. СҚО, Айыртау ауд.) |
| Қамыс**ТЫ** | Әйет (өзен. Қостанай обл., Денисов ауд.) |
| Қамыс**ТЫ**бас | (көл. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Қамыс**ТЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Қамыс**ТЫ** Шаңдақ | (е.м. Қостанай обл., Федоров ауд.) |
| Қан**ДЫ** | (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қан**ДЫ** ағаш | (қала. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.) |
| Қан**ДЫ**адыр | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қан**ДЫ** көл | (көл. Павлодар обл., Шарбақты ауд.) |
| Қан**ДЫ**қамыс | (көл. Павлодар обл., Успен ауд.) |
| Қандық**ТЫ** | (қыстау. БҚО, Шыңғырлау ауд.) |
| Қан**ДЫ**құдық | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Қан**ДЫ**өзек | (е.м.Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Қан**ДЫ**өлең | (жайлау. СҚО, Уәлиханов ауд.) |
| Қаңбақ**ТЫ**сай | (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.) |
| Қарабарақ**ТЫ** | (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Қарағай**ЛЫ** | (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Қарағай**ЛЫ**бұлақ | (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қарағай**ЛЫ**тас | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қараған**ДЫ** | (қала. Қарағанды обл., Қарағанды қ.ә.) |
| Қараған**ДЫ**көл | (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.) |
| Қараған**ДЫ**өзек | (өзен. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Қараған**ТЫ** | (тау. Қара Ертістің басы) |
| Қаражылан**ДЫ** | (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Қаракене**ЛІ** | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қарақоға**ЛЫ** | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |

| | |
|---|---|
| Қарақой**ЛЫ** | (е.м. ШҚО, Жарма ауд.) |
| Қарамең**ДІ** | (өзен. СҚО, Айыртау ауд.) |
| Қарақат**ТЫ** | (өзен. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.) |
| Қараүңгір**ЛІ** | (аңғар. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Қар**ЛЫ**бейіт | (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Қар**ЛЫ**бұлақ | (өзен. ШҚО, Абай ауд.) |
| Қараталы**ДЫ** | (жұрт. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Қарға**ЛЫ** | (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.) |
| Қарта**ЛЫ** | (өзен. Қарғанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Қаркара**ЛЫ** | (тау. Қарағанды обл., Қаркаралы ауд.) |
| Қаңбақ**ТЫ** | (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| Қауын**ДЫ** | (сай. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Қаудан**ДЫ** | (айрық. СҚО, Аққайың ауд.) |
| Қима**ЛЫ** | (көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.) |
| Қияқ**ТЫ** | (батпақ. СҚО, Шал Ақын ауд.) |
| Қияқ**ТЫ**көл | (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.) |
| Қия**ЛЫ** | (е.м. СҚО, Аққайың ауд.) |
| Қоға**ЛЫ** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Қоға**ЛЫ** | Жайдақ (бастау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қоға**ЛЫ** | Түбек (е.м. БҚО, Теректі ауд.) |
| Қонақ**ТЫ**сор | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Қоң**ДЫ**көл | (көл. СҚО, Ақжар ауд.) |
| Қасқыр**ЛЫ** | (батпақ. СҚО, Қызылжар ауд.) |
| Қопа**ЛЫ** | (өзен. Жамбыл обл., Қордай ауд.) |
| Қарға**ЛЫ** | (е.м. ОҚО, Мақтаарал ауд.) |
| Қосақ**ТЫ** | (е.м. Атырау обл., Жылыой ауд.) |
| Қос**ТЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Қоша**ЛЫ** | (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.) |
| Қоңырау**ЛЫ** | (е.м. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Қоян**ДЫ** | (тау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қоян**ДЫ**бұлақ | (бастау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қоян**ДЫ**өзек | (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Құндыз**ДЫ** | (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.) |
| Құм**ДЫ**еспе | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Құм**ДЫ** көл | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Құрғақ Қайың**ДЫ** | (өзен. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Құрғақ**ТЫ** | (өзен. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.) |
| Құлын**ДЫ** | (дала. Павлодар обл.,) |
| Құрай**ЛЫ** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Құлан**ДЫ** | (е.м. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Құрт**ТЫ** Бидайық | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |

| | |
|---|---|
| Құрт**ТЫ**өзек | (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Құс**ТЫ** | (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.) |
| Қызылтүлкі**ЛІ** | (тау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Қырғауыл*ДЫ* | (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.) |
| Лай**ЛЫ** | (өзен. ШҚО, Көкпекті ауд.) |
| Лақа**ЛЫ** | (е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |
| Маға**ЛЫ** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Мазар**ЛЫ** | (мүйіс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Май**ЛЫ** | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Май**ЛЫ**бас | (е.м. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |
| Май**ЛЫ**кент | (тж. бекеті. ОҚО, Түлкібас ауд.) |
| Май**ЛЫ**көл | (е.м.БҚО, Қаратөбе ауд.) |
| Май**ЛЫ**қамыс | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Май**ЛЫ**тоғай | (е.м. Қызылорда обл., Шиелі ауд.) |
| Май**ЛЫ**шат | (қыстау. ШҚО, Тарбағатай ауд.) |
| Мақала**ЛЫ** | (жайлау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Марал**ДЫ** | (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Маса**ЛЫ** | (таулар. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Ми**ЛЫ**бұлақ | (е.м. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Мия**ЛЫ** | (е.м. Павлодар обл., Еекібастұз қ.ә.) |
| Мойыл**ДЫ** | (е.м. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.) |
| Мойын**ДЫ** | (қыстау. ШҚО, аягөз ауд.) |
| Мойын**ДЫ**қияқ | (е.м. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| Мойын**ТЫ** | (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| Мола**ЛЫ** | (өзен. Жамбыл обл., Меркі ауд.) |
| Мола**ЛЫ**көл | (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Мұз**ДЫ**бұлақ | (бастау. Қостанай обл., Наурызым ауд.) |
| Мұз**ДЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Мұз**ДЫ**оқа | (айрық. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Мұнай**ЛЫ**мола | (кеніш. Атырау обл., Мақат ауд.) |
| Науа**ЛЫ** | (е.м. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Ноғай**ТЫ** | (өзен. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Нұрата**ЛДЫ** | (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| Нұр**ЛЫ** | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Оба**ЛЫ** | (дөң. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Оба**ЛЫ** Бекелексор | (көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Ойран**ДЫ** | (өзен. Жамбыл обл., Мерке ауд.) |
| Ойын**ДЫ** | (айрық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |
| Омыртқа**ЛЫ** | (өзен. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.) |
| Оң**ДЫ** | (е.м.Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Орма**ЛЫ** | (бастау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |

| | |
|---|---|
| Ошаған**ДЫ** | (е.м. Қостанай обл., Жанкелдин ауд.) |
| Ошақ**ТЫ** | (е.м. ОҚО, Сарыағаш ауд.) |
| Өгіз**ДІ** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Өлең**ДІ** | (е.м. Қостанай обл., Наурызым ауд.) |
| Өлең**ТІ** | (өзен. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Сабын**ДЫ** | (қыстау.Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Сабын**ДЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Саз**ДЫ** | (е.м. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Сай**ЛЫ**көл | (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.) |
| Сарыалжын**ДЫ** | (өзен. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| Сәуле**ЛІ** | (е.м. БҚО, Қаратөбе ауд.) |
| Сеңгір**ЛІ** | (мүйіс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Сана**ЛЫ** | (е.м. Қостанай обл., Сарыкөл ауд.) |
| Су**ЛЫ** | (өзен. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| Сор**ЛЫ**құдық | (құдық .Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Су**ЛЫ**көл | (көл. Қостанай обл., Әулиекөл ауд.) |
| Суыр**ЛЫ** | (тж. бекеті. ШҚО, Жарма ауд.) |
| Сұңқайт**ТЫ** | (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.) |
| Сүттіген**ДІ** | (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Сүт**ТІ**көл | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Сыған**ДЫ** | (е.м. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.) |
| Сыр**ЛЫ**қала | (е.м.Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Сіле**ТІ** | (е.м.Ақмола обл., Ерейментау ауд.) |
| Сірге**ЛІ** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Тал**ДЫ** | (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Тал**ДЫ**апан | (е.м. БҚО, Казталов ауд.) |
| Тал**ДЫ**бұлақ | (е.м. Жамбыл обл., мерке ауд.) |
| Тал**ДЫ**көл | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тал**ДЫ**қамыс | (е.м. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Тал**ДЫ**қорған | (қала. Алматы обл., Талдықоған қ.ә.) |
| Тай**ЛЫ** | (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.) |
| Там**ДЫ** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тамға**ЛЫ** | (сор. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Тарақ**ТЫ** | (жайлау. Палодар обл., Май ауд.) |
| Тарлау**ЛЫ** | (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Тасқара**ЛЫ** | (тау. Ақтөбе обл., Алға ауд.) |
| Тас**ТЫ** | (төбе. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Тас**ТЫ**бастау | (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.) |
| Тас**ТЫ**бұлақ | (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.) |
| Тас**ТЫ**талды | (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.) |
| Тау**ДЫ** | (өзен. ШҚО, Көкпекті ауд.) |

| | |
|---|---|
| Тау**ДЫ**еспе | (құдық. Қарағанды обл., Жаңааарқа ауд.) |
| Тау**ДЫ**құдық | (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Тау**ДЫ**сор | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Тегісқарағай**ЛЫ** | (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.) |
| Темекі**ЛІ** | (тж. бекеті. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Теңді**ҚҰДЫҚ** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Терек**ТІ** | (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.) |
| Терек**ТІ**бұлақ | (е.м. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Теріскен**ДІ** | (көл. Жамбыл обл., Мерке ауд.) |
| Тоғай**ЛЫ** | (е.м. ОҚО, Арыс ауд.) |
| Томар**ЛЫ** | (е.м. Атырау обл., Атырау қ.ә.) |
| Тор**ДЫ**көл | (қыстау. БҚО, Жаңақала ауд.) |
| Тұз**ДЫ**бастау | (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.) |
| Тұз**ДЫ**сор | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Тұзкөл**ДІ** | (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| Тұма**ЛЫ**көл | (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| Түлкі**ЛІ** | (тау. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Түлкі**ЛІ**адыр | (тау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| Түлкі**ЛІ** Ойсексеуіл | (тоғай. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Түнлік**ТІ** | (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Тораңғы**ЛЫ** | (мүйіс. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Тікенек**ТІ** | (жайлау. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.) |
| Ұңғы**ЛЫ** | (қыстау. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.) |
| Ұя**ЛЫ** | (мола. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Үкі**ЛІ** | (е.м. ШҚО, Жарма ауд.) |
| Үкі**ЛІ**қыз | (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.) |
| Үлгі**ЛІ**малшы | (е.м ШҚО, Көкпекті ауд.) |
| Үлкен Бүркіт**ТІ** | (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Үлкен Дәм**ДІ** | (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Үлкен Жез**ДІ** | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Үлкен Жиде**ЛІ** | (өзен. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| Үлкен Құндыз**ДЫ** | (өзен. Қарағанды обл., Осакаровка ауд.) |
| Үлкен Лас**ТЫ** | (өзен. ШҚО, Зайсан ауд.) |
| Үңгір**ЛІ** | (е.м. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Үңгір**ЛІ**сай | (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Үріл**ЛІ**түп | (арал. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Шабақ**ТЫ** | (өзен. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Шағыр**ЛЫ** | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Шағала**ЛЫ** | (е.м. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Шағыр**ЛЫ** | Жыланшық (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Шағыр**ЛЫ** | Құмды (өзен. Ақтөбе обл., Темірлі ауд.) |

ШаңғырЛЫ (тау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
ШайЛЫ (е.м. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)
ШанышқыЛЫ (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
ШаңДЫқұдық (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
ШарбақТЫ (көл. СҚО, Шал ақын ауд.)
ШарғаЛЫмола (мола. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
ШарықТЫ (тау. Қостанай обл., Арқалық ауд.)
ШатырЛЫ (көл. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
ШатырЛЫсай (өзен. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
ШақшағайЛЫ (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
ШиЛІболан (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
ШиЛІбастау (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
ШиЛІқұдық (құдық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
ШиЛІсу (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
ШойынДЫкөл (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.)
ШоқынДЫ (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
Шолақ ДәмДІ (өзен. Қостанай обл., Наурызым ауд.)
Шолақ ҚайыңДЫ (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
Шолақ ҚайрақТЫ (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
ШегірткеЛІ (қыстау. БҚО, Казталов ауд.)
ШеңгелДІ (көл. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
ШөпТІкөл (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)
ШөмішТІкөл (көл. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
ШүмекТІкөл (көл. СҚО, Уәлиханов ауд.)
ШұбыртпаЛЫ(е.м.Атырау обл., Жылыой ауд.)
ШыбықТЫ(е.м.Қызылорда обл., Арал ауд.)
ШығырЛЫ(е.м. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
ШығырЛЫ Құмды (өзен. Ақтөбе обл., Темір ауд.)
ШыбынДЫ(көл. ШҚО, Ұлан ауд.)
ШыбынДЫсор (көл. Қостанай обл., Денисов ауд.)
ШыбынДЫтау (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
ШырпыЛЫсай (өзен. СҚО, Уәлиханов ауд.)
ШідерТІ (өзен. Қарағанды обл., Осакаров ауд.)
ШіркейЛІ (е.м. Қызылорда обл., Сырдария ауд.)
ЫзаЛЫ (е.м.Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
ЫсСЫкөл (батпақ. СҚО, Қызылжар ауд.)
ІргеЛІ (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.) (20-сурет)

**2. -ған, -ген, -қан, -кен**

Есімше сөйлемде әрі етістік, әрі сын есім орнына жүретін етістіктің функциялық формаларының бірі болып табылады. Есімшені жасайтын

*-ған, -ген, -қан, -кен; -ар, -ер*, *-р; -атын, -етін, -йтын, -йтін; -ушы, -уші; -мақ, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақтары және ол жұрнақтар түбір, туынды етістіктерге жалғана береді.

Алайда «есімше жұрнақтарының қызметі – өзі жалғанған етістіктің аңғартатын мағынасын өзгертпей, заттың қимыл-әрекет арқылы білдіретін белгісін жасау. Мысалы, *бар* – қимыл-әрекетті білдіретін етістік, ал *барған* (адам), *барар* (жол), *баратын* (кісі), *барушы* (бала) – заттың қимыл нәтижесімен аңғартылған белгісі [3;531].

Топонимжасамға есімшенің *-ған, -ген,* және *–ар, -ер, -р* форманттары белсене қатысады да, алдымен атрибуттық мағынаға ие болып, одан соң заттану арқылы жалқы есімге айналады. Мысалы, *Құй + ған – Құйған(су) – Құйған; Қаз + қонған (көл) –Қазқонған; Ат + жетер(жер) – Атжетер т.б.*

Біздің бірінші қарастыратынымыз – есімшенің *-ған, -ген* жұрнағы арқылы жасалатын топонимдер, өйткені олар көлемі жағынан *-лы, -лі* туынды сын есім жұрнағы арқылы жасалған атаулардан соң екінші орын алады.

Тілші-ғалымдар *-ған, -ген* қосымшалы есімшелерді іс-әрекеттің бұрын болып кеткенін білдіретіндіктен «бұрынғы өткен шақ есімше» деп атайды (М.: мен барғанмын, сен барғансың, ол барған т.б.).

Тіл тарихында *-ған, -ген* өткен шақ есімше тұлғасы көне түркіде белсенді қолданыста болған *-мыш, -міш* формантын ығыстырып шығарғаны мәлім: *бармыш-барған*. Сонымен бірге *-ған* этимологиялық жағынан құранды жұрнақ екені, оның алғашқы сыңары *-ға* –қимыл есім тұлғасы да, *-н* ежелгі дәуірде өткен шақты білдірген қосымша болғаны дәлелденген [152;229].

Топонимжасамда *-ған, -ген* аффиксі «табиғи нысанның болып өткен өз әрекетін *(Құйған, Түйіскен, Аққан* т.б.) немесе табиғи нысанда болып өткен басқа бір оқиғаны *(Айғырөткен, Атсойған, Нарөлген* т.б.)» негізгі белгі ету арқылы жер-су аттарын жасайды. Ол атаулар біршама мол және барынша көрікті, көркем болып келеді.

| | |
|---|---|
| Айғыржығыл**ҒАН** | (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Айғыркөм**ГЕН** | (тау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Айғырөт**КЕН** | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Ақ**ҚАН** | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Ақ**ҚАН**бұрлық | (өзен. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.) |
| Аққуат**ҚАН** | (е.м.Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Ақүйтік**КЕН** | (қоныс. СҚО, Айыртау) |
| Атжар**ҒАН** | (қыстау. Қостанай обл., Наурызым ауд.) |
| Атсой**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Ащыұр**ҒАН** | (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |

| | |
|---|---|
| Байы**ҒАН**көл | (көл.Қостанай обл., Қарасу ауд.) |
| Бала Терісақ**ҚАН** | (өзен. Қостанай обл., Арқалық ауд.) |
| Балаш**ҚАН** | (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Балтакет**КЕН** | (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Берішшап**ҚАН** | (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Биесой**ҒАН** | (батпақ. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.) |
| Борқаз**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Бөрікқал**ҒАН** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Бөрітүс**КЕН** | (құдық. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Бу**ҒАН** | (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.) |
| Бураөл**ГЕН** | (құдық. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Бұзауқыр**ҒАН** | (қоныс. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.) |
| Бұзауөл**ГЕН** | (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Бұқаөл**ГЕН** | (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.) |
| Бұр**ҒАН** | (е.м. Алаты обл., Жамбыл ауд.) |
| Ентүс**КЕН** | (қоныс. СҚО, Шал Ақын ауд.) |
| Жалғас**ҚАН** | (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.) |
| Жар**ҒАН** | (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Жарыпшық**ҚАН** | (өзен. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Жезқаз**ҒАН** | (қала. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Жержамыл**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Желөт**КЕН** | (құдық. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Жомартқаш**ҚАН** | (көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.) |
| Жосаал**ҒАН** | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Жығыл**ҒАН** | (батпақ. СҚО, Тайынша ауд.) |
| Итем**ГЕН** | (е.м. Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд.) |
| Итжоғал**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.) |
| Иткал**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.) |
| Кел**ГЕН**сай | (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.) |
| Кенесал**ҒАН** | (е.м. қызылорда обл., Қармақшы ауд.) |
| Кес**КЕН**төбе | (тау. СҚО, Ақжар ауд.) |
| Көнеккет**КЕН** | (е.м. БҚО, Теректі ауд.) |
| Көш**КЕН**тал | (тж. бекеті, ШҚО, аягөз ауд.) |
| Күй**ГЕН**шілік | (қыстау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Күй**ГЕН**көл | (көл. БҚО, Жәнібек ауд.) |
| Күй**ГЕН**қора | (айрық. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Күй**ГЕН**құдық | (жайлау. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.) |
| Күй**ГЕН**сарай | (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Күшікжу**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Кілемжай**ҒАН** | (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.) |
| Кішкене табаққал**ҒАН** | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |

| | |
|---|---|
| Қазанкөм**ГЕН** | (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.) |
| Қазқон**ҒАН** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қал**ҒАН**дария | (е.м. Қызылорда обл., Қызылорда қ.ә.) |
| Қал**ҒАН** Сыр | (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.) |
| Қалымкүй**ГЕН** | (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Қарабиеық**ҚАН** | (қоныс. СҚО, Тимирязев ауд.) |
| Қарағайсол**ҒАН** | (жұрт. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қарасой**ҒАН** | (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.) |
| Қарсаққаз**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.) |
| Қаршығақаш**ҚАН** | (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.) |
| Қатпа**ҒАН** | (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Қалмақжат**ҚАН** | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қаш**ҚАН**көл | (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.) |
| Қобызіл**ГЕН** | (жұрт. Павлоддар обл., Шарбақты ауд.) |
| Қозыкет**КЕН** | (е.м. Павлодар обл., Успен ауд.) |
| Қозықама**ҒАН** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Қойары**ҒАН** | (жайлау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Қойкет**КЕН** | (қоныс. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Қойқырық**ҚАН** | (тж.бекеті. Алматы обл., Кербұлақ ауд.) |
| Қойсал**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Шарбақты ауд.) |
| Қонаққон**ҒАН** | (көл. СҚО, Тайынша ауд.) |
| Қосқон**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Құй**ҒАН** | (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.) |
| Құй**ҒАН**көл | (көл. Ақтөбе обл., Темір ауд.) |
| Құла**ҒАН** | (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Құманшап**ҚАН** | (е.м. БҚО, Жәнібек ауд.) |
| Қызкет**КЕН** | (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.) |
| Қыр**ҒАН** | (мола. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Қырғызөл**ГЕН** | (құдық. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Майжарыл**ҒАН** | (тау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Майкөм**ГЕН** | (е.м. Атырау обл., Жылыой ауд.) |
| Майтық**ҚАН** | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Маяшап**ҚАН** | (қоныс. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Мырзақаз**ҒАН** | (құдық. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.) |
| Нарөл**ГЕН** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Наршөк**КЕН** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Ноғайкет**КЕН** Қарасу | (өзен. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Ойыл**ҒАН** | (жайлау. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Оңат**ҚАН** | (е.м. Қостанай обл., Ұзынкөл ауд.) |
| Отаутүс**КЕН** | (е.м. Ақмола обл., Целиноград ауд.) |
| Орысқаз**ҒАН** | (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |

| | |
|---|---|
| Өзекмайқал**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Өртқама**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.) |
| Сандықсал**ҒАН** | (жұрт. Павлодар обл., Ақсу қ.ә.) |
| Сарыкет**КЕН** | (қыстау. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Сасы**ҒАН**құдық | (жайлау. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Сиырөл**ГЕН** | (жайлау. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Сиырсой**ҒАН** | (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Соршық**ҚАН** | (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Сужар**ҒАН** | (көл. Қостанай обл., Жанкелдин ауд.) |
| Сусің**ГЕН** | (көл. ОҚО, Қазығұрт ауд.) |
| Сүтти**ГЕН**ді | (е.м. БҚО, Теректі ауд.) |
| Сыз**ҒАН** | (е.м. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Табыс**ҚАН** | (қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| Тайат**ҚАН** | (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| Тай**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Тайқаш**ҚАН** | (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Тайқама**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.) |
| Тайөл**ГЕН** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тайсой**ҒАН** | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Тақиякет**КЕН** | (е.м. ШҚО, Тарбағатай ауд.) |
| Таскес**КЕН** | (е.м. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Тасүй**ГЕН** | (төбе. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Таш**КЕН**саз | (е.м. алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Текеқой**ҒАН** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тес**КЕН**су | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Тесіпақ**ҚАН** | (өзен. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Ти**ГЕН** | (е.м. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Торыатсой**ҒАН** | (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Тол**ҒАН** | (жұрт. Павлодар обл., Павлодар ауд.) |
| Тоқымтық**ҚАН** | (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Тұр**ҒАН**там | (е.м. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.) |
| Түйебат**ҚАН** | (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Түгіс**КЕН** | (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.) |
| Түр**ГЕН** | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Тіреуқазыл**ҒАН** | (құдық. Атырау обл., Махамбет ауд.) |
| Үйкес**КЕН** | (е.м. Қостанай обл., Ұзынкөл ауд.) |
| Үймесал**ҒАН** | (төбе. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Үйрекқыр**ҒАН** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Үйсат**ҚАН** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Үлкен Табаққал**ҒАН** | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Ханқаз**ҒАН** | (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.) |

ХаншабылҒАН (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
ШабдартуҒАН (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
ШәріпшықҚАН (қыстау. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
ШилеГЕН (көл. Павлодар обл., Железин ауд.)
ШөкейқазҒАН (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
ШошқаөлГЕН (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.)

**3. -ақ, -ек, -ық, -ік, -қ, -к**

Көрнекті ғалым А.Ысқақов: «Бұл жұрнақ – нағыз омоним жұрнақ» екенін атап көрсетеді. М.: 1) етістіктен зат есім тудырады (*қазық, бұйрық, бөлік* т.б.); 2) есім сөзден зат есім тудырады (*ортақ, мойнақ, қысырақ* т.б.); 3)етістіктен сын есім тудырады (*бөлек, сирек, жасық* т.б.; 4) еліктеуіш сөзден сын есім жасайды (*қалтақ, жалтақ*, ***бұлтақ*** *т*.б.); 5) есім сөзден етістік жасайды (*сауық, молық, орнық* т.б.); 6) түбір етістіктен туынды етісітік жасайды (*көнік, обық, ширық* т.б.); 7) етістіктен жасалып әрі есім, әрі етістік болатын сөздер (*толық, тынық, жабық* т.б.); есімнен жасалып, әрі етістік, әрі есім болатын сөздер (*желік, ынтық, қырсық* т.б.) [90;38]. (21-сурет).

Ал профессор С.Исаев *-ақ, -ек, -ық, -ік, -қ, -к* қосымшасының негізгі ерекшелігі әрі есімге, әрі етістікке бірдей жалғана беруі екенін ескеріп, оны омонимдік құбылыс емес, түркі синкретизмінің әсеріне жатқызады [137;266].

Сөзжасам зерттеушісі А.Салқынбай бұл жұрнақ «омонимдік тұлға емес, синкретті жұрнақ ретінде бағалануы керек» деп кесіп айтады [1;224-225].

Қалай дегенмен *-ақ, -ек, -ық, -ік, -қ, -к* қосымшасы тіліміздегі өнімді, белсенді сөзжасам жұрнақтарының бірі болып саналады. Оның «өнімділігі әсіресе туа түбір зат атауларына жалғанғанда айқынырақ көрінеді: *атақ (<ат+ақ), мойнақ (<мойын+ақ), шырақ (<шыра+қ)* т.б.» [3;300].

Тілімізде өнімді сөзжасам жұрнағы болғандықтан, сол тілден шығатын топонимжасамда да бұл жұрнақ біршама белсенді қызмет атқарады. Мағынасы жағынан да «табиғи нысан атын зат-құбылыстың аты, іс-әрекеттің орны арқылы атайды (*Қыста-қ, Айла-қ);* сынын білдіреді (*Баты-қ, Біті-к);* кішірейту мән береді (мойын – *Мойын+ақ*)» және тілдегі нұсқаларынан алшақ кетпейді.

АйнаҚ (көл. Павлодар обл., Успен ауд.)
АйрЫҚ (өзен. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
АққентІК (бастау. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
АқойЫҚ (өзен. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
АшЫҚ (е.м. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
АщыайрЫҚ (өзен. ШҚО, Абай ауд.)

Аяқ Бұлдыр**ЫҚ** (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
Бақаойна**Қ** (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
Балп**ЫҚ** (құдық. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
Бас**АҚ**сай (қыстау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
Баскес**ІК** (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
Бат**ЫҚ** (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
Бесмойн**АҚ** (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
Бидай**ЫҚ** (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Борсы**Қ** (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
Ботамойна**Қ** (е.м. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
Бөл**ЕК** (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
Бөріойна**Қ** (жайлау. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
Бұрса**Қ** (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)
Бұр**ЫҚ** (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
Бұр**ЫҚ**көл (көл. Павлодар обл., Ақсу ауд.)
Бүл**ІК**шұбар (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
Былдыр**ЫҚ** (құдық. Жамбыл обл., Талас ауд.)
Біт**ІК** (е.м. БҚо, Ақжайық ауд.)
Дөңгеле**К** (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
Еле**К** (өзен. БҚО, Шыңғырлау ауд.)
Жаб**ЫҚ** (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)
Жай**ЫҚ** (өзен. БҚО, Ақжайық ауд.)
Жар**ЫҚ** (көл. Павлодар обл., Ақсу ауд.)
Жар**ЫҚ**көл (батпақ. СҚО, Уәлиханов ауд.)
Жие**К** (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
Име**К** (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
Кеңбидай**ЫҚ** (е.м. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
Көкой**ЫҚ** (тау. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
Көш**ЕК** (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
Күл**ІК** Жыңғылды (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Кіші Ойна**Қ** (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
Кіші Сүйір**ІК** (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.)
Қазбақұра**Қ** (көл. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
Қайра**Қ** (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
Қала**Қ** (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
Қамыс**АҚ** (айрық. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
Қара**Қ** (тау. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
Қаратұр**ЫҚ** (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
Қау**ЫҚ** (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
Қиыр Сарыбаспа**Қ** (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Қожала**Қ** (айрық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

| | |
|---|---|
| Қойн**АҚ** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қоры**Қ** | (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Қосжар**ЫҚ** | (өзен. СҚО, Ақжар ауд.) |
| Құры**Қ** | (өзен. ШҚО, Ұлан ауд.) |
| Құс**АҚ** | (өзен. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Майқұр**АҚ** | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Маңыр**АҚ** | (тау. ШҚО, Зайсан ауд.) |
| Мас**АҚ** | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Мойн**АҚ** | (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Морт**ЫҚ** | (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Мұж**ЫҚ** арал | (арал. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Ойна**Қ** | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Ойна**Қ**сор | (көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Ой**ЫҚ** | (е.м. Жамбыл обл., Талас ауд.) |
| Өлкей**ЕК** | (өзен. Қостанай обл., Жангелдин ауд.) |
| Сарықұм**АҚ** | (е.м. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Сарықұра**Қ** | (айрық. Алматы обл., Сарқант ауд.) |
| Тау Қаратұр**ЫҚ** | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Терісайр**ЫҚ** | (е.м. ШҚО, тарбағатай ауд.) |
| Тес**ІК** | (қыстау. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| Тоғыз**АҚ** | (өзен. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Тоқкөб**ЕК** | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Тұй**ЫҚ** | (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.) |
| Тұр**ЫҚ** | (мола. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Шал**ЫҚ** | (е.м. Атырау обл., Исатай ауд.) |
| Шақыр**ЫҚ** | (е.м. ОҚО, Созақ ауд.) |
| Шұр**ЫҚ** | (құдық. Жамбыл обл., Талас ауд.) |
| Шыған**АҚ** | (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |

**4. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік**

Бұл сөз тудырушы тұлға қазіргі қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілдерінде кең қолданылатын өнімді жұрнақ болып табылады. *-лық, -лік* қосымшасы, негізінен, түбір зат есімге жалғанып, туынды зат есімдер жасайды: *орындық, қазандық, кісілік, айлық т.б.*

Алайда өнімді жұрнақ болған соң, оның көпмағыналы болып келуі де – заңды құбылыс. Мәселен, түркітанушы-ғалым Н.К.Дмитриев башқұрт тілінде аталмыш қосымшаның төрт мағынасын екшеп көрсетеді: «а) нақты бір заттың бір орында жинақталуы; ә) дерексіз ұғымдар; б) мақсаты мен бағыт мәні; в) әлдебір құрал-жабдықтың аты болу» [153;54].

Санамаланған мағыналардың ішіндегі ең алғашқы және маңызды семантикасы «бір заттардың шоғырлануы, жиыны» екенін Л.С.Левитская

мен Б.А.Серебрянников *-лық, -лік* формантының этимологисынан шығарады. Олар *-лық, -лік* құранды жұрнақ екенін және ондағы *-л(ы)* сыңары да, *-к,-қ* сыңары да көне түркі тілінде «жинақтық, көптік» мағына бергенін дәлелдейді (сонда). Мысалы, *Алмалық* «алма көп өсетін жер», тат. *Ташлық* «тасты жер» т.б.

*-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* аффиксі топонимжасамда тым белсенді емес, бірақ «бір зат не құбылыстың белгілі бір табиғи нысанда бар екенін, мол кездесетінін және табиғи нысанның әлдекімнің меншігі, туған жері екенін» білдіретін мағыналарда біршама көркем атаулар жасауға қатысады: *Алмалық, Егіндік, Қойлық, Қашқарлық, Ескідариялық т.б*. Бұлардан басқа дерексіз ұғымды *(Достық, Бірлік, Теңдік)* білдіретін топонимдер де кездесіп отырады.

АлмаЛЫҚ (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
АмалДЫҚ (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.)
АрқаЛЫҚ (қала. Қостанай обл., Арқалық қ.ә.)
Бала ТамДЫҚ (өзен. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
Бала ТүнДІК (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
БостанДЫҚ (е.м. СҚО, Мамлют ауд.)
БұрЛЫҚ (е.м. СҚО, Айыртау ауд.)
БірлесТІК (е.м. СҚО, Айыртау ауд.)
БірЛІК (е.м. СҚО, Есіл ауд.)
ДайынДЫҚ (е.м. СҚО, Аққайың ауд.)
ДосТЫҚ (айрық. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.)
ДүрДІК (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
ЕгінДІК (қыстау. БҚО, Бөкей Ордасы ауд.)
ЕскідарияЛЫҚ (арна. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
ЖаңаЛЫҚ (е.м. СҚО, Есіл ауд.)
ЖиренДІК (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
ЖүзімДІК (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
КедейДІК (тау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
КеңДІКқарағай (е.м. Ақмола обл., Шортанды ауд.)
КендірЛІК (е.м. ШҚО, Зайсан ауд.)
ҚанДЫҚ (е.м. БҚО, Теректі ауд.)
ҚобДЫҚ (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
ҚойЛЫҚ (е.м. Алматы обл., Сарқант ауд.)
ҚұмарЛЫҚ (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)
ҚұрЛЫҚ (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
ҚышТЫҚ (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
ОрманЛЫҚ (көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
ОртаЛЫҚ (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
СарЛЫҚ (е.м. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)

| | |
|---|---|
| Тас**ТЫҚ** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тегіс**ТІК** | (айрық. Павлодар обл., Қашыр ауд.) |
| Темір**ЛІК** | (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.) |
| Теңіз**ДІК** | (е.м. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тораңғы**ЛЫҚ** | (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Түйін**ДІК** | (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Түн**ДІК** | (өзен. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Ұлы Там**ДЫҚ** | (өзен. АқтӨбе обл., Әйтеке би ауд.) |
| Үң**ЛІК**көл | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Шал**ДЫҚ** | (көл. СҚО, Мамлют ауд.) |
| Шаң**ДЫҚ** | (көл. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Шаң**ДЫҚ**сор | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Шүкір**ЛІК** | (е.м. СҚО, Айыртау ауд.) |
| Шымыл**ДЫҚ** | (е.м. ШҚО, Жарма ауд.) |
| Ірім**ТІК** | (көл. СҚО, Мамлют ауд.) |

**5. -ар, -ер, -р, -с**

Есімшенің келер шақ түрі (А.Ысқақов), болжалды келер шақ түрі («Қазақ грамматикасы») деп аталып жүрген *-ар (-ер, -р, -с)* жұрнақтары қандай сөзге жалғанса да, «семантикасы жағынан үнемі келер шақ мағынасын білдіреді» [90;314]. Есімшенің бұл түрі есімдерше түрленеді, бірақ көптік жалғауын ғана қабыдамайды. Сондықтан болжалды келер шақ есімшелер конверсияланып, зат есімдерге айнала алады: *ат байлар, шаш сипар, алтыатар т.б.* [3;533].

Дәл осы субстантивтену қасиеті келер шақ есімшенің жалқы есімдер жасауға қатысуына жол ашады. Топонимжасамда *-ар, -ер, -р, -с* форманты «табиғи нысанның келер шақтағы міндетін айқындап қана қоймайды, ондағы үнемі болып тұратын тұрақты бір процесті» де атап көрсетеді. Мысалы, *Отырар, Құсқонар, Майемер* т.б.

Есімшенің *-ар, -ер, -р* жұрнақтары болымды етістіктерге жалғанса, *-с* форманты болымсыз етістіктерге тән болып келеді: *келер – келмес*. Соған орай біз *-ар, -ер, -р* форманты арқылы жасалған топонимдерді бір бөлек, *-с* жұрнағы арқылы жасалған топонимдерді бір бөлек қарастырамыз.

5.1 **-ар, -ер, -р**

| | |
|---|---|
| Аққөзқайна**Р** | (е.м. Жамбыл обл., Мерке ауд.) |
| Атжет**ЕР** | (айрық. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Аташаб**АР** | (тау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Бас**АР** | (мола. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Белбас**АР** | (е.м. Жамбыл обл., Шу ауд.) |

БетқайнаР (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
ЖағАР (қоныс. СҚО, Айыртау ауд.)
ЖасАР (е.м. ШҚО, Абай ауд.)
ЖауАР (қоныс. СҚО, Ақжар ауд.)
ЖелқуАР (е.м. Қостанай обл., Жітіқара ауд.)
ЖоласАР (е.м. ОҚО, Созақ ауд.)
ДалақайнаР (е.м. Жамбыл обл., Ш у ауд.)
КөгЕР (батпақ. Павлодар обл., Железин ауд.)
КөзашАР (е.м. СҚО, Тайынша ауд.)
КөккайнаР (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.)
КөшЕРсай (шабындық. СҚО, Айыртау ауд.)
ҚұсқонАР (тау. ШҚО, Күршім ауд.)
КүйеуасАР (е.м. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
ҚайнаР (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
ҚойбағАР (көл. Қостанай обл., Қарасу ауд.)
МайемЕР (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
МалтабАР (е.м. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
МінкесЕР (е.м. СҚО, Мамлют ауд.)
ОтырАР (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)
ТаңатАР (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
ТартАРкөл (көл. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.)
ТұрАР (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
ҮркЕР (тоғай. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
ШабАР (е.м. Павлодар обл., Аққу ауд.)
ШағАР (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
ШалқАР (көл. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
ШаншАР (қыстау. ШҚО, Аягөз ауд.)

**5.2 - с**

БарсакелмеС (қорық. Қызылорда обл., Арал ауд.)
БиесыймаС (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
ЕшкіөлмеС (е.м. Алматы обл., Ескелді ауд.)
ИтжатпаС (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
ИтжемеС (қыстау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
КүнтимеС (е.м. Қостанай обл., Сарыкөл ауд.)
ҚалмаС (тау. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
ҚұланкетпеС (аңғар. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
ҚұланөтпеС (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
ҚұлынембеС (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
МыңсуалмаС (тоғай. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
ОқжетпеС (шың. Ақмола обл., Шортанды ауд.)

Тектұрма**С** (құдық. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
Тербенбе**С** (тау. Қызылорда обл., Арал ауд.)
Шаңтиме**С** (өзен. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.)

**5.2 Топонимжасамның өнімсіз қосымшалары**

**6. -ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе**

Қазақ тілінің сөзжасамы жеке сала болып бөлініп шыққанға дейін, *-ма, -ме* тұлғалас қосымша әрі зат есім, әрі сын есім тудыратын және етістіктің болымсыз түрінде қолданылатын омоним жұрнақ деп танылып келген еді. Прфессор С.Исаев сөзжасамға тән *-ма, -ме* форманты болымсыз етістік жұрнағына ғана омоним екенін, ал осы жұрнақ арқылы жасалған сын есім туынды зат есімнен адъективтену жолымен кейін қалыптасқанын ескертеді [137;265].

Бұл сөз тудырушы тұлға түбір немесе туынды етістікке жалғанып, құрал-жабдық, мекен-орын, ас-тағам атауларын, кәсіптік, терминдік сөздерді т.б. жасауға қатысады: *тартпа, шаппа, басқарма, бөлме, көмбе (нан), сүзбе, аударма, сызба* т.б.

Түбі етістіктен шығатындықтан, мұндай туынды сөздерде қимылдық мағына мен заттық мағына астарласып жатады. Топонимжасамда осы ерекшелік сақталады да, *-ма, -ме* форманты «табиғи нысанға тән әлдебір қимыл-қозғалысты негізгі белгі ету» арқылы тың топонимдер тудырады: *Аспа, Бұқпа, Жайма, Жарма т.б.*

Ақ**ПА**тер (е.м. БҚО, Казталов ауд.)
Ас**ПА** (е.м. Атырау обл., Махамбет ауд.)
Ат**ПА** (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)
Ат**ПА**бұлақ (бастау. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
Бұқ**ПА** (жайлау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
Бұқтыр**МА** (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
Бұр**МА**сай (өзен. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
Дүре Жайыл**МА** (тоғай. БҚО, Ақжайық ауд.)
Ес**ПЕ** (өзен. ШҚО, Аягөз ауд.)
Ес**ПЕ**көл (көл. Атырау обл., Қызылқоға ауд.)
Ес**ПЕ**тал (е.м. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
Есімбай Қопар**МА** (қоныс. СҚО, Шал ақын ауд.)
Жай**МА** (е.м. ШҚО, Абай ауд.)
Жайыл**МА** (е.м. Қостанай обл., Қамысты ауд.)
Жолда**МА** (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
Жана**МА** (е.м. Алматы обл., Алакөл ауд.)
Жантай**МА** (мола. Павлодар обл., Май ауд.)
Жап**ПА** (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Жар**МА** (е.м. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)

ЖұмБА (қоныс. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
КөкесПЕ (тоғай. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
КөлжарМА (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
Кіші ЖайылМА (қоныс. СҚО, Тайынша ауд.)
ЖарМА (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
Кішкене ҚазБАқұрақ (көл. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.)
ҚайнаМА (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)
ҚараМА (тау. СҚО, Ғ.Мүсірепов ауд.)
ҚарғыБА (өзен. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
ҚартосПА (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.)
ҚиМА (е.м. Ақмола обл., Жақсы ауд.)
ҚосПАқұдық (құдық. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
ҚұмдыесПЕ (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
ҚұраМА (е.м. Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд.)
ҚызылесПЕ (құдық. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.)
ҚызылжаресПЕ (тоғай. Маңғыстау обл., бейнеу ауд.)
ҚызылжарМА (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
СарқыраМА (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)
СарқыраМАжантақ (бастау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
СарыжайМА (жұрт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
СорМА (е.м. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
СулаМА (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
Талды ЕсПЕ (құдық. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
Тауды ЕсПЕ (құдық. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)
ТесПЕ (канал. ОҚО, Сайрам ауд.)
ТұщыБА (көл. Қызылорда обл., Арал ауд.)
ТырнаМА (құдық. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
ҮйМЕсалған (төбе. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
ҮшжарМА (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)
ШапшыМА (асу. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
ШатПА (қыстау. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
ШетПЕ (тж. бекеті. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.)
ШымшыМА (көл. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)

**7. -лақ, -лек, -дақ, -дек, -тақ, -тақ**

Есімдерден туынды зат есім жасайтын *-лақ, -лек* қосымшасының құранды екені тіл білімінде дәлелденген болатын. Мәселен, Э.В.Севортян *-дақ* құранды жұрнағының алдыңғы бөлігі *-да* есімнен етістік тудыратын жеке аффикс екенін, ал соңғы бөлігі *-қ* қимыл есім тұлғасы екенін ескертеді [152;175]. Дегенмен *-лақ, -лек* форманты сөзжасамда екіге жіктелмей, бір бүтін қосымша түрінде қолданылады: *айлақ, құмдақ,*

*жеңілтек, жүрдек т.б.* Оның басты мағынасы «табиғи заттардың көптігі және белгілі бір мекенге тәндігі» болып келеді *(тастақ, қыстақ).*

Топонимжасамда *-лақ, -лек* форманты есім, еліктеуіш сөздерге жалғанып, «табиғи нысанның өзіне тән тұрақты бір ерекшелігін *(Былқылдақ),* немесе бір нәрсенің мол кездесіп отыруын *(Шаңдақ)*» білдіреді.

| | |
|---|---|
| ӘупілДЕК | (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| БалДАҚ | (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| БұрқылДАҚ | (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| БылқылДАҚ | (өзен. ШҚО, Жарма ауд.) |
| ДоғаЛАҚ | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| ЖайДАҚ | (бастау. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| ЖайДАҚбұлақ | (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.) |
| ЖыбырЛАҚсор | (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| КөкжайДАҚ | (е.м. Алматы обл., Ақсу ауд.) |
| КүңгірЛЕК | (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| КүркілДЕК | (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қамысты ШаңДАҚ | (е.м. Қостанай обл., Федоров ауд.) |
| Қоғалы ЖайДАҚ | (бастау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| ҚоркылДАҚ | (көл. Ақмола обл., Қорғалжын ауд.) |
| ҚошаЛАҚ | (е.м. Атырау обл., Құрманғазы ауд.) |
| ҚұмДАҚ | (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| ЛоқылДАҚ | (бастау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| МаңғышЛАҚ | (тж. бекеті. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.) |
| СарғалДАҚ | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| СарпылДАҚ | (е.м. алматы обл., Панфилов ауд.) |
| Таза ШаңДАҚ | (е.м. Қостанай обл., Федоров ауд.) |
| ТасТАҚ | (қоныс.Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| ТоқылДАҚ | (е.м. қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| ШаңДАҚ | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| ШаңДАҚкөл | (көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| ШиқылДАҚ | (е.м. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| ШуылДАҚ | (тау. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |

8. **-аң, -ең, -ң**

Әрі зат есімге, әрі сын есімге жалғана бергенімен, *-аң, -ең, -ң* қосымшасы өнімсіз жұрнақтар тобына жатады. Оның үстіне сөзжасамдық белгіге қарағанда, кішірейту мәні, яғни сөзтүрленімдік реңк басымырақ болып келеді: *бел-белең, ой-ойаң.*

*-аң, -ең, -ң* аффиксі бейнелеуіш сөздерден де туынды зат есім жасайды: *салпаң (<салп+аң), бұлтаң (<бұлт+аң) т.б.* [3;306].

Топонимжасамда «табиғи нысандағы бір ерекше белгінің толық емес, бәсең сипатын айқындап тұратын» *-аң, -ең, -ң* форманты сөзжасамдағы секілді мұнда да белсенді емес.

| | |
|---|---|
| Ақояң [Ақой**АҢ**] | (асу. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Ақсор**АҢ** | (тау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Бар**АҢ**көл | (е.м. Ақмола обл., Жарқайың ауд.) |
| Дегел**ЕҢ** | (тж. бекеті. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Жайса**Ң** | (е.м. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| Жақсы**АҢ** | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Жал**АҢ** | (тау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Кіші Қайр**АҢ**көл | (батпақ. СҚО, Тимирязев ауд.) |
| Көлдібаж**АҢ** | (қоныс. СҚо, Есіл ауд.) |
| Қайр**АҢ** [ҚайырАҢ] | (е.м. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Қайр**АҢ**көл | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Қарасор**АҢ** | (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Қоб**АҢ** [Қобыаң] | (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Қоқ**АҢ** [Қоқыаң] | (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) |
| Қол**АҢ** Қаратерек | (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.) |
| Қызылбел**ЕҢ** | (тау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |
| Қырб**АҢ**көл | (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Майкөб**ЕҢ** | (жұрт. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Сардоғал**АҢ** | (тау. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Селт**ЕҢ** | (тау. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Сора**Ң** | (е.м. Қарағанды обл., Қарағанды қ.ә.) |
| Тепсе**Ң**+қарабұлақ | (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.) |
| Тепсе**Ң**+қыр | (жайлау. БҚО, Жаңақала ауд.) |
| Топал**АҢ** | (көл. Қостанай обл., Амнкелді ауд.) |
| Той**АҢ**бұлақ | (жайлау. Палодар обл., Май ауд.) |
| Үлкен Доғал**АҢ** | (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Шатқал**АҢ** | (өзен. ШҚО, Абай ауд.) |
| Шұбал**АҢ** | (е.м. Қостанай обл., Жанкелдин ауд.) |
| Шүр**ЕҢ** | (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |

9. **-шы, -ші**

Есімнен зат есім тудыратын жұрнақтардың ең өнімдісі саналып жүрген *-шы, -ші* істің иесін, іс-әрекетті жасаушыны, кәсіпкерді білдіретін сөздер жасайды: *жұлдызшы, жылқышы, қазаншы, елші, оқушы* т.б.

*-шы, -ші* қосымшасының төркінін Г.Рамстедт корей тіліндегі *ша* «кісі, ер кісі» сөзінен іздесе, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононовтар *-шыл, -шіл* аффиксінен шығарады: *балықшыл>балықшы, ойшыл > ойшы т.б.* [152;171-172].

Сөзжасамда тым белсенді *-шы, -ші* форманты топонимжасамда, негізінен, «кәсіп иесінің мекен, тұрағын» білдіретін шектеулі ғана топонимдер жасайды. Көптеген ғалымдар *-шы, -ші* қосымшасы топоним жасауға қатыспайды, топонимге даяр күйінде келеді деп есептейді (С.С.Губаева, Х.Шайнхард, Г.И.Донидзе) [154;123].

Дегенмен бұл формант алдымен кәсіп иесін атап, одан соң жер-су атын жасауға қатысатыны мына үлгілерден байқалады:

Балық**ШЫ** (е.м. Атырау обл., Атырау қ.ә.)
Басқын**ШЫ** (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)
Бел**ШІ** (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
Егін**ШІ** (қыстау. ШҚО, Семей қ.ә.)
Еңбек**ШІ** (е.м. Павлодар обл., Железин ауд.)
Еңбек**ШІ**арал (е.м. Алматы обл., Жамбыл ауд.)
Еңбек**ШІ**қазақ (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
Жамбас**ШЫ** (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
Жау**ШЫ**құм (е.м. ОҚО, Шардара ауд.)
Жем**ШІ** (е.м. БҚО, Тасқала ауд.)
Жетек**ШІ** (көл. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.)
Жұмыс**ШЫ** (е.м. СҚО, Айыртау ауд.)
Көмір**ШІ** (е.м. Алматы обл., Райымбек ауд.)
Қарақ**ШЫ** (тж. бекеті. ОҚО, Түлкібас ауд.)
Қызылмақта**ШЫ** (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)
Мақан**ШЫ** (е.м. ШҚО, Үржар ауд.)
Мұқан**ШЫ** (е.м. Алматы обл., Көксу ауд.)
Мұнай**ШЫ** (е.м. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
Орман**ШЫ** (көл. Павлодар обл., Қашыр ауд.)
Сауын**ШЫ** (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
Таран**ШЫ** (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
Темір**ШІ** (жайлау. Павлодар обл., Ақсу ауд.)
Тұман**ШЫ** (өзен. Ақтөбе обл., Қобда ауд.)
Үлгілімал**ШЫ** (е.м. ШҚО, Көкпекті ауд.)

Ескерту: *-шы, -ші* үнемі кәсіп иесін білдіре бермейтінін кейбір жер-су аттары дәлелдейді. Мәселен, *Белші, Жамбасшы, Тұманшы* деген кәсіп иелері жоқ. Бұлар *Белшіл* «белі көп жер», *Жамбасшыл* «қиялы, жамбасты жер», *Тұманшыл* «тұманды жер» ұғымдарын тудырады. Келтірілген деректер *-шы, -ші* форманты *-шыл, -шіл* аффиксінен шығады деген пікірді растап береді. Сонымен бірге *темірші, мақаншы* топонимдері этнонимнен жасалып тұрған сыңайлы.

10. **-ан, -ен, -ын, -ін, -н**

Сөзжасамда біршама өнімді жұрнақ саналатын *-ан, -ен, -ын, -ін, -н* форманты етістік негізді зат атауларын жасайды: *боран, жиын, егін,*

*қорған т.б*. Олардың субстантивтеніп кеткені сонша, көпшілігінің алғашқы түбірі дербес қолданылатын етістіктер екені еленбейді де.

Топонимжасамда «табиғи нысанда болып өткен, үнемі болып тұратын іс-әрекетті негізгі белгі етіп» алады да, тың атаулар қалыптастырады. *Ағынсай, Боран, Бөген т.б.*

| | |
|---|---|
| Аға**ЫН**көл | (көл. СҚО, Айыртау ауд.) |
| Аға**ЫН**сай | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Бас**ЫН**көл | (көл. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| Бора**Н** | (е.м. ШҚО, Күршім ауд.) |
| Бөге**Н** | (өзен. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Бұқ**ЫН**көл | (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.) |
| Жұр**ЫН** | (е.м. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.) |
| Кел**ІН**төбе | (е.м.Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.) |
| Қалмақшаб**ЫН** | (е.м. БҚО, Тасқала қ.ә.) |
| Қат**ЫН**су | (өзен. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Қоға**Н** | (е.м. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Қорға**Н**тұз | (сор. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| Қостүй**ІН** | (тж. бекеті. ОҚО, Отырар ауд.) |
| Құмағ**ЫН** | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Сақта**Н** | (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.) |
| Сар**ЫН**көл | (көл. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| Тоқырау**ЫН** | (өзен. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Шар**ЫН** | (е.м. Алматы обл., Үйғыр ауд.) |
| Шау**ЫН**көл | (көл. Палодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Шыға**Н** | (көл. СҚО, Мамлют ауд.) |

11**. -у**

Етістік негізден туынды зат есім қалыптастыратын *-у* сөзжасамдық формантының қолданылу аясы кең болып келеді. Мәселен, «бұл форма арқылы зат есім де *(асу, ауру, қашау),* сын есім де *(жүдеу, қату, бітеу),* сондай-ақ қимыл әрекет атауы формалары да *(оқу, байқау, жылу)* туады» [90;161].

*-у* қимыл атауы соңғы ғасырлардан бастап белсенді қолданыла бастағаны болмаса, көне жазба ескерткіштерде сирек кездеседі. Оның себебін *-у* қосымшасының синонимі болып табылатын *-қ/-ғ* аффиксінің қызметінен іздеген жөн. М.: *қыстақ –қыстау, бақ-бау, күзек- күзеу т.б.*

Қазіргі қазақ тілінің терминжасамында бұл қосымша ерекше белсенділік танытуда: *тежеу, нұсқау, кернеу, беттестіру т.б*.

Ал топонимжасамға «табиғи нысанның өзіне тән болып келетін қызметін, қимылын атап көрсету» арқылы қатысып, жаңа топонимдер тудырады: *Жайлау, Бөгеу, Бастау т.б.*

| | |
|---|---|
| Алқа**У** | (е.м. Қостанай обл., Меңдіғара ауд.) |
| Ақбайла**У** | (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.) |
| Атыра**У** | (қала. Атырау обл., Атырау қ.ә.) |
| Баркөрне**У** | (жота. Алматы обл., Панфилов ауд.) |
| Баста**У** | (тау. Ақтөбе обл., Қобда ауд.) |
| Бейне**У** | (е.м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Бөге**У** | (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.) |
| Біте**У** | (аңғар. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Бүркe**У** | (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| Жайла**У** | (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.) |
| Кер**У** | (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.) |
| Қат**У** | (тау. Алматы обл., Панфилов ауд.) |
| Қойна**У**қыр | (айрық. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.) |
| Қолда**У**құдық | (қыстау. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Қоныстан**У** | (е.м. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Құмкеш**У** | (е.м. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Торлы**У** | (төбе. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Тікжолданас**У** | (асу. ШҚО, Үржар ауд.) |
| Тұздыбаста**У** | (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.) |
| Үр**У**қора | (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Шыңыра**У** | (е.м. Жамбыл обл., Қордай ауд.) |

12. **-ды, -ді, -ты, -ті**

Тілімізде осы қосымша тұлғалас, бірақ омонимдік қатынаста болатын төрт түрлі жұрнақ бар: туынды сын есім жасайтын *-ды, -ді, -ты, -ті* сөзжасам жұрнағы *(ақыл-ды, сенім-ді);* табыс септік жалғауы *(тау-ды, үй-ді);* жіктік жалғауы *(бара-ды, келе-ді)* және жедел өткен шақ жұрнағы *(бар-ды, кел-ді)*. Бұлардың соңғы үшеуінде сөзжасамдық қабілет жоқ болғандықтан, екі жалғау сөзбайлам аффикстеріне, соңғы жұрнақ сөзтүрленім қосымшасына жатады.

Біздің қарастыратынымыз – осылардың ішіндегі жедел өткен шақ жұрнағы *-ды, -ді, -ты, -ті*. Жедел өткен шақ жұрнағы А.Ибатовтың «Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігіндегі» сөз тудырушы жұрнақтар тізімінде кездеспейді [155;129-134]. Сөзжасамға қатысы жоқ жұрнақтың топонимжасамға қатысуы, әрине, орынсыз болып көрінеді, бірақ түбірге тікелей жалғанатын жедел өткен шақ жұрнағы сол түбірмен бірге даяр күйінде жалқы есім жасауға қатыса алады екен: *Астаусалды, Ордакелді, Жауғашты т.б.*

«Етістік негізді атаулар» деп аталып жүрген мұндай топонимдер «табиғи нысанда бір кезде болып өткен оқиғаны негізгі белгі етіп ұстап қалатыны» байқалады. М.: *Ханкелді, Ханқашты, Сиырөлді т.б.* Сол

себепті жедел өткен шақ жұрнағы топонимжасамға шартты түрде ғана қатыса алады және оның көбінесе күрделі атаулардың соңғы сыңарында келуі де даяр қалпында қолданылатынын айғақтайды. Алайда элипсиске ұшыраған дара түрі *(Болды),* жіктік жалғау арқылы жасалғаны *(Кетет< Кетеді )* кездеседі.

| | |
|---|---|
| Арнааш**ТЫ** | (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Астаусал**ДЫ** | (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.) |
| Байүлес**ТІ** | (е.м. Ақмола обл., Ақкөл ауд.) |
| Бол**ДЫ** | е.м. Қостанай обл., Қамысты ауд.) |
| Жауқаш**ТЫ** | (е.м. ОҚО, Отырар ауд.) |
| Кет**ТІ**тақыр | (тоғай. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |
| Қайт**ТЫ** Дүкен | (мола. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Қарынсал**ДЫ** | (өзен. Қостанай обл., Аманкелді ауд.) |
| Қоянқаш**ТЫ** | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Ордакел**ДІ** | (көл. Павлодар обл., Железин ауд.) |
| Сабасал**ДЫ** | Торғай (өзен. Қостанай обл., Аманкелді ауд.) |
| Сиырөл**ДІ** | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Сүріл**ДІ** | (төбелер. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Тулықон**ДЫ** | (құдық. Маңғыстау обл., Түпқарағант ауд.) |
| Үлкен Жауғаш**ТЫ** | (көл. Қостанай обл., Денисов ауд.) |
| Ханкел**ДІ** | (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Топыраққаш**ТЫ** | (ащы. Атырау обл., Қызылқоға ауд.) |
| Ханқаш**ТЫ** | (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Шауыпкел**ДІ** | (тау. Қарағанды обл., шет ауд.) |

13. **-ша, -ше, -са, -се**

«Қазақ грамматикасы» бұл форманттың қазақ тілінде қазір сөзжасамдық та, сөз түрленімдік те қызмет атқаратынын атап көрсетеді. Мәселен, *кілем-кілемше* сөздерінде мағына алшақтығы аз, ендеше мұндағы *-ше* – сөзтүрленімдік формант, ал *маңдай – маңдайша* дериватындағы *-ша* –сөзжасамдық формант деп табады [3;300].

Қазақ тіліндегі қосымшалардың қосқызметтілігін (бифункциялылығын) арнайы зерттеген ғалым профессор Қинаят Шаяхметұлы *-ша, -ше* аффиксінің әрі сөзжасамдық, әрі сөзтүрленімдік қызметі бар деген И.Е.Маманов пен С.Усмановтың пікірлерін қолдай келіп былай дейді: «-ша//ше аффиксінің басты, бірінші қызметі – үстеу тудыру яғни сөзжасамдық болса, онымен қатарлас екінші қызметі – сөз түрленімдігі де бар. Олай болса – ша/-ше аффиксі – қосқызметті қосымша» [150;124].

Топонимжасамда *-ша, -ше* форманты тым белсенді болмаса да, «табиғи нысанның кішілеу, шағын тұлғасын *(Астауша, Бақша),* солғын тартқан бояуын *(Ақшатау, Бозшакөл)*» атап көрсету арқылы әдемі ата-

улар қалыптастырады. Бұдан біз «Қазақ грамматикасы» авторларының: «-ша, -ше жұрнағының сөзжасамдық қызметі сөзтүрленімдік қызметі негізінде кейін пайда болғанға ұқсайды», - деген болжамының дұрыс екенін көреміз [3; 300]. Қалған салыстыру, ұқсату, әнтек алшақ мағына – барлығы да кішірейту реңін жойып тұрған жоқ.

| | |
|---|---|
| Ақ**ША** | (құдық. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Ақ**ША**адыр | (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) |
| Ақ**ША**тау | (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.) |
| Ақ**ША**тоған | (е.м. Алматы обл., Көксу ауд.) |
| Астау**ША** | (жайлау. ШҚО,катонқарағай ауд.) |
| Бақ**ША** | (айрық. Алматы обл., Көксу ауд.) |
| Боз**ША** | (е.м. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Боз**ША**көл | (көл. Қарағанды обл., Ұлытау ауд. |
| Жалтыр**ША** | (көл. СҚО, түлкібас ауд.) |
| Кер**ШЕ**тас | (е.м. ОҚО, Түлкібас ауд.) |
| Көк**ШЕ**тау | (тау. Ақмола обл., Көкшетау қ.ә.) |
| Қара**ША**көл | (көл. Қостанай обл., Қарабалық ауд.) |
| Қара**ША**сор | (көл. Қостанай обл., Қарабалық ауд.) |
| Қара**ША**төбе | (тау. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Маңдай**ША** | (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.) |
| Сар**ША** | (е.м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Шақ**ША** | (тау. Қызылорда обл., Жалағаш ауд.) |
| Шоқ**ША** | (жайлау. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Шоқ**ША**ауыл | (е.м. СҚО, Уәлиханов ауд.) |

14. **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек**

Етістікке жалғанатын *-мақ, -мек* сөзжасам жұрнағы көбінесе нақты зат атауын жасайды: *сырмақ, шақпақ, піспек, құймақ т.б.*

Топонимжасамда *-мақ, -мек* қосымшасы арқылы жасалған туынды зат есімдер жеке тұрып, не атау құрамына еніп, «табиғи нысанның сырт бейнесін *(Тайпақ, Тоқмақ<Тоқпақ),* өзіндік ерекшелігін *(Батпақ, Көкпек)* білдіреді». Топонимжасамда өнімді формант емес.

| | |
|---|---|
| Ашықтай**ПАҚ** | (сор. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| Бат**ПАҚ** | (өзен. Алматы обл., Ескелді ауд.) |
| Бұта**МАҚ** | (тау. Қарағанды обл., Нұра ауд.) |
| Жай**ПАҚ** | (е.м. Алматы обл., Алакөл ауд.) |
| Көк**ПЕК** | (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) |
| Қарашат**ПАҚ** | (тау. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| Қиыр Сарыбас**ПАҚ** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Қос**ПАҚ**көл | (батпақ. СҚО, Тайынша ауд.) |
| Тай**ПАҚ** | (е.м. Ақмола обл., Жақсы ауд.) |

| | |
|---|---|
| Тоқ**МАҚ** | (мүйіс. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| Шақ**ПАҚ** | (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| Шақ**ПАҚ**ата | (е.м. Жамбыл обл., Жуалы ауд.) |
| Ынты**МАҚ** | (е.м. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |

15. **-дай, -дей, -лай, -лей, -тай, -тей**

Бұл жұрнақтың сөзжасамдық қызметі сын есім мен үстеу жасауда ерекше көзге түседі. Алайда үстеу жасаушы *-дай, -дей* аффиксі мен сын есім жасаушы *-дай, -дей* аффиксі бір емес, екеуі омоним қосымшалар деген пікірлер де бар. Олар, мәселен Н.К. Дмитриев, Г.И.Рамстедт т.б., үстеу жасайтын *-дай, -дей* жұрнағының түбінде етістік сөз жатыр деп есептейді. М.: *таудай* «тау сияқты», «тауға ұқсас» [150;44].

Ал *-дай, -дей* жұрнағы атау тұлғалы жекеше түрдегі зат есімдерге қосылып сын есімдер жасайды: *қазандай тас, мұздай су, тұздай көз т.б.*

*-дай, -дей* қосымшасының үстеу жасайтын және сын есім тудыратын нұсқаларының екеуінде де алдымен салыстыру, ұқсату мәні жүретіні байқалады. Осы салыстыру мағынасы топонимжасамда бірінші орынға шығады. М.: *Бағырдай (< Бауырдай)* «бауыр сияқты», «бауырға ұқсас»; *Білдей (<Пілдей)* «піл сияқты үлкен». Дегенмен топонимжасамда белсенді формантқа жатпайды.

| | |
|---|---|
| Бағыр**ДАЙ** | (канал. Атырау обл., Индер ауд.) |
| Біл**ДЕЙ** | (төбе. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Доға**ЛАЙ** | (тау. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.) |
| Кішкен**ТАЙ** Дөңгелек | (көл. Павлодар обл., Ақсу ауд.) |
| Кішкен**ТАЙ**сор | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |
| Кішкен**ТАЙ** Қарақамыс | (батпақ. СҚО, Жамбывл ауд.) |
| Құрт**ТАЙ** | (өзен. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.) |
| Сып**ТАЙ** | (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.) |
| Шал**ДАЙ** | (көл. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| Шоқ**ТАЙ** | (құдық. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.) |

16. **-шық, -шік**

А.Ысқақов *-шық, -шік* жұрнағын *-шақ, -шек* жұрнағының қысаң (жіңішке) түрі деп есептейді және зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтары тобына жатқызады [90;167].

Ал «Қазақ грамматикасы» *-шық, -шік* қосымшасын синтетикалық сөзжасам жүйесіндегі өнімді жұрнақтар қатарына қосып жеке қарайды, әрі түрлі реңкті зат есімдер жасайтын 24 жұрнақтың ішіне де қосады. Өйткені «... реңк мәнді жұрнақтар зат есім сөздердің өзіне жалғанып, оның лексикалық мағынасын құбылтады. Лексикалық мағынаның құбылуы жалпы тіл білімінде де, орыс тіл білімінде де сөзжасамға жатады» [3; 320-321] М.: *ойыншық, қапшық, айшық т.б.*

*-шық, -шік* аффиксі арқылы қалыптасқан дериваттың түбірі айқын, дербес тұрғаны *(үйшік, төбешік, бұршік)* және түбір мен қосымшаны мүшелеуге келмейтіні *(бұлшық)* болады.

Топонимжасамда –шық, -шік форманты, сөзжасамдағы тәрізді, кішірейту мағынасында қолданылады. М.: *Кезеңшік, Таушық, Төбешік т.б.*

| | |
|---|---|
| Бөбе**ШІК** | (қыстау. Қызылорда обл., Арал ауд.) |
| Жылым**ШЫҚ** | (құм. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.) |
| Кезең**ШІК** | (тау. СҚО, Ғабит Мүсірепов ауд.) |
| Қала**ШЫҚ** | (көл. Павлодар обл., қашыр ауд.) |
| Қом**ШЫҚ** | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Құм**ШЫҚ** | (е.м. Қостанай обл., Жангелдин ауд.) |
| Сарай**ШЫҚ** | (е.м. Атырау обл., Махамбет ауд.) |
| Тау**ШЫҚ** | (төбе. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.) |
| Төбе**ШІК** | (көл. Павлодар обл., Шарбақты ауд.) |
| Ұлы Жылан**ШЫҚ** | (өзен. Қостанай обл., Амангелді ауд.) |
| Үлкен Жылан**ШЫҚ** | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |
| Шағырлы Жылан**ШЫҚ** | (өзен. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) |

17. **-ым, -ім, -м**

Етістіктен зат есім жасайтын өнімді жұрнақ *-ым, -ім, -м* дерексіз зат ұғымдарын *(білім, сенім, төзім),* мекендік ұғымды білдіретін зат атауларын *(күзем, жайылым, бөлім)* және нақты зат атауларын *(соғым, тізім, иірім)* қалыптастырады.

Қазір терминжасамда жиі қолданылып жүр: *тілтаным, сөйлесім, сөзөзгерім, пікірлесім т.б.*

Топонимжасамда «табиғи нысанның тұрақты қимылын атауға негіз етіп алу» арқылы азын-шағын атаулар жасайды: *Иірім, Егім т.б.*

*-ым, -ім, -м* жұрнағымен тұлғалас тәуелдік жалғауының жекеше I жағының жалғауымен де бірді-екілі атаулар жасалады. Олар көп болмағандықтан, әрі *-ым, -ім, -м* сөзжасам жұрнағымен шатастырмас үшін, осы арада келтіре кетуді жөн көрдік: Ақбұл**ЫМ** (е.м. Жамбыл обл., Жамбыл ауд.), Күдел**ІМ** (құдық. Жамбыл обл., Жуалы ауд.), Құт**ЫМ** (тау. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.), Наурыз**ЫМ** (қорық. Қостанай обл., Қамысты ауд.), Тас**ЫМ** (қыстау. Маңғыстау обл., Түпқараған ауд.).

Ал *-ым, -ім, -м* сөзжасам форманты арқылы жасалған туынды топонимдер мыналар:

| | |
|---|---|
| Ақсұғ**ЫМ** | (е.м. БҚО, Шыңғырлау ауд.) |
| Ботабар**ЫМ** | (өзен. Жамбыл обл., Шу ауд.) |
| Ег**ІМ** | (е.м. БҚО, Ақжайық ауд.) |
| Көкіір**ІМ** | (құдық. Жамбыл обл., Сарысу ауд.) |

КөкөсІМ (құдық. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
ҰйыМкөл (жайлау. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.)

18. **-шақ, -шек, -сақ, -сек**

Түркітанушы-ғалымдар бұл жұрнақты мезгіл мәнді *шақ* сөзінен шығарады (М.: *балалық шақ)*. Профессор М.Томанов *-шақ, -шек* жұрнағын зат есім жұрнақтарының ішіндегі ерекше топ – кішірейткіш-экспрессив мәнді сөздер тудыратын топқа жатқызады: *құлыншақ, түйіншек т.б*. [91;116].

Прфессор А.Ысқақов *-шақ, -шек* – омонимдес жұрнақ екенін, ал қосымша зат есімдерге жалғанып, кішірейту формаларын *(келіншек, түйіншек)* тудырса, кейбір етістіктерден зат есім *(емшек, бөлшек)* және өздік етістен сын есім *(еріншек, мақтаншақ*) жасайтынын атап көрсетеді [90; 164-165].

Сын есім жасауда көбінесе адамға байланысты қолданылады да, оның әлдебір әрекетке бейім тұратын қасиетін білдіреді: *мал+сақ, жарам+сақ, сатым+сақ т.б*. [3;351].

Топонимжасамда *-шақ, -шек* форманты «табиғи нысанның салыстырмалы түрде кішілеу, шағын, аз екенін *(Қайыршақ)* және нысанның үнемі қайталанып тұратын қозғалысын» *(Басқыншақ)* айғақтайды.

БасқынШАҚ (көл. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
БұрСАҚ (е.м. ШҚО, Ұлан ауд.)
ЖабаСАҚ (қыстау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
КелінШЕК (тау. Қызылорда обл., қармақшы ауд.)
ҚайырШАҚ (қоныс. Павлодар обл., Павлодар ауд.)
ҚарымСАҚ (е.м. Алматы обл., Кербұлақ ауд.)
ҚұмСАҚқор (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
МонШАҚ (қыстау. Қызылорда обл., Қазалы ауд.)
ШұқырШАҚ (е.м. ОҚО, Бәйдібек ауд.)

19. **-ыс, -іс, -с**

*-ыс, -іс, -с* көпмағыналы, синкретті жұрнағы етістіктен зат есім *(ағыс, жыртыс, тегіс)* жасайды және ортақ етіс тұлғасы ретінде қызмет етеді *(жазысты, отырысты, салысты)*. Етістік негізден туынды зат есім (қимыл атауы) жасалғанда, нақты заттық мағына беретін дериваттар *(өріс, қоныс)* және дерексіз сөздер *(алғыс, жеңіс, өзгеріс)* бірдей жасала береді.

*-ыс, -іс* сөзжасамдық жұрнағының сирек кездесетін фонетикалық нұсқасы *–ыш, -іш, -ш* форманты да бар: *алданыш, төсеніш, шөміш т.б.*

*-ыс, -іс, -с* қосымшасы терминжасамның қайнар көздерінің біріне жатады: *ізденіс, жаратылыс, сайыс, көрініс т.б.*

Топонимжасамда *-ыс, -іс, -с* форманты «табиғи нысандағы тұрақты бір қозғалысты *(Ағыс, Құйылыс)* немесе мекен, орынды *(Қоныс, Өндіріс*)» атайды.

АғЫС (көл. Павлодар обл., Павлодар ауд.)
АйтылЫС (құдық. Қарағанды обл., Абай ауд.)
АрқанбөлІС (тау. Ақмола обл., Ерейментау ауд.)
ҚонЫС (құдық. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
ҚорЫС (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
ҚұйылЫС (е.м. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
ӨндірІС (айрық. Павлодар обл., Железин ауд.)
ТөңкерІС (е.м. Алматы обл., Талғар ауд.)
ҚорғаС (е.м. Алматы обл., Панфилов ауд.)

20. **-қай, -кей**

*-қай, -кей* қосымшасы қай жағынан алып қарасақ та, өнімсіз жұрнақтар қатарына жатады. Мәселен, бірді-екілі туынды зат есімнің құрамына еніп, оларға кішірейту мәнін үстейді: *балақай, алаңқай т.б. Оңқай, солақай* тәрізді сын есімдер жасауға қатысады.

Тілші-ғалымдар *алаңқай, сілекей* секілді туынды зат есімдер беретін сема мен *теріскей, күнгей, солақай, оңқай* сөздерінің семасы бір емес екенін; соңғы туынды сөздердегі *-қай, -кей* қосымша емес, жақ «сторона» ұғымын беріп, бағыт сілтейтін дербес сөз болуы мүмкін екенін ескертеді [3;306]. Алайда «Қазақ грамматикасы» соңғы топқа *беткей, төскей* дериваттарын да қосып жібереді. Біздің ойымызша, бұл екеуінде кішірейту реңк беретін мағына басым жатыр: *бет-беткей, төс-төскей.*

Топонимжасамда *-қай, -кей* форманты және дәлелденбеген дербес сөзі беретін екі мағына да көрініс береді, араласып жатады. Нақтыласақ: «табиғи нысанның кішілеу, шағын тұлғасын *(Қалбағай, Төскей)* және бағытын *(Күнгей, Теріскейбұлақ)* білдіреді».

АңыраҚАЙ (тау. Жамбыл обл., Шу ауд.)
АтшоңҚАЙ (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)\
БытырыҚАЙ (жол. Павлодар обл., Железин ауд.)
ЕңіреКЕЙ (е.м. ШҚО, Жарма ауд.)
КүнГЕЙ (қыстау. Ақтөбе обл., шалқар ауд.)
КүнГЕЙ Бөкенбай (е.м. ШҚО, Күршім ауд.)
ҚалбаҒАЙ (қыстау. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
СарыбетКЕЙ (е.м. Қызылорда обл., Арал ауд.)
ТөсКЕЙ (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
ТөсКЕЙбұлақ (жайлау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)

21. **-қы, -кі, -ғы, -гі**

Бұл қосымша әрі етістік негізді зат есім *(ішірткі, таралғы, тебіңгі т.б.),* әрі есім, етістік негізді сын есім *(бұралқы, оралғы, жинақы т.б.)* жасауға қабілетті болып келеді. *-Қы, -кі* дерексіз сөзді де *(ұйқы, күлкі, тепкі),* термин сөзді де *(құрылғы, қондырғы, басытқы)* қалыптастыруы мүмкін.

А.Байтұрсынұлының айтуынша, *-қы, -кі* форманты атауыш сөздерден гөрі шылау сөздермен (көмекші есім, үстеу, септеулік) жиірек байланысады: *шеткі, жоғарғы, қыстайғы т.б.* [3;350].

Топонимжасамда «табиғи нысанның сипатын (*Борқы* «борлау, боры бар», *Тайқы)* және мекен, бағытын (*Жоғарғы Тобыл, Шеткікөл*)» білдіретін атаулар жасауға қатысады.

| | |
|---|---|
| Бор**ҚЫ** | (өзен. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| Жоғар**ҒЫ** Балық | (батпақ. СҚО, Мамлют ауд.) |
| Жоғар**ҒЫ** Бұрлық | (е.м. СҚО, Айыртау ауд.) |
| Жоғар**ҒЫ** Тобыл | (бөген. Қостанай обл., Денисов ауд.) |
| Қазал**ҒЫ** | (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| Сырт**ҚЫ** су | (өзен. Қарағанды обл., Бұқар Жырау ауд.) |
| Тай**ҚЫ** | (көл. Павлодар обл., Май ауд.) |
| Таң**ҚЫ** | (құдық. Қарағнды обл., Ұлытау ауд.) |
| Шет**КІ**көл | (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |

22. **-ыл, -іл, -л**

Бұл сөзжасамдық қосымшадан алдымен туынды зат есім жасалады (көбінесе қимыл есімге жалғану арқылы): *тосқауыл, шабуыл, жортуыл т.б.* Енді бір мол топты еліктеуіш сөзден жасалған туынды зат есімдер құрайды: *арсыл, күрсіл, сартыл*. «Сондай-ақ бұл қосымша *бат-ыл, жең-іл, жас-ыл, қыз-ыл т.б.* сияқты нақтылық сапалық сын ұғымын білдіретін кейбір сөздердің құрамында өлі қосымшаға айналып бара жатыр [137; 264].

Етістіктің сөзжасамын зерттеген еңбектердің барлығы дерлік етіс жұрнақтарының синтетикалық тәсілге қатысы бар деп есептейді. Мәселен, профессор А.Ысқақов етіс жұрнақтары туралы былай дейді: «Бұл жұрнақтарда етістік негізінен туынды етістік жасайтын қабілетпен қатар, амалдың (істің) грамматикалық субъекті мен объектіге әр қилы қатысын білдіретін қабілет те болады» [90;249]. Бұл пікірге сүйенсек, ырықсыз етіс жұрнағы *-ыл, -іл, -л* форманты омоним қосымша болып табылады.

Топонимжасамда ырықсыз етіс жұрнағы *(-ыл, -іл, -л)* да *(Бұрыл, Жайыл),* қимыл есім негіздісі де *(Ереуіл),* еліктеуіш, бейнелеуіш негізділері де *(Сымбыл)* көрініс беруі мүмкін екенін байқаймыз.

БұрЫЛ (е.м. Жамбыл обл., Байзақ ауд.)
БүгІЛөзек (өзен. Атырау обл., Махамбет ауд.)
ЕреуІЛ төбе (төбе. Алматы обл., Райымбек ауд.)
ЖайЫЛ (қыстау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
ҚағЫЛ (қыстау. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
ҚарЫЛ (қоныс. СҚО, Аққайың ауд.)
СымбЫЛ (тау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)

Ескерту: *Ойыл, Қиыл* гидронимдерінің құрамындағы *ыл* тіліміздің көне қабатында «су», «өзен» мағыналы дербес сөз болған деген пікірлерді ескеріп, бұл үлгілердің қатарына қоспадық.

23. **-ат, -ет, -ыт, -іт, -т**

Қазақ тілі сөзжасамында өнімсіз қосымша болып табылатын *-ат, -ет* негізінен етістіктен туынды түбір зат есімдер жасайды: *сызат, көшет, киіт, бөгет, шұбат, сарқыт т.б. -Ат, -ет* жұрнағы, сонымен бірге, өзгелік етіс тұлғасын *(оқыт, сұрат*, *қарат)*; есімнен етістік *(шырамыт, құмарт, сейілт);* есімнен есім *(қырат, уыт, жеміт)* жасау арқылы омоним қосымшалар тобына өтеді.

Топонимжасамда етістік негіздісі де, есім негіздісі де кездеседі және «табиғи нысанның кішірейту реңкті атын *(қыр-қырат),* бір қимылдың нәтижесінде пайда болғанын *(Бөгет*)» білдіреді.

БөгеТ (тарихи қоныс. Ақтөбе обл., Хромтау ауд.)
БұйраТкөл (көл. Ақмола обл., Целиноград ауд.)
Қарашоқ(ы)АТ (е.м. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
Шоқ(ы)АТ (көл. СҚО, Тайынша ауд.)
ШолаққырАТ (қыстау. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
ШұрАТ (құдық. ОҚО, Созақ ауд.)

24. **-ыр, -ір, -р**

Қосымша кейбір қимыл есімге жалғанып, құрал атауларын (туынды зат есімдер) жасайды: қандау+ыр, шымшу+ыр т.б. Екіншіден, еліктеуіш сөздерден зат есімдер қалыптастыра алады: *күңгір (<күңк+ір), тықыр (<тық+ыр), шықыр (<шық+ыр) т.б*. [3;308]. Үшіншіден, кейбір бір буынды көне түбірлерге қосылып, туынды сын есімдер пайда болған: *жұмыр, ші́р, обыр, қыңыр, шымыр т.б.*

Топонимжасамда «табиғи нысанның толық емес сипатын (*Жіңішкекебір, Татыр),* мінезін (*Есір*)» білдіреді. Жер-су атын жасауда өнімді формант емес.

ЕсІР (е.м. Қостанай обл., Амангелді ауд.)
ЖіңішкекебІР (тоғай. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
ТатЫР (е.м. Атырау обл., Жылыой ауд.)
ТұмтүйІР (е.м. Қостанай обл., Қарасу ауд.)

25. **-а, -е**

Мұндағы *-а* аффиксі – бірен-саран етістікке жалғанып, туынды зат есім жасайтын жеке жұрнақ: *жыр-а, жаз-а, айнал-а*. Ал *-а, -е* сонымен қатар есім сөзді етістікке айналдыратын көне жұрнақ болып табылады: *ат-а, дем-е, жас-а, күй(і)с-е т.б.*

Топонимжасамға *-а, -е* омоним қосымшасының осы екі түрі де қатысады: «табиғи нысанның бір қимыл-қозғалыстың нәтижесінде пайда болғанын білдіреді *(Жыра)* және сол нысанда істелуге тиіс әлдебір қимылға нұсқау, бұйрық беріледі (*Біте, Ора)».*

Бітт**Е** (бөген. БҚО, Ақжайық ауд.)
ЖырА**қ**ұдық (жайлау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
Ор**А** (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
Қай(ы)р**А** (қыстау. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)

26. **-ай, -ей**

Бұл қосымшаның сөзжасамдық қабілеті, негізінен, есімнен етістік жасарда анық байқалады: *ет-ей, күш-ей, мұң-ай т.б.* Осы топқа еліктеуіш негізді туынды етістіктерді де жатқызуға болады: *салп-ай, селт-ей.*

*-ай, -ей, -й* қосымшасына омонимдес *-й* жұрнағы бар және ол, біріншіден етістіктен аздаған зат есім тудырады *(құра-й, ора-й);* екіншіден зат есімнің сыйлау, құрметтеу реңкті білдіретін жұрнағына жатады (*ата-й, әке-й, апа-й).*

Көр(і)к**ЕЙ** (жайлау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Кіші Ақшеше**Й** (батпақ. СҚО, Жамбыл ауд.)
Қотырселт**ЕЙ** (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
Сасыққура**Й** (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
Шаған**АЙ** (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Шақа**Й** (төбе. Павлодар обл., Май ауд.)

27. **-ы, -і**

Есім негізге ғана жалғанатын *-ы, -і* форманты заттың тектік сипатын беретін сын есімдер жасауға қатысады: *арабы, қазақы, алтайы, қырмызы т.б.* Оғыз тілдерінде *-ы, -і* қосымшасы түр-түсті білдіретін туынды сын есімдер тудырады: әзірб. *күмүш+ү* «күміс түсті», *буғдай+ы* «бидай өңді» т.б.

Топонимжасамда «табиғи нысанның негізгі бір белгісін сипаттау» арқылы туынды атаулар қалыптастырады: *Сазы* «сазды, саздау жер»; *Амалы* «табиғат амалы (құбылысы) жиі болатын жер» т.б. Мұнда *Сазы* (дала), *Амалы* (тау) тіркесті атаулары элипсиске ұшырағаны айдан анық.

Ауызбақ**Ы** (бастау. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.)
Амал**Ы** (қоныс. СҚО, Шал Ақын ауд.)

БайсалЫ (көл. СҚО, Шал Ақын ауд.)
СазЫ (е.м. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.)
ТелІкөл (көл. Қызылорда обл., Шиелі ауд.)
ҮрілІтүп (арал. Павлодар обл., Железин ауд.)

Мұндағы *Байсалы* «байсалды, тыныш көл» мәнін беруі мүкін, немесе моңғ. *байц* «жартас» сөзінен шығуы ғажап емес.

28**. -кене, -ғана**

Тіліміздегі зат есімнің кішірейту мәнін білдіретін (реңк мәнді) жұрнақтарының бірі *-кене (-ғана)* ең өнімсіз қосымша болып табылады. Одан *кіш(і)кене, азғана* тәрізді санаулы сөздер пайда болған. А.Ысқақов бұл қосымшаның үстіне тағы бір реңк мәнді *-тай* жұрнағының қосылуына қарап, *-кене (-ғана)* көнеленген тұлға деп табады: *кішкентай, азғантай* [90;167].

Топонимжасамда «географиялық нысанның салыстырмалы түрде алғандағы шағын көлемін білдіретін» *кіш(і)кене > кішкене* үлгісі ғана кездеседі.

Кіш(і)**КЕНЕ** қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Кіш(і)**КЕНЕ** Жарма (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
Кіш(і)**КЕНЕ** Жуантөбе (тау. Павлодар обл., Май ауд.)
Кіші(і)**КЕНЕ**көл (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
Кіш(і)**КЕНЕ** Қандыкөл (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
Кіш(і)**КЕНЕ**қоңыр (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.)

29. **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер**

Бұл қосымша – кәдімгі көптік жалғауы. Жалғаулар сөзжасамға қатыспайтын болғандықтан, даяр күйінде семантикалық жолмен жалқы есімге айналған деуге болады. Алайда көптік жалғауы сөзге көптік, сонымен бірге ол заттардың әркелкі екенін білдіретін мағыналар үстейтінін *(өзендер, кітаптар, ыдыстар)* және көптік жалғаудың сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстыру қабілетінің жоқтығын ескеріп, жұрнақтар қатарына бейімдейтін пікірлер де бар (137; 69-70].

Қалай болса да, *-лар, -лер* көптік жалғауы «тектес табиғи нысандардың біреу, екеу емес, бірнешеу» екенін атап көрсету арқылы топонимге айналғанын көреміз.

БақТАР (қоныс. СҚО, Шал ақын ауд.)
КөлДЕР (қоныс. СҚО, Есіл ауд.)
ҚолДАР (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)
ТасТАР (тау. Павлодар обл., Май ауд.)
ТөбеЛЕР (е.м. Таулы Алтай өлкесі, Қошағаш ад.)
ШалДАР (тау. ШҚО, Аягөз ауд.)

30**. -қын, -кін, -ғын, -гін**

Қазақ тілі сөзжасамында етістіктен туынды түбір зат атауларын жасайтын *-қын, -кін* аффиксі іс-әрекет иесін (*қашқын, құғын, тұрғын т.б.);* іс-әрекеттің өз атауын *(тасқын, ұшқын, көшкін т.б.)* білдіретін өнімді жұрнақ деп есептеледі. Бұл қосымша, сондай-ақ, аздаған сын есім *(азғын, озғын*), терминдік сөздер *(босқын)* қалыптастыруға қабілетті болып келеді.

Топонимжасамда «табиғи нысандағы іс-әрекеттің атауы» ретінде көрініс береді, бірақ өнімді формант емес.

АқжайҚЫН (көл. ОҚО, Созақ ауд.)
БарҚЫН (құм. Ақтөбе обл., Ойыл ауд.)
ОрҒЫН (тарихи өзен. Орхон. Монғолия)
ТасҚЫН (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
ҰшҚЫН (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)
ШайҒЫНсор (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)

31. **-ыншы, -інші, -ншы, -нші**

Бұл сөзжасам жұрнағының есептік сан есімнен реттік сан есім жасайтыны мәлім: *бір-інші, екі-нші, он-ыншы, алты-ншы т.б.* Реттік сан есім заттардың барлық санын білдірмейді, бір заттың қатарын, орнын, рет санын анықтап тұрады. Бұл оның сөзжасамдық қызметін белгілейді.

Топонимжасамда «біртекті табиғи нысандарды, елді мекендерді таңбалайды, кейде атау жетпей қалғанда, реттік сан есімді пайдалану үрдісі кездеседі».

БесІНШІ көл (көл. СҚО, Аққайың ауд.)
БірІНШІ Елан (шабындық. ШҚО, Катонқарағай ауд.)
ҮшІНШІ ауыл (е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд.)

32**. -қа, -ке**

Зат атауларына кішірейту мән қосатын бұл қосымша сөзжасамдағы сияқты топонимжасамда да белсенді емес. «Табиғи нысанның шағын, кішілеу тұлғасын белгілейтін» бірен-саран атаулар жасайды.

ҰзынқырҚА (мола. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
ШөлеңКЕ (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

Мұндағы *Шөл+ең* (кішірейту мәнді жұрнақ) *+ке* – «өзі шөлең, өзі кішілеу жер» мәнін береді.

33. **-ш (-аш, -еш, -ыш, -іш)**

Зат есімнің реңк мәнді жұрнақтарына жататын *-ш* аффиксі жалқы есімге де, жалпы есімге де жалғанып кішірейту, еркелету сияқты қосымша мағына жалғайды: *қалқаш, бөпеш, Төлеш, Гүліш т.б.*

Топонимжасамда тура осы мағына бойынша, «шағын көлемді табиғи нысандарды, олардың солғындау сипатын» атап көрсетеді.

Жалаң**АШ** (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.)
Көл**ІШ** (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)
Қыр**АШ** (е.м. Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.)

34. **-сыз, -сіз**

Көне түркі жазба ескерткіштерінен *(тонсыз, кешусіз)* сөзжасамдық қолданыста келе жатқан *-сыз, -сіз* жұрнағы таза зат атауларына жалғанып, туынды сын есім жасайды: *жеңсіз, жолсыз, туырлықсыз т.б.*

Топонимжасамда «табиғи нысанда жоқ нәрсені атау» арқылы жер-су аттарын қалыптастырады. Логика ғылымында «заттың белгілі бір қасиетінің болмауы да оның негізгі белгісі болып табылады» деген қағида бар екені белгілі.

Ет**СІЗ** (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
Отын**СЫЗ** (қоныс. Павлодар обл., Железин ауд.)
Су**СЫЗ** (тау. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.)

35. **-шыл, -шіл**

Үнемі есім негізге жалғанып, туынды сын атауларын жасайтын *-шыл, -шіл* аффиксі «адамның (кейде заттың) бір іске бейімділігін, құмарлығын» білдіретін мағына тудырады: *сауықшыл, отаршыл, ойшыл т.б.*

Топонимжасамға да осы мәнде қатысатын *-шыл, -шіл* форманты «табиғи нысанда бір нәрсенің молдығын *(Бағана-шыл* «бағанасы көп, жиі») және елді мекендегі адамдардың бейім ісін (*Еңбекшіл*)» мағынасын қалыптастырады.

Бағана**ШЫЛ** (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
Еңбек**ШІЛ** (е.м. Павлодар обл., Железин ауд.)
Тегіс**ШІЛ** (е.м. БҚО, Жәнібек ауд.)

36**. -ілдір, -ылдыр**

Сын есімнің салыстырмалы шырайына тән *-ілдір* қосымшасын (жалпы шырай категориясын) С.Исаев, А.Салқынбай қатарлы ғалымдар, сөзжасамдық тұлғаларға жатқызады. М.: *Қызыл алма – қызғылт алма* екеуі екі түрлі мағына беретін жеке-жеке атаулар болып табылады [1;81].

Топонимжасамда *-ілдір* қосымшасы арқылы жер-су аттары жасалады және «табиғи нысанның толық емес сынын, сапасын» атап көрсетеді.

Көг**ІЛДІР** (тау. ШҚО, Аягөз ауд)
Шәу**ІЛДІР** (е.м. ОҚО, Отырар ауд.)

37. **-рақ, -рек, -ырақ, -ірек**

Сын есім шырайларының сөзжасамдық қабілеті бар екенін топонимжасам арқылы дәлелдеуге болады. Мәселен, салыстырмалы шырайдың тағы бір тұлғасы *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* те жер-су аттарын жасай алады. Мұнда да «табиғи нысанның сыны мен көлемінің кемшін соғып жататынын» атауға уәж етеді.

Кіші**РЕК**сор (көл. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)

Ұзын**ЫРАҚ**тау (тау. ШҚО, Күршім ауд.)

38. **-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу**

Салыстырмалы шырайдың тағы бір қосымшасы *-лау, -леу* біртектес заттарды салыстыра қарағанда, бірінің сын мен сапасы екіншісінен артық не кем екенін білдіреді: *аласалау, жалпақтау, орташалау т.б*. Топонимжасамда «геонысанның әлдебір қасиетінің салыстырмалы түрде артық не кемдігін» нұсқап барып, бірді-екілі атау жасайды.

Сыңғыр**ЛАУ** (е.м. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)

Шыңғыр**ЛАУ** (өзен. БҚО, Шыңғырлау ауд.)

39. **-мал, -мел**

Етістік негізден сын есім тудыратын аса өнімсіз жұрнақ *-мал, -мел* «заттың дәрежесін *(танымал),* мезгілін *(түнемел, саумал, жасамал (кісі)),* қасиетін *(бауырмал*)» білдіреді.

Топонимжасамда осы мәннің бірінде, даяр күйінде қолданылып, ұқсату арқылы жер-су атын жасауға қатысады.

Сау**МАЛ** көл (көл. Қостанай обл., Амангелді ауд.)

40. **-лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен**

Құрамы *-ла* және *-н* форманттарынан тұратын бұл құранды жұрнақ есім негізден етістік жасайды: *малдан, баптан, ойлан т.б.*

Топонимжасамда «табиғи нысанның бір белгісін емес, онда өтуге тиіс адам әрекеттеріне нұсқау беру» мағынасы басым болып келеді.

Той**ЛАН** (жайлау. Павлодар обл., Ақсу ауд.)

Қос**ТАН** (е.м. Атырау обл., Индер ауд.)

Мұндағы *Қостан* «қос тік, үй сал» мағынасын береді.

41. **-шаң, -шең**

Есім негізден туынды сын есім жасайтын өнімсіз жұрнақ *(бойшаң, сөзшең, тершең т.б.)*. Кейбір ғалымдар *-шаң, -шең* қосымшасын қытай тіліндегі *чан* «мастер» сөзінен шығарады: *сөзшең* «сөзге шебер» т. б.

Топонимжасамда фонетикалық өзгеріске түскен *-таң (< -шаң)* форманты арқылы жасалған бір ғана үлгі кездеседі.

Ақсор**ТАҢ** (тоғай. Жамбыл обл., Сарысу ауд.)

Мұндағы *сор-таң* сыңары *сор-шаң* тұлғасынан шығатыны байқалады.

42. **-сын, -сін**

Бұл қосымша әрі зат есім, әрі етістік жасауға қабілетті. Атап айтқанда етістік негізден туынды зат есімдер (*күресін, ықтасын, борасын т.б.*) және жалқы есімдер (*Тұрсын, Тоқтасын, Ұлбосын т.б.*) қалыптастырады. Ал есімдерден етістік жасайтын *-сын, -сін* жұрнағы «менсінбеу, кекету, тілек білдіру» сияқты реңкті етістіктер тудырады *(адамсын, білгішсін, дамысын, көбейсін* т.б.).

Топонимжасамда осы екі мағына бірдей жер-су аттарын жасауға қатыса алады. М.: *Биіктесін* «биіктеу жер, (ықтасын сөзімен типтес), *Ұлғайсын* «дамысын, кеңейе түссін» деген тілек мәнді атау.

Биікте**СІН** (е.м. Ақмола обл., Зеренді ауд.)

Ұлғай**СЫН** (е.м. Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд.)

43. **-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес**

Өзі құранды *(-ла+с),* өзі омоним болып келетін *-лас, -лес* бірде сын есім, бірде етістік тудырады. Олардың есім, не етістікке тән екендігін сөйлем ішіндегі мағынасына қарай ажыратамыз. М.: *Сырлас* адам (сын есім); мен *сырластым* (етістік). *-Лас, -лес* қосымшасы арқылы жасалған туынды сын есімдер адамның туыстық, мінездік, мекендік байланыстарын білдіреді: *аталас, қарындас, пікірлес, ақылдас, ауылдас, жерлес т.б.* Ал туынды етістік жасалғанда, көбінесе ортақтасу әрекетін білдіреді: *бірлес, достас, кезектес, мұңдас.*

Топонимжасамда *-лас, -лес* формантының омонимдік қасиеті сақталады. Мәселен, *Төбелес* «қатар тұрған (көршілес) төбелер» мәніндегі заттанған сын есім және *Бірлес* «бірігіңдер, ұйымдасыңдар» мәніндегі етістік атаулар жасала береді.

Бір**ЛЕС** (е.м. Жамбыл обл., Тұрар Рысқұлов ауд.)

Төбе**ЛЕС** (е.м. Павлодар обл., Ертіс ауд.)

44. **-гер, -кер**

Бұл қосымша әуел баста араб, парсы тілдерінен енгендіктен, тіліміздегі үндестік заңына бағынбайды: *балгер, жұмыскер т.б.*

Негізінен кәсіп иесін білдіретін *-шы, -ші* қосымшасымен мәндес *-гер, -кер* жұрнағын *қар* (қолдың қары) сөзінен шығаратын пікірлер де кездеседі, өйткені «қол, қар адамның іс істейтін негізгі мүшесі»: *суреткер, саяткер, сайыскер* т.б. [1; 221-222].

*-кер* форманты сын есім жасауға да қабілетті (*айлакер, дәулескер, міністер т.б.)* және терминжасамға белсене араласуда (*кәсіпкер, қылмыскер, бапкер, саясаткер т.б.).*

Топонимжасамда адамның кәсібіне байланысты немесе дерексіз ұғымды елді мекен атауларын ғана жасайды. Табиғи нысанның ерекше бір белгісін білдіруге қабілетсіз болып келеді.

ЖұмыС**КЕР** (е.м. Павлодар обл., Май ауд.)
Талап**КЕР** (қыстау. Павлодар обл., Железин ауд.)

45. **-ынды, -інді**

Етістік негізден туынды зат есім жасайтын бұл құранды жұрнақ *(-ын+ды)* «іс-әрекеттің нәтижесінде пайда болған зат атауын» жасайды: *жу-ынды, шай-ынды, үг-інді, ерітінді т.б.*

Терминжасамда белсенділік танытып жүрген *-ынды, -інді* (*қорытынды, көбейтінді, үйінді)* форманты топонимжасамға да қатыса алады.

СоғЫНДЫ (е.м.Жамбыл обл., Қордай ауд.)
ШоқЫНДЫ (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

46. **-қал, -кел**

Зат есімнің түрлі реңкін білдіретін қосымшалар тобына жататын *-қал, -кел* жұрнағы затқа кішірейту мәнін үстейді: *шат-шатқал, өт-өткел.* А.Ысқақов *-қал, -кел* өлі формант деп есептейді [90; 159].

Топонимжасамда «табиғи нысанның шағын тұлғасын» атап көрсетеді.

ҚараөтКЕЛ (жұрт. Ақмола обл., Астана қ.ә.)
ШатҚАЛ (айрық. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
ШаңҚАЛ (тау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)

47. **-ып- іп, -п**

*-ып, -іп, -п* қосымшасы арқылы жасалған көсемшелер топонимжасамға даяр күйінде еніп, етістік мәнді атаулар қалыптастырады.

АйдаПкел (қыстау. ШҚО, Абай ауд.)
АлыПқаш (көл. СҚО, Мамлют ауд.)

48. **-ғыр, -гір**

Етістік негізден сын атауларын жасайтын өнімсіз қосымша *-ғыр, -гір* «бір нәрсенің әлдебір іс-әрекетке бейімділігін, қабілетін» білдіреді: *алғыр, ұш-қыр, өт-кір т.б.* Екінші жағынан алғанда, қарғыс мәнді сөздер туғызады (*жамандатқыр).*

Топонимжасамда сирек болса да кездеседі.

ҚалҒЫРкөл (көл. СҚО, Жамбыл ауд.)

49. **-ғақ, -гек**

Етістіктен туынды сын есім жасайтын *-ғақ, -гек* жұрнағы «әлденеге бейімділік» сапасын білдіреді: *сыңғақ, оңғақ, қатқақ т.б.*

Топонимжасамда осы мәнде қолданылады.

Құр**ҒАҚ** Қайыңды (өзен. ШҚО, Күршім ауд.)

### 5.3 Изафеттік құрылымдағы атаулар

«Түрік изафеті» деп аталып жүрген құрылым **(ілік септігі + тәуелдік жалғауы)** сөзжасам саласында жаңа сөз тудырушы құрылым ретінде қаралады: *темір қасық, дала қосы*, *оқушының дәптері т.б.* Олардың құрамындағы сөздердің мағыналары арқылы жаңа сөзжасамдық мағына туатыны анық байқалады.

Сөзжасамда изафетті аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған атаулар тобына жатқызып қарау бар. Алайда изафеттің үш түрі де қосымшалардың көмегімен ғана матаса байланысып тұрғанын естен шығармаған жөн. Аналитика-семантикалық тәсілге ұқсап тұрғаны изафеттің бірінші түрі *(алма ағаш)* болса, оның өзі нөлдік формада тұрғаны анық (*алма+ның ағаш+ы)*.

Топонимжасамда изафеттің үш түрі арқылы жасалған жер-су аттары бар және оларды біз **синтетика-семантикалық** тәсілмен жасалған деп танимыз. М: *Адайкөл, Ескене бұлағы, Қазыбектің Қарасуы.*

А) **Изафеттің бірінші түрі арқылы жасалған туынды топонимдер** (0)

Жалпы алғанда түрік изафеті меншіктік мағынаны білдіру мақсатында пайда болғаны айқын. Изафеттің қосымшасы түсіріліп, нөлдік тұлғада қолданылатын бірінші түрі де меншіктік қатынасты білдіреді *(Айманбұлақ, Бөкенсор, Қамбабаадыр т.б.)*.

Бірінші изафет, сөз жоқ, үшінші, екінші изафеттерден қосымшаларын түсіріп, ықшамдап қолданудан пайда болған. М.: *Абайдың ауылы >Абай ауылы > Абайауыл.*

Нөлдік тұлғадағы изафеттің біріккен атаулардан түбегейлі айырмашылығы бар. Біріккен атаулардың сыңарлары өз мағыналарын жоғалтып, біртұтас сөзге айналып кетеді де атрибуттық қатынаста болады: *тасбақа, кемпірқосақ, түйетабан т.б*. Ал изафетте алғашқы (бағыныңқы сыңары) міндетті түрде меншік иесін көрсетіп тұрады және өзара синтаксистік байланыста болады: *Арыстансаз, Бабайтас т.б*.

Топонимжасамда изафеттік құрылымды атаулардың бірінші сыңары көбінесе, антропоним, этноним болып келеді, өйткені меншік иесі адам немесе этностан тұратыны белгілі.

| | |
|---|---|
| ***Абайауыл*** | (қоныс. СҚО, Мағжан Жұмабаев ауд.) |
| ***Адайкөл*** | (көл. Қостанай обл., Қамысты ауд.) |
| ***Айманбұлақ*** | (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |
| ***Ақанбарақ*** | (е.м. СҚО, Шал ақын ауд.) |
| ***Албайжартас*** | (қоныс. Павлодар обл., Баянауыл ауд.) |

***Алтайкөл*** (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Алтайтау*** (төбе. Атырау обл., Құрманғазы ауд.)
***Арыстансаз*** (көл. Қостанай обл., Денисовка ауд.)
***Ахметқора*** (жайлау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Әділшоқы*** (тау. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Бабайтас*** (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Бабықбұрлық*** (өзен. СҚО, Айыртау ауд.)
***Базаршолан*** (е.м. БҚО, Аққайың ауд.)
***Байғаш Қайраңкөл*** (көл. СҚО, Ұзынкөл ауд.)
***Баймағамбеткөл*** (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Балтасап*** (көл. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Батайбұлақ*** (қыстау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Бейсембайжол*** (тау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Бейсенқұдық*** (құдық. Павлодар обл., Павлодар қ.ә.)
***Берішатам*** (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)
***Бижансор*** (қоныс. Павлодар обл., Екібастұз ауд.)
***Бозбайқоныс*** (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Боқай Қарашілік*** (е.м. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Боштайбет*** (мола. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Бөкейкөл*** (көл. Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.)
***Бөкейтау*** (тау. ОҚО, Түлкібас ауд.)
***Бөкенсор*** (көл. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Бұланбайкөл*** (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Біржанкөл*** (көл. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Елемесқамыс*** (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Есілтал*** (орман. СҚО, Есіл ауд.)
***Жібексор*** (көл. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Иманжал*** (төбелер. СҚО, Айыртау ауд.)
***Исламтоған*** (қоныс. СҚО, Есіл ауд.)
***Қалаужекен*** (қыстау. Павлодар обл., Май ауд.)
***Қалыниязқолқа*** (тоғай. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Қамбабаадыр*** (тау.Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қапандұм*** (тоғай. СҚО, Жамбыл ауд,)
***Қожанқорық*** (қоныс.Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Қосайшағыл*** (тоғай. ШҚО, Үржар ауд.)
***Құрманшат*** (тау. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.)
***Мақсұтжыра*** (жайлау. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Мұқышқарасу*** (өзен. Қарағанды обл., Нұра ауд.)
***Наурызбайшұбар*** (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.)
***Сақаушеген*** (ферма. Павлодар обл., Баянауыл ауд.)
***Сәлімшошақ*** (қыстау. Атырау обл., Индер ауд.)

| | |
|---|---|
| ***Тайшабаза*** | (қыстау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) |
| ***Таңатұзынкөл*** | (көл. СҚО, Жамбыл ауд.) |
| ***Тілемісқоңыр*** | (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.) |
| ***Уақбаймола*** | (қоныс. Павлодар обл., Май ауд.) |
| ***Үйсінсор*** | (көл. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.) |

ә) **Изафеттің екінші түрі арқылы жасалған туынды топонимдер (0 + ы, і)**

Мұнда изафетке қатысушы бірінші сөз нөлдік тұлғада тұрады да, екінші сыңары тәуелдік жалғауда тұрады: *орман шыршасы, елбасы т.б*. Екінші изафет әсіресе жалқы есімдер жасауға қабілетті болып келеді. Себебі: «Географиялық атаулар мен мекеме, ұйым, көше аттарын айтқанда ілік септіктің көрсеткіші жасырын келеді. Иелік-меншіктілік мәні көмескіленіп, екі сөз *(Каспий теңізі)* бір мағыналы атауға айналып, сөйлемнің бір-ақ мүшесі, бір-ақ сыңары болып кетеді [3; 622].

Топонимжасамда екі сөзден тұратын түрі де *(Жібек жолы),* бірнеше сөзден тұратын күрделі түрі де *(Үлкен Борсық құмы)* қолданыла береді және компоненттері бөлек жазылады.

| | |
|---|---|
| ***Ақмола көлі*** | (көл. Қостанай обл., Наурызым ауд.) |
| ***Алтын жалы*** | (е.м. ОҚО, Арыс ауд.) |
| ***Асмантай –Матай соры*** | (сор. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.) |
| ***Байшолақ бекеті*** | (айрық. Павлодар обл., Май ауд.) |
| ***Бақсай тармағы*** | (өзен. Атырау обл., Махамбет ауд.) |
| ***Балапан жалы*** | (тау. ШҚО, Бесқарағай ауд.) |
| ***Балықты жайылма тоғайы*** | (сор. БҚО, Казталовка ауд.) |
| ***Батпайсағыр құмы*** | (құм. Атырау обл., Құрманғазы ауд.) |
| ***Белгібай кардоны*** | (қоныс. Павлодар обл., Аққу ауд.) |
| ***Бозанай құмы*** | (құм. Атырау обл., Құрманғазы ауд.) |
| ***Есен қазақ тоғайы*** | (тоғай. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) |
| ***Ескене бұлағы*** | (е.м. ШҚО, Аягөз ауд.) |
| ***Жар кемері*** | (тау. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.) |
| ***Жоңғар Алатауы*** | (тау жотасы. Алматы обл.) |
| ***Жоңғар Қақпасы*** | (тау. Алматы обл.) |
| ***Жұмақ тау*** | (тау. ШҚО, Абай ауд.) |
| ***Жібек жолы*** | (тарихи жол аты, ҚР) |
| ***Каспий теңізі*** | (теңіз. Қазақстанның батысы) |
| ***Каспий маңы*** | (ойпат. БҚО) |
| ***Көлдер жырасайы*** | (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) |
| ***Күріш даласы*** | (айрық. Алматы обл., Қаратал ауд.) |
| ***Кішкенекөл батпағы*** | (қоныс. СҚО, Есіл ауд.) |
| ***Қошқарбасы*** | (құм. Алматы обл., Балқаш ауд.) |

***Қу тауы*** (тау. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.)
***Құланбасы*** (е.м. Алматы обл., Балқаш ауд.)
***Құржем орманы*** (қоныс. Павлодар обл., Ертіс ауд.)
***Қырғыз жотасы*** (тау. Жамбыл обл., Мерке ауд.)
***Қырғыз Шоққайыңы*** (қоныс. СҚО, Қызылжар ауд.)
***Манас тауы*** (тау. ШҚО, Тарбағатай ауд.)
***Мұзбел жалы*** (жал. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)
***Мұрын каналы*** (канал. БҚО, Жаңақала ауд.)
***Сайрам шыңы*** (тау. ОҚО, Төле би ауд.)
***Салық тауы*** (тау. ШҚО, Зайсан ауд.)
***Солтүстік Жаркемері үстірті*** (үстірт. Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)
***Солтүстік Сарыбұлақ тауы*** (тау. Қарағанды обл., Шет ауд.)
***Сырдақ көлі*** (көл. Қостанай обл., Қарабалық ауд.)
***Тауарасы*** (айрық. Алматы обл., Көксу ауд.)
***Таужолы*** (е.м. Алматы обл., Қарасай ауд.)
***Торғай ылдиы*** (аймақ. Қостанай обл.)
***Үлкен Борсық құмы*** (құм. Ақтөбе обл., Шалқар ауд.)
***Үлкенсор тоғайы*** (тоғай. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.)
***Шежін жайылма тоғайы*** (тоғай. БҚО, Тасқала ауд.)
***Хан тоғайы*** (орман. БҚО, Жайық-Шаған өзендері)

Ескерту: Изафеттің екінші түрі арқылы жасалған атаулар үлгісінде табиғи қалыптасқан атауларға *(Балапан жалы, Бозанай құмы*) қоса, ресми, орыс тілінен аударылған, картада тұрғанымен халық қолданбайтын топонимдер де кездеседі *(Көлдер жырасайы, Солтүстік Жаркемері үстірті т.б.)*.

Солтүстік Қазақстан облысындағы *Қырғыз Шоққайыңы* тұлғасындағы атау қазақты «киргиз» деп атаған патшалық Ресей дәуірінен қалған қалдық екенінде күмән жоқ. Оны қазіргі зерттеушілердің тікелей аударып, *Қырғыз Шоққайыңы* деп қағазға түсіруі сауатсыздықтың белгісі. Дұрысы: *Қазақ Шоққайыңы* болса керек еді.

Б) **Изафеттің үшінші түрі арқылы жасалған туынды топонимдер (ілік септігінің жалғауы + тәуелдік жалғауының II жағы)**

Екі сыңарының қосымшалары түсірілмей қолданылатын изафеттің бұл толық түрі меншіктік, иелік мағынаны анық, айқын білдіреді. М: *Менің қарындасым, бидайдың ұны, үйдің есігі т.б.*

Топонимжасамда изафеттің қалған екі түріндей белсенді емес, бірақ «белгілі бір геонысанның кімге, неге тиесілі екенін нақты көрсететін» атаулар тудыра алады.

***Алақайдың Ақтақыры*** (тоғай. Қызылорда обл., Қармақшы ауд.)
***Алтынайдың жырасы*** (бұлақ. Павлодар обл., Екібастұз қ.ә.)
***Бекбайдың Ақбалшығы*** (қоныс. Павлодар обл., Ақтоғай ауд.)
***Жанаттың Қарасуы*** (көл. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Көшердің бөгені*** (бөген. Қостанай обл., Меңдіқара ауд.)
***Кішіенемнің қыстауы*** (қыстау. БҚО, Сырым ауд.)
***Қазақтың қисық орманы*** (орман. СҚО, Шал ақын ауд.)
***Қыздың Қарасуы*** (өзен. СҚО, Уәлиханов ауд.)
***Қырғыздың жерлері*** (қоныс. СҚО, Жамбыл ауд.)
***Сақтың қорасы*** (қоныс. СҚО, Уәлиханов ауд.)

Мұнда да тура аударма (*Казахский лес - Қазақтың қисық орманы; Киргизская земля – Қырғыздың жерлері)* орын алып, картаға белгіленіп кеткен. Бұрынғы «киргиз» атауының сол қалпында қалуы өкінішті-ақ.

Қорыта келгенде, синтетика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдер топонимжасамда аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдердей белсенді болмаса да, көркем де айқын атаулар туғызатынын көреміз. Олар өзіндік жүйе жасайтын тарихи қалыптасқан үлгілер болып табылады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Тіліміздегі топонимдердің барлық сөзжасамдық үлгілерін анықтап шығуымыздың себебі екі түрлі қажеттіліктен туындады: біріншісі – қазақ топожүйесінің топонимжасамдық типтерін толық қамтып көрсету; екіншісі – көрсетілген топомодельдерге сүйене отырып, қажетті жерлерге тыңнан атаулар жасау. Жазылған ғылыми жұмыс атын ауыстыруды қажет ететін нысанға жаңа атау берерде басшылыққа алынатын негізгі еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысы, өз кезегінде өзекті мәселені көрсетіп қана қоймайды, оның дұрыс шешілуін қамтамасыз ету үшін, қолдануға даяр үлгілерді жасап шығарады. Ал атын ауыстыруды қажет ететін табиғи, жасанды нысандар Қазақстан жерінде жетіп артылады. Атап айтқанда:

1.Әртүрлі экстралингвистикалық әсерлердің нәтижесінде топжүйемізге еніп кеткен кірме топонимдердің саны әлі де қомақты.

2. Кеңестік идеологияны насихаттау мақсатында қойылған, алайда өзі таңбалайтын нысанға сәйкес келмейтін «саясаттанған атаулар» тобы бар.

3. Кірме атауларды ауыстыру барысында жер бедерінің ерекше бір белгісін уәжділікке алмай, әсіреқызыл, эмоциялы, жалпы мағыналы сөздерден жасалып, қолданысқа еніп кеткен жер-су аттары да жоқ емес.

4. Әкімшілікте қызмет еткен немесе кәсіпкерлікпен айналысқан қалталы азаматтардың өз ата-бабасының атын дәріптеу үшін, ел топонимиясына енгізіп жіберген «мансапқор» антротопонимдер тобы бар екені шындық.

Аталған төрт топқа жататын жер-су аттары түгелдей жаңалауды талап етеді. Оның өзі таза ұлттық топожүйе құру масатынан туындап отырғаны анық.

Келтірлген үлгілер бойынша атауларды ауыстыруда, жаңғыртуда табиғи нысанның ерекше бір белгісін анықтап алу міндеті қойылады. Уәжділіктің болуы топонимнің жай ғана таңба емес, кәдімгі атау-сөзге тең екенін айғақтайды. Атаудың уәжділігін анықтау үшін, табиғи нысанды көзбен көріп, арнайы зерттеу жүргізу қажет. Онсыз жер-су аты нысаннан алшақтап, өз мағынасын жояды, өміршең болмайды.

Топонимжасам барысында атаудың этимологиясы міндетті түрде ескерілуі керек. Атау жасауға қатысатын әр түбір сөздің, әр формантың мағынасын айқындап алмайынша, жаңа атау жасауға қатыстыруға болмайды. Топонимжасамға қатысатын бір компонент мән-мағынасыз болса, онда атау да мағынасын жоғалтады.

Қазақ жерінің топонимиясы өткен ғасырларда әртүрлі саясаттың кеселінен өзгеріске түсіп, шұбарланғаны анық. Ендігі кезекте ұлттық топожүйемізді толық қалпына келтіру үшін де саясатқа сүйенуге тура келеді. Бұл мәселе мемлекеттік Тіл саясаты аясында түбегейлі шешімін табуға тиіс.

Топонимжасамның негізгі мақсатының бірі – тарихи топонимдерді сақтап қалу. Әр атауда сол халықтың дүниетанымы, ұлттық өзіндік бейнесі кумулятивті түрде жинақталатыны дәлелденген. Байырғы атаулардың құндылығы да сонда, оларды қандай атақты адамның атына,

қандай әдемі сөзге айырбастауға болмайды.

Топонимжасамның географиялық принципі екі түрлі мақсатты көздейді: 1) Жаңа атау берілмес бұрын, табиғи нысанның географиялық жағдайы, жер бедері әбден зерттелуі тиіс. Ол, өз кезегінде, тіл біліміндегі «атау затқа қарай беріледі» деген принциппен үндесіп жатады. 2) Қазақстанның табиғи аймақтарына сәйкес келетін географиялық терминдер болатынын ескеріп отырмаса болмайды. Мәселен, далалы аймаққа тән географиялық термин таулы аймаққа тән топонимнің құрамына кіре алмайды.

Сөзжасам лексикамыздағы барлық сөздерді қамтитындықтан, жалқы есімдердің жасалуын да қамтамасыз етеді. Сондықтан, біз, жер-су аттарының жасалуын «топонимжасам» деп бөлек атап, сөзжасам аясында қарастырдық. Қазақ тіліндегі туынды топонимдерді лексика-семантикалық, аналитика-семантикалық, синтетика-семантикалық типтерге бөліп, оларға тән жеке-жеке үлгілерді барынша толық қамтып көрсетуге тырыстық.

Лексика-семантикалық тәсілмен жасалатын сөз де, атау да қазақ тілінде аз топқа жататыны мәлім. Біздің зерттеуімізде 442 онимденген түбір сөз талданды. Ол топонимдер 18 үлгі бойынша топтастырылып берілген. Топонимжасамда өнімсіз тәсіл болғанмен, конверсиялық жолмен жасалған түбір топонимдер тілімізде алғаш пайда болып, кейінгі күрделі атаулардың жасалуына ұйытқы болған деп есептеледі.

Топонимтанушы-ғалымдардың барлығы дерлік түркі топонимиясында аналитика-семантикалық тәсілмен жасалатын жер-су аттарының мол кездесетінін ескеріп, негізгі топонимжасам типіне жатқызады. Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған атаулар ішінде біріккен топонимдердің үлес салмағы басым болып келеді. Біріккен атауға қатысушы себепші мағыналар жаңа, туынды атаудың уәжі болып табылады да, жаңа мағынаны, кейде екіншілік мағына, кейде сөзжасамдық мағына деп атайды. Ал топонимжасамдағы екіншілік мағына (жаңа сөз) туынды топонимнің өзі болып табылады.

Төртінші тарауда аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған 4174 бірікккен, тіркескен атаулар 692 үлгі бойынша топтастырылған.

Қазақ тілінің сөзжасамында синтетика-семантикалық тәсіл ең өнімді тәсіл деп танылады. Алайда қазақ тілі топонимжасамында синтетикалық тәсіл жалпы сөзжасамдағыдай өнімді емес. Біздің ғылыми жұмысымызда аналитика-семантикалық жолмен жасалған атаулардан кейін қосымшалы атаулар келеді: 1197 топоним 47 үлгі бойынша топтастырылды. Бұл үлгілер топожүйеміздегі барлық қосымшалы атауларды анықтап қана қоймайды, келешекте жаңа атаулар жасауға да жол ашады.

Қорыта келгенде, сөзжасамның негізгі үш тәсілі арқылы жасалған 5813 топоним 757 үлгі бойынша топтастырылып берілді. Бұлардан тыс назарға ілінбей қалған үлгілер, жер-су аттары болуы мүмкін, бірақ олар көп емес және қазақ топонимжасамындағы басты-басты типтер мен үлгілер түгел қамтылды деп ойлаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.

2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия ЖАҚ, 2002. – 784 бет.

4. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. М.: Наука, 1973. – 366 с.

5. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 604 с.

6. Сүлейменова Э., Мәдиева Г., Шәймерденова Н. т.б. Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, - 1998. – 544 б.

7. Гируцкий А.А. Общее языкознание. Учеб. пособие для студентов вузов. Мн.: Тетра-Системс, 2003. – 304 с.

8. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем./ общ. ред. Г.В.Рамишвили; Послесл. А.В.Гулыги и В.А.Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.

9. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики / Пер. с фр. А.М.Сухотина. М.: Логос, 1998. – 296 с.

10. Левицкий Ю.А. История лингвистических учений / Ю.А.Левицкий, Н.В.Боронникова / Учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2005. – 302 с.: ил.

11. Будагов Р.А. Человек и его язык. М.: Наука, 1974. – 405 с.

12. Реформатский А.А. Введение в языковедение. М.: Наука, 1998. – 364 с.

13. Востоков А.Х. Рассуждение о сляванском языке // Хрестоматия по истории русского языкознания. Составитель Ф.М.Березин. Москва: Высшая школа, 1977. С. 58-61.

14. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана: ЖШС «1С-Сервис», 2005. – 240 бет.

15. Пизани В. Этимология. История-проблемы-метод. М.: Иностр. Литер., 1956. – 187 с.

16. Античные теории языка и стиля. – М. – Л.: Соцэкгиз, 1936. – 344 с.

17. Бондалетов В.Д. Русская ономастика: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. N 2101 «Рус. яз. и лит.» – М.: Просвещение, 1983. – 224 с.

18. Шухардт Г. Избранные статьи по языкознанию: Пер. с нем. Изд. 2-е – М.: Едиториал УРСС, 2003. – 296 с.

19. Откупщиков Ю.В. К истокам слова. М.: Просвещение, 1986. – 176 с.

20. Никонов В.А. Введение в топонимику. М.: Наука, 1965. – 175 с.

21. Алефиренко Н.Ф. Теория языка. Вводный курс: Учеб. пособие для студ. филол. спец. высш. учеб. заведений. – М.: Изд. центр «Академия», 2004. – 368 с.

22. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.: Наука, 1974. – 365 с.

23. Сулейменов О.О. Тюрки в доистории. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.

24. Меркулова В.А. О некоторых принципах этимологии названий растений // Этимология. М.: Наука, 1965. С. 72-87.

25. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

26. Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

27. Ономастикалық Хабаршы. ҚР Үкіметі жанындағы Мемономкомның бюллетені. № 1(3). Алматы: Атамұра, 2005. Б.

28. Топоров В.Н. Некоторые соображения в связи с построением теоретической топономастики // Принципы топонимики. Москва: Наука, 1964. С.3-22.

29. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 118 б.

30. Умирающие языки уносят тайны // Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. № 6(148), 2007, Б.7.

31. Омарұлы Б. Ономастика және өркениет // Егеменді Қазақстан, 5-ақпан, 2005. Б.5.

32. Пауль Г. Принципы истории языка. М.: Иностранной литературы, 1960. – 500 с

33. Востоков А.Х. Задача любителям этимологии // Санкт-Петербургскиий вестник, издаваемый Обществом любителей словесности, наук и художеств, Ч.I Спб, 1812. С. 204.

34. Ахметов Ә. Азия-Берингия-Америка немесе американдық «үндістердің» азиялық тегі / ғылыми-көпшілік басылым/. Алматы: Шартарап, 2003. – 96 бет.

35. Серебренников Б.А. О методах изучения топономических названий. ВЯ, 1959, №6. С. 50.

36. Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. Алма-Ата: Наука, 1974. – 200стр.

37. Мурзаев Э.М. Очерки топономики. М.: Мысль, 1974. – 406 с.

38. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 стр.

39. Солнцев В.М. Некоторые аспекты взаимоотношения языков Юго-восточной Азии и Дальнего Востока // Генетические, ареальные и типологические связи языков Азии. М.: Наука, 1983. С. 8-18.

40. Шарадзенидзе Т.С. Изучение конвергенции языков и языковые союзы // Генетические, ареальные и типологические связи языков Азии. М.: Наука, 1983. С. 69-79.

41. Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы, 2000. – 254бет.

42. Күзембайұлы А., Әбіл Е.А. История Республики Казахстан: Учебник для ВУЗ-ов / 5-ое изд. перераб. и доп/ – Астана: ИКФ «Фолиант», 2000. – 400с.

43. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2 изд. – Алматы: Казахстан, 1997. – 383с.

44. Батманов И.А. Краткое введение в изучение Киргизского языка. М., 1997. – 387 с.

45. Бартольдт В.В. История культурной жизни Туркестана. Л.: АН СССР, 1927. – 264 с.

46. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. М.: Мысль, 1984. – 653 стр.

47. Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии (материалы и исследования). – Новосибирск: Наука, 1981. – 235 стр.

48. Байжумин Ж. Казахско-Арийский лексикон // Қазақ өркениеті(Казахская цивилизация). Журнал, №1(12). Алматы: Университет «Кайнар», 2004. С. 52-72стр.

49. Жұртбаев Т. Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. – Алматы: Жалын-К.1, 1994. – 368бет.

50. Аспандияров Б. Некоторые сведения о местах обитания казахов в древности // Простор. Литературно-художественный журнал, №11. Алматы, 2000. С. 80-87.

51. Омский военный округ. Отдель VIII. Население. Под руководством начальника штаба округа, генерал-лейнтената Тихменева составил подполковник Грудзинский. Омск: Тип.шт. Омск, 1910. – 87стр.

52. Бичурин Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан. Учебное пособие (Состовитель Н.Е. Акбаев). Алматы: «Санат», 2002. – 352 стр.

53. Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары. Монография. Алматы: Жания-полиграф, 2002. – 180 бет.

54. Аманжолов К. Түркі халқының түп тамыры // Қазақ тарихы. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал, №1. Алматы, 1993. Б. 7-12.

55. Артықбаев Ж.О., Ерманов А.Т., Жәнісов Ә.Т. Орта Ертіс өңірі қимақ дәуірінде. («Темір жауынгер» құпиясы ). – Астана: Фолиант, 2004. – 48 бет.

56. Лувсанданзан. Алтын шежіре. / Моңғол тілінен ауд. А.Мауқараұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 224 бет.

57. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 бет.

58. Уәлиханов Ш. Қазақ шежіресі (үзінді) // Қазақ тарихы. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал, №1. Алматы, 1993. Б. 30-31.

59. Вартаньян.Э.А. История с географией, или жизнь и приключения географических названий. – М.: Дет. лит, 1986. – 238 с.

60. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). М.: Наука, 1974. – 767 с.

61. Байтанаев Б.А. К этимологии гидронима «Арысь» // Шестая конференция по ономастике. Волгоград, 1989. С. 65-66.

62. Куайн Уиллард Ван Орман. Слово и объект. Перевод с англ. М.: Логос, Праксис, 2000. – 386 стр.

63. Бейсенова Ә., Карпеков Қ. Қазақстанның физикалық географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2004. – 256 бет.

64. Атанов М. Тыныштық белдеуі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасын делимитациялау қалай жүргізілді // Егеменді Қазақстан, 27 қыркүйек, 2005 жыл. Б. 3-4.

65. Жучкевич В.А. Общая топонимика. Минск: Вышэйшая школа, 1980. – 287 стр.

66. Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан. Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 63 стр.

67. Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. Ленинград: Наука, 1984. – 224 стр.

68. Достай Ж., Сапаров Қ. Ландшафт тұрпаттарын (типтерін) анықтаудағы топонимдердің рөлі // География және табиғат. Журнал, №5. Алматы, 2006. Б. 5-9.

69. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 бет.

70. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері (оқу құралы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 152 бет.

71. Никонов В.А Пути топонимического исследования // Принципы топонимики. Москва: Наука, 1964. С. 58-86.

72. Подольская Н.В. Какую информацию несет топоним // Принципы топонимики. Москва: Наука, 1964. С. 87-99.

73. Корнилов Г.Е Опыт исследования по чувашской диалектологии и булгаро-чувашской топонимике. – Дисс. канд. филол. наук. Чебоксары, 1964. – 186 с.

74. Савукинас Б.И. Из прений // Принципы топонимики. М.: Наука, 1964. С. 122-123.

75. Ермекбаев Ғ.Ж. Жер бедері атаулары (семантикалық, морфологиялық талдау, фоносемантикалық сипаттама). Филол. ғыл. канд. атағын алу үшін даярлаған диссертация. Алматы, 1999. – 180 бет.

76. Никонов В.А. Поиски системы // Этимология. М.: Изд. АН СССР, 1963. С. 217-234.

77. Базылхан Б. Монғол-казах толь (Моңғолша-қазақша сөздік). Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 бет.

78. Донидзе Г.И. Гидронимические термины в тюркских языках // Ономастика, Москва: Наука,1969. С.165-171.

79. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Изв. АН Казах. ССР, серия географ. Алма-Ата, 1951. С. 24-30.

80. Шанский Н.М и др. Краткий этимологический словарь. М.: Просвещение, 1971. – 542 стр.

81. Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайское отделение алтайского книжного издательства, 1979. – 397 стр.

82. Русско-казахский словарь: 70 000 слов / Под редакцией Н.Т. Сауранбаева, Г.Г. Мусабаева, Ш.Ш. Сарыбаева, третье изд., перераб. и дополн. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 стр.

83. Локшина С.М. Краткий словарь иностранных слов. Изд. 5-е, стереотип. М.: Русский язык, 1977. – 351стр.

84. Жеменей И. Қазақша-парсыша және парсыша-қазақша сөздік. – Алматы: Санат, 1994. – 368 бет.

85. Кущ Г.А. Древний Усть-Каменогорск // Тіл мен діл (Альманах) №1, Өсемен, 2007. Б. 21-22.

86. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 2006. – 264 бет.

87. Қалиев Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 104 бет.

88. Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70 000 слов / Под ред. Н.Ю.Шведовой. – 23-е изд. Испр. – М.: Рус. яз., 1990. – 917 стр.

89. Айтмуратов Д. Тюркские этнонимы: каракалпак, черные клобуки, башкурт, черкес, кыргыз, печенег, сак, массагет, тюрк, скиф, уйгур. – Нукус: «Каракалпакстан», 1986. – 236 бет.

90. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Мектеп, 1974. – 408 бет.

91. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 192 бет.

92. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. (Ред-колл.: А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев). Алматы: Наука, 1966. – 240 бет.

93. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингво-концептологиялық негіздері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 280 бет.

94. Новикова К.А. Названия животных в тунгусо-маньчжурских языках // Алтайские этимологий. Сборник научных трудов, Лненинград: Наука, 1984. С. 189-218.

95. Форназов А.Н. Животный мир Казахстана.М: Наука, 1987. – 148 с.

96. Молчанова О.Т. Структурные типы тюркских топонимов Горного Алтая. – Изд-во Саратавского ун-та, 1982. – 256 с.

97. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топономиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері // 10.02.06 – түркі тілдері бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. Алматы, 2006. – 44 бет.

98. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата: Наука, 1976. – 444 бет.

99. Ысқақова Р.О., Ғабитов Т.Х. Логика: Оқу құралы. – Алматы: «Раритет», 2004. – 232бет.

100. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 бет.

101. Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004. – 128 бет.

102. Калиулы Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. Алматы: «Мектеп», 1996. – 168 стр.

103. Справочник личных имен народов РСФСР. М.: «Русский язык», 1987. – 656 с.

104. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика, 1том. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006. – 400 бет.

105. Қайдар Ә. Қаңлы(тарихи шежіре). Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 бет.

106. Аққөзов Ә.Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы және жүйесі. – Алматы, 2005. – 166 бет.

107. Аманжолов.С Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Учебное пособие. 2-издание, дополненное. – Алматы: «Санат», 1997. – 608 стр.

108. Абай тілі сөздігі. Жалпы ред. басқарған филол.ғыл. докторы А.Ысқақов. Алматы: Ғылым, 1968. – 734 бет.

109. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері // Филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. Алматы, 2003. – 50 бет.

110. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: «Сөздік-Словарь». 1999. – 200 бет.

111. Восканян Г.А. Русско-персидский словарь: Ок. 30 000 слов. – М.: Рус. яз., 1986. – 832 бет.

112. Гринев В. Праязык и символ. Санкт-Петербург, 1999. – 233 бет.

113. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1974. – 273 бет.

114. Семенов П.П. Россия. Т.18. Гл.1. СПб, 1903. – 355 с.

115. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Соч. Т. 2. Ч.1. М.: Изд-во вост. лит., 1963. – 364 с.

116. Дульзон А.П. Этнический состав древнего населения Западной Сибири по данным топонимики. М: Наука, 1960. – 328 бет.

117. Рамстедт Р. Этимология имени Ойрат // Сб. в честь столетия Г.А. Потанина. М.-Л, 1909. С. 35-47.

118. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975. – 204 бет.

119. Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каган. Тоньюкук. Семей: МКА, 2001. – 256 стр.

120. Қазақстанның физикалық географиясы. Хрестоматия. Құрастырған: Ә. Бірмағамбетов. – Алматы: Атамұра, 2001. – 144 бет.

121. Нұрмағамбетов А. Жер-судың аты – тарихтың хаты. Алматы: Ғылым, 1994. – 245 б.

122. Надергулов У.Ф. О происхождении гидронима Иргиз // Шестая конференция по ономастике. Волгоград, 1989. С.109-110.

123. Абдрахманов А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана // Научный доклад по опубликованным трудом, представленный к защите на соискание ученой степени доктора филологических наук. Алма-Ата, 1991. – 58 стр.

124. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование) // Автореферат дисс. на соискание уч. степении доктора филол. наук. Алматы, 1997. – 62 стр.

125. Серебренников Б.А. Заметки по истории тюркских языков // Тюркологические исследования. М, 1976. С. 26-35.

126. Қуанғанов Ш.Т. Ғұн немесе Арғұн тарихы туралы. Алматы: Білім, 1997. – 48 бет.

127. Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Вып 1, т.1. СПб, 1868. – 357 с.

128. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 бет.

129. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер / Жалпы ред. басқарған және алғы сөзді жазған М.Қ. Әбусейітова, Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 208 бет + жапсырма сурет.

130. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы: Санат, 1996. – 186 б.

131. Силантьев А.А. Исследование мараловодства на Алтае. С-Петербург, 1900. – 30 стр.

132. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Ж-К). Алматы: Ғылым, 1979, 4-том. – 672 бет.

133. Гребенщиков Г.Д. Степные узоры. Усть-Каменагорск: Альфа-пресс, 2006. – 290 стр.

134. Попова В.Н. Словарь географических названий Казахстана. Павлодар: «Эко» ҒӨФ, ч.1,2. 2001. – 511стр.

135. Ақатаев С. Тышқан жылғы қырғын. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 80 бет.

136. Сапаров Қ.Т Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 бет.

137. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: «Рауан», 1998. – 304 бет.

138. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құрастырған: Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 616 бет.

139. Орфографиялық сөздік / Құрастырған: Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, Қ.Күдеринова, Ғ.Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 бет.

140. Уәлиев Н, Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 113 бет.

141. Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық, 3-бас. – Алматы: Санат, 1993. – 496 бет.

142. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. М.: Восточная литература РАН, 1996. – 230 с.

143. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. Москва: Наука, 1965. – 646 с.

144. Сепир Э. Язык – введение в изучение речи. Москва: Наука, 1934. – 557 с.

145. Жеріңнің аты-Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006. – 808 бет.

146. Сағидолдагийн Г. Қазақ-монғол топонимдеріндегі ортақ құбылыстар // Филол. ғыл. канд. дисс. Алматы, 1993. – 143 бет.

147. Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. Алматы: Мектеп, 1988. – 192 бет.

148. Дмитриева Л.В. Этимологии географических апеллятивов в тюркских и других Алтайских языках // Алтайские этимологии. Л.: «Наука», 1984. С.130-177.

149. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: «Атажұрт», 2001. – 320 бет.

150. Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ тілі (Сөзжасам – дериватология, сөзөзгерім – морфология). Семей-Новосібір: «Талер-Пресс», 2007. – 334 бет.

151. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М.: «Наука», 1966. – 437 с.

152. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: «Мектеп», 1988. – 263 б.

153. Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. М.: «Наука», 1984. – 284 с.

154. Донидзе Г.И. О грамматической характериститике тюркских топонимов // Ономастика Поволжья / Под. ред. Т.А.Исаевой, В.А.Никонова. Горький: «Наука», 1971. т. 2. С. 123-135.

155. Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 136 бет.

156. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс», 2007. – 800 бет.

157. Құнанбайұлы А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер / құрастырушы Г.Бельгер. – Алматы: «Мектеп», 2003. – 248 б.

158. Қазақ әдебиеті: Хрестоматия. Алматы: «Мектеп», 2005. – 392 бет.

159. Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. Оқу құралы. I бөлім. – Алматы: «Арыс», 2005. – 112 б.

160. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. II бөлім. – Алматы: ҒА баспасы, 1955. – 155 б.

## МАЗМҰНЫ

**КІРІСПЕ** ..... 3

**1 ТОПОНИМЖАСАМ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАННЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ** ..... 5
1.1 Топонимжасам – сөзжасамның құрамдас бір бөлігі ..... 5
1.2 Топонимжасамның негізгі құралы – сөз ..... 8
1.3 Зат және сөз немесе нысан мен атау ..... 13
1.4 Топонимжасам және этимология ..... 19
1.5 Топонимжасамның саяси аспектісі ..... 22

**2 ТОПОНИМЖАСАМДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР** ..... 29
2.1 Топонимжасамның тарихи принципі ..... 29
2.1.1 Қазақ топонимдерінің қалыптасу кезеңдері ..... 31
2.1.2 Қазақстан жеріндегі көне топонимдер ..... 35
2.2 Топонимжасамның географиялық принципі ..... 47
2.2.1 Топонимжасамдағы ареалдық (картографиялық) әдіс ..... 51
2.2.2 Қазақстанның географиялық ерекшеліктері ..... 55

**3 ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДЕРДІҢ ТИПТІК МОДЕЛЬДЕРІ** ..... 61
3.1 Қазақ тілі сөзжасамының кейбір ұғымдары ..... 61
3.2 Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір топонимдер ..... 63
3.2.1 Апеллятив атаулар ..... 64
3.2.1.1 Орографиялық терминдерден жасалған түбір оронимдер ..... 66
3.2.1.2 Гидрографиялық терминдерден жасалған түбір гидронимдер ..... 70
3.2.1.3 Далалы, жазық жерлерге тән апеллятив атаулар ..... 80
3.2.1.4 Елді мекен атауларын білдіретін түбір топонимдер ..... 83
3.2.2 Метафора арқылы жасалған түбір топонимдер ..... 87
3.2.3 Түбір зоотопонимдер ..... 101
3.2.4 Түбір фитотопонимдер ..... 106
3.2.5 Түбір антротопонимдер ..... 110
3.2.6 Түбір этнотопонимдер ..... 113
3.2.7 Сын, сан, мөлшер мәнді түбір сөздерден жасалған топонимдер ..... 115
3.2.8 Географиялық нысанның өзіне тән ерекшелігін білдіретін түбір топонимдер ..... 120
3.2.9 Адам тіршілігіне байланысты туған түбір топонимдер ..... 123

3.2.10 Көне түбір топонимдер....128
3.2.11 Кірме түбір топонимдер ....136
3.2.12 Кеңестік түбір топонимдер ....143
3.2.13 Әр түрлі шағын лексика-семантикалық өрістер құрайтын түбір топонимдер ....145

**4 АНАЛИТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДЕРДІҢ ТИПТІК МОДЕЛЬДЕРІ .....**149
4.1 Сөзжасамның аналитика-семантикалық тәсілі ....149
4.1.1 Аналитика-семантикалық тәсілдің топонимжасамда қолданылуы ....151
4.2 Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер.....154
4.2.1 Түр-түс мәнді сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер ....156
4.2.2 Сапа белгісін білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер ....186
4.2.3 Көлемін және бағытын білдіретін сын есімдер + зат есім.....219
4.3 Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер .....234
4.4 Сан есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер.....371
4.5 Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған өнімсіз күрделі атаулар....388

**5 ТОПОНИМЖАСАМНЫҢ СИНТЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ**397
5.1 Топонимжасамның өнімді қосымшалары ....399
5.2 Топонимжасамның өнімсіз қосымшалары ....420
5.3 Изафеттік құрылымдағы атаулар....442

**ҚОРЫТЫНДЫ.....**447

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....**449

# Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері

Корректор Ж. Жақсыбеков
Тех. редакторы Б. Қосдаулетов

Теруге 16. 03. 2012 берілді.
Басуға 23.04. 2012 қол қойылды.
Пішімі 60х90 1/16. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 28,75.
Есептік баспа табағы 29,75
Таралымы 1000